

1 2008
1155pk

БАҚҚОЖА МУҚАМ

5

Баққожа МҰҚАИ

«Ана тілі» баспасы
Алматы — 2008 жыл

НАҲУМ БАҚОҚОВ



ҚОҶАҚОВ НАҲУМ БАҚОҚОВ
НАҲУМ БАҚОҚОВ — ҚОҶАҚОВ

Баққожа МҰҚДИ

Таңдамалы шығармалар

Бесінші том

ӨМІРЗАЯ

Роман

«Ана тілі» баспасы
Алматы — 2008 жыл

ББК 84 Каз 7-44

М 83

*Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат
министрлігі*

*Ақпарат және мұрағат комитетінің бағдарламасы
бойынша шығарылды.*

М 83 **Бакқожа МҰҚАИ. “Таңдамалы шығармалар”, 5-том.**
(Роман) Құрастырған — Ахметова Нұржамал.
— Алматы: “Ана тілі”, 2008 ж. — 464 бет.

ISBN 9965 670-75-7

Бакқожа Мұқайдың таңдамалы шығармаларының 5 томына «Өмірзая» романы енгізілген. Көпшілікке кең танылған драматург, қарымды публицист бұл іргелі туындысында заманымыздың ащы шыңдығын, қоғамдағы іркілістер мен ілгерілеуді, сондағы адамдардың тұлғаларын, моральдық қасиеттерін суреткерлікпен баяндайды. Шығарманың оқырманды бей-жай қалдырмайтыны сөзсіз.


ББК 84 Каз 7-44

ISBN 9965 670-75-7

ISBN 9965 670-49-8

© Бакқожа МҰҚАИ., 2008

© “Ана тілі” баспасы ЖШС, 2008



*Бұл еңбегімді қазақ елінің
тәуелсіздігі жолында құрбан
болған ерлердің аруағына арнадым.
Автор.*

1

Бұл үйдің есігінің әмісе ашық тұратынын білсе де әдептінің әдетіне бағып, қонырау түймесін басты. Әдеттегідей ешкімнің рұқсатын күтпестен имене басып, ішке енді. Бүйірдегі бөлмеден шашы ұйпа-тұйпа болып, қабағы қабарып Сыздық шықты. Ұйқыдан жаңа ғана оянған сыңайлы, екі көзінің алды ірінді былшық. Екі беті көнектей болып ісінген, өлеусіреген көзінде жылт еткен сәуле жоқ, ептеп езу тартқанмен жүзі жылымады. Құнарсыз топыраққа өскен сояудай сирек сақал-мұртына ұстара тимегелі де біраз болған тәрізді. Екі иығы қушыып, дірілдеген Сыздықтың өзіне ашқарак көзбен, қасқыр пейілмен қарап қалғанын байқаған Аяғанның жүрегі әлсіз ғана шым етті. Бас изеп, қарияның бөлмесіне қарай өтіп кетпек болған, Сыздық жолын кесті.

Басым сынып барады,— деді ол тілі икемге әрен келіп. Жылайтын адамдай иегі кемсендеді, Аяғанға жәдігөйлене қарағанмен жүзі жылымады, екі көз суық, ызғарлы. — Өлтірмесен ақша бер.

Аяғанның қолқасын күлімсі иіс қапты. “Шіркіннің денесіне су тимегелі қанша заман болды екен” деп ойлады жігіт қалтасына қол салып жатып. Үш сомдықты Сыздықтың қолына ұстатты. Оның миығындағы өлеусіреген әлсіз күлкі су тиген шырақтаі лып өшті, жәдігөй жүзіне сұс кірді, қарсы алдында өзін жақтырмай тұрған жігітке сұстана қарады. “Бейшара” деді Аяған іштей күбірлеп. Әнтек езу тартты. Сыздық апыл-ғұпыл киініп, асығыс шығып кетті.

Аяған алып келген тағамын ас үйге апарып қойып, Алдияр қария жатқан бөлмеге кірді. Алдияр Ақпанұлы бөлмеге әлдекімнің келгенін білсе де көзін ашқан жоқ. Қаны қашып, оңған бөздей болып кеткен жүзінен тіршіліктің нышаны білінбейді. шалқасынан түсіп, қимыл-қыбырсыз жатқан шалдың қабағындағы көзге көрінер-көрінбес әлсіз дірлі онын тірлігінен хабар бергендей.

— Алдияр аға, сәлеметсіз бе?

Профессор көзін ашып алып, жылы жымиды. Көптен күткен

адамы келген соң қабағы ашылып, жүзіне шыр жүгірді. Жанына оғырған шәкіртінің қолын әлсіз саусақтарымен қыса түсті. Ұстазының өзін асыға күткенін Аяған сезді.

– Қолым тимей кетті, аға, – деді жігіт қысыла күлімсіреп. – Ерте кетеміз, кеш қайтамыз. Күн қысқа.

– Түсінемін ғой, карағым, – деді қарт қарлығынқы дауыспен. – Балалар аман-есен бе? Келіннің денсаулығы қалай?

– Жақсы, аға. Сізге сәлем айтып жатыр.

– Сәлемет болсын...

– Таң атса кеш батады. Сізге келе алмай, келініңіз қысылып жүр.

– Оқасы жоқ. Маған бола шаршамай-ақ қойсын, – деп күрсінді шал. – Мен аман-есенмін. Дәретханаға бара алмай қысылатыным болмаса... – Алдияр қинала күлімдеді. Аяғанға ол күліп емес, іштей егіліп жылап жатқандай болып көрінді. – Мен асарымды асап, жасарымды жасаған адаммын, карағым. Мен деген...

Тағы да бір нәрсе айтқысы келіп оқталды да, тілін тістей қойды. Аяған ұстазының көмейіндегі көмескіні болжады.

“Мен деген күні біткен адаммын ғой. Маған бола әуреге түспей-ақ қойындар” дегісі келген шығар”, – деп түйді жігіт. Шалға ұрлана қарады, жүзіне көлеңке жүгіріп, қабағы шытылыпты. Ернін жымқырып алып, тым-тырыс тынған. Әмісе осылай, көңілінің қошы кетсе, тырсиып үндемей қалатын әдеті. Ішін ит тырнап жатса да қиналғанын пенде баласына білдірмейтін қарттың қажыр-қайратына қайран қалады Аяған. Тағдырдың соққысы мұншалық қатты тигенмен сынбай, иілмей келе жатқан қайсар шалға әрқашан таң. “Шүкімайдай болып сонша қажыр, қайратты қайдан алады екен”, – деп тандай қағады. Алдиярдың көрген қиындығы мен тартқан азабы талай пендеге ауыр жүк боларын, ол салмақты кез келген қаймана қазақтың көтеріп кете алмасын Аяған жақсы біледі. Басқа салмақты былай қойғанда, өмірімнің жалғасы, болашағым, үмітім деп жүрген жалғыз ұлдың сықпыты анау. Қолына ақша түссе араққа жұмсайды, күніне бір уақ тандайын жібітпесе ындыны кеуіп, ынырсыйды-ай келіп. Әкенің жағдайын ойлап, қабағына қарайтын ұл қайда?! “Әкем ауру-ау, дәретке бара алмайды-ау, аш қалды-ау” демейді. Сүмендеп сарқытын беретіндердің сонында жүреді. Сыздықты білмейтін жан бұл қалада жоқ та шығар, ауладан аулаға ауысып, жемтік іздеп, жуынды андып тіміскіленіп жүретін бұралқы иттен айырмашылығы қайсы?! Бұл тірлігіне арланбайды, намыс көрмейді бейшара. Ойы сөнген, бойы көнген. Қу жаны қуырдақ болып қуырылып, мұрнының ұшына келгенде бір жұтым тентек

су үшін арды аяққа басып жүре береді. Мұндай сәтте құлқынына құяр тентек су табылмаса аласұрып, жанын қоярға жер таба алмай кетеді. “Жарымжан-ау” демейді. “Онсыз да киналып жатыр-ау” демейді. Жаны қысылып, сары уайымның иіріміне батып, тұншығып жатқан шалды одан сайын кинайды, жүйкесін жүн етіп жібереді. Осы қылығы үшін Аяған онымен төбелесіп қала жаздаған. Миына тентек судың уыты жайылып, үнемі көні кеуіп, екі есті күйде есенгіреп жүретін Сыздықты ақылмен тоқтата, күшпен ықтыра алмасын кейін білді. Одан беріп қана құтылуға болады екен. Аяғанның әлсіз жерін ол да біліп алған. көрсе болды алақанын жаяды. Бермесе әдісі белгілі – ауру шалдың миын қажаяуға кіріседі. Аяғанның таң қалатыны – мұндай сәтте шал ләм деп жақ ашпастан, екі көзін шарт жұмып алып, сұп-сұр болып жатады да қояды. Әділетсіздік атаулыға шыбын жаны шырқырап, қаймықпай қарсы шығатын Алдияр Ақпанұлы соңғы жылдары мүлде өзгерді, көндіккен сынайлы.

Арыстандай азаматтың құрметіне атын Сыздық қойып ем. Ел-жұртының жыртысын жыртып, жоқшысы болсын деп ем. Қателесіппін, қарағым. Сорым болды ғой бұл менің. Сыздық төреден садақа кетсін бұл, – дейді шал онаша қалғанда күйініштен өртеніп кете жаздап. Мұндай кезде Аяған оны қалай жұбатарын білмей абыржиды. Әңгімені басқа арнаға бұрып алдарқатады. Бірақ Алдиярдың жүзін жапқан көленке тарқамайды, қабағы ашылмайды, көзін шарт жұмып алып, қимыл-қыбырсыз іштен тынып жатады да қояды. “Өзін осындай халге жеткізген тағдырына лағнет жаудырып жатқан шығар” деп ойлайды Аяған.

Міне, қазір де ежелгі әдетіне бағып, екі көзін жұмып алып, үнсіз жатыр. Аяған орнынан тұрып, ас бөлмеге шығып кетті. Шай қойды, талай күннен бері жуылмай, баттасып кеткен ыдыс-аяқты тазалады. Ас үйді ретке келтіріп, шайын қайнатып қайтып келсе, шал әлі көзін ашпапты. Дауыс шығаруға Аяғанның батылы бармады. Соны сезгендей шал көзін ашып, жігітке қадала қарады. Жүзінен реніш, қабағынан кірбін іздеген тәрізді. Сезімтал жігіт ақырын ғана езу тартты.

– Шай дайын, аға.

– Шай ішетіндей жағдай жоқ менде, қарағым, – деп мұнайды Алдияр. Қинала күлімсіреп, қабағын шытынды. – Су болып жатырмын.

Аяған сөзге келместен қарт профессорды көтеріп апарып туалетке отырғызды да, қайтып оралып, иістеніп, сарғайып кеткен ақ сейсепті жуынатын бөлмеге әкеліп тастады. Терезені ашып, бөлменің ауасын тазартты. Профессорды жуындырып, таза киім-

дерін кигізіп, көтеріп ас бөлмеге алып келді. Ұстаз бен шәкірт асықпай отырып шай ішті. Шалдың маңдайы жіпісіп, жүзіне қан жүгірді.

— Иә, карағым, өз жағдайың қалай?— деп сұрады шайға қанып алғаннан кейін Алдияр.

— Өзгеріс болмай тұр, аға,— деп мұнайды жігіт. — Үлкен үйге кірдім. Жағдайымды айттым. Отырғызып қойып өзімді кінәлады. Мойны бір тұтам, мыжырайған жалпақ сары сызданып әрен сөйлесті. Жаздым, жаңылдым деп жалынып-жалбарынып, аяғына жығылудан басқа амалым қалмады.

— Жалынба, карағым,— деді шал қабағын шытып. Шәкіртінің жанағы сөзін ұнатпай қалған сыңайлы, қабағы қатуланып, жүзіне сүс кірді. — Шындыққа әділеттің ақ жолымен бару керек. Жалынып, жаттың аяғына жығылып, жарамсақтанып жүріп нағыз шындыққа жете алмайсың, карағым. Ол — адасу жолы, теріс жол.

Аяған іштей құптамаса да ұстазының көңілі үшін үндемеді.

“Аға-ау, сіз айтқан әділеттің ақ жолды қайда? Егер бар болса өзіңіз неге сол жолмен жүрмедіңіз? Сол жолы сіз өмір бойы іздеген жоқ па едіңіз. Бар болса табар едіңіз ғой” деген сөз талай рет көмейіне келіп кептелген, әрқашан қарттың қабағына қарап, тілін тістейді. Түлкі заманда тазы болып шалу керектігін ерте түсінгендердің мақсатына оңай жететінін Аяған білгелі қашан. Қазіргідей сырты жылтыр, іші бұлдыр заманда Алдияр Ақпанұлы айтқан тәсілмен күресіп, мұратқа жету мүмкін еместігін жердің астындағыны білетін ғұлама Алдияр қарсыластарынан ақылының аздығынан емес, айласын асыра алмағандықтан жеңілді. Заманның құбылып тұратын мінезіне бейімделіп, керек кезінде жалынып, жалбарынып, аяққа жығылып үйренген уақыттың құлақ кесті құлдары оны алып та, шалып та жықты. Қарсыласуға шамасын келтірмеді мүлде. Өмірдің талай өткелегінен өтіп, отқа салса күймейтін, суға салса батпайтындай болып піскен кәрі тарлан өзінен тәлім алған бір үйір күшіктің талауына түсіп, құр сұлдерін әрең алып шықты. “Құдай — хак, уақыт — ақиқат” деп осы өмірінде өзгенің ала жібін аттамай, қиялындағы абсолютті шындыққа сеніп жүріп жеткен жері осы болды. Қазіргідей ғаріп қаліне өлердей күйіне тұрып, сол бір абсолютті ақиқаттың болатындығына профессордың имандай сенетінін Аяған біледі. Кейде ұстазының бала сияқты анқаулығына күледі. Кейде ойланып қалады.

“Бәлкім, Алдияр аға дұрыс айтатын шығар. Әділетсіздікті біржола жеңу үшін ұлы Шындыққа ақиқаттың ақ жолымен бару керек шығар, сірә” дейді.

— Идеологиялық жұмыстар жөніндегі хатшының қабылдауына жазылдым, аға. Ендігі үміт сол кісінде.— деді Аяған хатшының көмек қолын созатындығына сенім білдіріп.

— Ә-ә, анау ма,— деді Алдияр даусын созып... Онын дауыс ырғағынан ол хатшыдан да қайыр болмасын түсінді Аяған. — Оны білемін. Институттан не үшін қуылғанынды естісе көмектеспек түгіл, итжеккенге айдатып жіберер ол сені. Ол Ермактың бірінші қорғаушысы. Мансаптың құлы.

Аяған тұйыққа тірелді. Мақсатыма алып барады-ау деген жолдың бәрі жабылып қалғандай, екі ұдай болып, басын қайғы қаңғыртты. Сүлесапа бір күйге түсіп, үн-түңсіз ұзақ отырды.

— Бір-ақ жол қалды. Мәскеуге, Орталық комитетке. Брежневтің өзіне жазу керек,— деді Аяған біраздан кейін, үлкен бір іске бел буып кірісердей құлшынып. Алдияр мырс күлді. Жігіт оның жүзіне жалт қарады. Шал біраз уақыт үнсіз жатты.

— Сенің өміріңнің басқа арнаға түсіп кетуіне мен кінәлімін.— деді әлден уақыттан соң дауысы жарықшақтанып. Бұл оның талай рет айтқан сөзі. Әсіресе соңғы уақытта, Аяғанның басына бұлт үйірілгелі бері жиі айтатын болып жүр. — Кешіре алсан кешір. қарағым.

— Кенесары атамыз әділет үшін, қазақ халқының бақытты ғұмыры, азаттығы үшін басын бәске тігіп, ақыры жат қолынан ажал тапқан жоқ па?!— деп күлді Аяған. Шал көзін кең ашып, жаутандап жігітке қарады. — Оның жеңілісінің өзі ұлы жеңіс деуші едіңіз ғой. Ол бақыт дегеннің не екенін білген жоқ, қысқа ғұмыры жанталасқан күреспен, азаппен өтті. Кенесарыдай ардагер ұлдарының арқасында қазақ халқы бақыттың шын бағасын білді, аға. Ал Кенекемнің ұлы Сыздықтың өмірі ше? Ол да әке жолын таңдады. Онын өмірі де кілең жеңілістерден тұрмай ма, аға!?

Алдияр қысылды, миығына күлкі ұялады. Болар болмасқа елі ете қоймайтын профессорды сарыуайымның иірімінен қалай алып шығуды білетін Аяған бұл жолы да ескі әдісіне салды. Бүкіл өмірін қазақ халқының ұлт азаттық көтерілістерін зерттеуге арнаған Алдияр Ақпанұлы үшін барлық қызығын бостандықтың бодауына берген, елінің болашағы жолында құрбан болған ерлерден қасиетті ұғым жоқ еді. Аяғанның білетіні — қарт профессор сол ерлер үшін ойланбай отқа түсе алады. Ол күйіп тұрған заманда Кенесарыны қорғаймын деп күйген. Тізгінін басқаның қолына ұстатып қойып, сонын айтуымен жүріп-тұруға үйренген, орғанына мәз болып жүрген халқына Кенесары ісінің әділдігін дәлелдемек түгіл өз басы саудаға түсіп, құйрығына шама

байланған. Арашалап алар пенде табылмай оттын ортасынан күр сұлдерін сүйретіп әрең шыққан. Заманның таяғы мандайына бұдан кейін де сан рет тиген, омақаса құлаған сәттері де болған, сөйте тұра қыңыр шал алған бетінен қайтқан жоқ, қайта Кенесарыға деген ықыласы күшейе түсті. Кенекен үшін көрген киянаттары есіне түскен сәтте көңілі марқайып, үлкен іс тындырғандай желпінетіні бар.

— Мен шындықты өмір бойы іздедім. Бірақ таппадым,— деп күрсінді шал. — Анда-санда сайқал үміт жылт етіп жанып, смексітіп алады да алдап кете береді. Солай, қарағым. Күнің басқаға қарап тұрса солай бола береді.

— Заман жақсарар, аға. Атар таңнан үміт күтеміз. Көп ұзамай Брежнев көкем кетер,— деді Аяған бәсең дауыспен. Айтарын айтып алып, өзінен өзі қуыстанып, жан-жағына қарады. Алдияр мырс күлді.

— Ол кеткенмен басқасы келер. Одан не өзгереді? Е-е, қарағым, Кенекем осыны баяғыда білген. Білмесе өзі барып, жанып тұрған отқа түсер ме еді,— деп Алдияр көкірегі қарс айырылардай күрсінді. Оның нені меңзегенін жігіт түсінді. “Шындықты табаныңнан таусылып, қанша іздегенмен таппайсың. Басканың шындығы — алмас қылыш. Ол саған бақыт әпермейді, басынды қағады да тастайды” деген сияқты шал. Аяған шеше алмай жүрген бір жұмбақтың ұшығын ұстағандай елендеп, ұстазының жүзіне жалт қарады. Көзін жұмып алған шал сұп-сұр болып, үнсіз жатыр.

“Басканың шындығы — алмас қылыш. Басынды қағады да тастайды. Қағады да тастайды...”

Құлағы шынылдап, екі беті дуылдады.

“Сонда қалай болғаны, мына заманда шындыққа жету мүмкін емес пе? Неге?”

Осы бір сұрақ тамағына тұрып қалған сүйектей берекесін алды. Әлдекім “шындық жоқ, шындық жоқ” деп құлағына сыбырайтын сияқты.

Аяған ұстазының үйінен енсесі басылып шықты.

2.

Аяған кітапханадан ең соңғылардың бірі болып шықты. Сіркіреп жанбыр жауып тұр екен. Ызғырық жел суық, ызғарлы. Сол ызғар қыр астында тұрған қыстың хабаршысы сынды. Ауа деміне ызғар кіргелі де біраз болған. Сонысына қарағанда биыл қыс ерте түсетін сынайлы. Әдетте Алматының қысы кештетіп келеді. Қазан айы Алатау баурайына орналасқан қаланың ең бір

тамаша шағы, ағаш біткен шомылу үшін көйлегін шешкен бойжеткендер сияқты болып көрінеді, жер аткөпір жапырақ. төңірек сап-сары; ыстық кайтып, ауа жеміс иістенеді. Қайда барсаң да танауынды қауын иісі, алма, алмұрт иісі қытықтайды. Табиғат-ана мейірленіп, шашуын мол шашқан жылдары ел бау-бақшасындағы, саяжайындағы жемісін жинай алмай, алма, алмұрт атаулы шашылып, шіріп жатады. Шіріген жемістің иісі осында туып, өскен адамға ерекше қымбат. Ол бау-бақшалы қаланың гөл иісі.

Биылғы ауа райының мінезі бөлек. Жүріп-жүріп бір-ақ күнде бойжете салатын қыз баладай жарқ ете қалатын Жетісудың көктемі кешікті, қашан шілде туғанша жаңбыр сіркіреп, жердің қыртысына жылу жетпей, құйқасы қызбады. Маусым орталана бере аспанның қабағы ашылып, Жер-Ана шуаққа шомылды да, бой көтере алмай булығып жатқан көк дүр ете қалды. Шілде әдеттегідей ыстық болған, тамыз туа ауа райы күрт өзгерді, жаңбыр жиілеп, күн суытты. Көнекөз карттар мұны жаман ырымға жорып, 1941 жылдың жазының осындай болғанын тілге тиек етті. Жаман сөз жатсын ба, тыныш отырған жұрт бір дүрлігіп барып басылды. Тамыздың аяғында күн қайтадан ысып, артынша Арктиканың суық ауасы лап қойып, жұрттың берекесін алды. Қыркүйектің алғашқы аптасында жапалақтап қар жауып, жапырағы түсіп болмаған ағаш атаулы ауыр салмақты көтере алмай морт-морт сынып жатты. Ертесіне аспан нілге шайғандай тазарып, жарқырап күн шықты, көше-көшемен сел жүрді. Ауа қызып, ыстық күшіне мінді, күні кеше пальто киіп, бүрсендеген жұрттың мандайы тершіді. Сол ыстық кешеге дейін келді де, қазан орталана бере Алматының ауа райы өзінің ежелгі мінезіне көшті.

Жаңбыр жауғалы екінші күнге айналып барады, мұның соны қарға айналарын Аяған біледі. Қыстың жақындап келіп қалғанын ойлағандықтан ба, денесі қалтырап, иегін омырауына жасырды.

Кітапхананың алдында тұрып қай жерде почта жәшігі барын есіне түсірді. Қалтасындағы хатты бүгіннен кешіктірмей жөнелту керек, біраз уақытын бекер жүріспен, есік тоздырумен өткізіп алды. Жүрісінен ештеңе шықпасын алдын ала білсе, бекер шаршамай арыз-арманын хатқа түсіріп, қорғаныш болатын, қамқор қолын созатын, ұялы қасқырдың талауынан арашалап алатын әділеттің ақ ордасына әлдеқашан салып жібермес пе еді. Шындықты осы арадан да табамын, ақиқат арашаға түссе ажал да ала алмайды деп адасты. Іздеп тапқан шындығы басына пәле болып жабысты ғой ақыры. Үлкен қызметтегі адамдарға жала жауып, нақақ қаралап, өсек таратып жүрген арызқой деп

танылып, үстінен іс қозғалды. Мүйіз сұрап барып, көзін шығарып қайтқан тоқал сиырдың кебін киді. Бір кезде дуылдап, өртке айналып кете жаздап басылған мәселе – мұның Сыздық сұлтан туралы жазған еңбегі алдынан тағы шықты.

“Аяған Қуатов мемлекетке қарсы, өмір бойы орыс халқын ұнатпаған, оларды аяусыз қырған Сыздық Кенесарин туралы мадақ мақала жазған. Ол орыс пен қазақ халқының арасына от жағу үшін Сыздық сұлтан туралы мақаласын орысшаға аудартып, көбейтіп, жасырын таратқан. Пиғылы жат, ойы бөтен адам. “Кенес үкіметінің Ауғанстанға әскер апаруы үлкен қателік. Бұл ерікті елді күшпен басып алу” деген. Ауғанстандағы соғысқа қарсы ұнкағаз таратқан. Мағжан Жұмабаев сияқты халық жауының өлендерін студенттер арасында насихаттаған. Кенес үкіметі басшыларының беделіне нұқсан келтіретін анекдоттар құрастырған. Сібір аймағын бағындырған атақты батыр Ермақты студенттерге канқұйлы қаракшы деп дәлелдеуге тырысқан. Ұлтшыл, сенімсіз адам. Жоғарғы оқу орнында қызмет істеуіне болмайды” деген желеумен тып-тыныш істеп жүрген қызметінен қуылып кетті. Алдияр Ақпанұлынан іргесін аулақ салып, ректордың ыңғайына көніп, сол кісінің дегенімен қимылдаса ұрттап ішіп, шайқап төгіп жүрмес пе еді. Бастаған ісінің арты жақсы аяқталмасын біле тұра сүйекке бітті қынырлығына басып, ағысқа қарсы жүзді. Жоғарыдан келген тапсырманы әдейі қисайта салды. Шындықты іздеп, ең ақыры сол адамның алдына баратынын білсе емтихан тапсырған қызына жақсы баға қойып, жақсы атқа ие болар ма еді?! Шындық үшін жаным пида дейтін Аяған ол қызға әкесінің беделіне бола жақсы баға қоймасына сенімді. Сол кезде қыздың әкесінің кім екені Аяғанға алдын ала айтылды. Бұл соны біліп қырсықты. Ақыры міне, өзі шалқасынан түсті. Іздеп барған үлкен шындығы шын мықтының бір сілкігенінен қалмай жалп етіп құлады да, қайтып бас көтере алмады, шыбын жаны шырқырап өтіріктің өртіне түсіп өртенген жігітке көмекке келмеді. Шындықтың оп-онай жеңіліп қалатынын тұңғыш рет көрген ол өзіне өзі келе алмай үлкен үйінің алдында мең-зең болып, желмен желбіреген көкшіл түсті белдеу жолағы бар қызыл Туға қарап, ұзақ тұрған. Қызметтен, абыройдан жұрдай болып, өткен істің байыбына бара алмай есенгіреген Аяған түс ауа Татарка деп аталатын жердегі пәтеріне келген. Сұлап түсіп, сұлқ жатқан жан-жақтан анталап келіп азу тісін аяусыз батырған ашқарак ой-уайымның талауына түсіп қалжыраған жігіт дәл сол күні біржола жеңілгенін, адаммен емес, заманмен жағаласып құлағанын білген жоқ еді. Ұлы Шындықты

табатындығына имандай сенген Аяған біраз есікті тоздырғанмен ісінен нәтиже шықпады. Жала жабылып, ісі тергеуге берілмесе Ұлы Шындықты іздеуден жалықпас еді.

Қияқтай мұрты бар, көзі күліп тұратын, күліп сөйлейтін жігіт Аяғанның соңына шам алып түсті, қайта-қайта тәртіп сақтау бөліміне шақырып, әбден ығыр қылды. Әлдекімдердің арызын көлденеңдетіп, Аяғанның бір басына дүние пәленің барлығын үйіп-төгіп, зықысын шығарды.

– Бөлен уақытта бөленнен пара алыпсыз. Сол рас па?– дейді күле сөйлеп. Аяған шындығын дәлелдей алмай шыр-пыр болып, ызадан жарылып кете жаздайды. Кейде өзін-өзі ұстай алмай айқайға басады.

– Азамат, айқайламаныз, саңырау емеспіз,— дейді тергеуші күле сөйлеп. Ашуға булыққан Аяған қалшылдап, біраз уақытка дейін өзіне-өзі келе алмайды. Тергеуші күліп отырып жүйке жұқарта сұрақтарын көбейте береді.

– Ондай адамды білмеймін. Жала, жала!– деп айқайлайды Аяған. Тергеуші күліп отырып тындайды, сонан соң сол тақылеттес сұрағын қайта қояды.

Екеуінің арасындағы әңгіме біразға созылғанмен тіл табысып, мәмлеге келе алмады. Ештеңе шығара алмайтындығына көзі жеткендіктен бе істі басқа адамға тапсырып, күлегеш жігіт жайына кетті.

Екінші тергеуші жаттап алғандай тақылдап сөйлейтін, аки көз қара жігіт екен. Қит етсе айқайға басады. Ол да бұрынғы тергеушінің сұрақтарын қайталады. Аяған бастапқыдағыдай күйіп-пісіп, шыжбалақтаған жоқ, өзін сабырлы ұстады. Тергеушінің бірде-бір сұрағына жауап бермей, әнтек езу тартып, отырады да қояды. Келе-келе тергеушінің өзін мазақтайтын әдет тапқан.

– Көзіңді құртамын!– деп тепсінеді тергеуші.

– Қолыңнан келмейді,— деп күледі Аяған. Тергеуші бөлмеге сыймай, орнынан тұрып, әрі-бері жүріп кетеді. Апыл-ғұпыл қағаздарын жинап алып, шыға жөнеледі. Сондай сабырсыз адамның қалай тергеуші болып жүргеніне Аяған қайран қалады. “Қылмысын” мойнына қоя алмағандықтан екі күннен кейін Аяғанды босатып жіберді. Өзіне жасалар шабуылдың мұнымен бітпесін іші сезді. Дәл осындай талай спектакльдің боларына шүбәсі жоқ еді.

Қарын сипап, қарап жататындай бай емес, артында тіреп тұрған ешкімі жоқ саяқ жігіт. Жалғыз інісі Ауған соғысында мерт болды. Әке-шеше жалғыз ұлдың тілеуін тілеп отырған кәрі-құртан адамдар. Азын-аулақ пенсиясын жалғыз ұлға деп үнемдейді.

Қалада пәтерде тұрып, үш бірдей баланы асыраудың оңайға түспесін Аяған әлдеқашан білген. Келіншегі сырқат. Екі күннің бірінде басын көтере алмай, көкпеңбек болып, ерні кезеріп жатып қалады бейшара. Жылына екі-үш рет ауруханаға жатып. “жыртығын” жамап, емделіп шықпаса, жұмысқа мүлде жарамайды. Ауруханаға жатты деген аты ғана, үш ботасын ойлап, берекесі кашады, кашан болсын уақытынан ерте шығып кетеді. Ауруханадан кейін санаторийге бару керек қой. Оған жағдайы жок. Үйелмелі үш баланы күйеуіне бактырып, кара басының камын күйттеп, кетіп қалу Әсемдей қазақ әйеліне жат қылық. Барамын десе жолдама да, қаржы да табылар еді. Көп жыл Аяғанның кандидаттық диссертациясына алаңдады. Денсаулығының нашарлығына карамай бір үйдің бар ауыртпалығын өзі көтерді, Аяғаным еңбегін жазып, сәтті қорғап шыкса деп тіледі. Көңілінде кіршік жоқ келіншектің тілегі жаратқанның құлағына жетпеді ме, Аяғанның еңбегі жанбады. Ғылыми жетекшісі Алдияр Ақпанұлы пиғылы жат, қауіпті адам ретінде қудаланды да, Аяған қосақ арасында кетті. Бұл жағдай Әсемге қатты батты.

Содан бері де талай заман өтті. Аяған басқа тақырып алып, екі-үш жыл әурелеп, әйтеуір қорғап шықты. Қорғағаны бар болсын, ақыры міне, жұмыссыз қалды.

Жұмыссыз жүргені жарына қаттырақ бататын сияқты, түні бойы қиналып, кірпік ілмей шығады бейшара. Кейде дауыс шығармай егіліп жылайды. Онысын Аяғанға сездірмеуге тырысады. Бұл оның жылағанын шынымен сезбеген, білмеген болып, өтірік ұйықтап жатады. Осындай сәтте кімге тиісерін, өшін кімнен аларын білмей ішін ит тырнағандай қиналып, әбден аласұрады. Тұла бойын тер жауып, күйініштен бармағын шайнап, кимыл-қыбырсыз жатады. Дәрменсіздігіне күйініп, ызаға булығады, көзіне жас іркіледі.

Шындық іздеп, біраз сенделген Аяған ең соңында барар жер, басар тауы қалмай мынау жарық дүниенің жақсылығынан бір-жола күдерін үзген. Қызыл қарын жас балаларының қамын ойлап, құрылысқа жұмысқа тұрғанына да көп бола қойған жоқ. “Құрылысқа жұмысқа тұрсаң тезірек үй аласың” деп ақыл қосты біреулер.

“Менің кім екенімді бұлар қайдан білсін” деп жүрген. Анау күні түскі тамақтан келіп, дем алып отырған.

— Әй, профессор, сен мұнда кімнің тапсырмасымен келдің?— деп ежірейді, сақал-мұрты сапсиып өсіп кеткен көк көз сары. Аяған түсінбей қалып, көк көз сарыға бұрылған, ол жек көріп,

жауыға карап отыр екен, қолында кірпіш. Оған ұзақ карауға Аяғанның дәті шыдамады, сасканынан жымып күлді. Көк көз сары қолындағы кірпішін жіберіп ұратындай бойын сұрапыл үрей биледі.

— Профессор, қатының басынды іздеп, зар жылап жүрмесін.— деп мырс-мырс күлді әлгі, сосын қолындағы темекінің тұқылын Аяғанға туралап шертіп жіберді. — Сенің басың — доп.

— Адамның басы — алланың добы,— деп қостады оны қияқтай мұрты бар кара жігіт. Үнемі жалаңаш жүретіндіктен денесі күнге күйген, какао түстеніп кеткен. Екі иығына, кеудесіне қыздардың суретін салған. Оң жақ бетінде ұзынша тыртығы бар. Аяған оны жана көргендей таң қала карады. Бір аптаның ішінде бірге жүрген еңбектес жолдастарына сәп салып карап та үлгермелті. Байқап отырса, бригада да әртүрлі адамдар көп екен. Кейбірінің сөздері кесек, әрі қисық. Аты-жөнінді сұрамай жатып “басынды қағып тастаймын” деп қоқан-лоқы көрсетеді.

— Келесі айда премия ала алмасак бұл дүниемен қоштаса бер, профессор,— деді көккөз сары.

— Дененді Боралдай жақтағы свалкадан тауып алады, ал басынды мөшекке салып, үйіңнің алдына апарып тастаймыз,— деп карқ-карқ күлді бетінің тыртығы бар жігіт.

Осымен әңгіме біткен. Тамақтанып келіп, демалып отырғандардың бірде-біреуі ауыз ашпады, Аяған әркімнің бетіне жаутандай карап, үн-түнсіз отырып калды.

Сол күні тұла бойын әлсіз діріл билеп, кеудесіне үрей ұялап, азапқа түскен. Көккөз сары ту сыртынан келіп, кірпішпен басынан ұрып, өлтіріп кететіндей әр сәт сайын селк ете түсіп, жүрегі торға түскен торғайдай тыпырлағаны есінде. Аяғанға сол күні әртүрлі ой келген. Өзіне жөнсіз тиіскен көккөз сары мен бетінде тыртығы бар жігіт Жақияның адамы тәрізденген. “Біреу азғырып, айдап салмаса бұлардың менде несі бар?” деп күдіктенген.

Ұзын бойлы, түбіт мұртты жігіт екеуі бірге қайтқан. “Әлгі екеуінің қосып жіберген адамы шығар”,— деп, Аяған одан да қауіптенген. Оны адастырып кету үшін жолай автобустан түсіп калған. Бейтаныс жігіттен құтылғанына іштей қуанып, келесі автобусты күтіп тұрған, әлденуақыттан кейін әлдекім иығынан түрткендей болды, караса — сол, жымып күліп тұр. Аяғанның жүрегін шым еткізіп үрей шағып алды. “Мынаны менің ізіме салып қойғандар осы манайда жүрген жоқ па” деген күдікпен мойнын созып, жан-жағын тінтіп шықты.

— Менің атым Асылхан болады, аға,— деп жігіт қолын ұсынды.

– Мені ұмытып қалған шығарсыз. Алдыңызға барған абитуриенттердің қайсыбірі есiнiзде тұрсын.

Аяған оған сескене қарады. Мына жігіттің әдейі жолын тосып жүргеніне күмәні қалмады. “Оқуға түсе алмаған бала болды бұл”. – деп ойлады. Көңіліне күдік шауып, балаң жігіттің екі қолына көз тастады.

– Сен мені басқамен шатастырып тұрсын, жігітім, – деді Аяған қабақ шытып.

– Шатастырған жоқпын, Аяған аға. Мен сізді сыртыңыздан өге жақсы білемін, – деп жылы жымыған. – Тарих факультетінде менің досым оқиды. Сіздің жағдайыңызды сол жігіттен естідім.

– Ол кім?

– Алмас Байсалов.

– А-а-а...

– Сіз маған ренжіменіз, аға. Геркулес пен Арабқа сіздің кім екеніңізді айтқан мен едім. Ал олар басқаша ойлап қалыпты, – деп, қысыла күлімсіреді Асылхан. Манадан бері кеудесін күдік күрсаулап, жігіттен қалай құтыларын білмей тұрған Аяған оның жүзіне сәп салып, барлай қарады. Жігіт шын айтып тұрған сияқты, әбес қылығына қысылғандығының белгісіндей бетінің ұшына қызғылт бояу жұғыпты.

– Олар мені тексеруші дей ме?

– Иә, аға, – деп күлді Асылхан. – Істелінбеген жұмыс үшін ақша алады олар. Және өздері күні бойы шөп басын сындырмайды. Олар қауіпті. Былтыр бір прораб солармен ұстасамын деп жоғалып кетіпті. Бір жылдан кейін марқұмның денесін көшет отырғызып жүрген оқушылар Қапшағай жақтан тауып алыпты.

Аяған үндемеді. Тіксініп қалғанмен, сыр бермеді. Асылханға қарап, әнтек езу тартты да, қолын ұсынды.

– Сіз жасымаңыз, аға, – деді Асылхан оның қолын қысып тұрып. – Мұның барлығы уақытша қиындық.

Аяған жаңа көргендей жас жігіттің еш есебі, қулығы жоқ тұнық көзіне сәп салып қарап, жеңіл күрсінді. Соның арасынша автобус келіп қалған.

Одан бері біраз күн өткен. Аяған алғашқы күндері бөтен адамдай ешкімге жанаса алмай, шеттеп жүретін, Асылханның арқасында көпшілігімен танысып үлгерді. Геркулес пен Араб қокан-лоқы көрсетіп, ауызға келген сөзді лақ еткізіп құса салмайтын болған. Соңғы уақытта екеуі де көрінбейді, қайда жүргенін, қайда кеткенін ешкім білмейді. Тіпті оларды іздеп жатқан да тірі пенде жоқ.

“Адам үш күннен соң көрге де үйренеді” деген сөз рас екен. Аяған жаңа ортаға үйрене бастады. ауылдан келген жастармен көптен бері бірге жүргендей сезінеді өзін. Олар да мұнын қабағына қарап, алдынан қия өтпей “ағалап” сыйлап тұрады. Аяғанның тарихын барлығы білетіндей, оған ерекше қошемет көрсетіп, құрақ ұшып жүреді.

Жексенбі күні Аяған таңертеннен кешке дейін кітапханада отырды. “Мені ешкім тарих ғылымынан қуа алмайды. Халықтың болашағы үшін құрбан болғандар туралы бәрібір кітап жазамын”,— деген ой, өршіл намыс алты күн бойы қара жұмыс істеп, қалжырап шаршап жүрген Аяғанды орталық кітапханаға сүйрейді. Ескіріп, сарғайып кеткен көне кітаптар мен қолжазбалардың иісі танауын қытықтаған сәтте ол шаршағанын мүлде ұмытады, тарих атты шыныраудың түпсіз тереніне шым батып кетеді.

Өзі сүйген кәсібінен адам баласы басына қандай киын жағдай туса да бекез алмайды екен. Аяған осыны ұқты.

— Ассалаумағалейкөм!

Ой түкпірін ақтарып, бейқам тұрған Аяған оқыс шыққан үннен селк етіп, жалт қараған. Қолын ұсынып, өзіне қарай ұмтылып келе жатқан Асылханды қарақөленкеде танымай қалды.

— Ой, сен қайдан жүрсін?

— Кітапханада отырдым.

— Дұрыс екен,— деді Аяған көңілін тұсап тастаған көп ойдан әрең арылып. — Жанбыр күшеймей тұрып үйге жетіп алайық. Айтпақшы, жақын манайда почта жәшігі бар ма?

— Әне, о-о-н-оу жерде... Маған беріңіз. Мен-ақ тастан салайын.

— Жо-жок!— деді Аяған абыржып. — Әуре болма, өзім-ақ... Ал жақсы...

Асылханнан тезірек құтылуға асықты. Күні бойы отырып қайта-қайта жазған хатын Асылхан біліп қоярдай қуыстанып, мазасы қашты. Жігіттің қолын қысып қоштасты да, жебей басын. ілгері кетті. Жолай почта жәшігіне Орталық партия комитетіне. Брежневтің өз атына жазған хатын саларда көңілі қатты қобалжыды, ойына әркілы күдік шапты. “Мейлі, не де болса бағымнан көрейін. Солар қол ұшын бермесе мұнда көмектесер пенде қалмады” деп өзін-өзі қайрады. Сан рет өндеп, сан мәрте қайта көшірген арызын жәшікке тастаған соң бойы жеңілдеп, кеудесіне үміт сәулесі себездеп, көз ұшында бейнесі бұлдырап көрінген Абай атасына қарсы жүрді.

Ленин даңғылына дейін жаяу келіп, көкбазарға баратын

автобуска отырды. Көкбазардың түбіндегі аялдамада ұзақ тұрды, Татар слободкасына баратын екі автобус жуық арада келе қоймады. “Жер аяғы алыс емес, жаяу тартып кетсем бе екен” деп ойлады, бірақ тәуекелге батылы бармады. Түнде бұралқы иттердей көше кезіп, жемтік іздеп, жалғыз жарым адамға шабуыл жасап, ұрып немесе өлтіріп кететін тасжүректер қалада көп. Ондайлар әсіресе қаланың шет жақтарында, көзден таса көшелерде көп жүреді деп естиді. Жұрт Татарка деп атайтын аудан төбелеспен, әртүрлі жанжалмен аты шыққан. Күндіздің өзінде бөтенге алақөзбен ата қарап, ілінісерге ілік іздеп тұратын жасөспірімдер түнде бейсеует пендені ол маңайға жолатпайтынын Аяған жақсы біледі. Әртүрлі алыпқашты әңгімелерді көп айтатын Әсемнің дәл қазір қандай күйде отырғанын Аяғанның іші сезеді. Күйеуі кешіксе шыбын жанын шүперекке түйіп, байыз тауып отыра алмайды бейшара. Кейде өні боп-боз болып, күйеуін аялдамада күтіп тұрады. Осындайда Аяғанның жүрегі езіліп, Әсемді соншалық аяп кетеді.

– Жаным-ау, балалардың жанында отыра бермедің бе,— дейді Аяған оны құшақтап.

– Сен кешіксең үйге сыймай кетемін,— дейді келіншегі мұның қолынан айрылып қалардай мықтап ұстап.

Әсемнің мінезі жібек, жаны жұмсақ. Аяған дегенде шығарда ғана жаны басқа. Аяғаны үшін ештенеден қайтпайды, шырылдап барып отқа түсіп кетуден де тайынбайды. Сүйретіліп жүріп-ақ үйдің шаруасын тап-тұйнақтай етіп тындырып қояды.

– Өзің ауырып жүрсің, тыныш жатсаңшы, мен-ақ істеймін ғой,— дейді Аяған реніш білдіріп.

– Сен шаршап жүрсің ғой,— дейді күлімсіреп.

Аяған оны құшағына алып, маңдайынан сүйеді. Осы кезде үйелмелі-сүйелмелі үш бала у-шу болып келіп, құшақтасып тұрған әке мен шешенін аяқтарына жармасады. Бұл ерлі-зайыпты екеуінің ең бір бақытты сәті.

Әбден кешігіп келген он төртінші автобуспен “Татарка” деп аталатын аялдамаға жетіп, Қазан көшесімен пәтеріне қарай асығыс адымдады. Киіз-байпақ фабрикасының жанынан өте бергенде көшенің екі қапталынан төрт адам шығып, жігіттің жолын кесті. Бір қауіптің төнгенін қу жүрек сезіп, дүрсілдеп ала жөнелді. Аяған кілт тоқтап, кейін қашпақ болып жалт бұрылған. Шегінер жолы да жабық екен, еңкіген екі дәу жігіт тұр. Бұлардың кездейсоқ адамдар емес, әдейі жолын торып жүргендер екенін ол бірден түсінді. Айқайлап, адамдарды көмекке шақыруға намыс құрғыр жібермеді. Қысылшанда не істерін білмей

саскалақтаған Аяған жандалбасалап фабриканың есігіне қарай ұмтылды. Алдынан шыққан біреуін қағып құлатты, екіншісі шалып жіберді, Аяған ұзынынан түсті. Қайтып тұруға мұршасын келтірмей жүгіріп жеткен бейтаныс біреулер тепкінін астына алды. Ол басын қорғаштап, бүк түсіп жатты. Әлдекім шашынан уыстап ұстап, басын көтерді, қоршап тұрғандар былшылдатаып бетінен тебе бастады. Аяған жанталасып бакты, біреуінің аяғынан шап беріп ұстап, бұрап жіберді, әлгі жалпасынан құлады. Осы кезде біреуі оң жақ бүйірінен оңдырмай тепті, манадан бері намысқа тырысып, тістеніп жатқан Аяғанның дауысы шығып кетті. Қанына қарайып, қызынып алған әумесер топ “әй, осы өліп қалады-ау” дейтін емес, былш-былш тебелі, біреуі кіжініп жүр.

– Аямандар итгің күшігін! Қарны тойса құдайын ұмытып кетеді мұндайлар.

Енді артын қысып жүреді.

– А-а-а!..

Аяған бар күшін жинап алып, айқай салды. Жақын маңайдан әлдекімдердің дауысы естілген тәрізді. Арашаға бірде біреуінің батылы бармады бірақ.

– Люди-и, по-о-м-огите-е,— деді Аяған қырылдап. Кенет Аяғанның құлағына ту-у алыстан әйелдің шыңғырған ашы дауысы шалынды. Ол Әсемнің дауысын таныды.

– Ә-ә-с-е-е-м!..

Әлсіз айқайды ешкім естіген жоқ. Өзін аяусыз тепкілеген топ жақындап келіп тоқтаған “волгаға” қарай жүгірді. Осылай жата берсе “волганың” астында қалатынын білді. Ақтық күшін жинап, бір аунады, екі аунады, үшінші рет аунағанда жол жиегіндегі арыққа түсті. Сол екі арада “волга” дәл жанынан өте шықты. Әл дәрмені құрыған Аяған әрең деп орнынан тұрған сәтте жүгіріп Әсем келді.

– Аяған! Не болды саған?

Келіншек жығылып қалардай теңселіп тұрған күйеуін құшақтай алып, еңіреп жылап жіберді. Оған қосылып, Аяған егілді. Жолын торыған топтың кім екенін білмесе де, кімнің жібергенін ойланбай тапты. Жақияның аямасқа бекінгенін түсініп, көңілін қорқыныш құрсаулады. Әлгі топтың әлі талай мәрте жолын торыйтындығына, ешқашан аямайтындығына Аяғанның еш күмәні жоқ еді. Өзінің жалғыздығы есіне түсіп, онан сайын егілді.

Ерлі-зайыпты екеуі біріне-бірі сүйеніп, пәтерлеріне келді. Жарыққа келгеннен кейін күйеуінің түрін көріп, Әсем шошып

кетті. Беті күп болып ісіпті, кішкентай мұрнының тесігі ғана қалыпты, екі көзінің асты көкпенбек. Мұрнынан аққан кан омырауын былғапты.

Әсем шыдай алмай егіліп қоя берді. Абырой болғанда балалар ұйықтап қалыпты.

— Жылама, балалар оянып кетеді.

Әсем көз жасын тия алмады. Қатты шошып қалған ба, жылы үйге кіргеніне біраз уақыт болса да, тісі тісіне тимей қалшылдап, екі қолы еркіне бағынбай дірілдеді.

— Әдейі жолыңды тосып жүрген ғой. Қаракшылар!— деп Әсем көз жасын сығып-сығып алды. Сөйлеп жүріп мұздатқыштан мұз сындырып Аяғанның қолына ұстатты. — Олар ешкімді аямайды. Ұстаспа дедім солармен. Сен жалғызсың ғой, Аяған-ау. Олар көп, тіпті көп...

— Олардың көп екенін білемін. Бірақ шындық менің жағымда,— деп жұбатты жігіт өзін өзі.

— Шындық жоқ, Аяған. Ол бар болса сені ақиқатты айттың деп қудалай ма? Министрлікке бірнеше рет бардың, саған кім ара түсті? Ақиқат та адам таңдайды. Ол күштінің жағында әрқашан,— деді Әсем шай демдеп жүріп. Аяған ойланып қалды. Әсемнің сөзінің жаны бар. Шындықты айтамын деп басы шатаққа ілінді. Араша сұрап, министрге дейін барды, “сенікі дұрыс” деген пенде табылмады. Аяғанның көзі жеткен шындық — жоғары жақта қызмет істейтіндер бір-бірімен жең ұшынан жалғасып жатады екен. Сыбайластар бір-бірін ешқашан жығып бермейді. Бірін-бірі қолдайды, қорғайды.

— Үлкен бастықтың қызын құлатып нен бар еді, Аяған-ау,— деді әлденуақыттан сон Әсем күйіне дауыстап.

— Кім екені маңдайында жазулы тұрған жоқ оның, деп дүңк ете түсті жігіт. Қапелімде қате айтқанын түсініп, сөзін түзеді. — Мүлде ештеңе білмейтін балаға бес қоя алмаймын. Мемлекет басшысының баласы болса да...

— Әкесі колхозшы болса білер еді ол қар,— деп келіншек көз жасын сығып-сығып алды. — Оған бағаны басқалар қойды. Соның соңына түсіп нен бар еді?!

— Арым — жанымның садақасы. Қылмысты көзіммен көріп тұрып қалай үндемей қалайын. Шыдамадым, айттым.

— Оларды ешкім де жеңе алмайды. Құрып кетсінші бәрі!.. Басымыз аманда ауылға көшейік.

— Қара аспанды төндірме. Олар Кенес үкіметінен күшті емес,— деді Аяған ширығып. Орнынан тұрып барып, бір кесе суық суды демалмай ішті.

– Қорқамын, Аяған. Қорқамын олардан. Сені қорғайтын ешкім жоқ. Тыныш жүрші, жаным,— деді келіншек жалынышты үнмен. Тізерлеп отыра қалып, күйеуінің аяғын құшақтай алды. Сен кешіккен шыбын жаным шырқырап, үйге сыймай кетемін. Атағының да, шатағының да керегі жоқ. Көшейікші ауылға...

– Тұра ғой,— деді жігіт жұмсақ сөйлеп. Келіншегінің шашынан сипап, қолтығынан көтеріп тұрғызды да, көзінен сүйді. — Мені заң қорғайды. Кеңес үкіметінің заңы кінәсіз адамды жөбірлемейді.

– Соқырдың тілегені екі көзі дейді. Маған сенің амандығын керек, Аяған. — Бүрісіп күйеуінің қолтығына тығыла түсті. — Біздің сенен басқа кіміміз бар? Бізді аясан тілімді алшы, жарығым. Атам мен апамның жанына барайықшы.

– Ту-у көз жасын дайын тұрады екен. — Алақанымен келіншегінің көз жасын сүртті. Сонан соң қапсыра құшақтап, мандайынан, екі көзінен жұмсақ сүйді. — Шаршадым. демалайықшы.

– Тамақ дайын тұр.

– Тәбетім жоқ.

Үлкен баласын құшақтап жатқан Аяғанның көзі іліне қоймады. Кеңсірігі бұзылған ба, ауырып жанын көзіне көрсетті. Екі бүйірі ашып ауырады, “бүйрегіме зақым келді-ау” деп уайымдады. Кабырғалары қол тигізбейді. Бас сүйегі шытынаған болар, сәл қозғалса, жарылып кете жаздап ауырады. Жаны қатты қиналғанмен астыңғы ернін тістеп алып, қимыл-қыбырсыз жатыр. Әсемнің ұйықтай қоймағанын сезеді, мұның қиналып жатқанын білсе жетіп келеді.

“Әлгілер кімдер екен?” Осы сұрақ Аяғанның көңілін күпті етті, кеңірдегіне көлденең тұрып қалған сүйектей берекесін қашырды. Ойы сан-саққа жүгірді. “Геркулес пен Араб емес пе екен” деген бір күдік кесекөлденендеп, ойқастап жолын бөгеді. Оларға жасаған жаманшылығы жоқ, ендеше карап жүрген адамда не әкелерінің құны бар?! Анық білгені — жолын тосып, жабылып тепкінің астына алғанның бәрі қазақ. Құдай біледі, әлгілердің түрін көрсе талайын таныр еді. Олардың Жақияның азғыруымен келгендігіне Аяғанның бір мысқал күмәні қалмады. Оның мұндайдың әлі талайын ұйымдастыратындығына және шәгі жоқ. Оның өте кекшіл екенін біледі. Жақиямен ұстасқан адамның онғанын көрген емес, “құдайдан басқадан қорықпаймын” деп кеуде қаққан талай мықтының омақаса құлағанын өз көзімен көрген. “Айла-сыздың батыры айға шауыпты” деген осы. Сондай жойқын күшке қарсы шыққанға кім сенеді? Құдіреті күшті кімі бар? Байпағынан

баска сүйенері жок бейшара алапат таскынды токтатамын деп доска күлкі, дұшпанға таба болды ақыры. Карсыласкан талайдың тағдыры бүлінген. Жен ұшынан жалғасу, тамыр-таныстык, пара беру аркылы максатка жету ат төбеліндей ғана аздың ісі емес екенін Аяған білмей жаза басқан жок. Бұл дерт. Дерт болғанда да заманның дерті екенін баяғыда-ак зерделеген. Каукарға кат, сүйенері жок саяк жүрген Аяған түгіл аузын айға білеген талай мыкты заманның тегеурініне шыдамай мұрттай ұшкан. Солардың бірде біреуі қайтып онала алмады, көзден тасаланған соң-ак көңілден ұмыт болды, кайда жүргенін ешкім білмейді, ешкім іздемейді де. Олардың жанында Аяған кім, тәйірі!? Бір факультеттің деканының бір сілкігенінен калмай мұрттай ұшты. Жакиянын айтканы өтіп, атканы жетіп тұр. Аяған сиякты байпағынан баска сүйенері жок саяктарды ол әрі итеріп, бері жыға салады. Онын сиынғанынан сүйенгені мыкты. Аяған кайда барып, кімге шағынса да Жакиянын жағасын жыртуға шамасы келмейді. Бәрі соны корғап, соны колдайды. Шындыктың ордасы деп барған Үлкен үйден де әділет таппады. Ондағылар да Жакияға шаң жуытпайды мүлде. Әділдік іздеп барған мұнын өзін сөгіп, біраз ұялтты.

— Бізді ерігіп, ермек іздеп отырады деп ойлайсыздар ма? Нанымды деректеріңіз жок, сіздікі бос бопса,— деп қызына сөйледі аласа бойлы божбиған сары жігіт. — Сонан соң Ғалиева Сәулеге екі қойғызған сіз бе?

Аяған әңгіменің кайда келіп тірелгенін, бұл үйден кандай “олжамен” шығарын бірден ұқты. Мынаның алдында ақталып абырой таппасын және білді.

— Иә, мен.

— Ол Орталық комитеттің бөлім бастығының қызы болғандыктан оқуға түспеуге тиіс пе?

— Ол бала мүлде сауатсыз,— деді Аяған түсін суытып. Кім болсаң да сенімен белдесуден кашпаймын дегендей сыңай танытты. Сөйте тұра үлкен шанырақтың мысы басқан болу керек, жоса-жоса болып терледі.

— Кстати,— деді бөлім қызметкері мысқылдай күліп. Аяғанға көзінің құйрығымен менсінбей қарады. — Сіздің институтта сауатсыз оқытушылар көп. Аттестация жүргізіп, тазалау керек. Сіз бұған қарсы емессіз бе?

— Маған бәрібір.

— Міне, міне! — деп қуана дауыстады бөлім қызметкері. — Сіз шын сөзіңізді енді айттыңыз. Сізге бәрібір. Екі сөздің басын косып сөйлей алмайтын сауатсыз адам университетте сабак берсе де Сізге бәрібір. Институтты зордың күшімен әрең бітірген

әлдекім ректор немесе министр болып отырса да көз жұмып жүре бересіз. Өйткені Сізге бәрібір. Себебі — Сіздің социалистік қоғамға жаныңыз ашымайды. Ал кара басыңыздың шаруасына келгенде шыбын жаныңыз шырқырап, жұрттың бәрін қаралап, шауып келесіз.

— Мен кара басымның шаруасымен келгемін жоқ Сізге,— деп Аяған дауысын көтере сөйледі. Бөлім қызметкері орындыққа шалқалай жатып, шала жұмылған көзінің құйрығымен Аяғанға менсінбей қарап, әнтек езу тартты.

— Себебі — сіздер жеке бастың мүддесін қоғамдық мүддеден жоғары қоясыздар. Сіздер кара бастың қамынан басқа ештеңе ойламайсыздар. Сол себепті де кіп-кішкентай, түкке тұрмайтын шаруаны үлкен мәселеге айналдырып, данғаза көтеріп, жұртты дүрліктіресіздер.

— Мен мұнда шындық іздеп келдім,— деді Аяған қабақ шытып, дауысын қатайтып. Бөлім қызметкерінің зекіріп, кінәлай сөйлегеніне намыстанып, кеудесіне ашу тығылды. — Қабылдау емтиханында көп заңсыздықтар жасалды. Сіз айтқан Ғалиева Сәуленің екісі беске түзетіліп, оқуға түсті.

— Ғалиев жолдастың үкімет пен партияға бір кісідей еңбегі сінген Сол үшін де оның қызын оқытуға біз міндеттіміз. Сол-а-й, жолдас,— деді бөлім қызметкері. Соңғы сөзін нықтап, салмақ салып, ызбармен айтты. — Сіз арыз айтып келеді екен деп халықтың сыйлы адамының жағасына жармаса алмаймыз. Ол халықтың мақтанышы.

— Мен Ғалиевтің үстінен арыз айтып келгемін жоқ. Мен сізге шындықты айтқаным үшін жапа шеккенімді айтып отырмын. — Қайта-қайта көзіне құйылып, бетін жапқан тер әбден ығыр қылды. Қол орамалы сығып алардай су болды. — Мен мұнда біреуді ғайбаттау үшін емес, араша сұрап келіп отырмын.

— Сонда сізге қандай көмек керек? Бәлкім, ректор болғыңыз келетін шығар,— деп Аяғанның жүзіне тесіле қарады. Езуіне жымысқы күлкі ілінді. Ол үйреншікті әдетімен мойнын ішіне алып, креслоға шалқалап жатты да, көзін шала жұмды.

— Мен қызметсіз қалдым. Бұрынғы қызметіме қайта орналасуыма көмектесіңіздер,— деді Аяған дауысы дірілдеп. Бөлім қызметкері қалғып бара жатып шошып ояңған адамдай шала жұмылған көзін ашып алып, Аяғанға бажайлай қарады. — Егер мәселемді дұрыс шешіп бермесеніз ізденемін.

— Ерік өзіңізде. Жолыңыз ашық. Ал қызмет жағына келетін болсақ, бұл тікелей ректордың жұмысы. Ол кісінің билігіне қол сұға алмаймыз,— деп орнынан тұрып, қолын созған. Бірақ қолын

Аяған ұстар ұстамастан қайтып тартып алды. Мандай терін сүрте-сүрте алақанының былжырап, суланып тұрғанына Аяған қатты қысылды. Сол жолы айтатын сөзі, актаратын сыры көп-ақ еді, бөлім қызметкерінің ниетін таныған соң үндемей шығып жүре берген.

Бармаған жері қалмаған да шығар. Барлық жол үлкен үйге келіп тіреледі екен. Мойнына су кетіп, өзі қызына екі қойдырған Ғалиевтің алдына барды. Қабылдау бөлмесінде отырып-отырып, кіруге батылы бармай үйіне қайтты. Екінші рет тағы да ат ізін салған. Бұл жолы Орталық комитеттің идеологиялық жұмыс жөніндегі хатшысының қабылдауына жазылды. Хатшыға кіру үшін бір ай тосу керек екен. Аяған осы өмірінде мұндай таң қалмас. “Бір ай ішінде хатшының қабылдауына жазылған адамның жіпке ілініп тұрған тағдыры үзіліп түсіп, тас-талқаны шығуы да мүмкін-ау” деп ойлады ол сыртқа шығып бара жатып. Шыдамасқа амалы қане. Мойнына су кетіп, сүметіліп үйіне жеткен. Сең соққан балықтай басы мөңгіріп, мең-зең күйге түсіп, екі-үш күн сенделіп жүрді, сонан соң бала-шағасын ашықтырмас үшін жұмысқа кірген. Тапқан олжасы міне, беті-басы күп болып ісіп, еркін демалуға шамасы келмей, кескен томардай болып орнынан қозғала алмай жатысы мынау. Хатшыны әлі жиырма күн күтуі керек. Оған дейін Жақия қарап жата ма? Аяғанның хатшыға кірмек болып, тізіміне жазылғанын ол әрине естіген. Естімесе жолын торып, соққыға жыға ма? Пиғылы жаман оның. Құлындағы дауысы шығып, шырылдап Әсем жүгірмегенде ол төбелестің немен бітері бір құдайға аян. Ондырмай тепкіледі онбағандар. Қылдан тайсаң көретінің осы деп доқ көрсетіп кетті. Ол нәлеттер ертеңгі күні балаларына қиянат жасап жүрсе қайтпек? Шығады олардан ондай жауыздық, шығады...

Аяғанның жүрегін үрей қысып, тұла бойын діріл биледі. Демалысы жиілеп, алқына бастады, қабырғалары сөгіліп кетердей жаны қиналды. Көкірегі қол тигізбей ауырады.

Қозғалмай шалқасынан ұзақ жатқандықтан ба, арқасы ауыра бастаған соң оң қырына аунаған, қабырғалары қақырап кетердей жаны мұрнының ұшына келді. Аяғанның дауысы шығып кетті. Екі кішкентайының жанында бүрісіп жатқан Әсем ұйықтамапты, күйеуінің қинала шыққан дауысын естіп, басын жастықтан жұлып алды. Аяған астыңғы ерінін тістеп, тым-тырыс тына қалды. Әсем орнынан тұрып, шам жақты.

- Дәрігер шақырайын, – деді келіншек киініп жатып.
- Шақырма, керегі жоқ.
- Шыдай алмай жатырсың ғой тегі.

– Жеті түнде далаға қалай шығасын?
– Жүгіріп барып келемін.
– Жоқ, барма,— деді жігіт кинала дауыстап. — Маған бір кессе су берші.

Су ішіп, басын биіктетіп, қайта кисайды. Әсем тоназытқыштан мұз сындырып, ақ дәкеге орап, күйеуіне ұстатты.

– Сен ұйықта. Күні бойы балалар шаршатқан шығар,— деді Аяған күлімсіреп.

– Ұйқым келмейді.

Әсем күйеуінің жанына келіп, екі тізесін құшақтап отырды. Аяған оның жүзіне назар тоқтатты, екі көзі шүңірейіп жүдеп кетіпті. Бейшара бұрын да етжеңді емес еді, үшінші баладан кейін мүлде жүдеп, содан қайтып онала алмай қойды. Аяқ-колы шидейі шілмиіп, жүргенде үзіліп кете жаздайды. Денсаулығынын нашарлығына карамай бекер отырмайды, бозала таннан кызыл іңірге дейін тыпырлап жүре беретін жансебіл.

Аяған келіншегінің дәл қазір де ауырып отырғанын сезді, өні бозарып, қабағы шытылып кеткен, астыңғы ернін тістеп алыпты.

– Әсем саған не болды?

Келіншек кинала езу тартып, бас шайқады. Оның жағдайын білетін жігіт денесінің қан қақсап ауырып жатқанына карамай орнынан тұрып барып, құтыдан валидол әкеліп, келіншегінің аузына салды. Қолтығынан демеп, төсегіне жатқызды.

– Қозғалмай жат, ұйықта,— деді шашынан сипап, Әсем жылы жымыды. Көзінен мөлт етіп жас шықты. Аяғанның жүрегі тіксінді. Өзіне қиыла қарап, ерні дірілдеп, сөйлей алмай жатқан келіншегінің білегінен ұстады.

– Мен қор-р-ка-мын,— деді Әсем біраздан кейін тілі икемге әрең келіп. — Қо-о-р-камын...

– Кімнен? Неге? — деп өзеуреді жігіт. Әсемнің көзінен мөлт етіп шыққан мөлдір жасты сұқ саусағымен іліп тастады. — Қайдағыны айтады екенсің. Кенес үкіметі аман болсын. Мен бүгін Мәскеуге, Орталық партия комитетіне, Брежнев ақсақалдың өзіне арыз жазып жібердім.

– Не дейсің?! — Әсем шошына дауыстады. Лез демнің арасында иегі кемсендеп, безгек ұрғандай денесі қалшылдап қоя берді. — Құдай-ау, тыныш жүрмей... Нең бар еді?! Үш ботанның тағдырын неге ойламадың, Аяған-ау? Әй, Аяған-ай!.. Не дейін саған, не дейін-ай!

Әсем егіліп жылап қоя берді.

Сыртка шыкпай жатқанына бір жетіден асып барады. Бетінің ісігі қайтқанмен екі көзінің алды көкпенбек, шекесінде, маңдайында сары дақ қалды. Құдай сақтапты, қабырғалары аман екен, бүйрегіне де зақым келмеген сияқты. Алғашқы күндері көңіліне күдік шауып, сарыуайымның тұнғыығына түсіп, шыдай алмай тұншығып еді.

Соңғы уақытта Мәскеуге жөнелткен хатының тағдырын ойлап, үйге сыймайтын, бір орнында байыз тауып отыра алмайтын болып жүр. Әне-міне дегенше тексеру келіп қалатын сияқты дегбірсізденіп, сәл нәрсеге бола таусыла сөйлеп Әсемнің апшысын қуырып жібереді. Ол бейшара көмпіс. Қабақ шытпайды, қарсы сөз айтпайды, күйеуінің дегенін бас шұлғып орындайды. Артық кеткенін Аяған соңынан түсініп, күнәсін жуып-шаюға кіріседі.

– Жақында біздің үйде той болады. Қызметіме қайтып тұрамын. Үш бөлмелі пәтер аламыз. Айдай сұлу Әсемімді үшінші қабаттағы пәтерімізге өзім көтеріп шығамын,– дейді Аяған, шабыттана сөйлеп, орнынан тұрып кетеді. Мұндай әңгіме еш кедергісіз Әсемнің жүрегіне бірден жетеді, ол әп-сәтте ғажайып сезімнің тұнғыығына шым батып кетеді. – Үш баламды күн сайын шомылдырамын. Су жетеді. Газ бар. Ақша пішен. Жан жарыма қарақұл терісінен тігілген тон, бриллиант көзі бар сақина алып беремін..

Аяғанның әңгімесі жалғаса береді, рахат сезімнің құшағында отырған Әсем қуаныштан күледі, соңыра қуаныштан көзіне жас алады.

– Жылама, жаным,– дейді жігіт оны құшақтап. – Аз қалды. Кішкене ғана шыдашы. Жақында жақсы хабар аламыз.

Үйде жатқан бір жетінің ішінде Аяған келіншегін бір жақсылықтың болатындығына сендірген. Күйеуінің басына түскен қиын іске қиналып, аз уақыттың аралығында бұрынғысынан әрі жүдеп кеткен Әсемнің қабағындағы көлеңке тарай бастаған еді. Ерлі-зайыпты екеу атар таңнан жақсы хабар күтіп елегізіді. Күн сайын кезек-кезек почтаға жүгіріп, тыныш таппайтын әдет жабысты. Хат-хабар келе қоймады. Осындай сәтте үміті үзілген келіншектің қабағына көлеңке ұялап, тұнжырап отырып қалады. Қазір де міне, почтаға барып келіп, үміті кесіліп, тұнжырап отыр.

– Әсем, білесің бе, менің хатым түп-тура Брежнев ақсақалдың қолына тиеді,– деді келіншегін көңілдендірмек болып. Әсем елең

ете қалды. — Ол кісі менін хатымды оқып шығады да, көмекшісін шақырып алып:

— Слушай, мынау жас жігіт екен,— дейді. — Жастар — біздің болашағымыз. Оларды қорғау, қолдау керек. Ал біз жастарды қудалаймыз, бекер күйдіріп, обалына қаламыз. Бұл деген қылмыс. Аяған Қуатов жолдасқа жағдай жасау керек. Үйі бар ма екен. біліңіз. Жоқ болса көмектесу керек. Түсіндің бе? Біз мұнда кара басымыздың қамын күйттеу үшін отырған жоқпыз. Бізді бұл орынға халықтың қамын жеп, жағдайын жақсарту үшін отырғызды. Социалистік қоғамның әрбір мүшесінің әлсіз үні біздің құлағымызға жетуге тиіс. Аяған Қуатовты жәбірлетіп қойып карап отыра алмаймын. Қазір мен Димаш Ахметовичке телефон соғамын,— дейді. Сонан соң Алматыны теріп алады. То есть бір кнопка басса жетіп жатыр, Қонаев трубканы көтереді.

— Слушай, Димаш Ахметович,— деді Аяған Брежневтің дауысын салуға тырысып. Әсемнің аузы ашылып кеткен. таңғажайып кино көріп отырғандай қимыл-қыбырсыз ұйып қалған. — Сәлеметсіз бе! Зухраның денсаулығы қалай? Өте жақсы. Кемпіріңе біздің семьядан сәлем айт. Алматыны сағынып жүрмін. Қартайып қалдым. Алыс жолға жарамаймын. Слушай, Димаш, мен Қуатов Аяған деген жігіттен хат алдым. Оған қиянат жасапты. Бұл дұрыс емес. Жастар — біздің болашағымыз. Вот так, вот!.. Октябрь революциясының қай жылы болғанын білмейтін қыздың әкесі қалай ғана Орталық комитетте бөлім басқарып отыр, а? Димаш, Аяған Қуатовқа менің ыстық сәлемімді жеткіз. Осындай азаматтар үлкен орындарда отыруға тиіс. Біздің қоғамда білімді, іскер адамдар көп, ал нағыз азаматтар, шындық үшін шырылдап отқа түсіп кететіндер аз. Бізге солар керек. Димаш Ахметович. Қуатов жолдасқа жағдай жаса. Үйі жоқ шығар, көмектес. Аяғанға, келіншегіне менен көп-көп сәлем!..

Аяғанның әңгімесіне елтігені соншалық, Әсем сықылықтап күле бастады. Аяғанның арызы Брежневтің қолына тие ме, жоқ па, ол кісінің осы мәселемен Қонаевқа телефон соғуы шындыққа жанаса ма бұл жағын келіншек ақиқаттың безбеніне салған жоқ. Аяғанның әңгімесіне имандай сенді. Бір сәттің ішінде бүкіл мәселесін шешіп алатындай жүзі бал-бұл жанып, екі көзіне нұр ойнап шықты. Асып-сасып не істерін білмей берекесі кетті.

Өтірік әңгімесінің келіншегіне қаншалықты әсер еткенін Аяған түсіне қойды, сырыққа құрық жалғап, жоқтан бар жасап. сөзін ары қарай жалғастырды.

— Осыдан кейін Димаш ағамыз идеологиялық жұмыстар

жөніндегі хатшыны шақырып алып, Брежнев аксақалдың сәлемін жеткізді. Оған менің шаруамды тапсырады. Содан не керек, хатшы идеология бөлімінің қызметкерлерін жинап жіберіп, төтенше жағдайды талқылайды. Ректорды, министрді, мойны бір тұтам божбан сарыны және Жақияны тұрғызып қойып, әй бір сілікпесін шығарып сілкілейді-ау. Ректор мен Жақияны сол жерде орнынан босатып, қатан сөгіс береді. Жақияның орнына мені бекітеді. Содан не керек, мені іздетеді. Орталық комитеттің қызметкерлері, министр бастаған инспекторлар Аяған Қуатов деген мықтыны ал келіп іздесін. Анда барады, таппайды, мұнда келеді, жоқ. Жаны қысылған министр тарих факультетінің студенттерін шақырып алып, менің адресімді сұрайды. Студенттер тым-тырыс. Бірде-біреуі білмейді.

– Алмас біледі,— деді Аяғанның әнгімесін соншалық ынта қойып, беріліп тындап отырған Әсем.

– Ә, иә, айтпақшы Алмас біледі екен ғой. — Аяған ойланып отырып қалды. Дәл осы арада әнгімесінің әсерін күшейтетін бір нәрсе ойлап табу керектігін білді. — Алмас біздің адресті әдейі айтпай қояды.

– Ту-у, ол неге қырсығады екен,— деді келіншек дегбірсізденіп. — Айта салса несі кетеді екен.

– “Сактықта қорлық жоқ”. Мені олардың не себепті іздеп жүргенін Алмас қайдан білсін. Бәлкім, олар мені түрмеге қамау үшін іздеп жүрген шығар,— деп Аяған қабағы шытылып, томсарып үндемей қалған келіншегін құшақтады. — Содан Алмас бастаған топ ақ, қара волгалармен біздің үйге келеді. Көршілер аң-таң. Үйдің иесінің есі шығып кеткен. Келген адамдарды ол тексерушілер екен деп қалады. Қорқақ байғұс қалтырап, дірілдеп, сүрініп-қабынып бізге жетеді, өлердегі сөзін айтып жалына бастайды.

– Пәтерге алпыс сом төлейтінінді айта көрме,— дейді аяғыма жығылып. — Енді сенен отыз-ақ сом аламын дейді.

– Бейшара алпыс сомды азсынып, бұрқылдап сөйлеп жүреді. Кеше келіп, бөлмені босатындар деп кетті,— деді келіншек ақырын ғана күрсініп.

– Содан не керек, бір топ адам сау етіп үйге кіреді. Біз дәл осылай құшақтасып отырамыз. Мүлде көңіл аудармаймыз. Мүлде...

– Қойшы тегі, ұят емес пе!? Үлкен адамдар келгенде екеуміздің бұлай отырғанымыз тым ерсі ғой, Аяған,— деп келіншек аузын бүртитты.

– Жарайды, сенің айтқаның болсын,— деп Аяған келісе кетті.

– Содан оларды орнымыздан тұрып қарсы аламыз. Сен дастарқан жасауға кірісесін.

– Ұят-ай, үйде ештеңе жоқ еді, – деп Әсем шок басып алғандай оқыстан орнынан тұрып кетті.

– Е-е, олар бәрібір отырмайды. Орталық комитеттің хатшысын күттіріп қойып, жайбарақат шай ішіп отырушы ма еді. Келген шаруаларын айтады. Ал мен қасақана қырсығамын. Олар жалынады. Әсіресе әлгі...

– Кімді айтасың?

– Мойны жоқ, божбан сарыны айтамын, – деді Аяған орнынан тұрып жатып. Босағаға жақындап, божбан сарының мәнеріне салып сөйлей бастады. – Құрметті Қуатов мырза, то есть, жолдас! Сіз келіп кеткеннен кейін мен осы мәселемен әдейі айналыстым. Сіздікі әділетті іс екен. Басшыларға мен осылай деп доложить еттім. Сіз мені дұрыс түсініңіз, – дейді.

– Ой, оңбаған-ай! Сені бала құсатып алдағысы келеді, – деп қалды әңгімеге ұйып отырған келіншек.

– Мен бала емеспін ғой, Әсем. Алданбаймын.

Әңгіменің ең қызық жеріне жеткенде сырттан әлдекімнің шырылдап жылаған дауысы естілді. Баласының дауысын танып. Әсем орнынан атып тұрып, сыртқа жүгірді. Келіншегінің сонынан Аяған да есік алдына шыққан. Үй иесі татар шал жеті жасар үлкен ұлының құлағынан ұстап, дедектетіп сүйреп келеді екен. Болар-болмасқа көтеріле қоймайтын Аяған мынаны көргенде шыдай алмай кетті.

– Әй, ақсақал, құлағың жұлып аласыз ба баланың? Қолынан неге ұстамайсың? – деп ашулана айқай салды. Сәл нәрсеге бола көз жасын төгіп жіберетін Әсем шырылдап барып, ұлын құшақтай алды.

– Уһ, күшік! Алма ағашының түбіне кіш етіп тұр ұялмай, – деп сәл тосылып қалған шал қайтадан ашуына мінді. – Бау-бақшамды құртты мыналарың. Бұлардан шошқа жақсы.

– Ақсақал, тіліңізді тартып сөйленіз. Бала – періште, – деді ызаға булыққан жігіт. Талағы тарс айырылардай болып тұрса да жасы үлкен адамның алдында әдеп сақтауға тырысты. – Үш күндік пәниде шәй деспей сыйласу шарт ақсақал. Сіз де жақсылыққа бірден гүмп етіп түсіп кеткен жоқ шығарсыз. Біз де сіздің босағанызды күзетіп калмаспыз.

– Сені мен шақырған жоқпын. Айда, қет! Босат үйді! Маған қаңғырған қазақтардың керегі жоқ. Бар, айда, еліне қайт, – деді шал қолын сермеп. – Бала-шағаң ауланы былғап болды. Көрінген жерге отыра салады. Жабайы бәрі, культура дегенді білмейді.

Ызаға булыққан жігіттің басына ыстық қан шапшыды, қатты ашуланғандікі ме, көмейіне ып-ыстық зат кептеліп, сөйлей алмай қыстықты. Қанша күйініп тұрса да үлкенді сыйлап үйренген әдетімен – қазақы әдептен аса алмай мысы құрыды. Жігіттің осал жерін біліп алған шал котырын онан сайын ауыртып қасый түсті.

– Бар төлейтінің алпыс-ақ сом. Бес адам тұрасын. Жок, енді шыдай алмаймын. Бүгін көш. Бес студент жіберемін.

– Біз сізге бұл айдың ақшасын алдын ала төлеп қойып ек қой, – деді Әсем көз жасын сүртіп тұрып. Жаутандап түнеріп тұрған Аяғанға қарады. Шал енді бірнәрсе десе жарылатын секілді. Күйеуінің мінезін білетін келіншек Аяғанның қолтығына жармасты.

– Үйге жүр, үйге!..

– Әй, әділетсіз өмір-ай! – деп күйіне сөйледі жігіт пәтеріне қарай кетіп бара жатып. – Ата-бабамның қаны сіңген ұлан-ғайыр мекеннен алақандай жер тимеді-ау бізге. Әлі күнге көрінгеннің есігінде жүрміз.

– Қанғырған казакларды қуу, гонять етіш кирөк, деп ызакорлана айқайлады шал.

– Қуасыңдар сендер! Өзімен өзі жауласып, жаға жыртысып жүрген аз казакты қуалап, тау асырып тастау сендерге сөз болып па, – деді Аяған күніреніп. Көңілі бос Әсемнің көзі боталады, жылап жібермес үшін астыңғы ернін қатты тістеп алды.

Үйге кіргеннен кейін Әсем есікті мықтап жауып қойды. Шалдың жүйкені жұқартар котыр сөзін естісе Аяғанның шыдап отыра алмасын біледі. Далаға шыққысы келіп қыңқылдаған баласына зекіріп ұрсып, құйрығынан салып жіберді. Әкесінің қабағынан қорықты ма, Елжас көзі жаутандап, бүрісіп үнсіз отырып қалды.

Ашуланғанда, ызаланғанда кітап оқу Аяғанның ежелгі әдеті. Күйеуінің сол қасиетін білетін Әсем оның қолына Ғафуровтың “Тәжіктер” деген қалың кітабын ұстата салды. Алғашқы әлетте жігіт келіншегінің бұл қылығына түсіне алмай қалды, қалың нән кітаптың ауырлығын білгісі келгендей салмақтап біраз отырды. Сонан соң мырс күлді.

– Егер біреу “Қазақтар” деген кітап жазса ғой, қазақпыз деп кеуде қағып жүргендер шу ете түсер еді. Бөрінің артындай шуылдап, аттандап, кітап жазған бейшараны “қаны сорғалаған ұлтшыл, халқымыздың атына сөз, беделіне нұқсан келтірді” деп

кінәлап, түрмеге жапқызып қояр еді. — Аяған шарасыз күйге түсіп, тұйықтан шығар жол таппай қиналған адамдай қабақ шытып, ақырын ғана күрсініп қойды. Басы салбырап, бір сәт үнсіз отырып қалды. Әсем қозғалақтап әрең отырған Елжасқа қарап, қабақ шытты. — Қазақтың тарихын он бесінші ғасырдан ары жылжытуға тырысып көрші, басына әңгір таяқ ойнатсын. Қазақ деген ұлт он бесінші ғасырда аспаннан түсе қалған сияқты. Ал тәжік, өзбек, қырғыздардың тарихы ерте дүниеден басталады. “Ағайындар-ау, қазақ халқының негізін құрап отырған рулар біздің эрамызға дейінгі ғасырларда өмір сүрген жоқ па? Олардың ғажайып мәдениеті болған” десең саған қара күйе жағып, құйрығына шала байлап жібереді де, қарқ-қарқ күліп, мәз болып қарап тұрады. Сөйтіп жүріп аспандағы Айды жерге сүйреп түсіргендей гүпінетінімізді қайтерсін. Сөйтіп жүріп халықтың мұнын мұндаған, жоғын жоқтаған адам болып көріну үшін мінбелерден айқайлайтынымызды қайтерсін. Қолында билігі бар әлдекім зекіріп ұрысса “апыр-ау, қай жерден қате жібердім” деп зәреміз зәр түбіне кетеді. Мансабы бар әлдекім шақырып алып сілкілесе кешегі айтқан ақылды сөзімізден айнып шыға келеміз. Басымыз жерге тигенше иіліп, сан мәрте кешірім сұраймыз. Солай ғой, Әсем. Біздің осындай екенімізді бәрі, ақыр аяғы жаңағы татар шал да біліп алған. “Ә” десе “мә” деп тұршы, аузын аша алмай бүгежектер еді.

— Қойшы сол шалды. Қайдағы бір татар шалмен жағаласып қайтесің. Үндеме. Ол сөйлеп-сөйлеп қояды,— деп Әсем басу айтты. Ашу деген асауға мініп алған Аяған оның сөзін тындайтындай қалде емес еді. Кеудесі толып қалыпты. Толысын шайқап төгіп, берекесін алған тексіз шалға өлердей ашулы. Мұның бір адамға ғана бағыштаған ашу-ыза еместігін Әсем біледі. Соңғы бірер айда Аяғанның басынан нелер өтпеді?! Барлығы жабылып жүріп Алдияр Ақпанұлын құлатты, сонан соң сол шалдың жыртысын жыртады деген оймен Аяғанға жабылды. “Қой, олармен алыспа: Алдияр ағаның шамасы келмеген топқа сен не істей аласың” деді. Ол туабітті қайсарлығына басып тындамай қойды. Жақия сияқты жұмыртқадан жүн қырыққан айлакер адаммен алысып жеңе алмасын білмеді. Мықтап сүрінді. Әділдік іздеп бармаған жері қалды ма? Бұл аз болғандай әлдекімдер сойылға жығып кетті. Енді міне, татар шал қокандап, қокан-лоқы көрсетіп қокиланып жүр. Бақының бағасын білетін азамат қалай шыдасын бұған!?

— Неге біз ғана түсінуге, біз ғана кешіріммен қарауға тиіспіз? Ал олар ойына келгенді істейді. Соны көре тұра үндемеуіміз

керек екен. Ол оқымаған, надан. Сол себепті не бүлдірсе де кешірім. Солай ма сенінше?

Аяған келіншегіне ежірейе қарады. Әсем жеңілгенін мойындағандай езу тартып, төмен қарады.

– Олар шетінен нахал, Әсем. “Қолынан келсе қонышыннан бас” дейді шырт-шырт түкіріп. Олардың максаты біреу-ақ,— деп Аяған жұдырығымен столды салып қалды. Әкесінің сөзіне түсіне алмай манаурап отырған Елжас селк ете түсті.

– Баланы шошыттың ғой, Аяған-ау,— деді Әсем қабақ шытып.

– Оларда ақша жасаудан басқа мақсат жоқ. Мемлекеттің байлығы солардың қалтасында жүр, Әсем. Біздің күніміз соларға, шеттен келген келімсектерге қарап тұр, Әсем. Сен білмейсің,— деп күрсінді жігіт. Ашуланғандікі ме, шеке тамырлары ісініп, білеуленіп кетіпті. – Мемлекет байлығын саудаға салса барлығын солар сатып алар еді. Сол себепті де олар бізге бір халықтың азаматы, мақтанышы деп емес, қалтасы тесік мүсәпір деп қарайды. Сен мейлі, дүлдүл акын, ғұлама ғалым бол, ол бәрібір менсінбейді. Өйткені сенің ешкімге, мемлекетке де, партияға да қерегің жоқ. Осыны білген келімсек көңіліне жақпасан пәтерінен қуып жібереді. Ал сен бала-шағанды жетектеп, чемоданыңды көтеріп, Алматының көшелерін кезіп, баспана іздеп, қаңғырып жүресің. “Әй, осыған обал болды-ау” демейді ешкім. Ата-бабаң жанын беріп, қанын төгіп жүріп қорғап қалған атажұртыңнан бала-шағаңа баспана, пана болар қуыс таппай қаңғырығың түтеп сен жүресің, өз елінен опа көрмей күні кеше көшіп келген әлдекім кең сарайдай сәулетті үйде тұрып, екіден, үштен ит ұстайды. Олардың итке бөлінген бөлмесі бар, Әсем. Біз кіндікжұртымызда баспана таба алмай Қазаннан, Ереваннан, Сібірден, Кавказдан келгендердің өзіміз сияқты жалаңаяқтарға арнап салған күркелерінде пәтерде тұрамыз.

– Қой деймін, Аяған,— деп Әсем шыр-пыр болды. Күйеуінің мойнынан құшақтап, алақанымен аузын жапты. – Әлгі шал естіп қояды.

– Естісін! — деді жігіт ашулы дауыспен. – Әдейі сол естісін деп айтып отырмын.

Есікті жұлқа тартып, бөлмеге татар шал кіріп келді. Көзі бағжандап, Әсемнің иманы ұшты. Шалдың қабағы кату, үлкен дау іздеп келген адамға ұқсайды. Аяғанға мүлде назар салмады, келіншекке қарай сөйледі.

– Ертеннен бастап үйді босатындар. Қазаннан туыстарым көшіп келеді,— деді сынарезулей күліп. Сонан соң қалтасынан он бес сом алып, столдың үстіне тастады. – Бұл айдың жеті күні

және сынған үш ағаштың құнын и алма, өріктің пұлын ұстап калдым. Болды, квит...

– Ата-ау, ағаштарыңызды біз сындырған жоқпыз ғой.

– Енді кім? Қазаннан менің туыстарым келіп сындырды ма?

– Шал қарқылдай күлгенмен жүзі жылымады. – Сенің балаларың.

– Алма-өрігіңіз не?

– Бір ағаштан биыл алманы өте аз алдым, сенің балаларыңның кесірінен,– деді шал беті шімірікпестен. Шыдай алмаған Әсем күліп жіберді.

– Аз алсаңыз біздің балалардың қандай кінәсі бар? Құдайдың бергені сол болса қайтесіз.

– Сен бұл жерге құдайды қыстырма, катын,– деді абыржып қалған шал. – Так, ертең сонғы срок.

– Біз ешқайда көшпейміз,– деді манадан бері үнсіз отырған Аяған зорлана күліп. Есіктен шығып бара жатқан шал кілт тоқтады да, бүкіл денесімен бұрылып, жігітке зөрлене қарады.

– Қарай гөр, мына күшікті,– деді шал шамдана дауыстап.

– Мен Қазаннан көшіп келгемін жоқ. Өз жерімде отырмын,– деді Аяған шалдың жанды жерінен ұстағанын енді түсініп. Оны одан сайын ашуландыра түскісі келгендей төсекке шалқасынан түсіп жатып алды. Шал мұндай сөз естимін деп күтпегендіктен не айтарын білмей, бір қызарып, бір бозарып, тыпырлады да қалды. Шығып кетпек болып, есікті ашты, намысы козып, қайта жапты.

– Бұл менің жерім!.. Мына менің,– деді кеудесін дүнк-дүнк қағып. – Мына үйді он мың сомға сатып алғанмын. Понятно? Сен мені қорқытпа, күшік. Заң менің жағымда.

– Заңға бере беріңіз. До свидания, ақсақал! Сотта кездескенше сау болыңыз,– деп Аяған көзін жұмды. Шал ызаға булығып, ашудан жарылып кете жаздап тұр.

– Мен Рашидке звонит қылам. Ол сенің мойныңды жұлып алады. Пока ол келмей тұрып кит, козок,– деп сес көрсетті шал. Ұйықтаған болып жатқан Аяған көзін сәл ғана ашып:

– Мазамды алмаңыз, үйімді босатыңыз,– деді соншалық жұмсақ, сыпайы сөйлеп. Шал бұдан арыға шыдай алмады.

– Ой, атаңның көрі, козок! – деп айқайды салды да, қорбандап келіп, Аяғанның жағасына жармасты. Жігіт те карап қалмай, орнынан атып тұрды. Әсем шырылдап арашаға жүгірді. Қорқып қалған Елжас шыр-шыр етіп жылап жүр.

Аяған шалдың қолын бұрап, кеудесінен ақырын ғана итеріп жіберді. Құлап қалмасын деп сақтық жасады. Ыза бұған шал

ұрмақ болып қолын көтерген, Аяған шап беріп ұстай алды.

– Ұр! – деп айқай салды шал. – Фронтовикті ұрғаның үшін сені... Соттатамын, иттің күшігі!.. Рауза! А-а-й, Рауза! Милиса шакыр!

Аядай ғана бөлме азан-казан шуға толды. Дүниені көшіріп, Рауза келді. Ұстасып тұрған екеуді көріп, айқайға аттан қосып, бөлмені басына көтерді. Ашы айғайды естіп, көршілер дүрлікті. Фарид абзиді біреу сабап жатыр деп ойлаған болу керек, екі көршісі шауып келіпті. Оларды көріп, абзи арқаланып құтырып кетті, байқатпай келіп Аяғанды шапалақпен бір тартып өтті. Шалға шабуыл жасайды деді ме, арашаға келген екі татар Аяғанды бас салып, қолын артына қайырды. Жаны шырқыраған Әсем шыңғырып келіп күйеуінің қолын қайырып ұстаған біреуінің шашына жармасты. Ол Аяғанды жібере салып, келіншекпен алыса кеткен кезде бөлмеге Асылхан мен Алмас кіріп келген. Олар келмегенде жанжалдың арты өртке айналып кетері анық еді.

Қолайсыз жағдайдың үстінен түскендеріне екі жігіт те қатты қысылып, біраз уақытқа дейін әңгімені неден бастарын білмей дағдарды. Елжасты бауырына тартып, егіліп отырған Әсем ғана анда-санда сөйлеп қояды.

– Ауылға кетеміз, ата-енемнің жанына барамыз. Тойып болдык қалаға,— деді келіншек. Ерні дірілдеп, тілі икемге зорға көнді. Аяған ауыз ашпай, екі жігітке тура қарай алмай басын төмен салып, тұнжырап отыр. Асылхан мен Алмастың сап ете түсіп, арашалап алғанына қуанды, көңілсіз істің куәсі болғанына қынжылды. Екі көзінің алдындағы көкпенбек дақты жігіттердің көріп қойғаны жанына батты. Жап-жас жігіттердің алдында қазіргідей күйде отырғанына намысқой Аяған іштей қатты қорланды.

– Шай қойсаңшы, Әсем-ау,— деді Аяған күлген болып. – Қонақтарды қантарып отырғызып қойдык қой.

– Шай қойып әуре болмаңыз, жеңеше. Біз Аяған ағаның қал-жағдайын білейік деп келдік. Ауырып қалған шығар деп ойладық,— деді Асылхан. Әсем самаурынын көтеріп, сыртқа шығып кетті.

– Рахмет, жігіттер!

– Курстың жігіттері сізге көп-көп сәлем жолдады, аға,— деп үнсіз отырған Алмас сөзге араласты.

Аяғанның қабағы ашылып, ақырын ғана езу тартты. Екі жігітке бетін көрсеткісі келмей қорғаншақтап, басын төмен салып отыр еді. Алмастың сөзінен кейін басын көтеріп алды.

– Қал-жағдайлары қалай жігіттердің?

– Жаксы, аға. Сізге келеміз деп жиналғалы көп болды,— деді

Алмас кінәлі адамдай жаскана қарап. – Тіпті реті келмей қойды. Бүгін әдейі жігіттердің тапсыруымен келдім. Мынау біздің курстың сізге деген сәлемдемесі.

Алмас үлкен екі буманы ашты. Қазақ энциклопедиясының он екі томы екен. Студенттерден мұндай үлкен сый күтпеген Аяған не дерін білмей күле берді.

– Ой, жігіттер!.. Бұларын өзі қызық болды ғой,– дейді бас шайқап. Жаны жабырқап, көңілі жүдеп жүргенде мынандап қошемет көрсе кім болса да босар еді. Аяғанның да көңілі босап, екі жігітті кезек-кезек құшақтады.

– Біз Орталық партия комитетіне хат жаздық. Сізге жала жабылып, қиянат жасалғанын айттық,– деді әудемнен соң Алмас. – Төрт-бес студенттен басқамыз түгел қол қойдық. Үлкен үйге өз қолыммен апарып бердім.

Аяған сенерін де, сенбесін де білмей, мұндай сәтте не деу керектігін және зерделей алмай отырып қалды. Басыма қиын іс түссе студенттер арашашы болады-ау деп мүлде ойламаған. Тіпті сондай бір қиын жағдайға тап боламын-ау деген қауіп қаперіне кірді ме екен!? Өмірі ғажайып шаттыққа, бақытқа толы болатындай көрінетін. “Кандидаттық еңбегімді қорғап алсам, жасыл көше ашылады, қалғанын қалпақпен ұрып аламын” деген нық сенімі бар еді. Кедергі, қарсылық ғылым кандидаты болған соң басталды. Көре алмайтындар, көз алартып сыртынан ғайбат сөз айтатындар көбейді. Оларға ұстазы Алдияр Ақпанұлының дұшпандары қосылды. Бұрын бала деп менсінбей қарайтындар енді тобықтан қағып, қайтып тұрмастай омақаса құлатуға тырысты. Қарап жатып жан бермек жоқ. Күшінің тең емес екенін біле тұра намысқа тырысып, күштілермен алысты. Ақыры олар күшті екенін, алысқанды алып та, шалып та жығатындығын танытты.

Студенттерге қатал болғаны рас. Оларды еркіне жіберсе еркінсіп, сабаққа салғырт қарап, бетімен кететінін білетін. “Қазақстанның тарихын осы республикада тұратын әрбір адам міндетті түрде білуге тиіс. Онсыз әділет орнамайды. Ал сендер Қазақстан тарихының насихатшысысындар. Сендерге қойылар талап ерекше” дейтін студенттерге. Тарихқа жүрдім-бардым қарайтын студенттерді аяған жоқ. Сол себепті Аяғанның мінезін білетін студенттер оның “тілін тауып”, әртүрлі сылтау айтып, баға алуға тырыспайтын. Мәмлеге көнбейтін бірбеткей мінезіне бола студенттер сырттай келемеждеп, ұнатпайтынын сезетін. Кейде олардың кейбіреуіне жөнсіз қаталдық жасап жіберетін де, сонынан осы қылығына өкініп жүретін. Кейбіреуімен кейін түсіністі. Олармен Алмас арқылы тіл табысып еді. Адаммен

адамды таныстырып, табыстырып жүретін жақсы қасиеті бар онын. Енді міне, бәрінен жүрдай болып, ешкім керек қылмай жападан-жалғыз далада қалғанда тағы да қол ұшын бермекке арнайы іздеп келіпті.

“Бұлар энциклопедияны қайдан тапты екен?” деп танырқалды Аяған. Кезінде жазыла алмай қалған. Қазақ энциклопедиясына жазылу басталғанда студент еді, жөн білмеді, онын нарқын да түсінген жоқ. Ұмытпаса, қазақ энциклопедиясына жазыла алмағанын бір ретте осы Алмасқа айтқан. Басқа кітап немесе зат емес, қазақ энциклопедиясын алып келгендеріне қарағанда, ұзақ іздеген сияқты.

— Олар мәселені әділ шешпесе Москваға жазамыз. Қайтсек те сізді арашалап аламыз, аға,— деді біраз үнсіздіктен кейін Алмас сенімді үнмен.

— Дұрыс шешіліп қалар,— деп жақауратты Аяған. Сыртқа шығып кеткен Әсем қайтып оралып, дастарқан жасады.

— Шал бұлқан-талқан болып ашуланып жүр әлі. Кемпірі үйіне әрең алып кірді,— деді Әсем шай құйып отырып.

— Басқа пәтер іздемесек тыныштық бермес ол,— деп мұнайды Аяған. — Бір күні балаларға зиян жасап жүрсе...

— Құдайым-ай!— деді келіншек үрейленіп. — Осы үйге қайдан ғана тап болдық екен? Балаларда не жыны барын қайдам, кішкентайлар сыртқа шықса айқайлап, ұрысып үрейін ұшырады. Сол шалдан қорқып, балалар сыртқа шығудан қалды.

— Үш баламен бізді кім қабылдай қойсын,— деп күрсінді Аяған.

Қарсы алдынан өткел бермес асау өзен шыға келгендей Аяған шарасыз күйге түсіп, қабағы тұнжырады. Онын қабағын андып отырған екі жігіт қолайсызданып, біріне бірі қарасты.

— Қиналманыз аға, пәтер табылады,— деді Асылхан жымыып күліп. — Мен Көктөбенің баурайында, кіші Алматы өзенінің жағасындағы екі бөлмелі үйде тұрып жатырмын. Ауласы кен. Балалар қысылмай-қымтырылмай еркін ойнайды. Ол үйге қазір көшіп барамын десеңіздер кілті, міне.

Аяған мен Әсем аң-таң болып бір-біріне қарасты. “Осы шын айтып отыр ма” дегендей таңқалу белгісі бар жүздерінде.

— Өзің... Өзің қайда тұрасың?— деп сұрады сенер-сенбесін білмей абдырап отырған Аяған.

— Ой, аға, маған орын табылады ғой. Арыз жазып барсам ертең-ақ жатақхана береді,— деп күле жауап берді Асылхан.

— Ауғанстанға барып, бір миллион душманды жер жастандырып келген батырыңыз осы,— деп күлді Алмас. — Арыз жазып, ізденсе пәтер де алар еді.

Бейкам отырған Аяған селк етіп, Асылханның жүзіне шошына жалт қарады. Момақан жүзді, түсі жылы жігіттің қолы қанға былғанды дегенге сенгісі келмеді. “Ауғанстанға барғандардың барлығының қолы қан емес қой” деп өзін-өзі жұбатты. Есіне Ауғанстанға барып қайтыс болған жалғыз інісі түсіп, көнілін сағыныш баурап, мұңға батты. Арқа сүйер асқар тауы, сүрінсе сүйеп тұрғызар жалғыз жанашыры еді. Құдай оны да көпсінді. Екі көзінің алдына мөлт-мөлт етіп қос тамшы тұнды. Екі жігіт көріп қалмасын деп басын бұрып, қос тамшыны сұқ саусағымен қағып түсірді.

Қарсы алдында отырған түбіт мұрты, қолмен сызғандай қиғаш біткен қасы бар, көзі үнемі күліп тұратын, момақан кейіпті жігітке қайта қарауға Аяғанның батылы бармады.

Қабылдау емтиханында осы жігіттің алдына келгені есінде қалыпты. Бірінші сұрағын шала біледі екен. Тігісін жатқызып айтып берген болды. Екінші сұрағынан мүлде ауытқып кетті. Соны өзі де біле ме, бір кезде тоқтады.

– Інішек, тарих – менің наным, – деп күлген. Жас жігіттің екі беті өп-сәтте нарттай қызарып шыға келген. – Үшінші сұрағына көш.

Осыдан кейін ол ойын жинақтай алмай, сөзінің басы бірікпей шаршаған. Сол жолы жанашырлық жасап, үш қойып жіберуіне болар еді.

– Басың жас, інішек! Келесі жылы кел. Тарихты жобалап қана білуге болмайды. Тарих деген сан мың, сан миллион, сан миллиард адамның тағдыры. Ол – өмірбаян, – деген Аяған. Екі бетінің қызылы тарқамаған түбіт мұрт жігіт орнынан тұрған сон:

– Рахмет сізге! – деген. Аяған оның мұнысын кекесін деп түсінген...

Сол жігіт міне, басына қиын іс түскен кезде азаматтық жасап, қол ұшын беріп отыр. Кісілігі кем, кінәмшіл біреу болса мұндай кезде шок-шок деп, табалап күлер еді. Қойтан жылғыны қозғап, көзіне шұқып, қылдан қикым іздеп, жүйкесін тоздырар еді.

Аяған оған ұрлана қарап қойды. Асылхан Ауғанстанда қаза тапқан жалғыз інісі Серік секілді болып көрінді. Бір сәт Серігі тіріліп келгендей қу жүрек лүпілдеп келіп, алқымына тығылды. Көзінің алды бұлдырады. “Серік” деді күбірлеп. Көзін жұмып, қайта ашты. Жок, басқа екен. Басқа...

– Ал, аға, не отырыс? Егер қарсы болмасаңыз, мен машина тауып әкелейін, – деді Асылхан орнынан тұрып. – Сіздер жүкті буып-түйіп, дайындала берініздер.

– Асылханның пәтері кең сарай. Дәлізі, ас бөлмесі бар. Қыста

жылы, жазда салқын. Алмасы, алмұрты төгіліп жатыр,— деді Алмас ерлі-зайыптылар айнып қалардай Асылханның пәтерін асыра мақтап. Аяған мен Әсем аң-таң, біріне-бірі қарап, антарылып тұр.

— Көшейік, Аяған, көшейік,— деді Әсем асығып-аптығып. Жігіт жымыып күліп, бас изеді.

Асылхан машинаға кетті де, қалған екі жігіт жүкті буып-түюге кірісті. Әсем балалар бақшасындағы екі кішкентайын алып келуге жөнелді.

— Алмас, Алдияр ағаның жағдайы қалай екен?— деп сұрады Аяған.

— Білмедім.

— Бір жетіден бері бара алмадым,— деп күрсінді Аяған. Көп кешікпей жүк машинасын алып, Асылхан жетті. Сөйтіп Аяғанның отбасы ойламаған жерден бас-аяғы бір сағаттың ішінде ың-шынсыз көшті де кетті.

Асылханның пәтері Әсемге ұнады. Татар шалдың аядай бөлмесімен салыстырғанда әлдеқайда кең әрі жарық, еңсесі биік. Үйдің тұрған жері таза, көркем. Іргесінен сарқырап кіші Алматы өзені ағады, ауласы кең. Алмастың айтқаны рас екен, алма, алмұрт, өрік аткөпір болып шашылып жатпағанмен әжептәуір бар секілді.

Үйдің ішін реттеп болып, төсекке жатқаннан кейін Әсем қуаныштан көзіне жас алды.

— Жылама, жаным! Жаны жақсы адамдар аманда ақиқат өлмейді. Ақиқат аманда бала-шағаң жаманшылық көрмейді. Сол жақсы адамдардың тілеуін тілейік, Әсем,— деді жігіт жарын құшақтап.

— Өмірімде тірі адамға жаманшылық ойламап едім, Аяған. Жаттың да тілеуін тіледім, — деді Әсем дауысы дірілдеп. Әңгімесі үзілді де, қайтып жалғасқан жоқ. Біраз үнсіздіктен кейін: — Адам атаулы аман болсын,— деді.

Ерлі-зайыптылардың әңгімесі осымен аяқталды. Әрқайсысы ой түкпірін ақтарып, өзімен-өзі болып кетті.

Тауға нөсер жауған тәрізді, кіші Алматы өзені тасып жатыр. Оның гүрілі тосын да үрейлі. Бұлар күндіз көрген момақан мінезді өзенге мүлде ұқсамайтын сияқты.

Қуаныштан ба, жоқ әлде, уайымның әсері ме, Әсем таң атқанша кірпік ілмеді.

— Әй, профессор, бізді жұмысқа салып қойып, қайда жоға-

лып кеттің?— деді қарсы кездескен Геркулес. Төбелестен кейін жүрегі шайлығып қалған Аяған қандай жауап қайтарарын білмей абыржыды. Көзі жапақтап, жымып күлді. Геркулестің бірнеше рет сотталғанын, бір жерде тұрақтап жұмыс істемейтіндігін естіген. “Онымен жағаласуға болмайды, қалтасына пышақ салып жүреді, ашуына тисен жарып кетеді. Абайлап жүр” деп ақыл айтқан білетіндер. Сол сөздер есіне түсіп, денесі түршікті.

— Профессор, кімді мазақтап тұрсын? — деді Геркулес кабак шытып, тістене сөйлеп. Оның ақиған көзін, сұстанып кеткен түрін көріп, Аяғанның бойын қорқыныш биледі.

— Ешкімді мазақтаған жоқпын.

— Мазақтамасаң неге күлесің?— деп тақымдап қоймады Геркулес. Аяғанға бір аттап, екі аттап жақындай түсті, жұдырығын түйіп алыпты. Мынаның соншалық өктемсіп, басып кетердей басынып тұрғанына намыстанған жігіт:

— Күлкіге тыйым салынған заң әлі қабылданған жоқ,— деді батылданып. Бұға берсе мынаның ерік бермей есіріп кетерін түсініп, келсең кел дегендей оң иығын алға салып, бір қырындай тұрды.

— Сен байка, — деді Геркулес ожаудай жұдырығын жігіттің бетіне тақап. — Бала-шаған бар шығар. Қарсыласпа. Қарсыласқан қазық қылып қағып жіберемін. Бала-шаған жетім қалады, қатынынды мен аламын.

Аяғанның құлағы шыңылдап, басына қан шапшыды, екі беті дуылдап кеудесіне алапат ашу тығылды. Геркулестің сөзі еттен өтіп, сүйекке жеткенмен ашуын ақылға жеңдіріп, сабыр сақтады.

Қағып жіберу үшін нағыз жігіт болу керек, өңкіген дәу сарының шатынаған қөзіне қаймықпай тік қарады. Іштей шырығып алған, шамырқанып тұр. Төбелесе кетсе мынаған әлінін жетпесін сезеді, оны қорқыныштың темір шеңгелінен намыс босатып алған. Дәл қазір екі жағында пышағын жаландатып, екі Геркулес тұрса да қорқақтап, шегінбес еді.

— Сендер куәсіндер. Мынау ит, доңыз, шошқа, шылаушын менімен жағаласа бастады,— деді Геркулес тістене сөйлеп. Жан-жағына қарап, кеңкілдей күлді. Жақын маңайда жүрген жұмысшылар бір сұмдықтың боларын сезгендей жұмысты қойып, екеуін андып тұр. Ішке кіріп бара жатқан екі қазақ қызы да тоқтай калып, бері бұрылды.

— Қойсақ кайтеді,— деді Аяған қыздардан қысылып. — Ренжісетіндей арамызда ештеңе болған жоқ.

— Бұлар осындай. Бүлдіріп, тас-талқанын шығарып киратады да, түк болмағандай бетіне қарап күледі иттің балалары,— деп

кіжіне айқай салды да, Аяғанның жағасынан алып, мытып-мытып жіберді. Қарап жатып өлмек жоқ. Геркулестің темір шеңгелі кеңірдегіне кемпірауыздай жабысып, қысып, қылғындырып өлтіріп барады. Өне-міне дегенше жаны кеудесінен пыр етіп ұшып шығардай Аяғанның көзі аларып, тынысы тарылды. Ақтық күшін жинап алып, Геркулесті іштен ұрды, бірақ оның темір шеңгелі Аяғанның кеңірдегінен ажырамады. Қан толып кеткен екі көзі кішірейіп, қатты тістеніп алған.

– Жібер оны!

Екі қыздың біреуі жүгіріп келіп, Геркулестің қолына жармасты. Аяғанды босатып алуға шамасы жетпеді. Айқайлап еді, ешкім көмекке келмеді. Аяғанның екі көзі аларып, қарсыласудан қалды, әл-дәрмені құрып, тамағы қырылдай бастады. Не істерін білмей сасқалақтаған қыз құлаштап тұрып Геркулесті көзден ұрды.

– Ах, қаншық!– деді түсі бұзылып кеткен Геркулес ызалана ақырып. – Бауыздап өлтіремін сені.

Қыз бірақ ықпады, шыңғырып тағы ұмтылды. Қыздың қолындағы таяқты көріп, Аяғанды босата салып, қайта шегінді. Сонан соң қызды ішінен теуіп жіберді. Қыз сұлап түсіп, сұлқ жатып қалды. Манадан бері “қызық” көріп тұрған құрылысшылар шу ете түсті. Екінші қабатта жүрген Асылхан мына оқиғаны көре салып, жерге секірді. Өзіне ұмтылып келе жатқан жас жігітті көріп, мазақтағандай мырс-мырс күліп, екі бүйірін таянып, талтиып тұр. Асылханның өзіне қол көтеруге батылы баратындығына сенген жоқ.

– Күшік!– деді ол шыр түкіріп. – Жарық дүниеден жеріп болған екенсің сен...

Асылхан сол қолымен жасқай беріп, оң қолымен Геркулесті екі көзінің арасынан ұрды, өкшесі кірпішке ілініп, шалқасынан құлаған ол орнынан атып тұрғанмен теңселіп барып қайта жығылды. Өзі ит жанды екен, тәлтіректеп қайта тұрды да, қолына ілінген кірпішті Асылханға лақтырды. Тағы да кірпіш алмақ болып еңкейген, Асылхан атылып келіп қолтықтың астынан тепті. Геркулестің айқайлауға ғана шамасы келді, екі бүктеліп, сұлап түсті.

Осы екі арада досының намысын жыртып, айқайды салып Араб жетті. Қолында ұзындығы бір қарыс екі жүзді кездік. Аузына ақ ит кіріп, қара ит шығып, Асылханның жеті атасын түгендеп, өзінің түгін қалдырмады. Дауысы шарылдақ, ащы екен. Айбынды көрінгенмен айқайлап емес, жылап жүрген тәрізді.

– Бәрінді бір-бірлеп жарып өлтіремін! Ал, келіндер! Иттер, шошқалар, доңыздар!..

– Әй!– деді үйден шыға келген Сергей есімді жігіт ауланы басына көтере дауыстап. Қолында бір құлаш темір таяғы бар. – Көне, шық жекпе-жекке! Басыңды қак айырайын, иттің баласы! Сендер келгелі бригаданың берекесі кетті.

Сергейдің гүрілдеген дауысынан, тұлғасынан каймықты ма, араб бір сәт не дерін білмей тосылып қалды. Сонан сон үйреншікті айғайына басып, “кызык” көріп тұрған құрылысшыларға ұмтылды, олар тым-тыракай болып, жан-жаққа шашырап кашты. Сергей бар дауысымен акырып, бейкүт елге бүйідей тиген Арабқа тұра ұмтылды. Жан керек екен, ол Сергейге беттей алмай тайкып шыға келді. Оны біраз жерге қуып тастап, айбыны асып кайтып оралған Сергей екі бүктеліп, кимылсыз жатқан Геркулесті көтеріп тұрғызды.

– О-о-һ! – деп кинала ыңырсыды. – Өлтіремін оны. Кешпеймін ешқашан.

– Душмандардың оғы өтпеген Асылханға сенің пышағын батпайды, бейшара,— деп Сергей мырс-мырс күлді. – Тағы да түрмеге түскің келмесе артыңды қысып, тыныш жүр.

– А-а-а! – Бізақорлана айкай салған дәу сары анадай жерде тұрған Асылханға ұмтылып, үш-төрт кадам жетпей тоқтады. Беті кайтып калған сияқты. Екі көзін одан алмай, атып жіберерден акия қарап біраз тұрды. Асылханның жұдырығы екі көздің арасынан тиген екен, мұрны күмпиіп ісіп кетіпті.

– Геркулес мырза, біздің ортамызда сізге орын жоқ,— деді Асылхан түк болмағандай жайбаракат үнмен. – Біраз еркелеттік. Жолыңыз өне, тайып тұрыңыз.

– Бұлардың бізге істемегені қалды ма,— деді Сергей қызына сөйлеп. – Келе сала екеуі маған жабылған. Бұлардан барлығы коркады. – Аяғанды құшақтап, бетінен сүйді. Асылханның қолын қысты. – Рахмет саған, бауырым. Сен болмасаң бұл екеуі басымызға тышар еді. Бұларды не құдай алмай, не милиса алмай әбден қор болып едік.

– Ерте қуанасың сорлы,— деді Геркулес сынарезулей күліп. – бүгін әйеліңе айт, табыт алдырып койсын. Біреу емес, екеу... Ұқтың ба, екеу!..

Жеңістің буына мас болып, басы айналып тұрған Сергейдің түсі кашып, жылайтын адамдай кемсендеді. Араша тілегендей Асылханға жаутаңдады. Ол Сергейдің жағдайын түсінді. Онын козғалып кеткен көнілін орнына түсіру үшін:

– Әй, Геркулес! Араб екеуің табытка жатамын деп дәмеленбей-ақ қойындар. Сүйектерің шашылып, далада калады,— деді жігіт күле сөйлеп.

– Көреміз,— деді Геркулес сынарынын сонынан кетіп бара жатып.

Аяған жұмыс істеп, береке таппады. Жылдар бойы қара жұмыс істемей ақсауақ болып алған ол бұған дейін де шаруанын шекесін қыздырып жүрген жоқ еді. Анау күнгі жағдайдан кейін екі бүйірі, қабырғалары ауыратын болған. Геркулестің қылған қиянатынан кейін зембіл көтеру қайда, мойны былқылдап, көзі карауытып, қайта-қайта отырып қала береді. Жағдайын түсініп, оны ешкім мазалай қоймады.

Шырылдап келіп араға түскен кішкентай ғана ақсары қызды жігіттер көтеріп алып кеткен. Өзі үшін соққыға жығылған бейтаныс қызды көтеріспекке ниет қылған Аяған орнынан тұра алмай, омалып отырып қалған. Неке екенін өзі де білмейді, қайта-қайта демі тарылып, орнынан тұрса екі тізесі дірілдейді. Құлайтын болдым-ау деген қорқыныш кеудесін құлдап, отыра қалады да, ой түкпірін ақтарады.

Күні бойы аты-жөнін білмейтін қызды ойлап, ішін ит тырнағандай қиналды. Оның өзі үшін өлгіндей жағдайға ұшырағанын еске алып, беті дуылдады. Жігіт басымен Геркулеске қарсыласуға шамасы келмей қалғанға намыстанды әрі өлердей ұялды. Ақсауақ деп ұната бермейтін құрылысшылар сырттай табалап, сырттай бопсалап жүргендей күні бойы ешқайсысының бетіне тура қарай алмай жанарымен жер шұқыды. Жанына шықпай жүрген Асылханмен де әңгімесі жараса қоймады. Дауысы көтінің астынан шыққандай мінгірлеп, жүйесіз бірдемелерді айтқан болады. Онысын өзі де түсінбейді. “Өлмегенге қара жер” деп бір бозарып, бір қызарған Аяғанның көз алдында күні кеше қабылдау емтиханында екі алып кеткен момақан жүзді түбіт мұрт жігіт биіктеп бара жатты. Бір сөт Асылхан пөле-жала атаулының барлығынан қорғап, арашалап алатын піріндей болып көрінді. Аяғанның көңілі босады, соңғы екі-үш айдың аралығында көрген қорлықтарын айтып, мұнын шаққысы келді. Жөнсіз жерде жылт етіп шыға келетін намыс шіркін бұл жолы да еркін билеп алды.

– Сіз олардан қорықпаңыз, аға,— деп жұбатты Асылхан. — Мен бар жерде олар сізге жақындай алмайды. Ондайларға қатты жұдырық керек.

– Керегі жоқ. Олармен ұстаспа,— деді Аяған жігіттің білегінен ұстап. — Пышақтап өлтіріп кетеді.

– Адам өлтіру оңай емес, аға,— деп күлді жігіт.

– “Дос – егіз, дұшпан – сегіз” дейді халық. Олар көп. Абай бол айналайын. Сендей азамат қазаққа керек.

Мен сияқты зембіл көтеріп жүрген қара қазақ көп қой, аға. —

Асылханның қабағы тұнжырап, екі көзіне мұн тұнды. Біраз уақыт үнсіз отырды, сосын көңілдене сөйледі. — Сіздер аман болыңыздар, аға. Сіздер — халықтың ары, ұяты, намысысыздар. Кім екенінді, қандай адам екенінді, халқың үшін не істей алатыныңды күшпен емес, іспен дәлелдеу керек. Үй менсіз де салынар, зембіл көтерер адам табылмай қалар деймісіз. Құдайға шүкір, ақылға кенде, сіңірі жуан, кара күші мол адамдар көп қой қазақта. Сіздердің орындарыңызды толтыру қиын болады, аға. Сіздер халықтың ақыл-ойысыздар.

Асылханның қызуланып айтқан сөздерін Аяған үнсіз отырып тыңдады. Ол сөйлеп болғаннан кейін де біразға дейін ой түкпірін ақтарып үндей қоймады.

— Мен де бұрын солай ойлайтынмын, Асылхан,— деп күрсінді Аяған. — Осы халықтан бір тәуір адам шықса алақайлап қуанып, соның тілеуін тілеп, сол кісінің құлы болып, құлдырандап шауып кетуге дайын тұратынмын. Ол туралы біреу ғайбат сөз айтса қызылкенірдек болып айтысып, төбелесуге дейін баратынмын. Олардың кім, қандай адам екенін кейін түсіндім, кейбіреуінен түнілдім біржола. Олардың ойлап жүргені халықтың қамы емес, кара бастарының қамы. Басынан небір қиямет өткен, тағдыры талқыға түскен халықты, оның болашағын ойлағандар бірін-бірі аяқтан шалып, тобықтан қағып сүріндіре ме? Бірінің үстінен бірі Орталыққа, Мәскеуге арыз айдай ма? Халқының қамын жеген азамат үшке бөлініп, бірінде бірінің өші, кегі жоқ, түбі бір туыскандарды бірінен бірін бездіріп, берекесін ала ма?! Алдияр Ақпанұлындай біртуар азаматын мүжілген сүйектей лактырып тастай ма? Бұл биікке ұмтылып, қонған тұғырын місе тұтпайтын. тек маған ғана бола берсін дейтін адамдардың, сен айтпақшы, халықтың ары, ұяты, намысы болып алған ағаларымыздың ісі. Бәрі шетінен шамшыл. Солардың дегенімен жүріп, дегеніне көнбесең сонына шырақ алып түседі. Құдайлыққа таласып жүрген сол ағаларымызға топ керек, Асылхан. Біз сияқты құл керек. — Аяғанның екі беті алабұртып, өні сұстанып кетті. Екі көзінен алапат ашудың ұшқыны шашырады. Екі танауы қусырылып, жүзі қуқыл тартты. — Бірін-бірі мұқатып, бірінен бірі “озып” кету үшін жанталасады, ұялмай-қызармай небір қиянаттарға барады. Олардың төңірегіне кілең дарынсыз, ортақол орындаушылар жиналады, Асылхан. Оларда ар, ұят деген болмайды. Өл десе өледі, өлтір десе “қалай болар екен” деп ойланып тұрмайды. Сондай “ерекше” еңбегімен көзге түсіп, “кісі” болғандар аз деймісің. Топқа бөліну арқылы небір топастарға жол ашып бердік қой, Асылхан-ау.

– Біз қайдан білейік, аға,— деп Асылхан орнынан тұрып кетті. Сынық кірпішті аяғының ұшымен іліп алып, лақтырып жіберді. — Біз сол ағаларымыз туралы неше түрлі аңыз әңгімелер естіп өстік. Соларға табындық, еліктедік. Солардай болсақ деп армандадық. Астанаға бізді сол арман алып келді.

– Бәрімізді сол арман алып келген, Асылхан,— деп күрсінді Аяған. Қолындағы шыбығымен жер шұқып, басын онды-солды қозғап қойып, біразға дейін үнсіз отырды. Шалқайып алабұлттанған аспанға қарады. — Тіліннің бағасы түсті. Қазақ тілі кімге керек? Ата-бабамыз ғасырлар бойы жасаған дәстүр, салтты ескіліктің қалдығы дейтін болды. Тіпті жасы жетіп өлген адамды ата-баба дәстүрі бойынша жерлеуге де болмайды. Бейіт басында бетін сипағаны үшін бір коммунисті шырылдатып партиядан шығарып жібергенін білемін. Бейіт басында анасымен коштасып, жоқтау айтып, жылағаны үшін аудандық партия комитетінің қызметкерінің соңына түскен десем сенесің бе? Осындай әңгімелерді естігенде қайда кетіп бара жатқанымызды, қоғамның қазіргі жағдайын ойлап, қаптаған көп сұраққа жауап таба алмай дал боламын. — Аяған шарасыз күйіне күйінгендей, ақырын ғана күрсініп, басын шайқады. Оң қолымен желкесін уқалап, бір сәт үнсіз қалды. — Былық пен шылықтың заманы болды бұл. “Апыр-ау, бұл қалай? Қайда кетіп барамыз осы біз?” деймін де қалың ормандай қалың сұрактын ішіне кіріп, адасып тынамын. Енді ойлап қарасам, осының барлығы басында еркіндіктің, тәуелсіздіктің жоқтығынан екен. Азаттық алмай алысқа бару жоқ бізге. Қара басының қамынан басқа ештеңе ойламайтын, халыққа орындаушы — тобыр деп қарайтын, биік мансап-тұғырда отырғандардың көпшілігі тышқан аулап жүр, Асылхан.

– Олар мысыққа айналып кетті десеніңші.

– Жер тозды, ел азды, бауырым. Геркулес пен Араб сияқтыларды тайрандатып қойдық,— деді Аяған қинала бас шайқап. Қатты назаланып отыр, қос жұдырығын түйіп алған. Аяған ашуын тарқатпак болғандай екі тізесін ұрып-ұрып қояды. — Құдайдан қорықпайтын адамдар көбейіп кетті ғой. Құдайсыз өмір сүру әй-й қиын-ау. Жок, бауырым, біз құдайсыз өмір сүруге үйрене алмаймыз.

Екеуінің онашаланғанын неге жорығанын кім білсін, маңайлай алмай ойкастап жүрген Сергей жақындап келіп тоқтады. Әңгіменің қызығына түскен екеуі оған назар аударма қоймады. Жаркылдап күліп, әркіммен қалжыңдасып жүретін жігіт аса көңілсіз. Анау екеуінің өзін шақыра қоймасына көзі жеткен соң үн-түнсіз келіп, екеуінің жанына жайғасты.

– Несін айта берейін, Асылхан,— деп езу тартты Аяған. — Төңірек толған контраст, кайшылық. Біреулер қаңғырып, бір үзім нанға зар болып, қоқыстың арасын аршып тентіреп, телім-телімі шығып жүреді. Басында баспана, алдында ас жоқ. Біреулер қайыр сұрап отырады. Ал енді біреулер мындап ақша шашып, ойына келгенді істеп, сайран салады. Оларды да, қаңғыбастар мен қайыршыларды да ешкім көрмейді.

– Әй, соларды қойшы! Көкбазардың төңірегі толған қайыршы,— деді Сергей ашулана сөйлеп.

– Неге бұлай? Социалистік қоғамда адам мен адамның арасында осындай теңсіздік болғаны қалай?— деп Аяған жанындағы екеуге қарады.

– Олар жалқау, еңбек етпейді,— деп Сергей жерге шырт түкірді.

– Солар көп қатарлы жұмыс істесе қайыр да сұрамай, қаңғырығы түтемей тәп-тәуір өмір сүрер еді,— деді Асылхан өріптесін қостап. Аяған басын шайқады.

– Әділетсіздік қоғамның мазмұнына айнала бастады, жігіттер. Адам арзандап кетті. Біз тым арзанбыз,— деп мүлде басқа мәселені ойлап, мазасызданып отырған Сергейге бұрылды. — Қолына билік тиген әлдекім ойына келгенді істейді. Оған сондай құқық берілген. Сен, мен ол үшін орындаушымыз. Құлмыз, жігіттер!..

– Әй, қойшы соларды. Олар бәрібір біздің айтқанымызбен жүрмейді. “Бүкірді көр ғана түзейді”. Бізге тимесе болды,— деді Сергей Аяғанның сөзін бөліп. — Біз құрылысшымыз. Неге біз Брежнев пен Қонаев үшін бас ауыртуымыз керек, а? Ойлансын солар. Сол үшін айлық алып отыр.

– Дұрыс айтасын,— деп күлді Аяған. — Басқа үшін ауыратын бас бізде жоқ.

– Менің өз проблемам жетеді,— деп Сергей ойын ашық айтты. Геркулестің сөзін шын көріп, қорқып қалған сияқты. Сәл нәрсені үлкен уайымға айналдырып, шаршап жүретін қамкөңіл жігітке әлгінің айтқаны ауыр тигені көрініп тұр. — Мен ол екеуін білемін. Дос-жарандары көп. Бәрі отырып келген.

– Қорықпаңыздар,— деді Асылхан, оны жігерлендірмек болып. желпіне сөйледі. — Олардың күні біткен. Енді қылмыс жасаса ұзақ мерзімге сотталады. Мұны олар біледі. Ол екеуінікі кокан-лоқы.

– Сен оларды білмейсің,— деп қасарысты Сергей.

– Олардың басқан ізі андулы. Оның үстіне екеуі де босбелбеу, қопал екен. Менің бір сілкігеніме жарамай

жалпасынан түсті бейшара,— деп күлді Асылхан. Оған қосылып Сергей күлді. Зорланып, киналып күлді. — Егер ойда-жокта жолыға калсаңыз бірден дүрсе қоя беріңіз. Сіздің жұдырық тисе Геркулестің басы допша домалайды.

Асылханның сөзіне толық илана қоймағанмен Сергейдің қорқынышы сейіліп, көңілі жайланды. Жұдырығын салмақтап отырып ақырын ғана күрсінді де орнынан тұрды.

— Ол иттер Людаға қастандық жасай ма деп қорқамын,— деді қабағы тұнжырап. Басын шайқап-шайқап қойып, қынжыла сөйледі. — Мана желікпей тыныш отыруым керек еді. Былтырғысы есіме түсіп, шыдай алмадым. Ой, ол екеуі былтыр мені ұрып өлтіріп қоя жаздаған.

Ер мінезді жігіт деп іштей ұнатып, іштартып, ілтисат көрсетіп жүретін, мына сөзінен кейін Асылхан оны жақтырмай қалды. Екі иығына екі кісі мінгендей ірі жігітке тыжырына қарады. Көленкесінен қорқып, қалтырап, дірілдеп болар-болмасқа сақтық жасап жүретін адамдарға ол ешқашан сенбейді. Басына қиын іс түссе бірінші болып жалт беретін, беті шімірікпестен сатып кететін қорқақ адамдардың талайын көрген. Мұндай тайғанақ адамдар өмір мен өлім бетпе-бет келіп, шартта-шұртта ұстаса кетіп, жеңісе алмай жанталасқан сәтте өлгеніне қарамайды екен, беттің арын белге түйіп тайқып шыға беретінін талай байқады. Шыбын жанын барлығынан жоғары қоятын сондай міскіндер әйтеуір тірі қалу үшін не істемеді?! Тірі қалу үшін дұшмандардың тұтқынына өзі барып түскендердің аман жүргені көп те емес шығар, сірә. Жер басып тірі жүргендерінікі қай бір шекесі қызған тірлік дейсің, тәйірі. Өмір сүру деген жалғанды жалпағынан басып, тойған жерінде әйтеуір тірі жүру ме екен?! Отансыз, ата-ана, туған-туыс, кішкентайдан бірге өскен дос-жарандарсыз адам сияқты өмір сүру мүмкін бе? Бөтен, мүлде бөтен жұрттың саған ешқашан жаны ашымайтын, қуанышынды бөліспейтін, қайғына ортақтаспайтын жат жұрттың ортасында мейманаң тасып, бағың асып жүргенмен сен бақытсыз сорлысың. Қорқақ міскінде ар да, ұят да болмайды.

— Е-е, олардың таяғына үйренсең екінші рет сабап кетеді-ау деп уайымдамауына болады екен,— деді Аяған езу тартып. Сергей оның кекесінін түсінбеді.

— Бізге бірігу керек. Бірге жүрсек олар беттей алмайды.

— Люда жеңгеміз де бірге жүре ме? Бәлкім, бірге тұрармыз, — деді оны ұнатпай қалған Асылхан әдейі қисық сөйлеп. Мұндайды күтпеген Сергей асып-сасып, бірнәрсесін жоғалтып алғандай қалтасын ақтаруға кірісті. Мұрнының үсті шып-шып тер.

Басынан сөз асырмайтын Сергей бұл жолы тілінің ұшына келіп қалған ауыр сөзді өрең ірікті. Орнынан тұра салып, ләм деместен кетіп қалды.

— Осындайларды суканым сүймейді, аға,— деді Асылхан шырт түкіріп. — Қолмен істегенді мойынмен көтеру керек қой.

Аяған оның сөзін естімеген адамдай екі қолын таяныш етіп, шалқайынқырап отырып аспанға қарады, Алатаудың биігіне бұлт ілініпті. Ол көзін жұмып, бір сәт үнсіз отырды. Сол отырған күйі:

— Асылхан, манағы қарындастың аты кім? — деп сұрады.

— Хадиша.

— Қайда тұрады?

— Жатақханада... Жолы болмай жүрген қыздың бірі. Жыл сайын медицина институтына барып, құлап қалады екен.

— Қайсар қыз екен. Мен үшін соккыға жығылды-ау бейшара-ай,— деп кинала қабақ шытты жігіт. — Айналайын-ай, аман болса екен. Қыз баланы іштен тепкені-ай әлгі нәлеттін.

— Жұмыстан кейін барып, қал-жағдайын білемін ғой,— деді Асылхан орнынан тұрып жатып. Аяған да тұрды.

— Хадишаға бірге барайық, Асылхан.

— Келістік, аға.

5

Аяған мен Асылхан ойламаған жерден келе қалады деп күтпеген Хадиша қатты қысылды. Бүк түсіп, ұйықтап жатыр екен.

— Козғалма, жата бер, айналайын,— деген Аяғанның сөзін тындамады, орнынан тұрып кетті. — Біз көңіл сұрайық деп қана келіп едік.

— “Қуыс үйден құр шықпа” деген мақал бар, аға,— деп күлді Хадиша.

Хадишаның шайын ішпей кетпеймін,— деп Асылхан аяғын шешіп, төрге озды. Босағада тұра бергенді оғаш көріп, Аяған да төрге шықты. Асылхан ұсынған орындыққа жайғасып, үйдің ішіне көз жүгіртті — шағын ғана бөлме, мұнтаздай етіп жиналған үш төсек тұр, столға крахмалданған ақ жайма жабылған, терезеге капрон тюль ілініп, гүлді-гүлді қалың шыттан перде тұтылған. еденге төсек жапқыш түстес палас төселген, көзге түсер кикым жоқ, соншалық таза. Үш төсектің тұсында әртүрлі әшекей. Біреуінің тұсында оюы көздің жауын алардай тұскиіз, екіншісіне бұлақтан су алып жатқан таулық қыздың бейнесі кескінделген кілемше ілінген. Үшінші төсектің тұсында Айвазовскийдің “Тоғызыншы вал” деп аталатын полотносының көшірмесі

ілінген. Кіреберісте екі есікті шағын шифонер тұр, оның артқы жағынан киініп, шешінуге арнап қуыс жасаған екен, ақ материалдан перде тұтып қойыпты. Хадиша сол қуысқа кіріп кеткен, бірақ уақыттан кейін мүлде басқа адам болып қайта шықты. Аяған оған танырқай қаралды. Жұмыс киімімен жүргенде көптің бірі сияқты еді, мынау мүлде басқа Хадиша. Аз күннің ішінде барлық қызды түстеп танып та үлгерген жоқ, не жыны барын, оларға көз тоқтатып қарауға ұялады. Мына қызды да бүгін, төбелестің кезінде көрді. Күндізгі көрген қызы мүлде өзгеріп кеткен. Көйлегін ауыстырып, желкесіне қалай болса солай жинай салған шашын өріп, бұлттан шыққан күндей жарк еткен қыздың көркі Аяғанның көзін жаскады.

Біздің Хадишаны Эрмитажға апарып қою керек,— деп күлді Асылхан қыздың көңілін аулап. — Қазақтың ұлттық киімін кигізіп, биік тұғырға шығарып, астыңғы жағына орыс, ағылшын, араб, испан, қытай тілінде “қазақ қызы Хадиша” деп жазып қойса Эрмитажға келген адам біткен айналып шықпас еді. Жан-жағынан шық-шық еткізіп суретке түсіреді. Содан біздің Хадишаның суреті бүкіл дүниежүзіне тарайды. Біз бір-бір суретін сатып алып, төсегіміздің тұсына іліп қоямыз.

Хадишаның аққұба жүзі алабұртып, Аяғанға ұяла қарап, әсем жымыды. “Мақтағанды қабылдамайтын әйел жоқ-ау” деп ойлады жігіт.

Ой, мен тұғырға шықпаймын, құлап кетемін,— деп күлді қыз. Күлкісі таза, сүйкімді. — Маған жеке күзетші керек.

Өзім күзетемін,— деп кеудесін қақты Асылхан. — Басымда дулыға, үстімде сауыт, аяғымда саптама, сол қолымда қалқан, оң қолымда қайқы қылыш... Сен шыққан тұғырдың түбінде шіреніп тұрамын.

“Қазақ батыры Асылхан” деген табличканы қалқаныңа жапсырып қояды,— деп Хадиша сықылықтай күлді.

Содан кеш болады, ел тарап, музей жабылады. Хадиша екеуміз ғана қаламыз. “Хадиша, шаршаған шығарсың, жерге түс деймін мен. “Жоқ, түспеймін. Маған осы жер ұнайды” деп шырылдайды Хадиша,— деп Асылхан күлкісін үдетті. Оған Аған мен Хадиша қосылып, кішкентай бөлменің іші жарасымды күлкіге, шаттыққа толды.

Мен қазір келемін,— деп Хадиша шәугімді алып, сыртқа шығып кетті. “Айналайын, әуре болма” деген Аяғанның сөзін тындамады.

Асылхан тумбочканың үстінде жатқан альбомды алып, сурет қарауға кірісті. Аяған төнірегіне көз жүгіртті, өз орнын таппаған

бір зат жоқ. Орындықтарды қалың гүлді шұғамен қаптап қойыпты. Үш қыздың үшеуі де аса ұқыпты екен, Аяғанның көзі осы шындыққа анық жетті. Егер үшеуінің бірі салақ болса бөлме мұншалық мұнтаздай таза тұрмас еді. Аяғанның көзі пердесі жартылай жабылған шифонердің артындағы қуысқа түсті, қабырғаға әртүрлі журналдардан қиып алған суреттер жапсырылыпты. Көп суреттің ішінен Ермек, Олжас, Асанәлі үшеуін таныды. Соған қарағанда қыздардың біреуі өнерге жақын сияқты.

Аяған студенттік өмірін есіне түсірді. Әңгерідей үлкен бөлмеде сегіз адам тұрушы еді. Бөлме апталап, тіпті айлап жуылмайтын. Шеттерінен сері, данышпан ұл балалар тым салақ болатын, біріне бірі сілтеп жүре беретін-ді. Іштеріндегі ересек Әбілжан күнкілдеп сөйлеп, бөлменің қокысын шығарып, еденін жуып тұрушы еді. Әбілжаннан басқасының төсегі дұрыс жиналмайтын, Қуантай есімді жігіт кірлеген іш киімдерін илектеп-илектеп матрастың астына тастай салатын, бір-екі апта өткен соң әлгілерін жұмай киіп алатын. “Ауыл баласының аузы сасық” деген рас. Соғыс уақытында және одан кейін туып, там үйде, құрым киіздің үстінде аш-жалаңаш жүріп өскен ұрпақ үшін тазалық пен тәртіп ең негізгі мәселе емес-ті. Қазақстанның әр түкпірінде туып, Алматыға келіп табысқан бозбалалардың арасында мүлде айырмашылық жоқ еді. Айырмашылық – әкелі және әкесіз өскен, жаратушыларының кім екенін білмейтін балалардың арасында болатынын Аяған сол кезде сезген. Әкелерінің кім екенін білмейтін балалар жатқан жұмбақ еді, жұрттан жасырғаны ойда-жоқта ашылып қалатындай ешкімге қосылмай саяқ жүретін сол балалар басқаларға күдікпен қарайтын. Олардың осы бір ерекшелігі туралы Аяған сан рет ойланды, себебін таба алмады.

Шәугімін көтеріп, Хадиша қайтып оралды да, шәйнекке шай демдеді, көзді ашып-жұмғанша дастархан жасады. Қимылы соншалық ширақ, үй шаруасына әбден ысылғаны байқалып тұр. Аяғанның келгеніне қуанып жүрген тәрізді, ұрлана қарап, жымыып күліп қояды.

– Қыздарың қайда кеткен, Хадиша? Бізді көріп, тығылып қалған шығар, – деп күлді Асылхан.

– Сенің келетінін білсе Сәуле барлық жұмысын тастап, сыланып-сипанып тапжылмай отырар еді. Әттең, білмей қара басты ғой. Сенің осында отырғаныңды естісе Пугачеваның концертін тастап, шауып келер еді.

– Сен неге бармадың, Хадиша? – деп сұрады Аяған.

– Бұл қыз біздің келетінімізді сезген ғой, сірә.

– Жағдайым болмады, аға,– деп күрсінді қыз. Қабағы түнжырап, көзіне мұң ұялады. – Күні бойы орнымнан тұра алмай жаттым. Дәрігер шақырдым.

– Бекер араластын-ау, айналайын-ай. – Аяған кынжыла сөйлеп, кінәлі адамдай жанарымен жер шұқыды. – Бірер күн үйде жатып емделгенін, тексерілгенін дұрыс.

– Ертен дәрігерге барамын. Бюллетень беретін шығар. Шай алыңыздар.

– Біздің Хадишанын жұдырығынан кейін ол есенгіреп, ес жинай алмай қалды,– деп күлді Асылхан әзілге шаптырып. – Әйтпегенде омадай болған Геркулес маған әл бермес еді.

– Беті бет емес, тас екен. Қолым ауырып қалыпты,– деді Хадиша сықылықтай күліп, Аяғанның бетіне жалт қарады. Екеуінің көзі тоқайласты. Қыздың жаудыраған жанары өзіне асқан мейіріммен тесілген жігіт назарына шыдамай жалтарып қашты. Аяқ астынан пайда болған батылдығына қайран қалған Аяған екі беті ду ете түсті. Көз қиығын Асылханға тастаған, ол ештеңе аңғармаған сияқты.

– Мені Геркулестің шенгелінен құтқарып қалған Хадиша қарындасыма өмір бойы қарыздармын,– деді Аяған қызға тік қарап. Әдепкідей емес, бойы үйреніп қалыпты, бұл жолы қысылып, қызарған жоқ. Хадиша жымыып күлді, қазақтың қызына тән ибалылыққа бағып, жігітке назар салмады, бетінің ұшына сұйқылтау ғана қызыл жүгірді.

– Борбиған денесі болмаса өзі өлі сүйек неме екен,– деді Асылхан сүт қатқан қызылкүрен шайды рахаттана сораптап отырып. – Шындап кетсе біздің Хадишаның өзі-ақ ұрып жығады екен.

– Түрі жаман кәпірдің. Ой. қорқамын одан. Ой, ой!– деді қыз екі қолын кеудесіне жинап, бас шайқап, бүрісе түсті. Аяған оған тағы да қарады. Мына қылығына өзі де түсіне алмай, дал болып отыр. Неге қарай береді? Қыз сиқырлы күлкісімен көңілін арбап алған сияқты ма қалай?!

– Есбек деген жолдасым болушы еді,– деді Аяған студент кезіндегі бір жағдай есіне түсіп. – Үшінші курсты бітірген жылы бізді Енбекшіқазақ ауданына жұмысқа алып барды. Заң факультетінің студенттері жүзім жинап жүр екен. Оларға біз қосылдық. Біздің Есбек қарап жүрмей заң факультетінің бір қызын ұнатып қалыпты. Шаршы бойлы, жүдеулеу келген қараторы қыз еді. Өзі соншалық ұян, бір ауыз сөзді қиналып әрең айтатын. Тесіліп қарасаң қызарып кететін. Есбекпен сөйлесу қайда, оның қарасын көрсе қоянның көжегіндей бір уыс болып

бүрісіп, есі шығып кетуші еді бейшаранын. Содан не керек, біраз әуреге түсіп жүріп, көп болып көмектесіп, екеуін таныстырдык, табыстырдык. Екеуі оңашалана беретін әдет тапқан. Біз оларға кедергі жасамауға тырысатынбыз. Бір күні тас қаранғыда қыдырып жүрген екеуін бес-алты жігіт қоршап алыпты. Әлгілер сол маңайда тұратын түріктің жігіттері екен. Есбектің есі шығып кеткен.

– Қызыңды таста да кете бер,– дейді әлгілер.

– Ағатайлар-ау, үйленейін деп жүр едік,– дейді Есбек жалынып.

– Үйленуге үлгересің. Ал қазір қайқай, батыр! – деп біреуі Есекеңді майлы құйрықтан тебеді. Сол сәтте әлгі жалпасынан түсіпті. Көзді ашып-жұмғанша екіншісі шалкасынан құлапты. Тұра ұмтылған екі түрік жігітін адамның бетіне тура қарамайтын ұялшақ қыз бір-бір ұрып сұлатыпты. Қалғандары алды-артына қарамай тым-тырақай кашыпты.

– Жар-райсың аз-замат! – деп дауыстап жіберді Асылхан. – Ондайларға сол керек!

– Содан кейін-ақ Есбек пен қыздың арасы алшақтай бастады. Ақыры қыз басқа жігітке тұрмысқа шығып кетті.

– Қыздан қорқып қалған ғой бейшара,– деп кекете мырс күлді Асылхан. – Біздің Хадиша ондай жігітсымақты жанына жолатпайды.

Шай ішіліп болды, “мені айт” деп сұранып тұрған әңгіме де қалмаған сияқты. Қайту керектігін түсінгенмен негізгі сөзі айтылмай қалғандай Аяған жіпсіз байланып отыр. Ескіре бастаған таныс сезімнің арбауына түсіп, бөтен бір күй еркін билеп алған. Хадишаға көз тоқтатып қарағысы, жүрекке жайлы жылы-жылы сөздер айтқысы келетін тәрізді ме қалай?! Неге бұлай? Бұл ненің желігі? Түсіне алмай дал. Бұл, бәлкім, өзін Геркулестің шеңгелінен арашалап алған қызға деген алғысты көңілінің ілтипаты шығар. Әлде қазақтың қарғадай қызының ер адамның тәуекелі жете бермейтін ерлігіне, азаматтық болмысына деген ризалық көңілдің сүйіспеншілігі ме екен? Ойы оңға, санасы санға бөлініп отырған Аяған дәл қазір тойымсыз көңілді арбап алған желіктің себебін түсінетіндей қалде емес еді. Көзі анық жеткен ақиқат – күнде көріп жүрсе де көз тоқтатып, көңіл бөлмеген кішкентай ғана қызға ақыл көзімен қарап, дұрыстап танығандай болды.

– Ал, айналайын, біз қайтайық,– деді Аяған қыздың күлімдеген көзіне сәп салып қарап. Қулығы, өтірігі жоқ момақан көз оған соншалық таныс сияқты болып көрінді. “Апыр-ау.

бұрын қайдан көріп едім?” Ойланды, бірақ есіне түсіре алмады. Хадишаның қолын алып, еңкейіп ернін тигізген. Мұндайды күтпеген қыз шок қарығандай селк етіп, қолын тартып алды да, онысына өзі қысылғандай басын оңға бұрып, сықылықтап күліп жіберді.

Аяған сияқты Асылхан да қыздың қолын сүйді, бұл жолы Хадиша қолын тартып алған жоқ. Екінші қолымен еңкейіп тұрған жігіттің төбесінен сұқ саусағымен нұқып жіберді.

– Ойбай, төбемді оясын!..

Хадиша есіктен шығып бара жатқан Аяғанға жаутандай қарап, сықылықтай күлді. Екеуінің сыбырласып айтатын әңгімесін барын сезіп, Асылханды күтпестен шығар есікке беттеді. Соңында әлденесі ұмыт қалғандай әсерде елегізіп барады.

“Бетінен иманы тамған ибалы бала екен. Бағы жанып, оқуға түссе талай жігіт соңынан сүмендер еді-ау” деген ой келді Аяғанға.

Не жөнді білімі, не көз арбар көркі жоқ кейбір қыз жолы оңғарылып, оқуға түсіп кетеді, сонан кейінгі өмірі жәрменкедегідей думан, сайранға ұласады. Хадиша сияқты қыздардың жолын қырсық кесіп, түкке тұрмайтын мінәйі себептердің кесірінен бағы ашылмай сорлап жүретінін ойлап, Аяғанның көңілі құлазыды. Бет қаратпайтын адуын, қайсар болғанмен адамның да тауы шағылып, тауаны қайтады. Енді бір, екі талпыныстан кейін оқуға іліне алмаса Хадишаның шаршап, келер күндерінің қызығынан күдер үзері белгілі. Осы тіршілігіне үйренеді, құлазыған ашқарак көңілге басқа жұбаныш іздейді, сөйтіп жүріп бір жаманның қақпанына түсіп тынады.

Осылай ойлаған Аяғанның жүрегін балы тамған жас қамыстай солқылдаған жас қызға деген аяушылық сезімі шағып алды. “Әй, бақыттың көзі соқыр-ау. Кімнің мандайына қонуды білмейді” деп күбірледі төменгі қабатқа түсіп бара жатып. Қыздың қадыр-қасиетін білер есті адамға кездесе бағы жанып, дегеніне жетер, шілдесінде шырақ көрмеген тасмандайға тап болса мұз арқалап, күл төгер. Әй, бірақ адамның қадыры қашып, құны түскен мына заманда қыздың бағасын біліп, ардақтар азамат аз-ау.

6

Көңілі күдікке күпті болып келген Алмасты тарих факультетінің деканы Жакия Тайлақұлы жайрандай күліп, ағалық ілтипатпен орнынан тұрып қарсы алды. Сыртта кездескенде сұқ көрсетіп, сәлемін немқұрайды алатын кісінің тосын қылығына Алмас түсінбей, оған таңырқай қарады.

– Жоғары шық, Алмасжан,– деді Жакия, оны қолтықтап төрге шығарып. жанына өзі жайғасты,– Қал-жағдайларың қалай?

– Жаман емес,– деді Алмас деканның бұл ілтисатын түлкі қулыққа балап. “Мұныкі айла, мені алдап түсірмек” деп ойлап қойды.

– Дүр-р-р-ес екен,– деді декан екі көзін Алмастан алмай, дауысын барынша созды. Үні құран оқып отырған молданың мақамына ұқсайтын сияқты болып көрінді. Лекция оқып тұрғанда да осы мақам. Алмас көмейіне келіп қалған әзәзіл күлкіні өрен тежеді, Жакия сезіп қалмасын деп бетін терезеге бұрды.

– Өзінмен ақылдасатын шаруа бар еді. – Жакия көзін сығырайтып, ойланып отырған кісінің кейпіне еніп, Алмасқа сынап қарады. Деканның түпкі ойын жігіт болжады, берілмеске бекінгендей өжеттеніп, кірпік қақпай бақшиды. Көмейдегі көмескіні аңғарғыш көпті көрген Жакия жігіттің іштей ширғып. ұстаса кетуге дайын отырғанын сезіп, суық жымыды. Бит ішіне қан құярдай ебі бар ол Алмасты қақпанға қалай түсірудің жолын көп ойланып жатпастан тапты.

– Алмасжан, сені шақырған себебім – маған көмекші керек болып жүр,– деп жігіттің иығына қол салды. Алмас оған сенімсіздікпен таң қала қарағанмен жүзінен ештеңе аңғара алмады, шын айтып тұрған сияқты. Жігіттің мұрнының ұшы тершіп, көз шарасы үлкейе түсті. Жакия атқан оғының көздеген нүктеге дәл тигенін түсініп, суық жымып, орнынан тұрды. Аяндап өз орнына барып жайғасты. Жігіттің сабырын сарқу үшін үнсіздікті әдейі соза түсті. – Жатақханада тәртіп жоқ, арақ ішіп, қолға түсетін студенттер көбейіп барады. Төбелес көп. Оны өзің де білесің. Студенттер кенесінің жұмысы нашарлап кетті. Кенестің төрағасы босбелбеу біреу болып шықты. Өзі ішетін көрінеді, безобраз...

Алмас тершіген мандайын сүртіп, мұрнын бір сүйкей салды. Өзі ойлағандай емес, деканның мүлде басқа мәселеге байланысты шақырғанына көзі жеткен соң арқасы кеніп, еңсесін басқан зілмауыр жүк түскендей бойы жеңілдеп қалды. “Студенттерді ұйымдастырып, арыз жазыпсың. Жазғаның өтірік. Әкенді танытып, оқудан шығарып жіберемін” деп әкірендеп ұрсатын шығар деп қорқақтап келген. Оған айтар сөзін іштей жұптап, тұйықтан шығар жолын қарастырған. Енді міне, ешқашан ойламаған, солай болуы мүмкін-ау деп, дәмеленбеген ұсыныс естіп, сенер сенбесін білмей аңтарылып отыр.

– Ойлап-ойлап сенен лайықты адам таба алмадық,– деді декан. май басып жұмырланып кеткен жып-жылмағай иегін қасып. –

Сен біздің жақсы тізімде жүрген жігітсің. Оқуынды бітіргеннен кейін де бізге керек боласын.

– Рахмет!

Сен сияқты болашағы бар жігіттерді осы бастан додаға салып, баулып, қанатын қатайту парыз. Біз мәңгілік емеспіз. Солай емес пе, Алмасжан,— деп сөзін жігітке құптатып алды. — Осы бастан дұрыс бағыт бермесек, кім көрінгеннің ықпалында кетіп қаласындар ғой.

Алмастың көңіліне күдік шапты, есіне Аяғанға араша сұрап, Орталық партия ұйымына жазған арызы түсті. “Мына кісі соны меңзеп отыр ма” деген оймен Жақияның көн болып кеткен бетіне қанша үнілгенмен ештеңе аңғара алмады. Арыз туралы ештеңе білмейтін сияқты. “Білсе мәймөнкелеп отырмай турасын айтар еді ғой” деген ой келді жігітке. Күні ертең бәрін білетіндігіне сонан соң өзіне деген пейілінің тарылып, сары ізіне шөп салып, қудалайтындығына Алмас күмәнданған жоқ. Даудың алдын алып, болған жағдайды және соған өзінің қалай қарайтындығын жасырып-жаппай дәл осы арада айтып тастауға бекінгенмен тәуекелге батылы бармай күмілжіді.

– Ой, аға, сол жұмыс менің қолымнан келмейді,— деп жалтарып қашты. — Қоғамдық жұмысқа сұранып жүретін жігіттер көп қой.

“Аяқ астынан мынаған не көрінді” дегендей Жақия жігітке таң қала қарады. Көзі әдеттегідей сығырайып, суық ызғар шашады. Мына баланы құр қолмен алуға болмасын енді түсінгендей оның қайсарлығына сүйсінгені ме, жоқ әлде, ызаланғаны ма, әйтеуір жымыып күлді.

– Өзін біл, Алмасжан,— деді кабак шытып. — Біз ешкімді жұмысқа зорлап жекпейміз. — Жақияның түсі әп-сәтте өзгерді, алдында жатқан қарындашты алып столды тықылдатты. — Менікі саған деген жанашырлық. Менің сөзім қолайына жақпаса қинамаймын. Ал, жақсы, шырағым.

Алмас ағаттық жіберіп, басына қонғалы тұрған бақ құсын шошытып алғандай өзіне өзі ренжіді. Айтылған сөз — атылған оқ. Ағат айтылған сөзін қайтып алуға бірнеше рет оқталып, батылы бармай-ақ қойды. Аяғын ауыр алып, есікке беттеді.

– Алмасжан, осы сен құйрығыңда шаласы бар адамдардан алыс жүрші,— деп Жақия орнынан тұрып, аяндап Алмастың жанына келіп, қарсы қарап, талтайып тұрды. — Әлдекімнің шашбауын көтеремін деп жүріп күйіп кетпе. Байқа, шырағым.

– Оны нақақ күйдірдіңіздер ғой,— деді Алмас түсіңкіреп кеткен еңсесін көтеріп, өжет мінез танытты. — Ол өте білімді оқытушы.

– Таласым жоқ. Аяғанды мендей-ақ бағаласын жұрт. Оны балапан кезінде танып, қанатымның астына алғанмын.

– Қолыңыздан келіп тұрса неге қорғап қалмадыңыз?

– Біздің елімізде ешкіммен ақылдаспай-ақ кез келген адамның тағдырын шеше беретін мекемелер бар, – деді декан терең күрсініп. – Оның қандай мекеме екенін сен сұрама, мен айтпай-ақ қояйын. Ол мекемеден мемлекет басшылары да қорқады.

– Қуатовтың ешқандай кінәсі жоғын біле тұра сіз үндемей отырсыз, – деп Алмас деканның өзін кінәлауға кірісті.

– Үндей алмаймын. Себебі – мен онымен тәуліктің жиырма төрт сағатында бірге жүрмеймін. Аяғанның немен айналысатынын, кімдермен араласатынын, не айтатынын білмеймін.

– Білмесеніз мен айтайын. Ол нағыз азамат!

– Мен КГБ-ға сенемін, шырағым, – деп езу тартты Жакия. – Ол сол мекеменің есебінде тұрады. Аяғанның соңына түсіп жүрген мен емес, түсіндің бе? Ал жақсы, Алмасжан, бұл екеуіміз бас ауыртатын мәселе емес. Менің ұсынысым туралы ойланып көр. Саған есігім ашық.

Алмас деканның бөлмесінен есеңгіреп шықты. Оның Аяған туралы айтқан сөздеріне сенер-сенбесін білмей ойы онға, санасы санға бөлініп, жатақханаға қарай аяңдады.

7

Көктөбенің етегі мен Татар слабодкасын салыстыруға мүлде болмайды екен, екеуінің арасы аса қашық болмағанмен ауа райында біраз айырмашылық бар сияқты. Тау етегі болғандықтан ба, бұл өңірдің таны салқын. Әсемнің соңғы уақытта аңғарғаны – Абай көшесінің төменгі бөлігі мен жоғарғы жағында да өзгешелік бар екен. Көшенің үстінгі бөлігінде қар жатса, төменгі жағында сіркіреп жаңбыр жауып тұрады. Ал Татар слабодкасы дейтін ауданда бұл уақытта тамшы тамбайды. Алатаудың баурайына нөсерлеп құйған жаңбыр тау бөктерлеп кетеді.

Кішкентай кезінен жүрегі ауыратын Әсемге таза, тыныш болғанмен жаңа тұрақтары жақпады. Судың жағасы болған соң ба, жоқ әлде, үй дымқыл ма, екі күннің бірінде ауа жетпей алқынып, демі қысылатын дерт жабысты. Оның үстіне биылғы күз жаңбырлы болып тұр. Құдайдың қуығы жарылып кеткен бе, екі күннің бірінде нөсер. Аспан тазарып, жылт етіп күн шықса ауа қызып буланып, қас қарайысымен салқын түседі. Ауа райының теріс әсеріне отбасына түскен ауыртпалық қосымша болып, бейшараның басын қайғы қаңғыртты. Ұйқысы бұзылып, күйгелек, ашуланшақ болып алды, сәл бір қолайсыз шаруаға

шыбын жаны шырқырап, егіліп жылап қоя беретін әдет тапты. Осынын барлығы жиналып келіп дімкәс жүрекке салмақ салды, білем, соңғы күндері қарға адым жер жүрсе демігіп, ауа жетпей тұншығатын ауруға ұшырады.

Екі баласын таң атпай Татар слабодкасындағы бакшаға алып бару ауру адамға онай болып па?! Құлқын сәриде көзін тырнап ашып, бір баласын көтеріп, екіншісін жетелеп, ит арқасы қияндағы бакшаға қарай дедектейді. Бакшаға жеткенше шаруасы тынады, әр жерге бір тоқтап, күш жинап алып, ібілжіп ілгері жылжиды. Балаларын бакшаға жеткізіп салғаннан кейін аяндап почтаға келеді. Аяғанның Мәскеуге, Брежневтің атына жөнелткен арызынан жауап күткелі қашан. Аяған күн сайын босағадан аттай бере “хат-хабар бар ма?” деп сұрайды. Күйеуінің көңілі үшін күніне екі уақ – таңертең және кешкілік почтаға соғады.

Ол бүгін де қатты қиналды, екі баласын жетектеп аялдамаға жеткенше сан рет тоқтады, өте ауыр жүк көтеріп келе жатқандай демігіп, денесін суық тер басты, көзі қарауытып, басы айналды. Аялдама алыстап кеткен тәрізді, жеткізбей дінкесін құртты. Орта жолда кідіріп, қазандай тастың үстінде терін сүртіп, ұзақ отырды.

“Мына түріммен Татаркаға жете алмаспын-ау. Үйге қайтайын” деп түйген. Есіне сап етіп Мәскеуден келетін хат түсті де, жеңіл қозғалып, орнынан тұрды. Осы сәт басы айналсын. Бір аттаса құлап түсетін тәрізді. Оның қиналып тұрғанын жанынан өтіп бара жатқан орыс жігіті байқап:

– Сізге не болды? – деп қолтығынан сүйеді.

– Рахмет! Ештеңе болған жоқ, – деп қинала езу тартты келіншек. Қайтадан тасқа отырды. Жігіт Әсемнің қарысып қалған саусақтарын укалап жатып әрең жазды. Сонан соң Бибіні көтеріп, аялдамаға жеткізіп салды.

Әсем екі баласын бакшаға тапсырғаннан кейін ілби басып почтаға келген. Ішке кіріп баруға батылы жетпей есік алдындағы орындыққа жайғасты. Күніне екі рет келеді, почташы қыздар да ығыр болған сыңайлы. Әсемнің қарасын көрген сәтте қабақтары түйіліп, қауырт жұмыстары көбейіп, қолдары босамай қалады. Әсем мұндайда мандайын есік жақтауына ұрып алғандай кілт тоқтайды.

– Сізге ештеңе жоқ, – дейді қыздардың бірі.

Жүрегі сыздап ауырып, есіктің жақтауына сүйеніп, сыртқа шығады.

Бүгін бірден кіріп бармай есік алдында бөгеліп қалған себебі – қыздардың “жоқ” деген сөзін естігенде құлап қаламын ба деп

қауіптенді. Есік алдында өткен-кеткенге көз түрткі болып отыра берген де онай емес екен. Ішке кіргендер де, сыртқа шыққандар да карамай өтпейді.

Ішке кірерде алдында “Аяғанымның жолын онғара гөр” деп құдайына жалбарынды. Жасқана тұрып имене басып, ішке кірген. Бұл жолы тақ ете қалатын қыз оны байқамады ма, үндемеді. Келіншек кішкене ғана көзі бар терезенің алдына келіп үн-түнсіз тұрды. Жүрегі дүрс-дүрс етеді. Қолы қалтырап, Аяғанның паспортын қызға ұсынды. Почташы қыз паспортқа мүлде караған жоқ, келіншектің қолына жоғары жағына қызыл әріптермен “КПСС” деп жазылған аппак конвертті ұстата салды.

– Мына жерге қол қойыңыз,– деді, сонан соң Әсемнің алдына дәптерін ашып қойып.

Өмірінде дәл бұлай толқымас, қолы дірілдеп, қалам ұстай алсашы. Әрең дегенде дәптердің бетіне шимайлап белгі салған болды. Конвертті кеудесіне басып, асығыс сыртқа шықты. Қуаныштың әсерінен дімкәс жүректің дүрсілі күшейе түскен. Жаңа ғана қарға адым жер жүру мұң болып, демігіп, көзі қарауытып, құлап қала жаздап еді, мол қуат біткендей жүгіре басып аялдамаға жетті. Мәскеуден, Орталық партия комитетінен келгені шын ба дегендей аппак конвертке қайта-қайта қарайды. “Шын, шын” дейді жүрегі алып ұшып. “Шын!” деді. Бір ауыз сөзге тілінің икемі әрең келді. Кенет тіліне кермек дәм білінді. Енді түсінді, егіліп жылап тұр екен. Көзінен аққан ағыл-тегіл жас бетін айғыздап, омырауына құйылып жатыр.

Қуанғаны соншалық, Әсем бір орнында байыз тауып тұра алмай тыпырлады, автобус жуық арада келе қоймаған соң келесі аялдамаға қарай жаяу жүре бермек болған. Екі-үш адым аттады ма, жоқ па, көзі қарауытып, екі аяғынан жан кетіп қалған тәрізденді, құлағы шынылдап тұрды да тарс бітіп қалды. “Құлаймын-ау” деп ойлады, сұрапыл үрей дімкәс жүректі аямай қыршып алды. Екі тізесінің бүгіліп бара жатқанын сезді, айқайламақ болған, бірақ әл-дәрмені жетпеді, теңселіп тұрып құлап түсті.

8

Үлкен ұлын жолшыбай мектебіне қалдырып, қаланың шетіндегі жұмыс орнына кешігіп жеткен Аяғанның көңілінде еш күдік жоқ еді. Киімін ауыстырып, жұмысқа кіріскен. Істейтін жұмысы – есік-терезе сырлайды, үйдің төбесін, қабырғаларын әктейді. Жаңа кәсібіне төселе қоймағандықтан оны құрылысшы қыздар күлкіге айналдырып, ортаға алып мазақтайды.

– Сіз жұмысты қойып, бізге шай қайнатып, тамақ жасап беріңіз, аға.

– Қандай тамақ жасай аласыз?

– Шай қайната аламын, ет асамын,— деп Аяған шынын айтты.

– Өлө, ет асамын дейді!.. Нан илей аласыз ба?

– Дүкеннен дайын кеспе сатып аламын,— деді жігіт сөзінен жанылмай.

– Өй, мына ағай бәрін біледі ей, өлө!..

– Шіркін-ай, тамақ жасап, кір жуып, үй тазалайтын жігітке тисем ғой,— деп қыздардың бірі сылқ-сылқ күлді.

– Еркектер қолы жеткенше алдында құрдай жорғалайды. — Қыздардың ішіндегі кекселеу келген, әрдайым күңкілдеп сөйлеп, әлдекімдерді жазғырып жүретін катқан кара келіншек күліп тұрған Аяғанға жақтырмай қарады. — Қолы жеткеннен кейін онбағандар тәубасын ұмытады. Өтірік күледі, өтірік сөйлейді. Мүләйімсіп тұрып уәдені береді, береді... Артынан танып кетеді.

– Мен ешқашан уәдемнен танған емеспін, — деді Аяған бояуға былғанған қолымен мұрнын ұстап. Қыздар ду күлді. — Үйленбей тұрғанда берген уәдемді орындап жүрмін.

– Қандай уәде беріп едіңіз, ағай?

– Кеудемнен шыбын жаным шыққанша сүйіп өтемін дегенмін. Бұл бір. Аузыннан шыққанды қалт еткізбей орындаймын дегенмін. Бұл екі. Сонан сон... — Берген уәдесін ұмытып қалғандай қасақана аспанға қарап, ойланған болды. Ұзақ үнсіздікке шыдамаған қыздар жан-жақтан жамырай бастады. Аяған жымыяп күліп, дұрыс айтасыңдар дегендей бас шұлғып тұр.

– Балаларды бакшаға апарып, алып келемін деген шығарсыз.

– Дегенмін...

– Үй тазалаймын, кір жуамын, базарға барамын дегенсіз.

– Дегенмін...

– Сонда сенің қатының немен айналысады?— деп кара келіншек төбеден түскендей дүңк ете қалды.

– Дем алады,— деп Аяған келіншекке күле қарады. — Кітап оқиды, театрға барады, қыдырады. Дүниені аралап, саяхат жасайды. Курортқа барады.

– Білеміз ондай қатындарды,— деді кара келіншек түсі бұзылып. Қолындағы щеткасын қызыл қоңыр бояу құйылған шелекке былш еткізіп тастай салды да, отыра қалып, темекі тұтатты. — Бұлған-бұлған етіп күні бойы көшеде жүреді. Ақша көп, қол бос... Сөйтіп жүріп ол немелер ойнас жасайды. Балашағаның екі көзі төрт болып, әлгі жәләптің жолын тосады. Ал

ол жәләптар бұл кезде шарапка сылкия тойып алып, үстінде лыпасы жоқ, ес-түсін білмей жатады.

– Ой, сіз не деп кеттіңіз?! Өлә!.. Білмейтін адамыңызды неге қаралайсыз?– деп қыздардың бірі шырылдап араға түсті. Оны қостап басқалары да шуылдай бастады. Қара келіншек бұғалығын ала қашқан асаудай аласұрып, ешкімге ерік бермей кетті.

– Біреудің қаңсығын екінші біреу тансық көреді, әдірем қалғыр,– деп шаптықты қара келіншек. – Көзі қарайған еркектер сондай салдақылардың сонында жүреді сүмендеп. “Көзі қарайған там сүзеді” деуші еді анам.

Аяған мына келіншекке не дерін білмей абдырады. Күлкі болсын деп айтқан сөздерін үп-үлкен адамның түсінбегеніне қайран. Өмірде жолы болмаған, тұрмыс құра алмаған көріксіз әйелдердің мінезін бір кісідей білемін дейтін Аяған олар отырған ортада абайлап сөйлеп, қалжыңды ретімен, жөнімен айтушы еді. Соның өзінде ол шіркіндер жоқ жерден ілік іздеп, ілінісіп отыратын. Оларға мақтасаң да, үндемей отырсаң да жақпайсын. Адресіне жылы сөз айтсаң “сен мені кекетіп отырсын” деп шатақ шығаратын әйелдің талайын көрген.

Аяған темекісін үсті-үстіне сорып, көк түтінді құныға жұтып, қабағы тыржиып отырған келіншекке ұрлана көз тастады. Енді таныды, мынау сондай әйелдердің бірі тәрізді. Қолы қалтырап отыр, көзі қызарып кеткен. “Мынаның дені сау емес шығар” деп ойлады жігіт.

Өшейінде әділдікті жақтап, ешкімге сөз бермей шуылдап шыға келетін қыздар үнсіз, қара келіншек ештене айтпағандай араларында әзіл-қалжың болмағандай әрқайсысы жұмысқа қызу кіріскен. Бұл жерде қалса әнгіменің осымен тәмәмдалмасын біліп, Аяған есік алдына шықты.

– Не қызық көрдіңіздер?– деп сұрады есік алдында жүрген Асылхан жанына келген Аяғанға күле қарап. – Қыздарды күлкіге қарық қылдыңыз-ау, аға.

– Оларға әзіл, күлкі керек,– деп жымыды Аяған.

– Күлмесе қыз бола ма. Қазақтың қызының бетіне қарасаң күледі. – Балтасын құмға шаншып, Аяғанның жанына жайғасты. – Үйлеріңіз салқын емес пе?

– Көмір түсіре алмадым,– деді Аяған шаруаға қырсыздығына қысылғандай жүзі қызарып. – Әсем ауырыңқырап жүр. Жүрсегі бұрыннан ауырушы еді.

Жүзін көленке шалып, мұңайып қалды. Екеуі біразға дейін ләм деспей үнсіз отырды. Әншейінде жоқтан өзгеге күліп, мәзмейрам болып жүретін қыздар да тым-тырыс тынған. Аракідік

жоғарғы қабаттан құрылысшы жігіттердің әлдекімді іздеген айкайы естіледі.

– Мәскеуден хабар жоқ. Мұндағылар да үнсіз. Аяған Қуатов деген азаматтың болғанын біржола ұмытып кеткен сияқты,— деп қинала сөйледі жігіт. — Не істерімді білмей басым қатты.

– “Иттің иесі болса, бөрінің тәнірісі бар”, аға. Сізді нақак күйдіріп қойып, үкімет қарап отырмас,— деп жұбатты Асылхан.

– Мен сияқтылардың тағдыры жеке адамдардың қолында, Асылхан,— деп күрсінді Аяған. “Басына түскен істің дұрыс шешілетіндігіне сенімі қалмағанына қарағанда соныңда жүрген жауы аса күшті-ау, сірә” деп ойлады жігіт.

– Адамның барлығы қарау, қатыгез емес шығар, аға. Арызыңыз иманы бар кісінің қолына түссе, дұрыс шешілер.

– Бұл заманда біреу үшін біреу бас ауыртып жата ма?! Бастық орынбасарына, ол қызметкеріне, қызметкер тағы біреуге тапсырады. Сонымен жазған арызың бірден бірге көшіп жүріп ең ақыр аяғында өзің кінәлаған кісінің қолына түседі,— деп Аяған күйініштен мырс-мырс күлді. — Бізде мәселенің бәрі қағаз жүзінде дұрыс шешіледі. Қағаз дұрыс жазылса адам қырылып жатса да ешкімнің басы ауырмайды.

Аяғанның айтар сөзі көп еді, көңілдегі көп ойдың көмейі енді ашылғанда әне-міне бітеді деп жүрген бес қабатты үйдің іргесіне көк волга келіп тоқтады. Аяған мен Асылхан машинадан түскен екі жігітке бәлендей мән берген жоқ. Біткелі тұрған үйден пәтер алатындар түсте, кешке қаптап кетеді. Қыздардың жұмысына көңілдері толмай бұркылдап сөйлеп, ренжіп кететіндері де аз емес.

Жұмбақ жүрісті екі жігіт жақындап келіп сәлем берді. Өздері соншалық сыпайы, екеуі де жас, жақсы киінген, сымбатты.

– Төрге шығыңыздар,— деді Асылхан орнын босатып.

– Шықтық, рахмет!

– Пәтер көруге келдіңіздер ғой шамасы.

– Біз жолдасымызды іздеп жүр едік.

– Мен емеспін бе? — деп күлді Асылхан. — Бәлкім мына кісі шығар.

Аяғанға екеуі де назар тоқтатып, бажайлай қарады. Екеуінің көзінде де адам түсіне бермейтін жұмбақ сыр бар секілденді Аяғанға. “Осылар Геркулес пен Арабты іздеп келген жоқ па екен?” деген қорқынышты ой оның көңіліне үрей қамады. Ол сақтық жасап, орнынан тұрып кетті. Жүрегі жақындап қалған қауіптен хабар бергендей лүпілдеп келіп алқымына тығылды. Аяған әр қимылын қағыс жібермей бағып тұрған бейтаныс екеуге үрейлене жалт қарады.

– Біз Аяған Қуатов деген жолдасымызды іздеп келдік,— деді келбеті келісті, ұзын бойлы орыс жігіті. Аяғанның танауы қусырылып, түсі кашып кетті. Миын ашытып, жүрегін аяусыз талап жүрген қорқау қорқыныш ақиқатқа айналды. Мына екеуін Геркулес пен Арабтың жіберген адамдары деп ойламаған әдепкіде. Жок, бұлар олардың сыбайластарына мүлде ұқсамайды. Аяғанның санасына сәуле түскендей болды, Жакия мен оның сыбайластары, бұл білместікпен намысына тиіп, балалық шалалықпен жағасына жармасқан үстем топ қарап жатпайды екен, олар кешіре алмайтындығын, қарсыласқанды жерге қазық етіп қакқанша тыным таппайтындығын дәлелдейді.

– Мен Аяған Қуатов,— деді жігіт қорқып тұрғанын жасырғысы келгендей езу тартып. Орыс жігіті қалтасынан қып-қызыл күәлігін алып көрсетті де, қайтып салып қойды.

– Сіз бізбен бірге жүресіз.

Аяған түсінді, себебін сұрап, бас ауыртқысы келмеді. Суық жымыып, аң-таң қалып тұрған Асылханға бұрылды. Өні бозарып, танауы қусырылып кетіпті.

– Киімімді ауыстырып келейің,— деп, Аяған таяқ тастам жердегі вагонға қарай жүрді, оған бүркіт тұмсық жігіт ілесе жүрді.

– Жұмыс ауыр ма? Табыс та көп шығар,— деп сұрады Аяғанды көзімен ұзатып салған орыс жігіті.

– Қыздарды киноға алып баруға жетеді. — Асылхан қолын қалтасына салып, өзінен әлдеқайда ұзын жігітке қарап, екі бүйірін таянып, талтайып тұрды. — Аяғанды қайда алып барасыздар?

Жігіт жауап берудің орнына оны мазақтағандай сыңарезулей күлді. Асылхан өзін менсінбей тұрған жігіттің китығына тию үшін әдейі қисық сөйледі.

– Сержант, жұмысынның қандай екенін көрдім. Ақшаны көп төлейтін шығар.

– Қыздарға балмұздақ алып беруге жетеді.

– О-һ-һ-о!— деп Асылхан ыскырып жіберді. — Білдік. Қарап жүрмей мемлекетті теспей сорып жатқан сендер екенсіңдер ғой.

– Балақай, біреуден үйренген сөзінді шаша берме,— деді жігіт қабак шытып. “Әдепсіз” жігітпен сөйлескісі келмегендей теріс айналды.

– Білемін, сендердің денсаулықтарына шындық жақпайды.

– Шындық деген немене? — деп ол Асылханға жалт қарады. Жаңа ғана күлімдеп тұрған көзі шатынап, суық ызғар шашады.

– Жаның аман болсын, үлкейгенде білерсің шындықтың не

екенін. Қазірше ақылың жетпейтін мәселеге бола басынды ауыртпа, балакай.

Ол мазақтағандай миығынан күлді. Асылхан жауап қайтарамын дегенше, Аяған мен бүркіт тұмсық жігіт қайтып оралды.

— Асылхан, мынау үйдің кілті еді,— деді Аяған. Жаңа ғана мығым тұрған сияқты еді, демнің арасында жасып, жүні жығылып қалыпты. — Әсемнің денсаулығы болмай жүр дедім ғой. Қолың тигенде көмектесіп, қолқабыс жасап тұршы.

— Ой, аға, сіз айдалып бара жатқан адамның сөзін айтасыз-ау,— деп Асылхан қарқылдап күлді.

— Әсем мазасызданбасын,— деді Аяған мұнайып. Көңілі босап, иегі кемсеңдеді. — Балаларға көз қырыңды сала жүр, бауырым. Елжас он екінші мектепте оқиды. Үйді тауып бара алмаушы еді.

Күні батуға таянғандай таусылып сөйлеп тұрған Аяғанды қалай жұбатарын білмей Асылхан әжептәуір абыржыды. Әзілге шаптырып, күлкіге бұрайын десе Аяғанның ренжіп қаларын іші сезеді. Дардай жігіт болар-болмасқа босап, жыларман қалге түсер деп ойласашы тегі. Басына қиын іс түсіп, қуғын көріп, мықтылармен жағаласып жүрген жігітті өмірдің ыстық-суығына шыныққан деп ойлайтын, мүлде олай емес екен. Аяғанның көзі бал-бұлдап жылайын деп тұрған секілді. Өзінен қабылдау емтиханын алған жігітке мүлде ұқсамайды, ол ешкімнің алдында бас иемейтін, басына қандай қиындық туса да жабырқап, жасымайтын бірбеткей, рухы күшті жігіт болып көрінген. Енді міне, қолынан ештеңе келмейтін, күні басқаға қарап қалған мүсәпір. Асылхан оны аяп кетті.

— Сіздер Аяған ағаны қанша сағат ұстайсыздар?

— Қанша сағат ұстайтынымыз Қуатов жолдастың өзіне байланысты,— деді күс тұмсық жігіт.

— Әсем мазасызданбасын,— деді Аяған кетіп бара жатып. Асылхан түкке түсінбей аң-таң болып, мелшиіп тұрып қалды.

Сыртынан ғана көріп жүрегін Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің үйіне бірінші рет кірген Аяғанның санасын қорқыныш жаулап алды. Жұмбағы көп үйдің табалдырығынан аттаған сәтте тізесі дірілдеп, құлағы шынылдады, үрейдің сокқысы қаттырақ тиді ме, шеке тамырлары білеуленіп шыға келді. Бұл үйден енді ешқашан шыға алмайтындай көңілін өксік құлдады.

Ішке кірген соң ұзын бойлы орыс жігіті оңға бұрылып кетті де, оны бүркіт тұмсық жігіт екінші қабатқа бастап алып шықты.

Тым-тырыс, қарсы кездескен пенде жоқ. Адым аттаған сайын Аяғанның жүрегі лүпілдеп, өне-міне дегенше гүмп етіп қайтып шыға алмас тұңғиыққа түсіп кететіндей үрейленеді. Алда не күтіп тұрғаны бір құдайға аян. Бұл үйден жақсылықпен құтылмасын біледі. Қолдарынан өлген адамды тірілтуден басқанын бәрі келетіндер аямасқа бекінген екен, енді міне, мұны тірі пенде шыға алмас зынданға алып келе жатыр. Мемлекеттік қауіпсіздік комитеті айналысатындай не бүлдірді? “Пара алдың” деген желеумен милиция біраз өуреледі. “Аққа құдай жақ” демекші, адалдығының арқасында құтылып шықты. Сары ізіне шөп салып, қыр соңына шырақ алып түскен жаулары қолының ұзын екенін көрсетіп, Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінен бір-ақ шығарды. Алдияр Ақпанұлын шаршатқан да осы мекеме болатын. Бірімен бірі жең ұшынан жалғасып жатқан қарға тамырлы қазақ атса оқ, шапса қылыш болатын құдайдың құлын бұл мекемеден де тапқан. Басқа жағынан ілік таба алмаған соң саяси айып тағып, қайтып тұрмастай етіп ұрып құлатпақ болған тәрізді. Бұлардың талай сый әзірлеп отырғанына Аяғанның күмәні қалмады.

Ұзын коридормен жүріп келе жатып ол сан түрлі ойға кетті. Санасын үрей билеп, көңілі қобалжығанмен үкіметке, партияға қарсы ештеңе жасамаған, өзінің ақтығына имандай сенген жігіт ақыр түбі Ұлы Шындықтың жеңетіндігіне сенуге тырысты.

Оны түкпірдегі бөлменің алдына алып келді де, бүркіт тұмсық жігіт ішке кіріп кетті. Көп ұзамай қайтып шығып, есікті кен ашып:

– Кіріңіз,— деп өзі кетіп қалды.

Имене басып ішке кірген Аяған төрде отырған кісіге жасқана қарады. Жасы қырықтан енді асқан, дембелше келген, шашын қысқалап қырықтырып, тік қайырған сары жігіт жылы қарсы алды.

Жоғары шығыңыз! Мазанызды алғанымызға кешірім өтінеміз,— деп жылы жымиды. Өңі жылы екен, Аяған көңіліне осыны медет тұтты. Санасын жаулап алған қорқыныштың іргесі сетінеген секілді. Бөлме иесі нұсқаған орындыққа отырғаннан кейін төңірегіне көз жүгіртті. Шағын бөлмеде төрт орындық, терезенің түбінде бір тумбалы стол, бұрышта сейф тұр. Аяғанның көзі оң жақ қабырғада ілулі тұрған Держинскийдің портретіне түсті. Қанша көріп жүрсе де аңғармапты, мына кісінің жүзі соншалық суық, тіпті аса зәрлі екең, Томпайып шығып тұрған екі көзі оның қатыгездігін танытқандай.

– Феликс Эдмундовичті әр суретші өзінше көреді. Суретші болсаңыз сіз басқаша салар едіңіз. Солай емес пе?

Капелімде не дерін білмей сасып қалды. Жігіттен көз алмай қадалып отырған бөлме иесі мұны бірден аңғарды.

– Феликс Эдмундовичті екiнiң бiрi ұната бермейдi. Әсiресе мұнда iстi болып келгендер,— деп күлдi ол. Аяған онан сайын абыржыды. “Мынау адамның iшiндегiсiн бiлетiн пәле ғой” деп ойлап, сары жiгiтке тiксiне қаралды.

– Жаксы,— дедi сары жiгiт алдында жатқан папқасын ашып. – Сiз Аяған Қуатовсыз. Жасыңыз отыз үште. Дұрыс айттым ба?

– Иә.

– Қазақ ССР тарихынан лекция оқисыз. Дұрыс па?

– Иә.

– Оқу бiтiргенiңiзге он жыл болыпты. 1972 жылдан берi институтта iстейсiз. Дұрыс па?

– Иә.

– Он жылдан берi алдыңыздан канша студент өттi?

– Санаған жоқпын.

– Лекцияңызда тақырыптан шығып кететiн кездерiңiз жиi болып тұра ма?

Мынаның қайда апарып арандатқалы отырғанын iштей сезген Аяған оның сұрағына бiрден жауап бермей жымыып күлдi. Сары жiгiт кiрпiк қакпай қадалып отыр.

“Қашқанмен құтылмайсын. Қакпайлап қакпаныма түсiремiн” дегендей сенiм бар түрiнде.

– Мұнда солай деп жазылыпты.

– Қалай деп?

– Тақырыптан шығып кетедi, патриоттық әнгiмелер айтады деп.

– Мысалы...

– Мысалы, Ермак туралы...

– Иә, Ермак туралы айтқанмын,— деп күмiлжидi Аяған. Өрттiң қайдан шығарын ендi бiлдi. “Әнгiме студенттерден шыққан болды” деп ойлады.

– Қалай ойлайсыз, Ермактың жорығы прогрестiк роль атқарды ма, жоқ әлде... – Комитет қызметкерi сөзiнiң аяғын үзiп, Аяғанның қалт еткен кимылын, жүзiндегi нышанды андыды. – Тарихшының көзiмен қарағанда, Ермактың Сiбiрдi бағындыруының прогрестiк ролi бар ма?

Ермактың атын естiсе делебесi қозып, өзiн-өзi ұстай алмай кететiн Аяған бар шынын актaрып айта салғысы келiп оқталды, бiрақ бiржола сейiлiп болмаған қорқыныш жолын кестi. Айтылған сөз – атылған оқ. Ермак туралы пiкiрiн жасырған емес. Бұл жолғы қылығына өзi де түсiне алмай отыр.

“Осы мен неден қорқамын? Осыған дейін сан рет айтқан пікірімнен қайта алмаймын ғой” деп өзін-өзі камшылады. Аяқ астынан ояңған өжет сезім “өзекті жанға бір өлім, қорықпа. айт” деп намысын түртпектеді.

— Менің білетін Ермағым — басқыншы,— деді Аяған батылданып. Дауысында діріл жоқ, жігерлі, бағыл. “А-а-а, солай ма еді?” дегендей комитет қызметкері қасын керіп, таң қала қарады. — Ол қазақтарды аяусыз қырған. Бұл тарихи шындық. Сонан соң Ермак қаласының аты дұрыс қойылмаған. Қалаға кіреберісте Ермактың қылыш ұстаған үлкен ескерткіші тұр. Ленинге де дәл сондай үлкен ескерткіш орнатылған жоқ қой. Біздің социалистік қоғамға Ермак мырзаның қандай еңбегі сінді? Құдайшылығын өзіңіз айтыңызшы. Ескерткіштің тұғырында “Ермаку Тимофеевичу — покорителю Сибири от благородных потомков первоцелинников” деген жазу бар. Сонда тын игерушілер де Қазақстанға Ермак сияқты мақсатпен келген бе?

Комитет қызметкері жылы шырай танытып, бас шұлғып қояды. Қолдап, қуаттап отырған сияқты. Қызуланып сөйлеген Аяған өзінің тым артық кетіп қалғанын сезіп, тілін тістей қойды.

— Айта беріңіз, тоқтамаңыз. Әңгіменіз енді қызып келеді.

— Басқа айтарым жоқ,— деп күңкілдеді жігіт. — Мұның сізге не қажеті бар?

— Ермак туралы пікіріңізді білгім келеді,— деді сары жігіт шалқайыңқырап отырып. — Біреулер Ермакты батыр деп мактайды.

Аяған оның түпкі ойын танып, жетегіне жүргісі келмей, естімеген кісідей қырын қарап, үнсіз тынды.

— Орыс жазушылары ол туралы кітап та жазды ғой деймін. Оқыған жоқсыз ба?

— Мені мұнда Ермак туралы лекция оқуға шақырдыңыздар ма?

— Ондай ниетіңіз болса біз дайынбыз.

— Сіз мысық, мен тышқан емеспін ғой, жолдас,— деді Аяған шамданып. Аяқ астынан батылданып, сары жігітке тік қарап, тік сөйлегеніне өзі де қайран қалды.

— Рас айтасыз. Әңгіменің турасы жақсы,— деді комитет қызметкері. Папкасынан бір парак қағаз алып, Аяғанға көрсетті. — Үстіңізден арыз бар. Бір топ адам қол қойған.

— Шет елге қашқалы жүр дей ме?

— Шет елге қашқысы келетіндердің жолы ашық,— деді комитет қызметкері жымыып күліп. — Ондай ойыңыз болса бетіңізден жарылқасын.

Мынаның әбден төселген, тісқакқан адам екенін Аяған

түсінді. Анау жолғы тергеуші тәрізді болар болмаска дауыс көтеріп, шыжбалақтамады. Әр сөзге жауабы дайын. Қарсы алдындағы адамның не айтарын алдын ала біліп отыратын сияқты. Абайлап, анысын аңдып сөйлемесе мынаның шокка отырғызып кетерін ол білді.

– Сізге тағылған үлкен айып – Ауғанстан мәселесі,– деді ол тор көз дәптерге жазылған жазуға үніліп. Әр сөйлемнің астын көк және қызыл қарындашпен сызып қойыпты. Соған қарағанда екі түрлі айып тағылған сыңайлы. “Қызылы ауырлауы, көгі жеңілдеуі шығар” деп түйді Аяған.

– Ауғанстанға менің қандай қатысым бар?

– Соны айтамын-ау. Бәсе, Ауғанстанда неніз бар сіздің? Онда соғыс жүріп жатыр. Ауған соғысына қатысқан жоқсыз, ондағы жағдайды мүлде білмейсіз. Соған қарамастан әртүрлі пікір айтады деп жазылыпты мұнда.

– Ауған соғысында жалғыз інім қайтыс болған,– деді Аяған мұнайып.

– А-а-а, солай екен ғой. Түсіндім,– деп жігіт қағазына өлдене деп жазып жатып.

Аяған басын төмен салып, ойланып қалды. Сенімді дейтін бір топ студенттің ортасында тұрып Ауғанстанда азамат соғысының жүріп жатқанын, біздің мемлекеттің жөнсіз киліккенін, үкімет басшыларының білместігінен толып жатқан жас жігіттердің қырылып қалғанын айтқаны есінде. “Жоқ, айтқан емеспін” деп бетпақтыққа салуға ар-ұяты жібермеді. Өз шындығын дәлелдеп, айтыса кеткенмен ештеңе өнбесін, керісінше, басына бәле тілеп аларын түсініп, тілін тістеп отыр.

Сары жігіт тартпасынан үш-төрт бет қағаз алып, Аяғанның алдына тастады. Әр бетке жеке-жеке басылған текстің бас жағындағы “азаматтар” деген сөзді оқып, селк ете түсті. Дәл осындай бір жапырақ қағазды осыдан екі-үш ай бұрын көргені бар. Ұмытпаса, біреуін қалтасына салып, үйіне апарып оқыған. Аяғанның ұғымынша, Кеңес мемлекетінің кемшілігін, үкімет басшылары жіберген қателіктер мен олар туралы анекдоттарды ауызша айтуға болғанмен қағазға түсіру және халыққа тарату мүлде ақылға сыймайтын іс еді. Алдында жатқан қағазды оқуға жүрегі дауаламады. Көзі бір бет қағаздың орта тұсындағы асты қызыл қарындашпен сызылған сөйлемге түсті.

“Ауғанстанға әскер апару – Кеңес үкіметін басқарып отырған адамдардың қателігі. Бұл – қылмыс. Ауғанстан халқының кінәсі жоқ. Оларға бостандық беру керек. Ауғанстандағы әскерді қайтаруды талап етеміз”.

Аяған өзін батыл адаммын деп есептейтін. Бірақ мынандай мазмұндағы үнпарақ жазатындай батыл кимылға бара алмасын дәл қазір іштей мойындады. “Мемлекет басшысын ашық сынау үшін не жынды болу керек немесе дүниеден баз кешіп, тәуекелдің қанжығасына байлап беру қажет-ау” деген ой келді оған.

– Сіз қалай ойлайсыз, Ауғанстанда болып жатқан жағдай Кенес үкіметінің үлкен саясаты емес пе?! – деді сары жігіт, тағы да Аяғанға тесіле қарап, жымсия күлді. – Біздің жігіттер ол елде интернационалдық міндетін атқарып жүр ғой. Солай емес пе!

Аяған не дерін білмей дағдарды. Өтірікке үйренбеген басы бұл жолы да жауырды жаба тоқуға жарамай ұсталып қалды.

– Сіз немене қарсысыз ба? – Аяған жауап берудің орнына күрсінді. – Қызық екен. Сонда мыналардың сіз туралы жазып отырғаны шын ба? “Кенес үкіметіне жан-тәнімен қарсы” деп жазады.

– Жала! – деді Аяған ашуға мініп.

– Үнпарақты жазған кім дейді.

– Қатысым жоқ. Ондай шаруамен айналыспаймын.

– Енді қандай шаруамен айналысасыз?– деп күлді жігіт. – Екінші бір хатта сіздің мемлекетке қарсы үгіт жүргізгендігіңіз туралы айтады.

– Мысалы,– деді Аяған ызаға булығып. Санасын жаулап алған қорқыныш ізім-қайым жоғалып, оның орнын қорғану инстинкті басты. Мынандай жағдайда сыпайымсып, сызылып отыруға болмасын түсінді.

– Бір хатта Қуатов Аяған деген азаматтың БҰҰ-ның Бас Ассамблеясы 1948 жылы қабылдаған адам правосы жөніндегі жалпылық декларациясын көбейтіп таратқаны туралы жазылады. Дәл сол хатта Қуатовтың студенттерге Мағжан өленін жатқа оқығаны айтылады. Ал мына хатта Брежнев жолдасты мазакка айналдырып, анекдоттар айтқаныңыз әңгіме болады,– деді жігіт Аяғанның долырып, нарттай болып қызарып кеткен жүзіне тесіле қарап. – Бізде мысал жетеді. Біз сол үшін айлық алып отырмыз.

Аяғанның тұла бойын тер жапты, аяқ астынан бас көтерген батылдық зым-зия. Екі иығына албастыдай мініп алған қорқыныш екі өкпеге тепкілеп, тынысын тарылтып барады. Соңына мықтап түсіпті, аузынан шыққан сөздің бәрін тізіп жазып жүріпті. Бұл ештеңе сезген де, білген де жоқ. Дүниеде жауым бар, олар осыншалық аяусыздық жасайды, қатыгездікке барады-ау деген күдік санасына кірмеген. Жақиямен тікелей іске қатысты тіл табыса алмады. Алдияр Ақпанұлының жағына ұстазы

болғандықтан, ол кісінің ісінің дұрыстығына көзі жеткен соң шықты. “Бізді қолдамаған адам жау. Сондықтан оны құрту керек” деген принциппен өмір сүрсе дүниеде әділет бола ма?! Ақиқатсыз өмір сүру мүмкін бе?! Аяған ақиқат атты арғымаққа міндім, енді Ұлы Мақсатыма кедергісіз жетемін деп ойлаған, сенген. Адамдардың барлығын дос санады, барлығына ақ жүрегінен шыққан адал сөзін айтты. “Шын – мият, өтірік – ұят” дейтін әкесі екі сөзінің бірінде. Осы ұғым Аяған өмірінің бағдары болған. Шын жүректен айтылған сөздері күндердің күнінде алдынан шығып, зиян жасайтынын зерделесе жұмған аузын аша ма? Адамдарға сеніп үйренген аңқау басы қыздырманың қызыл тіліне ілесіп, арандапты ақыры. Аңғалдық! Осынша аңғал болмаса абайлар еді ғой.

“Декларацияны көбейтіп тараттын” дегені шындыққа жақын жуымайтын жала. Әлдекім Аяған Қуатовтан диссидент жасағысы келіпті. Мұның атамекенінде жер басып тірі жүргенін қаламайтын пенделер бар екен. Аяған Қуатовтан құтылса өрісі кенір олардың. Құтылар түбінде. Жала жауып жеңе алмаса әділетсіз қара күшке тапсырар азаматтың тағдырын.

Мағжан Жұмабаевтың өлеңдерін оқыды ма екен осылар? Айналайын орыс халқы өмір бойы Кеңес үкіметіне қарсы болған Бунинін далаға тастады ма? Бунинді басына жастанып жатып оқитын орыс халқы қолына қару алып, кеңес үкіметіне қарсы шығып па еді? Мағжанның өлеңдерін жатқа білетін қай қазақтың үкіметке, жаңа қоғамға деген көзқарасы өзгеріп кетіп еді?! Мағжанды еске алған, өлеңдерін жатқа білетін, оны кие тұтатын адамдарды жазалау керек болса, онда “жорықты” халықтың мақтанышы, ары, ұяты деп есептелінетін ақсақалдарды кінәлаудан бастасын. Солардың арасында Мағжан ақынды еске алмайтыны, еске алғанда аяныштан күрсінбейтіні жоқ. Халық арманда кеткен асыл азаматын жоқтаса несі айып!?

Осының барлығын қарсы алдында өзіне күле қарап отырған түрі қазақ, түсі орыс жігітке таусылып айтқысы келіп құлшынды. “Бұл бәрібір түсінбейді. Түсінгісі келмейді” деп ойлап, тілін тістеп алды.

– Сіз біздің мекемені жазалаушы орын деп ойламаңыз, – деді жігіт күлімсіреп. Енді байқады, көзі жасыл екен. Алғаш көргенде көзінің түсі басқашалау сияктанған. “Әлде өзгеріп тұра ма екен. Қаранғыда жанатын шығар” деп ойлады Аяған. – Біздің міндетіміз – кінәсі бар, қателескен адамдарды ұстап алып, жазалай беру емес, оларды тәрбиелеу. Социалистік қоғамдағы әрбір мекеме мейлі ол тәртіп сақтау ұйымы, Мемлекеттік қауіпсіздік комитеті болсын, бірінші кезекте тәрбие мектебі. Ал тәрбиеге көнбеген адамдармен сөз басқа. Сіз мені дұрыс түсінді деп ойлаймын.

Ой түкпірін ақтарып, жанын жеп мазасызданып отырған Аяған оның сөзіне мүлде құлақ қоймады. Бөлмеге бүркіт тұмсық жігіт кіргенде ой желісі үзілді.

— Сіз жарты сағатқа басқа бөлмеге бара тұрыңыз, — деді сары жігіт жымсыя күліп.

Бүркіт тұмсық жігіт Аяғанды дәліздің орта тұсындағы сырты қаңылтырмен қапталған есіктің алдына алып келіп, қалтасын тінтіді.

— Тәртіп осындай...

Бөлмеге кіргізіп, сыртынан жауып кетті. Аяған төңірегіне көз жүгіртті. Жалғыз орындықтан басқа көзге түсер ештеңе жоқ. Терезеге темір тор салынған. “Бұл жауапқа шақырылғандарды уақытша қамайтын бөлме болды” деп ойлады Аяған.

Ол аядай бөлменің ішінде әрі-бері теңселіп жүріп, жасыл көзді жігіт екеуінің арасындағы әңгімені есіне түсіріп, оі безбеніне салды.

Ермак туралы пікірі әрқашан ашық. Оның басқыншы екені, қылышынан қан тамған аса қатыгез адам болғаны тарихи шындық. Оның қатыгездігі туралы орыс жазушылары мен тарихшылары жеріне жеткізе жазған, Аяған жанынан шығарып, жаңалық ашқан жоқ, Ермак Тимофеевичке жала жапқан, күйе жаққан емес, тарихи деректерге сүйенді. Ермак туралы пікірің қате деп жазалай алмайды. Барлық кілтпан Ауғанстанға байланысты екенін іші сезеді. Жалғыз інісінің қазасы өте ауыр тиді, басына түскен қасіретті әрең көтерді. Алғашқыда Ауғанстандағы соғыстың қылмыс екенін іні қазасы кезінде ашумен айтты. Ал кейін Ауғанстандағы жағдайды ой елегінен өткізіп барып, соғыстың әділетсіз екенін, басқыншылық ниеттің үстем болып тұрғанын білген соң айтқаны есінде. Шындығы да солай емес пе!? “Иттің ішіне май жақпайды”. Шындық жақпайды мынау заманға. Сонда қайтпек керек? Айтқан жоқпын деп бұлталакка салып, басын алып қашар. Одан не шығады? Сөзін керек қылайын деп тұрған адамды көрмеді. Ауғанстанға байланысты үнпарақтарды да бұдан көретін тәрізді. Бәлкім, куәлар тауып, дайындап қойған шығар. Бұл ойынды бастамас бұрын дайындық жасалғанына кімнің күмәні бар?! Өзін мұнда алып келмес бұрын бір ай ма, әлде алты ай ма, әйтеуір біраз уақыт дайындалғаны анық. Манағы жасыл көз сары жігіт те тегін адам емес. Өз ісіне әбден шеберленген. көмейдегі көмескіні болжағыш қу мүйіз екені көрініп тұр. Жарты сағаттан кейін қандай өнер шығарарын кім білсін. Көнбеске амалы көне. Басына түскенді көріп алды. Сары ізіне шөп салып, қылдан кикым іздеп, өзін нақақ күйдірген Жакия сияқты қараниет

караулардың мысық көмбе қылығына кеудесінен шыбын жаны шырылдап шығып кеткенше қарсы күреседі. Мұны түсінер, қараулыққа қаны қас абзал адамдар таусылып бітпеген шығар. Оның шырылдаған жан айкайын естіп, көмек қолын созатын біреу табылмас деймісін. Адам тағдырын шешер үлкен орындарда отырғандардың барлығы Жақияның суатынан шөл қандырып жүрмеген болар. Әділ қоғам азаматының қадырына неге жетпесін.

Жалғыз қалған Аяған көңілге медеу болар әртүрлі ойларға беріліп, өзін-өзі жұбатып, теңселіп жүрді де қойды. Мұндай сәтте уақыт та шабан жылжиды. Ол қайта-қайта сағатына қарағыштап, күнді бақанмен итергендей мазасызданды.

Бүгін үйіне бармаса Әсемнің аса қатты мазасызданатынын ойлап, берекесі қашты. Ол сондай күйгелек, сәл нәрсеге бола күйзеліп, күйреп түседі. Жас кезінен қиындықты көп көріп өскен жан қайғы-қасіретке көнпіс болушы еді, Әсем ондай емес, болар-болмасқа бордай тозып, шаршап жүреді. Үшінші баласын босанғаннан кейін жүдеп жүнжіп, аурудың түр-түрін тауып алды. Осы күні өте әлсіз, кейде ауа жетпей тұншығып, ерні кезеріп, серейіп жатып қалады. “Тоғыз қатынның толғағы қатар келді” дегендей соңғы екі айда жаманшылық атаулы бұларды шыр айналып шықпай қойды.

Аяған сағатына қарады, белгіленген уақыт әлдеқашан өтіп кетті. Олар неге келмей жатыр? Жұмыс аяқталатын уақыт та таяп қалған екен.

Бала-шағасын ойлап, жаны дызықты. Олардың жаңа қонысқа әлі үйрене алмай жүргенін, көршілерінің жұмбақ мінезді түсініксіз адамдар екенін есіне түсіріп, одан сайын дегбірсізденді. Жаңа тұрағы жұрт көзінен таса, қалқалау жерде, жолдан алыс. Қаранғылық ерте түсетін мынандай уақытта Әсемнің екі баласын жетектеп, аялдамадан тым қашықтағы пәтеріне дейін ұзақ жол жүретінін ойлап, көңілі одан сайын құлазыды. Өзінің жолын торып жүрген топ енді қысастығын балаларына жасардай сұрапыл үрей шеңгелін аямай батырды. Қорқынышты ойдың құшағынан тезірек сытылып шыққысы келгендей адымдап бөлменің көлемін өлшеуге кірісті.

— Бір, екі, үш... Бір, екі, үш, төрт... Яғни, он екі шаршы метр, — деп дауыстап сөйлеп, өзін-өзі алдарқатты. Осы екі арада манағы жігіт қайтып келіп, Аяғанды бұрынғы бөлмеге бастап апарды. Жасыл көз сары жігіт көңілді. Жымиып күліп, орнынан тұрып, ізет көрсетті.

— Кешірім өтінемін. Жұмыс бітпей, кешігуге тура келді, — деді

ол, Аяғанды колтықтап, төрге алып шықты. Оның мұнысын жалған сыпайыгершілік, алдау деп бағалады.

— Мені бүгін босатасыздар ма? Жоқ әлде осында тіркеуге алу үшін шақырдыңыздар ма?

— Ол өзіңізге байланысты,— деп жымиды жігіт. — Сіз бен біздің жұмысымыз ұқсас. Мысалы, Қазақстанның тарихын білмейтін студентке баға қоймайсыз. Ол қарыз болып жүреді. Біз де солай, айтқанымыздан шықпаған адамға зәбіріміз жоқ.

— Сонда менің не істеуім керек?

Жасыл көз сары Аяғанның алдына машинкаға басылған бір парак қағазды тастады.

— Танысып шығыңыз.

Аяған бір бет қағазды асықпай екі қайтара оқыды. Жасыл көз сары екеуінің арасындағы болған әңгімені жинақтап, Аяғанның өз кінәсін мойындаған хаты ретінде жазылыпты.

— Қалай, дұрыс жазылған ба?

Ойланып отырған Аяған селк ете түсті. Басын шалт көтеріп алып, қарсысында түк болмағандай жылмия күліп отырған жасыл көзге қарады. Кеудесін ашу кернеп, көмейіне келіп қалған ауыр сөзді әрен тежеді.

— Менің атымнан өтініш жазып беріңіз деп ешкімге жалынбаймын. — Аяған үстелде жатқан қызыл қарындашты алып, өз атынан жазылған хаттың әр-әр жерін түзеп, жасыл көздің алдына қарай сырғытты. — Мен мұндай сауатсыз жазылған қағазға қол қоя алмаймын. Мен ғылым кандидатымын.

Жіберген қателерін көріп, жасыл көз суық жымиды, бетінің ұшы қызарды. Сол қызыл жайылып құлағына жетті. “Қысылғанда адамның құлағы да қызарады екен-ау” деп танырқалды Аяған.

— Машинкадан кейін оқымап едім,— деді ол актала сөйлеп. — Қателерді түзеткеніңіз үшін сізге рахмет! Біздің мекеме үшін грамматика ешқандай роль атқармайды. Бізге қағаздың мазмұны керек.

— Сізге адамның қолы керек.

— Сіз бен біз түсінісе бастадық. Бала-шағаңыз күтіп қалған шығар.

— Мен шындықтың бетіне тура қарап үйренген адаммын. Өтірікке қаным қас. Мына қағазда бір шын сөз жоқ.

— Барлығы тексерілген. Ойланыңыз, жолдас Қуатов.

— Мен өз сөзімді айттым. Қол қоя алмаймын. Кінәм жоқ.

— Ойланыңыз. Ойлануға уақыт мол,— деді ол жымсия күліп. Әлдекімге телефон соқты. — Алып кет. Біз біттік. Ал, кездескенше сау болып тұрыңыз.

Бүркіт тұмсық жігіт келіп, Аяғанды манағы бөлмеге апарып камады да, кетіп қалды.

Ол жалғыз қалды.

9

Жұмыстың аяқталуын күтуге Асылханның шыдамы жетпеді, бригадиріне жағдайды түсіндірді. Аяғанның жағдайын айта бастағанда бригадир оған бірінші рет көріп тұрғандай таңырқай қарады.

— Байка, бала, бекер босқа күйіп кетіп жүрме,— деп жанашырлық танытты, ақыл айтқан болды. — Мен антилерді бір шақырымнан танимын. Оларға жолама. Бәле адамға оп-оңай жұға салады. Олар өте қауіп-т-е-е, шырағым. Әлгі ғылым кандидаты бола тұра біздің арамызға неге келді дейсің? Во-о, мәселе қайда!.. Ол бізді үгіттеу үшін келген. Түсіндің бе, бала?! Ақымақ қыздарға талай айттым, ал олар өзімді мазақтап, жырқылдап күледі. Оларда ақыл жоқ, кебенамайт!.. Ал, сен түсінесің, Ауғанстанда болып келгенсің. Байка. Абай бол. Мен саған ескерттім.

Бригадир жасы алпысқа келіп қалған, тапал бойлы, бір сәт әрекетсіз қарап отыра алмайтын, тыпындап жүгіріп жүретін мазасыз адам. Үнемі шырылдап, жау келіп қалғандай жанталасып, елді дүрліктіріп жүретін бригадирді қыздар мазаққа айналдырып, маза бермейді. Бригадир деген аты ғана, әйтпесе одан ығып, бұғып жүрген ешкім жоқ. Жұмысшылар өзі үшін қарап отырмайды. Уақытында келеді, уақытында кетеді. Шұғыл шаруасы барлары оның алдынан өтеді, рұқсат бермегеніне карамай кетіп қалады. Тыңдамай кетіп қалған адамның жер-жебіріне жетіп, қырып-жоймақ болып, аузынан түкірігі шашырап, бейшара жер тепкілеп қала береді. Бұрын Геркулес пен Арабка арқа сүйейтін, солардың дегенімен жүріп, тұратын. Екеуінен қаймыққандықтан үндемейтін құрылысшылар олардың көзі жоғалғалы арқа-басы кеңіп, бригадирді жүре тындайтын, жабылып мазақтайтын әдет тапқан. Күйіп-пісіп ашуланғаннан басқа оның қолынан не келсін.

— Мен суға салса батпаймын, отқа салса күймеймін, аға,— деді Асылхан оның сөзін мұқият тындап. — Менің денеме оқ өтпейді, пышақ батпайды.

— Ей, сен не қылған адамсың өзі? Бәле жұғады деймін мен саған. Оны жуып та, қырып та кетіре алмайсың,— деп бригадир күйіп-пісті.

— Оған жала жаппаңыз.

– Шындықты айтқаннан мен ұялмаймын.

– Ұялмайтыныңызды білеміз ғой, аға, – деп күлді Асылхан. – Мен кеттім. Еңбек күнімнен екі сағатты шегеріп тастаңыз.

Бұрын бала деп менсінбей қарайтын, жұрттын көзінше Геркулесті ұрып жығып, қуып жібергелі бері Асылханға деген көзқарасы өзгерген. Жылы сөйлеп, ақыл айтып, камқорсып жүреді. Сөзіне құлақ қойып, зейін салып тыңдап отырса бұл дүниеде Асылханның одан, яғни Сыпатайдан басқа жанашыры жоқ сияқты. Сөйлесе кетсе тіл ұшымен бар жақсылықты үйіп-төге салады.

– Ой, айналайын Асылхан, саған қосып жазбасам еңбек күніңді шегермеймін ғой. Сенен немді аяйын, – деді бригадир жарамсақтанып. – Байқашы, арандап қалмашы. Қазақтың қатындары сен сияқты азаматты күнде туа бермейді ғой, айналайын.

Асылхан оның “тәтті” сөзін тыңдап тұра бергісі келмей, киініп алды да жолға шықты. Жолай он екінші қазақ мектебіне соқты, Елжасты алып, Аяғанның пәтеріне келді. Иесіз үйге баса-көктеп кіріп баруға батылы жетпей, бақты аралап, Елжас екеуі алмұрт үзіп жеді. Бақтың іші таза, көлденең жатқан ағаш жоқ. Аяған қолы боста қарап отырмайтын сияқты. Ауланың іші де тап-тұйнақтай.

– Елжас, мамаң қайда кетті екен, а?

– Олжас пен Бибіге кеткен шығар, – деді алмұрт жеп отырған бала оған жасқана қарап.

– Қарның ашқан жоқ па?

– Бізге мектепте тамақ береді.

– Е-е, дұрыс екен. Інілеріңнің аты кім?

– Інім біреу-ақ, – деп күрсінді бала. – Оның аты Олжас.

– О-о-һ-о! Ақын болады екен ғой.

– Ақын емес, азамат болады, – деді бала бас шайқап тұрып. Асылхан рахаттана күлді.

– Оны кім айтты саған?

– Көкем айтты.

– Е-е, көкең біледі, – деді жігіт баланың басынан сипап. Елжас момын сияқты. Мұның жасындағы балалар бір сәт құйрық басып, тыныш отыра алмаушы еді. Баланың үсті-басы мұнтаздай, ақ жейдесінің жаға-жені де кірлемеген.

– Қарындасыңның аты кім?

– Бибі.

– Е-е, иә, Бибі екенін білемін ғой, – деп күлді жігіт. Елжасты өзіне тартып, құшақтап отырды. – Елжас үлкейгенге кім боласын?

- Азамат боламын,— деді ол мұрнын тартып.
- Ой, азамат! Інің екеуің үлкен азамат боласын.
- Бибі де азамат болады. аға.

– Иә, үшеуің де азамат боласындар,— деді жігіт кішкене баланың жауабына шын риза болып. Есіне балалық шағы түсті. Үйіне келген, кеткен адамдар “кім боласың” деп сұрайтын, кішкентай Асылхан “бастық боламын” деп тақ ете қалатын.

– Ой, азамат! Кәне қолыңды жай, бата берейін,— дейтін үлкендер. Солар бата берсе дегені болатындай малдас құрып, алақан жаятын. Ауыл баласы үшін колхоз басшысынан үлкен адам жоқтай болып көрінуші еді.

– Менің балам бастық болады,— дейтін баласын мақтаныш көрген ана. Колхоздың бастығын қонаққа шақырып, оның батасын алуға тырысатындар көп болушы еді. Асылхандардың колхозына ондайлардың талайы келіп, талайы кетті. Аузына ақ ит кіріп, қара ит шығатын бәдіктерді де, жатып ішетін маскүнемдері де болды. “Мыналарға қор болған қайран орын-ай” дейтін Мұсахан қария әлгілерден түңілгенде.

Колхоз бастық болуды армандап өскен қараша ауылдың қарасирақ балаларының арасынан бүкіл ел мақтаныш тұтар азаматтар аз шыққан жоқ. Бірақ Асылхан олардың жолын қумады, Мұсахан қарияның айтуымен “рәйкөмнің” оқуына келді. Рәйкөмнің бірінші хатшысы бітірген тарих факультетіне бірінші жылы түсе алмай, ауылға қайтып оралған соң әртүрлі жұмыс істеді, желтоқсан айында әскерге шақырылды.

Мектеп қабырғасынан кеше ғана шыққан бозөкпе балалардың біразын бірер ай Ашхабаттың маңында оқытып, жаз шыға Ауғанстанға алып жөнелді. Бір жарым жылда не көрмеді дейсің, талай рет ажал аузынан қалды, душмандардың қолына да түсе жаздады. Құс қанаты күйгендей аптап ыстықта жер жастанып, ашық далада, шақырайған күннің астында бас көтеруге шамасы келмей жатқанда үш күндік пәниден сұмдық жеритін. Бас көтерсе-ақ душманның оғы іздеп таба қоятын. Азапқа шыдамаған жас жігіттердің талайы қай жерде бұғып жатқаны белгісіз душман мергенінің нысанасына айналды. Қаршадайынан бейнет көріп өскен Асылхан шыдады, аспан айналып жерге түсердей ыстықта зілмауыр жүк көтеріп, қанша шақырым жол жүрсе де, кенеттен душмандардың тосқауылына тап болып, жауып тұрған оқтың астында қалса да сыр берген жоқ. Бірнеше күн күші басым жаудың қоршауында қалып, бір тамшы суға зар болып жатқанда да үрей шақырып, үмітін үзген емес. Шыбын жаны шырылдап, бір күндік жарық сәуле үшін жанталасты. Қиындыққа шыдамаған

жас жігіттердің талайы сол төбенің етегінде мәңгілікке қалып қойды. Әскерге бірге алынып, Ауғанстанда бір жарым жыл бойы қол ұстасып қатар жүрген, талай-талай қысылшаң қияда бір-біріне ес болған бесеудің екеуі елге қайтуға дайындалып жүргенде ойламаған жерден қаза тапты. Қаланың қаласында тапайдың тал түсінде екі боздақты бауыздап кетті.

Ауған соғысы қаншама боздақтың басын жұтты екен? Қанша боздақтың ізін ажал аңдып жүр екен? Бұл соғыс әлі қаншаға созылар екен? Бір жарым жылда Асылхан кіммен кімнің соғысып жатқанын біле алмады. “Өзімен өзі келісе алмай қырық пышақ болып жатқан елдің арасына түсіп, бекер қан төккеніміз қалай? Жап-жас жігіттер кім үшін қыршынынан қиылып жатыр?” Осы тақылеттес сұрақтарға жауап іздеп, үнемі тұйыққа тірелетін. Біледі дейтін адамдар иығын кикандатып, бұрылып кетеді. “Ауғанстанда интернационалдық борышын өтеп жатқан біздің балалар” деп мақтанып отыратын қазақтардың қамсыздығына, тайыздығына күйінетін. Шыдай алмай ойын ақтарып салатын, сол үшін үлкендерден талай рет ауыр сөз естіді.

— Ағатайлар-ау, өзімен өзі келісе алмай жатқан ағайындардың арасына түсу отқа май құйғанмен бірдей емес пе?! Күні ертең “интернационалдық борышымызды өтейміз” деп американдықтар Қазақстанды басып алса не дер едіңіздер,— деп шырылдаған Асылханды алдымен аудандық комсомол ұйымына шақырып, әбден сілкілеп, сілікпесін шығарды, сонан соң мұның өзін босатып, Мұсахан қарияның миын ашытқан. Партия басшысының ақылы — азық, сөзі — сусын деген түсінікпен ғұмыр кешіп келе жатқан Мұсахан қария аудандық ұйымның бірінші хатшысының алдынан жер болып шыққан. Сүйретіліп үйіне келген соң егіліп жүріп, Асылханды қамшының астына алған. Шырылдап араға түскен кемпірін де аяған жоқ.

— Сүйекке таңба салғанша өлгенің жақсы еді ғой иттен жаралған-ау. Кеңес үкіметіне қарсы сөз айтып, тірідей көрге тықтың мені,— деп күні кеше аман келгеніне қуанғаннан жылап, құшақтап аймалаған баласын көкала қойдай қылып сабады. Асылхан әкенің қолын қаққан жоқ, жаны киналса да шыдады.

Ауданға барып, рәйкөмнен кешірім сұра,— деп қорқыныштан көз жасын көлдеткен анасының тілегін орындамады. “Ауғанстанда қыршынынан қиылған достарымның назасын айттым” деп ойлаған Асылхан ол кезде біреудің алдына кішіріп барып, бас иетіндей емес еді.

Аудандық партия ұйымына шақырып, басына қара аспанды төндіріп қорқытқанмен ыға қоймады. Мемлекеттік қауіпсіздік

комитетінің аудандық бөлімшесіне қайта-қайта шақыртып, оқ пен оттың ортасынан күні кеше келген Асылханның басын әуреге салды. Үн-түнсіз бас шұлғып жүре алмасына көзі жеткен жігіт ешкіммен ақылдаспай Алматыға тартты да кетті. Соңына түсіп, ешкім іздеген жоқ...

– Елжас, атаңның аты кім?– деп сұрады, калын ойдың тұманынан әрең шыққан жігіт орындыққа байлап қойғандай тапжылмай отырған баладан.

– Атамның аты Куат.

– Атаңды сағындың ба?

Бала бас изеп, ақырын ғана күрсінді.

– Біріншіні бітіріп, ауылға барамын. Онда менің торы тайым бар.

– Келесі жазға дейін тайың құнан шығады.

– Атам екеуміз жайлауға барамыз.

– Атаң не істейді, Елжас?

Бала мүдіріп қалды. Атасының не істейтіндігін білмегеніне қысылып, көзін жыпылықтатып, Асылханға жасқана қарады.

– Атамның аяғы ауырады, аға. Бір аяғын фашистер атып жіберген,— деді бала “жұмыс істемейтін” атасына ара түсіп. – Оның ордені көп. Міне, мұнша.

Он саусағын көрсетіп, басылып қалған еңсесін көтерді. Асылхан аркасынан қағып еді, Елжастың екі танауы шелектей болып, қуанып қалды.

Атаң батыр екен. Сен де батыр боласың,— деді Асылхан сағатына қарап. Сағат алтыдан асып барады екен.

– Мен батыр бола алмаймын, аға.

– Неге?

– Батыр болу үшін соғысқа бару керек.

– Несі бар, қолыңа автомат аласың да, поезға отырып барып келесің.

– Мен үлкейгенде соғыс болмайды, аға. Фашистердің барлығын менің атам мен ауылдағы Қошқарбай деген шал қырып салған,— деді Елжас, екі танауы делдиіп, көңілін мақтаныш кернеді. – Мен үлкейгенде коммунизм болады, аға. Біз – Олжас, Бибі үшеуміз самолетпен коммунизмге барамыз.

Елжастың сөзіне разы болған Асылхан рахаттана күліп, оны құшақтап, бетінен сүйді. Осы кезде ауланың есігі ашылып, ұзын бойлы, бет бір уыс, тырыған арық қыз кірді. Ол жақындап келіп, сәлемдескеннің ырымын жасап, басын бір шұлғып қойды.

– Қуатова Әсемді жедел жәрдем ауруханаға алып келген, – деді қыз бір жапырақ қағазды Асылханға ұсынып. Аурухананың адресі екен. – Маған өтініш білдіріп еді. Сау болыңыз!

– Рахмет! – деді Асылхан шұғыл бұрылып, ұзап бара жатқан қыздың сонынан дауыстап. – Олжас пен Бибінің бақшасын білесің бе, Елжасжан?

– Бұрынғы үйдің жанында, – деді де, бақшаға барар жолды сызып көрсетті. – Ескі үйден шығып, тура жүру керек. Дүкеннің жанынан бұрылып, былай жүрсек көрініп тұр.

– Олай болса тезірек киімді ауыстыр. Олжас пен Бибіге барамыз.

Такси жалдап, Татар слабодкасына келді, балалар бақшасын көп киналмай тауып, екі баланы алып, қайтып оралды.

Асылханды бұрын бір-ақ рет көрген балалар оған үрке карап, бір бұрышта бүрісіп-бүрісіп, тым-тырыс отыр. Әншейінде жүгіріп тыным таппайтын үш жасар Бибі моп-момақан бола қалыпты, әкесі мен шешесі кіріп келердей әлсін әлі есікке жаутаң-жаутаң қарайды. Екі қолын тізесінің үстіне қойған. Асылханның қалт еткен қимылын аңдып отыр. Бес жасар Олжас та тым-тырыс, екі көзі жыпылықтап, бейтаныс жігітке жаскана карап қояды.

– Елжас, мен дүкенге барып келейін, – деді Асылхан күртесін киіп жатып. – Бибі мен Олжасқа қандай кәмпит әкелсем екен ө?

– Тәтті кәмпит әкеліңіз, – деді оған үйренісіп қалған Елжас. Кішкентай екеуі ауыз ашқан жоқ, еріндері салпынып, қимылдамай отыр.

– Мен тез келемін, – деп Асылхан шығып кетісімен Олжас пен Бибі орындарынан тұра салып, тамақ қоятын шкапка жүгірді. Бұрын жеткен Олжас жалғыз тал кәмпитті ала салып, төргі бөлмеге қашып кірді. Бибі үйді басына көтеріп бақырып, ағасының сонынан жүгірді. Төсектің астына кірген Олжас кәмпитті аузына салып жіберді. Оның қайда тығылатынын білетін үш жасар қыз бақырып келіп, еңбектеп төсектің астына кірген.

– Әллау, жоқ! – деп Олжас қолын жайды. – Әллау, мысык жеп қойды.

Бибі қайдан көнсін. Жер тепкілеп, дауысын күшейте түсті. Не істерін білмей сасқалақтаған Олжас төсектің астынан еңбектеп шығып, ас үйге қашты. Бибі қалсын ба, шырылдап жылап. ағасының сонынан жүгірді.

– Олжас, бер кәмпитті! – деп жетіп келген Елжастан қорықты ма, аузын ашты.

– Әллау, жоқ... Ішіме түсіп кетті.

Ағасының кәмпитті жеп қойғанына көзі жеткен Бибінін айқайы одан сайын күшейді. Асты-үстіне түсіп, бәйек болған Елжасты кеудесінен итеріп-итеріп жіберіп, жер тепкілеп жылады.

— О-о! — деп дауыстап жіберді Елжас. — Мамам кеше көп-көп кәмпит сатып әкелген. Бактың ішіне тығып қойған шығар. Жүріндер іздейміз.

Қыздың дауысы сап тиылды. Орнынан тұра салып, томпандап сыртқа беттеген Елжастың сонынан жүгірді. Олжас та сеніп қалыпты, әрбір ағаштың түбіне келіп, шалқайып жоғары қарайды.

— Кәмпит алмұртқа айналып кеткен шығар,— деді Елжас ұятқа қалмас үшін. Оны үлкен адамдай көретін інісі мен қарындасы сенді.

— Көршінін иті жеп қойған шығар,— дейді Олжас.

— Аймұт жеймін,— деп қыңқылдады қыз. Олжас ежелгі әдеті бойынша тағы да ерте кимылдады, жерден тас жинап алып, алмұрт ағашын атқылауға кірісті.

— Біреудің басын жарасын,— деп зекіді Елжас.

— Білеудің басы қанайды,— деп Бибі ернін бұртитты. Сол екі арада Олжастың лактырған тасы тиіп, жалғыз тал алмұрт жерге түсті. Дайын тұрған Олжекен жерге түскен алмұртты іліп алып, тұра қашты.

— Маған бей! Аймұт бей! — деп ағасының сонынан жүгірді қыз.

— Бибі, бері кел! Міне, алмұрт,— деп дауыстаған Елжастың сөзін құлағына қыстырмады. Ол үшін дүниеде Олжастың қолындағы қақ бөлінген алмұрттан тәтті ештеңе жоқ. Жерге топылдап түсіп жатқан алмұртқа қарамады, ағасының сонынан үйге кіріп кетті.

Елжас қағып түсірген төрт тал алмұртты алып, үйге кірген, әлгі екеуі көрінбейді. Жайлап басып, түпкі бөлмеге кірді де еңкейіп, төсектің астына көз жүгіртті, екеуі құшақтасып, жартыкеш алмұртты кезек тістеп, мәз болып отыр екен. Осы кезде сыртқы есік ашылып, Бибі мен Олжас төсектің астынан асығыс еңбектеп шығып, алақайлап ауызғы бөлмеге жүгірді. Асылханды көріп, кері қашып, төсектің астына тығылды.

— Балалар мен кәмпит әкелдім,— деп дауыстады жігіт. Бірақ екеуі төсектің астынан шыға қоймады. — Тәтті тоқаш жейтін балалар мұнда келсін. Ой, Елжас, сен бәрін жалғыз өзін жеп қоясын ба?

— Иә, жеп қоямын.

– Бибі мен Олжаска калдырсаншы. – Асылхан әдіске көшті. Екі бала көпке шыдамады, жарыса жүгіріп келді. – Мамаларын дүкенде кезекте тұр. Мынаны сендерге беріп жіберді.

Асылхан екеуіне екі-үш талдан көмпит ұстатып, қалғанын қолдан жасалған шкафтын жоғарғы сөресіне қоя салды да, тамақ жасауға кірісті. Түпкі бөлмеге кіріп кеткен Олжас пен Бибі көп ұзамай қайтып келді, жаутандап Асылханға бір, сөредегі көмпитке бір қарайды.

– Көмпиттеріңді жеп қойдыңдар ма? – деп сұрады жігіт. Екі бала жарыса бас шұлғыды. – Такпак білесіңдер ме?

Екеуі де үнсіз. Олжас білетін такпағын есіне түсіре алмай тұрма, әлде, айта жөнелуге батылы жетпеді ме, Елжасқа жаутандады.

– Ал, кәне кім айтады.

Олжас төмен қарап, басын бұлғандатып, қисаландап күле бастады.

– Сендер такпак айтпасаңдар көршінің баласын шақырамын да, барлық көмпитті беріп жіберемін.

– Көршінің баласы жоқ, аға, – деп так ете қаллы манадан бері інісі мен қарындасына іштей жақтасып, үнсіз отырған Елжас.

– Жоқ болса өленді өзім айтамын да, барлық көмпитті жеп қоямын, – деді Асылхан екі кішкентайға тесіле қарап. Бибінің көз жыпылықтап. Олжастың күлкісі сап тиылып, ағасына бұрылды.

– Аға, мен айтайыншы, – деді Елжас орнынан тұрып.

Дегенде Балқалиша. Балқалиша.

Желкілдеп сазға біткен тал Қалиша.

Бір емес, екі женген келіп отыр.

Рұқсат бізден сізге бар Қалиша, –

деп әндетті Асылхан. Сонан сон орнынан тұрып, бір тал көмпитті алды да, асықпай отырып қағазын аршып, аузына салып жіберді. Екі кішкентайда үн жоқ, жігіттің аузына қарап, тамсанып-тамсанып қояды.

– Кәне, қайсысың такпак айтасыңдар?

Олжас жымындап күліп, қисаландап ортаға шықты. Такпакты бастарда қолын төмен жіберіп, күлкісін тиып, Асылханға тік қарады.

Бала, бала, балапан,

Кәне, қайсы алақан?

Саусақтарын әйбат,

Былай-былай ойнат.

Топ-топ-топ басайық.

Жалаудан күн жасайық.

Жаса-жаса жаркын күн,

Жаса-жаса алтын күн...

– Ой, жарайсың азамат!

Асылхан оны құшақтап, бетінен сүйді де, екі тал көмпит ұстатты. Олжас оның біреуін қарындасына берді. Жігіттің іші елжіреп, жүрегі езіліп кетті. Есіне тете інісі түсіп, көңілін сағыныш баурап алды.

– Бибі, тақпақ айтасын ба?

Ортаға шыққан қыздың екі көзі үстелде жатқан көмпитте. Айтпақ болған тақпағын ұмытып қалған ба, көзін жыпылықтатып ұзақ ойланды. Қарындасына жаны ашып кетті, білем, Елжас шыдап отыра алмай орнынан тұрды.

– Бибі үшін мен айтайыншы, аға,— деді дауысы дірілдеп.

– Бибі, өзің айтасын ба?— деп сұрады жігіт. Қыз бас изеді. Асылхан Елжасқа ұрлана қарады, кішкентай қарындасымен бірге қиналып, жылап жіберердей иегі кемсендеп тұрған баланың бауырмалдығына сүйсінді. Бір сәт өзінің балалық шағы есіне түсті...

Мұсаханның кіндігінен жетеу еді. Жаз айларында әке мен шеше үй бетін көрмей, таң атар-атпастан кетіп, қаранғы түскенше тепендеп колхоздың ешқашан бітпейтін жұмысында жүретін, түннің бір уағында оралатын. Шиеттей балалар бірін-бірі көтеріп, бірін бірі жетектеп жүріп ержетті. Әке мен шешенің тепендеп жүріп табатыны жүз-ақ сом. Тапқандары бала-шағаның тамағына жетпейді, сонда да болса Мұсаханның отбасы “барға қанағат, жоққа салауат” деп өмір сүрді. Артық ақша табамын, дүние жинаймын деп момын әке жанын қинап, жаныққан жоқ, жеті перзентінің амандығын олжа көрді. Жеті бала тату болып өсті, бірінсіз бірі дастарханға отырмайтын аса бауырмал еді...

– Аға, Бибі үшін мен айтайыншы,— деп қиылды Олжас. — Ол әлі кішкентай.

– Е-һ-е, үлкенмін,— деп Бибі аузын бұртитты. Жанына келген Олжаспен теңескісі келіп, өкшесін көтерді. Лекіп көмейіне келіп қалған күлкіні жігіт әрең тежеді.

– Бибі үлкен, ол тақпақ біледі,— деп Асылхан оның қолына бір тал көмпит ұстатып еді, ол тақпақтай жөнелді.

Бака, бака, балпақ,

Басың неше жалпақ,—

деді де қол шапалақтады.

Кәне, бәріміз қол соғайық, балалар,— деп Асылхан қол соғып, рахаттанып күлді. Екі бала да мәз, иықтарынан ауыр жүк түскендей, қабақтары ашылып, жадырай күліп тұр.

Айналайын баладан,
Тауып алған даладан,—

деп әндетті Бибі. Үшеуі дуылдатып қол соқты. Екі бала ерекше мәз, қарындастарының өнеріне риза болғаны соншалық, біріне-бірі қарап, жымыып күліп қояды. Қызынып алған кішкентай қыз тоқтайтын емес, білетін тақпағын бірінен кейін бірін айтып, өзі бастап қол соғады.

Ну, погоди, зайс,
Біздің үйден шай іш.
Шай ішпесең қой,
Бій тоқтыны сой,—

деді де қол шапалақтап, Асылханның бетіне қарады.

— Ой, азамат! — деді жігіт Бибіні құшақтап. Екі бетінен кезек сүйді. — Мына көмпиттің бәрі сенікі.

Алып келген көмпитті дорбасымен қыздың қолына ұстатты. Бибі мәз. Екі ағасының қалтасына уыстап көмпит салып, жымындап күліп жүр. Бірімен бірі аса тату, бауырмал екені көрініп тұр. Әке мен шеше алауыз болса балалардың бір-бірін сыйламайтындығын, бір-біріне мейірі түсіп, емешегі езіліп тұрмайтындығын Асылхан біледі. Әке-шешенің алауыз, араздығы балаларына оп-оңай жұғады. “Кішкентай қыздың екі ағасына бауырынын езіліп, барын солардың қалтасына тықпыштауы тәрбиесінің жақсылығының, ата-ананың бір-біріне деген сыйластығының көрінісі” деп ойлады жігіт.

Осы жасына дейін жаманатқа калмай, атаңа нәлет дегізбей, жанына кір жұқтырмай жүрсе бірінші кезекте ата-ананың берген тәрбиесінің арқасы. Үлкен оқу тауысып, үлкен астаудан жем жемесе де, зор лауазымға-ие болмаса да ата мен ана жеті балаға дұрыс тәрбие беруге тырысты. Күндіз-түні колхоздың жұмысынан қолдары тимей, мұрындарынан шаншылып жүрсе де бала тәрбиесін бір сәт ұмытқан емес, әке мен шеше жеке басының үлгісі арқылы жетуіне үлкен ықпал жасады. Ұлдардың барлығы кісі баласына жаманшылық ойламайтын, қолынан келгенше кімге болса да жақсылық жасауға дайын тұратын, өліп бара жатса өтірік сөйлемейтін, бөтен туралы ғайбат айтпайтын әкелеріне еліктеп өсті. Ауылдың кемпір-шалы “шіркін. Мұсаханнның ұлдары мен қыздары-ай” деп риза болып отыратынын Асылхан талай рет өз құлағымен естіген. Әке мен шешеге бұдан артық не керек? Ұл-қыздары туралы мақтау естісе екі көрінің төбесі көкке екі-ақ елі жетпей қопандап отырады. Бір ауыз жылы лебізге мәз екі кәрі басқалар секілді дүние жиған жоқ. бала-шағасы көп бола тұра үлкен үй де салдырмады, малымды

көбейтемін деп жанталаспады. Мұсахан қария кейбіреу сияқты қай жерден пайда түсер екен деп қасапшының итіндей жалмандаған жоқ, колхоздың байлығын ұрлап-жырлап үйіне тасымады. Сыпыранын ішінде отырып, жамбасының астынан жеп, кекірігі азған үзенгі бауы сегіз қабат кейбіреудің ағыл-тегіл тіршілігіне қызығып, қызғаныш білдірмеді. Азына мәз болды, соған тәуба деді. Қоңырқай ғана тіршілігі бар Мұсахан мен Айғанымның бала-шағасынын амандығынан басқа тілегі жоқ еді. Ерлі-зайыпты екеуі үшін жетеуінің амандығынан асқан байлық та, бақыт та болмайтын.

Біздің бақытымыз – балалар, – дейтін Мұсахан қария кемпіріне. – Байлық – қолға жұққан май, жусан кетеді. Молшылық заманда аздап та болса жоқшылық көрмей өскен бала қайырымсыздау, парықсыздау болып өседі. Олар өмірдің бір сәткі ауырлығын, қиындығын көтере алмай тозып, жүнжіп кетеді. Жоқшылық көріп өскен бала бардың қадірін біледі, мейірімді болады.

Мейманасы тасып, тәубасын ұмыта бастаса есіне әкесі түседі. “Балам, адамның күні адаммен. Ақырын жүр, анық бас” деп сыбырлайды әкесі әр сәт сайын. Осы өмірінде тірі пендеге жасаған қиянаты жоқ, шамасы келгенше көмектесті, ақылы жеткен жерге дейін әділ болуға тырысты. Жақсы болып жүрсе өскен ұясында алған тәрбиесінің арқасы шығар.

Бір ісімен әкенің көңілін қалдырды. Үндемей-ақ қоюына болар еді. Он екіде бір гүлі ашылмай тұрып қыршынынан қиылған боздақтар есіне түсіп, шыдай алмай шындықты айтқан. Әкем түсінер деп үміттенген. Бірақ Мұсахан қария түсінбеді.

– Партия айтса орындау міндет. Партияның айтуымен біз де соғысқа барғанбыз, қан төккенбіз, – деп айқайлаған әкеге пәтуа айтқан.

– Сіздер Отанды қорғадыңыздар. Ал біз ше? Біз кімді кімнен қорғадық?

Асылханның сөзін Мұсахан қария құлағына қыстырмаған. Қаршадайынан партияға табынып өскен шал үшін Ауғанстандағы соғыстың қателік екенін айтудан үлкен қылмыс жоқ еді. Сол үшін ұлын кешіре алмады.

Осы күні ол кісі қатты қиналып жүрген шығар. Мұсахан қария сырттай қараған адамға өте қатал сияқты көрінгенмен көңілі бос, болар-болмасқа егіліп жүре беретін күйрек кісі. Анасы байғұс күн сайын баласын ойлап, көз жасын сығып-сығып алатын шығар. Бауырлары хат жазған сайын “ауылға келіп қайт, анам екі сөзінің бірінде сені еске алып жылайды. Күннен күнге қартайып барады.

Көкем де әрең жүр” дейді. Әкесінің беті онайлықпен бері қарамайтынын біледі. Ол кісінің діні қатты.

— Аға, шай қайнап кетті,— деді Елжас ақырын ғана нығынан түртіп. Асылхан қалын ойдың иірімінен тез шықты. Газды өшіріп, дастархан дайындауға кірісті.

— Ал, балалар, қол жуыңдар,— деді дастархан дайын болған кезде. Алғаш көргендегідей емес, балалардың бойы үйреніп қалған сияқты, Асылханды жатырмамай, жалтақтамай келіп, дастарханға отырды. Елжас қарындасын тамақтандыруға кірісті. Үлкен адам сияқты салмақты, аракідік Бибіге ақыл айтып қояды. Қыз оның айтқанын орындауға үйренген екен.

Анасының қойнына жатып үйренген Бибі ұйықтарға келгенде қыңқылдап жылап, үйге берген тапсырмасын жазуға отырған Елжастың берекесін алды. Ұйқы тығылған көзін укалап-укалап жіберіп есінейді де:

— Мамама байамын,— дейді жыламырап.

— Сен жата тұр. Мама қазір келеді,— дейді Елжас алдаусыратып. Бірақ Бибінің көнетін сынайы жоқ, ағасының қолынан ұстап алған. Олжас жатты да ұйықтап қалды. Елжас сабағына дайындала алмады, біраздан кейін өзінің ұйқысы келді. Мазасы кеткен қыз жаңа өнер шығарды.

— Мені көтей! — деп қыңқылдаған Бибі. Көзіне ұйқы тығылып, әрең тұрған жеті жасар бала оны қалай көтерсін.

— Басым ауырды,— деп жалтарып еді, Бибі көне қоймады. Елжас ашуға мінді, қабағын түйіп, қарындасына зеки сөйледі. — Жат та ұйықта, ертен ерте тұру керек.

Сылтау таба алмай тұрған қыз жылап қоя берді. Жұбатпақ болып құшақтап, бетінен сүйген ағасын кеудесінен итеріп, үйді басына көтерді. Не істерін білмей Асылхан абыржыды.

— Келе ғой мен көтерейін,— деп құшағын жайып еді, көзіне ұйқы тығылып әрең тұрған қыз қарсыласпады. Асылхан оны көтеріп жүріп, ыңылдап ән айта бастады. Кішкентай қыз танауы пысылдап ұйықтап қалды.

Балалар түгел ұйықтағаннан кейін Асылхан сыртқа шығып, есік алдында қыдырыстап біраз жүрді. Іргедегі кіші Алматы өзенінің сарыны бәсен. Соған қарағанда су сүйектеніп қалған сияқты. Жұлдыздар жыпырлап жиі шығыпты. Қаракөк аспанның төсінде із қалдырып, бір жұлдыз ақты. Түн әжептәуір салқын екен. Терістіктен өнменнен өтердей өткір жел соғып тұр.

Сыртта көп жүре алмай Асылхан ішке кірді. Үшеуі қаннен қаперсіз ұйықтап жатыр. Жігіттің жүрегі елжіреді, көнілін үш балаға деген аяушылық сезімі әуектеді.

Қағаз, қалам тауып, ата-анасына хат жазуға отырды, сөзді неден бастарын білмей басы қатты. Оқуға түсе алмай құрылыста жұмыс істеп жүргенін айтса анасының көңілі сөгіліп, мықтап қапаланатынын біледі. Өтірік айтып, анасын алдауға дәті бармады. Хабар бермей жатып алуға және болмайды, байғұс анасының түн ұйқысының төрт бөлініп, бір жапырақ қағазға зар күйде, ішін ит тырнағандай киналып жүргеніне күмәні жоқ. Ұлының амандығын білсе көңілі орнына түсіп, бір жасап қалар еді.

Ұзақ отырып анасына амандығын білдіріп, әкесінен кешірім сұрап, жарты бет хат жазды. Осыдан кейін иығынан басқан ауыр жүк түскендей бойы жеңілдеп, жаны жай тапты. Ұйқы шақыра алмаған жігіт бір бұрышқа әдемілеп жинап қойған газеттерді актаруға кіріскен, біраздан кейін одан да жалықты. Аяғанның жинаған кітаптарын қарап шықты, анау кезде Алмас екеуі алып келген қазақ энциклопедиясына шкафтан орын тимей, төбесіне шығып кетіпті. Ол біраз кітап жинапты және көпшілігі қолға түсе бермейтін асыл мүлік сияқты. Аяғанды көшіріскенде Алмас екеуін осы кітаптар шаршатқан.

“Апыр-ау, ол кісіні КГБ неге әурелеп жүр?”

Есіне Аяғанның әңгімелері түсті. “Сонда КГБ жеке адамдардың ықпалында жүре ме?” деген сұрақ Асылханның ойын тұсады. Қанша ойланса да бұл сұрақтың жауабын табуға ақылы жетпеді.

Мемлекеттік қауіпсіздік комитеті айналысатындай Аяғанның үлкен кінәсінің барына сене алмай ойы онға, санасы санға бөлініп, көңілін күдік арбады. Кісі баласына жаманшылық тілемейтін ақжүрек жігіт Аяғанның адалдығына сенді. Оның басын әуреке салып, жолына қақпан құрып, дандайсып жүргендердің ақиқаттан күшті еместігін ойлап, көңілін жұбатты. Есіне тарих факультетінің үшінші курс студенттерінің Орталық партия комитетіне Аяғанды қорғап, хат жазғаны түсті. Хат үлкен үйге жетісімен-ақ Шындықтың атқа мінетіндігіне, әділдіктен басқа сүйенері жоқ Аяған Қуатов сияқты адамдарға қысылмай, киналмай жамандық жасай беретін “айтқаны өтіп, атқаны жетіп” тұрған құдайдың қиянатшыл құлдарының басына қара бұлт үйірілетіндігіне Асылханның шүбәсі жоқ еді.

10

Аяған түні бойы кірпік ілмеді. Аядай бөлменің бір бұрышынан екіншісіне дейінгі аралықты адымдап, сонан сон табандап өлшеп, уақыт өткізуге тырысты. Бұл ермегі де жалықтырды, миын мүжіп жейтін ашқарақ ойдың қақпанына

түсіп қалмас үшін басқа алданыш табуға әрекеттенген, бірақ мұнысынан ештеңе шықпады.

Бала-шағасы ойынан шықпай берекесі қашты. Әсемнің жағдайын ойлады, Асылханның хабар айтып барған, бармағанын біле алмай тықыршыды. Бір сәт жасыл көз сары жігіттің бейәдеп қылығын есіне алып, жаны күйзелді. Әлгінің жала жауып, жазықсыз адамның басын жалмамақ болған әрекетіне қатты ызаланды.

“Апыр-ау, кінәсіз кісіні күйдіре салу деген түкке тұрмайды екен-ау. Оны қағазға түсіргендерін мойындап, қол қойып берсем темір тордың аржағынан бір-ақ шығар едім ғой. Шиеттей бала-шағам кімге керек, Шеше ауру, әке жоқ. Жетімектер шашылып далада қалмай ма. Жоқ, мойындамаймын ешқашан! Маған таңып отырғаны жала!”

Аяған іштей шамырқанып, әрі-бері теңселіп жүре бастады. Бірақ төтен келген бөтен сезімнен арыла алмады. Әлдебір сезік жүрегін шымшылап, жүйкесін шұқылап мазасын кетірді.

Қай жерде не айтқаны есінде тұрсын ба. Ет қызулықпен уақыттың мінезіне қайшы келетін, ешкімнің көзін шығарып, басын жармаса да әлдекімнің құлағына шаншудай тиетін сөздерді айтып жіберуі әбден мүмкін. Сүмендеп сонына түскен бір сүмелектің аузынан шыққан сөздің бәрін қалдырмай жазып жүрмегеніне кім кепіл?! Дәлелі болмаса жасыл көз сары соншалық еркін сөйлеп, сенімді отырар ма еді? Неге сеніп отыр? Кінәсі дәлелденбесе көлденен көк аттыны ұстап алып, күш көрсете ме, бекерден-бекер қамап қоя ма? Қаншалық үлкен қызметте отырғанмен заннан күшті емес шығар ол.

Жүре-жүре аяғы ауырған Аяған еденге шалқасынан түсіп жатты да, көңілін күпті қылған сұрақтарға жауап іздеді.

Үлкен қызметтегі адамның баласы немесе інісі, туысы әліпті таяқ деп білмесе де оқуға түсуге, диплом алып шығуға міндетті. Сонан соң қаптап жүрген жағымпаздар көптеп көмектесіп жүріп оны жаны киналмайтын жылы жерге орналастырады. Институтты зордың күшімен зорға бітірген ол дайын баспалдақпен тез-тез жоғарылайды немесе аз уақыттың ішінде ғылым кандидаты, сонан соң ғылым докторы болып шыға келеді. Бұдан кейін күні кеше кандидаттық еңбек жазуына көмектескен курстасына ғылыми жетекші болады. Сүйеуі жоқ бейшара атағы бар да абыройы жоқ ғылым докторының “басшылығымен” кандидаттық еңбек жазып қорғайды. Аяған мұндай парадокстың талайын көрді осы ғұмырында. “Сыйынғаныннан сүйенгенің мықты болсын” деген рас екен. Алдияр Ақпанұлы осы сөзді жиі айтып отырушы еді.

көбейтемін деп жанталаспады. Мұсахан қария кейбіреу сияқты қай жерден пайда түсер екен деп қасапшының итіндей жалмандаған жоқ, колхоздың байлығын ұрлап-жырлап үйіне тасымады. Сыпыраның ішінде отырып, жамбасының астынан жеп, кекірігі азған үзеңгі бауы сегіз қабат кейбіреудің ағыл-тегіл тіршілігіне қызығып, қызғаныш білдірмеді. Азына мөз болды, соған тәуба деді. Қонырқай ғана тіршілігі бар Мұсахан мен Айғанымның бала-шағасының амандығынан басқа тілегі жоқ еді. Ерлі-зайыпты екеуі үшін жетеуінің амандығынан асқан байлық та, бақыт та болмайтын.

Біздің бақытымыз – балалар, – дейтін Мұсахан қария кемпіріне. – Байлық – қолға жұққан май, жусан кетеді. Молшылық заманда аздап та болса жоқшылық көрмей өскен бала қайырымсыздау, парықсыздау болып өседі. Олар өмірдің бір сәткі ауырлығын, қиындығын көтере алмай тозып, жүнжіп кетеді. Жоқшылық көріп өскен бала бардың қадірін біледі, мейірімді болады.

Мейманасы тасып, тәубасын ұмыта бастаса есіне әкесі түседі. “Балам, адамның күні адаммен. Ақырын жүр, анық бас” деп сыбырайды әкесі әр сәт сайын. Осы өмірінде тірі пендеге жасаған қиянаты жоқ, шамасы келгенше көмектесті, ақылы жеткен жерге дейін әділ болуға тырысты. Жақсы болып жүрсе өскен ұясында алған тәрбиесінің арқасы шығар.

Бір ісімен әкенің көңілін қалдырды. Үндемей-ақ қоюына болар еді. Он екіде бір гүлі ашылмай тұрып қыршынынан қиылған боздақтар есіне түсіп, шыдай алмай шындықты айтқан. Әкем түсінер деп үміттенген. Бірақ Мұсахан қария түсінбеді.

– Партия айтса орындау міндет. Партияның айтуымен біз де соғысқа барғанбыз, қан төккенбіз, – деп айқайлаған әкеге пәтуа айтқан.

– Сіздер Отанды қорғадыңыздар. Ал біз ше? Біз кімді кімнен қорғадық?

Асылханның сөзін Мұсахан қария құлағына қыстырмаған. Қаршадайынан партияға табынып өскен шал үшін Ауғанстандағы соғыстың қателік екенін айтудан үлкен қылмыс жоқ еді. Сол үшін ұлын кешіре алмады.

Осы күні ол кісі қатты қиналып жүрген шығар. Мұсахан қария сырттай қараған адамға өте қатал сияқты көрінгенмен көңілі бос, болар-болмасқа егіліп жүре беретін күйрек кісі. Анасы байғұс күн сайын баласын ойлап, көз жасын сығып-сығып алатын шығар. Бауырлары хат жазған сайын “ауылға келіп қайт, анам екі сөзінің бірінде сені еске алып жылайды. Күннен күнге қартайып баралды.

Көкем де әрең жүр” дейді. Әкесінің беті онайлықпен бері қарамайтынын біледі. Ол кісінің діні қатты.

– Аға, шай қайнап кетті,— деді Елжас акырын ғана иығынан түртіп. Асылхан қалың ойдың иірімінен тез шықты. Газды өшіріп, дастархан дайындауға кірісті.

– Ал, балалар, қол жуындар,— деді дастархан дайын болған кезде. Алғаш көргендегідей емес, балалардың бойы үйреніп қалған сияқты, Асылханды жатырмамай, жалтақтамай келіп, дастарханға отырды. Елжас қарындасын тамақтандыруға кірісті. Үлкен адам сияқты салмақты, аракілік Бибіге ақыл айтып қояды. Қыз оның айтқанын орындауға үйренген екен.

Анасының қойнына жатып үйренген Бибі ұйықтарға келгенде қыңқылдап жылап, үйге берген тапсырмасын жазуға отырған Елжастың берекесін алды. Ұйқы тығылған көзін укалап-укалап жіберіп есінейді де:

– Мамама байамын,— дейді жыламсырап.

– Сен жата тұр. Мама қазір келеді,— дейді Елжас алдаусыратып. Бірақ Бибінің көнетін сынайы жоқ, ағасының қолынан ұстап алған. Олжас жатты да ұйықтап қалды. Елжас сабағына дайындала алмады, біраздан кейін өзінің ұйқысы келді. Мазасы кеткен қыз жаңа өнер шығарды.

– Мені көтей! — деп қыңқылдаған Бибі. Көзіне ұйқы тығылып, әрең тұрған жеті жасар бала оны қалай көтерсін.

– Басым ауырды,— деп жалтарып еді, Бибі көне қоймады. Елжас ашуға мінді, қабағын түйіп, қарындасына зеки сөйледі. — Жат та ұйықта, ертең ерте тұру керек.

Сылтау таба алмай тұрған қыз жылап қоя берді. Жұбатпақ болып құшақтап, бетінен сүйген ағасын кеудесінен итеріп, үйді басына көтерді. Не істерін білмей Асылхан абыржыды.

– Келе ғой мен көтерейін,— деп құшағын жайып еді, көзіне ұйқы тығылып әрең тұрған қыз қарсыласпады. Асылхан оны көтеріп жүріп, ыңылдап ән айта бастады. Кішкентай қыз танауы пысылдап ұйықтап қалды.

Балалар түгел ұйықтағаннан кейін Асылхан сыртқа шығып, есік алдында қыдырыстап біраз жүрді. Іргедегі кіші Алматы өзенінің сарыны бәсең. Соған қарағанда су сүйектеніп қалған сияқты. Жұлдыздар жыпырлап жиі шығыпты. Қаракөк аспанның төсінде із қалдырып, бір жұлдыз ақты. Түн әжептәуір салқын екен. Терістіктен өнменнен өтердей өткір жел соғып тұр.

Сыртта көп жүре алмай Асылхан ішке кірді. Үшеуі қаннен қаперсіз ұйықтап жатыр. Жігіттің жүрегі елжіреді, көңілін үш балаға деген аяушылық сезімі әуектеді.

Кезінде мән бермеугі ғой. Өйткені Аяған үшін Шындықтан үлкен ұғым жоқ еді бұл дүниеде. Шындық салтанат құрған жерде қиянат та, қараулық та өмір сүре алмайды деп ойлайтын. Оның түсінігінше Шындық күн сияқты еді. Кателескенін кейін білді. Шындық – Күннің бататын кезі болады екен. Аспанды қара бұлт басса Шындық – Күннің сәулесі жерге түспейді екен.

“Апыр-ау, осы біз қайда кетіп барамыз? Қоғамда болып жатқан былық пен шылықты барша халық аузына қарап отырған адамдар шынымен-ақ білмей ме?”

Аяғанның жолын осы тақылеттес сұрақтар кескелі талай уақыт болған. Өзі сенетіндей жауап таба алмай шаршайды. “Үкімет басында отырған адамдар білмейді” деуге аузы бармайды. “Олар біледі бірақ жаны ашымайды” деу ақылға сыймайды. Мемлекет басшыларының қоғамда болып жатқан қайшылығы көп процесті өте жақсы білетіндігіне Аяғанның күмәні жоқ. Біле тұра олардың жайбарақат отыруы мүлде түсініксіз. Ауруды жасырудың орнына асқындырмай емдеу керек емес пе?! Халық бәрін біледі. Жабық есіктің аржағында болып жатқан сан қилы оқиғаларды біліп қана қоймайды, сол жағдайлардың барлығына жан-жақты талдау жасап, әділ баға беріп отырады. Халық Брежнев туралы сан түрлі анекдот айтқаны үшін кінәлі ме? Бәлкім, халықты Ауғанстандағы соғысқа қарсы болғаны үшін жауаптау керек шығар?! Халық ешкімнен де, ештеденен де қорықпайды. Шындық үшін отқа түскен, өмірін оққа байлаған азамат аз емес. Ол қылышынан қан тамған Сталин заманында, отыз жетінші жылдың зобалаңында да күштіден қаймықпаған, шындықты өтірікке жығып берген жоқ. Халықтың шындықтан асқан қадірлі несі бар?! Ұлы шындықсыз халық өмір сүре алмайды.

Аяғанның кеудесінде осындай бір ащы айқай жатты. Бар дауысымен айқайлап тұрып айтқысы келді, кеудесіне толып қалған сол шындықты жарық дүниеге жарияласам деп құлшынды. Бірақ айқай кеудесінде тұншықты.

“Осы біз шындықты айтудан неге қорқамыз? Сол қорқыныштың кесірінен азаматтық бағдарымыздан адастық, азаматтық болмысымыздан айырылып қалған жоқ па екенбіз?! Қорқуға үйретті бізді. Сол қорқыныш баршамызды өзгені өтірік сыйлауға, шындықтан жалтарып қашуға, әруақытта жанымыздан қорқып, бұғып қалуға тәрбиеледі ғой. Бізді қорқыныш арқылы тәрбиеледі. Бәріміз, бәріміз қорқыныштың төліміз! Қиянат атты қазанатқа мініп алған әділетсіздікті Шындықтың шокпарымен ұрып жығуға болатынын біле тұра әрекеттендік пе? Жоқ,

керісінше, әділетсіздікті әдіспен жеуге тырыстық, қулықпен алуға құлшындық. Сөйтіп жүріп әділетсіздіктің жағына қалай шығып кеткенімізді білмей де қалдық қара басып. Әділетсіздіктің вирусы баршамыздың жанымызда бар. Оның тірілуі де, козуы да тез. Сол вирус бәріміздің бойымыздағы қарсылық иммунитетін жойған екен. Жойыпты біржола!.. Біз біржола жеңіліппіз!.. Біз шарапка тойып алып, намыс, ар, ұят атты киелі ұғымдарды талақ тастап, кісі кейпі бар хайуанның құшағында екі есті күйде жатқан салдақы сияқтымыз. Бізге бәрібір екен ғой. Біз арзандап кетіппіз мүлде. Бәріміз... Мынау қоғамды емдеу керек алдымен. Оны Шындықпен ғана емдеуге болады...”

Қолын жастанып, шалқасынан түсіп жатқан Аяған орнынан атып тұрып, жылдам-жылдам адымдап, ерсілі-қарсылы жүре бастады. Оқыстан келген ойлар ұйықтап қалған ашу-ызасын түртпектеп жүріп оятып алды. Көңілі тоқ уақытта ол шабаланбай, шаптықпай сабырға салатын. Екі-үш айдан бергі сергелдең әбден титығына тигендіктен бе, кейінгі кезде аса шамшыл болып алған. Тып-тыныш жатқан жерінен жұлып алған сан қилы ойдың тегеурінді құшағынан біразға дейін босанып шыға алмай жүйкесі үзілердей жіңішкеріп, кеудесіне сұрапыл дауыл кірді. Аяған кімге тиісерін білмей аласұрды.

Мәселе шешетін орындарға “момындар” – айтқанды бас шұлғып тындап, қалт еткізбей орындайтындарды отырғызып қойған, ат-тасына нәлет! Оларға шындық жақпайды. Қарсы пікір айтқан адам олар үшін жау. Сондықтан да шындықты шырылдап қорғаған “ақымақ” қуғын көреді, басын арашалай алмай азапқа түседі. Ақылы бар үндемейді, оған шындықтың керегі жоқ, – делі Аяған ашулана дауыстап. Жаны қатты киналған адамдай көзін шарт жұмып алып, қабағын тыржитып, екі жұдырығын түйіп, бөлменің қақ ортасында қимылсыз ұзақ тұрды. Бір кезде басын шайқап-шайқап алды да, терезеге тақап келіп, сыртқа көз салды. Терезе аулаға қарайды екен. Бір кварталды алып жатқан үлкен кеңсенің толып жатқан терезелерінің бірде біреуінде жылт еткен жарық жоқ. Бұл мекеме тәулік бойы дамылсыз жұмыс істейтіндей болып көрінуші еді. Ол үлкен жаңалық ашқандай танырқап біраз тұрды, сонан соң аяғын санап басып, бөлменің қақ ортасына келді.

Сталиннің тас түрмесінде көп жылдар отырып, жарық дүниеге шыққан талай адамды көрді. Оңашада барлығы мемлекеттің ит терісін басына қаптайды және диагнозды дәл қояды. Сөйте тұра шетінен сужүрек. Сәл қабақ шытып, доқ көрсетсен бейшараларда зәре қалмайды, иманы ұшып, безек қағады. Сол

шіркіндер әмісе үрейдін құшағында жүрсе де үндемей калмайды. Халық та осылар сияқты. Әкімдердің айтқанына бас шұлғып, олардың аузынан шыққанды құлдырандап жүгіріп жүріп тындырып үйренген, тек орындаушы болып келген халық шындықсыз өмір сүруге болмасын қашан түсінер екен? Мынау баяны жоқ дүниеде шындықтан қымбат не бар екен?! Шындық – халықтың өмірі емес пе?!

Аяғанның ойын ішке кірген адам бөліп жіберді. Аласа бойлы, төртбақ келген, жалбыр қас жігітті ол бірден таныды. Алғашқы әлетте құтқарушысы келгендей қуанып калған. Қуанышы су тиген шырақтай тез сөнді.

– Жарым түнде мазанды алғанымға кешірім сұраймын, – деп сызданды Мақсұт. Аяғанға көз қиығын тастап, жымып күлді. – Мені танымай тұрған шығарсың, сірә, Ахмет Байтұрсынов мырза! Біз сізге сәлем беруге келдік.

– Жолдас Мақсұт! – деді ызаға булыққан Аяған. – Менің бір мысқал кінәм жоқ. Кінәсіз адамды қамап ұстасын деген заң және жоқ.

– Бұл түрме емес, кенсе, – деп күлді Мақсұт. – Сен әлі кеңседесің.

– Әйелім ауру. Менің үйге қайтуым керек.

– Менің де әйелім ауру, балаларым жас, – деп мырс-мырс күлді Мақсұт. Жалғыз орындыққа жайғасып отырып алды. – Балаларымды қамап кеттім. Мемлекеттің жұмысы дегенде бала-шағаны ұмытамыз.

– Бала – мемлекеттің меншігі, – деді Аяған дықтанып. – Мемлекеттің балалардан бағалы, қымбат капиталы жоқ. Сен жеті түнде кінәсіз адамның жүйкесін жұқартып, уақытынды бекер өлтіргенше үйінде, бала-шағанның жанында отырсаң, мемлекетке көбірек пайда келтірер едің. Ал сен керісінше, мемлекетке тек қана зиян тигізіп жүрсін.

Мақсұт шалқайыңқырап отырып, Аяғанға зілдене қарады. Қабағы түксііп, ұзарып өскен қою қасы көзін жапты, ашуланғанда көзі кішірейіп, қатты тістенгендіктен бе шықшытының бұлшық еті бұлтиып шығып кетеді екен. Бекерден-бекер жәбір көріп, тиісерге қара таппай жүрген Аяған Мақсұттың ашулана бастағанын байқап, одан сайын үдеді.

– Мен де далада жатқан адам емеспін. Қоғамның капиталымын, – деді сәл ғана езу тартып. – Сендер коммунистік құрылыстың ең белсенді өкілін жөнсіз қамап, отыз жетінші жылдың тәсілімен жұмыс істей бастадыңдар. Бұл мың тоғыз жүз сексен екінші жыл...

– Жә, даурықпа! – деді Максұт орнынан тұрып. – Сенімен тәжікелесу үшін келгенім жоқ. Менің сұрақтарыма жауап бересің.

– Бере алмаймын. Мен алдымен бала-шағамның жағдайын білуім керек, – деп қырсықты Аяған. Максұттың қақпайлап қайда алып барарын іші сезеді. Қанша жерден ағынан жарылып, шынын айтқанмен қағазға сөзінің басқаша болып түсерін біледі. Максұттың өзіне деген пиғылының кандай екенін баяғыда-ақ біліп болған. Қолынен келсе Аяғанның түзелуге бет алған шаруасын қисайта салудан тайынбайды ол.

– Ештеңе айтпасаң ешқайда бармайсың.

Максұттың мінезін жақсы білетін Аяған оны шамдандыру үшін әдейі шамына тие сөйледі.

– Менің ұйқым келді, ертеңге дейін сау болып тұр, – деді қолын ұсынып. Іле-шала қолын тартып алып, қалтасына салды.

– Неменене жетісіп күлесің бейшара? – деді Максұт тістене сөйлеп. – Сенің бұл жерден жарық дүниеге шығуың онай болмас.

– Менің ұйқым келді, төсек қайда? – деп Аяған ақырып жіберді. Бірақ Максұт селт етпеді, шалқайынқырап отырып темекі тұтатты. – Темекі тартпа! Бөлме менікі.

– Ойна. Ойнап қал, – деді Максұт мырс-мырс күліп. – Жанын аман болса талай қызық көресің.

– Маған қызығынның керегі жоқ. Менің үйге қайтуым керек.

– Асықпа, – деді ол темекісінің түтінін Аяғанға қарай үрлеп. – Сені осында пропискаға отырғызамыз. Күніне екі-үш рет кездесіп тұрамыз.

– А-а, солай де... – Аяған жүні жығылып, монтансып қалды. Оны менсінбей тулағанмен қолынан ештене келмесін, Максұтта күш барын, өзінің басыбайлылығын, тәуелділігін іштей мойындады. Қисық сөйлеп, қыныр тартқанмен пайда таппасын. Максұттың айтқанына көнуден басқа амалының қалмағанын түсінді.

– Менің түк кінәм жоқ, – деді ол әлден уақыттан соң мұнайын отырып. Максұт оны мазактағандай мырс-мырс күлді.

– Лекцияда СССР-дің емес, орыс патшаларының тарихын оқып жүрміз дейсің. Қазақ хандары туралы да біраз мағлұматтарың бар сияқты ғой.

Аяған әдепкідегідей сасып, өзін-өзі қорғап, абыржыған жоқ. Кеудесін алай-түлей етіп, сыртқа лықсыған сұрапыл ашуды өрен тежеп, езу тартты.

– Лекциянда “біз өз халқымыздың тарихынан гөрі Рим империясының тарихын жақсы білеміз. Бізге қазақ халқының

тарихы керегі жоқ. Өйткені біз құлмыз” дейсің. Сонда кімнің құлысың? Ұлы орыс халқының гегемондық роліне қарсы екенінді жасырмай айту арқылы да тарихта қалуға болады.

— Бұл сөзді сен де талай айтқан шығарсың,— деді Аяған оған тік қарап. Мақсұттың жүзі шімірікпеді, оны табалағандай тағы да мырс-мырс күлді. — Біз сенен үйренгенбіз.

— Сұрақты мен қоямын, ал сен жауап бересің.

Аяған мысқылдай күліп, табалап, мерейі үстем болып отырған Мақсұтқа қарағысы келмей, басын тұқыртты. “Біз неге қазақ халқының тарихын оқымаймыз? Ата-бабаларымыздың тарихын мүлде білмейміз ғой” деп студенттерді дүрліктірген осы Мақсұт болатын. Жөн-жосық білмейтін ауыл балалары үшін мұндай сөз айту ерлікпен пара-пар еді. Студенттердің арасында беделі өсіп, деканаттың көзіне түскен Мақсұттың тасы өрге домалады. Курстың старостасы болды, келесі жылы факультеттің комсомол ұйымының хатшылығына өсті. Оның шын бейнесі сол кезде, қолы мансапқа ілінгенде көрінді. “Қазақ халқы үшін отқа түсемін” деп кеуде қағатын жігіт жүре келе қара басының мүддесін бәрінен жоғары қоятын болған. Араларына осы кезде сызат түскен. Кейін бір кафедрада қызмет істеген жылдары сол сызат үлкейіп, біржола кетісіп тынған. Мансаптың жетегінде жүріп шала білім алған Мақсұт ғылымда да сол тәсілмен дегеніме жетемін деп ойлаған, пенделік эгоизмнің құлақ кесті құлына айналған жігіт әбес қылықтарымен сүйкімін кетіріп алған. Ғылымның тайғанақ жолымен алысқа бара алмасын біліп, Мемлекеттік қауіпсіздік комитетіне ауысып тынған.

— Сонымен студенттер қазақ хандарының тарихын жақсы білетін болды ма? Айтпақшы, Сыздық төре туралы қолжазбамен танысып шықтым. Ол өзі неординарний адам болыпты ғой. Қанша орыстың обалына қалды екен? Санадың ба?

— Ол орыс халқына емес, самодержавиеге қарсы күрескен.

— Білеміз. Біз де оқығанбыз.

— Білмейсің!— деді Аяған түсін суытып. — Білсең бұлай сөйлемес едің. Біл-мей-сің!.. Сен мектеп мұғалімінің Алтын орданың тарихын білмейтін балаға кешіріммен қарап, Рим империясы немесе Киев Русінің тарихынан шатасса, оның жер-жебіріне жететінін білемісің? Білмейсің! Мындаған жылдық тарихы бар үлкен елдің, Ұлы халықтың тарих оқулығының пышақтың қырындай ғана жұп-жұқа кітап екенін білесің бе? Неге? Себебі — бізде тарих жоқ. Біз көктен түсе салғанбыз. Бізде мәдениет болмаған, өнер деген түсімізге кірмеген. Қазақ қала салмаған, егін екпеген. Өмір бойы қой баққан. Сен бұдан басқа

не білесің? Білсең де білмеген боласын. Себебі – саған кара басынның амандығынан баска ештеңенің керегі жоқ. Сен қорқыныштың құлысың. Сен құлсың! Орындаушы құлға мәдениеттің, өнердің, құдай-ау, тіпті халықтың керегі бар ма!?

Аяғанның айтқан сөздері Максұттың шамына тиді, қабағы қарс түйіліп, қою қасы екі көзін жауып қалды. Қатты тістеніп алғандықтан ба, шықшытының бұлшық еті бұлтиып шығып кетіпті.

– Міне, менің саған айтатын сөздерім осы. Кенес үкіметіне қарсы сөздер тапсаң жазып ал да, жазанды бере бер. Мен көндім, – деді Аяған ақырын ғана күрсініп. – Сендер соңына түскен адамды сүріндірмей, омақаса құлатпай тынбайды деп естігенмін. Мейлі, көріп алдым. Бірақ есінде болсын, менің өмірім балашағама, өзіме ғана емес, Отаныма, туған халқыма керек. Мені де іздейтіндер бар

Соңғы сөзді айтқанда Аяғанның көңілі босап, дауысына діріл араласты. Жоқтаушыларының бары рас, бірақ олардың қолынан не келсін. Анда барып, мұнда барып есік тоздырар, жылап-сықтар, ақыры түніліп, бір құдайға тапсырып қояр. Қартайған әке мен шешеді, шықпа жаным шықпалап сүйретіліп әрең жүрген Әсемде жолындағыны таптап, жаншып кете беретін алып машинаны тоқтататын күш қайда?! Ол машинаны аузын айға білеген небір мықтылар да тоқтата алмаған. Тоқтатамын деп алып машинаның доңғалағының астында қалған. Сеніп жүрген студенттерінің дауысы адамдардың тағдырын шешетін, күдіреті күштілердің құлағына жетер ме екен? Жеткенмен кішкентай адамдардың жан айқайына құлақ салып, көңіл аударар кім бар? Сондай адамдар шынында да бар болса жылдар бойы шырылдап шындық іздеген Алдияр Ақпанұлына неге ара түспеді? Туған халқы үшін қабырғасын сөгіп берер асыл адамды кара басының қамы үшін ғана өмір сүріп, жалғанды жалпағынан басып жүрген қиянатшыл топ жабылып талап жатқанда қайда қалды солар? Оларға бөрібір. Үлкен орында отырған үлкен билігі бар адамдарға Алдияр Ақпанұлы сияқты алып тұлғалардың керегі жоқ. Алыптардың көленкесі түседі. Сондықтан оларға Алдиярлар емес, аузынан шыққанды қалт еткізбей тындыратын орындаушы құлдар бағалы.

Аяғанның есіне Алдияр қарттың “мен шындықты өмір бойы іздедім, бірақ таппадым” дегені түсті. Жігіттің жамауы көп жадау көңілі одан сайын құлазыды.

– Сенің сөзіңе қарағанда, біздің мекеме жазалаушының рөлін атқаратын сияқты, – деді Максұт орнынан тұрып жатып. – Сен

сонда сүттен ақ, судан тазасың ғой. Сөзіне карағанда, бәріміз карауыз да, бір сен ғана тазасың. Сен баяғыда-ақ осылай дейтінсің. Барлығымыз сауатсыз, қабілетсіз, білімсіз едік, ал сен өзінді ерекше адам санайтынсың,— деді Мақсұт аяқ астынан қалтырай бастаған қолын қалтасына салып жатып. Аяған оның қатты ашуланып тұрғанын білді. “Баяғы есіне түскен шығар” деп ойлады. — Мен ештеңені ұмытқан жоқпын.

Оның ескіні ұмытпағанын, ешқашан ұмытпайтынын Аяған айтқызбай-ақ білді. Мақсұттың кандидаттық еңбегіне ең бірінші болып қарсы шыққан Алдияр Ақпанұлы еді. Аяған да шалдың жағында болатын. Ғылыми кеңесте Алдияр бастап, бұл қостап Мақсұттың еңбегін жоққа шығарды. Жақия шырылдап қорғағанмен оны қолдаушылардың саны аз болды.

“Мейлі, қолынан келгенін істесін” деп ойлады Аяған. Сағатына қарады, түннің бір уағы болыпты. “Балалар ұйықтап жатқан шығар”. Боталары есіне түсіп, көңіліне кара шапты. Олар әлденеге ұрынып қалғандай жаны дызығып, берекесі кетті. Төтен келген бөтен ой оны әлдеқайда, көрдей қараңғы бір қиырға сүйреп алып кетіп бара жатқан сияқты. Аяғанда қарсыласар қауқар қалмағандай. Екі көзі қабағы түксііп, өзіне ызалана қарап, мелшііп тұрған Мақсұтта. “Мына кәпірдің түсі қандай суық еді” деп ойлады.

— Өкінішке орай, кешегі күнді сен ұмытып қалдың-ау,— деп суық жымыды ол. Аяған селк етіп, бойын жиып алды.

— Мені босат. Үйге барып, бала-шағамның жағдайын біліп келейін. Сағат алтыда осында боламын. Әйелім ауру еді.

Мақсұт асықпай темекі тұтатты. Темекіні асықпай сорып, көк түтінді жыларман болып тұрған Аяғанның бетіне үрледі. Мақсұттың өзіне жасаған қысастығына қатты қорланған жігіттің өні сұрланып, танауы қусырылды.

— Айқай, дүние-ай! — деді күйіне дауыстап. — Ай, әділетсіз дүние-ау!— деді сонан соң жыларман болып. Дауысы қарлығып қалыпты. — Сен де әкемін деп жүрсің-ау. Сенде жүрек жоқ. Сенде кішкентай кісілік жоқ. Баяғыда осындай тексіз ең. — Түксііп тұрған Мақсұтқа жек көріп қарады. Ол темекісін құмыға сорып, аядай бөлменің ішін көк түтінге толтырады. — Мына мекемеге сен сияқтыларды әдейі тандап алатын шығар.

— Қысқарт!— деп жекірді Мақсұт тістене дауыстап. Бір басып тоқтап, екі басып тоқтап, Аяғанға жақындады. Шықшыты бұлт-бұлт етеді.

Адам емессің,— деді Аяған, ашуға тұншығып, жүзі нарттай болып қызарып кетті. Тағы да айтар сөзі көп еді, кенет қарсы

алдында тұрған Максұт шұғыл кимыл жасады, Аяған қорғанып үлгермеді, асқазанына жұдырық тиіп, бүк түсіп отырып қалды. Ауа жетпей қиналды, көзінен мөлт-мөлт жас шықты. Максұт мына ісіне разы болғандай езу тартып, екі бүктеліп отырған жігітті иығынан теуіп құлатты да, шығып жүре берді.

11

Олжас пен Бибіні балалар бақшасына, Елжасты мектепке жеткізіп салғаннан кейін Асылхан екі өкпесін қолына алып, Алмастың жатақханасына жүгіріп жеткен. Оның орнын сипап қалды, досы бүгін елден бұрын тұрып, институтқа кетіп қалыпты. Оны институттан табарына сенімі болмай Хадишаны іздеп келген.

Кішкентай балаларды бағып-қағу ер адамға аса қиын екен. Ұйқысы ұйқы болмады. Бибі түн жарымда оянып алып, шешесін іздеп, қоймай жылады. Әлдилеп жүріп әрең ұйықтатты. Күнде осылай бола берсе не тамтығы қалады. Әсемнің ауруханада қанша жатары бір құдайға ғана аян. Аяғанды қашан босатарын ешкім білмейді. Үш әріптің қолына түскен адамның оңайшылықпен босана алмасын іші сезеді.

“Кішкентай балалардың жанында әйел адамның болғаны дұрыс” деп ойлаған Асылханның таңдауы бірден Хадишаға түсті. Өмірден көп қиыншылық көрген, жетім болып өскен қыздың үш баланы шешелерінен кем әлпештемесіне ол сенді. Бала дегенде Хадишаның емешегі езіліп тұратынын талай рет байқаған.

Болған жағдайды естіп, Хадишаның көңілі сөгіліп, әбден әбігерленді, балаларға аяушылық білдіріп, көзіне жас іркілді. Жұмыста жүргенде жөнсіз қылжақтап, маза бермейтін әулекі жігіттердің мысын басып тастайтын қайсар қыздың мына қылығына Асылханның іші жылып қалды.

“Бала дегенде әйел атаулының жүрегі езіліп тұрады-ау” деп ойлады. Есіне анасы түсіп, жүрегі әлсіз ғана шым етті.

— Мынау үйдің кілті. Үйге бар,— деді кілтті қызға ұстатып. — Алдымен Әсемге барып, жағдайын біл.

— Ол кісі қай ауруханада жатыр екен?

Асылхан аурухананың адресі мен Әсемнің аты-жөні жазылған бір жапырақ қағазды қыздың қолына ұстатты.

— Аяған туралы ештеңе айтпа,— деп ескертті жігіт. — Сұрап қоймаса “әкесі ауырып қалыпты, бір-екі күнге ауылға кетті” дей сал.

— Мен кіммін деп барамын?— деп қиналды қыз. Екі көзі жаутандап, Асылханға жалбарына қарады. — Ол кісі мені мүлде білмейді ғой.

– Білмесе таныс. Хадиша деген Алмастың үйіндегі келінініз боламын де.

Қызарақтаған Хадиша жымыңдап күліп тұрған Асылханды иығынан түйіп-түйіп жіберді.

– Ұятсыз! Кетші ары тегі!..

– Мен бе ұятсыз?

– Иә, сен...

– Мен емес, мына сіз құрметті Хадиша Қалиқызы және Алмас Байсанов екеулеріңіз... Бізден жасырынып, киноға барасыздар, екеуден-екеу ресторанда отырасыздар. Бізден бөлініп суретке түсесіздер,— деп Асылхан әзіл-шыны аралас біраз әңгіменің басын қайырып тастады. Қыз енді шын қызарды, сасқанынан сықылықтап күле бастады.

– Оны кім айтты саған?

– Менің тыңшыларым бәрін біліп жүреді. Сонан сон телевизордан бәрін көріп отырамын. Алмас екеулеріңнің маршруттарыңды беріп қойғанмын.

– Олар бізді шатастырған ғой. Біз ресторанға барған жоқпыз,— деп Хадиша сықылықтай күлді.

– Білеміз, бәрін білеміз. Даже Алмас Байсанов деген біреумен август айының жиырма жетісі күні Көктөбеге барғандарың да біздің кітапта жазулы тұр, қарындас,— деп жымыңдады жігіт. Хадишаның екі беті қалақай шаққандай әп-сәтте қызарып шыға келді, лекілдеп еркін төгілген күлкісі кілт тиылып, аяқ астынан абыржыды. Жалт бұрылып, жүгіре басып, бөлмеден шығып кетті.

Асылхан аң-таң. Жанағы сөзді айтқанда ойында ештеңе жоқ еді. Тамыз айының жиырма жетісі күні Хадишаны “Ауыл” ресторанына алып барғанын, сонан кейін екеуі Көктөбенің биігіне шыққанын, бақты аралап қыдырғанын Алмас айтқан. Қыздың жүзінің әп-сәтте нарттай болып қызарып шыға келгеніне қарағанда, екеуінің арасында айтылмайтын, үшінші адам білуге тиіс емес оқиғаның болғанын Асылханның іші сезді. Ойланбай айтқан сөзіне қысылып, “Хадишаны ренжітіп алдым-ау” деп қынжылды.

Екі беті дуылдаған Хадиша ұзын дәлізбен жүгірген бойы жуынатын бөлмеге келіп кірді. Жүрегі лүпілдеп, ішіне шок түсіп кеткендей күйіп-жанды. Сұп-суық сумен бетін жуды, бірақ дуылдағаны басылмады. Екі ұдай күйге түсіп, жыларын да, күлерін де білмей әбігерленген қыз іштей Алмасқа ренжіді. “Талай адамға айтып, мактанған шығар” деп ойлап, көңілі одан сайын құлазыды. “Ол мені сүйсе арамыздағы жағдайды жұртқа жаймас еді ғой” деп налыды. Оның соңғы уақытта әр нәрсені сылтауратып,

кездесуден қашып жүргенін есіне алып, көзіне жас үйірлі. Көңілі күдікке күпті бола тұра Алмасты жамандыққа кимады.

Хадиша киініп алып, Әсем жатқан ауруханаға тартты. Жолай айран, қаймақ, төтті токаш іздеп, біраз айналған. Сағат он бірден аса Кенес көшесіндегі жедел жәрдем ауруханасына келіп, әкелген заттарын беріп жіберген. Көп ұзамай жүгіре басып медбике қыз жетті.

– Әсем Қуатоваға келген сіз бе? – деді ол қысылып тұрған Хадишадан көз алмай. Қыз бас изеді. – Ол кісінің жағдайы өте қиын.

– Бері шықпай ма?

– Мен не деп тұрмын сізге?– деді медбике қыз ашуланып. – Реанимацияда жатыр.

Хадиша шошып кетті. Медбикенің түріне қарап, Әсемнің жағдайының өте нашар екенін түсініп, көңіліне үрей кірді.

– Күйеуі бар ма өзінің?

– Бар, – деп күбірледі Хадиша.

– А-ай, оңбаған! Кешелі бері карасын көрсеткен жоқ. Ал әйелі өлім аузында жатыр, – деп медбике көзіне жас алды. Хадишаның көзіне де жас іркіліп, екеуі біраз уақыт үнсіз қалды. Әлденнен кейін медбике дауысы дірілдеп, сөзін жалғады. – Түстен кейін келіп, дәрігерге жолығыңыз. Мен ештеңе білмеймін.

– Ол кісі қандай сырқат?..

Медбике Хадишаға алара қарап, ызалана сөйледі. Адамның бес тиындық құны болмады.

– Адамның өзін керек қылмаған саған онын ауруын білудің қанша қажеті бар?

– Мен бөтен адаммын, – деді Хадиша, ес жиып, еркін сөйледі.

– Ол келіншектің күйеуі түрмеде.

– Ой, бейшара-ай! Балалары бар шығар, – деп медбике көз жасын сығып-сығып алды. Хадиша оған таң қала қарады, әдетте адам өлімін көп көретін медбике атаулыны аса қатал, тіпті кейде қатыгездеу болады деп түсінетін. Әртүрлі аурулардың арасында көп жүргендіктен қиналған адамдардың жалынышты үніне олардың еті үйреніп кететін шығар деп ойлайтын. Анау бір жылы ауруханада жатқанда осының шындығына көзі жетті. Түні бойы бебеулеп, қу жанын қайда қоярға білмей жанталасқан ауру әйелдің жалынышты үні медбикелердің құлағына шалынбады ма, бірде біреуі жоламай қойған. Шыдай алмай жүгіріп барған Хадиша медбикеден сөз естіген.

Одан басқа да аурулар аз емес. Мен оған не істеймін?– деген қасы-көзін әлеміштеп бояп алған келіншек. Езуіне сүйкімсіз

күлкі ілініпті. Мынау мүлде баска, екі қолы дірілдеп, жылап тұр. Егіліп тұр бейшара.

– Ол инфаркт алған!..

Мына хабардан кейін Хадишаның зәресі ұшып, тілі байланды. Ауа жетпегендей тынысы тарылып, басы айналды. Көзін жұмып, екі алақанымен бетін жауып, біраз уақыт үнсіз қалды. Ес жиып, өзіне өзі келген соң медбикемен қоштасып, сыртқа шықты. Жүгіре басып аялдамаға келді. Өне-міне дегенше Әсем о дүниеге аттанып кететіндей көңілі алай-дүлей, тұла бойын сұрапыл қорқыныш билеп алған. Тезірек Алмасты тауып, естіген-білгенін жеткізуге асықты. Ол Әсемді аман алып қалудың жолын табатындай болып көрінді. Қыздың жүз түрлі ұлт тұратын мынау үлкен қалада Алмастан басқа жақыны, жанашыры болған емес, қысылғанда қымсынбай барып ақыл сұрайды, ұсақ-түйек мәселенің өзін онымен келіспей шешпейтін әдет тапқан.

Алмас лекцияда екен. Үзіліс болғанша Хадиша тықыршып, дәлізге сыймай кетті. Адам асыққанда уақыт өтпейді екен, ол күнді бақанмен итергендей болды. Әсем осы екі арада жүріп кетсе оның обал-сауабын арқалайтындай жаны қысылып, шыдамсызданып барып, екі-үш рет есік ашып, Алмастың көзіне көрінгенмен ол шыға қоймады. Қайта жақтырмаған рай танытып, кабак шытты. Өз қылығынын әбес болғанын түсініп, іштей қысылған қыз Алмастың кабак шытқанын жақтырмаса да оны кінәламады. “Әсемнің жағдайын естісе жүгіріп шығар еді ғой” деп, оған әдеттегідей шан жуытқысы келмеді.

Хан сәскенің кезінде онаша жолыққан Алмасқа болған жағдайды асығып-аптығып айтып шықты. Әсемнің өлім аузында жатқанын ести тұра Алмастың беті бүлк етпеді, әлдекім аңдып жүргендей әлсін-әлсін жан-жағына қарағыштап, берекесі кетті.

– Тезірек барып, дәрігерге жолығу керек,— деп аптықты қыз. Жігіт қиналғандай кабак шытты.

– Қазір семинар болмақшы еді,— деп күмілжіді жігіт. — Барған- мен не істейміз? Біз айтсақ та, айтпасақ та олар адам өмірі үшін күресуге міндетті емес пе.

– Сонда да болса барып келейік.

– Дәл қазір бара алмаймың,— деп қынжыла сөйледі жігіт. — Біз барғанмен ол кісі орнынан тұрып кетпес. Оның үстіне...

Алмас тілін тістей қойды. Аяғанның басына қара бұлт үйірілгенін, онымен байланысы бар адамдардың ізіне аңдушы түскенін айтқысы келген. Хадишаның өзін дұрыс түсінбесін сезген жігіт әңгімесін шорт үзді.

– Білесің бе, Алмас, кеше Аяған ағаны алып кеткен.

– Кім? – деді Алмас селк етіп.

– КГБ-ның адамдары дейді.

Аяғанның соңына Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің адамдары түсіп жүргенін Жакиядан естігенмен оны бүгін-ертен ұстап кетеді деп ойламаған Алмастың иманы ұшты. Тіпті Жакиядың сөзіне алғашқы әлетте сенер-сенбесін білмей олқы-толқы күй кешкен. Хадишаның жайсыз хабары төбесінен жай түскендей әсер еткен, жігіт бір сәт есеңгіреп қалды.

Алмастың үрейленетіндей реті бар еді. Мемлекеттік қауіпсіздік комитеті туралы ол әртүрлі қорқынышты әңгімелер естіп өсті. Әкесі мың тоғыз жүз қырық алтыншы жылы ұсталып, Сталиннің тас түрмесінде тоғыз жыл отырған. Ол кісінің көзіне жас алып отырып айтатын әңгімелерін жайбаракат тындау тіпті мүмкін емес еді. Оның түрмеде көрген қорлық, қиянаттары туралы әңгімені естіп, анасы егіліп жылайтын, оған балалары қосылатын.

Әкенің әңгімелері арқылы үш әріптен тұратын жұмбақ мекеме мен сол жерде қызмет атқаратын адамдарға байланысты Алмаста өзіндік көзқарас қалыптасқан. Олар соңына түскен адамның алысқа ұзамай омақаса құлайтынын, содан қайтып онала алмайтынын іші сезетін.

“Ол мекеме негізінен мемлекетке қауіпті адамдардың, үлкен қылмыскерлердің соңына түседі. Қосақ арасында мен сияқты шабақтар да кетеді” деп күлетін әкесі. Демек, мемлекетке қауіпті адамдарға ешқашан кешірім болмайды. Ондайлармен байланысы бар, аралас-құралас жүретін шабақтар қосақ арасында кетеді екен.

Осыны ойлап, Алмастың қорқынышы күшейе түсті. Аяғанды кеше алып кетсе, көп уақыт өтпей басқаларды да бір-бірлеп жауапқа шақыра бастайтындығына оның күмәні қалмады. Орталық партия ұйымына хат жазған студенттердің көпшілігінің Аяғанмен тығыз байланысы жоқ, демек олардың құтылуы онай. Таяқ айналып келгенде осының басына тиеді екен. Хатты жазған, студенттерді ұйымдастырған кім? Хатқа қол қойған курстастары жаны қысылғанда тайқып шығып, болған жағдайды баяндап бермес деймісің. Үш әріптің қолына түскеннен кейін ойдан құрастырылған өтіріктерді, жалған бопсаларды, жаланы мойындауға тура келер. Мойындамасына көнбес. Әкесінің тоғыз жыл отырып келгенін тілге тиек етер. Ол кісінің не үшін отырғанында, қосақ арасында кеткенінде шаруалары бола қоймас. “Берия Кеңес одағының батыры болатындай қанша фашисті өлтіріпті” деген жалғыз ауыз сөз бәле болып жабысыпты әкесіне.

Ұлы Отан соғысының алғашқы күнінен бастап, ең соңғы сәтіне дейін оқ пен оттың ішінде жүрген, бірнеше рет жараланған, әлденеше орден алған адамның еңбегі мүлде ескерілмеген. Барлық еңбегін қара сиямен бір-ақ сызып, кеудесіндегі орден-медальдарын сыпырып алып, тоғыз жылға соттап жіберген.

“Үш әріптің қолына түспе,— дейтін әкесі. Қолына түссен құтылуың қиын болады”.

Қорқыныштың құшағынан шыға алмай аласұрған Алмас өзін кадала қарап қалған Хадишаға жалт бұрылып, жымыып күлген болды.

— Қиын болған екен,— деді Алмас дауысы бұзылып. — Ауылға, әке-шешесіне тілграм беру керек шығар. Балалары далада қалды-ау.

— Балалардың жанында кеше Асылхан болыпты. Кішкентай қызы түнімен жылапты бейшара. Бүгін олардың жанында мен боламын,— деп жігітке көз қиығын тастап, наздана жымыды. Алмас оның түпкі ойын түсінді.

— Қонырау соғылды,— деп Алмас асыға бастады. Айтылмай қалған әңгімесі бардай қыз оның костюмінің жеңінен ұстап, жібермей тұр. Көмейдегі көмескіні білгіш сұңғыла жігіт оның қандай әңгіме айтпаққа оқталғанын сезіп, алдын орады. — Кейін сөйлесейік, Хадиша.

Алмас жалт бұрылып, жүгіре жөнелді. Хадишаға ол қашып бара жатқандай болып көрінді. Жігіттің соңынан ұмтыла түсіп:

— Алмас, қашан келесің?— деп дауыстады. Жігіт оның дауысын естімеді ме, қайырылмай кетті.

Қыздың көңілін көлеңке жайлады. Алмасқа келерде істейтін шаруасы, айтатын сөзі тым көп сияқты еді, енді міне, қайда бағдар түзерін білмей тосылып тұр. Жүрер жолы тұйықталып қалған сияқты. Дүние өртеніп бара жатқандай екі өкпесін қолына алып, жүгіріп кетіп еді, Алмас аспай-саспай барлық мәселені шешті. Шынында да дәрігерге барғанда не бітіреді? Айт, айтпа кеңес дәрігері кеңес адамының өмірі үшін күресуге міндетті.

Уақыты мол болғандықтан Ленин көшесіне қарай аяңдады, автобусқа отырып, Аяғанның үйіне бармақ. Кешке дейін қолы бос, үйдің ішін тазалайды, жолай дүкенге соғып, керек-жарағын ала кетеді. Асықпай отырып тамақ жасайды. Алмастың келетінін ойлап, Хадишаның жүрегі лүпілдеп келіп, алқымына тығылды. Жүрісі ширап, аяғын жебей басты.

Сағат жетіден аса бере үш баланы жетектеп Асылхан жетті. Оны көріп, Хадишаның беті дуылдады, бас көтеріп қарауға батылы бармай жанарымен жер шұқып, жымындап күле береді. Әйел адамды көрген Бибі:

— Мама! Мама! — деп қуана дауыстап, құшағын жая ұмтылған. Екі-үш адым қалғанда оның бөтен екенін біліп, кілт тоқтады. Екі көзі Хадишада, аң-таң қалып, состиып тұр.

— Келе ғой, айналайын,— деп Хадиша құшағын жайды. Бибі аузын бұртитып, бір басып, екі басып оған жақындай түсті. — Міне, мен саған кәмпит әкелдім. — Бибінің қолына екі тал кәмпит ұстатып, құшақтап бетінен сүйді. Кішкентай қыз жатырмады. — Менің атым — Хадиша, сенің атың кім?

— Бибі,— деді қыз сыбырлап.

— Мамаң келгенше екеуміз бірге жүреміз. Мақұл ма? — Қыз ақырын ғана күрсініп, бас изеді. Оның оп-оңай келісе салғанына риза болды ма, Хадиша шөпілдетіп әр-әр жерінен сүйді. — Мамаң келгенше екеуміз бірге жатып жүреміз. Мақұл ма?

Бұл жолы қыз томсарып, төмен қарады.

— Мені мамаң жіберді,— деді Хадиша қыздың ойын тез танып. — Мен барғанша Бибіні қойнына алып жат, қорқып қалмасын деді. Мамаң солай деді. Мақұл ма? — Қыз бұл жолы келіскендей бас шұлғыды. Хадиша оның бетінен шолп-шолп сүйді. — Өзің қандай тәтті қызсың.

— Кеше кө-ө-ө-п кәмпит жедім,— деді қыз мақтанып. Елжас қарындасының жауабына сүйсініп, жылы жымыды. Асылхан күліп жіберді.

— Балалар, бұл Хадиша деген тәтелерің,— деп ол жатырқап, жақындай алмай тұрған екі ұлды жетелеп, қыздың жанына алып келді.

— Бибі, мені ағаларыңмен таныстырмайсың ба,— деді қызды құшақтап отырған Хадиша орнынан тұрып.

— Мынау Елжас аға, мынау Олжас деген бала,— деп Бибі екі ағасын кеудесінен шұқып-шұқып көрсетті. Хадиша өзіне жасқана қарап, томсарып үндемей тұрған екі баланы құшақтап беттерінен сүйіп, қалталарына кәмпит салып берді.

Мамаларың ауруханадан шығып келгенше мен сендерге тамақ жасап беріп тұрамын,— деді Хадиша үшеуінің басынан кезек-кезек сипап. — Көкелерің Москваға кетті. Сендерге көп-көп базарлық әкеледі.

Аналарының ауруханада жатқанын, әкелерінің Москваға кеткенін жаңа естіген балалар аң-таң қалып, Хадишаның аузына қарап тұр. Екі кішкентайдың қаперінде ештеңе жоқ, бір-біріне

конфеттерін көрсетіп, мөз болып жымын-жымын күледі. Елжас бір сыр аңғарды ма, екі көзі жыпылықтап, кемсеңдей бастады. Мына жағдайдың аяғының қайда барып тірелерін сезіп, Хадиша өңгіменің бетін басқа бағытқа бұрып жіберді.

– Мен сендерге тамақ жасап қойып ем. Кәне, Елжас, киімдерінді ауыстыр. Жүр, Бибіш, қолыңды жуып келейік,– деп кішкентай қызды жетектей жөнелді. Елжас пен Олжас киімдерін ауыстырмақ болып, түпкі бөлмеге кірді.

– Мен Алмасты ертіп келейін. Ол хабарсыз жатыр-ау, сірә,– деді Асылхан кішкентай қызды жетектеп келе жатқан Хадишаға тура қарауға тайсақтап. Қыз үндемеді, шындықты айтуға батылы бармай жымындап:

– Мен тамақ дайындап қойып ем,– деп теріс айнала берді.

– Ал, балалар, Хадиша тәтені тыңдап, тілін алып жүріндер,– деді Асылхан екі ұлмен қол алысып қоштасып жатып. – Ал жақсы!..

Жігіт шығып кеткен соң барлығы дастарханға отырды, Хадиша балалардың асты-үстіне түсіп, бәйек болып жүр. Әйел аламның мейірімін жүрегімен сезінгендіктен бе Бибі өте көңілді. Жанында отырған Олжастың тамағын қытықтап, сықылықтап күледі.

– Менің маманың аты Әсем, ол әйбат.

– Әсем келгенше мен саған мама бола тұрайыншы,– деп қиылды Хадиша. Кішкентай қыз томсарып үндемей қалды. Қабағы тұнжырап, оны жақтырмағандай көзінің астымен қарады. Хадишаның ұсынысын қабылдамаған екі ұлдың қабағы түсіп, дәм сызбай сазарып отырып алды. Айтарын айтып алып, балалардың алдында қалай ақталарын білмей Хадишаның маңдайынан тер шығып кетті.

– Сен мама емессің. Сен тәтесің,– деді бір уақытта Бибі. Хадиша оны күшағына қысып, бетінен сүйді.

– Иә, мен тәтемін. Сен менің сіңілімсің. Елжас пен Олжас інілерім,– деді тұйықтан шығар жолдың табылғанына қуанған Хадиша күліп. Осыдан кейін балалардың қабағы ашылып, дауыстары ашық-жарқын шыға бастады.

Балаларды тамақтандырып, дастарханды жинағаннан кейін, қайта-қайта далаға шыққыштап, Хадишаның тағаты таусылды. Көңілін күдік кеулеп, төзімі түгесілген қыз ауладан шығып, қаранғы көшенің түкпіріне телмірді. Бұл бұрыннан бар әдеті, Алмаспен кездесетін күні дегбірі қашып, уақытын өткізе алмай аласұрып кетеді. Қашан болсын Алмас келмей қалатындай көңіліне күдік шауып, ойы сан-сакқа жүгіреді, басын уайым қанғыртады. Қашан ол келгенше қу көңіл орнына түспейді.

Бүгін де сондай күдік көңілін жаулап алып, тықыршып берекесі кашты. Оның қабағындағы кірбінді Елжас байқады. Ой түкпірін ақтарып, бей-жай болып отырған Хадишаға кедергі жасағысы келмеді ме, балалар түпкі бөлмеге кіріп кеткен. Ол екеуінің немен айналысып жатқанын кім білсін, анда-санда кішісінің өкпелі дауысы естіліп қалады. Бибі демнің арасында бауыр басып алған, Хадишадан бір қарыс қалмай, етегінен айырылмай жүр. Далаға шығарда ғана екі баланың жанына қалдырады.

– Тыныш отый! Быт-шытыңды шығаям! – Хадишаның алдында отырған Бибі қуыршағының құйрығынан нұқып, сөйлеп қояды. Сонан соң қуыршағының аркасынан ұрып-ұрып алып, жұбата бастайды. – Жылама, бөпем, жылама! Көп жыласаң шашың түсіп қалады. Тақа таз боласың. Таз, таз, тақа таз!..

Хадиша шыдай алмай күліп жіберді. Өзімен өзі алданып отырған Бибі “бұл неге күлді” дегендей шалқайып оның бетіне қарады, сонан соң өз шаруасына кірісті. Хадиша күлкісін кілт тиып жан-жақтан анталап келіп, бас салған ашқарақ ойлардың жетегіне ілесіп кетті...

Анасы қайтыс болғанда Хадиша небәрі тоғыз-ақ жаста еді. Одан бері он бір жыл уақыт өтіпті. Анасы қараған көздің жауын алардай көркі бар келіншек еді. Ол кісіге аяқ астынан жаман дерт жабысты да, ес жиюға мұрша бермей алып ұрды. Айлап ауруханада жатқанмен дертінен айықпаған соң, бақсы-балгерлерді төніректеген. Ауру бір айналдырса алмай тынбайды екен. Бас-аяғы бірер айдың ішінде бұлғандап жүрген ақ сазандай бұла келіншек аруақтай арып, адам танымастай өзгерген. Жарқылдап күліп, жарқырап жүретін келіншек сағатының таяп қалғанын сезе тұра сарыуайымға салынып, салбөксе болып жатып алмай қыбырлап үй тіршілігін істейтін, танертен тұрып шай қоятын, сонан соң өлердей мас болып келіп, қорылдап ұйықтап жатқан күйеуін және балаларын оятатын. Балалардың кішісі Хадиша анасының қабағындағы кірбінді көріп, оның көңілін аулауға тырысатын. Ананың жалғыз қызға деген ілтипаты да бөлекше еді. Ажал арсыздың ізін аңдып жүргенін сезді ме, кішкентай қызын бауырына басып жатып, егіліп жылайтын. Хадишаның кішкентай жүрегі бір сұмдықтың жақындап қалғанын сезіп, анасының мойнынан қапсыра құшақтап алып, бетінен, тамағынан шөп-шөп сүйетін. Ана мен қыз түннің бір уағында талықсып барып ұйқыға кететін.

Таңертен барлығы үн-түнсіз отырып шай ішетін. Құдайдың құтты күні ұрттамай келмейтін әкесінің таңертен бір кесе шайды тыжырынып, локсып отырып әрең ішетіні есінде. Айсараның

түнжырап, кабағынын ашылмай отыратынына ызаланып:

– Мен жетіскенімнен ішіп жүрген жоқпын,— дейтін айқайлап.
– Тірі калу үшін, қуырдақ болған қу жанымды сақтау үшін ішіп жүрмін, әкри!.. Басқа жер табылмай қалғандай дәл іргемізге алып келіп, гүрс-гүрс бомба жарып жатыр, әкеңнің!.. Дүниенің бәрі радиация!.. Баяғыда айттым саған. Іш дедім. Түсінбедің. Міне, ақыр аяғы радиацияның жемтігі болдың, байғұс. Өзін кінәлісің...

Айсара бейшара ләм демейді, балалар көрмесін дей ме, теріс қарап отырып, көз жасын сығып-сығып алатын. Дауыс шығарып жылайтындай қауқары да қалмап еді. Аузына келгенді айтып, аһлеп-уһлеп жұмысына кетіп бара жатқан әкесін жек көріп, анасын құшақтап, Хадиша егілетін. Өзіне тете бауыры Сәлім де бірнәрсе сезе ме, анасын құшақтап, сәл нәрсеге ренжіп, жылап бая-шая болушы еді. Ағасының мінезі қызық еді ғой. Ештеңеге мән бермейтін, анасының айықпас дертке шалдыққанын мүлде білмейтіндей, әкесінің күн құрғатпай ішіп келіп, аузына келген сөзді айтып, айқайлайтынын естімейтіндей ертеден кешке дейін менірейіп, үн-түнсіз отыратын. Тамақ бермесе аштан-аш жүре беретін. Тірі пендемен тіс жарып сөйлеспейтін, адам болып күліп, иә, ашуланғанын көрмепті оның. Ата-анасына да, іні мен қарындасына да суық еді ол. Ертенгі шайын ішкен соң үн-түнсіз әлдеқайда кетіп қалатын. Аурудан әлсіреген, саудырап қу сүйегі қалған Айсараның жанында шоқиып-шоқиып екі бала отыратын. Екі ботасын құшақтап алып, ана байғұс іштей егілетін. Біраздан кейін дәрмені қашқан әлсіз әйел дем жетпей қиналатын. Ол әнеміне дегенше жүріп кетердей кішкентай Хадишаның шыбын жаны шырқырап, тұншығып көкпеңбек болып жатқан анасына қалай көмектесерін білмей аласұратын. Адамның жаны онайлықпен шыға қоймайды екен. Жаны шырқыраған қаршадай қыз шырылдап келіп, демігіп жатқан анасын құшақтап, ботадай боздап қоя беретін. Есі шығып кеткен Сәлім бақырып жылап келіп анасын бас салатын. Хабар уактылы жеткенмен Айсараның ауруын білетін дәрігерлер асыға қоймайтын.

Екі күннің бірінде осы жағдай қайталанып, екі баланың жүрегі мықтап шайлыққан. Айсара — ана ұзаққа шыдамады. Әлі есінде, мамыр айының он бесінде қыстай төсек тартып жатқан анасы басын көтерген. Бір кесе сүтті қиналып отырып әрең ішкен, сонан соң Хадишаның көмегімен киімін ауыстырған. Күн көкжиектен арқан бойы көтерілген кезде екі баласына:

– Мені есік алдына алып шығындар,— деп өтінген. Хадиша есіктің алдына киіз, көрпе алып шығып, анасына орын

дайындаған. Сәлім мен Хадишаға сүйеніп, сыртқа шығып, өзіне дайындаған орынға жетіп қисайған Айсара түп-тұнық көгілдір аспанға қарап, үн-түнсіз ұзақ жатты. Оның күл түстеніп кеткен өніне шыр кіргендей болып көрінген Хадишаға. Үн-түнсіз жатқан анасының шидей жіңішкерген саусақтарын мипаздай сипап отырып “мамамның өмір жасын ұзарта гөр” деп құдайына құлшылық етіп, іштей жалбарынған.

Хан сәскенің кезінде анасы қызының көмегімен басын көтеріп, екі қолымен жер тіреп отырған. Әкесі әне-міне кетеді деп оны-мұнысын дайындап, кам жасап жүргенде байғұс Айсараның басын көтеруі Хадишаның өшуге айналған үмітін қайта тұтатқандай болып еді. “Құдай менің тілегімді қабыл көрген екен” деп ойлаған.

– Мама, сен жазылып кетесің! Құдай біздің дауысымызды естімеді дейсің бе. Ол бізге көмектеседі,— деп жүрегі жарылардай қуанған қызын Айсара құшағына қысып, үнсіз егілген.

– Жарығым, қалма бұл жерде,— деген тілі күрмеліп. — Алматыға бар. Менің көрмеген қызығымды, жақсылығымды сен көр... Сүрмеген өмірімді сен сүр. Сені менің әруағым желеп-жебеп жүрсін... Тәңірім, боталарымды өзіне тапсырдым...

– Мама, мама! — деп егіліп жылап жібергені есінде. Сол сәтте дүниені дүр сілкіндіріп, құлақты жарардай сұрапыл үн естілген. Аспан шайқалған. Жылап отырған Хадиша үрейленіп, анасының жүзіне қараған. Қаршадай қыз оның өшуге айналған қос жанарындағы сұрапыл ашуды көрді. Езуіндегі күлкіні көрді...

Айсара осыдан он бір жыл бұрын тоғыз жасар қызының құшағында отырып жарық дүниені тәрік етті. Отыз бес жыл жасаған келіншек қысқа өмірінде осы дүниеден не қызық, қандай рахат көрді?

Хадишаның әлі есінде, анасы қайтпас сапарға аттанған күні әкесі үйіне тәлтіректеп, мас болып келген. Еніреп жылап, алдынан шыққан Сәлім мен Хадишаға тілі күрмеліп бірнәрсе деген. Онын не айтқанын екеуі де түсінбеген.

– Жамандық шақырмандар!— деп зекіріп ұрысқан. Ол әлдеқашан өлген... К-а-а-п-у-т...

Құлап қала жаздап әрең тұрған әкені көршілер қолтықтап алып кеткен болатын. Айсараның тәнін жер қойнына тапсырған сәтте де көзінен бір тамшы жас шықпады. Шырылдап Сәлім екеуі ғана жылаған. Үлкен бауыры анасы өлмегендей мойнын ішіне алып, аузын бұртитып үн-түнсіз біраз тұрды да, беті ауған жаққа кетіп қалған.

Сол бауырының Сәлім екеуіне деген туыстық сезімі оянбай-

ақ кетті. Анасының қазасынан кейін, он бес жасында асылып өлді. Үлкен ұлының өлі денесін құшақтап отырып маскүнем әке еніреп жылаған.

– Сенің түбіне де радиация жетті-ау. Бәріміз радиациядан өлеміз,— деп еніреген Жақайдың сөзін естіп, жиналған жұрттың жаны түршіккен. Оның сөзі қоспасы жоқ ақиқат еді. Бұл өңірде, Абралы топырағында радиацияның зардабын көрмеген, жарылыстан қасірет шекпеген бірде-бір отбасы жоқ-ты. Жарылыстың кесірінен талай әулеттің оты өшкенін қазаға жиналғандар жақсы білетін. Біле тұра “құдай салды, біз көндік” деп қорқынышпен өмір сүріп жатқан момын қазақтың қолынан келер лажы жоқ еді. Қандай ауыр қасіретке тап болғанмен қазақ атамекенін тастап кете алмайды екен. Хадиша аз ғұмырында осыны ұқты.

Екі бірдей адамның қазасынан кейін әке үйге түнеуді қойған. Өлерше ішіп, көшеде жатқан маскүнем әкені қарғадай ұл мен қыз жылап жүріп, әуіріммен үйге алып келетін. Айсараның қазасынан кейін үйдің берекесі кеткен, кейде бір жапырақ нан болмай, Сәлім екеуі бұралып аш жүретін. Айналайын ағайындар қол ұшын беріп, қамқорлық жасамаса, маскүнем әкеден қайран жоқ еді. Жақайдың мал болмасына көздері жеткен ағайын-туыстары кенесіп, оны ЛТП-ға жіберуге келіскен. Осы тірлігіне көңілі тоқ Жақай ері бауырына ауып кеткен асаудай тулаған, екі баласын көлденең тартып, сан түрлі сылтау тауып, басын алып қашқан. Ағайын-туғанға женсік бермей жағаласқан Жақайға бүкіл ауыл жабылып, ақыры оны ЛТП-ға күшпен алып кеткен. Сәлім мен Хадишаны ет жақын туыстары Алматыға алып келіп, жетім балаларға арналған интернатқа орналастырған. Ағайынды екеу айналайын үкіметтің аркасында жетім бола тұра жетімдік көрмей мектеп бітірді. Сәлім мектептен кейін әскери училищені тауысқан, осы күні Қиыр Шығыста шекарашы. Үйленген бір баласы бар. Оны көрмегелі де екі-үш жыл болып қалыпты. Өзі келмегенмен хаты үзілмейді әйтеуір.

Хадиша мектепте жақсы-ақ оқыған, бірақ жолы болмай жүр. Жыл сайын қабылдау емтиханында үштен аса алмай жылап шығады. Асқар таудай сүйеніші жоқ адамның жұлдызы жанбайды екен. Хадиша осыны ұқты.

– Ұйқым келді,— деді Бибі ой жетегінде жүрген Хадишаның бетінен шапалақтап.

Төсек салып, Бибіні жатқызды. Сағат тоғыздан асып барады екен. Елжас үйге берген тапсырманы орындап, Олжас етпетінен түсіп, семьялық альбомды қарап жатыр. Хадиша екі балаға төсек салды.

— Балалар, ұйықтандар,— деп Елжастың басынан сипады. Осы кезде сыртқы есік қағылды. Қуаныштан Хадишаның жүрегі лүпілдеп, асып-сасып не істерін білмей тыпырлады. Жүгіріп ауызғы бөлмеге шықты. Әкеміз келіп қалды деп ойлады ма, оның сонынан үшеуі шұбырды.

— Барындар, жатындар!..

Хадишаның сөзін құлаққа қыстыратын емес, екі көздері сыртқы есікте, әне-міне дегенше Аяған кіріп келердей елегізіп тұр.

— Папа келді! — деп жаланаяқ тұрған Бибі қуана қол шапалақтады.

— Бұл кім? — деп сұрады Хадиша келген адамның Алмас екендігіне күмәні болмаса да. Үн жоқ, тым-тырыс. Көңілдері лепіріп, дегбірі қашып, тықыршып әрең тұрған балалар да тым-тырыс тынған. Қыздың жүрегін күдік шымшыды. Тағы да дауыстап еді, әлдекімнің күлкісі естілді. — Бұл кім?

— Бұйырса сіздің анауыңыз болып қалармыз.

Алмастың дауысын танып, есік ашты. Анда-санда келіп тұратын ағаны көргенде томсырайып тұрған балалардың жүздері жылып сала берді.

— Елекене, Олжекене және Бибіжанға сәлем берейін.

Екі ұлдың қолын алып, мандайларынан сүйді. Бибіге ерекше ілтипат көрсетіп, көтеріп алып, бетінен сүйді де, қолына сағыз ұстатты. Кішкентай қыздың көзі жанып кетті. Жерге түсе салып түпкі бөлмеге жүгіріп кірді, екі ұл оның сонынан ұмтылды.

Алмас қыздың қолынан ұстап, өзіне қарай тартты. Қуаныштан жүзі бал-бұл жанған Хадиша ауыл қызына тән ибалылық танытып, жанарын жығып, жымындап күліп, әлсіз қарсылық көрсетті.

— Қарсыласпа,— деді жігіт қара күшке салып. Хадиша сықылықтап күліп, бұлқынып босанып кетті. Қыз шын қарсыласса әл бермейтінін біле тұра Алмас қайта жармасты, бұл жолы қыздың аш белінен қапсыра құшақтап, қарсыласуға шамасын келтірмей албыраған ернінен қадалып сүйді. Алғашқы әлетте ептеп қарсылық көрсетіп, әлсіз тыпырлаған қыздың қолы жігіттің мойнына оратылды. Ләззатқа мас болған екеу есікті сәл ғана ашып, аң-таң қалып қарап тұрған екі баланы көрген жоқ. Әлден уақыттан кейін Хадишаның құлағына тұншыға шыққан күлкі шалынды. Жалт қараған қыздың көзіне есікті сәл ғана ашып, ауыздарын алақандарымен жауып, шик-шиқ күліп тұрған екі бала түсті. Алмастың құшағынан бұлқынып, бұлт етіп шықты да:

— Ұят-ай! — деп сықылықтай күліп. — Кәне ұйықтандар!..

Қабағын түйіп, екі балаға сес көрсеткен болды. Елжас пен

Олжас тырақайлап қашып, төсектеріне барып, бүркеніп жатып қалды. Хадиша түпкі бөлменің есігін жауып, орындықпен тіреп қойғаннан кейін бетін басып, сықылықтап ұзақ күлді.

— Тәрбие деген осы,— деді жігіт күліп отырып. — Тәжірибе осылай-осылай жинала береді. Күндердің күнінде олар нағыз профессионал болады. Бір үйден екі Дон Жуан шыкса жаман ба!..

— Оларға бәрі қызық,— деп күлді Алмасқа көз астымен ұрлана карап. Ол жүдеген сияқты, жағы суалып, ұрты ішіне кіріп, көзі шүңірейген. Ұзын өсіріп жүретін шашын қыскалап қырықтырып, бір жақ жартысын жарып, он жағына жығып тарапты. Үстінде ине-жіптен жана шыққандай кара түсті костюм-шалбар, ак жейде киіп, қызыл галстук тағыпты. Хадишаға ол бір-екі айдың ішінде есейіп кеткендей болып көрінді. Киім киісі ғана емес, өзін-өзі ұстауы, сөз саптауы, тіпті отырысына дейін өзгерген. Сөзі салмақты, бұрынғыдай асып-саспайды, қимылы баяу, әлдекімге еліктейтін тәрізді.

— Дон Жуанды казактар жұпар кіндікті еркек дейді екен. Қандай дәл айтылған сөз. Жұпар кіндік,— деді Алмас онсыз да қысылып, қызарып отырған қыздың бетіне тесіле карап. Хадиша жымындап күліп, бетін бұрып әкетті.

— Тамақ дайын тұр.

Қыз дастархан жасауға кірісті. Алмастын екі көзі Хадишала. Екеуі кездеспегелі, бірін-бірі көрмегелі талай уақыт болыпты. Көктөбенің биігіне шығып, махаббаттын шарабын қанып ішіп, ләззатқа мас болған күннің ертеңіне Алмастын курсын ауылшаруашылығы жұмысына алып кеткен. Қазан айының он екінші жұлдызында сонау Көкшетаудан өліп-талып өрең жеткен Алмас қызға жолығуға уақыт таппай ауылына аттанған. Қайтып оралғалы біраз уақыт өткенмен әртүрлі мінәйі себептерге байланысты Хадишаны іздеп баруға мүмкіндік таппады. Бүгін де келе қоятындай ниеті жоқ еді, арнайы іздеп барған Асылханның көнілін кимады. Реті келіп тұрғанда қыздың жанында онаша калудан қай жігіт қашсын.

Хадиша бұрынғысына карағанда ептеп толысқан тәрізді, балтыры жұмырланып, бөксесі дөңгеленіп қалғандай болып көрінді.

“Е-е, кара жұмыс қойсын ба... Енді бір-екі жыл құрылыста істесе нағыз Буденный жылқысы сияқты жап-жалпақ, жұп-жұмыр болып шыға келеді” деп ойлады жігіт.

Екеуі өткен-кеткенді еске түсіріп отырып тамақтанды. Асылханның қайтып келмегеніне Хадиша іштей қуанғанмен көнілін әлдебір оғаш сезім қытықтап, екі беті дуылдады.

Ашыкауызданып екеуінің арасындағы қарым-қатынасты жұрттың бәріне жайғаны үшін Алмасқа өкпе-наз айтпаққа окталып, ретін келтіре алмады.

Олар шай ішіп бола бере Бибі оянып, анасын іздеп, үйді басына көтерді. Хадиша жылы-жылы сөздер айтып, айналып-толғанып жатып әрең тыныштандырды. Бибіні ұйықтатып, ауызғы бөлмеге шыққан, Алмас шамды өшіріп қойыпты. Хадишаның жүрегі лүпілдей жөнелді.

— Алмас, мен қорқамын.

— Қорықсаң менің құшағыма тығыл,— деп сыбырлады жігіт. Түпкі бөлменің есігін мықтап жауып, состиып тұрған Хадиша жақындап келе жатқан жігіттің демін сезді. Жүрегі тулап, демі жиілеп, екі беті ысып кетті.

— Жаным!..

Жігіттің ыстық демі құлағын күйдіріп бара жатқан сияқты. Алмас белінен қапсыра құшақтап, ернінен қадалып сүйді. Бүкіл денесі от болып жанып бара жатқан секілді, ол жігіттің мойнынан тас қып құшақтап алды. Басы айналып барады, әншейінде әлсіз ғана лүпілдейтін қу жүрек кеудесін жарып жібере жаздап дүрсілдейді.

— Жаным,— деді жігіт үздіге сыбырлап. Алмастың жап-жалпак алақаны ақырындап төмен жылжыды.

— А-а-л-мас,— деді қыз оның қолына жармасып. — Қойшы, А-а-а-л-мас...

Қызды күшпен ала алмасын сезді ме, Алмас оны босатып жіберді. Қараңғы бөлмеде екеуі бір сәт үнсіз отырып қалды.

— Шам жақшы,— деп өтінді қыз. Жігітте үн жоқ.

— Мен шаршадым, ұйқым келді.

— Төсек салып берейін бе?

Хадиша шам жағып, теріс қарап тұрып шашын дұрыстады. Қабағы түсіп, ренжіңкіреп отырған жігітке қарап, жымындап күлді де, түпкі бөлмеге кіріп кетті. Көп кешікпей көрпе-жастық алып шығып, Алмасқа арнап жерге төсек салды. Жігіт төсекке қисайып жатты да, ыңырси бастады.

— О-о-й, жүрегім!.. Дәрі бар ма?

Хадиша не істерін білмей тыпырлады.

— Жедел жәрдем шақырайын,— деп сыртқа ұмтылған қызды Алмас тоқтатты.

— Жо-о... Шақырма. Бер-рі кел...

Адам баласына сеніп үйренген Хадиша жігіттің жанына келіп отыра қалған. Алмас оны қапсыра құшақтай алып, төсекке ол-

онай жықты. Мұндайды күтпеген Хадиша оның бетіне тан қала қарады да, сықылықтап күліп жіберді.

– Кетші ары! Жүрегімді ұшырдың ғой тегі.

Бұл жолы тегеурінді қарсылық көрсеткен жоқ, жігітті итеріп тастауға тырыспады. Көзін шарт жұмып, Алмасты мойнынан қатты құшақтап алған... Дәл қазір ол не істесе де қолын қақпайтындай күйге түскен.

– Жаным! – деді жігіт үздіге сыбырлап. Қыздың омырауын жаланақтап, төсінен құшырланып сүйіп жатыр.

– Сен мені сүйесің бе?

– Сүйемін жаным!..

Әңгіме осымен тәмам болды. Хадишаға керегі жалғыз ауыз сөз еді. Сол сөз буынына түсіп кетті ме, ептеп қарсылық көрсетіп жатқан қыз жігіттің икеміне онай көнді...

Қыз бен жігіт құшақтасқан күйі үн-түнсіз ұзақ жатты. Хадишаның көзі жұмулы, жігіттің бауырына тығылып алған.

– Алмас,— деді ол бір кезде, басын көтеріп, жігіттің бетіне қарады.— Көктөбедегі жағдайды сен Асылханға айтып қойыпсың ғой.

– Жок, айтқан жоқпын.

– Ол біліп алыпты.

– Нені біліп алыпты?

– Екеуміздің Көктөбеге барғанымызды...

– Білсе несі бар? Көктөбеге кім бармай жатыр?! Көктөбе мұхиттың аржағындағы Америка емес,— деп күлді Алмас қызды мойнынан құшақтап.

– Ол екеуміздің... Ол сол күнгіні білетін сияқты,— деп қызарактады қыз. Жігіт күліп жіберді.

– Біле берсін.

– Мен ұяламын.

– Ұялсан оның бетіне қарама. Сөйлеспе...

– Қалжынға айналдырмашы тегі.

– Алдын ала: “Мен сенен ұяламын, бетіне қарай алмаймын” деп ескертіп қой. Сонда ол ренжімейді саған,— деп Алмас қарқылдап күлді. Қыз күлмеді, қабағын кірбін шалып, көзін ашып-жұмып біраз уақыт үнсіз қалды. — Тұрмысқа шыққанша бетіне қарауға ұяламын де...

– Алмас, білесің бе,— деді қыз оның құлағына сыбырлап. Жігіт оның сөзін тосып жатпастан:

– Әрине білемін,— деп күлді. Хадиша басын көтеріп, оның жүзіне көз жүгіртті.

– Қайдан білесің?

- Нені?
- Сен білмейсін.
- Иә, мен білмеймін.

Екеуі тағы да үнсіз қалды. Хадиша күні бойы айтпак болып оқталған сөзін Алмасқа қалай жеткізерін білмей киналды. Жасырып, жаппай тура айта салуға беті шыдамады. “Несін айтамын? Кейін біле жатар” деген түйінге келді.

– Сағат бір жарым болыпты. Ерте тұрып, балаларды бақшаға апаруым керек. Одан шығып ауруханаға барамын,— деді Хадиша есінеп. — Бейшара-ай! Жағдайы қалай екен? Айтпақшы, Аяған ағадан хабар алдың ба?

– Жок,— деді Алмас мінгірлеп. Басын көтеріп отырды. Аяған туралы жанын жеп жүрген уайымын Хадишаға ақтарып айтқысы келіп ойланды да, әп-сәтте айнып қалды. “Аяған туралы шындықты айтсам шошып қалар” деп ойлаған. Хадиша кетіп қалса шиеттей балалардың күні не болмақ? Әкесі қателесті екен деп балаларына қиянат жасауға бола ма?

– Шындықты айтқан адамдарды жазалай берсе мына дүниеде қарау, қараниет, суайт, жағымпаз пенделерден басқа ешкім қалмас,— деді Хадиша қызына сөйлеп. — Аяған аға мен білсем өте таза адам.

“Мемлекеттік қауіпсіздік комитеті кінәсі жоқ адамды қамап қоймайтын шығар” деп ойлады жігіт. “Апыр-ау, Аяған Қуатов шынымен-ақ мемлекетке қауіпті адам ба?”

Үстіне әлдекім тастай суық су құйып жібергендей тұла бойы дүр етіп, Алмас екі бүктеліп жатты.

– Не болды, Алмас?

– Тондым,— деді жігіт сыбырлай сөйлеп. Хадиша орнынан тұрып, шамды өшірді.

– Мен Бибінің жанына жатпасам ол шошиды,— деді, бір тізерлеп отырып, жігіттің шашын сипады, еңкейіп бетінен сүйді. Алмас қыздың мойнынан құшақтап:

– Кішкене жата тұршы,— деп қиылды. Хадиша қарсылық білдірмеді, көйлегін шешіп, жігіттің жанына қисайды. — Ж-а-а-ным!..

Алмас қыздың құлағына сыбырлап, сырғалығын ауыртпай тістеледі, сонан соң тамағынан, төсінен сүйді. Топ-томпақ қос анарын қос уыстап ұстап, ақырындап мыжғылай бастады. Өмірінде мұндайды көрмеген қыз:

– Қ-о-й-шы,— деді жалынышты үнмен. Ашқарак көңілі тоят тілеп аласұрған жігіт оның тілегін құлағына қыстырмады. Қос анардың үрпісін тісін батырмай тістелеп, тілінін ұшымен қытықтап, сүйіп қыздың есін алды. Біраздан кейін ол Алмастың

мұнысына да үйренді. Дәл осы сәт ол жігіттің қандай құқайына да дайын еді...

Екеуі таң атқанша ұйықтаған жоқ...

Көздері ілініп кеткен екен, Елжас оятты.

– Бір ағалар есік қағып тұр.

Хадиша орнынан атып тұрып, апыл-ғұпыл киінді де, сыртқа шықты. Күн әж ептәуір көтеріліп қалыпты. Есік алдында тұрған екі жігітті танымады, біреуі ұзын бойлы, ашан денелі, бүркіт тұмсық, екіншісі қасы ұзын болып өсіп, көзін жапқан, аласа бойлы, төртбақ жігіт. Мына екеуі мініп келген машина болу керек, ауланың сыртында көкшіл түсті волга машинасы тұр.

– Қуатов Аяғанның үйі осы ма?

Хадиша не дерін білмей тұтықты. Мына екеуінің жай келмегенін іші сезді. Қандай жаманат хабар әкелгенін білгісі келгендей екеуінің жүзіне кезек-кезек жаутандады. Қасы көзін жапқан жігіттің қабағы қату. Екіншісі күле қарап тұр, жүзі жылы екен.

– Ол кісі үйде жоқ еді, – деді қыз сасқалақтап. “Әсем жеңгеміз аман болса екен” деп тіледі іштей.

– Бізге оның керегі жоқ. Біз органдан келдік, – деді төртпақ жігіт, куәлігін көрсетті. Осы кезде есік алдына шыға келген Алмастың көзі бейтаныс жігіттің қолындағы қып-қызыл куәлікке түсіп, түсі сұп-сұр болып кетті.

– Сен кімсің? – деді төртпақ жігіт оған тесіле қарап. Мықтап абыржыған Алмас:

– Мен қонақ... Мен қонақ, – деді мінгірлеп.

– Біз де құдайы қонақпыз, – деді төртпақ жігіт езу тартып. – Қуатовтың кітапханасын көруге келдік. – Бір жапырақ қағазды Хадишаның қолына ұстатты. – Үйді тінтуге берілген рұқсат.

– Жок! – деді қыз батылданып. Бір жапырақ қағазды оқымай жатып иесіне қайтарып берді. – Иесі жоқ үйді тінтуге болмайды. Біз қонақпыз.

– Қонақ болсаңыз балаларды киіндіріп, қыдырып келіңіздер, – деді төртпақ жігіт бұйыра сөйлеп. Ол түнере қарағанмен Хадиша ықпады.

– Иесіз үйді тінткізе алмаймын, – деді қыз бетіне түсе берген шашын бір сілкіп тастап, үйге кіруге бет алған жалбыр қастың жолын бөгеді. – Баса-көктеп кіретіндей бұл жаудың үйі емес. Мұнда Совет семьясы тұрады.

– Азаматша, сіз бізді кешіріңіз, – деп қипақтады бүркіт тұмсық жігіт. – Біздің қызметіміз осындай. – Ол көмек сұрағандай қорқыныштан арыла алмай бүрсендеп, тілі байланып қалған Алмасқа қарады. – Азамат, сіз де түсініңіз бізді.

– Хадиша! – деді Алмас тілі икемге әрең келіп. Өзіне түксіе караған жалбыр қастың мысы басты ма, тұла бойы одан сайын қалтырады. – Араласпа! Былай тұр!..

– Иесі жоқ үйді тінтуге қандай қақылары бар?

– Керегі жоқ, қарсыласпа,– деді құлағына аузын тақап. Далаға желең шыққандікі ме, тісі-тісіне тимей қалшылдай бастады. Өзіне бұрылған Хадишаға тура қарауға дәті шыдамай теріс айналды. – Олардікі заңды, Хадиша. Рұқсат қағазы бар.

– Аяған ағаға не бетімізді айттық? – деп күйіне күйзелді Хадиша. “Аяған ағаң басымен қайғы болып жатыр. Оның қашан босанып келерін бір құдай біледі” дегісі келіп бір оқталды да, айнып қалды. Хадишаға жағдайды онашада түсіндірмек болып, жетелеп үйге алып кірді. Елжас пен Олжас жуынып, киініп алыпты.

– Бибіні оятып, киіндіріндер, балалар,– деді жігіт сыртқы есікті жауып жатып. Екі бала түпкі бөлмеге кіріп кетті. – Хадиша, сен олардың кім екенін, қайдан келгенін білесің бе?

– Қайдан келсе одан келсін,– деді ашуға мінген Хадиша. – Қызыл қағазынан қорқады дейсің бе солардың.

– Ақырын, – деді жігіт сыбырлай сөйлеп. – Маған зиянын тиеді. Үндеме. Тінте берсін. Мен кеттім. Сабактан кешіктім...

Алмас оған жаскана қарады. Қарсы алдында өзі білетін ұяң, уялшақ Хадиша емес, мүлде басқа қыз отырған тәрізді. Оны осыншалық қайсар-ау деп мүлде ойлаған емес. “Басынды кесіп аламын” десе де қайтатын түрі көрінбейді.

– Маған жаның ашыса, үндеме...

Осы сөзден кейін ғана Хадиша сабасына түсіп, үндемей қалды.

– Елжасты мектебіне жеткізіп салсаң жақсы болар еді.

– Мақұл,– деді Алмас асығыс киініп жатып. Шала-шарпы жуынып, Елжасты жетелеп, сыртқа шықты. Есік алдында тұрған бейтаныс екеуге жарамсақтана жымыып, ақырын ғана бас изеді де, асыға басып жандарынан өтіп кетті. Үлкен жолға түсіп алып, аялдамаға қарай құстай ұшты. Шапшаң жүріске ілесе алмай шегіншектеген кішкентай баланы тепендетіп сүйреп келеді...

Келген екеуі асықпай отырып, Аяғанның кітап шкафы мен столын түгел тінтіп шықты. Жекелеген кітаптарын парақтап, белгі соғылған тұстарына шүкшиып, қолжазбаларын оқып, түске дейін тапжылмады. Үйді иесіз тастап кете алмай Хадиша да жіпсіз байланды. Екі бала бакшаға бармай қалды. Хадиша оларды аулаға шығарып жіберіп, үйдің ішін тазалады, түскі тамақ дайындады. Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің екі қызметкері кітап, қағаз атаулыны түгел ақтарып тінтіп, керектерін алып, Хадишаға бір жапырақ қолхат қалдырды да, сыртқа шықты.

– Аяған ағаны қашан босатасыздар?– деп сұрады оларға ілесе шыққан Хадиша. Екі жігіт біріне-бірі қарады. – Әйелі инфаркт алып, өлім аузында жатыр. Бала-шағасы азып-тозып кетті. Бір жағдайға ұшырап қалса бұлардың обал-сауабын кім арқалайды?

– Балалардың жанында жүрген сен емессің бе? – деп мырс күлді жалбыр қас.

– Мен ертен кетемін. Үш баланы сізге қалдырамын ба сонда?

– Менің өз балаларым да жетеді, қарындас. Аға сенікі. Балалар да бөтен емес.

– Менің ол кісіге туыстық жақындығым жоқ. Мен жай ғана танысымын.

– А-а-а,— деді жалбыр қас дауысын барынша созып. Жүзінде “кім екенінді енді білдім” дегендей сынай бар. – Білдік. Бәрібір алыс емес екенсін.

Хадиша оның нені мензеп тұрғанын мүлде түсінбеді. Ол жалбыр қастың сөзіне емес, езуіндегі жымысқы күлкіге шамданды да, ендігі сөзін бүркіт тұмсық жігітке бағыштады.

– Аяған аға сонша керек болып бара жатса әйелі ауруханадан шыққаннан кейін де шақырып алатын едіңіздер ғой.

– Иә, дұрыс айтасыз,— деді ол қысыла күлімсіреп. – Адамгершілік категорияларды есепке алмайтын да, жағдайдың жетегіне ілеспейтін де мекемелер болады. Ол мекеме үшін мемлекеттің қауіпсіздігі бәрінен жоғары тұрады.

– Құдай-ау, Аяған Қуатов мемлекетке қауіпті адам дегенге кім сенеді?

– Бұл, қарындасым, қатындар араласатын шаруа емес,— деді жалбыр қас Бибіні жерден көтеріп алып жатып. – Сенің орның ас үйде.

– Аяған ағаның жаны таза,— деді Хадиша. Екі көзіне жас толып кетті.

– Сабыр етіңіз,— деді бүркіт тұмсық жігіт оның жүзіне жаскана қарап.

– Атың кім? – жалбыр қас Бибіден. Бөтен адамды жатырқаған қыз томсарып үндемеді. – Атыңды айтпасаң машинаға салып, алып кетемін. Базарға апарып, сатып жіберемін.

Жалбыр қас әуейілігіне басып, машинаға қарай адымдаған. Манадан бері сырттай бақылаушы болып тұрған Олжас шыңғырып, жалбыр қастың жолын бөгеді.

– Жібер Бибіні!.. Бибіні бермеймін!..

Ағасына қосылып Бибі шырылдады. Әп-сәтте аула азан-казан шуға толды да кетті.

— Мұныыз қалай, Максұт Сарыбаевич?! — деп қабақ шытты бүркіт тұмсық жігіт. — Балалардың көз жасы аз көрінді ме сізге?!

— Жарайсың! — деп, жалбыр қас қарқылдап күліп, шалғайына жармасып, шырылдап жүрген Олжасты арқасынан қақты. Хадиша жүгіре басып келіп, Бибіні жалбыр қастын қолынан жұлып алды.

— Бала — періште! — деді ол қарқылдап күлген жалбыр қасқа ала көзімен ата қарап. — Періштеде неңіз бар?

— Қазақтың баласы қалжың түсінбейді бұл заманда,— деді жалбыр қас түсін суытып.

Хадиша шырылдап жылаған екі баланың біреуін көтеріп, екіншісін жетелеп үйге кірді де, оларға қосылып өзі егілді. Өз өмірі есіне түсіп, ұзақ уақыт көз жасы тиылмады.

12

Жалбыр қас ұрып жыққан күні сол бөлмеге түнеп шыққан Аяғанды ертесіне жеке камераға ауыстырған.

— Тергеу аяқталғанша осында тұрасыз,— деген бүркіт тұмсық жігіт жымып күліп. — Телевизор жоқ, күнделікті газет жоқ. Шыдауға, көнуге тура келеді.

— Қамқорлықтарыңызға рахмет! Сіздер аман тұрғанда ішім пыспайтын шығар,— деді Аяған кекете мырс күліп. Жігіт басын төмен салып, сәл ойланып тұрды да:

— Талап солай,— деді Аяғанға көз қиығын тастап.

— Кінәсі жоқ адамға қолдарынан келгенді істендер деп талап қоя ма? — Жігіт басын шалт көтеріп, жалт қарады. Екеуінің көзі тоқайласты. — Біздің мемлекеттік қауіпсіздік комитеті отыз жетінші жылдың тәсілімен жұмыс істейді деп мүлде ойламап ем. Қателескенімді түнде білдім.

— Ол сізге қол жұмсады ма?

— Жок, еденге екі бүктеліп, құлап түсуіме көмектесті.

Бүркіт тұмсық жігіттің жұқалтан өңіне қызыл бояу жайылды. Қабағын шытып, Аяғанның бетіне тура қарай алмай қысылып, жанарын жықты.

— Кешірім өтінеміз!..

— Мен кешіргенмен ол жақсы адам бола салмайды. Адамгершіліктен азған, кеудесіне нан пісіп, кінәсіз пенделерді жәбірлеп үйренген найсаптар адам санатына қосылатындай болса

мен тәнімді солардың тепкісіне тастар едім. Солар үшін өзімді құрбандыққа шалар едім.

– Сіз адам тәрбиелеудің ең оңай жолын таптыңыз,– деп күлді жігіт.

– Максұт сияқты он мақұлықты адам қатарына қоссам қоғам алдындағы азаматтық парызымды өтеген болып шығар едім,– деді Аяған, костюмін шешіп, төсектің үстіне тастады.

– Он адам... Он адам тым аз,– деді жігіт жымыып. Күлгенде тұмсығының ұшы доғаланып, үшкірлене түсетін сияқты болып көрінді Аяғанға. – Он – орташа ғана қабілеті бар адамның нормасы. Ал сіз интеллигенцияның жоғарғы тобына жатасыз. Сондықтан сізге жүз адам да аз емес.

– Жігітім, мен жүз адамның тепкісіне шыдамаймын,– деп суық жымыды Аяған.

– Басыңызға түссе шыдайсыз ғой. Шыдауға тура келеді. Адамның өмірі – сан түрлі қиындықтардың жиынтығы.

Бүркіт тұмсық жігіттің өзіне бағыштап айтқан сөзінен жанашырлық пейілін танып, іші жылып қалды. “Иманы бар жігіт сияқты. Ақылсыз емес” деп ойлады Аяған.

– Әдетте әлсіз адамдар қиындықпен күреспейді. Ондайлар үлкен қиындықтарға кездеспейді. Себебі – қара басының қамынан басқа ештеңе ойламайтын пенделер қайшылықтарға бармайды ғой,– деді жігіт. “Түрі қазаққа келмегенмен түсі жылы екен” деп ойлады Аяған. – Нағыз азаматтар халық үшін өмір сүреді. Оларды сындыру мүмкін емес.

– Үш әріптің қолына түскен пенденің сынбауы мүмкін емес. Сынбаса сындырасыздар. Тәйірі, сол да қиын болып па! – Жалбыр қастан көрген қорлығына ызаланған Аяған қатты айтылған әрбір сөзге қысылып, қызарқтап тұрған монтаны жігітке көңіліндегі ащы запырандай болған ащы сөздерді ақтарып тастағанды жөн көрді. – Ары, ұяты бар ақылды адамды сындырасыздар. Жер бауырлатып, азап атаулының небір түрін көрсетіп, ит аяқтан сары су ішкізіп қорларсыздар, бірақ оны бәрібір ешқашан жеңе алмайсыздар. Адамды, ары бар адамды жер бетінен жоқ қылып жіберуге болады, ал бірақ оны жеңу мүмкін емес.

– Гестапоның қолына түскендей соншалық күңіренбеңізші. Қанша жерден сіз “жат пиғылды” адам болсаңыз да, осы қоғамның төлісіз, осы Отанның ботасысыз. Отаныңыз отқа оранса ең бірінші болып шырылдап жүгіретін де сіз боласыз. Сіз бен біз бір мақсаттағы адамдармыз. Еркін қоғамда сіз сияқты еркін ойлы азаматтардың болғанынан зиян жоқ.

– Біз жариялылықтың төліміз. Адамзат баласының тарихында біз сияқты құрбандықтар аз болмаған,— деді Аяған қызына сөйлеп. Біраз уақыттан бері іші толып қалған екен. — Ал жариялылықты тек күн көріс үшін ғана қыбырлап, тірі жүрген пенделер ұнатпайды. Жариялылық — кішкентай ғана қабілеті бар кішкентай адамдардың ажалы. Жариялылық — дихлофос, ал Максұт сияқты кішкентай пенделер — таракан. Олар көп. Быкып жүр. Сіз айтқан еркін ойлы азаматтар аз мүлде... Бізде ақылды азшылық емес, шуылдақ көпшілік жеңеді.

– Мемлекеттік қауіпсіздік комитеті кінәсіз адамдарды жазалайтын орын емес. Сіз оны 1937 жылғы комитетпен, Ежов, Бериялардың мекемесімен шатастырманыз,— деді жігіт әңгіме арнасын басқа бағытқа бұрып. Өзінің кім екені есіне енді ғана түскен секілді.

– Оны өмір көрсетеді. Кешірініз, атыңызды білмеймін.

– Атым Міртемір. Ақын болсын деген шығар ата-анам.

– Міртемір және МКК. Парадокс! — деді Аяған бас шайқап.

– Бізде Абайлар мен Махамбеттер де аз емес,— деді Міртемір күліп.

– Білемін, — деді Аяған қабақ шытып. — Абай мен Махамбетті қорлаудың түрлі жолын ойлап тауып жатырмыз ғой. Абайлар кісі өлтіреді, Махамбеттер ұрлық жасайды. Және олар Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінде істейді.

– КГБ десе жұрттың зәресі ұшады. Берия мен Ежовтың мекемесінің міндеті басқа болатын. Сіз оны жақсы білесіз. Берия мен Ежовтың заманында...

– Міртемір,— деді Аяған оның сөзін бөліп. — Ежов пен Берияның заманы деген заман жоқ. Сталиннің заманы болған. Қазір заман Андроповтікі емес, Брежневтікі. Және Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің міндеті ешқашан өзгермейді. Ол мемлекетті қауіпті элементтерден, яғни, біздерден қорғайды.

Міртемір үндемеді. Әдейі қыныр тартып, қисайып отырған Аяғанның сөзіне қарсы айтар тұжырым, толғамдары аз емес еді, уақыттың тарлығы пікір таластыруға мүмкіндік бермеді. Екі күннің ішінде ол біраз мәселеге қанықты, ең бастысы — Аяған Қуатовтың мінез-құлқын, психологиясын таныды, ойлау жүйесін анықтап, аңғарғандай болды. Жігіттің пікірі ашық. Қазіргі жағдайларға байланысты ашық айтқан пікірінде жанға тиер ашы ойлар көп, солай екен деп жазалай салуға болмасын Міртемір біледі. Адам баласы шалыс басады, қателеседі. Өйткені өмірдің өзі тұрақсыз. Ендеше ондайлардың барлығына жала жауып, күйе жағып, жазалай берсе түрмелер қалаға айналар. Пікірі бар ойлы

адамдардың барлығын жауып тастаса, кімге арқа сүйейді мына қоғам? Жоғарыдан айтылған сөзді қалт еткізбей қағып алып, ойланбай орындайтын шуылдақ тобырға ма? Онда мына қоғамның шекесі қызар. Аяған сияқты адамдар емес пе қоғамның капиталы. Адам уақыттың, заманның төлі. Адамда әртүрлі уақытта әртүрлі мазмұн бола бермей ме?! Өз заманы жатырқап, жатсынған “еркін ойлы” азаматтарды болашақ ақтап алып жатқан жоқ па. Күні ертең Аяғандардың заманы туарына кімнің күмәні бар?! Дүние кезек. Бак біреудің басына мәңгілік қонбайды. Күні ертең Аяғанның орнында өзінің, иә болмаса, Мақсұттың отырмасына кім кепіл? Әй, бірақ аузымен күс тістегендей болып, үзенгі бауы алты қабат мықтыдай шіреніп жүрген Мақсұт секілділер дүниенің бір-ақ сәтте өзгеріп кетерін түсінбейді-ау. Мақсұт жалғыз болса бір жөн. Олар көп. Пікір таластыра бастаса олар бірінің аузына бірі түкіріп қойғандай сөйлейді. Олардың айтуынша, мынандай мемлекетті сақтау үшін қатал тәртіп, режим керек. Әйтпесе қырық рулы ел бірін-бірі тындамай, бірін-бірі түсінбей, ең ақыр аяғы бірін-бірі менсінбей жаға жыртыса бастайды екен. Диктатура неғұрлым күшті болса, халық тыныш, мемлекеттің жағдайы да дұрыс болатын сияқты. Осындай тұжырымдарға Міртемір жан-тәнімен қарсы. “Осылар Сталиннің мемлекетті осындай тәсілмен басқарғанын білмей ме екен? Халық 40-50 жылдың ішінде қорқыныштың құлына айналып кеткен жоқ па еді” дейді Міртемір ой түкпірін ақтарып. Халықтың қорқатындығы соншалық – ешқайсысының шындықты айтуға батылы жетпейді. Жоғарғы жақ отыр десе отырып, тұр десе тұрып, жат десе жатып қалатын жаны бар қуыршаққа айналған халыққа бұдан асқан қиянатты ойлап табу мүмкін бе, сірә?! Кейбіреуге осы тәртіп ұнайды. Міртемір сондай жігіттердің талайымен ұстасып, ақыры жеңіліп тынған. Өйткені оларды қолдаушылар көп және бәрінің лауазымы жоғары. Бір ретте “жат пиғылы” үшін генералдың алдынан бір-ақ шыққаны бар.

– Біз партияның атса – оғы, шапса – қылышымыз. Енді сен туралы бір ауыз теріс сөз естісем, маған өкпелеме, – деген үлкен бастығы зілденіп. Айтыса кетуге даяр тұратын жігіт сол жолы өзін әрең тежеген. Генералдың бөлмесінен шығып, біраз ұзаған соң намысы қозып, қорқақтап үндемей қалғанына қорланған.

“Партияға қылыш пен оқтың керегі не?” Осы тақылеттес сұрақтар біраз күн бойы басын айналдырып, бірақ шешім таптырмаған.

Міртемірге шешім таптырмай жүрген жұмбақтар аз емес еді. Осы мекемеге келгелі бергі он алты айдың ішінде біраз мәселеге

қанықты, көзі ашылды. Басынан талай-талай жағдайлар өтті, түйіні шие болып қалған небір оқиғаларды көзімен көріп, жаны түршікті. Әкесі мемлекетке, партияға жан-тәнімен берілген, ал баласы басқаша тәрбие алып, басқаша өмір сүре бастаған отбасының ісімен айналысқан. Өмірін партияға арнаған, ол үшін ойланбай отқа түсіп кетуге дайын адамның көзіндегі жасты көріп, бейшараны аяған. Мемлекеттік мекемеде үлкен қызмет істейтін сол адам ұзаққа бармады, баланың күйігі алып тынды. Жалғыз ұл барлық қызығын тәрк етіп, эмиграцияға кетті. Күйеуі қайтыс болғаннан кейін әйел жалғыз ұлдың сонынан жөнелді. Еврей әйелден туған қазақ баласы өз елін, өз жерін жатырқап, жатқа сінді.

Осы секілді жағдайлардың сан түрлісі өтті басынан. Қандай шешім қабылдарын білмей, ойы онға, санасы санға бөлініп, тұйыққа тірелген, мықтап киналған сәттері де аз болмапты. Ұқканы — қиыншылық адамды тез есейтеді екен.

— Ежов немесе Берия анасынан қарақшы болып туған жоқ,— деді ұзақ үнсіздіктен кейін Аяған. Міртемірдің ойы шашырап кетті. — Олар жағдайға бейімделді. Кез келген адам уақыттың құлы, сондықтан ол жағдайға мейлінше тез бейімделуге тырысады. Жағдайға мейлінше тез бейімделіп, уақыттың мінезін дәл таныған пенденің тасы өрге домалағыш.

Аяғанның бұл сөзі Міртемірдің жүрегіне дөп тиді. Ол ақиқат шындықты айтты. Мына қоғамда, әсіресе мынандай мекемеде адамның еркін жағдай билейді. Жағдайдың жетегінде жүрмеген пенде саптан шығып, басқа жолға түсуге тиіс немесе қара бастың қамын ойлап, беттің арын белге тую керек. Кім біледі, әр сәт сайын “кісі баласына қиянат жасамаймын” деп ант-су ішетін Міртемір күндердің күнінде жағдайдың жетегінде кетер, бәлкім. Мынау баянсыз, сәт сайын құбылып тұрған тұрақсыз, тұрлаусыз дүниеде өзін өзі қорғай алмай қор болып жүрген пенденің жағдайдың құлына айнала салуы оп-онай. Сол шындықты Аяған дәл айтты.

Міртемір басын тұқшитып, ақырын ғана күрсініп қойды.

— Әлі талай сөйлесеміз ғой,— деп күлді жігіт. — Бірімізді біріміз толық танып, білетін боламыз. Зерттейміз...

— Зерттендер, зерттендер! — деді Аяған ызалы дауыспен оның сөзін бөліп. — Сендерге барлық құқ берілген. Басы жұмыр пенде біткеннің тағдыры сендердің қолдарында.

Міртемір дауды созғысы келмей жымыя күліп, камерадан шығып кетті. Аяған көмейіне келіп қалған сөздің бір түйдегін айтып үлгере алмады. Не істерін білмей жан-жағына қарап, бір

сәт ойланып тұрды, сонан соң костюмін тастай салған төсекке кисайды. Түнде тақтай еденге жатып, ұйықтай алмай қиналған, жұмсақ жерге жамбасы тигенмен ұйқы шіркін келе қоймады. Әр нәрсені бір ойлап, қу жаны байыз таба алмады. Кейінгі уақытта сәл нәрсеге бола үрей шақырып, өз жанын өзі қинайтын әдет жабысқан.

“Апыр-ау, бұлар мені бірінен біріне ауыстырып, какпакылға неге салады? Әлде бұлардың тәсілі осындай ма? Жаңағы жігіттің маған неге сонша емешегі езіліп тұр? Алдап-арбап қолға түсірмек пе, әлде шын ниетімен жанашыр болып жүр ме екен?! Жанашыр болатындай оған қандай жақсылығы өтіп кетіп еді? Жок, бұлардың мақсаты біреу-ақ. Байқа, Қуатов, алаңғасарланба, арандап қаласын. 58 статьяның оныншы тармағына жатқызады да, әкенді танытып соттап жібереді. Атыңды бір былғап алған соң шаруан бітті, өмір бойы жуып кетіре алмайсың. Қол қойып берген бір жапырақ қағаз алдыңнан шығады да тұрады. Шындыққа күрес арқылы ғана жетерсің жетсең. Мынау қапастан шығатын екі жол бар. Бірі – Мақсұттардың дегеніне көніп, айтқанын орындау. Екіншісі – күрес арқылы шығатын жол. Белді бекем бу, Қуатов. Серпіл, сергі, дайындал!..”

Аяған төсектен атып тұрып, шағын ғана камераны кезіп жүріп кетті. Кешелі бері тапқан әдетімен камераның бір бұрышы мен екіншісінің ара қашықтығын адымдап өлшеп жүріп күбірлеп сөйледі.

– Төрт те төрт... Он алты шаршы метр. Осындай ғана бір бөлмелі үйім болса... Бізге жетер еді. Шіркін-ай, шағын да болса өзіне тән бір қуысын болсашы, – деп көкірегі қарс айырылардай күрсініп жіберді де, бөлменің ішін қайта кезіп кетті.

Өзінен ештеңе шығара алмасына көздері жеткен соң Мақсұт оңбаған Әсемнің басын айналдырып, қорқытып жалғыз қағаз алуға тырысар. Жок, Әсем өліп бара жатса да өтірікке бармайды. Аяған бұл өмірінде Әсемдей сезімтал, шыншыл әйелді көрген емес. Ол жақындап келе жатқан жаманшылықты алдын ала сезеді. Биыл жылдың басынан бері сан рет жайсыз түстер көріп, шошып оянып жүрді. Көрген түсін жақсыға жорып, дұға оқып, бет сипағанмен қозғалып кеткен көңілі орнына түспей титықтаған. Аяғанға да маза бермейтін әдет тапқан. Қымс етсе екі көзі боталап:

– Ауылға көшейік. Атам мен апамның жанына барайық, – дейтін. Аяған өз отбасының болашағы туралы неше түрлі әңгімелер құрастырып, таусылып келіп сөйлейтін. Әдепкіде әңгімеге алданып, қуанғаннан рахаттанып күлетін Әсем артынша-

ақ өзгеретін. Аузынан ауылдан басқа сөз шықпаушы еді. Алдын ала бір қауіптің келе жатқанын сезген екен.

Осы күні түнімен кірпік ілмей, мазасызданып шығатын шығар, сірә. Кім білсін, бәлкім, күте-күте төзімі таусылған сон милицияға хабарлаған болар. Милицияның қайдағы бір әйелдің сөзіне бола қаңғырып кеткен біреуді іздеп шаршамайтынын Аяған білетін. Әсем милицияға сеніп, қол қусырып қарап отырмайды, бүгін ол Алмасты іздеп тапқан шығар. Жағдайды білген соң салып ұрып осында келер. Аурудан сансырап, аяғын әрең алып жүрген бейшараға ауыр тиетін болды-ау. Екеуін жолықтырар ма екен?

Әсем бір жолын табар. Аяғанның бір ғана қорқынышы бар. Жүрегі ауру бейшара жаман хабарды естігеннен кейін құлап қалмаса жарады. Соңғы уақытта күрт түсіп кетті. Анау күні байқады, қарға адым жерге жеткенше алқынып, кеудесі сырылдап қара терге түскен. Ауруханаға жатып емделуге мүлде мүмкіндігі болмай қойды ғой. Әне-міне деп созбақтап жүргенде мына жағдай қилікті. Бейшара қашан құлап түскенше сүйретіліп жүре берді.

Келіншегіне жаны ашып, жүрегі ауырды. Қанша жыл бірге тұрса да қадірін білмегеніне, бағалап басына көтермегеніне өкінді. “Жұмыс, жұмыс” деп жүріп, оның қабағына қарауға, көңілін көтеруге уақыт бөлмепті тіпті. Рас, Әсемді жақсы көрді, аралары суысқан жоқ. Қыздырманың қызыл тіліне еріп, біріне-бірі ауыр сөз айтып, көңіл қалтырысқан, ренжіскен сәттері жоқ. Әсем әртүрлі қаңқы сөз естігенмен сыныққа сылтау іздеп шаршаған, жүйкесі онсыз да жұқарып жүрген Аяғанды шаршатқан емес. Пенделік эгоизмнің құлақ кесті құлына айналып, сәл нәрсеге бола шамданып, шатақ шығаратындай себептер әр сәт сайын табылып тұрғанмен Әсем ашуын ақылдың безбеніне салатын. Өйткені оның Аяғаннан басқа ешкімі де жоқ еді. Аяғаныма ешкімнің таласы жоқ деп ойлайтын және осы бір шындыққа өзі имандай сенетін. Аяған оның өміріне айналып еді.

Екеуінің танысуы да қызық.

Төртінші, бесінші курста той көп, біреу үйленеді, біреу тұрмысқа шығады. Тойға қызық үшін емес өмірлік серік іздеп, жар болуға жарайтын “ай мен күндей” ару жолығып қала ма деген үмітпен баратын. Әр тойда бір қызбен танысып, уәделесіп қайтады, бірақ қайсысымен де мінездері үйлеспей немесе болар-болмас мінәйі себепке байланысты тіл табыса алмай ажырасып тынатын. Жалғанда жоқ аруды іздеп жүргенде Әсем жолықты.

Дәулеттің үйлену тойында екеуі қатар отырып қалды. Қыз жалғыз келіпті. Әсемге қызмет жасауды төнірегіндегілер Аяғанға

тапсырды. Жігіт атаулыға үрке карайтын аксары өнді, жүдеу кызға әдеп сақтап қызмет жасағанмен бәлендей ұната қоймаған. Қыз тым ұяң, құрбылары секілді әзілдеуді білмейді, сәл нәрсеге қызарып кетеді, салып берген тағамды ұялып, қысылып отырып шұқып жейді. Киген киімі жұпыны. Арзанқолдау тоқыма костюм-юбка қызылаштау келген денесіне құйып қойғандай жарасады екен. Аяған бірнеше рет кызға бұрылып сөйлеген, ол жауап қайтарған сияқты, не дегенін жігіт мүлде түсінбеді. Дауысы соншалық нәзік екен. Мынандай шулы ортада онымен сөйлесіп, береке таппасын білген Аяған бұдан кейін Әсемге мүлде мән бермеген. Жан-жағына көз тастап, “өмірлік серік” болуға жарайтындай қасы-көзі қиылған, ай десе аузы, күн десе көзі бар” сұлуды іздеген. Ол ойлағандай маңдайының жұлдызы бар ару көзіне түсе қоймаған соң көңілі құлазып, ептеп ішкен. Ешкіммен шешіліп сөйлесе алмай, жүз елу адамның ішінде бір өзі бөтен кісідей қысылып әрең отырған кісікіік қыз Аяған қызға бастағанда қолға түскен құралайдай бүрісіп, өз-өзінен дірілдей бастаған. Қыздар мен жігіттер қарап отыра ма, Аяғанды қажаяуға кіріскен.

– Сен Әсемді ұмытып кеттің. Сол үшін штраф, – деген біреуі рюмкесіне арақ құйып жатып:

– Әсемді саған құдай айдап келген. Біліп қой, Аяған. Бір өмірде бір-ақ рет туатын мүмкіндік, – деген екіншісі.

– Әсемнің бір тал шашы түссе сен жауап бересің, – деп үшіншісі қокан-лоқы көрсеткен.

– Өзің терлеп, қыз-қыз қайнап отырсың, ал саған сеніп тапсырған біздің Әсем тонып қалыпты, – деген төртіншісі. Аяған да қарап қалмай олардың әзіліне әзілмен жауап берген.

– Әсемді маған біржолата бердіңдер ме?

– Бердік, бердік! – деп шулаған төңірегіндегілер.

– Олай болса біздің ішкі шаруамызға араласпандар. Біз не істесек те өзіміз білеміз. Солай ма, Әсем?

Қызда ұн жоқ, жүзі нарттай болып қызарып шыға келіпті. Жылайтын адамдай екі көзі балбұлдап, қинала күлімсіреді. Әдетінде әдепсіздік қасиет жоқ Аяған қызулықтың әсерімен қыздың аш белінен құшақтады.

– А-а-ғ-ай, қойыңызшы, – деген қыз бүкіл денесі дірілдеп.

– Әсемді ешкімге бермеймін, – деген Аяған қыздың белінен қыса түсіп. Соның арасынша үзіліс жарияланып, би басталған. Аяған кіріп кетер тесік таппай қысылып отырған қызды қолынан жетектеп, ортаға алып шыққан, содан үзіліс бітіп, ел орнына отырғанша тек қана Әсеммен билеген.

Ептеп қызулау болғандықтан ба, билеп жүргенде Әсем оған сондай сұлу болып көрінді. Мінезі орнықты, біртоға қыздың қабағы ашылып, көңілі көтерілген сияқты, Аяғанға жанары жаудырап, ризашылық пейілмен күле қарайды. Жігіт талшыбықтай майысқан қызды бауырына тартып, құшағына қыса түседі. Әсемнің жүзі нарт, балғын денесі дірілдеп, әлсіз ғана қарсылық көрсетеді.

– Мен сені ешкімге бермеймін, – дейді Аяған оның құлағына дауыстап. Ұялшақ қыздың жүзі дуылдап, төңірегіне жасқана қарайды. Біреуде біреудің жұмысы жоқ, ептеп ұрттап алған студенттер ақ тер, кара терге түсіп, билеп жүр.

– Сені өзім жеткізіп саламын, – дейді Аяған оны құшағына қаттырақ қысып. Көп көздің сұғынан қысылған қыз қарсылық көрсетіп, жігіттің кеудесінен қаттырақ итерген.

– Аға, қойыңызшы... Адамдар қарап тұр ғой, – деген жыламсырап. Аяған оның жанарындағы жалынышты байқап, тез сергіді.

Екінші отырыста олар алғашқыдағыдай тоң-торыс қалмай көптен біліс, таныс адамдардай біріне-бірі қошемет жасап, ізет көрсете бастады. Аяған мүлде ішкен жоқ. Оның бұл қылығы басқаларға ұнамады, қызып алған жігіттер кеу-кеулесіп қолқалай бастаған.

– Біз ішпейміз, – деп қыз Аяғанның рюмкесін төңкеріп қойды. – Біз өз лимитімізді бірінші отырыста-ақ тауысып қойғанбыз.

Қыздар жағы Әсемді қолдап, ду ете қалған. Екеуінің тіл табысканына қуанды ма, жігіттер де Аяғанды қинаған жоқ.

Әсем екінші отырыста сәл ашылып, еркіндеу қимылдады. Кейбіреулер секілді өтірік тәлімсімеді. Беті ашылған қыздар секілді жорта қылымсып, кісіні жеріндіретін арзан қылық көрсетіп, әуреге түспеді. Күлкісінде кінәрат жоқ, таза. Аяғанға ол жүзінен иманы тамған тәлімді қыз болып көрінді. Кимелеп алға түсуге ұмтылмайтын, жұрттың көзіне ерек түсуге тырыспайтын қарапайым қыз сол тойда ешкімге тоқтамай, дүниеде жоқ аруды іздеп шаршап жүрген Аяған серіге ой салған.

Тойдан кейін Әсемді жатақханасына шығарып салды. Жолай әртүрлі күлкілі әңгіме айтып, қыздың ішек-сілесін қатырған. Олар бір қиырдағы жатақханаға аяндап жеткенше таң біліне бастап еді. Аяғанға бойы үйрене бастаған қыз асыға қоймады, екеуі жатақхананың алдындағы орындыққа келіп отырған. Дәл осы араға келгенде ұстамсыздық жасағанын қалай ұмытсын. Бір сәттік ағаттығының сазайын кейін тартты ғой. Көңілінде күдік

жок кызды бас салып, сүюге тырысқан. Әсемнің қорыққаны сонша, калтырап-дірілдеп түсі қашып кеткен.

– Жіберіңіз! – деп шырылдап жанталасты-ай келіп. Бірақ әрқашан женіп үйренген Аяғанда тыпырлаған кызды жібере салатындай ой жоқ еді. Шәпету келген кызды қапсыра құшақтап, екінші қолымен иегінен ұстап тұрып, қадалып сүйді. Тыпырлаған байғұс кызды біраздан кейін босатқан. Ағыл-тегіл жылаған қыз орнынан атып тұрып, тұра қашқан. Қыздың сол күнгі қылығы Аяғанға түсініксіздеу болып көрініп еді. “Неге қашты екен? Әбес қылығыммен шошытып алған жоқ па екенмін?” деп ойлаған да қойған. Ойда-жоқта жолыққан қыз оп-онай ұмытылып кетеді деген. Бірақ кісі баласына үрке қарайтын ақсары өнді талшыбықтай майысқан кызды ұмыта салуға шамасы келмеді. Бір-ақ рет көрген қыз жүрегiнiң түкпіріне жайғасып алып, Аяғанға маза бермейтін болды. Ол ойда-жоқта көшеде кездесіп қалатындай әрқашан елегізіп, қыз атаулы Әсемге ұқсайтындай, оларға байыптап қарайтын әдет жабысқан. Бірте-бірте оның бейнесі көмескіленіп, алыстай бастады. Ол алыстаған сайын сағынышы күшейіп, көрмесе тұра алмайтындай қалға жетті. Әсемді іздеп, есеп-санак техникумына барды, көп қыздың ішінен таба алмай қайтқан. Ойлай берген сайын адамның аңсары күшейіп, төзімі таусылып, жаны жай таппай тыпырлайды екен. Шыдай алмай оны жатақханаға іздеп барған. Әлдекімдерден сәлем айтып жібергенмен ол шықпай шаршатты. Күтіп-күтіп кері қайтты. Екінші рет те дәл сол жағдай қайталанды, өтініш айтып жіберген адамдары Әсемді қолынан жетелеп алып шығатындай болып кетеді, бірақ су аяғы – құрдым, ешкім шықпайды. Аяған да жалықпайды, ішке кіріп бара жатқан қыздарды тоқтатып алып, қиылып сұрайды. Бірақ Әсем қарасын көрсетпейді.

Махаббат деген емге көнбейтін дерт екен. Аяған соны ұқты. Күні кеше небір сұлу қыздарды көзге ілмей жүрген Аяған сері демнің арасында бейшара болды да қалды. Мектепті биыл ғана бітіріп келген кішкентай ғана қыз күні ертең “қазақ халқының мақтанышына айналғалы тұрған Аяған серіні” көзге ілмей “ұят” жасады. Аяған серіні талай қыздың табасына қалдырды. Олар дұрыстап шашын тарай алмайтын қызға ғашық болып жүнжіп кеткен жігітті мазақтап күлетін әдет тапқан.

– Иә, сері жігіт, тойда танысқан көгершініңді таба алмай табаныңнан таусылып жүрсін бе? – дейді аз уақыт жақсы болып жүріп суысып кеткен қыздардың бірі. – Ізде, ізде... Сен тапқанша ол балалы болып та үлгерер.

Аяған алыпқашты сөздердің талайын естіді. “Әй, койшы соны” деп қолды бір сілтеп, басқа қызбен айналысып кетуді де ойлаған. Бірақ оның дерті күн санап асқына берді, шыдамы көпке жеткен жоқ. Бір күні кешкілік қолына қызыл байлап, жанына Жанайды ертіп, есеп-санақ техникумының жатақханасына келді. Есік алдында отырған вахтер кемпірге аудандық комсомол ұйымының қызметкерімін деп бөсті, жатақхананы тексеруге келгенін айтты. Кемпір сенді.

Жанай екеуі жатақхананы аралап, Әсемді таба алмады. Ол киноға кетіпті. Қайтып айналып соқпақ болып, бірінші қабатқа түскен.

– Біз қайтып айналып соғамыз.

– Бізде тәртіп жақсы, – деп көсіліп сөйлеп берген кемпірдің сөзін аяғына дейін тыңдамай сыртқа беттеді. – Мен кезекші болған күні жатақханада айқай шықпайды.

Жақсы сөз дәмәтіп тұрған кемпірдің атына бір-екі ауыз мақтау айтып, Жанай екеуі сыртқа шығып кетті. Бүгінгі “операцияларының” жоспарын жасап, сағат он бірге қарай жатақханаға қайтып айналып келген.

– Бәрі тыныш, бөтен адам кірген жоқ, сағат он бірде сыртқы есікті жабамын, – деп тықылдады кемпір.

– Рахмет сізге! Директорға айтамын, – деді беті бүлк етпей.

– Артамонова Ксения Павловнамын...

Жанай блокнотына жазып алған болды. Аяған кемпірдің қолын алып, тағы да рахмет айтты.

Екеуі үшінші қабатқа көтеріліп, Аяған жуынатын бөлмеге кіріп, жасырынып тұрды. Келісім бойынша Жанай барып Әсемнің есігін қағады да:

– Әсем, қалааралық байланыс телефонға шақырады, – дейді. Ол төменгі қабатқа түсіп кеткен кезде дәліздің шамын түгел өшіріп тастайды. Алданған қыз қайтып келе жатқан кезде алдынан шығып, жетектеп жуынатын бөлмеге кіргізеді.

Алдын ала жасалған жоспар бойынша зәресі ұшқан Әсемді ес жиғызбай жуынатын бөлмеге кіргізіп жіберді. Қатты қорқып қалш-қалш етіп тұрған қызды соншалық аяп кеткен Аяған құшақтап бауырына тартып еді, мүлде қарсыласпады.

– Кешір жаным! Кешіре алсаң кешір мені! – деді жігіт жалынышты үнмен. Құшақтап тұрып Әсемнің бетінен, көзінен, маңдайынан сүйді. Қызда үн жоқ, тілі байланып қалған сияқты, хам-характерсіз сілейіп тұр. Денесі де, қолы мен беті, тіпті ерні де сұп-суық. “Желең шыққан сон тоңған ғой” деп ойлап, костюмін шешіп, иығына жапты.

– Менен неге қашып жүрсің, Әсем? – Қызда үн жоқ. Екі қолын кеудесіне алып, бүрісіп тұр. – Саған қанша рет келгенімді білесің бе? Сені көрмесем шыдай алмайтын қалге жеттім, Әсем. – Үнсіз тұр, мүлде таскерен болып қалған сияқты. Аяғанның дауысы құлағына жетпейтіндей, оның айтқан сөзінің мағынасын түсінбейтіндей төмен қарап тұр. Жігіт көкірегі қарс айрылардай күрсініп жіберді. – Неге шыкпадың, Әсем? Себебін айтшы ен болмаса...

Қыздың көзінен мөлт-мөлт етіп жас шықты. Жасты көзбен Аяғанға жаудырай қарап тұрды да, теріс бұрылып кетті.

– Саған не болды? Неге жыладың? – Қызда үн жоқ. Екі иығы селкілдеп, егіліп жылап тұр. Жігіт ту сыртынан келіп құшақтап еді, бұлқынып, тулап қашқан жоқ. – Мен сені сүйемін, Әсем. Мені жек көретініңді білемін. Мейлі, жек көре бер. Бәрібір келе беремін, келе беремін, – деді жігіт дауысы бұзылып. Көңілі босап, алқымына қатты зат кептеліп тұрып қалғандай болды.

Әншейінде ауыздыға сөз бермей көсіліп шабатын Аяғанның ойы шашырап, әңгімесі жүйеленбей абдырап, кішкентай қыздың алдында бейшара күйге түсті. Айтатын, айтсам ба деп жұптаған сөздері көп-ақ еді. Кеше күні бойы пісіріп, жұптап қойған, естіген кісі есінен танып құлардай тәтті сөздері, жақсы ойлары есіне түспей жаны қиналды. Сасқанынан қайта-қайта кешірім сұрап далбасалады.

– Енді келменіз, аға, – деген қыз қоштасар сәтте. Бір ауыз сөзді қиналып тұрып әрең айтты.

– Неге келме дейсің?

– Сол, – деді қыз бар ойын дерегі жоқ бір сөзге сыйғызып. Аяған қыздың қай жағына шығарын, не дерін білмей тыпырлады.

– Неге? – деді есеңгіреп тұрған жігіт. Қыз жауап берген жоқ, иығына жамылған костюмді иесіне қайтарды.

Мен кетемін, тондым, – деді рұқсат сұрағандай жігітке қиыла қарап. Қыздың аузынан шыққан сөзді қалт еткізбей орындауға бейіл болып тұрған жігіт шегініп жол берді. Үстінде арзанқол шыттан тігілген көк көйлегі бар шидиген арық қыз ұзын дәлізбен аяндап бөлмесіне кетіп бара жатты... Бөлмесіне кіріп бара жатып бұрылып қараған Әсем дәліздің бір ұшында өзінен көз алмай мөліп тұрған жігітті көрді...

Көңілі жасып, тауаны қайтып, тауы шағылған Аяған көпке дейін Әсем тұратын жатақханаға беттей алмады. Ойы онға, санасы санға бөлініп, көңілі күдікке күпті болды.

“Оның жігіті бар шығар. Жігіт болмаса маған неге келме

дейді?! Бекер басымды ауыртып, жанымды қинамайын” деген түйінге келген жігіт Әсемді біржолата ұмытуға тырысқан. Бірақ тасқа кашалған жазудай болып миына жазылып қалған Әсем есімін өшіре алмай қойды. Қызды алыстан болса да бір рет көріп қалу үшін күніне бір уақ санақ техникумының оқу корпусына барып қайтады. Бірақ Әсем жоқ, қанша рет табанынан таусылып барғанмен бірде бір рет кездестірмеді.

Не істерін білмей, ішін ит тырнағандай қиналып жүргенде Әсеммен ойламаған жерде кезігіп қалды. Аяғанды көргенде қыздың түсі қашып, аяғына тұсау салынған аттай адымын аша алмай кібірттіктеді. Бір-біріне қарсы жүріп келе жатқандықтан көрмеген болып өте шығу мүмкін емес еді. Алдымен қыз тоқтады. Екі көзі жаудырап, екі жағына пышақ жанығандай болып жүдеп кеткен жігітке аянышпен қарады.

– Сәлеметсіз бе, аға!

– Сәлеметсің бе, Әсем! Қал-жағдайың қалай? – деп қатты қуанған Аяған асып-сасып сұрақтан соң сұрақты жаудырып жатыр.

– Жаксы ғой, аға. Оқып жатырмыз.

– Дұрыс екен. Мен осы бүгін... Осы жерде сені көремін деп ойлаған жоқпын тегі,— деді саскалақтаған жігіт ойын жүйелей алмай. Әсем жымыып күлді.

– Ой, ұмытып барады екенмін. Кішкентайларыңыздың бауы берік болсын, аға!

Аяған төбесінен жай түскендей есенгіреп қалды. Қалжыны ма деп қызға қарады, ол қолын ұсынып тұр. Жігіт қолын қалтасына салып алып, қарқылдап күлді. Екеуінің арасына от жағып жүрген біреудің бар екенін осы жолы білді.

– Ой, рахмет, Әсем! Ойда жүрген Қанат, Жанат, Санат, Манат, Талғат деген балаларыма да бауы берік болсын айта бер. Мен де сенің ойда жүрген балаларыңа бауы берік болсын айтайын.

Әсем ештеңе түсінбей аң-таң қалып тұр. Аяған тағы да күлді.

– Аяғанның әйелі бар деді ме? Ол кім? Кім айтты, Әсем?

– Зүбайда айтқан...

– Біздің курстағы Зүбайда ма? – Қыз бас изеп, ұялып басын тұқыртты. – Ой, суайт-ай ! Ой, Зүбайда-ай! Қатырған екенсің ғой.

Бір курста оқитын Зүбайданың өзіне деген көңілін білетін Аяған оған мүлде ренжіген жоқ. “Қызғаныш не істетпейді, тәйірі” деді де қойды. Егер Әсем бұрынғысынша мойнына құрық түспеген шу асаудай жанына жолатпай туласа, бәлкім, Зүбайдамен басқаша

сөйлесер ме еді, кім білсін. Әсем тулаған да, шулаған да жоқ. Аяғанның ағынан жарылып айтқан сөзін ұйып тындады, оған сенді. Жігіт сол жолы Әсемнің өзіне деген ниет, пейілін танығандай болып еді. Қыз Аяған туралы естіген хабарының өтірік болып шыққанына шын қуанған, жүрегі жарылардай қуанған.

Осыдан кейін екі арадағы шекара ашылып, біріне бірі адастырмай алып келетін жол салынды. Сол жол арқылы екеуінің тағдырының қосылуына себепкер болды.

Бірге өткізген өмірлері тәтті болды, ашымен былғанған жоқ. Өмірге келген үш бала екеуінің бір-біріне деген сүйіспеншілігін күшейте түсті. Аяған “жалғанда теңі жоқ жарын” алаканына салып аялады, бір рет те көңілін қалдырған емес.

Әсем есті, ақылды. Ата-енесінің көңілін тез тапты. Жалғыз ұлдың тілеуін тілеп, оны тозбай, аты озбай ел қатарлы өмір сүріп келе жатқан Қуат қарияның шаңырағына Әсем құт болып кірді.

Бір кесе шайды жалғыз ұлдың атын аузына алмай ішпейтін шал мен кемпір “құдай айдап әкелген” келіннің қабағына қарады, жайылып жастық, иіліп төсек болуға тырысты. Көп жылдар бойы келін түсіріп, қатарға қосылсақ, немере сүйсек деп армандаған екі көрінін бақыттан басы айналған. Жеті атасынан қаракөк болмағанмен тиындап жинаған азын-аулақ қорын аяған жоқ. “жиған-тергенім жалғыз баланың басынан садақа” деп бүкіл ауылды шақырып, екі күн той жасады.

Тойдан кейін Аяған Алматыға кетті де, Әсем ата-енесінің жанында қалған. Ана мейіріміне қанбай, ананын жылы сөзін естімей өскен Әсем іші-бауырына кіріп, айналып-толғанып өліп қала жаздайтын енесіне тез бауыр басты. Келін бола тұра туған анасындай мойнына асылып еркелейді, күні бойы жанынан шықпайды, енесінің аузынан шыққан сөзді қалт еткізбей қағып алып, лез-демде тындырып тастайды.

Әсем дегенде Қуат қарияның көңілі көлдария. Қашан болсын айналып, толғанып жүреді, “қозым” дейді, “құлыным” дейді. “Жарығым” дейді. “Күнім” дейді. Әйтеуір не керек, ең жақсы сөзінің барлығы Әсемге арналады. Аузынан бір де бір рет келін деген сөз шыққан емес.

Елжас дүниеге келгеннен кейін Әсем бір жарым жыл ауылда болған. Олжас пен Бибіні босанған соң да бір жыл, жарым жыл ата-енесінің қолында тұрды. Ол кісілерге бауыр басып қалғаны соншалық, ата-енесін аузынан тастамай жүрегі елжіреп, езіліп тұрады. Қашан болсын ауылды аңсап, аңсары ауып отырады. Көңілі жабырқап, жанын мұң басқанда “ауылға, атам мен

апамның жанына кетейікші” дейді. Ата-енесінің жанында жүрсе ешқашан таршылық, тапшылық көрмейтіндігіне, қай сөзім, қай ісім ұнамай қалар екен деп кім көрінгеннің бетіне жауаңдамайтынына көзі әбден жеткен тәрізді. Қаланың беймаза тіршілігі, бір пәтерден екіншісіне көшіп-қону үй иесінің қабағын аңдып, жалған сыпайыгершілік жасап, өтірік күліп, өтірік сөйлеу, өтірік сыйлау Әсемді әбден шаршатқанын Аяған біледі. Бұл тіршілік “шықпа жаным, шықпа” деп ілдалдалап әрен жүрген Әсем түгіл Аяғанды да қажытты. Үйленгелі бері бұл қалада Аяған алақан жайып бармаған орыс пен татардың, түріне қарап ұлтын ажырата алмайтын әлдекімдердің үйі жоқ та шығар, сірә. Үш бірдей баласын арқалап жүрген казакқа пәтер табылуы қиямет киын шаруа. Кезекте тұрғалы қаншама жыл болды, бірақ Аяған сол орнынан әлі қозғала қойған жоқ. Кезегі кейін, институтты кеше бітіргендер ретін тауып, үй алып кетіп жатады. “Осыған обал болды-ау. Үш баласы бар, әйелі ауру еді” деп есіркеп, мүсіркеп жатқан ешкім жоқ. Анда-санда Әсем: “барсаншы, айтсаншы, сен кімнен кемсің” деп қайрап қояды. Ешкімнен кем емес екенін өзі де біледі. Кімге барады? Мұның кімге шағады? Аяғанның жанын түсінер, жанашыр болар кім бар? Сондай біреу болса басына іс түскен сәтте қарап жатпай қам жасамас па еді. Жалғыз сенген адамы Алдияр Ақпанұлының жағдайы анау — мешел баладай орнынан тұра алмай жатқанына біраз уақыт болды. “Еңбегі сінген адам еді-ау. Қал-жағдайы қалай екен дейтін адам бар ма? Ректордың жағасына жармасты деп, бір топ шәуілдек жабылып жүріп құлатып тынды ақыры. Жағаласқанның жағын сындырмай тынбайтынын тағы да дәлелдеді. Шындыққа ара түсемін деп шырылдаған мұның жағдайы міне, жалған жаламен түрмеден бірақ шықты. Ақпанұлы Алдиярдай ғұламаны аямаған ол топ Аяғанның мандайынан сипасын ба?! Олардың темір шеңгелінен құтқарып ал деп, шыбын жаны шырқырап көмекке шындықты шақырған. Бірақ шындық Аяғанға қол ұшын бермеді. Шындықтың құлағына шырқыраған үнім жетпеген шығар деп ойлаған. Шындықтан күш кеткенін, оның тым әлсіз екенін кейін түсінді. Үмітін үзбей қаттырақ шынғырып, дертін айта бастап еді, ешкім арашалап ала алмайтын жерге алып келіп тыға салды. Күш әлі сол биліктің, биік мансаптың қолында екен.

Жалғыз жанашыры Әсемнің қолынан не келсін, тәйірі. Оның да ағайын-тумасы жоқ, тұлдыр жетім. Мәскеуге жазған хатына неге жауап жоқ? Орталық комитет хатшысының қабылдауына бара алмайды. Мынау тас қабырғаларды талқандап, жарық дүниеге шығуға құдіреті жетпейді. Жарық дүниеге шығамын

дегенше Максұт сияқтылар түбіне жетіп тынар. Оның ішіне қан катып калыпты. Баяғының барлығын ұмыта алмай жүр екен. Одан аяушылық күту кате. Максұт сияқтылар атса – оқ, шапса – кылыш. Ондайларға ақыл-парасат күлкі болып па, тәйірі. Қай заманда да орындаушыға ақыл кедергі жасаған. Адамның тағдырын Максұт сияқтылардың қолына тапсырған соң бұл дүниеден не үміт, не қайыр?! Халықтың басына қиын заман туғанда сондайлардың бағы артып, жұлдызы жанады. Ел-жұрттың сорына туатын қаншелектер қай заманда да аз болмапты ғой. Ел аман, жұрт тынышта бетегеден биік, жусаннан аласа болып бұғып жүретін сүмелектер қиыншылықта шегірткедей қаптап кетеді екен. Отыз жетінің зобаланында солардың құдайы берді, халықтың ары мен абыройына айналған асыл азаматтардан өштерін аяусыз алды, аянбады, аямады. Сәкендердің тісін түгендеп, жағын омырған да Максұт сияқтылар емегенде кім?! Бейімбет, Илиястардың азаптанғанын көріп, айызы қанған шығар олардың. Мағжанның, Ахметтің, Шәкәрімнің, Тұрардың аруағы бекер жібере ме екен оларды!? Мемлекет басында Ленин отырған заманда сыртқы жаулармен және ел ішіндегі қанқұйлы қарақшылармен күрескен мекеменің алмас қылышы Сталин дәуірінде халықтың ары, ұяты, абыройы, мақтанышы есепті асыл азаматтардың төбесінде жалаңдады ғой. Алмас қылыш халықтың ар, ұятын аяусыз тілгіледі... Жүзінен қан тамшылаған сол қылыш әлі мұқалған жоқ-ау, сірә. Ол әлі өткір. Өткір қылыш Максұттың қолында...

Аяған өз ойынан өзі шошыды. Мойнына тастай суық су құйып жібергендей денесі қорқыныштан дүр ете қалды. Оқыстан соққан қорқынышты ойдың әсерінен арылу үшін орнынан тұрып, денешынықтыру жаттығуларын жасауға кірісті. Бүкіл денесін жаулап алған қорқыныштан құтылу онайға түспеді. Қыр желкесінде алмас қылышын жарқ-жүрк еткізіп Максұт тұрғандай арақідік шошына жалт қарайды немесе басын қорғаштап, ытырылып екінші бұрышқа секіреді. Артынша бұл қылығына өлердей намыстанып, өзін-өзі сөгеді.

“Нокталы басқа бір өлім”. Соншама шошынғаны несі, тәйірі?! Тек Аяған ғана емес, бүкіл халық қосүрей. Қоғамда болып жатқан былық пен шылықты көре тұра, іштері қыз-қыз қайнап, ызаға булыққанмен үндемейді бұл жұрт. Үндесе үйдей пәлеге жолығарын біліп болғалы қашан. Төбесінде алмас қылыштың жалаңдағанын кім қаласын. Ой-қиялы бүкіл ғаламды шарлаған, білім-парасаты кемел кісінің еркін ойлап, еркін сөйлеуіне, пікірін қысылмай, қымтырылмай айтуына ерік берілген. Солай

екен-ау деп алданып қалған алаңғасар “ғұлама” өзінің мықтап кателескенін сүрінген сәтте білер. Білер де бармағын шайнар. Сондай бір ғұлама бір жылдан бері орнынан тұра алмай, бармағын шайнап жатыр.

Адамдар неге біркелкі ойлауға тиіс! Адам робот емес қой. Ойды шектеу, ойға тұсау салу деген не сұмдық! Даму деген дұрыс пен бұрыстың күресі, қым-қиғаш қайшылық емес пе?!

Бойын ашу кернеген Аяған көзін шарт жұмып, бөлменің қак ортасында шалқайып ұзақ тұрды. Миын шырмап алып, жүйкесін жұқартқан бикисап ойды қашырғысы келді. Қап-қара бұлттай тұтасқан қалың ой бірақ ыдырамады. Ешқандай іспен айналыспай камалып жападан жалғыз жатқан адамды түбі жоқ ойдың қай құрдымға құлатарын Аяған сезеді. Төбеге қарап, әрекетсіз жата беруге болмайды екен. Міртемір келсе немесе кешегі жасыл көз сары жігіт келсе өгініш жасамақшы. Жанына адам келсе, серік табылса жеңілдеу болар еді. Шаруасы бір жақты болғанша тергеу камерасынан басқа жаққа көшірмейтіні белгілі. Мынандай “қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған” заманда Аяған сияқты ашық күнде адасып, ішпей сөзінен жаңылып, үкіметке қарсы сөйлеген адам табыла қояр ма екен, сірә? Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің түрмесінде жалғыз өзі жатпасын. Өзі сияқты жаламен қолға түскен алаңғасар біреу болмаса, көңілі шын бұзылған, пейілі пасық, жүрегіне қан қатқан пенде итпен іздесен де таптырмас. Мынандай ит басына іркіт төгілген заманда осындай елде тұрып, оған қастық ойлау, қараниет қарау болу дені сау адамның ісі емес-ау, сірә.

“Балаң үкіметке қарсы болып, қолға түсіпті, түрмеде жатыр” деген жаманат хабарды естісе әке-шешесі қандай күйге түсер екен? Жалғыз ұлдың тілеуін тілеп “Аяғанымның жолын онғара гөр” деп жаратқанға жалбарынған екі кәрі зілбатпан қайғыны көтеріп, жер басып жүре алар ма екен енді?! Әсіресе байғұс анасына ауыр. Жалғзынан уақтылы хат келмей қалса ұйқысы бұзылып, ауырып қалатын кейуананың мынандай сұмдық хабарды естігенде қандай күйге түсерін кім білсін. Табанын тіліп, тұз сепсе де шыдар. Аяғанының басы ауырса қу жаны қуырдақ болатын бейшара “жалғзының” қазіргі жағдайын естісе шыдай алмас.

Әкесіне де оңай тимес жаманат хабар. Қабырғасын бір-бірлеп сөксе де шыдап беретін итжанды шал үшін жалғыз ұлдың жаманатқа ілінуінен өткен қасірет жоқ. “Бұл жай жаманат емес, әулеттің сүйегіне түскен таңба” дейді әкесі. Кенес үкіметі, партия десе ойланбай отқа түсіп кететін шал ұлының кінәлі екендігіне көзі жетсе “ол бір шіріген жұмыртқа” деп қолды бір сілтеп, теріс

айналып кетуден тайынбайды. Шалдың ұғымынша, құдайға қарсы шығуға, оның атына артық сөз айтуға болады, ал партияға тіл тигізуден асқан күнә жоқ. “Партияның аркасында аман қалдық, адам болдық. Партияның аркасында жер басып жүрміз” дейді.

“Халықтардың күн көсемі” болған адамның ақылын – азық, сөзін сусын етіп өскен ұрпақ тәртіпке үйренген. Олар ешқашан беттен алмайды, төске шаппайды. Үкімет пен партияның әрбір сөзі олар үшін бұлжымас заң. Ол дұрыс па, бұрыс па, бұл мәселеге ешқайсысы бас ауыртпайды. Үкімет пен партияға сенгені сонша – жоғарыдан берілген нұсқаудың бұрыстығын қу көңіл сезіп тұрса да, қарсыласпай томпаңдап жүгіруді ғана біледі ол ұрпақ. Әкесінің сол орындаушы топтың бел ортасында жүргенін, жүре беретінін Аяған өте жақсы біледі.

Жалғыз ұлдың түрмеге түскенін естісе, Алматыға шауып келер, бәлкім. Әлде құса болып, шықпай жатып алар ма екен?

Осындай сан қилы ойлар келіп, Аяған әбден киналды. Өмір бойы тапқанын жалғыз ұлдың үстіне жауып, аузына тосып, соның ғана тілеуін тілеп, тәубасын ауыздан тастамай тіршілік еткен ата-анасы есіне түссе сұмдық күйзеледі. Осындай сәтте Аяған тығырықтан шығар жол іздеп шаршайды. Балалары есіне түссе жаны одан сайын дызығады. Сотталса олардың азып-тозып кетерін ойлап, іштей өксиді.

Әсем сырқат. Қазір жұмыста жоқ. Пәтер жалдап тұрады. Ол бейшара үш баламен қайда, кімге сияды? Ата-ана қартайды, бір күн ауру, бір күн сау, “шықпа жаным, шықпалап” ілдалдалап сүйретіліп жүрген шығар. Екі кәрі бір сиыр, азын-аулақ ұсақ мал мен аз ғана пенсияға қарап отыр. Үш немересі мен келіні келем десе қуаныштан есі шығып кетер еді екеуінін.

Аяғанның мейірімге қаталаған жүрегіне нұр себелеп, көңілі босады. Артында асқар таудай болып ата-анасының тұрғанына қуанды, бала-шағасының қаңғырып далада қалмайтындығына тәуба деді.

Әке мен шешені жалғыз ұлдың қайғысы-ақ алысқа ұзатпай алып тынар. “Жаным арымның садақасы” деп ғұмыр кешкен екі кәріге бұдан өткен қайғы, бұдан ауыр қасірет бола ма, сірә?! Түкке тұрмайтын істі дабырайтып, даурығып жүретін ауылдың белсенділерінің құлағына Аяған Қуатовтың қамалғаны хақындағы хабар тисе бүкіл елді дүрліктірер. Қуат қарияны қайта-қайта бастауыш партия ұйымына шақырып, жалғыз баланы дұрыс тәрбиелей алмағаны үшін жерден алып, жерге салар, партиялық сөгіс беруді де мүмкін. Шаш ал десе бас алатын парторгтан мұндай сорақылық та шығады. “Балаң шпион” деп әкесін көзге шұқыр.

Басына ауыр салмақ, киямет киыншылық туғанда да намысын ту етіп көтерген шал үшін бұдан өткен қорлық бола ма?! Бұл — өлім...

Мандайынан шертпей, әлпештеп өсірген ата-анасына жасаған жақсылығы осы ма? “Жалғызым аман-есен болса бізді ұшпаққа алып шығады” дейтін анасы. Алып шықты ұшпаққа.

Жаны дызығып, ерсілі-қарсылы адымдап жүрген Аяғанның көңілі сөгілді. “Мен ақпын. Шындыққа жетпей тоқтамаймын. Ақ иіліп сынбайды” деп өзіне өзі дем беріп, өзін өзі қайрап жүретін Аяған ата-анасын ойлап, кәдімгідей жасып қалды. Өзіне-өзі ренжіді, өзін-өзі сөкті.

“Неге қана тыныш жүрмедім? Ауғанстанда нем бар? Өлер іні өлді. Құдайдың мандайына жазғаны сол шығар. Қанша жерден шырылдағанмен ол тіріліп келмейді. Алдияр Ақпанұлын қорғап нем бар еді? Ол өмір бойы жеңілістен көз ашпаған адам. Бұл жолы да ректордың бір сілкігенінен қалмай мұрттай ұшты. Мафияға күшінің жетпесін біле тұра пілге айбат көрсеткен кәнден күшіктей шәуілдеді. Олардың бір-бірімен жең ұшынан жалғасып жатқанын білмей қара басса бір жөн. Олардың тамырының тым теренге кеткенін білуші еді ғой. Оларды түп тамырымен қопарып тастай алатын адам ғана толық жеңіске жетеді. Ондай күш Алдияр Ақпанұлына қайдан бітсін. Ондай күш бұған, Жақияның бір шерткеніне жарамай жалпасынан құлайтын Аяғанға, қаңбаққа күлкі болып па?! Бүкіл бір ғылымның мақтанышы есепті Алдияр Ақпанұлы олармен жағаласуға жарамай жалп етіп құлағанда қаңбақтай болған Аяған Қуатов кімге, неге сенді? Әділетсіздіктің жап-жалпақ табанының астында қалатынын біле тұра жанталасқаны қай сасқаны?! Әділетсіздік деген шынжыр табанды трактор. Ол таптап жүре береді. Өзіме де сол керек”.

Аяғанның ойын тықыр бөлді. Есік ашылып, камераға Міртемір кірді. Аш ойдың талауынан қалай құтыларын білмей аласұрған Аяған оның жүзіне күдіктене қарады.

— Сіздің үйге барып келдік,— деді ол күлімсіреп. — Балаларыңыз сүйкімді екен. Балаларыңыз аман-есен.

Бала-шағасының хабарын естігенмен көңілін құрсаған күдік тарқай қоймады. Балалардың, Әсемнің қал-жағдайын тәптіштеп сұрағысы келген, Міртемірдің езуіндегі күлкіні көріп, ит мінезі ұстап, аяқ астынан қырсықты да қалды.

— Хадиша деген қарындаспен сөйлестім,— деді Міртемір ақырын ғана күрсініп. Аяған жалт бұрылды. Бір сұмдықты сезгендей жүрегі тыпырлап келіп, алқымына тығылды. — Жұбайыңыз ауруханаға түсіп қалыпты. Жеңіл-желпі сырқат болу керек, сірә.

– Мені босат,– деді Аяған жалынғандай болып. Міртемір үнсіз бас шайқады. – Әйелімнің қал-жағдайын біліп келейін. Ол көптен бері ауырып жүр еді.

– Сізді босату менің қолымнан келмейді. Бастыққа айтып көрейін.

Міртемір ұмытқанын есіне түсіргісі келгендей қабағын шытып, ойланып қалды. Қырынан қарағанда әлдекімге ұқсайтын сияқты. Енді есіне түсті, Міртемірдің түрі қазақ болып кеткен атақты тіл маманына келеді екен. Ол бәйгеге қосатын жүйріктей қызылаш болып, үнемі жарап жүретін кісі. Сол адамға қарын байланғанын, ептеп болса да ет алғанын көрмепті. Басқалар елуге ілінер ілінбестен босап, болбырап, қарнын әрең көтеріп, ырсылдап жүреді. Ал тіл білімінің үлкен маманы әрқашан бірқалыпты, жасының егде тартқанына қарамай жүрісі жеңіл, аяғының кемдігі болмаса жүгіріп кететіндей көрінеді Аяғанға.

– Сізді босата қоярына сенбеймін,– деді Міртемір оған тік қарап. – Үйінізден бірнеше кітап, әртүрлі қағаздар табылды.

Аяған жігіттің жүзіне қарап күлді.

– Жаксы болыпты.

– Күлетіндей жағдайыңыз жоқ, жолдас Қуатов,– деді ол түсін суытып. – Брежневтің карикатурасын салу деген саяси қылмыс деп бағаланады. Пастернактың “Доктор Живаго” романының Парижде басылған нұсқасын қайдан алдыңыз деп сұрайды. Солженицынның ротопринтке басылған “Раковый корпус” романы да сөз болады. Бұрынғыларға мыналар қосылғанда сіз көтере алмастай айыпқа айналады ғой.

Аяған сөйлей алмай булықты.

13

– Алмас, сені декан шақырып жатыр. Тез бар!

Үстіне мұздай су шашып жібергендей денесі дүр ете қалды. “Анау күнгі мәселеге байланысты ма, жоқ әлде, Орталық партия комитетіне жазған хатқа бола шақырды ма екен?” Алмастың көнілін күдік кеуледі. Асықпай киініп, екі ойлы болып сыртқа шықты. Өзіне салса деканға барғысы жоқ, оны ешкімге әл бермейтін әлеуетті күш сүйреп келеді.

Алмасты соңғы уақытта үрей айналдырып жүр. Әсіресе Аяған камалып, оның пәтеріне тінту жүргелі бері тым күдікшіл. Көшеде келе жатып өз өзінен үрейленіп, жан-жағына жалтандайды немесе аяқ астынан селк етіп, жүрегі алқымына тығылады. Ұйқысы бұзыла беретін әдет жабысты. Мемлекеттік

қауіпсіздік комитетінің қызметкерлері түннің бір уағында келіп, алып кететін сияқты үнемі үрейдің сұп-суық құшағында жатады. Осындайда бірге оқитын студенттерді ұйымдастырып, Орталық партия комитетіне хат жазғанына өлердей өкініп, ішін ит тырнағандай қиналады. “Сол хатты қайтып алсақ” деген ойға да келген. Бірақ курстастарымен ашық сөйлесуге батылы жетпеген. Олардың ондай сатқындыққа бармасын, Аяғанды жанын салып қорғайтынын біледі. Курстастарына ойын ашық айтса сүйкімінің кетерін сезіп, әліптің артын күтуге бекінген.

Анау күні Аяғанның пәтеріне барғанына өкінеді. Тінтуге келген екеудің көзіне түсіп қалды. Төртпак денелі жалбыр қас танып алайын дегендей ұзақ қарады. Өзінің түсі де суық екен. Көңіліне кара шаппаса, бөтен пиғылы болмай неге тесілді? Ертен Аяғанға косактап, косак арасына қосып жіберуі де мүмкін. Дүниеде адал адамға күйе жағып, күйдіре салудан онай не бар?!

Алмастың жаны шырқырап, мұрнының ұшына келді. Ойнақтап жүріп от басқанына күйініп, кереметтей күйзелді. Үрейдің зілбатпан салмағынан еңсесі басылып, деканның бөлмесіне имене басып кірді.

– Жоғары шық, Алмас,— деп Жакия оны жылы қарсы алды. Қолтықтап төрге шығарды. — Сенімен ақылдасатын жұмыс бар еді.

Кінәсін мойындағандай басын түкшитып, үн-түнсіз отыр. Жакияны бұған дейін жек көргеніне, Аяғанның сөзіне еріп, оған сыртынан дөңайбат көрсетіп, ғайбат сөздер айтқанына өлердей өкініп, күйзеліп жүргеніне біраз болды. Онымен кездесе ұрлық жасаған адамдай өз-өзінен қуыстанып, қызарактай бастайды. Шамасы келсе кезікпеуге тырысады, қашып жүреді. Алмастың осынысын біле ме, Жакия оны әдейі іздейді және асты-үстіне түсіп, тіл ұшымен бар жақсылықты үйіп-төгіп, майлы ішекке айналдырады. Мұндай сәтте Алмастың ұяттан беті өртеніп, жерге кіріп кете жаздайды.

Міне, қазір де сондай күйге түсіп отыр. Жакияның екі көзі Алмаста, езуіне жұқалап жакқан сүйкылт бояудай болар-болмас жымысқы күлкі ұялаған.

Қаңтар айының жиырмасы мен жиырма сегізіннің аралығында Ленинградта студенттердің бүкілодақтық ғылыми конференциясы өтеді екен,— деді Жакия ежелгі әдетімен көзін сығырайтып, Алмасқа тесіле ұзақ қарады. Жігіт өз-өзінен қысылып, мұрнының үсті тершіп, кипактап отыр. Мына отырысына қарағанда, беті қайтқан, кінәсін мойындаған адам сияқты. Жакияның кісінің

ішіндегісін біле қоятын әккі көзі осыны аңғарды. — Сол конференцияға сенен басқа лайықты адам таба алмай отырмыз, Алмасжан. Институттың намысын өзің сияқты сенімді жігіттер қорғамаса, бәлдір-батпак балалар ұятқа қалдырады.

Алмастың екі беті шапалак тигендей дуылдап, одан сайын қызарды. Қысылғаны соншалық, мінгірлеп бірнәрселерді айтқан болады, онысын Жақия түгіл өзі де түсінбейді. Сасқаны ма, ыржалақтап күле бастады.

“Осындай тамаша адамның қадірін білмеген менде ұят жоқ. Кішкентай ғана ақылым болса осындай адам туралы жаман сөз айтар ма едім. Тарих факультетінде кілең беске оқитын, ғылыммен айналысып жүргендер аз емес еді ғой. Әкемнен көрмеген жақсылықты Жақия ағай жасап отыр. Әй, осы мені ұрып өлтіретін адам жоқ”.

Алмас бүрісіп, кішірейе түсті. Деканға жасқана қарап қойды. Әншейінде қабағынан қар жауып, кісі баласын беттетпейтін деканның түсі соншалық жылы болып көрінді.

— Осы бастан тақырып тандап, жан-жақты дайындалу керек,— деді декан Алмастың келісімін күтпестен. Оның абдырап отырғанын сезіп, тізгінді өз қолына алды. — Екінші мәселе, сенің кандидатураң жөнінде Мұса Байларовпен келістім. Сен студенттік кеңестің төрағасы боласын. Кешкілік кеңес мүшелерін жинап, әңгіме өткіземіз. Өзім барамын. Тәртіпті қолға алу керек, Алмасжан. Студенттер бетімен кетті. Масханаға түсіп қалып, артынан қағаз келіп жатқандар көп. Оларды алдымен жатақханадан шығару керек. Өзінді Мүсекеннің оң қолымын деп есепте де, еркін қимылда. Студенттердің арасында теріс ойлы, пиғылы бөтен жастар бар деп естиміз. Мемлекетке, партияға қарсы адамдардың ықпалына түскен бір тобы Орталық комитетке хат жазылты. — Жақия ештеңе білмейтін кісідей Алмасқа көз қиығын тастады. Ол мойнын ішіне алып, бір уыс болып бүрісе түсті. Жүзі сұрланып, екі қолын укалап, берекесі кашып отыр. — Теріс жолға түскен студенттер өсе келе үкіметтің, партияның жауына айналады. Оларды өз ортамызға қайтарып, тәрбиелеуіміз керек. Олар әлі жас, ештеңенің парқын білмейді. Қыздырманың қызыл тіліне ілесіп, адасып жүр. Аяған сыртқы антисоветчиктердің негізгі мақсаты — жастарды теріс жолға салу, сол арқылы Советтік Отанымыздың тамырына балта шабу. Ал біз ондайларға жол бере алмаймыз. Солай емес пе, Алмас?

— Иә,— деп мінгірледі жігіт. — Солай, аға...

— Ендеше, айналайын, біз бірігіп, тізе қосып, Алдияр, Аяған сияқты пиғылы теріс адамдарға қарсы күресуіміз керек. Ең

бастысы – біздің болашағымыз, социалистік құрылыстың тірегі, социалистік қоғамның капиталы деп есептелінетін жастарымызды Алдияр, Аяған сияқты антилердің ықпалына бермеуіміз керек. Алдияр Ақпанұлы сияқты ұлтшыл-демократ есін енді жинап, қатарға енді қосылған қазақ елін орға жығады. Халықты ұшпаққа шығармайтын шындықтың бізге керегі жоқ. Сондықтан Алдияр Ақпанұлынан ғұлама, данышпан жасауға тырысудың қажеті жоқ. Ал Аяған Қуатов нағыз антисоветчиктің өзі. Ол өзің сияқты үлгілі студенттердің бірі еді. Антилердің ықпалына түсіп адасты,— деп Жақия шабыттана сөйледі. Байқап отыр, сөзі Алмасқа әжептәуір әсер еткен тәрізді. “Мұрынбок бала! Кімнің жағасына жармасуды білмей не кара басты сені?! Бейшара, коңыз теріп кетерсің” деп кіжінді Алмастан көзін алмай отырған Жақия.

– Аға,— деді әлденуақыттан кейін Алмас оның бетіне жаскана қарап. Студкенестің төрағалығынан бас тартқалы отыр деп ойлады ма, Жақия орнынан тұрып, жігіттің арқасынан қақты.

– Кешке жатақханада жолығармыз. Ал, Алмасжан, іске сәт! — деп қолын ұсынды. Екеуі қоштасты. Алмас иығы сөлбірейіп сыртқа беттеді, есіктің тұтқасын ұстап, шығар-шықпасын білмегендей кідіріп қалды. Жақияның өзінен көз алмай отырғанын сезіп жауырыны терлеп кетті.

– Аға,— деді ол, Жақияға бұрылып, жаскана тіл қатты. — Хат жазғандарың арасында мен де бармын.

Жақия күтпеген әңгіме естігендей қасақана таң қалған рай танытып, Алмасқа қадала қарап, үнсіз отырып қалды. Үкім күткендей басы салбырап, иығы сөлбірейіп, сілейіп Алмас тұр.

– Ой, жолың болғыр! — деді біраздан кейін декан күйіне сөйлеп. — Арандап қала жаздапсың ғой. Ту-у, қандай ақылсыз едің!.. Бұған дейін неге айтпадың? Әй, баламысың деген... Сенен басқа кімдер бар? — Хатқа қол қойған студенттерді түгел біле тұра әдейі сұрады. — Қантарбаев бар шығар. Әй, оны қойшы! Санатта бар, санатта жоқ біреу. Елемесов ше?

– Бар...

– Ой, ол сығыр байлап бақсаң да мал болмайды. Оларға сен қалай қосылып кетіп жүрсің?

– Білмеймін...

– Бетке ұстап жүрген студентіміз анти болып шықса бізді арқамыздан қақпас. Бәрінен бұрын, шырағым-ау, сенің өмірің бұзылады ғой,— деп Жақия бұған дейін талай студентке сан қайталап айтқан сөзін зуылдатты.

– Кешіріңіз, аға...

– Ой, мені койшы. “Адам өз қолын өзі кеспейді” демекші, мен сенен кете алмаймын. О-о-н-о-лар кешірет ме екен?– деп сұқ саусағын шошайтып, төбені нұсқады. “Онолардың” кім екенін Алмас бірден түсінді. – Кешірімді солардан сұрау керек.

Алмас басы салбырап, мұрнын пыс-пыс тартып, қимыл-қыбырсыз тұр. Жақияның аузынан шыққан сөзді қалт еткізбей орындауға бейім. Қайткенде де оның алдындағы айыбын жуып, ақталсам деген ойы бар. Тұйықтан шығар жол бар ма, жоқ па? Ол жолды Жақиядан басқа ешкімнің де білмеуі мүмкін. Алмас оған анда-санда көз астынан ұрлана қарап қояды.

Көмейдегі көмескіні танығыш Жақия студенттің қандай күйге түскенін, ой-ниетін аңғарды. Алмас бәріне дайын. Тек дұрыстап тапсырма бер, ол жанын салып орындайды. Оған жеке басының амандығы, сонан соң абыройы керек. Алмас көп нәрседен дәмелі.

“Шірік! Мұндайларды сатып алу да, сатылып кетуі де онай” деп ойлады жымсия күліп отырған Жақия.

– Ой, шырағым-ай, балалықпен арандап қала жаздағаныңды қарашы. Орталық комитетке “жаздым, жаңылдым, Қуатовтың алдауына түсіп қалдым. Арызды Қуатовтың өзі жазып, бізге қол қойдырды” деп түсініктеме жаз. Алдын алмасақ кешігіміз, шырағым,— деп тартпасынан қалам-қағаз алып, жігітке ұсынды. Мұнда отыра қал да жаз.

Алмас декан нұсқаған орынға отырып оның аузынан шыққан сөздің бәрін қалдырмай жазып, қол қойды. Жақия қағазды алып, асықпай оқып шықты, сонан соң сейфке апарып салды. Алмас деканға жасқана қараған. Ол кісі тесіле қарап, жымсия күліп тұр екен. Жақия өзін мазактап күліп тұрғандай болып көрінді жігітке. Бірақ көзі көріп тұрған шындыққа көңілі сенбеді. Ол Жақияның жұмбақ күлкісінің мәнін түсінбеді мүлде.

– Хатқа қол қойған ақымақ балаларға түсіндіріп айт,— делі декан қабақ шытып. Дауысы ызғарлы, түсі де әп-сәтте өзгеріп шыға келген. – Оқудан қуылып кеткісі келмесе түсініктеме жазсын. Бара бер, кешке кездесеміз.

Алмас деканның бөлмесінен екіұдай күйге түсіп, көңілі қобалжып шықты. Су жаңа киіміне жуып кетіре алмастай дақ түскен сияқты. Жақияның алдында ауыз аша алмай абдырап, бейшара күйге түскеніне күйінді. Қара басының камы үшін ұрланып барып Аяғанға, бүкіл курсына топырақ шашқанын ойлап, екі беті дуылдады. Жатақханаға қарай аяндап келе жатып өзін өзі ақтауға тырысты. “Жұртты шатастырған” Аяған Қуатовты кінәлады. Бірақ көңіліндегі мұз ерімеді.

Асылхан мен Ақбота кинодан шыққаннан кейін тамақтанбақ болып “Арман” кафесіне келген, бос орын табылмай жаяулап “Алматы” ресторанына тартты. Мұнда да қаптаған адам, залдың іші көк түгін. Асылхан қызды жалғыз қалдырып, үлкен залды аралап, орын іздеп кеткен, көп ұзамай қайтып оралды.

– Екі орынды әрең таптым, Бота,— деді жігіт езу тартып. Өзі алға түсті, қыз соңына ілесті. Алты адамға арналған столда төрт жігіт отыр екен. Біреуі мас, столға етпеттеп жатып, корылдап ұйықтап қалған, қалғандары шалабуырыл. Тамақтарын әлдеқашан ішіп болған, бөтелкеде аз ғана арақ қалыпты.

– Сәлеметсіздер ме!

Жаңа келген екеудің сәлеміне отырғандар сарт мәзірет жасап, немқұрайды бас изесті. Шашын шалқасынан жатқызып, жылмитып тараған аксұр өнді жігіттің Ақботаға телміріп қарағанын Асылхан ұнатпады. Жасы кіші болған соң ауыл баласының әдетіне бағып, әдеп сақтады.

Темекісін бір езуінен екіншісіне алма кезек ауыстырып, өзінен көз алмай отырған жігіттің сұғы өңменінен өтіп бара жатқан соң Ақбота жауаңдап Асылханға қараған.

– Қарындасыңызды танып отырсыз ба? – деп күлді жігіттің назарын өзіне аудармақ ниетпен.

– Почти,— деді ептеп қызып алған жігіт суық жымыып. Ақбота оған жалт қарады. Бірақ таныған жоқ, мына кісіні өмірінде бірінші рет көріп отыр.

– Почти, деген казакшаға аударылмайтын шығар,— деп күлді Асылхан.

– Қазіргі студенттер шетінен бай, мейрамханадан шықпайды. Таң қаламын,— деді жігіт Асылханға менсінбей қарап. Әлденеге қынжылғандай бетін тыржитып, қабағын шытты.

– Әкең завсклад, колхоз бастық немесе завферма болса сен дәл есігіңнің алдынан мейрамхана салдырып алар едің,— деп қарқылдап күлді мойны мен денесі тұтасып, шектен тыс семіріп, қарны шығып кеткен қара жігіт. Бүкіл денесі селкілдеп, көзінен жас аққанша күлді.

– Кәке, жұрттың бәрі бізге қарап отыр, – деп тыжырынды аксұр жігіт темекісінің күлін қылдырық тірсек рюмкеге қағып. Тартып бітпеген темекісін тарелкаға мыжғылап өшірді де, орнынан тұрды. Мен қайттым. Қарындас, атыңыз кім?

– Ақбота,— деді қыз жүзі қызарып, қысыла күлімсіреді.

– Мен Сағынжан деген аған боламын.

Ақботаның қолын алып ернін тигізді. Қыз қолына шок басқандай шошынып, жұлып алды. Жігіт жымыып күлді де, түнеріп отырған Асылханға көз қиығын тастады.

– Бакытты бол, айнама. Көке, кеттік!..

Столға етпеттей жатып, қалғып кеткен жолдастарына көңіл аудармастан үш жігіт кетіп қалды. Оны даяшы келіншек те оятпады. “Үндемендер, жата берсін” дегендей Асылханға күле қарап, сұқ саусағын ерніне апарды.

Қыз бен жігіт алдарына келген тамақты үнсіз отырып қауғады. Мас көршілері оянып кетсе мазаларын аларын екеуі де сезіп отыр. Анда-санда қыз Асылханның құлағына сыбырлап қояды. Жігіт оның бір сөзін естіп, бір сөзін естімейді. Үлкен залдың іші у-шу, музыка үні құлақ жарады, әр-әр тұстан қызып алған адамдардың даурыққан дауысы естіледі. Қисаландап билеп жүрген мастар бастары бұлғандап сұлу келіншектерге емінеді. Ол бейшаралар шыр-пыр болып, “кавалерлерінің” тасасына тығылады. Бастары бұлғандағандар өкшелеп қоймайды. Сол сәтте екі қошқар сүзиседі, араға жұрт түседі. Екі қошқар татуласпақ болып бірін-бірі столға шақырады, біріне-бірі басып-басып құяды. Бір кезде сұлу бикеш жайына қалып, екі қошқар құшақтасып кетіп бара жатады. Біраздан кейін ұйықтап жатқан көршілері оянып, басын көтерді де, Асылхан мен Ақботаға кезек-кезек қарап, аң-таң қалды. Екі көзі қып-қызыл. Сақал-мұрты сапсыып өсіп кеткен, тісіне шетка тимегелі талай заман болған сияқты, ара-арасы базданып, үстіндегі киімі де кір. Адам қарайтын түр қалмапты бейшарада. Ішуге әбден берілген көшенің маскүнемі екендігі түрінен көрініп тұр.

“Жолдастарының тастап кеткені бекер емес-ау. Сыйлы азамат болса мас күйінде тастап кете ме, сірә?!”

Ақбота да, Асылхан да осылай ойлады.

– К-к-еш-іріңдер!– деді жігіт тілі икемге әрең келіп. – О-о-олар мені тастап кеткен бе?

Қиналған адамдай қабағын тыржитып басын шайқады. Бірнәрсе айтқысы келді, бірақ ерні дірілдеп, сөйлей алмай булықты. Қолы қалтырап, қалған арақты рюмкеге құйды.

– М-м-м-а-ған енді бәрібір. Жақында кетемін. Нам та-тарам бари бир...

Тауып айттым деді ме, тарқылдап күліп алды. Қайда кететінін айтқан жоқ. Қалтыраған қолымен рюмкені әрең ұстап отыр. Рюмкедегі арақты төгіп ала жаздап екінші қолымен демеп жатып әрең ішті, сонан кейін өзіне өзі келіп, қарсы алдындағы екеуді танып алайын дегендей тесіле қарады.

– Кетейікші,— деді қыз Асылханның құлағына сыбырлап.

– Мен сендерге кедергі жасамаймын. М-мен залалсыз адаммын,— деді бейтаныс жігіт, көзінің астымен Асылханға сүзіле қарап. – Қалған арағымды ішемін де, қарамды батырамын.

– Отыра беріңіз. Сіз бізге кедергі жасаған жоқсыз,— деді Асылхан жымыып.

– Сендер маған мүлде назар аудармай сөйлесе беріңдер. Мен ештеңе естімеймін.

– Біздің мемлекеттік құпиямыз жоқ. Біз барлық жерде ашық сөйлесе береміз.

Бейтаныс жігіт Асылханның жауабына разы болғандай тарқ-тарқ күліп, қалтыраған қолын ұсынды.

– Менің атым Сыздық, фамилиям Ақпанов. Ақпанов! Знаменитость!..

Тағы да тарқ-тарқ күліп, кетіп қалған үшеуден қалған темекі тұқылып тұтатып тартты. Асылханның есіне Аяғанның “профессор Алдияр Ақпанұлының ішіп кеткен баласы бар” деген сөзі түсті. “Мынау сол емес пе екен?” Танымайтын адамына мұндай сұрақ беруді ыңғайсыз көрді.

– Мені тастап кеткендер қазақ халқының тарихын зерттеп жүрген шалапайлар,— деді Сыздық көк түтінді құмыға жұтып. – Біреуі деканның орынбасары. Біреуі ассистент. Біреуі аспирант. Ал мен... Ал мен маскүнем...

Сыздық көкірегі қарс айрылардай терең күрсінді де, өшін темекіден алғысы келгендей көк түтінді будақтатып, үсті-үстіне сорды. Мына жігіттің басқа емес, дәл сол атақты тарихшы Алдияр Ақпанұлының жалғыз ұлы екендігіне Асылханның күмәні қалмады. Атағы жер жарған профессор Ақпанұлы дәуірлеп тұрған заманда оның жалғыз ұлын төніректеп, онымен дос болуға тырысқан дөмегөйлердің көп болғанын Асылхан сезеді. Бүгін сол ұл ешкімге керек емес. Кешегі достары реті келіп қалса жүз грамм алып берер, оны бұрынғыдай сыйлап, қадірлемейтіндігіне Асылханның мүлде күмәні жоқ. Жаңағы үш жігіттің бір кезде Сыздықпен дос болуға тырысканы рас шығар. Ал қазір олар мүйізі қарағайдай ғалым, жақсы қызметтері бар. Әкенің дәулетінің арқасында шалқып жүріп, бәрінен құр қалған Сыздық сияқты бір мысқал пайдасы жоқ пақырды қайтсін.

– Олар мені менсінбейді,— деп шынын айтты ол. Қолы қалтырап алдында тұрған бөтелкені әрең ұстады, рюмкеге арақ құйып, сіміріп ішті. Сонан соң алқына дем алып, көзін шарт жұмып алып, үн-түнсіз отырып қалды. Екі самайынан сала-сала болып тер сорғалады. Бірденеден сезіктенді ме, Ақбота кеткісі

келіп тықырши бастады. Асылхан иығынан басып, “сәл кідіре тұрайық” деп құлағына сыбырлады.

– Сіз профессор Алдияр Ақпанұлының баласы емессіз бе?

Мүлгіп отырған жігіт көзін ашып алып, Асылханға жалт қарады. Жігіт оның көзінен жылт еткен сәулені байқап қалды.

– Сен тарих факультетінде оқысың. – Білдім, – деді қуана дауыстап. – Сен мені тастап кетпейсің. Өйткені сен әлі қулық-сұмдықты білмейсің, әлгілер сияқты есеппен өмір сүрмейсің. Сондықтан оларды суканым сүймейді. Олар мафия!.. Ал сен әлі басталмаған дәптерсің. Сен үшін Алдияр Ақпанұлы үлкен ғұлама. Сен оған табынасың. Ал мен... Сенің алдында мас болып отырған Сыздық деген пақыр, к сожалению, сол кісінің жалғыз ұлы...

Ішіп алғандікі ме, жоқ әлде, әдеті ме қалшылдап, аузы көпіріп, айқайға басты. Оған назар аударып жатқан ешкім жоқ, мейрамхана жабылатын уақыт болып қалғандықтан ба, көпшілік қызған, әркім өз айқайымен, өз шуымен мәре-сәре.

– Оларды жек көрсеңіз неге бірге жүресіз? – деп Асылхан қалған арақты рюмкеге сарқып құйып. Сыздық тарқ-тарқ күлді.

– Маған жүз грамды сен алып беріп тұрасың ба? – деп ежірейе қарады. – Олар мені қумайды. Кейде өздері шақырады. Маған көп керегі жоқ. Мен сен сияқты адам таңдамаймын. Сондықтан менде дос көп.

– Жанағылар да дос па?

– Дос? – Сыздық столды қойып қалды, ішіліп біткен бөтелке сәл секіріп, құлап түсті. – Олар менің әкемді, Алдияр Ақпанұлын сатып кеткен. Олар біздің шалдың арқасында адам болған. Кейін ананың, әлгінің... Фу, иттің атын ұмыттым. Ол да шалдың шәкірті. Фу-у, доңыз!

– Кімді айтып отырсыз?

– Ректорды... Қысқасы, барлық шәкірті ректордың жағына шығып, менің әкемді талаған. Олар қарғылы төбеттер! Мафия! Біліп отырсың ба, м-а-ф-и-я!..

Сыздық рюмкедегі арақты сіміріп жіберіп, “шампаннан құй” дегендей белгі берді. Бір бокал шампаннан кейін мандайынан бұрк етіп тер шықты, екі көзі боталап, шарасы үлкейе түскендей болып көрінді екеуіне. Жаңа әзірде ғана өңі сұрланып отыр еді, енді бетіне қан жүгіріп, көзінде жылт ойнады.

– Сен бір бөтелке шампан ал, үйге барамыз, – деді ол. Асылхан үнсіз бас шайқады. – Слушай, сен шалға сәлем беріп шықпаймысың!? Әлде сен де оны сатып кеттін бе? Қазақтардың бәрі сатқын. Олар кім күшті болса соның сойылын соғалды. Фу-

у, әкеннің!.. Бәрің идиотсың! Бәрің! Маған арақ ішуді үйреткен, баулыған Жақия да... Идиоты!..

– Жә, сабыр етіңіз! – деді жігіт оны аркасынан қағып. – Жаксы, бір бөтелке алайын. Қазақтарға байланысты айтылған артық сөзіңізді қайтып алыңыз.

– Слушай, мен екі сөйлемеймін, – деп қырсықты ол. – Мені кинама.

– Мен де екі сөйлемеймін. Қайтып алмасаныз, біз үйге қайтамыз...

Сыздық шын қиналды. Ішіне біраз арақ кеткенмен намыс шіркін жолына көлденең түсіп жатып алған, қыз бен жігіттің алдында бағамды түсірмейін деп қыстығып, қиналып отыр.

– Қазақтың бәрі жаман емес, – деп күлді Асылхан. – Мысалы, профессор Алдияр Ақпанұлы қалай жаман болды?

– Ешқашан! – деді ол сұқ саусағын шошайтып. – Оның сорты бөлек. Ол гений!.. Ол жүз жылда бір-ақ туатын адам. Мен оны білемін. Білгеннен кейін айтып отырмын. Ондай біртуар маркастар қазақтың мандайына сыймайды. Қазаққа мықтылар, тұлпарлар емес, жабылар, жауырлар, ешактар керек. Байларов жабы, Жақия деген менің рюмкелес досым ешак... Ал менің әкем – тұлпар! Сондықтан оны жабылып жүріп құлатты. Ол қазір орнынан тұра алмайды. Төсекте жатып кәк етеді. Ал Жақия, күні кеше маған арақ тасып, жүгіріп жүретін Жақия ешак қазір профессор! Ха-ха-ха! Бұл тұлпарлардың емес, жабылардың заманы!.. Жарыстырсаң жабы озады, жабы!..

Айқайлап сөйлеген Сыздық бір фужер шампанды сіміріп жіберді де, орнынан сүйретіліп тұрып, тәлтіректеп сыртқа беттеді. Асылхан даяшыға тиісті ақшасын төлеп, тағы да бір бөтелке шампан алып, оған ілескен.

– Қайда барасың? – деп Ақбота жігіттің жеңінен тартқан. – Он бір болды, жатақханаға кіргізбей қояды.

– Бес минутқа кіріп шығайық. Алдияр Ақпанұлы деген кісіні көрейік. Ол ғұлама адам, Ақбота. Ол кісіні көргім келеді. Аз ғана отырамыз, – деп киылған жігітінің көңілін кимаған қыз кынжыла тұрып келісті. – Ренжімеші, Бота. Ол адамды бір рет көру арманым еді.

– Көп отырмайық. Мені жатақханаға кіргізбей қояды.

Профессор Алдияр Ақпанұлы “Алматы” мейрамханасының қарсысындағы үйдің бірінші қабатында тұрады екен. Араққа шампан араластырып ішкен Сыздық қайтадан мас болып қалыпты. Аяғын әлтең-әлтең басқан жігітті Асылхан қолтықтады.

Сағат он бірден асса да сыртқы есік бекітілмепті, Сыздық бір теуіп еді, ашылып кетті.

— Пахан, қонақ келді,— деп даурықты жігіт.

Имене басып үйге кірген қыз бен жігіт состиып-состиып тұрып қалды да. Сыздық жуынатын бөлмеге кіріп кетті. Асылхан дәліздің шамын жақты. Дәліз лас екен, көптен бері тазаланбағаны көрініп тұр. Ескірген аяқ киімдер, қалай болса солай шашылып жатыр. Мынау атақты профессор ғұратын үйге мүлде ұқсамайды. “Осы жігіт бізді алдап алып келген жоқ па” деген күдік шапты көңіліне. Екі дай болып тұрғанда жігіт қайтып оралды. Не істерін білмей абыржыңқырап тұрған Асылханды жетелеп, профессор жатқан бөлмеге алып барды.

— Пахан, мынау сенің шәкіртін.

Асылханды бөлмеге жетелеп кіргізіп, қолындағы шампанын алып, шығып кетті. Қыз бен жігіт ағаш төсекте шалкасынан түсіп кимыл-қыбырсыз сұлқ жатқан, шашы аппак болып ағарған, түсі темекінің күліндей, сақал-мұрты өсіп кеткен бейтаныс адамға таңырқай қарап тұрып қалды. Жүзін әжім шимайлап, тіршіліктің тауқыметі мен қасірет-қайғысы қажытқан, көзге қораш кішкентай шал жігіттің қиялындағы Алдияр Ақпанұлына мүлде ұқсамайтын еді. Аяғанның айтысына қарағанда, профессор ұзын бойлы, мандайы керекарыс, буырыл шашты, көзі кісінің өнменінен өтіп кетердей өткір, қыр мұрынды көрікті кісі болатын.

— Жүр, кетейік, ұйықтап жатыр,— деп сыбырлады қыз. Профессор көзін сәл ғана ашты да, өзінен көз алмай тұрған бейтаныс екеуге назар аударды.

— Сәлеметсіз бе, ағай! — деді саскалақтаған жігіт. Асып-сасып қолын ала жүгірді. Профессордың қозғалыссыз жатқан сүп-суық қолын ұстады. Асылханның денесі дір ете қалды.

— Қай баласың? — деді шал. Дауысы тым әлсіз. Акбота онын не дегенін мүлде естімеді.

— Мен мұнда... Біз кездейсоқ келіп қалып едік,— деп өзін қалай таныстыруды білмей абыржыды. Сыздықпен бірге ләйліп жүрген көп маскүнемнің бірі деп ойлады ма, профессор қабағын тарс түйіп, көзін жұмып алды. Жігіт оның ауанын аңғарып, мандайынан бұрқ етіп тер шықты.

— Кешіріңіз, аға,— деп мінгірледі Асылхан. — Беймезгіл уақытта келіп, мазанызды алғанымға кешірім өтінемін. Атыңызға сырттай қанық ем. Бір көру арманым еді сізді...

Асылханның сөзі мүлде қиыспай, бірді айтып, бірге кетіп, әбден далбасалады. Профессордың көзі ашылмады, қабағы жазылмады. Танауы қусырылып, өні сүп-сұр болып жатыр. Ас

үй жақтан салдыр-гүлдір еткен дыбыс шықты, профессор сонда да селт еткен жоқ, мұндайға әбден үйренген сияқты. Шампанды көтеріп, Сыздық қайтып оралды.

— Алдияр Ақпаныш, мынау да сенің шәкіртің сияқты. Бұл да кейін сатып кетеді. Ал сен соны біле тұра осыларға қамқорлық жасайсын.

Сыздық тілін шайнап, әрен сөйледі. Кіреберістегі креслоға сылқ етіп отыра кетті де, тағы да бірнәрсе айтпаққа тырысты, бірақ тілі икемге келмеді, алдымен көзі жұмылды, сонан соң қорылдай бастады. Профессор көзін ашып алып, ұлына қарады.

— Біз бұл кісімен мейрамханада кездейсоқ танысып қалдық. Мен Асылхан деген інізің боламын. Құрылысшымын, аға. Мына қыз Ақбота,— деді жігіт батылданып. Алдияр Ақпанұлы көзін кен ашып, екеуіне сәп салып ұзағырақ қарады. Екеуінің бөтен оймен келмегеніне және Сыздықтың өзін әбден ығыр қылған көп шуылдағы еместігіне көзі жетті ме, өні жылып, жылы шырай танытты.

— Отырындар,— деді сыбырлай сөйлеп. “Дауысы биязы, жұмсақ екен. Мінезі де солай шығар” деп ойлады Ақбота.

— Рахмет, аға! Сізге сәлем беріп шығайық деп келіп едік. Сіз секілді ардақты ағаларымыз көп емес. Сізге тілектестігімізді білдіреміз, — деп ол бар білер жақсы сөздерін төкті.

— Отырсандаршы,— деп профессор әнтек қабақ шытты. Ақбота екінші креслоға жайғасты да, Асылхан профессор жатқан төсектің аяқ жағына отырды. — Сыздық! Әй, Сыздық! — Қорылдап ұйықтап жатқан “ерке бала” әкенің әлсіз дауысын мүлде естімеді. Асылхан оның құшағындағы бөтелкені алып, бұрышқа қоя салды. — Шырағым, шамаң келсе мынаны өз бөлмесіне апарып тасташы.

Ол “ерке баланы” арқалап, жатын бөлмесіне жеткізді. Бөлме лас, еден ыбырсып жатыр, өмірі сыпырылмаған, жуылмаған тәрізді, қабырғаларына шаң тұрған. Терезе бес батпан кір. Төсектің тұсына ерлі-зайыптылардың үлкейтілген суреті ілінген. Асылхан жақындап келіп, үніліп қарады, Сыздықты таныды, иегінің дәл ортасында тамып кеткен тамшыдай меңі бар келіншек суретке жымыып күліп түсіпті. Төсектің тұсына бұрын кілем ілінген болу керек, ізі қалыпты. Ескі шифонердің бетін қалын шаң тұтыпты.

Сыздықтың аяғын, сырт киімін шешіндірді, бейшара былқ-сылқ етіп, қорылдап жатыр. Іш киімдері әбден кірлеген, майкасының қолтығы айырылып кетіпті. Асылханның танауын күлімсі иіс қытықтады. Ол тыжырынып, жігіттің үстін одеялмен жапты да, шамды өшіріп, қайтып оралды.

– Рахмет, шырағым! – деп күрсінді шал. – Балада адам қарайтын ұсқын қалмады. Еш жерде жұмыс істемейді. Үйдегі дүниені сатып, арақ ішеді. Кешелі бері менің кітаптарыма қол сала бастады.

Асылхан кен бөлменің екі қабырғасын түгел алып тұрған кітаптарды шолып шықты. Мұншама көп кітапты жеке адамның үйінен көрген емес. Көп кітаптың арасында көлемі үлкен, қалыңдығы қарс келетіндері көп екен. Төсектің тұсына жұбайы екеуінің үлкейтілген суреті ілініпті. Алдияр Ақпанұлы жас кезінде өте келісті кісі болған тәрізді. Толқынды қара бұйра шашы мандайын жауып тұр, қаршыға көз келісті жігіт кісіге паң қарайды. Жанындағы жас келіншек ұяң, миығына көзге шалынар-шалынбас күлкі ұялаған. Көз шарасы кең, адамға жасқана жаудырай қарайтын жұқалтаң келген келіншек тәрізді. Сыздық шешесіне тартқан екен.

Асылханның суретке көз тоқтатып қарағанын байқаған профессор:

– Шешелерің осы кісі болады,— деп күрсінді. – Бес жыл бұрын мәңгілік сапарға шығарып салдым. Отыз үш жыл отастық. Өте жақсы адам еді марқұм.

Шал сол қолымен дымданған көзін сүртіп, үн-түнсіз жатып қалды. Біраздан кейін Асылханды ымдап шақырып, құлағына сыбырлады.

– Бота, ас бөлмеге бара тұршы,— деді Асылхан профессордың басын сүйеп жатып. Қыз шығып кеткен соң шал қинала сөйледі.

– Өмірім өмір болмады ғой, шырағым. Біреу көмектеспесе, орнымнан тұра алмаймын, бұтыма жіберіп жата беремін. Сенген адамым – жалғыз ұлдың тірлігін өзін көрдің. Көзін тырнап ашады да, арақ іздеп тентіреп кетеді. Кей күндері бір ұрттам суға зар болып, көзім бозарып, жата беремін,— деді ол мұң шағып. Асылханның көмегімен басын көтеріп, тіктеліп отырды. – Ұят та болса айтайын, астым шылқылдап жатыр. Қазақтың баласысын ғой, қарағым, көмектес.

Асылхан қарт профессорды жүрегі езіле аяп кетті, алқымына ыстық жас кептелді. Қу сұлдері қалған шалды көтеріп, туалетке апарып отырғызды да, төсегін ретке келтірді. Ақ сейсеп пен жайманы ваннаға салып, су ағызды. Иістеніп кеткен екен, кір сабынның алқымдысымен жуып, жайды. Сонан соң бөлменің терезесін ашып тастады.

Кетеміз деп тықыршып отырған Ақбота жағдайға қаныққаннан кейін білегін сыбанып, іске кірісіп кетті, алдымен

ас бөлмені тазалап, баттасып жатқан ыдыс-аяқты жуды.

Асылхан карт профессорды жуындырды, іш киімдерін ауыстырып кигізген соң көтеріп әкеліп креслоға отырғызды.

— Рахмет! — деді шал кемсендеп. Жасаураған көзін алақанымен сүртіп, біраз уақыт сөйлей алмай кемсендеді. — Құдайдан қайтсын, карағым. — Басын төмен салып, үнсіз қалды. Әлденуақыттан соң ұмытқаны есіне түскендей басын көтеріп алды да, жан-жағына қарады. — Стөлдің үстінде жатқан кітапты әперші, карағым. Сол жерде қалам бар.

Асылхан әкеліп берген кітаптың бірінші бетіне сол қолымен асықпай отырып бірнеше сөз жазды. Ойланып отырып тағы да бір ауыз сөз қосты да, қолын қойып, жігітке ұсынды.

— Рахмет, аға! — деді жігіт шын қуанып. Алдияр Ақпанұлы секілді атакты ғалымның үйіне барамын, қолтанба қойған кітабын аламын деп ойламаған жігіттің төбесі көкке екі елі жетпей қалды. — Сіздің қазақ тарихына байланысты жазған кітабыңызды оқып едім.

Профессор оған таң қала қарады.

— Шықпай қалған кітапты қалай оқып жүрсін?

— Қолжазбаңызды оқып едім,— деп түзетті Асылхан. Сонан кейін ол кітаптың ксерокөшірмесін Аяғаннан алып оқығанын, алған әсерін асықпай отырып баяндады.

— Е-е, солай де... Аяғанның інісімін де... — Аяған есіне түскендіктен бе, қараптан қарап отырып күйгелектеніп, өзінен өзі ашуланып, берекесі кетті. Сол қолымен креслоның жақтау ағашын ұрып, астыңғы ернін ызакорлана тістеледі. — Оның түк кінәсі жоқ. Аяғанды нақақ күйдірді. Олар адам өлтіруден де тайынбайды. Мені осы күйге жеткізген солар, өз шәкірттерім,— деп кіжіне сөйледі. Орнынан тұрып кетпек болып талпынып еді, қайта құлады. — Мені ұлтшыл-демократ деп жазғырған. Аяғанды антисоветчик деп шығарыпты. Ой, сұмдық-ай! Мыналары жауыздық қой тегі!..

— Кінәсі жоқ адамға жала жүкпайды, аға.

Алдияр Ақпанұлы мырс күлді. Көзін жұмып алып, қабағын түйіп, басын изектетіп үнсіз отырды. Біраздан кейін:

— Күш кімнің қолында болса шындық соған қызмет жасайды, карағым,— деп күрсінді.

— Аяған ағаның антисоветчик емес екенін бәріміз білеміз.

— Бұл дәлел емес. Олар Аяғанды қамамас бұрын дайындалған. Ондағылар да ақымақ емес, біледі.

— Сонда қалай, кез келген адамды жала жауып, соттап жіберуге бола ма?

– Мафия! – деді профессор кынжыла қабақ шытып. – Білік мафияның қолында, қарағым. “Адамның басы – алланың добы” дегенді қазақ біліп айтқан. Адамда құн қалды ма қазір? – Шалдың қабағы тұнжырап, сол қолы ақырын ғана қалтырай бастады. Қолының қалтырағанын жігіттен жасырғысы келді ме, креслоның жақтауын мықтап ұстап алды. – Мафияға қарсы шығып едім, міне, мына жағдайға душар болдым. Бұрын мені бір сағат көрмесе “сағынып қалатын” шәкірттерім мүлде жоламайды. Олардың барлығы Байларовтың сарбазына айналып кетті. Қарсыласқан жалғыз Аяған еді. Оған істегендерін көрмеймісін. Е-е, қарағым-ай, бұл бір біздің институттағы жағдай дейсің бе?! Қоғам мафияның қолына көшіп кеткелі қашан. Болашаққа сенім артқаннан басқа үміт қалмады менде. Өмір бойы тірнектеп жүріп жинап, жазған еңбегім нырай болды.

– Ол еңбегіңіздің өмірі алда, аға. Қазақ халқының шын тарихын жасайтын ұрпақ келеді, аға.

– Е-е-е, ол күнге біз жете алмаймыз ғой. Үмітке жармасып, өлмей тірі жүрміз әйтеуір...

Шал шалқайынқырап отырып, көзін жұмып, үнсіз қалды. Жігіт оның жүзіне көз қиығын тастады. Ұзарып өскен буырыл сакалы майда бұйра. Қас шебер әдейілеп бір талдап бұйралаған секілді. Ұзарып өскен мұртының шалғысы ширатыла бастапты. Сақал-мұрты үлкен адамға осыншалық жарасып, оны парасатты дегдар етіп көрсетеді екен.

– Аяғанның келіншегі инфаркт алып, ауруханада жатыр, аға, – деді жігіт біраз үнсіздіктен кейін. Қарт профессор көзін ашып алып, жігітке жалт қарады. Ақырын ғана күрсінді. Бірақ үндеген жоқ. Үнсіздік ұзаққа созылды. Ас үйді, қонақ бөлмені тазалап, жуып шаршаған Ақбота жуынып келіп, Асылханның жанына жайғасты да, сағатын көрсетті. Сағаттың тілі түнгі үшті көрсетіп тұр екен.

– Ертен жексенбі, – деп қыздың құлағына сыбырлады.

– Шаршадыңдар ғой, балалар. Түннің бір уағы болды, жатып дем алыңдар, – деді шал есінеп отырған қызға қарап. Ақбота алақанымен аузын жауып, басын бұрып әкетті.

– Мынаған қалайсыз, аға? – деді Асылхан бір бұрышта жетімсіреп тұрған шампан шарабын нұсқап. Шал ләм деместен бас изеді.

Үшеуі әңгімелесіп отырып шампан шарабын тауысты. Алдияр Ақпанұлы ашық адам екен. Іші толып қалған сияқты, шешіліп сөйледі, жан жарымен қалай танысып, қалай үйленгенін, басынан өткен қиыншылықтарын әңгімеледі. Ол кісінің “ұлтшыл” деген

жаламен жеті жыл отырып келгенін Асылхан бұрын білмейтін еді. Сонына шам алып түскен Мұса Байларовқа ғылыми жетекші болғанын, оның кандидаттық еңбегін әупіріммен әрен қорғап шыққанын, министрдің қызына үйленіп, тасының өрге домалағанын профессордың аузынан естіді.

– Қазақтың баласы ғой деп көп болып көмектестік Мұсаға. Ешкімге қарсы келмейтін қағлез, лыпып тұрған жігіт еді. Кейін өзгеріп кетті. – Қарт ауруы жанына батқандай кинала қабақ шытып, оң қолын уқалай бастады. – Жан жоқ, бірақ кейде ауырады. Соған карағанда істен біржола шықпаған-ау, сірә,— деп күлді профессор. – Содан ол жігіт космостық жылдамдықпен өсті. Бір жыл декан, бір жыл проректор болды. Жарты жыл министрлікте отырды да, ректордың креслосына конжиды. Күні кеше алдымда құлдырандап жүгіріп жүретін бала мені танымай қалыпты. Оны қойшы, бәрінен бұрын ғылымға қиянат жасай бастады ғой. Біреулердің көмегімен докторлық диссертация жазды. Су-у! Түк жоқ. “Коммунистік партия колхоз құбылысын ұйымдастырушы” деген тақырыпта қорғап шықты. Қарсы болдым, шынымды айттым. Иманы барлар үндемеді. Қалғандары шәуілдеп үріп, мені жеп қоя жаздады.

Профессор көкірегі қарс айрылардай күрсінді де, тас мүсіндей болып, қимыл-қыбырсыз ұзақ отырды. Әбден әлсіреген, жүйкесі жұқарған сияқты, аз ғана сөйлеп еді, енгігіп шаршап қалды. Оның маңдайынан шып-шып шыққан терді Асылхан да, Ақбота да көрді. Сонан соң кекіре бастады. Ақбота шай демдеді. Бір кесе шай ішкен соң ғана көзіне жылт кіріп, бетіне қызыл жүгірді.

– Байларовтың сіздің соңыңызға түсіп жүргені сондықтан екен ғой,— деді Асылхан үзіліп қалған әңгімені жалғастырып.

– Е-е, қайсы бірін айта берейін, қарағым. Мен өмір бойы жеңілумен келемін. Азын-аулақ жеңістерім маған аса зор күшке түсті. Сол кішкентай жеңістерге мен бүкіл өмірімді арнадым. Бірақ негізгі жеңісіме жете алмадым, қарағым. Сорыма жаратылған жалғыздың азабын тартып, мешел баладай омалып отырысым мынау. Осы үйде тұрып, маған қарайтын студент балаларды ол сыйдырмады. Ешкім жоламайды бұл үйге. Соңына қалар ұрпағым жөні түзу азамат болса, мен жетпеген биікке сол шығар, мен тындырмаған істі сол тиянақтар деп көңіл жұбатар едім. Е-е-е!.. Бұл да жеңіліс!.. Ең үлкен жеңіліс осы, қарағым.

– Басы жас қой, аға,— деп көңілін ауламақ болған жігіттің сөзін бөліп жіберді.

– Отыздың жетеуіне келді биыл,— деді дауысы бұзылып. Өзегін өкініш өртеп, көзіне жас іркілді. Шалды аяды ма, үнсіз

отырған Акботаның мұрны пышылдап, көз шарасы жаска толды.

– Бірер күнде ЛТП-ға кетеді. Барсын...

– Үйленсе, мойнына тұзақ түссе, бәлкім, бұлай тайрандамас еді.

Е-е, карағым-ай... Үйленген бір кезде. Бірінші келін тәп-тәуір бала сияқты еді... Әлдекімдердің арбауына түсіп, арандап қалды бейшара. Біреуге тұрмысқа шығып еді, онымен де ажырасыпты.

Адам тағдырына байланысты осыншама тарихты еш толқусыз, киналмай, қынжылмай жайбаракат айтып отырған ғалымға Акбота таң қала қарады. “Бәлкім, баласына көңілі қалғандықтан шығар. Өмірден әбден жерінген сияқты” деп ойлады қыз. Осынау жұмбағы көп дүниені тек жап-жасыл күйінде көріп үйренген қыз қарт профессордың жанын жегідей жеген қайғының салмағын қанша тырысса да безбендей алмас еді.

Алдияр Ақпанұлының көзін тырнап ашқалы бергі көрген қайғы-қасіретін кез келген пенде көтеріп жүре алмас-ау, сірә. Алысқа кеткен атағына қарап қалың жұрт оны сыпыранын ішінде туған, үнемі жолы болғыш, ең бір бақытты адам деп есептейтінін профессордың өзі де біледі. Мұндай сөзді талай рет естіген. Басынан өткен қым-қиғаш тарихты айтып, жұрттың көңілін бұзбайын дейді. “Жұртқа менің басымнан өткен тарих, көрген азабым емес, тындырған еңбегім керек қой” дейді. Көргенін, басынан өткенін тізіп жазса талай кітап болар еді.

Он сегізінші жылғы аласапыранда әкесі мен шешесін ақтар киіз үйге қамап, тірідей өртеп жіберді. Ол кезде Алдияр үш-ақ жаста екен. Бір жасар қарындасын ағайындары асырап алған тәрізді. Ол бейшара көп ұзамай құдыққа құлап өліпті. Аңырап қалған жетімектерді ағайын, туғандар таратып алған көрінеді. Олар кімдер, бірге туған бауырлары қайда? Алдиярға мұның бәрі жұмбақ. Әркімнің қолында кеткен төрт ұл “Алдияр деген ініміз бар еді-ау” деп іздеп келмеді. Соған карағанда сорлы жетімектер отыз екінің зобаланында аштан өлген шығар деп ойлады.

Алдияр иманы бар, қайырымды адамға тап болды. Қысы-жазы үстінен қаудыр тонын, басынан тұмағын тастамайтын шокша сақалды Ақпан есімді сол шалдың арқасында Алдияр аман қалған. Ақпан шал сегіз жасар Алдиярды балалар үйіне әкеліп тапсырған. Ол кісіні қайтып көрген жоқ. Ақпан шал байпағынан басқа сүйенері жоқ, ілдалдалап әрен күн көріп жүрген бейшара еді. Алдиярды балалар үйіне өткізген соң ұзамаған сияқты.

Балалар үйіне келмесе ел басына туған нәубеттің құрбанына айналарына Алдиярдың ешқандай күмәні болған емес. Балалар үйінің бір уыс талқанының арқасында жаны қалды. Балалар үйінің бір уыс қара талқаны талай-талай жетімекті қиын-қыстау

заманнан, аузын арандай ашқан аштықтан құтқарды. Алдияр өз қолы өз аузына жеткенше бір рет тойып тамақ ішті ме екен? Енді ес жиып, ерқара болып қатарға қосылғаны сол еді, соғыс басталып, әркім басымен қайғы болып кетті. Қырық екінші күзінде үйленген, үш күннен кейін майданға аттанды. Майданда, немістердің тұтқынында жүріп көрген азабын айтып тауыса алсын ба. Кеңестің түрмесінде өткен жеті жылы және бар. “Жолымды тосқан жарым бар” деп көңілін жұбата жүретін Алдияр бірінші әйелінің басқаға тиіп кеткенін түрмеден босанып шығып келген соң бір-ақ білді. Екінші рет мың да тоғыз жүз қырық тоғызыншы жылы үйленді... Жалғыз ұл сүйді.

Таң атты, аға. Рұқсат болса біз қайтайық. Қарсы болмасаныз, келіп көмектесіп тұрайық,— деді Асылхан орнынан тұрып. Шалқайыңқырап отырған Алдияр қарт көзін ашқан жоқ, “асықпа, отыр” дегендей сол қолын көтеріп, белгі берді.

— Саған айтатын сөзім бар, қарағым,— деді шал біраз үнсіздіктен кейін көзін кең ашып. — Аяғанның тағдыры мені аса қатты қинайды. Оны қорғау керек. Ал менде күресетін күш жоқ. Мен сағатымды санап жатқан жанмын.

— Жаман сөз айтпаңыз, аға,— деп кимеледі жігіт. — “Жаксы сөз — жарым ырыс” дейді халық.

— Е-е, қарағым-ай, сен жұбатқанмен тамтығы қалмаған менің жаным жұбанар ма,— деп мұнайды шал. — Сыздықты ЛТП-ға алып кетеді. Үш бөлмелі үйде сорайып жалғыз қалайын деп тұрмын. Аяғанның отбасын осында көшіріп әкелсеңдер дұрыс болар еді.

— Қалай болар екен өзі...

— Қысылатын ештеңе жоқ. Аяғанның боталары маған да бөтен емес,— деп жымыды шал. — Үй орталықта. От жақпайды.

— Ақылдасып көрелік, аға.

— Күрессіз өмір жоқ. Ендігі қалған өмірімді Аяғанға арнадым,— деді Алдияр Ақпанұлы, қоштасарға келгенде Асылханның қолын ұзағырақ қысып ұстап жатты. Иегі кемседеп көзі жасаурады. — Сендей азаматтар аман болса шындық жеңбей қоймас. Бақытты болындар, қарақтарым! — “Еңкей” дегендей белгі берді. Қыздың маңдайынан сүйіп, аркасынан қақты. — Келіп тұрындар. Сендерге есік ашық.

Түні бойы кірпік ілмеген қыз бен жігіт жетектескен күйі Жамбыл көшесімен жаяу тартты. Салқын ауаға шыққан соң қыз тез сергіді.

— Ой, Асылхан, қандай аянышты!

— Мұндай адамды жеңу мүмкін емес, Бота. Ол сынбапты,— деді жігіт шамырқанып.

Студенттік кеңестің төрағасы болып сайланғалы бері Алмас мүлде өзгерді; өзінен кішілер мен қатарластарының қасында өте паң, шіреуік, шен-шекпені бар үлкендердің алдында қасқыр көрген қоянның көжегіндей жарамсақтанып, бейшарамсып қалады. Үлкендерге менмендігі жоқ, қолды-аяққа жеңіл “кішкентай адамдардың” ұнайтынын іші сезеді. Тағдыры солардың қолында. Әлгілер қолдаса — жолы даңғыл. Мақсатына жанын қинамай, толып жатқан кедергілерге сүрінбей, болар-болмасқа болдырмай жетеді. Сондықтан әрбір мүмкіндікті пайдалануы керек. Қолына билік бергендердің сенімін ақтаса, өз биігіне әп-сәтте секіріп шығарына күмәні жоқ. Алды-артын танып, біліп қалған Алмастың түйіні осы.

Қолына тізгін тиісімен студенттерді бір шыбықпен айдауға кірісті; ең алдымен студенттік кеңестің мүшелерін ықтырып алды, сосын бөлмелерді аралап, төменгі курста оқитындардың тәртібі мен тазалығын тексеріп, зөрелерін зөр түбіне жіберді. Сөйтіп күні кеше ғана ешкіммен ісі болмай өзімен-өзі жүрген белгісіз жігіт көзді ашып-жұмғанша аты шығып, атакқа ілінді.

Ол жатақханаға қатаң тәртіп орнатты. Бұрын кіре-берісте вахтерден басқа ешкім тұрмайтын, осы күні кірер есікті жатақханада тұратындар кезекпе-кезек күзетеді. Бөтен адамдар жатақханаға емін-еркін кіріп, рұқсатсыз қонып қалмайды. Аптасына екі рет арнайы құрылған топ бүкіл жатақхананы тексеріп, студенттер кеңесінің төрағасына есеп береді. Тәртіп бұзғандарға кешірім жоқ, әлдекімдерге арқа сүйеп, бағынғысы келмей тайраңдаған бірнеше студентті кеңестің қаулысымен жатақханадан шығартып жібергелі бері Алмасты иығымен қағып кеткісі келіп тұратындардың екпіні бәсең. “Жатақханадан қуылған студент оқудан шығарылады” деген жаңа тәртіп шықты да Алмастың беделі аспанға бір-ақ секірді. Студенттердің тізесі деканның емес, студенттер кеңесі төрағасының алдында дірілдейтін болды. Ол өзіне берілген мүмкіндікті мықтап пайдалануға тырысты, ең алдымен түкпірдегі көзден тасалау бөлмені босаттырып, көшіріп кірді. Жанына әдейі бірінші курстың студентін тандады, бейшарада артық сөз жоқ, тыпыңдап жүгіріп жүріп бар шаруаны тап-тұйнақтай етіп тындырады. Дүкенге бару, еден жуу соның мойнында. Қашан болсын Алмастың қабағын аңдып отырғаны.

Кішкентайынан мансаптың аузына қарап өскен ауыл баласының тірлігі қалада да өзгермейді. Олар үлкен қызметі барларға өзіміз сияқты аяқ-қолы бар қарапайым пенде деп емес,

мансап ретінде қарайды. Мансабы бар пенде тізімдегі адам. Үкіметтің адамы.

Қарапайым ғана студенттің аяқ астынан мансапқа айналған Алмасқа деген қыздардың көзқарасы өзгерген сынайлы. Бұл өзгерісті ол іштей сезіп жүр. Бұрын да жерге қарап қалған жігіт емес еді, енді абыройы аспандап, айдарынан жел есті. “Жатақханада тұратын қыздар жұмсам жұдырығымда, ашсам алақанымда” деген сенім соңғы күндері үстем болып бара жатқандай. Себеп – олардың тағдыры Алмастың қолында. Қайсысын болсын күйдіре салу оп-онай. Бөлмелерінің тазалығына үш рет екілік қойса жетіп жатыр, сонан кейін студенттік кеңестің отырысында қарап, шара қолданады. Мұндайға келгенде тапқыр, алдына жан салмайды. Күтпеген жерден ешкімнің есіне келмеген ұтқыр шешім тауып, басқаларды таң қалдыра салады. Мұнысына өзі де таң қалады. Желеп-жебеп жүретін пірі қысылып, қиналған сәтте келіп, құлағына сыбырлайтын сияқты.

Күні кеше болар-болмас мәселеге бола бас қатырып, қиналып тұратын бұйығы жігіт қолына билік тиген соң ашылды. Мансап шіркіннің осындай құдіреті болады екен. Ол аз ғана уақыттың аралығында ширығып, ширап шыға келді.

Жақия өте разы сияқты. Екі күннің бірінде шақырып алып, арқасынан қағып, екі аяғын жерге тигізбей мақтайды. Пенде баласы мақтағанды жек көрсін бе, төбесі көкке екі-ақ елі жетпей қалады. Басқа емес, Жақияның, екіншісінің қолы жете бермейтін адамның көңілін тапқанына мәз. Оның мықтылығына, көңіліне ұнаған адамға жақсылықты үйіп-төгіп жасай салатындығына, жағасына жармасқан пендені ес жиюға шамасын келтірмей шалқасынан түсіретіндігіне көзі әбден жеткен. Басқаны былай қойғанда, атағы иісі қазаққа мәлім профессор Алдияр Ақпанұлының аяғын көктен келтірген жоқ па!.. Аяған анау, екі көзі төрт болып түрмеде жатыр. Олардың жанында бұл кім? Абайсызда арандап қала жаздағанын ойласа жүрегін үрей қысып, құты қашады.

Ендігі мақсаты – Жақияны сеніміне кіріп, күнәсін жуу. Ол қолдаса аянмен-ақ талай жерге жетеріне сенімді. Жақияның кімге арқа сүйейтінін біледі. Оның артында асқар тауы – Мұса тұр. Ал ректордың кімдермен байланысы барын іші сезеді.

Ол құдай емес, құдайдан былай емес. Аяғанның Алдияр шалға жақтасып, жыртасын жырттып, ректорға қарсы шығып жүргенін дер кезінде білмей қара басты. Білсе студенттерді ұйымдастырып, жоғарғы жаққа хат жазып не жыны бар?

Апыр-ау, соншалық үлкен тәуекелге баратындай Аяған екі туып бір қалғаны ма еді?! Қандай жақсылығы өтіп кетіп еді онын? Рас, сыйлас, сырлас болды. Сыйласқан адамдары үшін әр сәт сайын отқа түссе не тамтығы қалады?! Жок, болмайды екен. Әркімнің қызығы өзіне. Аяған өкпелесе көшке берген тайын қайтып алсын. Біреу үшін айдаһардың аузына барып түспейді. Ақырын жүріп, анық баспаса күйіп тұрған заманда күйіп кету онай. Араша түсер ағайын табылмайды тіпті. Алып машинанын алмастай пышағы сенің жасына да, басына да қарамайды, турап жібереді. Алып машинаның әр-әр жерге құрылған қақпаны бар, абайламаған адам арандайды. Абайламаған пенде Аяғанның кебін киеді. Ол бейшара мүгедек профессордың жеңіліп қаларын біле тұра ақжүректігі ұстап, жыртысын жыртып, сонын сойылын соқты. Ақыры Жақияның, кім білсін, бөлкім, ректордың шығар, бір сілкігеніне жарамай жалпасынан түсті. Жок, Алмас ол сияқты ақылсыз емес, өлетін жерін біледі. Сондықтан шын мықтыларға жанын аямай жүгіріп жүріп қызмет етеді, олар өздеріне шын берілген пендесін далаға тастай қоймас.

Осындай қорытындыға келген жігіт Жақияның аузынан шыққан сөзді қалт еткізбей орындауға дайын еді. Оның ниетін сұңғыла Жақия тез аңғарды, сөйтіп оп-онай алмас қылышқа айнала салған Алмасты әлі күнге шегінбей Аяғанның жоқтаушысы болып жүрген екі студентке айдап салды. Қайралып бабына келіп тұрғаш қылыш – жігіт кімнің де болсын басын қағып тастауға әзір еді.

Аяғанның жоғын жоқтап, айқайға аттан қосып жүрген Қаңтарбаев пен Елемесовты қақпанға түсіру студенттер торағасына мүлде қиын болған жоқ. Екеуі де ауқатты ортадан шыққан, анда-санда қыздарды алып, ресторанға барып тұрады. Елемесов кішкене ішсе қызып қалып, жеңілтекпені кетеді, Қаңтарбаев та тартынбайды. Олардың осындай осалдықтарын білетін Алмас екеуінің соңына өзімен бірге тұратын Сағындықты салып қойған.

Сенбі күні кешкі апақ-сапақта жерден жеті қоян тапқандай екі өкпесін қолына алып жеткен Сағындық:

– Олар “Есік” ресторанына кірді, – деді танауы желпілдеп. Алмас ептеп езу тартты.

– Студенттер мүшелеріне ескерт, бүгін түнде рейд жасаймыз. Есіктің алдында бол, әлгілер келгенде маған хабарла.

Сағындық шығып кеткен соң фотоаппаратын дайындады, ойы мас болып, басы бұлғақтаған Қаңтарбаев пен Елемесовті суретке түсіру. Сурет – бұлтартпас айғақ. Ал егер оларды

ресторанда отырғанда суретке түсіріп алса ше? Тамаша идея!

Ол асығыс киініп, бірінші қабатқа түсті. Сағындық жоқ. Кезекшілікте отырған кемпірге ескертіп, екінші қабатқа көтерілген, сонынан Сағындық қуып жетті.

– Суретке түсіруді білесің бе? – Жігіт бас изеді. Оны арқасынан қақты. – Қазір “Есік” ресторанына барасын. Әлгілерді суретке түсіріп аласың. Байка, ниетінді сезіп қалып жүрмесін.

– Қатырамыз ғой, аға,— деп күлді Сағындық. Көзі кілмиген, жалаң ерін сары жігіт. Біреуге жақсылық жасауға келгенде тартыншақтап баспайды, жаманшылыққа келгенде алдына жан салмайды. Курстастарын, оқытушыларды сыртынан ғайбаттап, кекеп-мұқап, бір сөзді екі етпейтін қағлез бала сияқтанып көрінген соң бауырына тартқан. Енді байқап қараса кесіп алса қан шықпайтынның нағыз өзі секілді. Алмасқа керегі осындай адам – айтқанын қарсыласпай орындайды және мынау лас іс-ау деп тартыншақтамайды. Мұндай пендені иісшіл итпен іздеп таппасын біледі, сондықтан ретіне қарай көтермелеп, басқаларға үлгі етіп отырады. Мұндайда Сағындықтың танауы шелектей болып, шалқая түседі. Сыртынан өзі туралы оның не дейтінін білмейді, алдында құлдырандап жүгіріп, айтқанын қалт еткізбей орындайды. Әзірше ренжіскен жері жоқ, екеуі талағы жабысқан тату.

– Тым қатырып жіберме.

Сағындық тарқылдап күліп, фотоаппаратты мойнына асып алып, сиыр жорғасына салып жөнелді.

Жалғыз қалған Алмас ой-жоспарын қайта қарап, біраз түзетулер енгізді. Курстастарының алдында қарабет болып қалмас үшін бүгінгі шаруаға бел шешіп кіріспей тасада тұрып, сырттай бақылаған дұрыс деп шешті. Егер Қантарбаев пен Елемесовты өзі бас болып, студкенестің жиналысына салып, жатақханадан шығару туралы қаулы қабылдаса бүкіл курстары алдына келеді, олардың тілегін орындамасқа әбді бар ма?! Орындаса тағы пәлеге қалайын деп тұр. Қит етсе басыңды қағып тастаймын деп алмас қылышын жаланаштап, жалаңдатып дайын отырған Жакия аямайды. Ол ендігісін кешпейді. Сондықтан шегінетін жері жоқ.

Студкенес төрағасының орынбасары болып есептелетін математика факультетінің екінші курс студенті Нина есімді қызға жолықты. Ол қалың көзәйнек киетін, тыриған арық, сары қыз. Жүрісіне қарап оны студенттер “Түйетауық” дейді. Бойы ұзын болғанмен кеудесі қысқа. Бұты рабайсыз ұзын, тірсектері

шілмиген Нина жүріп келе жатқанда көз алдына түйетауық елестейді. Өзі оқу залынан шықпайды, өмірде кітаптан, сабақтан басқа да қызықтың барын біржола ұмытқан тәрізді. Тірлігіне қарасан әлдеқашан қартайып қалған адамдай. Өзі аса талапшыл, кикаң-сиканы жоқ, бетін әлеміштеп, жігіттердің алдында қылымсып тұратын құрбыларына өлердей өш. Айтқанынан қайтпайтын, өзінікінің теріс екенін білсе де жеңіле салмай тайталасып, таласып тұрып алатын қисық мінезі бар. Оның осы қасиетін білетін Алмас Елемесов пен Қантарбаевтың шаруасының шалқасынан келетініне титтей күмән келтірген жоқ.

– Ниночка, сен мені кешіре гөр,— деп мүләйімсіді жігіт қос қолымен кеудесін басып тұрып. — Мұса Байларовичтің алдында ұятқа қалайын деп тұрмын. Сенен басқа сенер аламым жоқ. Құтқара гөр, Ниночка.

Аңғал қызды алдай салу қиынға түскен жоқ. Өзіне зор сенім білдірген төрағаның бетінен сүйіп алуға дайын тұр. Екі беті бал-бұл жанып, жымыңдап күле береді.

Жатақханаға ішіп келген студенттердің барлығын тізімге алып, жиналысқа салу керек. Бұл ректордың тапсырмасы,— деп өтірікті соқты да жіберді. Қыз сенді. Жымиып күліп, бас изеп тұр. Адамға тура қарағанда көзі тым қорқынышты екен. Басына таяқ тиіп, шошынған сиырдың көзі сияқты алайып, тым үлкейіп кететінін Алмас дәл қазір бірінші рет байқады.

– Осында жақын туысым бар еді, сол кісі қатты ауырып, өлім аузында жатыр,— деп кинала күрсінді жігіт. Нина шошып кетті. — Шиеттей балалары қараусыз қалды. Солардың жанында болуым керек.

– Ой, ой! — дегеннен басқа Нина ештене айта алмай абдырап тұр. Қайта, қайта алақанымен аузын жаба береді. Екі қолы дір-дір етеді. “Мына қылығына қарағанда оның қаталдығы баланын ойыны сияқты бірдеме шығар” деп ойлады жігіт. Жиналыстарда жұртқа жеңсік бермей, қабағын қарс түйіп алып, көсемдердің, ғұламалардың сөздерінен үзінділер келтіріп, жұртты ықтырып сөйлейтін қызға, жігіттің күлкісі келді.

– Ой, Алмас тез бар! — деп қыз тыпырлай бастады.

– Ректордың атына жазылған хатқа студенттер мүшелері түгел қол қойсын. Танертең маған әкеліп бер,— деді де асығыс адымдап сыртқа беттеді.

Есік алдына шыққан жігіт қалай бағдар түзерін білмей тосылды. Хадишамен кездеспегелі біраз болған. Қауіпсіздік комитетінің қызметкерлері үстінен түскен күннен кейін мүлде жоламай қойды. “Біржола ат кекілін кестім, енді оны ұмыттым”

деген қорытынды жасаған. Ол қызға бәлендей көңілі де жоқ еді. Ойда жоқта танысты, адамның көзін алдар көркі бар, сүйкімді қыз екен, жігіттің арсыз көңілі тоят тіледі. Хадиша оны көп шаршатқан жоқ, өтірікті ақиқаттың тұғырына қондырып әккіленген жігіттің құшағына оп-онай құлай салды. Таза екен, пәк екен. Пәктігін махаббатының бодауына берді.

Жігіт анда-санда, іші пысып еріккенде барып тұратын, екеуінің арасындағы қарым-қатынасқа мән-мағына беріп, бас ауыртқан жері жоқ. Хадиша ол үшін ұзақ жолдың бойында жолығып, біраз күн сапарлас болған, жолай қалып қойған көп жолаушылардың бірі тәрізді еді.

Алмас өзін зор болашақ күтіп тұрғанына сенетін. Сол сенімі әсіресе студкенес төрағасы болып, Жақиямен жақындасқалы бері күшейе түскен. Сондықтан әке-шешеден тұл, ертенгі өмірі бұлдыр құрылысшы қыздың өзіне тең, жақсы жар боларына сенбейтін ол үшін Хадиша кредитке алған зат сияқты ғана еді.

Асылханға барғысы келмеді. Оның не айтарын біледі. Асылханның дәл қазір Аяғанды құтқарып алудан басқа уайымы жоқ. Тыпырлап табанынан таусылып, есік тоздырып жүрген шығар. Екі рет Алмасты іздеп келді, оны терезеден көріп, есігін бекітіп алған. Асылханға жақындасамын деп болашағының тамырына балта шабатындай кеңкелес емес, өлер жерін біледі. Оның соңында үш әріптің адамдарының жүрмегеніне кім кепіл? Және оның мінезін біледі, болған жағдайды ақыл таразысына салып, сабыр сақтаудың орнына батыл әрекет жасауды, біреу үшін отқа түсіп кетуді қалайды. Орталық партия комитетіне хат жазғанда да соның сөзіне ерді. Шайтан түртіп, айтаққа еремін деп, айдың аманында арандап қала жаздады. Ал оның қылы да қисайған жоқ, дүниесі түгел. Жұмысшыны қауіпсіздік комитеті қайтсін. Оның үстіне Асылхан Ауған соғысына қатысқан. Көзірі қолында. Есіне енді түсті, оның да құйрығында шаласы бар.

Жігіттің бойы мұздап, денесі түршікті. Соңында андушы түскендей селк етіп, жалт бұрылған. Ешкім жоқ сияқты, соған карамастан қозғалып кеткен көңілі жуықарада орнына түсе қоймады. Жүрегін үрей шымшылап, берекесі қашты. Жатақханаға бармайды, біткелі тұрған іске кедергі болуы мүмкін. Сонда қайда барады? Ол ой түкпірін ақтарып, жаяулап ұзақ жүрді. Есіне Хадиша түсті. Тойымы жоқ қу көңіл тоят тілеп, дегбірін қашырды. Әлдебір әлеуетті күш оны дедектәтіп Аяғанның пәтеріне алып баратын автобус аялдамасына әкелді.

Келерін келгенмен ішке кірер-кірмесін білмей толқып, дарбаза алдында дағдарды. Қаранғыда бөтен үйдің алдында тұру

коркынышты екен. Үйді әлдекімдер торып жүргендей көңіліне күдік шауып, зәресі зәр түбіне кетті. Қос үрей болып, сол төңіректе тенселіп біраз жүрді. Әредікте әлдекімдердің ысқырығы, айқайы естіліп қалады. Жакын манайдан абалап ит үреді. Әлдекім мысық табандап жакындап келе жатқан тәрізді. Жігіт енді шын корка бастады. Жалғыз-жарым жүрген кісіні кім аясын, көше тентектерінің ортасына түссе местей қылып сабап, тыржаланап шешіндіріп кетеді. Олардың арасында қаныпезер біреу болса шаруасы тынды біржола.

Дарбазаның есігін аша алмаған соң аулаға секіріп түсті. Терезеге жакындап келіп, бұғып тұрып, ішке көз тастады, Хадиша ортада, қызық әңгімеге кірісіп кеткен сынайлы, балалар аузын ашып, тапжылмай отыр. Олардың ойын бөлмейін деп ойлаған жігіт үйге сүйеніп тұрып, төңірегін тінтіп шықты. Түн қараңғы болғандықтан көзіне ештеңе шалына қоймады. Үй іргесіндегі асау өзеннің сарыны әлсіреп, жылап аққан бұлақтың жетім үніндей әлсіз сылдыр шалынды құлағына. Көктем мен жазда арнасына сыймай аласұрып, ашулы арыстандай гүрілдеп жататын Алматы өзенінің күз бен қыста жуасып қалатын әдеті. Адам түгіл дүлей табиғаттың өзі де уақыттың алдында шарасыз. Уақыт – құдай, уақыт – патша. Оған мәңгілікпін дейтін тау да, арнасына сыймай аласұрған су да тәуелді. Ол өз дегенін істейді. “Уақытты женген ешкім жоқ. Ол бәрінен күшті” дейтін Алдияр Ақпанұлы. Ол кезде профессордың бұл жазбасының төркініне түсінбеп еді. Кейін жетті санасына. Қоғамын да, заманың да уақытқа тәуелді екен. “Қоғамның, әділеті кем заманның талабымен істелінген тарихтың кателіктерін уақыт-патша міндетті түрде түзеп, әр нәрсені өз орнына қояды” деп жазады профессор Алдияр Ақпанұлы.

Жігіттің ойын сыбыр бөліп жіберді. Жакын манайда әлдекім жүрген секілді. Алмастың қоркынышка күпті жүрегі торға түскен торғайдай тыпырлап, алқымына тығылды. Кенет дәл жанынан мысық мияулады, жігіт селк етіп, секіріп түсті.

– Ой, әкеңнің! – деп кіжінді. Қолында тас болса қак мандайдан ұрып, мылжа-мылжасын шығарар еді. – Брыс!.

Тағы да ішке үнілді, олар әлі қозғалмапты, Биби шаршаған, әлсін-әлсін есінеп қояды. Хадишаның ертегісі жуық арада таусыла қоймайтын секілді. Ол терезені қакты. Балалар қорқып қалған сынайлы, Бибинің ұйқысы шайдай ашылып кетті, Хадишаның құшағына тығылды. Екі бала терезеге үрейлене қарап қалған.

– Бұл кім? – деп дауыстады қыз.

– Мен ғой, Алмаспын.

– Ертегі бітті. Ертең жалғастырамыз,— деп Хадиша асығыс орнынан тұрды. Балаларды түпкі бөлмеге айдап тығып, сыртқы есікті ашты. Соншалық құлшынып тұрмаса да көңілі үшін қызды құшақтап, ернінен, тамағынан сүйді.

– Қойшы, балалар карап тұр.

Жігіт өздеріне таң қала карап, жымындап тұрған балаларды енді көрді.

– Оу, батырлар, калдарын қалай? — Оларға қол беріп амандасты. Бибі жымындап күліп, қолын артына жасырды. — Бибіжан-ау, маған ренжіп қалғансың ба?

– Қыздар қол беріп амандаспайды, аға,— деді Олжас қарындасына ара түсіп. Хадиша мен Алмас жарыса күлді.

– Ал, балалар, сағат оннан асты, ұйықтау керек,— деді де Бибіні көтеріп, түпкі бөлмеге кіріп кетті. Екі ұл орындарынан қозғалған жоқ.

– Аға, біздің көкемізді көрген жоқсыз ба? — деп сұрады біраздан кейін Елжас.

– Неге көрмейін, көрдім. Ол кісі қазір Москвада. Онда үлкен жиналыс болып жатыр,— деп соқты жігіт. Екі бала жымындап, біріне-бірі карады. — Ол сендерге көп-көп базарлық әкеледі.

– Аға, жиналыс кашан бітеді?— деп сұрады үлкен ұл мұнайыңқы үнмен.

– Жиналыс па?.. Е-е, енді... Жиналыс бітеді ғой,— деді ол тура жауаптан кашкақтап. Екі бала ақырын ғана күрсінді. Көздеріне мұң ұялаған, жабырқау, ата-аналарын мықтап сағынған.

– Ол маманның ауырып қалғанын білмейтін шығар. Білсе жиналыстан кетіп қалар еді,— деді Елжас кемсеңдеп. Көз шарасы лезде жаска толды.

– Иә, айналайын, білсе самолетке отырып, дереу ұшып келеді,— деп баланың ынғайына жығыла салды. Сонан соң оны қапсыра құшақтап, бауырына тартты.

– Аға, көкеме хат жазып беріңізші,— деп қиылды Елжас.

– Сен өзің жаз, — деді, баладан мұндай сөз күтпеген ол алғашқы әлетте ептеп абдырап қалған. — Бәріміз бірігіп жазамыз. Ертең мен-ақ салып жіберемін.

Осыдан кейін екі баланың жүзіндегі көленке жоғалып, қабақтары ашылды, бірақ көздеріндегі мұң кете қоймады. Елжас иығынан ауыр жүк түскендей жеңіл күрсінді. Олжас ағасының қабағына жаутандай карап, жымындап күлді. •Екі бала ләм деместен, жетектескен күйі түпкі бөлмеге кіріп кетті.

Алмастың балаларға жаны ашып, тамағына өксік тығылды. Үшеуі де жүдеп кетіпті. Аш жүрмеген шығар. Әке мен шешенін

орны бөлек. Басканын жылы сөзі, айналып-толғанып аймалағаны сәби жүрегін жібіте алар ма, жабырқаған жанына жұбаныш болар ма?! Өзгенін айналайынынан әкенін анда-сандағы айқайы артық. Жанында қарайып анасы жүрмесе баланын ішкен-жегені бойына қайдан сіңсін, көңілі үнемі алан, жүрегіне тікенек қалалғандай киналады, ұйқысы да, күлкісі де, өмірі де шала. Анасыз өмір – шала өмір. Әке мен шешенің қадірін Алмастай-ак білсін басқа жұрт. Анасы отыз бес жасында автомобиль апатынан қайтыс болды. Әкесі ауыр жаракат алып, ауруханада ұзақ жатып емделді. Құдайдың рахымы түсіп, жаны олжа болған бейшара сынған сүйектерін жамап-жасқап, қатарға қосылды. Бірақ денсаулығы қалпына келе қоймады, басы ауыратын дерт жабысты. Бармаған ауруханасы, қаралмаған дәрігері қалмаған шығар. Баксы-балгердің де ем-домы қонбады. Өмірінің бес жылын майданда, сегіз жылға жуығын түрмеде өткізген әкесі Байсан ізіне түскен дерттен қашып құтыла алмады. Жан азабына тән азабы қосылып, бейшара түн баласы ұйқы көрмей шыбын жаны шырылдап, таңды таңға ұратын. Шиеттей бала-шаға түн жарымда әкенін шырқыраған үнінен шошып оянып, сарғайып таң атқанша кірпік айкастыра алмай, қорқыныштан қалшылдап шығатын. Үш баланың үлкені он бір жастағы Саматай таң атқанша әкесінің басын укалап, ағыл-тегіл жылап отыратын. Оны көріп, тоғыз жасар Гүлжан мен алтыға еркін толмаған бұл егілетін.

Әкесінің жағдайы бірте-бірте нашарлай берді, ес-түсін білмей серейіп талып қалатын. Астанаға барып, үлкен дәрігерлерге қаралатын қаржы жоқ. Ай сайын алып тұратын аз ғана пенсия бала-шағаның нан-шайынан артылмайды. Аш күрсақ тірлікке үшеуі де көндіге бастаған.

Бір күні ойда жоқта әкесін жедел жәрдем машинасы алып кетті.

– Аман болсам қайтып келермін, – деді коштасарда үшеуін кезек-кезек сүйіп. Оны қайда алып кеткенін үшеуі де білген жоқ. Әкелерінің тым ұзақ мерзімге кеткенін, есейіп жігіт болған кездерінде кездесетіндерін бұлар қайдан білсін.

Сөйтіп тағдыр тақуа мұны алты жасында тіршілік теңізіне лақтырып жіберді. Ол тұншықты, сан рет тұнғыығына батып кете жаздады, өліп қалмас үшін жанын салып жанталасты. Кішкентай ғана бала аз ғана уақыттың аралығында ата-анасыз өмір сүруге үйренді.

Алғашқы кездерде әкесі келіп қалардай елегізіп, оның жолын тосып жүретін. Екі жылдан кейін үміті үзілді, көңіл кесесіне толып қалған әкеге деген сағыныш сезімі шайқалып төгілетін. Байсанның күндердің күнінде қайтып келетіндігіне сенімін

қиыншылығы батпан ауыр өмір де, кешегіні бүгін-ақ ұмыттырып жіберетін катал уақыт та жоғалтып жібере алмады. Арада жеті жыл өткенде зарыға күткен әкесі қайтып оралды. Шашы аппак қудай болып ағарған, әбден жүдеген, бетін әжім шимайлаған, иығы қушиған шал иегі кемсендеп, “балам” деп құшағын жая ұмтылғанда Алмас состиып тұрып қалған.

Мен Байсанмын, әкенмін ғой, ботам.— деп он үш жасар ұлын құшақтап, аймалап сүйіп, ұзақ егілген. Әкесіне қосылып бұл жылаған. Жеті жыл бойы балалар үйінде көрген қиындықтар, жетімдікпен өткен өмірі есіне түсіп, әкесінің мойнынан тас қып құшақтап алып, көз жасына ерік берген.

Көп ұзамай әкесі үй-жайы, бала-шағасы бар өзі қатарлас әйелге үйленді де, Алмасты қолына алды. Саматай сауда техникумында оқитын. Өгей шешесі қазанына қаспақ қатқан аса салақ әйел болып шықты. Үйдің іші жаман түйенің жабуындай қалай болса солай шашылып жататын. Салақтығына қарамай өгей шешесі сөзді жүндей сабайтын, бір бастап кетсе тоқтауы қиын қызық адам еді. Ерте кетіп, кеш келетін Байсанның құлағының құрышын қандырып, жоқ сұмдықтарды айтып, сұңқылдағанда бас шұлғып, үнсіз отыратын әкесін соншалық аяп кетуші еді.

“Әкем қайтадан ауырып қалады-ау” деген қорқынышты ой жүрегін суылдататын. Кейде шыдай алмай араға түсетін, мұндайда өгей шеше жынын құсып, құтырып кетуші еді. Ештеме естімейтін таскерен адамдай тұнжырап отырған Байсанға осы кезде жан бітетін, айкай салып орнынан атып тұрып, заржак әйелін шашынан сүйреп, түпкі бөлмеге алып кіретін. Құлындағы даусын шығарып сабайтын, онан соң сыртқа атып шығатын да, ауыл сыртындағы қалың тоғайды бетке алып жүгіре жөнелетін. Әкесінің қып-қызыл болып қанталап кеткен көзін, долырған жүзін көріп, қорқып қалушы еді. Ол қатты ашуланғанда аузынан көбік шашырап, тиісерге қара таппай тыпыршитын. Мұндай сәтте Алмас әкенің көзіне түспей аулақ қашатын.

Кешкілік қайтып келгенде өгей шешесі түк болмағандай жылмындап, мұнын асты-үстіне түсіп, жылы-жұмсағын алдына қойып, құрдай жорғалайтын. Әлі күнге сол мінезі. Ашы етіне таяқ тигенше ақылы кірмейді. Қайтымы тез бірақ, ашулы буралай езуі көбіктеніп, ақырып тұрып ұмтылған күйеуіне мүлде қарсыласпайды, басын қорғаштап, “ойбайлап” жата қалады, таяғын жеп алады да, түк болмағандай жарқылдап күліп жүре береді...

— Бибі әрен ұйықтады,— делі Хадиша халатының омырауын түймелеп жатып. Алмастың ойы шашырап кетті. Қыздың төсіне қадалып қарады.

– Немене жасырдың? Кәне, көрсет!..

– Ештеңе жасырған жоқпын, – деді оның нені меңзеп тұрғанын түсінбеген қыз. Жігіт оны қапсыра құшақтап, құлағына сыбырлады.

– Кеудене не жасырдың? Көр-р-сет...

– Жібер деймін, жібер!

– Көрсетпесең жібермеймін.

– Ұяламын, – деп қыз оң қолымен халатынын өңірін бүріп ұстап алды. – Ой, кой деймін!.. Балалар оянып кетеді. Олар сондай киналып жүр. Түнде оянып алып жылайды. Оларға косылып өзім жылаймын тегі.

Жігіттің құшағы жазылып кетті. Лепірген көңілі су сепкендей басылды. Көңілін мұн баурап, жаны жабырқады. Жаңа ғана құтылған жайсыз, ашқарак сезім қайта айналып келіп, жетімдіктің таксіретін көп шеккен жүрегін талауға кірісті. Аяғанмен дәмдес бола жүре басына іс түскен қиын сәтте одан сырт айналғанын ойлап, көңілі сөгілді. Қиыншылықпен өткен балалық шағын, әр кезде аузынан тастамайтын тәубасын тез ұмытқанына налыды. Өзін өзі іштей сөгіп, біраз жерге апарып тастады. Мынандай қиын шақта Аяғанға көмектесуден асқан адамгершіліктің болмасын дәл осы сәтте ол жан жүрегімен түсінгендей еді. Үлкен іске бел шешіп кірісердей батылдық шақырды, өзін өзі қайрады. Бірақ бұл далбасасынан ештеңе шықпады, оның жүрегін әлдеқашан талақ тастаған батылдық қайтып оралмады.

Алмас екі ұдай күйге түсіп, есенгіреп ұзақ отырды. Хадиша дайындаған тамаққа да тәбеті шаппады. Өзінің тым арзандап бара жатқанын ойлап, көңілі құлазыды. Қаңтарбаев пен Елемесовты есіне алды, қалақай шаққандай екі беті ду ете қалды.

“Бірге оқып жүріп иттік жасағаным кешірілмес. Құдай да кешірмейді. Кешпейді” деді. Қанша бұлқынғанмен босана алмасын түсіне тұра алдыңғы екі аяғын қақпанға қаптырып алған арландай аласұрды.

– Саған не болды? Ауырып отырсың ба?

– Иә, – дей салды жігіт. – Төсек салып берші.

Ештеңеге құлқы жоқ. Үш баланы көргеннен кейін көңілін мұн баурады, әлдеқашан жазылып кетті деп ойлайтын жан жарасының аузы алынғандай. Жетімдікпен өткен өмірі есіне түсіп, іштей өксіп, іштей егілді.

Ойлап қараса өмірі мына балалардікіне соншалық ұқсас сықылды. Бұлар да екі ұл, бір қыз. Шеше инфаркт болып, ауруханала жатыр, беті бері қарай ма, жоқ па, бір құдайға аян.

Әке түрмеде, оның тағдыры шешілген, үміт жоқ. Сарыауыз балапандай үш бала қанғырып қалғалы тұр.

“Құдай-ау, үш жасар жұдырықтай қыз ата-анасыз қалай өмір сүреді? Ата-ананың мейірім, шапағатын көрмеген бала тасжүрек болып өседі ғой. Тасжүрек!..”

Көкірегі қарс айрылардай күрсініп жіберді. Бейкам жатқан қыздың денесі әнтек дір етті. Басын жастықтан сәл ғана көтеріп, жігіттің жүзіне көз жүгіртті. Көзі жұмулы, бетін тер жуып кетіпті.

— Шамды өшірші...

Тастай қараңғы бөлмеде бір қырынан екіншісіне аунап түсіп, ұйқы шақыра алмай аласұрған жігіт қаптаған қалың ойдан құтылудың бір ғана жолы барын түсініп, бауырына тығылған қызды құшақтап, сағынып, ансап келгендей ашқарақтана сүйе бастады.

— Жаным,— деді. Дауысы ызалы шықты. Денесі күйіп-жанып, арсыз көңілі тоят тілеп, ләззәттың шарабына қана алмай масансып жатқан қызда оның дауысындағы зіл мен ызаны ажыратарлық ақыл қалмаған еді...

— Иә-ә...

Қап-қараңғы бөлме жым-жырт тыныштықтың құшағына енді. Хадиша жұп-жұмсақ ернімен жігіттің алқымын, төсін ақырын ғана сүйіп, ып-ыстық демімен тамағын қытықтады. Ол қимыл-қозғалыссыз жатыр. Хадиша жігіттің төсіне басын қойып, тым-тырыс тынды. “Дәл осылай өмір-бақи жата берсе” деп қиялдады ол. “Бакыт деген осы шығар” деді. Бакыттан басы айналған жарым көңіл бейшара қыз өмірден көрген құқай, қиянаттарын біржола ұмытқандай еді. Алқымына жармасқан жетімдіктің темір шеңгелінен Алмас біржола арашалап алғандай, ендігі өмірін қол ұстасып, бірге өткізеріне еш күмәні жоқтай көңілін желік биледі.

“Аяғымның ауыр екенін естісе Алмас қатты қуанатын шығар” деп ойлаған қыз жақсы хабарын кешіктірмей айту керектігін түсінгенмен батылы бармай тосылды. Қазір де міне, тілінің ұшында тұрған жалғыз ауыз жақсы сөзін сыртқа шығара алмай қиналып жатыр.

— Алмас,— деді ұзақ үнсіздіктен кейін дауысы дірілдеп.

— Тыңдап жатырмын.

Хадиша тағы да үнсіз қалды.

— Неге үндемейсің? — деді жігіт оған бұрылып.

— Сен кішкентай балаларды жақсы көресің бе?

— Оларды аяймын,— деп күрсінді жігіт. — Әсіресе жетім

балаларды... Олар жаскана, жаутандай қарағанда жылап жібере жаздаймын...

– Ал кішкентайларды ше... Сәбилерді ше? – деді қыз дауысы дірілдеп. – Жаксы көресің бе?

– Баланы жек көретін адам болушы ма еді?!

– Жек көрмесе балаларын неге тастап кетеді?

– Жек көргендіктен емес, мәжбүрліктен...

Қыз бен жігіт тым-тырыс тынды. Әрқайсысы өз ойымен әуре болып, бір сәт бір-бірін ұмытты. Алмасқа әу бастағы мазасыз ой айналып соғып, қу жанын қинаса, Хадиша тілінің ұшында тұрған жалғыз ауыз сөзді қалай айтарын білмей дағдарды. Ақыры ол шыдамады.

– Алмас, білесің бе?.. – деді екі беті ду-у жанып. – Сен папа боласын.

Жігіт шок басып алғандай шошынып, басын жастықтан жұлып алды. Бір нәрсені бүлдіріп алғандай Хадишаның тұла бойы дірілдеп қоя берді.

– Не дейсін? – Хадишаның жауап беруге шамасы келмеді. – Папан не сенін?

– Бойыма бала бітіп қалған сияқты, – деді қорқып қалған қыз жыламсырап.

– Қайдағы бала? Не деп отырсың өзін?! – деді абыржып. – Баласы несі?.. Біздің өзіміз бала емеспіз бе?!

Қызда үн жоқ. Жігіт байыздап отыра алмай орнынан тұрып, шам жакты. Апыл-ғұпыл киінді. Дәл қазір осы үйден кетіп қалса бала дүниеге келмейтіндей қимылы әбжіл.

– Қалжынның да орны бар, Хадиша.

– Қалжың емес, – деді қыз жігітке таң қала қарап. Жаксы хабарды естіп, жүрегі жарылардай қуанады деген адамы шошынып, шок басқандай күйге түсті. Неге? Осы бір үрейлі сұрақ секемшіл жүрегін құрсауға алды. Жалғыз ғана “негенің” жауабын табуға өмірден көрген қиындығы көп болса да көңілге түйгені аз, тіршілікте кездесетін мың-сан қулық, сұмдықтан хабары жоқ қыздың ақылы жетпеді.

– Мүмкін емес, – деді жігіт мазасыздана бас шайқап. Өні құп-қу болып кеткен. – Сен дәрігерге бар, дұрыстап тексеріл.

Қыздың көңілі босап, көзіне жас іркілді. Алмас байқап қалмасын деді ме, теріс бұрылып, көз жасын алақанымен сылып тастап, ақырын ғана күрсінді.

Өтірік айтамын, – деді онан соң қинала күлімсіреп. Жігіт оған көзінің қиығын тастады, қыздың жүзі солғын, қабағына көлеңке қоныпты, екі көзі балбұлдап тұр. Қиналып күлді. Оның амалдың

жоктығынан, мұның көңілі үшін ғана өтірік айтып тұрғанын жігіт білді. Не істеу керек? Берекесі кашып, үйге сыймай аласұрған Алмаста дәл қазір тұйықтан шығар жол табар ақыл жок еді. Делсал болып, сұлық түсіп отырған қыздың көңілін аулап, жылы, жақсы сөзін есепсіз шашты. Мұнысының құр далбаса екенін біле тұра көсемсіді. Қыздың қабағының қыртысы жазылғанмен көзіндегі мұң таркамай қойды.

Сарғайып таң атқан кезде үйге сыймай тықыршып әрен отырған жігіт Хадишаны қысып, құшақтап, сүп-суық ернінен, тамағынан сүйді де, асығыстығының себебін сан қайталап түсіндіріп, кетіп қалды.

Хадиша ләм деместен есік алдына шықты. Ұзап бара жатқан Алмасқа қарап, жүрегі жылап, мұнайып тұрған қыздың қу көңілі бір жаманшылықты сезді.

Студкенес мәжілісінің хаттамасы мен ректордың атына жазылған хатты пәпкесіне салып алғаннан кейін Алмастың ойы онға, санасы санға бөлініп, бір тоқтамға келе алмай, екі ұдай күйге түсті. Жатақханадан ерте шығып кеткенмен лекцияға әдейі бармай қалды. Курстастары жан-жақтан жабылып, түтіп жеп қоюы мүмкін. Олардың алдында жер болып тұрғанша лекцияға бармағанды жөн көрді.

Бірге оқитын жолдастарына қиянат жасағаны кісілікке, адамгершілікке жата ма? Ертең басқалардың бетіне қалай қарайды? Сонда қайтпек керек? Жақияның дегенін орындамаса омақаса құлайды, ол аяйын деп отырған жок. Анысын аңдып жүріп, қайтып тұрмастай етіп құлатады. Қатарға қайтып қосылу үшін қысқа өмірі жетер ме, сірә! Омақаса құлаған соң ес жиып, болашақтан үміттену бос далбаса тірлік болып қалар, бәлкім. Сүйеу болар жанашыр кімі бар? Әкесі анау, қалт-құлт етіп өз күнін әрең көріп жүрген бейшара. Жалғыз бауыры басқаға тәуелді. Анда-санда салып тұратын отыз сомына рахмет, ол шіркін кімге тұлға болып жарытпақ?! Ешкімі жок. Ендеше мықтымен жағаласпа, оның ыңғайына жығыл, дегеніне көн. Қантарбаев пен Елемесов сияқты сыпыраның ішінде отырып ержеткен, әкенің дәулетінің арқасында дүние-мұхиттың шәрбетіне жүзіп жүріп қанған еркетотай емес. Өмірдің қандай екенін біледі. Өмір қатал. Ол өзінің бақыты үшін күресе алмайтындарды аямайды. Ешкімнең кем емес, басқалар сияқты бақытты өмір сүргісі келеді. Күреседі. Күрестің заны жығу, не жығылу. Не жығу, не жығылу... Тең түсу – жеңіліс...

Ол 28-панфиловшылар паркінің ішінде әрі-бері қыдырып ұзақ

жүрді, балалық шағын, бейнесі есінде еміс-еміс қалған анасын ойлады. Аяғанның отбасын есіне алды, көз алдында оның үш баласының бейнесі келді. Көздері жаудырап, үлкендерге жасқана қарайтын сүйкімді балаларды жүрегі езіле аяп кетті. Кеше оларға тәтті-тәмелек ала бармағанына өкінді.

Жан-жаққа тарап кеткен мың сан ойы жиналып, бір арнаға түсті де, Хадишаға тірелді. Алмастың көнілін өкініш пе, жок әлде реніш пе, әйтеуір бір жексұрын сезім жайлады.

“Бала дейді... Ол кімге керек? Жо-жок, алдырту керек” деп күбірледі. “Ал егер ол көнбей қойса ше?” Осындай күдік жолын кесті, аяндап келе жатқан жігіт шошынып, оқыс тоқтады. Хадишаның көнбеуі мүмкін бе? Мұның ниетін білсе ол қыр сонынан қалмайды. Босанып алса ешқайда қашып кете алмайды, аяғына тұсау салынады. Пәтерден пәтерге көшіп, тапқаны тамағына жетпей, кісе киімге жарымай тентіреп жүрсін. Қызыл қарын жас бала мен қу құлқынның қамын ойлап, үзеңгі бауы сегіз қабат әлдекімдерге жарамсақтанып, зар қағып табанынан таусылсын. Есебін білер ептілер аспанға шарықтайды. Ал бұл...

Алмас тұңғыздыққа шым батып бара жатқандай сезінді өзін. Сол тереңнен қалай шығарын білмей далбасалаған жігіттің ойына Жақия түсті. Селк етіп, бойын жинап алды. Барлық жол сол кісіге барып түйіседі екен. Тізгін соның қолында. Ол көңілі түссе жарылқайды, кектесе қазық қылып қағып жібереді. Сондықтан соның айдауына да, байлауына да көнбеске лажы жок екен.

Алмас асыға басып, институтқа қарай адымдады.

16

Қазан айының оныншы жұлдызында Аяғанның отбасы профессор Алдияр Ақпанұлының пәтеріне көшіп келді. Жылы үйге келген соң балалар жетісіп, жырғап қалды. Кішкентай бала десе емешегі езіліп тұратын профессорға үшеуі тез арада бауыр басып алды, ол кісінің Бибіге деген көңілі көл-көсір. Кішкентай қыз бақшадан келісімен шалды төңіректейді.

— Ата, ертегі айтып берші,— дейді. Профессор ойдан құрастырып, Елжас, Олжас, Бибі, Хадиша туралы қызық-қызық ертегілер айтудан жалықпайды. Кішкентай қыз ертегі тыңдап жатып ұйықтап қалады.

Ертегіге екі бала да құмар, әсіресе өздері туралы көбірек айтқанды қалайды. Шалдың ертегілері көңілді, кейіпкерлерінің барлығы жақсы адамдар болып келеді.

Асылхан мен Ақбота осы үйдің адамдарына айналды. Үйді

тазалау, тамақ жасау екі қыздың міндеті, Асылхан алып кел, барып келге таптырмайтын қолғанат. Біраз күннің ішінде профессордың жүзіне қан жүгіріп, басқалардың көмегімен бөлменің ішінде әрі-бері жүруге жарады. Тамырына нәр бармай семіп, қурап бара жатқан ағашты суғара бастаса өзегі қоректеніп, бүршік жарады. Солып, сөніп бара жатқан Алдияр ақсақал жанашырларының арқасында қайтадан қатарға қосылып, адамша өмір сүре бастады.

Алғашқы әлетте Хадиша үлкен кісіден ыңғайсызданып, үш баланы бір бөлмеге қамап алып, тым-тырыс отыратын. Шал оның мұнысын сезіп қалып, реніш білдірген. Бірақ интернатта өскен, әркімнің бетіне жаутандап жүріп ержеткен қыз бөтен үйде еркіндікке мүлде үйрене алмай-ақ қойды. Шалдың ниетін таныған соң балалар мүлде еркін болып алды. Әсіресе Бибі ерке. Бақшасынан келісімен үш бөлмелі үйді басына көтеріп Алдияр қарияның төсегіне шығып секіріп, кеудесіне мініп алады. Біраздан бері төсекке байланып, қимыл-қозғалыссыз, қараусыз жатып қалған шал мүлде қабақ шытпайды. Балаларға сес көрсетіп, быж-тыж болып жүретін Хадишаға ренжиді.

Қызым, балалардың бетінен қақпа. Жүгірсін, ойнасын. Іші пысады баланың,— дейді езу тартып. — Бір жаман немерем болса деп армандаушы едім. Құдай менің тілегімді қабыл көрмеді ғой. Үш бөлмелі үйде күні бойы жападан-жалғыз қимылсыз жату оңай ма. Маған балалардың у-шуынан асқан ем жоқ.

Шекесіне тағдырдың таяғы көп тиіп, жасқаншақ болып өскен қыз көп уақыт өтпей-ақ қарияның өтінішін ұмытып, бірін-бірі қуалап, күлкіге қарық болып жүрген үшеуіне қабақ шытады. Оңашалап алып, ақыл айтады.

Атаның мазасын алмандар, ол кісі ауырып жатыр. Сендер шуласандар ол жазылмайды,— дейді. Ересектеу Елжас түсінеді, екі кішкенең санасына сәуле түспейді. Бір сәт томпиып-томпиып үнсіз отырып қалады. Аяқ астынан тәртіпті болып, үнсіз қалған балалардың жағдайын Алдекен бірден біледі де, данғазаны өзі бастайды.

Балалар, қайдасындар? Неге билемейсіндер? — дейді. Оларға осы сөз жетіп жатыр. Ешкімді жалындірмайды, айқай-шуға қайта кіріседі. Екі кішкенең жиі-жиі ренжісіп қалатыны бар. Мұндайда Елжас қарындасына жақтасып, інісіне қол жұмсайды. Ол әрине жылайды, оған қосылып Бибі көз жағына ерік береді. Екеуі үйді басына көтеріп, шал жатқан бөлмеге кіреді. Күнделікті жағдай қазір де қайталанды. Ас үйде тамақ қамымен жүрген Хадиша жүгіріп келді. Бибі профессордың кеудесіне мініп үлгеріпті.

Алдекең көз жасын көлдеткен Олжасты басынан сипап, жұбата алмай өуре.

– Жігіттер жыласа шашы түсіп қалады,— деді шал. Баланың даусы сап тиылды. Шал енді кішкентай қызды жұбатуға кірісті.

Бибі “шашын түседі” дегенге түсінбейді, оны қойдырудың әдісі мүлде баска. Алдияр қыздың бетінен сүйіп, аркасынан қақты.

– Менің қызым бәрінен ақылды, бәрінен күшті, бәрінен сұлу. Мен оған қ-ө-ө-п тәтті тоқаш сатып беремін,— деді. Бибінің дауысы бәсеңдеді, басын көтеріп:

– Міне, мұнша балмұздақ сатып бей,— деп он саусағын көрсетті.

– Тағы да міне, бесеуді қос,— деп профессор икемге келетін сол қолын көтеріп, бес саусағын көрсетті.

– Сен де көтей қолынды,— деп Бибі өкпесі әлі тарқай қоймаған ағасына бұйыра сөйледі. Ол бірақ қарындасының дегеніне көнбей, теріс айналды. Оның орнына Хадиша саусақтарын жайды. Кішкентай қыз қуанып, қол шапалақтады. — Көп-көп балмұздақ жегім келді.

– Балмұздақты жазда, күн ыстықта жейді.

– Ой, ыстықтап кеттім,— деп қыз кеудешесін шешіне бастады. Профессор мен Хадиша жарыса күлді. Осы сәтте есік шырылдады.

Келгендер Асылхан мен Ақбота екен. Бауыр басып қалған балалар жарысып барып, жігітке жармаса кетті, ол алдымен Бибіні көтеріп, бетінен сүйді, сонан соң екінші қолымен Олжасты іліп алды.

– Маған не әкелдің?— деді Бибі бетінен сүйгізгеннен кейін қолын сұмаңдатып жігіттің омырауына тығып жіберді.

– Алма, конфет әкелдім. Өлең айтпасаң бермеймін.

Бақа, бақа балпақ,

Басын неге жалпақ,—

деп тақылдады Бибі. Бұлқынып жерге түсті де Асылхан көтеріп келген үлкен сумкаға қолды салды. Олжекең де қарап қалған жоқ.

– Жүріндер, жуып берейін.

Ақбота екі баланы асүйге алып кетті. Асылхан аяғын шешіп, профессордың бөлмесіне кірді.

– Аяғаннан хабар білдіңдер ме?— деп сұрады Алдекең.

– Жан-жақты тексеріп жатқан сияқты. Білгенім — шындық жоқ, жала көп.

Профессор ләм деместен екі көзін төбедегі бір нүктеге қадап, қимылсыз ұзақ жатты.

– Студенттердің хатына жауап келмеп пе?

– Келмепті. Алмасты таба алмай қойдым. Ол студкенестін төрағасы болыпты.

– Е-е-е,— деді Алдекен дауысын созып. Дауыс екпініне карағанда бұл хабар оған ұнамаған сияқты. Асылхан оған ұрлана қарады. Шал екі көзін жұмып алыпты, қабағы шытыңқы, ауруы жанына батып, қиналып жатқан адамға ұқсайды. Алғаш көргендегідей емес, жүзіне шыр кірген, бетіне қан жүгірген. Жігіт төнірегін шолды, үйдің іші мұнтаздай таза. Хадиша бейшара қарап отырмайтын тәрізді, екі қабырғаны түгел алып тұрған кітаптар шаңнан тазарыпты, сөрелердің әйнегі шаммен шағылысып, жарқырап көз жасқайды. Осы үйге бірінші рет бас сұққан күні шаңның иісі танауын қытықтап, қайта-қайта түшкіріп, мазасы кеткен. Бөлменің бұрыш-бұрышы сүңгілерден тазарған. Шалдың үстінде тап-таза ақ жейде. Сақал-мұртын өткен жолы келгенде өзі қырып берген, қайтадан тікенектеніп қалыпты.

Хадишаға іші жылып, көңілі марқайды. Оған Алдекеннің де риза екендігіне күмәні жоқ, “Хадишадай аруға қолы жеткен адам бақытты екен” деді. Оның басқаға емес, өзінің ең жақын досына бұйырғанына қуанды. Кішкентай кезінен жетім қалып, өмірдің теперіш-тепкісін көп көрген Алмасқа іштей бақыт тіледі.

– Бәріміз жабылып, араша түспесек олар Аяғанды жеп қояды,— деді, біраз үнсіздіктен кейін профессор көзін ашып, асықпай сөзін сабақтады. — Мәскеуге, Қазақстанның Орталық партия комитетіне, Жоғарғы және арнаулы орта білім министрлігіне қайта-қайта арыз жаза беру керек.

– Олар бірнеше рет тексеріп кеткен жоқ па?

– Олар мұндағы ордалы қасқырдың сойылын соғып жүр ғой, қарағым,— деп күйіне сөйледі Алдекен. — Көрмеймісін, Мемлекеттік қауіпсіздік комитетіне дейін жаулап алған. — Шал күйініп, жылайтын адамдай қабағын қарс түйіп, қабырғада ілулі тұрған суретінен көз алмай үн-түңсіз қалды. Жігіттің аузына жөндем сөз түспей дағдарды. — Оларды жеңу қайда!.. Қарсылық түгіл, қара басынды қорғай алмай қор боласын. “Айласыздың батыры айға шабады” деген сөз бар. — Шал ызалана мырс күлді. — Сол батырдың кебін киіп, жатысымыз мынау. Айқай дүние, ай, дүние-ай!.. Ешкімге керек болмай ақиқаттың қадыр-қасиеті кетті-ау.

Асылхан үнсіз. Ақиқаттың қай кезде тым арзандап, ешкімге керек болмай қалатынын біледі. Бірақ біржола қасиеті кетіп, қадыры қашады дегенге сенбейді. Бір басының қайғы-қасіретін бүкіл қоғамның басындағы дертке бағалағаны қалай?

Профессордың осындай жағдайға тап болып, ғаріп қалға түсіп, мешел баладай қозғала алмай жатуына қоғам кінәлі ме? Оны жан-жағынан жабылып талап, мүйіздеп құрдымға құлатқан қоғам емес қой, бұл жеке адамдардың ісі. Жеке адамның, тіпті мемлекет басында отырған кісінің кемшілігіне бола қоғамға топырақ шашу ақылға сия ма?

Алдияр ақсақалдың көңіліне карап, ойын ашып айтпай, үнсіз отыр. Көңілі жарым, жаны жаралы адам не айтса да жарасады. Артық ауыз сөзі үшін ондай пенделерді жазғырудың әбес боларын жігіт біледі.

— Столда екі конверт жатыр. Пochтаға салып жібер, карағым. Менің қолымнан жан-жаққа жат жазғаннан басқа не келсін. — Сол қолын тіреу етіп, басын көтерді. Асылхан қолтығынан демеп, арқасына жастық қойды. — Келін қалай екен?

— Әлі бір ай жататын көрінеді.

— Аяғанның түрмеге түскенін келінге айтып қоймаңдар.

— Мәскеуге іссапарға кетті делік.

— Е-е,— деді шал әнтек жымыып. — Ол сендердің сөздеріңе сенер ме екен.

— Үш баланы шал-кемпір ауылға алып кететін сияқты,— деп жігіт тосын әңгіменің шетін шығарды.

— Балаларды ма? — Профессордың қабағы қыртыстанып, езуіндегі күлкі табы зым-зия жоғалды. — Әсем ауруханадан шыққанша балалар осында бола тұрса қайтер ед. Балаларын көріп тұрса көңілі алаңдамайтын еді ғой. Неге асықты екен? — Әттеген-ай, ә!

— Аяғанның жағдайын әке-шешесі естісе шала бүлінетін болды,— деп Асылхан қынжыла бас шайқады.

— Олар қашан келеді екен?

— Бүгін деп естідім.

— Осында түссін. Шалмен өзім сөйлесіп көрейін. Ауылдың қарияларын білемін ғой. Балаң үкіметке қарсы сөз айтты десе болды, байыбына бармай жатып бәрінен түңіліп, безіп шыға келді,— деп езу тартты Алдекен. — Сталиннің заманын көрген, ептеп басына таяқ тиген адам болса қауіпсіздік комитетінің атын естігенде-ақ талып жығылар. О-о, біздің заманымызда НКВД деген жаналғышпен бірдей еді ғой, қарағым.

— Ата, тамақ дайын болды,— деді Хадиша жұмсақ үнмен, шалға ізет жасап, сүйкімді жымыды.

— О-й-н-о-лайын! — деп шал емірене дауыстады. — Хадишам келіп, көзім ашылды. Осы қызым болмағанда бұл уақытта аталарыңның Көктөбеннің қай пұшпағында жатарын кім білсін. Әлде

Көктөбеден орын тимей Боралдай жаққа жылжып кетер ме еді.

— Сіз жүз жасайсыз, аға!— Асылхан жігерлене сөйледі. — Аяғанды арашалап алу сіздің ғана қолыңыздан келеді. Сондықтан сізге босансуға болмайды.

— Әй-й, шырағым-ай! Біздің әрекет құр далбаса болып шыға ма деп қорқамын,— деді шал шаршаңқы дауыспен. — Қарап жатып өлмек жоқ. Жаға жыртыспасақ та жан сақтау үшін жанталасамыз. Көмектесіп жібер, шырағым.

Жігіт оны қолтығынан демеп тұрғызды да, сүйемелдеп ас ішетін бөлмеге алып келді. Хадиша әзірлеген тамақты алдарына ала бергені сол еді телефон шырылдап қоя берді. Трубканы Ақбота көтерген.

— Алло, сізге кім керек? Қуат! Мұнда ондай адам тұрмайды.

Шалдың есімін құлағы шалып қалған Асылхан орнына атып тұрып, дәлізге жүгірді.

— Ол деген Аяған ағаның әкесі емес пе. Қап! — деп санын сарт еткізіп салып қалды. Ақбота абыржып, әп-сәтте жүзі қызарып шыға келді.

— Жә, таусылма! — деп дауыстады Алдияр Ақпанұлы. — Біраздан кейін қайтадан телефон шалар.

Профессордың айтқаны келді, олар тамактанып болған кезде телефон шырылдады. Трубканы Асылхан көтерді.

— Әлеу бұл қайдан? — деді аржақтағы дауыс.

— Профессор Алдияр Ақпанұлының үйіне түстіңіз.

Аржақтағы адам тым-тырыс, әрі-бері өткен машиналардың даусы естіледі.

— Алло, алло!..

— Әлеу, пірәпесір, ассалаймағалейкүм! Бала-шаға, мал-жан аман-есен бе? Мен ауылдан келдім. Әлеу-әлеу!..

— Иә, иә қария..

— Менің немерелерім қайда?

— Ата, ассалаймағалейкөм! Қай жерде тұрсыз?

— Көшеде,— деді шал. — Әй, бұл кім өзі?

— Асылхан деген балаңызбын. Қай көшеде тұрсыз?

— Алматының көшесі. Төрт қабатты үйдің жанында.

— Көшенің аты қандай?

— Әй, өзін қызық екенсің. Мен қайдан білейін, ауылдан келдім,— деп шамданды шал. Не істерін білмей, не дерін білмей жігіттің дымы құрыды.

— Қай жерде тұрғанын білмейді,— деді трубканы алақанымен жауып тұрып. — Ата, жаныңыздан өтіп бара жатқан адам болса шақырыңызшы.

– Әй, тауарыш! – деген дауысы естілді шалдың. Жігіттің езуінде күлкі үйірілді. Шауып келіп, жанында тұрған балаларға көзін қысты.

– Аталарыңмен сөйлесесіңдер қазір.

– Алло, тындап тұрмын, – деді трубканы алған адам.

– Кешірініз! Біздің шал қай жерде тұрғанын түсіндіріп айта алмады. Мүмкін болса сіз айтып жіберсеңіз, – деп қиылды жігіт. Шалдың қай жерде тұрғанын дәл біліп, Қуат қариямен сөйлесті. – Қазір немерелеріңізбен сөйлесесіз. Біз барғанша тапжылмаңыз.

Трубканы Олжасқа ұстата салды да, асығыс киініп, Елжасты жетелеп, шыға жөнелді. Такси де оңай табылды. Жанына келіп, тоқтай қалған машинаға шал мүлде мән бермеді. Екі иығы селкілдеп жылап тұрған секілді.

– Ботам... Қоңыр қозым!.. Қазір барамын, – дейді егіліп.

– Ата! – деп дауыстады машинадан секіріп шыққан Елжас. Екі иығы селкілдеп жылап тұрған шал жалт бұрылды. Жүзі сора-сора, әбден жылаған. Немересін көріп, құшағын жая ұмтылды.

– Құлын-е-м!..

– А-а-т-а-а!..

Ата мен немеренің құшағы айқаса кетті.

Асылхан салбыраған трубканы көтеріп, құлағына тосты. Бибі сөйлеп тұр.

– Ата, сен маған не әкелдің? Көп-көп балмұздақ жегім келді...

Ата мен немеренің құшағы жуықарада жазылмайтын сияқты.

Шал немересінің әр-әр жерінен сүйіп, иіскелеп, мауқын баса алмай жатыр. Екі көзі мейімдеген жас.

– Ата, машина тосып қалды, жүрейік.

Қуат ақсақалдың үлкен алақоржынын машинаның жүк салғышына орналастырып, шалды қолтықтап артқы орындыққа жайғастырды. Жол бойы мандайшадағы айнадан шалға қарады да отырды.

Қарияның көз жасы үйге жеткенше тиылмады. Немересінің сүймеген жерін қалдырмады. Атасын Елжас та сағынып қалыпты, шалдың мойнынан қапсыра құшақтап, қуаныштан жадырап күледі. Үндемей томаға-тұйық жүретін баланың көзіндегі мұнды көріп, Асылханның жүрегі ауыратын. Елжастың шаттыққа толы жанарында сол мұңның ізі қалмапты.

Қорбандап табалдырықтан аттаған қара шалды Олжас аталап келіп бас салды. Ағасы не істесе соны қайталайтын Бибі аталап оның сонынан тұра жүгірген, басында тұмағы, үстінде қара тоны бар қаба сақал бейтаныс шалды көріп, қалт тоқтады, бажайлап

карады, сонан соң бакырып кейін кашты. Куат қария пысынап терлеп кеткеніне қарамай немересін көтеріп алып, бауырына басқан күйі көзінен мөлт-мөлт шыққан жасын сүртпестен ұзақ тұрды. Шалға қарап тұра беруге Хадиша мен Ақботаның жүздері шыдамай, көздеріне іркілген жасты саусақтарымен қағып түсіріп, теріс айналған.

– Аталарыңды бері алып келіндер, – деп дауыстады Алдияр қария.

– Ата, шешінінің, – деп бәйек болған Асылхан шалдың тонын іліп, тұмағын алды. Жуынатын бөлмеге кіргізіп, су ағызып берді. Жуынып шыққан Куат қарияны ас үйге бастап келді.

Өзіне қадала қарап қозғалмай стол басында отырған шашы таза ағарған, сары аурудан тұрғандай жүдеу шалды көріп, Куат қария ауылдың әдетіне бағып, қос қолымен кеудесін басып тұрып сөлем берді.

– Орнынан тұрмады, сол қолын берді деп сөге жамандамаңыз, қария, – деп күлімсіреді профессор сол қолын ұсынып жатып. – Осылай көріп болып қалдым.

– Алланың ісіне қайран бар ма? – деп күрсінді Куат қария.

– Алланың ісіне айып жоқ, адамның ісі болса ше?

– Е-е, жаратқан-ай! Адамның ажалы адамнан болып жатыр ғой.

– Алыс жолдан шаршап келген шығарсыз, шай ішіп, жан шақырып алыңыз, – деді профессор сол қолымен тәтті тоқашты Куат қарияның алдына қарай жылжытып. Сонан соң есіктен жылтындап қарап жүрген Бибіні өзіне шақырды. – Қызым, бері кел.

Кішкентай қыз жүгіріп келіп Алдекенді құшақтай алды. Немересінің бетінен сүйемек болып, қолапайсыздау қозғалып барып, Бибіні құшақтамақ еді, қыз қаба сақал шалдан қорқып, шырылдап профессордың құшағына тығылды.

– Қызым-ау, ол өзіңнің атаң ғой. Алыста, ауылдан келді.

– Ене, менің атам емес, – деп Алдекеннің мойнынан қапсыра құшақтап алған қыз.

– Ой, алтыным! Ой, жарығым! Атанды жатырқап қалыпсың ғой, өзің, – деп көзіне келіп қалған жасты жап-жалпақ алақанымен сүртті. Көңілшек шалдың мына қылығы Хадиша мен Ақботаның көздеріне жас үйірді.

– Оу, ұмытып кетіппін ғой. Қоржын қайда, қызым? – деп қорбаңдап коридорға шығып кетті. Үлкен ала қоржынды мықшындап әрең көтеріп кіргізді де аузын шешті. – Әжелерің сендерге құрт, май, ірімшік беріп жіберіпті. Алындар, боталарым, жеңдер...

– Атана бетіннен сүйгіз,— деді профессор қыздың құлағына сыбырлап. — Қарашы өне, саған құрт, ірімшік алып келіпті.

– Біл-ак лет сүй,— деді қыз, Қуат қарияның алдына келіп, бетін госты. — Сақалыңды былай талтшы...

Шал немересін бауырына басып, көңілі босап, көзін жұмып алып, біраз уақыт үнсіз қалды. Көзін ашып алып, қайта жұмды. Екі көзінен ыршып шыққан қос тамшы мөлтілдеп сәл тұрды да, тамып түсті. Құрт пен ірімшіктен құр қаламын деді ме, қыз тыпырлай бастады. Қария немересінің мандайынан иіскеді.

– “Бармасан келмесен жат боласың” деген осы,— деп күрсінді шал. Сонан соң Хадишаның қаймақ қатқан қызыл күрең шайын сораптауға кірісті. Демнің арасында пора-пора болып терледі. Көлдей орамалымен терін құрғатты.

– Жарықтық үнді шайының бір қасиеті бар.

– Шайдың қадырын өзіңіз сияқты кемпірі бар қариялар білер. Мен секілді жетім шалға бәрібір,— деп жымыды Алдекен.

– Шырағым,— деді шал шай құйып отырған Хадишаға. — Қоржынның екінші басында келіннің, балалардың сыбағасы бар еді. Кәләделниктеріне салып қойшы.

Шай ішіліп болғаннан кейін профессор Асылханның көмегімен өз бөлмесіне жетіп, төсегіне жайғасты.

– Қарияға төрге көрпе төсеп, шынтағына жастық тастандар, балалар.

Оның аузынан шыққанды қалт еткізбей орындайтын Хадиша алдымен кілем жайып, оның үстіне төр көрпе төсек, екі жастық тастады. Қыздың қимылын бағып тұрған Қуат қария ризалығын жасыра алмай Хадишаның мандайынан сүйді.

– Бақытты бол, айналайын,— деді еміреніп. Ол шығып кеткеннен кейін малдас құрып отырды. — Қызыңыз ба, келін бе?

Алдияр бас шайқады.

– Бұл бір ұзақ әңгіме.

Бөлмеге үш бала кірді. Екі ұл Қуат қарияны құшақтап, қыз профессордың алдына отырды. Барлығы мәз. Томаға тұйықтау болып жүретін Елжас мүлде өзгерген, бұрын үлкен адамдардай өзін соншалықты салмақты ұстауға тырысатын бала атасы келгелі бері таркылдап күліп, бір бөлмеден екіншісіне жүгіріп, інісімен алысып, әбден тайрандады...

– Менің атамның сақалы жоқ,— деп Бибі профессордың мойнынан құшақтады. — Сендейдің аталайынның сақалы мынандай...

– Біз саған құрт, ірімшік бермейміз. Өзіміз жейміз,— деп сес көрсетті Елжас. Кішкентай Бибіге бар шындықты айтып салуға

батылы бармай, екінші жағынан Алдияр атасын аяп, әжептәуір қиналды. “Қуат атам Бибіге ренжіп қалатын болды-ау” деп ойлап, қабағы түсіп кетті.

– Бибі, Қуат ата бәріміздікі,— деді Елжас қабағы тұнжырай қалған профессорға жаскана қарап. — Алдияр ата да бәріміздікі...

– Иә, саған!.. Алдиал ата менікі. Ешкімге беймеймін.

Атасының мойнынан құшақтап алған. Профессордың жүрегі елжіреді. Кішкентай қызды әр-әр жерінен шөпілдетіп сүйді. Есіктен Хадишаның басы көрінді.

– Кешіріңіздер, деді ол қысыла күлімсіреп. — Елжас, сабағына дайындал. Олжас, Бибі, жүріңдер, далаға шығамыз.

– У-у-р-а-а! — деп Олжас орнынан атып тұрды.

– У-у-л-а! — деп Бибі де жерге секіріп түсті.

Екі шалды онаша қалдырып, барлығы жөніне кетті.

Екеуінің әңгімесі олар қайтып оралғанда енді-енді қыза бастаған. Алдиярдың іші әбден толып қалған екен, әке-шешесін ақтың әскерлері киіз үйге қамап, өртеп жібергенінен бастап әңгімеледі. Үлкен дәрежеге бейнетпен жеткен Алдекеңнің азапка толы өмірі туралы әңгімені Қуат қария малдас құрып, тапжылмай отырып тындады. Бір кісідей қиындық көрдім деп ойлаушы еді. Профессордың өмірімен салыстырғанда мүнікі ауызға алуға да тұрмайды екен. Ол жетім қалып, телім-телімі шығып, көрінгеннің есігінде жүрген жоқ, анасы ертеректе қайтыс болғанмен әкесін беріде өз қолымен жерледі. Жұрттың баласы ашығып, тышқан аулап жан сақтап немесе талғажу етер дән таппай ісіп-кеуіп, қырылып жатқанда шаруақор әкенің арқасында тірі қалды. Марқұм әкесі шаруаға мығым, еті тірі адам еді. Осынау ұлан-байтақ даланы аштық жайлап, қалын жұрт таңдайға салар бір түйір дән таппай босып кеткенде Сағынтай қарасуға қармақ салып, бала-шағасын балықпен асырады. “Ой-бай, жылан жемейміз” деп кесірленген кейбіреу бала-шағасының обалына қалды. Қарасудың балығы қыста да азық болған. Жұрттын “жылан” деп жүргені патша балық екен. Патша балықты айтып тамсанып, аузының суы құритын талай адамды кездестірді осы өмірінде. Қалың елдің қабырғасын қайыстырған қаралы жылдар Сағынтайдың үйін айналып өтті. Одан кейінгі бүкіл халықтың басына туған ауыр күндерде Қуат ел қатарлы қолына қару алып, Отанын қорғауға қатысты. Құдайдың құзыры жауып, аман-есен қайтып оралды. Үлкен ерлік жасап, аты аңызға айналған жоқ. бастың амандығын ойлап, жан сауғалап, бұғып та қалмады, белуардан су кешіп, ақ қар, көк мұзда апталап, айлап жататын кездері болған.

“Көппен көрген ұлы той” демекші, Ұлы Отан соғысында көрген қиямет, қиыншылықтар барлық халыққа ортақ болғандықтан қария басынан өткендерін әңгімелеп, кеуде қағуды ерсі көрді. Кейбіреулер секілді соғысқа қатысқанын бұлдап, орден-медальдарын сылдырлатып, темтендеп есік тоздырып жүретін әдеті жоқ. “Көп қатарлы елімді, Отанымды қорғадым” дейді сұраған адамға. “Ақсақал-ау, өзіңіз майдангерсіз, ордендеріңіз бар, неге жеңілдікті пайдаланбайсыз” дейді білетіндер сыр тартып. “Е-е, шырағым-ай, өзіміз екі баспыз, тарығатындай не зауал туды дейсін. Тәубе деп қойсаң бәрі орнына келеді” дейді қария.

Аса діндар болмағанмен ептеген молдашылығы бар, аузынан тәубасы түспейді. “Жалғыз ұлдың абыройы көтеріліп жүрсе осының аркасы” деп ойлайды. Тәубашылдығының аркасында жаманшылық көрген жоқ. Соғыстан келгеннен кейін колхоздың жұмысын істеді, күн деген жоқ, түн деген жоқ. Адал еңбегі абырой әперді, үкімет пен партия еңбегін бағалап, кеудесіне екі рет орден қадады. Айналайын үкіметі мен партиясынан көрген жақсылықтары аз емес қой. Жасы келгеннен кейін құрметті демалысқа шығарып салды. Алатын пенсиясы кемпірі екеуіне кен молынан жетеді. Сол пенсиядан жырымдап жүріп жинаған ақшасы бар. Құдайға шүкір, көп қатарлы өмір сүріп жатыр.

– Е-е, тәуба! – деп Қуат қария бетін сипады. Бөлмеге имене басып, Хадиша кірді. Ежелгі дағдысымен екі шалға кезек-кезек жаутандай қарап, жылы жымыды.

– Ата, сізге төсек салып қойдым.

– Қызым, атаңа төсекті осы үйге сала ғой. Әңгімелесіп жатайық, – деді Алдияр, “дұрыс айттым ба” дегендей сұраулы жүзбен Қуатқа қарады.

– Иә, ұйқы шіркін келе қоймас.

Түзге отырып келіп, шамды өшіріп жатқан соң екі шалдың әңгімесі әрі қарай жалғасты. Өзінің өміртарихын айтып болып, Аяғанның жағдайына ауысқан кезде Қуат қария басын көтеріп отырды. Біраздан кейін көңілі босап, іштей егілді. Жалғыз ұлдың жағдайы қабырғасына батып, ішін ит тырнағандай киналды. Профессор оның егіліп отырғанын көрмесе де іштей сезді. Шалдың көңілін жұбату үшін өзінің Ай бағып қарап жатпағанын, жос-жарандарының оны құтқарып алуға кіріскенін тілге тиек етті. Қуат қарияның үміт шырағы тұтанғанмен құлазыған көңілі қалпына келе қоймады. Ол сарғайып таң атқанша дөнбекшіп, кірпік ілмеді. “Жалғызыма жанашыр бола гөр” деп жаратқанға жалбарынды. Болар-болмасқа босап, бордай

тозбайтын діні қатты шал бүгінгі қылықтарын – немерелерін көргенде шыдай алмай көзіне жас үйірілгенін, жалғыздың жағдайын ойлап қиналып, егілгенін есіне түсіріп, қартайғанын, білегінен күш кетіп, басынан бақ тайғанын түсінді. Жалғыз ұлын қорғай алмайтындығын, сөзінің ешкімге өтпесін іштей бағамдады. Өзінің бейшара қаліне, қартайғанда қадыры кетіп, жер болғанына күйінді. Өмір бойы торауылдап, жолын аңдып жүрген жамандықтың күні батар шағында, қуаты қашып, мүсәпірлік қалге жеткенде жағасына жармасқанын жаман ырымға балап, іштей тіксінді. Есіне әкесінің қайталап айта беретін сөзі түсті. “Құдай, бар болсаң мені бала-шағамның жамандығын көрсетпей ал” деп зарлап отырушы еді марқұм. Әкесінің тілегі құдайдың құлағына шалынды ма, көзі жұмылғанша жаманшылық көрмеді. Ауруға шалдығып, жаны қиналып, басқаларды да қинап, сарыжамбас болып жатып алған жоқ. Тік жүріп өтті дүниеден.

“Жағың түспей жамандық көрме” деуші еді әкесі бата бергенде. Жүріп-жүріп жасы жетпіске келгенде тағдыр кәрі иттігін жасап, мойнына құрдым іліп қорламақ па? Айқайлап айтпағанмен жалғыз ұлын мақтан тұтып, іштей марқайып, көңілі тоқ жүруші еді. Енді қалай қарайды ел-жұрттың бетіне?

– Ой, алла-ай! – деп көкірегі қарс айырылардай терен күрсінді.

17

Аяған жеңілгенін мойындағаннан басқа амалының қалмағанын түсінді. Өзіне тағылған айыптарды мойындамай, біраз күн қасарыса қарсыласып, әртүрлі сылтау ойлап тапты, бұлай бұлтарды, былай қашты, бірақ құтыла алмады. Ақыры өзі шаршады. Әдепкіде “тергеуші шаршап, жалығып қоятын шығар” деп алдамшы қиялдың жетегінде ерген. Кейін түсінді, тергеудегі адам жалтарып қашқан сайын тергеуші атаулы жанығып, індете қуалайды екен. Соңына бір емес, бірнешеуі түссе қашып құтылу мүмкін бе, сірә?! Тергеуді бастаған басқа еді, оның орнын Максұт басты. Күні кеше ғылымдағы сапарларын қатар бастаған, бірақ жолы болмай барлығына өкпелеп кеткен Максұттың ниеті белгілі. Соны біліп, Аяған баз кешті. Заңның тілін, қамаудағы өмірдің қулық-сұмдығын, құйтырқысын білмейтін, қамсыз жүріп қапыда қолға түскен жігіт шарасыздығын біржола мойындағандай еді. Максұт мән-мағынасыз сұрақтың астына алып, бастырмалатқан кезде суық жымыып, үндемей отырады. Жеңілмеудің, қарсыласының алдында рухын түсірмеудің бір жолы осы екенін түсінген. Мұндай сәтте айдарынан жел есіп,

ыскырығы жер жарып, құдаймен қатар жүргендей пансынған тергеуші бейшара ашудан жарылып кете жаздайды. Орнынан атып тұрады, оның ниетін танып, Аяған да қорғанысқа лайындалады. Анау бір күні қапыда таяк жеп қалғалы бері аса сақ. Ашудан аласұрған Максұт су шашыраған темір пештей быж-быж етіп басылады, сонан кейін “шаруасына” кіреседі.

Бүгін де міне, ескі таныстар тіл табыса алмай бірін-бірі қинасып, қиналып отыр. Тергеуші ашулы, үп-ұзын қасы көзін жауып қалған, талағы тарс айырылып кетердей болып түксиіп отыр.

– Максұтжан, сен кырық үш жыл кеш туғансын. Қазір бар болғаны капитан шығарсын. Егер отыз жетіде НКВД-да істесен отызға толмай-ақ полковник болар ең,— деді Аяған езу тартып. Тергеушінің кою қасы жоғары жылжып, қанталаған екі көзі жігіттің өнменіне қадалды. — Мен капитандармен сөйлесуге намыстанамын.

– Сенің тіліңді табатындар көп мұнда. Күні-түні сайрайтын боласын әлі.

– Максұтжан, сен институтта жүре бергенде бұл уақытқа дейін ішкіш болып кетер едің.

– Мен сен сияқты анти болмас едім,— деді ол табалай күліп. Тауып айттым деп ойлады. Ол күткендей Аяған тосылып қалған жоқ, жауапты тез қайырды.

– Мемлекеттің атына кір келтіріп отырған мен емес, мына сенсің. Сен Лаврентий Павлович Берия жолдастың тәсілін мықтап меңгеріпсің. Қызмет бабын пайдаланып, өзіне ұнамайтын адамдарға жамандық жасауға маманданып алыпсың. Сен мемлекеттің алмас қылышымен өз бақталастарының басын шауып тастаймын дейсің. Кеңес қоғамы дүниедегі ең әділ, гуманистік қоғам. Партия осылай дейді. Ал сенің ісін, ойын, тірлігінің мазмұны гуманистік қоғамның мақсат-мүддесіне сай келмейді. Максұтжан.

Тергеушінің қасы қайтадан төмен жылжып түсті, қалың ерні дүрдііп, сұрапыл ызадан тісін қайрап, екі жұдырығын тас қылып жұмып алды. Жүзінде өз күшіне сенгендей нығыздық бар. “Сөйлеп қал. Бәрібір басыңды қағып тастаймын” деген сүс бар көзінде.

– Қауіпсіздік комитетін сен әлі жазалаушы орган деп ойлайсың. Сондықтан тым қатыгезсің. Максұтжан,— деп дауысын өзгертіп, профессор Алдияр Ақпанұлының мақамына салды. Ол кісі ұнатпаған адамының атына “жан” деген сөзді қосып, дауысын әндете созып сөйлейтін. Максұт ол кісіні өте жек

көреді, атарға оғы жоқ. Мына орындықта өзі емес, Алдекен отырса түксік қабақ тергеушінің оған қол жұмсарын, ойына келген қиянаттың бәрін жасарына Аяғанның иманы кәміл.

— Біз мемлекетімізге жаулық ойлайтын сволочтарға жылы қарай алмаймыз. Ондай сүмелектерге кешірім жоқ,— деп тергеуші орнынан тұрды. — Бос әңгімені доғар, сұрақтарға жауап бер.

— Сенің сұрақтарына жауап беруге менің өрем жетпейді. Сен өтс қиын сұрақтар береді екенсің,— деп жымыды жігіт. — Менде бір мысқал кінә жоқ.

— Біздің қолымызда бұлтартпас деректер бар. Сенің басыңды жалмауға солар толық негіз бола алады, мырза,— деп, орындыкқа шалқалай жатып, кеңк-кеңк күлді.

— Сендейлер отырған жер иістеніп, ластанып бітеді-ау өттен. Нағыз азаматтар келіп, әділдік орнатқанша сендер бәрін бүлдіріп боларсындар, мыр-р-за...

— Тіліңді тартып сөйле! Мен коммунистпін,— деп тергеуші орнынан атып тұрды. Аяған оны мазақтағандай мырс-мырс күлді.

— Берия көкен де коммунист болған.

Орнына енді жайғасқан тергеуші селк етіп, басын шалт көтеріп алды да, жігітке түксие қарады, сонан соң қағазына әлденені асығыс жазып алды.

— Демек коммунистерге сенбейсің ғой. Солай ма?

— Мен Берия көкен мен сен сияқты коммунистерге сенбеймін.

— Тарт тіліңді! — деді Максұт орнынан атып тұрып. Қалшылдап қатты ашуланды. Қолы қалтырап, темекі алып тұтатты.

Аяған одан жеңілмеудің әдісін енді тапқанына іштей қуанып, әнтек езу тартты.

Тергеуді мейлінше соза беру керек екен. Араға түсіп, арашалап алар адам табылып қалар, бәлкім. Профессор Алдияр Ақпанұлы мен студенттердің қарап жатпағанын іші сезеді. Мәскеуге жөнелткен хатынан да үмітті. Хаты үлкен жақтағы үлкен адамның қолына тиіп, тексеру келсе үстіне су тигізбей құтылып кетеріне сенімді. Максұттың ойы белгілі, тергеуді тез аяқтап, істі сотқа беруге тырысады. Одан ешқашан аяушылық күтпейді. Оның ескіде кеткен есесін ұмыта алмай жүргені анық. Өле-өлгенше ұмытпайды.

Оқу бітірген жылы екеуі бір орынға таласып, профессор Алдияр Ақпанұлының демеуімен Аяған өткен. Екінші рет оның алдын тағы да орап кетті. Айдарынан жел есіп, мерейі үстем болды, Максұт көленкеде қалып қойды. Жастары қатар екі жігіттің арасындағы кикілжің асқынып, өртке айналды. Қатар жүріп бірін-бірі мұқатуға, білдірмей жамандауға тырысты.

Мұндай тәсілге жеңілген адам әуес. Оны соншалық ұнатпай тұрса да Аяған жасырынып жаманшылық жасауға арланатын. Оған деген ойын, ниетін, көзқарасын жалтақтамай, жасқанбай ашық айтып жүрді. Максұттың ғылымға адасып келгенін іші сезетін.

— Сен партия, кеңес жұмысына барсан жолың болар еді,— дейтін Аяған оған. Максұт ләм демейтін, қасы көзін жауып, түнеріп отырып қалатын.

Екеуінің арасы әртүрлі себептерге байланысты ашылып, алыстай берді. Максұттың кандидаттық еңбегін талқылайтын ғылыми кеңестен кейін кетісіп тынды. Әңгімені профессор Алдияр Ақпанұлы бастап, бұл еңбектің тарих ғылымына бір мысқал пайда бермесін, авторлық концепцияның терістігін, зияндылығын дәлелдей сөйлеген.

— Тарих ғылымы өзгермелі уақыттың, жалап саясаттың жетегіне кетуге тиіс емес. Максұттың еңбегі өз халқының өткеніне жабылған жала. Халыққа топырақ шашуға болмайды,— деп Алдекен қызына сөйлеген. Көзі ашық, намысы бар ғалымдар Алдекеннің ізімен кеткен. Сол топтың бел ортасында Аяған да бар еді...

— Шетел радиосы не жаңалық айтады? Біз де біле отырайық.

— Мысалы, — деді Аяған оның ниетін түсіне алмай қалып.

— Мысалы, “Голос Америки”, “Азат Еуропа”, “Би-би-си”, “Азаттық”...

— Олар үнемі сен туралы айтып жатады.

Тергеуші селк етіп, басын шалт көтеріп алды. Аяғанның езуіндегі жымысқы күлкіні көріп, жаңағы сөздің кекесін екенін түсінді.

— Демек мойындайсың ғой...

— Өсек-аян, өтірік информациялардың ықпалымен көзқарасым, пікірім оп-онай өзгере салатын сен сияқты шаласауатты емеспін, Максұтжан,— деп езу тартты жігіт. — Мен университетті қызыл дипломмен бітіргенмін. Ғылым кандидатымын.

Тағы да оның жанды жеріне дөп тиді. Максұттың екі беті ботпиып, қалың ерні дүрдиіп, жағынан бұлшық еті бұлт-бұлт ойнай бастады.

— Сен саяси тұтқынсың, — деді ол тістеніп. — Вайдманмен байланысыңның барын білеміз.

— Кім? Вайдман?

— Бұлталақтама! Бәрібір құтыла алмайсың,— деп суық жымиды тергеуші. — Сенің ол сыбайласың қазір Израильде шалқып жүрген көрінеді.

— Ұлты еврей болса атамекеніне барып, қуанып жүр екен ғой бейшара.

– Сонымен тергеу жұмысын аяқтадым деп есептеймін. Саған тағылар айыптар мыналар. Танысып шығуына болады.

Тергеуші қара папкасынан үш бет қағаз алып, оның алдына тастады. Аяған әлгі қағазға мүлде көз салған жоқ, тергеушіге карап, әнтек езу тартты. Сонан соң қағазды как айырып Максұттың алдына жылжытты.

– Ақымақ! – деді тергеуші тістеніп. Сонан соң орнынан тұрып барып есік ашты, бөлмеге екі жігіт кірді.

Мына қағазды қалтаңа салып ал, менен ескерткіш болсын, – деп күлді тергеуші. Сонан кейін папкасын қолтығына қысып, алшаң басып шығып кетті. Аяған столдың үстінде жатқан как бөлінген қағазды алар-алмасын білмей тосылып қалды. Максұттың қандай жала жапқанын білуі керек. Жыртылған қағазды қалтасына салып, екі жігіттің алдына түсті.

Камераға келгеннен кейін как бөлінген қағазды алдына жайып, оқуға кірісті. Алғашқы сөйлемінен бастап-ақ басына қан шапшып, жүрегін ыза кернеді. Максұттың жаппаған жаласы қалмапты, оның жазуы бойынша Аяған Қуатов Кеңес үкіметінің қанқұйлы жауы болып шыққан. Ол кішкентай кезінен бастап шетел радиосының хабарын тыңдайды екен, пиғылының жат, ниетінің теріс болып қалыптасуы содан көрінеді. Бір кезде Қазақстанда тұрған, кейіннен Америка, Израильге және басқа капиталистік мемлекеттерге өтіп кетіп, Кеңес үкіметіне қарсы өсек-аяң өрбітіп жүрген сүмелектермен дос болған деп соғыпты. Өлгілердің аты-жөнін бірінші рет көрген жігіт тергеушінің имансыздығына күйінді.

“Аяған Қуатовтың үйін тінтігенде мынандай заттар, кітаптар табылды” деп тізімін келтіріпті. Б.Пастернактың “Доктор Живагосын” кітап базарынан елу сомға сатып алған. Ол шығарма Кеңес үкіметінің беделіне нұқсан келтіреді деп есептемейді. Кілтипан кітаптың Парижде басылып шыққандығында. “Қайдан, кімнен алдың?” деп басын қатырар. Апыр-ау, сол кітапты кімнен алып еді? Мүлде есінде жоқ. Қара базарда ылғи кітап айырбастап немесе сатып жүретіндерді түгел біледі. Ал сол кітапты басқа біреуден сатып алғаны есінде. Ол кім? Есінде жоқ.

Брежневтің карикатурасын таптық дейді. Мүлде есінде жоқ. Қолынан сурет салу келмейді, тіпті әуестігі де жоқ. Олардың тапқаны Елжастың шимайы шығар, сірә. Ол өз бетінше сурет салып, газет-журналдарға басылған адамдардың портреттеріне сақал-мұрт жасап, тағы да сол сияқты бірнәрселерді ойлап тауып, шимайлап жүретін.

Солженицынның “Раковый корпус” романының ротопринкте

басылған нұскасын оқып шығу үшін профессор Алдияр Ақпанұлынан алған. “Қайдан, кімнен алдың?” деген сұрақтың қойылары анық. Бұл да бір айып.

Ермак Тимофеевич туралы айтқандары рас. Үйдей ескерткіш орнатып, есімін калаға беретіндей ол кім сонша? Кеңес мемлекеті үшін күресіп, қыршынынан қиылған ердің ері ме, жоқ әлде, қоғам қайраткері ме? Бұл бір Аяған Қуатовтың пікірі ме? Жок, халықтың ойы. Атақты жазушы Әнуар Әлімжановтың үлкен жиында Ермак туралы айтқанын өз құлағымен естіген. Сол жазушыны көлденең тартар, бірақ кадалған жерінен қан алғалы отырғандардың беті бері бұрылар ма? Сонда қайтпек керек? Олар бәрібір аямайды екен деп жеңілгенін мойындап, алдаспанға мойнын тоспақ па? Жок! Кеудесінен шыбын жаны шырылдап шығып кеткенше арпалысады. Аяғанның өмірі өзіне ғана арналмаған. Оның сонына ерген үш ботасы бар. Солар үшін өмір сүруге тиіс.

Өзіне тағылған тағы бір айып Ауған соғысына байланысты екен. “Ауғанстандағы соғысқа қарсы үгіт-насихат жұмыстарын жүргізген, үкімет басшыларының атына ауыр-ауыр сөздер айтқан” деген сияқты кінәлауларды жекелеген мысалдармен дәлелдеп, уақытын, күнін көрсетіп, тізіп жазыпты. Осы деректерді растайтын адамдардың аты-жөні көрсетілген. Таң қалғаны – тізімде Жақия жоқ. Алмастың аты-жөнін көріп, Аяған шалқасынан түсе жаздады. “Мүмкін емес” деді. Шәкіртінін ондай қарамдыққа баратындығына мүлде сенген жоқ. Фамилиялары көрсетілген адамдардың барлығы бірдей жау емес, олар тіпті білмеуі де мүмкін. Бәлкім, өкпелілер бар шығар. Өкпе-реніш жаулыққа айналады дегенге ешқашан сенбейді. Ендеше Ауғанстандағы соғысқа байланысты тағылған кінәларды мойындамайды. Олардың дәлелі дәрменсіз. Куәлікке студенттерді шақырар, олар қорғап шығуға тиіс. Ал ұнпарақ таратпағаны анық. Мұны ешкім де мойнына қойып бере алмайды. Бұл Максұттың ойлап тауып жүргені.

Ал егер Ауғанстандағы соғысты айыптап сөйлесе ше? Бұл соғыстың қате болғанын өмір көрсетті. Балы тамған жас қамыстай талай боздақ қыршынынан қиылды. Өз інісі бақи дүниеге аттанып, бейнесі елеске айналды. Ауған соғысы тағы қанша қыршынның басын жалмары бір құдайға аян. Олар кім үшін, не үшін қан төгіп жатыр? Кімді кімнен қорғауда?

Осының барлығын ашып айтса ақылы кем адамдар неге түсінбейді? Түсінеді. Ауған соғысының әділетсіздігін айтып, көп болып Мәскеуге, Брежневтің өзіне хат жазса, талай боздақтың

торғайға айналары, кеудесінен пыр етіп ұшып кеткелі тұрған шыбын жанын сактап қалмай ма!? Ха-ха!.. Тапқан екен хат жазатын адамды. Тапқан екен қалжыңдасатын кісіні...

Отыздың бесеуіне келсе де әлі күнге бала сияқты ойлап, баланың ісін істемекке ұмтылатын шикілігіне ренжіп, көңілі сөгілді. Аяқ астынан “данышпан бола қалатыны бар. Жалғыз өзі ақылды да, басқалардың барлығы ақымақ екен. Ақылы асып бара жатса өгей баланың күйін кешіп жүрген Қазақстан тарихын жарылқап алмай ма?! Басқа түгіл өз пәнінің шекесін қыздырып, көсегесін көгерте алмай жүріп мемлекеттің сыртқы саясатында несі бар? Бұдан кім ақыл сұрапты? Кеңес үкіметінің әскері Ауғанстанға барып, басмашылармен соғысып жатса, институттың қатардағы мұғалімі Аяған Қуатов түгіл оны он орап алатын саясатшылар да түсіне бермейтін бір кілтипаны, бір жұмбағы бар шығар. Апыр-ау, жанын баға алмай жүріп мемлекеттің саясатында несі бар? Арзан абырой жинаймын деп жүріп орға құлады ақыры, міне. Аузын бағып, абайлап жүргендердің айдарынан жел еседі. Ал бұл ақылсыздығынан аранға құлады. Аранға... Енді міне, өткеніне өкініп, бармағын шайнап, қыңсылап жатысы мынау.

Не істеу керек? Максұтты кекеп, мұқатқаннан не ұтты? Араша түсер кім бар? Алдияр Ақпанұлы ма? Ол кісі тірі ме екен? (Аяғанның жүрегін үрей шағып алды.) Бейшара! Шындық үшін күресемін деп жүріп тапқан олжасы – денсаулығынан айырылды. Ұшан теңіз енбегі бар адамды ит талағандай етіп қорлап, лактырып тастай салды. Оның жанында Аяған Қуатов кім, тәйірі? Ешкім емес. Тіпті іздеушісі де жоқ. Саяқ!..

Санасы санға, ойы онға бөлініп, қаптаған қалың сұрақ жан-жағынан анталап, есін шығарды. Сол көп сұрақтың бірде біреуіне жауап таба алмай басы мөңгірді. Сырттағылар жағдайды естіп-біліп жатқан шығар. Ал мұның сыртқы дүниемен мүлде байланысы жоқ. Бала-шағасының жағдайын анау күні Міртемірден естіп білген. Әсем қалай екен? Жазылып шықты ма екен? Бұл туралы мүлде ештеңе біле алмай шаршады.

Түсіне әке-шешесі кірген болып жүр. Олар аман-есен бе екен?

Басын қақшаң еткізіп көтеріп алған улы жыландай бір жаман ой оқыстан соғып, есенгіретіп тастады. Талай күннен бері мекен болған камера соншалық тарылып кеткен сияқты, дем жетпегендей кеудесі қысылды. Орнынан атып тұрып, камераның ішінде торға түскен қасқырдай аласұрып, ерсілі-қарсылы жүре бастады.

Оқыстан шаққан жылан-ой тұнық көңілдің астан-кестенін

шығарды, зәлім жүрек бір сұмдықты сезгендей кеудесін жарып жібере жаздап тулайды.

“Апыр-ай, шал-кемпір аман-есен бе екен?..”

18

Ауыл адамының ұйқысы сергек. Түннің бір уағында жатса да құлқын сәриде оянып алады. Ұйқысы қанбаса да тұрады, өйткені бір үйдің бүкіл тіршілігі соның мойнында. Қаршадайынан шаруа баққан адам ешқандай жұмысы болмаса да таң атқаннан кейін аспанға қарап, тып-тыныш жата алмайды.

Ұйқысының шала болғанына карамастан Қуат қария құлқын сәриде тұрып киінді. Жуынып алып, таңғы намазға жығылды. Құс ұйқылы Алдияр оянып кетіп, Қуат қарияның кимылын андыды. Дәлізден түскен жарық арқылы бөлме алакөбеленіп тұр. Бетін қыбылаға беріп, күбірлеп отырған шалдың шошандаған сақалына қарады. Намазға жығылған шалды көрмегелі не заман. Бала кезінде намаз оқып отырған шалдардың жанына келіп, әлгілердің ісін қайталаушы еді. Бірақ кейін оқымысты болды да, бәрін ұмытты. Жасы ұлғайған сайын пенде баласы жаратқанға жақындай түседі деуші еді қариялар. Жаратқанға жақындаған шағында құран сүрелерін жатқа біліп, намаз оқып, пәни дүниедегі пенделікпен жіберген күнә атаулыдан тазарғанға не жетсін. Оқу, ғылым деп жүріп, өз халқының, ұлтының дәстүр, салтынан соншалық алыстап, өзінен өзі жат, бөгде бола бастағанын кейін-кейін ғана ұғынды.

Қуат қария намазын оқып болғанша Хадиша да тұрып, шай демдеп, төсек-орынды жинап, балаларды тұрғызып бақшаға дайындады. Ертерек кимылдамаса жұмысқа кешігеді, Олжас пен Бибіні Татарқадағы бақшаға жеткізіп, қаланың екінші шетіндегі жұмыс орнына үлгеріп баруы керек. Күн сайын осы, таң атпай тұрып, шай-суын асығыс ішіп, екі баланы сүйрелеп ала жөнеледі. Профессордың үйіне көшіп келгелі бері Елжасқа жақсы болды, мектепке өзі барады. Трамвайға отырса он екінші қазақ мектебінің жанына апарып тастайды. Сабақ аяқталған соң күн ұзаққа қалмай қайтып келеді, дайындалуға мүмкіндік бар. Алдекең баланың сабағына көмектеседі, әртүрлі әңгімелер айтып береді. Екеуі түскі тамақты бірге отырып ішеді. Балаға деген пейілі ерекше. Үш бала бірінен соң бірі келіп, “аталап” мойнына асылғанда өмірдің қиянат-құқайын көп көрген, немеренің зары өткен шеркөкірек шалдың жібіместей болып қатып қалған жүрегі елжіреп, езіліп кетеді.

Барлығы үнсіз отырып шай ішті. Олжас пен Бибінің ұйқысы

әлі ашыла қоймаған, әлсін-әлі есінеп, екеуі де ауыздарына бір үзім нан салған жоқ. Соны көріп, Қуат қарияның жаны дызықты.

– Шырақтарым-ау, аштан-аш қалай жүресіндер? Шай ішіп алындар,— деп екі немересіне нанға май жағып берді. Екі бала тығырынып, теріс айналды. — Бүйткен бақшасы бар болсын. Қарғадай баланы құлқын сәріден оятып, ұйқысын бұзып... Обалай!..

Балалар бақшасы алыста, ата. Ерте тұрмасак үлгере алмаймыз,— деп Хадиша ақтала бастады. Оған Қуат қария ең бір жақын адамындай мейіріммен қарады. Оның кім екенін түнде Алдиярдан естіп білген. Асылхан мен мына қыздың кісілігіне соншалық риза болып көңілі босаған. Ағайын адамдар бір-біріне жақсылықты қарызға жасап, есепке көшкен заманда нәмі қазақ демесе ешқандай жақындығы жоқ екеуінің жасаған адамгершілігі туралы естіп, көзіне жас үйірілген.

– Айналайын, бақытты бол! Жасаған жақсылығың мына балаларымнан қайтар. Бұлардан болмаса құдайдан қайтар.

– Ой, ата, біздің жақсылығымыз сатусыз,— деп қысыла күлімсіреген Хадиша есінеп отырған Бибіні құшақтап, бауырына тартты.

– Ұйқым келді,— деді қыз оның алдына қисайып.

– Ауылға алып кетемін. Ешкім оятпайды. Түске дейін ұйықтайсындар.

– Ата, ауылда ат бар ма? — деп елең ете түсті есінеп отырған Олжас.

– Бар, құлыным, әрқайсысыңның бір-бір тайың бар,— деді шал немересінің кекілін сипап.

– Мен ауылға кетемін, ата.

– Кетеміз, құлыным, кетеміз. Әсемді ауруханадан шығарып аламыз да, әптөбеске отырып, ауылға зымыраймыз.

– Е-һ-е! Біз өзіміздің атамыздың жанында қаламыз,— деді Бибі аузын бұртитып. Ұйқысы шайдай ашылып кеткен. Бірдене айта ма дегендей өз атасына — Алдиярға жаутаң-жаутаң қарайды.

– Ауылға біз де барамыз,— деді қыздың ниетін таныған профессор. — Менің қызыма да бір тайыңызды беріңіз, қария.

– Беремін, Алдеке, беремін!..

– Біз қозғалайық. Сағат жеті болып қалыпты. Бүгін кешігетін болдық,— деп Хадиша орнынан тұрды. Профессор қалтасынан он сомдық қызыл қағаз алып қызға ұсынды.

– Таксимен барындар.

– Ой, ата, қойыңызшы,— деп Хадиша шыр-пыр болып, қызарақтай бастады. — Кеше де беріп едіңіз ғой.

— Менің қызым автобуспен жүре алмайды. Ол таксимен барады бакшаға,— деп күлді профессор. — Солай ма, қызым?

— Иә,— деді Бибі бас шұлғып. — Біздің бакша деген ту-у-у алыста.

Он сомдықты қыздың қалтасына зорлағандай етіп салып берді. Алдекеннен қалмайын деді ме, жоқ әлде, мына балаларға өзінен жақын ешкімнің жоқтығын ойлады ма, Қуат қария қалтасынан жиырма бес сом шығарып, Халишаға ұсынды.

— Ал, шырағым, балалар жаяу жүрмесін. Жиған-тергенім осылардікі.

— Ур-р-а! Бакшаға таксимен барамыз! — деп қуана дауыстады Олжас сыртқа шығып бара жатып. — Ата, мен келгенше ауылға кетіп қалма, жарай ма?

— Сендерді тастап, ешқайда кетпеймін, құлыным.

Немерелері кеткен соң шал тықыршып, үйге сыймады. Ерте ерте келемін деген Асылхан кешікті, оны тоспай-ақ кете берейін десе жол білмейді. Біріне-бірі ұқсас үйлер мен көшелер. Аяған жатқан жерді күні бойы іздесе де таппасын түсініп, жіпсіз байланып отыр.

Алдияр Ақпанұлы шай ішіп болып, Қуат қарияның демеуімен столына жетті де, машинка басуға кіріскен. Мүгедек бейшараның мұнысы ауылдан келген қарияға түсініксіздеу болып көрінді, біржапырақ қағазға бірінен кейін бірі түсіп жатқан өріптерге қарап сәл тұрды да, кедергі жасамас үшін аяндап сыртқа шықты.

Үлкен көшемен өрі-бері ағылған машиналардың шуынан құлақ тұнады. Аспан бұлыңғыр. Қыс келгенмен жер кара. Ауылдан қалың киініп шыққан шал қаланың шетіне келгенде шаңы шығып жатқан кара жерді көріп, танырқап бас шайқаған. Бұл Алатаудың бөктеріндегі Қуат қарияның ауылында болмайтын құбылыс. Кейбір жылдары қардың кешігіп жауатыны бар, бірақ желтоқсан айына дейін жер ақ көрпесін жамылып үлгереді. Қазір ол өңір аппақ қардың астында жатыр. Ертелі-кеш сақылдаған сары аяз күшіне мінеді. Кей жылдары қар тым қалың түседі де, ұсак мал жайылымға шыға алмай қолға қарап қалады.

Шал үлкен жолдың бойымен біраз өрлеп барып, кері қайтты. Басына тұмақ, үстіне кара тон, аяғына пима киген каба сақал кара шалға жүргіншілер де, машинадағылар да үніліп келіп қарайды. Жүргіншілерге шал да тан. Барлығының үстінде жұқа, жеңіл киім. Көпшілігі жалаңбас. Әсіресе жалаңбас жүрген әйелдер көп. Шаштары кобырап, бүрсеңдеп кетіп бара жатқан әйелдерге бажайлай қарайды. Қыста үлбіреген капрон чулки киген қыздарға қарап, бас шайқайды.

“Әсем де өстіп жүріп ауырды-ау” деген бір күдік көңілінде кілкіп тұрып алды.

Қайтып оралса Асылхан күтіп отыр екен. Орнынан тұра салып, екі қолын алып жүгірді.

– Ассалаумағалейкө-өм!

– Уағалейкумассалам!

– Жұмысқа соғып, рұқсат алып жеткенім осы болды.

– Е-е, қайда асығамыз, балам. Жүреміз бе?

– Жүрейік.

– Мына хатты Аяғанға беріндер. – Алдияр машинкаға басылған бір бет қағазын конвертке салып, жігіттің қолына ұстатты. – Сыртына Қуатов деп жаз.

Атасының қайда баратынын білген Елжас та әкесіне хат жазып қойыпты. Сыртына әкесінің аты-жөні мен үйдің адресі жазылған конвертті атасының қолына ұстатты. Шал кемпірінің келіні мен жалғыз ұлға беріп жіберген сәлемдемесін алып, сыртқа беттеген Асылханның соңына ілесті.

Такси ұстап, Әсем жатқан ауруханаға келді. Атасын көріп, келіншек егіліп жылап қоя берді. Шалдың да көзі дымданып, жыпылықтай бастады. Екеуіне кедергі жасамас үшін жігіт сыртқа шығып кетті.

– Қалайсын, тәуірмісін, шырағым?

– Жаксы болайын дедім, ата, – деп келіншек көз жасын сығып-сығып алды. – Құдайға не жазғанымызды білмеймін тегі... – Біреу естіп қоймады ма дегендей жан-жағына жасқана жалтандады. Терең күрсінді. – Мені қойыңызшы. Аяғанға істегендерін көрмейсіз бе!? Әдейі ұйымдастырған. Көре алмайды. Аяғанды өзіңіз білесіз ғой, ол ешқашан қараулық жасамайды. Кенес үкіметінің ризығын көріп отырып оған қастық ойлайтындай Аяған есінен адасқан жоқ. Сенбеніз, ата, жұрттың сөзіне. Ұлыңыздың жаны таза. Жұрттың бәрі Аяғандай болса жер бетінен жаманшылық әлдеқашан жоғалар еді.

Әсемнің іші толып қалған екен, ең жақын адамына барын ақтарып айтып салды. Ауруынан ада-гүде арыла қоймаған әлсіз келіншек демнің арасында алқынып, сөйлей алмай демікті.

– Жә, шырағым, жә, – деді шал келінінің танауы қусырылып, түсі қашып кеткенін байқап. – Өзінді өзің қолға ал. Айналайын үкімет кінәсі жоқ адамға қиянат жасамайды. Аяғанымның арты шаңсыз, алды даусыз. Анаңның көрі жанғыр, ішіне пышак айналмайтын бір тасмандай қысастық қылған шығар.

Шал келініне қарады, аз ғана уақытта жүдеп, сылынып түсіпті, көзі шүңірейіп ішіне кіріп кеткен, жағы суалған, тіпті

саусақтарының еті де калмапты. Қу сүйегі қалыпты бейшараның. Өз дертіне Аяғанның басына түскен ауыртпашылық қосылған соң жүдемей тұрсын ба.

— Аяғанның адалдығына сен қалай сенсең мен де солай сенемін, шырағым. Баратын жеріме барамын. Жалғызым үшін жаным құрбан.

Атасының сөзінен кейін Әсемнің жүзіне қан жүгірді, езуіне болар-болмас қана күлкі жұқты. Шалдың қолындағы дорбаны алып, аузын шешті.

— Асыл апам-ай! — деді келіншек екі көзі жасқа толып. — Сондай сағындым ол кісіні. Осыдан жазылып шықсам, алды-артыма қарамай апатайымның жанына барамын.

— Барлығыңды алып кетемін. Саған да Аяғанға да қызмет табылады. Ол сияқты кәндидат нәуқ шашылып жолда жатқан жоқ,— деді шал келінін жұбатып. — Ол мектепке деректір болады құрығанда. Үй бар, жай бар...

— Аяғаным ақталып шықса бұл қалада бір күн тұрмаймыз,— деп Әсем бір түйір сары ірімшікті аузына салып, тамсанды-ай келіп. — Апамның иісі шығып тұр. Асыл апам!..

Келінінің жүректен шыққан сөзі шалдың көңілін толқытты. Енесіне құлай беріліп, бар пейілімен жақсы көретін келін сирек. Келінін қызындай бағалап, әлпештейтін ене де аз. Нұрша мен Әсем сол аздар мен сиректің ортан қолдары. Нұрша мен келінін аузынан тастамай, соның саулығын тілеп, жаратқанға жалбарынып отырады. Біраз уақыт бір шаңырақтың астында тұрды, ешқашан қабақ шытысқан емес, екеуі талағы жабысқан тату.

— Кемпір сендерді сағынып, әрең жүр.

— Асыл апам-ай!..

— Сенің хатыңды алғаннан кейін ештеңеге қарайламай жолға шықтым, шырағым. Ол бейшараның ішкені ірін, жегені желім болып, ұйықтай алмай жүрген шығар. Е-е, амалы кәні, шыдайды да.

Сыртқа шығып кеткен Асылхан қайтып оралды. Қуат қария орнынан тұрды. Әсемнің көзіне мұң тұнып, қабағы тұнжырады, соны сездіргісі келмегендей жігітке жылы қабақ танытып, күле қарады.

— Денсаулығыңыз түзелейін деді ме, жеңеше.

— Шүкір. Бір аптадан кейін сұранып шығамын. Сендерді шаршаттық әбден. Хадиша, Ақбота үшеуіне қалай алғыс айтарымды білмеймін тегі.

— Жазылып шығыңыз. Бізге одан үлкен алғыстың керегі жоқ, жеңеше,— деп жымыды жігіт.

— Рахмет,— деді келіншек дауысы дірілдеп. — Аяғанға менен

сәлем айтыңыз, ата. Жасымасын. Акка құдай жақ,— деді Әсем, көзіне келіп қалған жасты іркуге шамасы келмей. Тағы да айтатын сөздері көп еді, тілі икемге көнбеді.

— Жә, шырағым, босама,— деді шал дауысын катаятып. — Аяғанымды бір құдайға тапсырдым.

— Кешке Акбота келеді сізге. Қандай тапсырмаңыз бар?

Көз шарасы жасқа толған келіншек кинала күлімсіреп, бас шайқады.

Ауруханадан шыққан соң машина ұстап, Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің үйіне келді. Есік аузында тұрған жас жігіттің көзі бірден кара тоны бар қаба сақал шалға түсті. Адасып жүрген шал деп ойлаған сияқты. Қуат қария оған мүлде назар аударған жоқ, емпендеп алға ұмтылған, жас жігіт жолын кесті.

— Токтаныз! Қайда барасыз?

— Мен баламды іздеп жүрмін. Аяған Қуатов деген.

— Ата, ол кісімен мен сөйлесіп көрейін,— деді, шалдың соңында келе жатқан Асылхан алға түсті. Беті қайтып, жасқанып қалған шал шегініп барып, кірер есіктің алдында әрі өткен, бері өткен адамдарға жаутандай қарап тұрды.

Асылхан әскери киім киген жігітпен ұзақ сөйлесті. Ол қырсығып көнбей тұрғандай болып көрінді шалға. Жап-жас болып қабағы қалың, түсі суық екен. “Мына пәле қырсық болды-ау” деп ойлаған қария тығырыққа тірелгендей қысылды. Асылханды менсінбей шіреніп тұрған әскерімен шешіліп еркін сөйлесіп кетуге әттең тілі жетпейді. Орысша білсе түсіндіріп айтар еді. Аяғанның нақақ күйгенін естісе пенде баласы ғой, жібімес деймісің. Сонан кейін жалғызының жанына барып, мауқын басып, шерін тарқатпай ма.

Шал кара тонының өнірін ашып, мені көр дегендей кеудесін әскери адамға қарай бұрды. Анау назар аударма қоймаған соң әдейі қозғалып, кеудесіндегі орден-медальдарын біріне бірі соғып сылдыратты. Рабайсыз мақтанғанды жаны сүймейтін шал амалының жоқтығынан істеген ісіне өлердей қысылды. Денесін тер жауып, пысынап терлеп кеткен соң тонын шешіп алды.

— Ата, бұлар Аяған ағаға жолықтырмайды екен. Әкелген затымызды қалдырып, үйге қайтамыз,— деді жігіт мұңайып. Шалдың қабағы бұзылды, сақалы селкілдеп, ашуға мінді.

— Алыстан, ит арқасы қияннан сүйегін сүйретіп әкесі келіп тұр деп түсіндіріп айтпадың ба мынау мақауға,— деп шамдана дауыстады шал. — Жалғыз ұлымды көрмей қалай кетемін? Аяғаныммен кездеспей ешқайда кетпеймін, шырағым.

— Қазір Аяғанның тергеушісіне жолығамыз. Сабыр етіңіз,

ата. Ашу – дұшпан, баланың зиянына тиіп кетіп жүрмесін, – деген Асылханның сөзінен кейін ашу шақырып, тулай бастаған шал дым болды.

Кірген-шыққан адамдардың қағаздарын тексеріп тұрған әскериге жаскана қарап, Қуат қария есік көзінде қимыл-қыбырсыз ұзақ тұрды. Біраздан кейін екі аяғы талып, шымырлап табаны ұйып, тықырши бастады. Ол аз болғандай екі иығы талып қарап тұрып шаршады. Жетпіске келген шал түгіл жиырмадан енді асқан жігіт те әрең шыдап тұрған сияқты. Екінші қабаттан түсіп келе жатқан адам көрсе Аяғанның тергеушісі деп ойлап, екеуі де елендесе қалады.

Оған хабар жеткелі не заман, әлі тырс етпей отыр. Шал мен жігіттің үміті үзілуге айналды.

– Балам, әлгі ұмытып кеткен шығар, – деді төзімі таусылған шал Асылханға. – Сөйлессеңші мынаумен.

Жігіт кезекшімен тағы да тілдесті. Оның жақтырмағанын шал қабағынан байқады, екі көзі шытынап, ернін жымқыра тістеп алған.

“Түріне карағанда тыз етпе біреу болар. Әй, осыдан жақсылық келе қоймас” деп ойлады шал.

– Әй, шырағым, әлгі адамың шыға ма, жоқ па? – деп кезекшіге ежірейе караған. Шалдың не дегенін ол түсінбеді. – Нәгә болной. Я кәрі шалский, панимайыш, старик мен. Кде он?

Кезекші әлдеқайда телефон соғып, әлдекімен сөйлесті

Күте-күте несібіміз сарғайып кетті ғой тегі. Үзенгі бауы сегіз қабат біреу болды әлгі, – деп күнкілдеді шал. Осы өмірінде тәуелді болып, біреудің алдына барып, мөлііп отырып көрмеген Қуатқа осынша уақыт тізе бүкпей тұру өте ауыр тиді. Баласының жағдайын ойлап қана сабыр сақтады, әйтпегенде кезекшіні итеріп тастап, өтіп жүре берер еді.

Тергеуші шал мен жігіттің төзімін біржола сарқып барып бір-ақ шықты. Өзіне соншалық ілтипат танытып, жауандай қарап тұрған екеумен бас изесіп қана амандасты. Түсі суық екен. Қуат қарияның айтқаны дөп келді, құдайдың тумасындай тым төкаппар. Екеуіне көз қиығымен менсінбей қарады. Шалдың іші мұздап қоя берді. Түріне карағанда кесіп алса қан шықпайтын тасбауыр тәрізді.

– Иә, – деді ол Қуатқа тесірейе қарап. – Не шаруа?

– Шырағым, біз жоқ іздеп жүрген адамбыз, – деп қалбалақтады шал. – Мен Аяған Қуатов деген баланың әкесімін.

Жалбыр қас бұл жолы шалға бажайлап, ұзақ қарады. Езуіне жымысқы күлкі ұялады.

– Жүр! – деді алға түсіп. Кілт тоқтап соңына ілескен

Асылханға қал дегендей белгі берді. — Сен қал осында.

Жетпістегі шал ілесіп келе жатыр-ау деместен Максұт екінші қабатқа жүгіре басып шығып, қара үзіп кетті. Қуат қария одан қалып қоймау үшін кеудесіндегі орден-медальдарын сылдырлатып, елпендеп келеді. Максұт ең шеткі бөлмеге кірді. Шал келгенше орнына жайғасып, оны қарсы алуға дайындалды, қабағын қарс түйіп, есіктен кіріп келе жатқан қонағына алара қарады.

— Иә,— деді зілденіп. — Не шаруа?

— Баламмен жолығуға келдім, шырағым.

— Болмайды.

— Мен оның әкесі едім.

— Ну и что?

— Аяған менің жалғыз ұлым, шырағым. Кінәсізден кінәсіз қамап қойыпсыздар.

— Ол анти,— деп мырс күлді жігіт. Өні сондай суық екен. Көздері тоқайласқан, шалдың денесі тіксінді. — Біз кінәсі жоқ адамдармен сөйлеспейміз.

— Ол не бүлдіріп қойыпты? Қой, шырағым, балама күйе жақпа,— деп шырылдаған шалдың сөзін құлағына қыстырмады.

— Онымен жолықтыра алмаймын. Тергеу әлі аяқталған жоқ.

— Әй, шырағым, мен оны ұрлап кетпеймін. Баламның бет-жүзін көріп, құшағыма қыссам деп едім. Сенің де мен сияқты әкен бар шығар. Жер түбінен келдім. Ұлыммен тілдестір, көсеген көгергір.

— Болмайды,— деді тергеуші ызғарланып. Шалды ықтырып алғысы келді ме, дүрсе қоя берді. — Жалғыз балаға дұрыс тәрбие бере алмайсың, еше келіп талап етесің. Мына ордендер мен медальдарды неге тағып жүрсің а?

— Әй, шырағым, бұларды маған сен берген жоқсың. Неге әкірендейсің өзін, а?!

— Сен де әкірендеме! Мен жөнін айттым. — Максұттың дауысы жұмсарып, арыны басылып қалды. Шалды айқайдың күшімен ықтыра алмасын түсініп, айлаға көшті. — Қамаудағы адаммен ешкімді жолықтырмаймыз. Тергеу аяқталғаннан кейін пожалуста. А пока болмайды.

— Әй, шырағым, қазақтың баласы екенсің, көмектес. Ең болмаса баламның бет-жүзін көрейін.

— Болмайды! Ол қылмыскер...

— Өтірік! — деді шал қалшылдап. — Жала! Менің балам таза. Сендер оған жала жауып отырсыңдар.

Максұт тартпасынан екі-үш парак қағаз алып, шалдың алдына тастады.

– Оқы!

Шал қағазды қолына алды да, үніліп қарап, қайтадан тастай салды.

– Орысша түсінбеймін,— деді ашуланып. — Сенің қағазына емес, прәпесіріңе сенемін. Аяғаным кінәсіз. Жақсылықпен босатындар, әйтпесе баратын жерге барамын.

– Жолың ашық,— деп мырс күлді жігіт. — Брежнев жолдасқа бар. Сенің ұлың сияқты антилерге біздің арамызда орын жоқ. Басқа бұйымтайың болмаса, бөлмені босат.

Амалы таусылған шал сұлқ отырып қалды. Қызбалық жасадым-ау деп ренжулі. Артық айтқан сөздерін қалай жуып-шайарын білмей, жалбыр қасы көзін жапқан, түсі суық жігіттің көңілін қалай табарын және білмей дағдарып отыр. Ол жау келіп қалғандай дігірлеп, “бөлмені босат” деп қылқылдап тұр.

– Шырағым,— деді біраздан кейін шал шаршаңқы үнмен. — Мен мына қолыммен колхоз құруға қатысқанмын. Соғысқа бардым, күні кешеге дейін бел жазбай еңбек еттім.

– Ну и что?

– Жалғыз ұлымның дидарын көруге рұқсат алатындай еңбегім сіңген шығар үкіметке...

– Болмай-де-е! — деп кесіп айтты Мақсұт, шалға ежірейе қарап. — Еңбек етсең, соғысқа қатыссаң құр қол қалмапсың. Темірлерің сынғыр-сынғыр етеді. Жап-жақсы пенсия алатын шығарсың. Ал менің әкем бес жыл соғысып, тесік темір де алған жоқ. Соғыстан келгеннен кейін он жылға сотталып кетті. Қайтып келді де өліп қалды. Сен немене менің әкемнен артықсың ба?

Шал бір уыс болып бүрісе түсті. Жас жігіттің ескі жарасының аузын аңдусызда тырнап алғанына мықтап абыржыды. Ызаға булыққан жігітке ұрлана қарап қойды, ұратын адамдай екі жұдырығын түйіп алыпты, жүзі түтігіп кеткен.

– Кешір, шырағым,— деп күмілжи үн қатты. — Сені табалау үшін айтпап ем... Кешір...

– Пенсия аласың, орден аласың. Жетпіс, сексен, тоқсан жыл шалқып өмір сүресің. Бұл кімнің арқасы? Үкіметтің!.. Кеңес үкіметінің! Партияның! — деп ашулана айқайлады жігіт. Бұғып бүрісіп отырған шал селк етіп, салбырап түсіп кеткен басын көтеріп алды. — Ал жалғыз балаң соң үкіметке қарсы. Кеңестің саясатына қарсы үгіт жүргізеді, партияның көзіне топырақ шашады. Ал сен балаңа шаң жұқтырғың келмейді. Безобразие!

– Балам кінәсіз,— деп күбірледі беті қайтып қалған шал. — Көңілі көр тасмандайлардың ісі бұл. Сен Аяғанды білмейсің. Білсең бұлай демес едің, шырағым.

– Білемін! Білгенде еше как білемін,— деп тепсінді тергеуші.
– Оны да, әлгі мешел профессорды да білемін. Алдияр Ақпанұлының орны да түрмеде. Ол қаны сорғалаған ұлтшыл. Тазалау жүретін болса ең бірінші сол қақпас кетер еді. Өкінішке орай, профессорсымақ ол күнге жетпейді. Оның күндері санаулы.

– Қой, шырағым,— деді шал бас шайқап. – Тірі адамға жамандық тілеме. Тіріге жақсылық, бақыт тілеу – шарт. Тірі пендені ел-жұрттың тілегі көтеріп, желеп-жебеп жүреді. Тілекшісі көп кісінің абыройы биік әмөнда.

– А-а-т-а-сына нәлет! – деп кіжінді тергеуші. – Ондай сүмелектерді ату керек!

Шал ызадан жарылып кетердей болып, екі беті долырып, шеке тамырлары білеуленіп кеткен жігітке шошына қарады. Екі көзі қанталап кетіпті.

“Түсі неткен суық еді мынанын. Осы ауру болмаса қайтсін”.

Шалдың жүрегі тіксінді. Мынау тергеушінің қолына түскен адамның жағдайының қандай боларын түсінген Қуат қария жалғызын ойлап, басы қаңғырып, есенгіреп отырып қалды. Көңілінде жылт еткен жылылық жоқ тасбауыр пенде кімді аясын?! Кісіге жақсылықты қимайды мұндайлар. Мынаның қолына түскен Аяған не күйде екен?

“Құлыным-ай!”

Кеудесі қарс айрылардай терең күрсініп, сүйретіліп орнынан тұрды. Көзінің алды бұлдырап, басы айналды. Құлап қалмас үшін орындықтың арқалығынан ұстап, көзін жұмды.

Кісілігі жоқ немеге сонша жалынғанына намысы келіп, кеудесінен лықси көтерілген сұрапыл ашуды тежеу үшін астыңғы ернін тістеп алып, ақылын арашаға шақырды.

“Итпен ит болма, Қуат. Сабыр сақта. Шыда. Шыдап бак” деді ақылы басу айтып. Лап етіп тұтанып кетуге шақ қалған ашу біртіндеп таркады.

Қуат қарт қара тонын қолтығына қысып алып, сыртқа беттеді. Есігін жапқан соң Мақсұт алға түсіп алып, сиыр жорғасына ұқсас жүрісіне салып, ұзап бара жатты.

Құлап қалардай теңселе басып, Қуат қария келгенде ол есік аузында, кезекшінің жанында тұрған.

– Енді мұнда келіп әуре болмандар. Аяған Қуатовқа ештеңенің керегі жоқ. Оның қарны ток,— деді де шұғыл бұрылды.

– Сен туғанда анаң ұл таптым деп қалжа жеді-ау,— деп күрсінді шал. Мақсұт жалт қарады, бірақ айтып жіберетін ашы сөздің ретін таппай тосылды. Шал қынжыла бас шайқап, күңірене

сөйледі. — Елдің сенгені сен сияқтылар болса шекесі қызар, қызталак. Сенен жақсылық келмес ешкімге. Келмес!.. Қолыңа билік берсе қазақтың даласында іске жарар бір жақсы адам қалдырмасын мына сұрыңмен.

— Қысқарт! — деп тістене дауыстады тергеуші.

— Атаңа нәлет! — деп айқайлады шал. — Сендей қаныпезер, қаншенгелді бұндай жерге қалай тауып ала қояды екен-ей?!

Мақсұт шалмен салғыласып тұрғаннан түк таппасын біліп, домаланып тұра қашты. Тепсініп оның соңынан тұра ұмтылған Қуаттың жолын күзетші кесті, Асылхан келіп қолтығына жармасты.

Ызаға булығып, ашуға мінген шалды сыртқа алып шығу онайға түспеді. Құр айқай, ашумен ештеңе тындыра алмасын Асылхан оған өрең түсіндірді. Күзетшіден сәлемдемені қалай беруге болатынын сұрап алып, шал мен жігіт сыртқа шығып, екінші есікке қарай емпендеді. Нұрша беріп жіберген сәлемдеме және Алдияр мен Елжастың хатын жөнелткеннен кейін олар жауап күткен.

— Одан жауап болмайды,— деді сәлемдемені қабылдап алған жігіт. Себебін түсіндірген жоқ, емен есіктің ортасынан ойып жасаған терезені сарт жапты. Шал жігітке, ол қарияға қарады. Айла-шарғысы таусылған шал терең күрсініп, сақалын сипады да, сыртқа шықты.

— Басқа қандай амалы бар, шырағым? — Асылхан үнсіз, үлкен кісіге қандай ақыл берерін білмей, басы салбырап, ойланып тұр. — Шындыққа жететін жерді көрсет маған. Шындыққа жетпесем сүйегім қалар сол жерде. Жалғызым үшін жан пида.

— Үйге барайық, ата. Алдияр аға бір жолын табар,— дегеннен басқа Асылхан ештеңе айта алмады.

— Шындықтың, әділдіктің ордасы деп жүрген астанамыз осы ма?

Жігіт жауап берген жоқ. Ақырын ғана күрсінді де, аяндап алға түсті.

19

Сәлемдеме аламын-ау деген ой санасына кірмеген Аяған анасы беріп жіберген құрт пен ірімшікке тамсанып, баласының хатын оқып, көңілі бұзылып, алқымына жас тығылды. Елжастың жазғаны екі-ақ сөйлем: “Көке, сені сағындық. Тез кел” депті. Жігіттің жүрегін сағыныш кернеп, кішкентай балаларын — Елжасын, Олжасын, Бибісін ойлап, жаны жабырқады. Дорбаның аузын ашып қойып, анасының қолынан шыққан құрт, ірімшікке қарап үн-түнсіз ұзақ отырды. Екі жапырақ ірімшік жеді, бір тал сықпа

күртты аузына салып, ұзақ талмады. Дорбаның аузын байлап, жастығының астына тықты да, профессордың хатын оқыды.

“Аяған балам! Аман-есенсің бе? Бұлар неге үндемей жатып алды деп сөге жамандама. Менің жағдайымды өзің білесің. Сыздықты ЛТП-ға алып кетті. Бала-шағаң осы үйде. Немеренің зарын тартқан адам едім, олар келгелі бері өмірге деген күштарлығым оянып, адам қатарына қосылуға айналдым. Бибі деген алтын қыз менің жанымға ешкімді жолатпайды. Мен оның жекеменшік атасына айналдым. Бибінің аркасында Андерсон болдым. Күні бойы ертегі құрастырамын.

Екі ұл өте бауырмал. Өз аталары келгелі мені менсінбейтін болды. Әсем туралы сөз қысқа. Ол тәуір. Келесі аптада үйге шығып қалар. Бала-шағаң осы үйде тұра береді. Хадиша деген алтын бала екен. Бар ауыртпалықты Асылхан екеуі көтеріп жүр. Қазақтың барлық баласы осы екеуіндей болса деп армандаймын.

Мен жақында ауруханаға жатамын. Денсаулық күннен-күнге төмендеп барады. Мені қойшы. Менің есіл-дертім өзін. Сені ойласам қабырғамды бір қаныпезер қақыратып сөгіп жатқандай қиналамын. Амалым не, мешел баладай орнымнан тұра алмай жатқаным мынау. Денім сау болса сен үшін шырылдап отқа түсуден тайынбас едім.

Мұның бәрін көңіл үшін айтты деме, балам. Бұл жүрегімнің сөзі”.

Алдияр Ақпанұлының хаты осы араға дейін таза, ары қарай сызылған, өшірілген. Жекелеген сөйлемдер қалған. Хаттың ең соңғы жағы ғана қалыпты.

“Шыда, шырағым. Ең болмаса бір әділ пенде қалған шығар деген үміттемін. Бәріне де асқан төзімділікпен көнуге тура келеді. Шыдам керек, шырағым.

Сенің алдында өтелмес айыбым барын білемін. Сол айыбымды қайтсем жуамын деп аласұрып жатқан жағдайым бар.

“Батар күннің атар таңы бар” дейді. Біздің де танымыз атып, тауығымыз шақырар. Өр азғынға бір зауал келер түбі. Шыда, шырағым, шыда... Құдай аманшылықпен қауышуға жазсын.

Ағаң Алдияр”.

Мақсұттың ойлап тапқан көп жаласы қаптаған аш қасқырлар секілденген. Сол қорқаулардың қоршауында қалғандай, енді құтылу мүмкін еместей шарасыз күйге түсіп, басын қайғы қаңғыртқан Аяған ұстазының хатын оқыған соң көңілденді. Алдекеннің хатының негізгі тұстарын өшіріп тастағанмен Аяған оның не жазғанын іштей бағамдады. “Ең болмаса бір әділ адам қалған шығар” депті. Жігіттің санасына сәуле түсті. Демек олар

карап жатқан жоқ. Тергеушінің жапқан жаласы өзінен өзі шындыққа айнала салмайды. Онын қағазға түсіргендері шындыққа айналу үшін Аяғанның келісімі керек, яғни ол өзін-өзі жығып бергенде ғана іс тәмәм. Максұттың қолында бұлтартпас деректері бар ма? Әрине жоқ. Бір топ адамның хаты бар дейді. Қайда ол хат? Брежневтің бейнесі ме? Аяған Қуатов суретші емес, олардың тауып жүргені балалардың шатпағы шығар. Сондықтан бұл айыпты мойнына қойып бере алмайды. Тағы не? Ауғанстан ба? Оны да мойындамайды. Деректі дәлелі жоқ онын. Ермак туралы да ештеңе деген жоқ. Мойындамайды. Олардікі күр сөз. Сөз, сөз!..

Мына тас қабырғаның ішінен жарық дүниеге шығу үшін күресу шарт... Жарық сәуле – өмір. Өмір – той емес. Өмір – жанталас. Аяған өзін жалаң мұзарттын шырқауына өрмелеп бара жатқан алпинистей сезінді. Сәл босансыса құрдымға құлайды. Не өмір, не өлім. Екінің бірі. Өлмеудің бір ғана жолы бар. Ол – жеңіс. Үш бірдей құлыны жолын тосып, тілеуін тілеп отыр. Аяғанның өмірі өзіне ғана арналмаған, оның өмір-тірлігі үш ботасының меншігі. Сондықтан жеңілуге, Максұт құрған торға оп-онай түсе салуға қақысы жоқ. Күреседі.

Жалғыздығын ойлап, жабығып жүрген Аяған профессордың хатынан кейін рухтанып, өз күшіне деген сенім пайда болды. Камераның ішінде әрі-бері тенселіп жүріп ойша Максұт пен өзін безбенге салды. Шаршы топтың алдына шығып, ашық айтысқа түссе одан басым боларына күмәні жоқ. Оның күші – ақыл парасатында емес, Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің атынан сөйлейтін өкілеттілігінде. Және оны жақтайтындар да көп. Ал Аяғанға жақтасар кім бар? Мешел баладай орнынан тұра алмай жатқан ұстазы профессор Алдияр Ақпанұлы ма? Әлде оқуға түсе алмай құрылыста жұмыс істеп жүрген Асылхан ба? Бәлкім, Хадиша көмектесер. Барлығы сүйеуі жоқ қазақтың балалары. Үйсіз-күйсіз қаңғырып, қала кезіп тұрақтай алмай жүрген жастар аз ба? Әне, солар ұлттың болашағы. Осылар қазақтың болашағы еді деп мандайынан сипап, камкорлық жасап жатқан кім бар? Қолына билік тисе әрқайсысы өз жайын күйттейді. “Ертеңім қалай болар екен” дейтін кім бар? Ұлтының болашағын ойлар, сол үшін отқа түсер Кенесарыдай азамат қайда?! Қазіргілер кімнің арбасына отырса соның әнін айтуға машық. Ал ұлтының намысы үшін қара бастың қамын ұмытып, қызығын тәрк еткен жан Сыздық төредей-ақ болсын. Сыздық төре!.. Аруағыннан айналайын есіл ер. Елін сүйген ер сендей-ақ болсын. Басына қаншалық қиындық туса да, орыс патшасының алмас қылышы төбесінде жарқырап, кенірдегіне тақалса да халқына

деген адалдығын, перзенттік махаббатын жоғалтпаған асыл азамат. Енді қайтып сендердей ерлер туар ма? Қазіргілердің барлығы аз күндік абырой, арзан атақтың құлы болып кетті ғой... Әттен!.. Арзандап кетті адамдар...

Аяған суық жымыды. Кішкентай терезеге қарады. Дәл қазір сол терезеден дүниеден ең жақын адамдарының бірі Сыздық сұлтанның аруағы еніп, өзін мынау азаптан құтқарып алатын тәрізденді.

“Сенің жолыңмен жүрмегенмен туған халқыма, ұлтыма сатқындық жасаған жоқпын, баба. Алдияр Ақпанұлы Кенесары бабама қалай ара түссе, мен де сені дәл солай қорғадым. Сол үшін қудаландым. Жолым жабылды. Өйткені бізді қорғайтын сәби шындық өте әлсіз. Өте әлсіз. Оның да өсіп, жетілетін күні келер, баба. Келеді ол күн. Міндетті түрде келеді”. деді Аяған күбірлеп. Есімі әрқашан жадында жүретін қасиетті адамның аруағымен тілдестім деп ойлады.

Аяған аядай бөлмеде әрі-бері теңселіп жүріп ой түкпірін ақтарды...

Ақылды, парасатты адамдар аз емес өмірде. Онашада әлгілердің барлығы тайсалмай сөйлейді, ақылы жеткен жерге дейін әділ болуға, тек ақиқатты айтуға тырысады. Мысы басар азулылардың ортасына түскенде шындық деп шырылдап жүрген шерменделер аузын бұған өгіздей болады да қалады, әділетсіздіктің ең сорақы түрін көре тұра үндемейді. Билігі бар өктем күштің қарапайым адамға жасап жатқан қиянатын көре тұра байқамаған болып, теріс айналады. Апыр-ау, сонда халықтың мұңын, қайғысын, қасіретін кім айтады? Халық арқа сүйер азамат қайда? Кенекемдей, Сыздық сұлтандай елі үшін басын алмас қылышқа тосып берер маркасқалар туар ма?

Пікірі, ойы бар адамдар үндемеуге үйренді. Неге? Олар қорқынышқа жеңіліп болған. Кешегі шындықтың бүгін өзіне сын боларын, сол үшін күйіп кету мүмкін екенін ақылы бар адамдар түсінеді де, бекер шаршамау үшін ештенені көрмеуге, естімеуге тырысады. Сөйтіп олар өзін жену арқылы уақытты женеді. Өзін өзі жеңе алмаған талай пенде уақыттың жағасына жармасып, оның бір сілкігеніне жарамай жалпасынан құлап жатады.

“Ертен заман өзгеріп кетсе, күнім не болады?” деген қорқынышты ой өз бағасын білетін адамдардың аяғын тұсап тастаған. Адам шіркін өзінің түк еместігің білген сәттен бастап тек қара басының қамын ойлайды, басқа үшін бас ауыртпайды, елдің мұң-мұқтажына іштей күйзеледі, бірақ үндемейді. Үндегеннен ештененің өзгермесіне көзі әбден жеткен. Үндесе

пәлеге қаларын және біледі. Әлдекімнің демеуімен жоғарыға шығып алған ақылы кем әлдекімнің аузына қарап, ішінен жек көріп отырса да жарамсактана жымияды. Басқа амалы жоқ бейшараның. Жағаласуға жарамайды. Жемтік болмас үшін жағымпаздануға үйренеді, онашалағы қораздығы адыра қалады. Жағаласқандар профессор Алдияр Ақпанұлының кебін киеді. Немесе жалған жаламен түрмеде жатады. Ырық бермей, әл бермей тулағандарға басқаша тәсіл қолданады, “шу асаулардың” қанға былғанған денесі арада біраз уақыт өткен соң таудан, қалын ағаштың арасынан немесе шұңқырдан, трубаның ішінен табылып жатады. Міне, шындық үшін күрестің нәтижесі. Қоғам дертті. Дертті!.. Оның емі – шындық. Оны шындықпен ғана емдеп жазуға болады...

Аяғанның денесі түршікті. Орнынан тұрып, әрі-бері теңселіп жүре бастады. Аядай бөлменің іші азынап суып кеткен секілденді, отырып-тұрып әртүрлі жаттығулар жасауға кірісті.

– Бәрібір шындықсыз өмір сүруге болмайды. Халық үшін шындықтан қымбат ештеңе жоқ. Себебі – ол халықтың өмірі,— деді Аяған біреу тындап отырғандай дауыстай сөйлеп. Қимылсыз жата бергеннің әсері ме, демнің арасында алқынып қалды. Төсегіне келіп отырды да, дорбаның аузын ағытып, ірімшік жеді.

Көзін жұмып анасының бейнесін елестетті. Самайы ағарып кеткен екен дейді, бетін шимайлаған әжім терендей түскен тәрізді. Ол кісі бірнәрсе деген сияқты, бірақ Аяған ештеңе естімейді. Көзін ашып алды, анасының бейнесі әп-сәтте ғайып болды. Ол көзін ашқанына өкінді.

Анасының буын-буыны ауыратын, соған қарамастан таң атқаннан кеш батқанша тыным таппаушы еді. Жатын орынға келгенде аяқ-қолы сыздап, бебеулеп жаны көзіне көрінетін. Жазды күн шілденін өзінде темір пешті өртеп жағып, қол-аяғын аюдан немесе борсықтың майымен сылап, ыңырысып отырушы еді. Түннің бір уағына дейін қиналып, кірпік айқастыра алмай жататыны есінде. Ертесіне құлкын сәріде тұрып, үйреншікті тыпырға қайта кірісетін. Анасына жаны ашып, “неге тыпырлай береді екен, тып-тыныш жатпай ма” деп назаланатын. Нұрша бейшара діңкесі су көтермей ауырып жүрсе де шалжиып жатып алмай сиырын сауатын, май шайқайтын, нан пісіретін, қолы қалт босай қалса малдың жаппасын жинап келіп илеп, күлшелеп жайып, тыныш таппайтын. Алпыстың мол ішіне кірсе де мазан, таң атқаннан ел орынға отырғанша тепең-тепең жүріс. Ондай жүріске жас келіншектердің ішінде ілуде біреуі ғана шыдар. Көпшілігі күні бойғы жұмыстан титықтап келіп, кешкі тамақ

жасауға шамасы келмей тырапай асады. Ал кара ормандай қабырғалы қалың елді жалмаған аштықтан аман қалған аналар мүлде басқа. Оларды қиыншылық та, ауру-сырқау да мұқата алмайды. Олар жеңілсе тек уақыттан ғана жеңілер.

Қыңқыл-сынқылы көп анасына жаны ашып, оған көмектесуге ұмтылатын, шамасы келмейтін шаруаға кимелейтіні есінде. Аяған мықшындап, әлі келмей жатқанда байғұс анасы ыңкыл-сынқылын ұмытып, өзі кірісіп кететін. Аяғанның жан қинап жұмыс істегенін көрсе Нұршаның шыбын жаны шырқырап, құйрық басып отыра алмайтын. Қабырғасы қатып, қатарға қосылған кезінде де ата-анамның қолындағы ауыртпалығын алдым деп айта алмайды. Екі көрі бар шаруаны ешкімге жалынбай-ақ өздері-ақ тындыратын. Жұрттың баласы құлқын сәріде тұрып, таңғы салқында ұйқысын аша алмай дірілдеп-қалшылдап, бадаға сиыр айдап тепендегенде бұл шалжиып тәтті ұйқының құшағында жататын. Ата-ана тапқан-таянғанын екі ұлдың аузына тосып, екеуінің үстіне жамады.

Аяған жетімсіздік көріп, киналған жоқ, әкенің дәулетінің арқасында жылтырап киініп, шалқып жүріп өмір сүрді. Жазғы демалысында өзі құралыптас балалар секілді ақша табу үшін құрылыс отрядына қосылып, ауыр жұмысқа жегілген жоқ, телім-телім боп тентіремеді. Басқалар “қайтсем қарным тояды” деп тіршілік үшін жер шұқып, несібесін теріп жүрсе, мұны өмірдің рухани жағы көбірек аландатты. Шамасы келгенше, төзімі жеткенше оқуға тырысты, соның арқасында тіршілік қамымен жүрген қатарынан алға озды. Қарапайым кара шалдың баласы бола тұра орыс тілін басқалардан жетік меңгерді, университетті қызыл дипломмен бітірді, екінші бірін ұната бермейтін аса кіді, кірпияз – профессор Алдияр Ақпанұлының сеніміне кірді, оның сүйікті шәкіртіне айналды. Атақты ғалымның сенім артқан шәкірті болғандықтан тасы өрге домалап, мақсатына көп кедергісіз жетті, аспирантурасын бітірер-бітірместен кандидаттық диссертациясын қорғады. Рас, жеңіс онай келе салған жоқ, Мұса Байларовтың жақтастары жан-жақтан жабылып, жаға жыртуға дейін барды. Олар Аяғанның ғылыми еңбегінен ұлтшылдық іздеп далбасалады, “дисертант орыс пен қазақ халқының арасына от тастаған, достыққа қиянат жасаған” деген сияқты айыптар таққан. Жас ғалымды Мұса Байларовтың құрған торынан профессор Алдияр Ақпанұлы алып шықты. Ол кезде Алдекең аса беделді еді, Мұса Байларовтың сыбайластары мәселе шешетін биік мансаптарға жете қоймаған-ды. Олар көп болғанмен көбік еді. Ал Алдияр Ақпанұлының атағы жер жаратын. Ол сүйікті шәкіртің

тұмсықтыға шоқытпады, канаттыға қақтырмады, дауласып жүріп докторлық диссертациясына өзі қалаған тақырыпты алып берді.

Бұл Алдекеннің ең соңғы жеңісі еді. Осыдан кейін Мұса Байларовтың тасы өрге домалап, қызметі жоғарылады да, оның сыбайластарының сұрапыл шабуылы басталды. Жан-жақтан жабылған шабуыл онсыз да қайғы-қасіреті, жүрегіннің жарасы көп профессорға ес жиюға мүмкіндік бермеді. Әдеттегі бір партия жиналысынан оны жедел жәрдем алып кеткен. Содан ауруханада төрт ай жатып шықты, оқыстан жабысқан дерттен құлантаза айықтырып алуға медицинаның құдіреті жетпеді. Ол кісінің төсек тартып жатқанына бір жылдан асты. Бөтелкеден басқа уайымы жоқ жалғыз ұлға сенсе шал әлдеқашан аштан өлер еді. Бостандықта жүргенде күн сайын барып, Алдияр Ақпанұлының тамағын беріп, дәретке отырғызып, бөлмесін тазалап қайтатын. Ойламаған жерден екі жігіт келіп, ала жөнелгенде “Алдияр Ақпанұлына барып, көмектесіп тұр” деп Асылханға өтініш жасай алмап еді, осында келгеннен кейін ұстазын ойлап, ішін ит тырнағандай қиналды. Көңіліне күдік шапқалы қашан. Аяулы адамының тірлігінен күдерін үзіп қойған.

Бір ұлттың мақтанышына айналған біртуар азаматтың ешкімге керек болмай далада қалғаны сол мемлекеттің тізгінін ұстағандарды ойландырмайтынына Аяған мүлде түсінбейді. Ондай адамдар көп емес қой, саусақпен ғана санарлық тұлғалар неге мемлекеттің тізімінде болмайды? Олар мемлекеттің мақтанышы, ұлттың байлығы емес пе?! Мына заманда біртуар маркасқа ұлдар емес, әлдекімнің жетегімен жүріп, үлкен мансапқа жеткендердің аты озып тұр. Біртуарлардың тағдыры сол мәнгүрттердің қолында. Мазак!.. Кешелерге мазак болған ғұламалар... Қолында билігі бар кемталанттарға күлкі болған қайран заман-ай! Уайымы қара басының қамынан аспайтын мешкейлерге қарап қалған халықтың мандайының соры бес елі екен. Мандайындағы бағы, абыройы болған арысының тағдырына ара түсе алмаған елдің ертеңінен не қайыр. Абыройын қорғай алмаған елдің соры қалын. Ондай елді кез келген кемталант қойдай өргізеді, бір шыбықпен айдайды. Бас шұлғудан басқаны білмейтін момын елдің көрген күні осы енді...

Аяған күрсінді. Орнынан тұрып, аядай бөлменің ішін шарлады. Ойы сан сакқа жүгірді. Алдекеннің хаты көп ой салды. “Бейшара тірі екен ғой” деді жүрегі жылып. Орнынан тұра алмай жатқан профессорды қамқорлығына алған Асылханға деген алғысында шек жоқ. “Азаматым-ай! Арыстаным-ай!” деді күбірлеп. Оған деген бар алғысы осы екі ауыз сөзге сиып кеткендей.

Аяған еңсесін басқан зіл салмақтан құтылғандай бойы жеңілдеп қалды. Бала-шағасының жағдайын ойлап, ішкені ірін болып еді. Оларға аяулы ұстазы камқор қолын созыпты. Ол кісі әлі күнге мұны таң қалдырумен келеді. Міне, орнынан тұра алмай жатып та зор қайрат көрсетіп, үлкен азаматтық мінез танытты. Күні ертен-ақ ұстазының мына қапастан шығарып аларына сенді.

“Ол ешқашан жеңілмейді. Ол кісіні жену мүмкін емес. Аштық ала алмаған Алдекенді жеңемін деу бос далбаса. Оның жаны өзінде емес, самрұк құстың ұясында. Самрұк құстың ұясын жаратушы бір алладан басқа ешкім білмейді. Алдекендей азамат мәңгі жасайды” деп күбірледі Аяған.

Шәкірті үшін жанын жеп, жанталасып жатқан ұстазына мәңгілік өмір тіледі. Шындық үшін ажалдан да тайынбас, тайсалмас бірбеткей профессордың ештеңеден қайтпасына сенді. Еңсесі түсіп, үміті үзіліп, тіршіліктен баз кеше бастаған жігіт ұстазының хатынан кейін ширығып, ширап, үлкен іске кірісердей белді бекем бұды.

Оны алда талай шырғалаң күтіп тұр еді.

Есік ашылып, мысықша басып, күзетші кірді. Әкелген тамағын қойып, сыртқа шығуға ыңғайланған.

– Жігітім,– деді Аяған оған жақындап келіп. – Маған бір жапырақ қағаз бен қалам тауып бере аласың ба?

Жігіт ләм деместен шығып кетті. “Қорқады, әкелмейді” деп ойлаған. Қателесіпті. Көп ұзаған жоқ, есік ашылып, жігіттің дидары көрінді.

– Біреу байқап қалмасын, бізде тәртіп қатал.

– Рахмет! – деді Аяған қағазды алып тұрып. – Тағы бір өтінішім бар. Хатымды адрес бойынша жеткізіп берсең өлеңгенше жақсылығыңды ұмытпас едім.

– Көрерміз,– деді жігіт шығып бара жатып.

Қолына қалам-қағаз тигеннен кейін тамаққа мүлде тәбеті шаппады. Отырып алып, басынан өткен жағдайдың барлығын баяндап, ұстазына хат жазды. Өзіне тағылған айыптарды тізді, бір топ студенттің айғақ хаты туралы айтты, Алмасты тауып, мәселенін анық-қанығын білу керектігін ескертті. Хатынын сонын үш ботасына – Елжас, Олжас, Бибіге бағыштады.

“Елжас, Олжас, кіп-кішкентай алтын қызым Бибі! Сендерді сағындым. Үшеуіңді де құшақтап, құшың сүйдім. Бірінді-бірін сыйлап жүріңдер. Көкелерің”, деп жазды. Айтатын, айтқысы келген жылы-жылы сөздері көп-ақ еді, қағаз жетпей қалды.

Сартап сағыныш көңілін мұңға бөледі. Үш ботасын ойлап,

жаны одан сайын жабырқай түсті. “Әсем тезірек сауығып шықса екен” деп тіледі. “Қырық қатынның толғағы қатар келіпті” дегендей өзін ұстап кеткен күні Әсемнің аяқ астынан ауруханаға түскені Аяғанның алаң көңіліне шешімі жоқ жұмбақ болып кірген. Жан-жақты ойланды, әлгі жұмбақтың дәл жауабын таппағанмен екеуінің бір күнде тосын жағдайға тап болып, бала-шағаның караусыз калуында бір сыр бар сияқты көрініп, жаны шошыған. Сол күдік әр сәт сайын айналып соғып, зәресін ұшырады, осындайда бір сұрапыл қатер төніп келіп қалғандай шыбын жаны шырқырайды.

Міне, қазір де сол сезік оқыстан соқты, Аяған селк етті, тұла бойы қалшылдап, басына қан шапшыды.

— Опыр-ай,— деді дауысы дірілдеп. — Бала-шағам аман болса екен. Ол нәлеттер ештеңеден қайтпайды ғой.

Әрі-бері тенселіп жүріп өзін-өзі жұбатты. Балаларын ауылға жіберуді ойлады. “Әсем ауруханадан шыққан соң балаларды алып, көкеммен бірге ауылға кетеді” деді. Өзінің жағдайын мүлде ойлаған жоқ.

Манағы жас жігіт есік ашып, ішке кірді. Мұрты енді ғана тебіндеген жігітке Аяған жалбарына қарады, ол қорқып тұрған сияқты, екі көзі жапақ-жапақ етеді.

— Айналайын, інім, маған бір жақсылық жасай гөр,— деді ол дауысы бұзылып. Көзінен бырш етіп жас шығып кетті. Күзетші жігіт дап-дардай адамның жылағанын көріп, соған өзі кінәлідей абдырап, абыржый бастады.

— Жақсы, аға! Апарып беремін... Бүгін... Жұмыстан кейін...

— Рахмет! — деді Аяған көз жасын алақанымен сүртіп, жазған хатын жігіттің қолына ұстатты. — Адресті шетіне жаздым.

Жастығының астына тыққан дорбаны алды да, аузын шешті.

— Құрт, ірімшік ал, інішек,— деп жылы жымыды.

— Рахмет аға,— деп ол бір-бір тал құрт және ірімшік алды.

Жігіт Аяғанның қолын қысып, шығып кетті. Көңілін кіреукелеген жылауық мұң тарқап, жаны жадырады. Екі араға көпір салынғандай, енді бұдан кейін күн сайын бала-шағасынан, кең дүниеден хабар алып тұратындай болып көрінді оған. Қап-қараңғы қапастан жарық дүниеге шығар жол табылғандай көңіл түкпірінде үміт шырағы жанды.

жұмып алып, біраз уақыт үнсіз жатты. Қуат қария ұлының не жазғанын білгісі келіп асыққанмен Алдекеңнің ойын бөлуге батылы жетпеді. Арада біраз уақыт өтті. Хат әкелген жігіт кететіндей ынғай танытты.

— Ол кісіге қандай сәлемдеріңіз бар?

Алдияр Ақпанұлы селк етіп, көзін ашып алды да, қыздай биязы, уыздай жас жігітке сұраулы кейіппен сұқтана қарады. Алдиярды асқан білімпаз, үлкен ғұлама деп бағалайтын Қуат оның алдын орауды жөн көрмей, профессордын аузын бақты.

— Шырағым, еліңнің алғысы жаусын саған!

— Ой, ағатай, бұл кішкентай ғана қайырым ғой,— деп ол қысыла күлімсіреді. — Қағаз-қаламы жоқ екен.

— Иә, иә... Анау жатқан қалың дәптер мен қаламды апарып бере алсаң дұрыс болар еді.

— Көрейін, аға... Бізде жалпы қиын ғой. Рұқсат бермейді.

— Өркенің өссін, қарағым! — деді Қуат сөзге араласып. — Ол жерде де жаны жайсаң жақсы адамдар бар екен ғой. Бәсе, казактың жастары түгел арзандап, тексіз болып кеткен жоқ шығар деп едім-ау. Ой, азаматым-ай!

Шал қорбандап келіп, жігіттің мандайынан сүйді.

— Атың кім, шырағым?

— Қуан.

— Өзің де, атың да ақжолтай екен. Қайда жүрсең де аман бол.

— Қуан шырағым, адресінді қалдырып кет, өзіміз хабарласып тұрамыз,— деді Алдияр әрең деп басын көтеріп. — Мынау менің визиткам.

Жігіт төсекте жатқан жүдеу кісіге ұрлана қарап қойды.

— Шай дайын,— деді Хадиша жұмсақ үнмен.

— Алдеке, демейін бе сізді?

— Жоқ, рахмет! Қуан шырағым, шай іш.

Шал мен жігіт шығып кеткеннен кейін профессор жантайып жатып, көзін жұмды, қайтадан терең ойдың иіріміне түсті.

Аяғанға тағылған айып ауыр. Барлығы дәлелденсе оның құтылып кетуі екіталай. Олардың қолында бұлтартпас деректер бар ма, жоқ әлде, мұнын барлығы дәлелденбейтін жала ма? Аяғанның үстінен арыз жазып, айғак болған кімдер? Олардың аты-жөнін кім арқылы білмек? Оған жанашыр болар Алмас деген жігіттен басқа кім бар?

Осылар тақылеттес көп сұрақ Алдиярдың жолына көлденен түсіп, жатып алды. Бұл сұрақтарға бүгін-ертен жауап таба алмасын шал түсінді. Не істеу керек? Ол қалың тұманның арасына кіріп, адасып жүрген жолаушыдай сезінді өзін.

“Алмасты үйге шақырып, арызға қол қойған студенттерді анықтау керек шығар. Бәлкім, ондай арыз жоқ та шығар”, деп ойлаған шал тағы да тұйыққа тірелді. Алмаспен онаша сөйлесуден басқа жолдың қалмағанын түсінген Алдекең Асылханды асыға күтті. Жұмыстан кейін міндетті түрде келіп кететін жігіт бүгін кешікті. Ол келмесе Хадишаны жұмсайды. Ертелі күнді кеш қылып қарап жатуға болмайды. Естуінше Алмас деген бала Аяғанның нағыз жанашыры көрінеді. Бірақ оның өзін бірде-бір рет көрген емес. Іс-әрекетіне қарағанда бекер адам емес тәрізді. Жан-жаққа жөнелткен хаттарына жауап жоқ, олардан жуықарада хабар ала қоярына және сенімді емес. Ол хаттардың дүниені шарлап-шарлап келіп, осындағы үзенгі бауы алты қабат шенеуніктердің қолына тиерін біледі. Кім біледі, оның барлығы осы күні Мұса Байларовтың тартпасында жатқан шығар. Алдияр ештеңеге де таң қалмайды. Бұл таң қалатын заман емес. Осы өмірінде небір қиянат, сорақылықтарды көрген шал таңқалудан шаршаған. Мұсаның қолынан бәрі келеді, ол өлген адамды тірілте алмас, басқа шаруа ол үшін түкке тұрмайды. Студент кезінде көзге оқшау түсуге тырыспайтын, орташа ғана қабілеті бар, “білгіш болсаң ішімдегіні тап, кане” дегендей тымырайып жүретін бала еді. Үш қойса қабақ шытпайтын, төрт, бес алса жарылып қуанбайтын. Басқалардан оқшау, онаша жүретін. Оған ешкім де мән бермейтін, бар болса бар екен демейтін, жоқ болса жоқтамайтын. Оқу бітіретін жылы министрдің қызына үйленді де, жұлдызы жанып, университетті орташа ғана бітірген Мұса мұғалім болып қалды. Білім жағынан ақсағанмен ұйымдастыру жұмыстарына келгенде алдына кара салмайтын, сонысымен жұртқа ұнайтын. Тіл алғыштығы, елгезектігі және бар. Рас, Алдияр да оны жек көрген жоқ, айтқанын қалт еткізбей орындайтын, үлкендік көрсетпейтін елгезек жігіт қимас болмағанмен жақсы сыйласты. “Ағалап” асты-үстіне түсіп, құлдырандап жүгіріп жүрген жігіттен жақсы сөзін аяған жоқ, реті келгенде қолтығынан демеп те жіберген. Еті тірі жігіт тез-тез жоғарылай бастады. “Ғылым қуғаннан гөрі қызметтің соңына түскені дұрыс қой” деп ойлайтын. Алдекендер «дұрыс қоймен» жүргенде жұмыртқадан жүн қыркатын Мұса ғалым болып та, әкім болып та үлгерді. Кандидаттықпен тоқтайтын шығар деген. Жоқ ол докторлықты да місе тұтпады. Өмір бойы тарих ғылымының кара жұмысын істеген Алдияр Ақпанұлы көп доктордың бірі, ал докторлық диссертациясын қай тақырыпта қорғағанын өзінен басқа ешкім білмейтін Мұса Байларов Ғылым Академиясының мүше-корреспонденті, келесі сайлауда академиктікке

ұмтылары анық. Өмірдің барлық саласында да осылай, өз ісінің шынайы мамандары — қас таланттар емес, еті тірі ұйымдастырушылардың жолы болып, жұлдызының жанып жүргеніне кімнің таласы бар? Бұрын да солай болған, болашақта да солардың аты озады. Өмір солардікі. Ал қас таланттар соларға қызмет істеуге, еңбегін сатып күн көруге тиіс. Ақиқат іздеген қас талант өлгілердің әлсіздігін айтып, өз шындығын айтып қарсыласса қазық болып қағылып кетеді. Өмірдің бұлжымас заны осындай.

Профессор күрсінді. Бұғалығын ала қашқан асаудай тарпан мінезді уақытқа қылар қайраны. істер амалының жоқтығына көзі жетіп, шарасыз қалға түсіп, жуасып қалған сияқты. Мына заманда Мұса Байларовтың жеңдірмейтіндігіне, қаншама қарсы әрекет жасап жанталасқанмен оны жеңбек түгіл сүріндіре алмасына көзі анық жеткенмен күресуден шаршамайтындығына өзі де таң қалады. Неге бұлай? Кек қайтару үшін жанталаспайды. Мұса Байларов та адам, бала-шағасы бар, өзіне лайық қызмет істеп, тыныш жүрсе онда басқанын не әкесінің көз құны бар?! Алдекеңнің шаршайтын себебі — Мұса Байларов қолына билік тигелі бері Шындыққа шабуыл жасауға кірісті, төңірегіне шәуілдектерді жинап алды. Ол шіркіндер қымс етсе үріп шыға келеді, ерік берсе ешкімді аямайды, жабылып талайды. Профессор Алдияр Ақпанұлына шәкіртінің осы тірлігі ұнамаған. Алғашқы әлетте тиым салмаса өршіп, өртке айналып кетерін білген соң қарсы шыққан. Тарихтағы тирандардың барлығының жуып та, өртеп те, қашап та кетіруге болмайтын ұлы қылмыстары осындайдан басталған. Кез келген мафияның мазмұнының каталдық пен қатыгездіктен тұратынын Алдекең біледі. Олардың тамырына балта шауып, тұқымын тұздай құртпай жақсылық ансаған, қуаныш-күлкіге шөлдеген адал ниетті адамзаттын басынан бұлт кетпейді. Мафия дәуірлесе азамат — құл, ару — күн.

— Азамат — құл, ару — күн,— деп күбірледі шал. Осы тіркесті әлденеше рет қайталады. Көзі жұмулы.

— Аға, мен қайтамын. Сау болыңыз.

Шал көзін ашып алды. Хат әкелген жігіт екен. Алдияр жылы жымиды.

— Рахмет, шырағым! Көсегең көгерсін.

Жігіт шығып кеткеннен кейін Қуат қайтып келіп, тізе бүкті.

— Бетінен иманы тамған бала екен. Қызылжардың арғы жағынан келіпті,— деді шал сақалын саумалап отырып.

— Хадиша! — деп дауыстады профессор. Табалдырықтан аттамай есік көзінде өзіне жаскана қарап тұрған қызға бұрылды.
— Асылхан келмеді-ау...

– Келіп қалатын шығар.

– Алмас деген баланы қалай тапсақ екен?..

Қыздың екі беті қалақай шаққандай дуылдап, әп-сәтте қызарып шыға келді. Басын тұқыртып, төмен қарады. Қыздың жүзіндегі өзгерістің себебін түсінбеген профессор ойланып қалды.

Асылханның жатақханасына телефон соғайын.

– Сөйте ғой. Тезірек келсін, жұмыс бар.

Хадиша кезекші кемпірге жалынып жатып Асылханды телефонға шақыруға әрең көндірді. Ол бөлмесінде екен.

– Жайшылық па? Тыныштық па? – деп бірнеше қайтара сұрады. – Қазір барамын.

Қуаттын көмегімен жерге түсіп, креслоға жайғасып отырған соң Алдияр:

– Қалай, кария, үйренейін дедіңіз бе? Ұйықтай алмай жүрсізуау тегі,– деді.

– Е-е, Алдеке-ай, қатып ұйықтайтын уақыт та алыс қалмаған шығар.

– Е-е, ол күнге асығудың керегі жоқ.

– “Адамның басы – алланың добы” дейді бұрынғылар,– деп күрсінді Қуат. – Бәрі алланың қолында. Пешенеңе жазылғанды көресің де, ойламаған жерден қылжия саласың бір күні. Келдің, кеттің. Артыңда ел-жұртын айта жүрер жақсы ісін қалса мақұл. Қалмаса ұмытсың, бір пенде есіне алмай-де-е, Алдеке. Баласы тәп-тәуір азамат болған талай жайсаңның аруағы үстем болып жүр қазір. Балаң болмай бордай тозса... Сүйекке түскен таңба ғой. – Шал мұнайып, сакалын саумалап, үнсіз отырып қалды. Профессор қонағына көз қиығын тастады, көзі шүңірейіп, жағы суалып, жүні жығылып-ақ қалған екен. – Жатсам да, тұрсам да жалғыз ұл есімнен кетпейді. Ең болмаса жүздесе алмадым-ау,– деп көкірегі қарс айрылардай күрсінген шал, қалтасынан көлдей орамалын алып, жасаураған көзін сүртті. – Аяғанымның дидарын көріп, бір ауыз лебізін естісем, жеңілдеп қалар едім.

– Аяғанның жазуына карағанда, тергеуші мен білетін адам.

– Е-е-е, алла! – деп Қуат кария бетін сипады.

– Сондай бір сүмелекті білуші едім,– деп күрсінді Алдияр. Қабағын шытып, астыңғы ернін жымқыра тістеп, бір сәт үнсіз қалды. – Аяғанмен бірге оқыған. Ғалым боламын деп түк шығара алмай кеткен. Көр көкірек сүмелек еді.

– Ол тасмандай Аяғанымға кәрі иттігін жасайды десенізші. Ой, жалған-ай! Түрінен шошып едім сол нәлеттің.

– Түрі ғана деймісіз, ісі де былық ол сүмелектің.

– Еркіне жіберсе Аяғанымның төбесіне күй қазатын сикы бар

ол нәлеттің,— деді Қуат қария көңілі сөгіліп. Көзі жыпылықтап, мүсәпір адамдай профессорға жаскана қарады... — Кім екенін білмедім, өттен...

— Қари-ия, айқаймен іс бітпейді. Зуылдап келе жатқан пойыздың жолына тұруға болмайды. Әдіс керек.

— Е-е, Алдеке-ай! Жалғыз ұл үшін пойыз түгіл сәмәлетіннің жолына да тұрар едім. Бір ұл ауғанның оғына ұшты. Екіншісінің жанын Кеңес үкіметі аламын дейді... Аяғаным үшін жаным пидә,— деп Қуат қария дымданған көзін сүртті.

— Жолына тұрсаңыз қағады да кетеді,— деді профессор мұнайып. — Пойыздың жолына тұрған құрбандықтың бірі мына менмін. Жатысым мынау. — Алдияр Ақпанұлы өзін-өзі табалағандай мырс-мырс күлді. Қабағындағы қөленке қоюланып, екі көзіне ашу тығылды. Ернін жымқырып, зілді жанарын бір нүктеге қадап, біраз уақыт үнсіз жатты — Пойызды да әдіспен токтатуға болады екен.

— Мен әдіс білмеймін, Алдеке. Біз әдіссіз өмір сүрдік.

Алдиярдың қабағы әп-сәтте жадырап, қарқылдап күлді.

— “Сұрап алған ауруға дауа жоқ” дейді. Сіз бен біз әдіссіз, айласыз өмір сүргендіктен тұйықтан шығар жол таппай қысылып отырмыз,— деді профессор күлкісін кілт тиып, қабағын шытты. — Жетпіске келгенше бүгінгі жастардай өмір сүруді үйрене алғамыз жоқ. Ал қазіргі жастар іштен оқып туа ма қалай... Ол шіркіндер ешқашан қателеспейді. Барлық сұмдықты алдын ала біліп отырады. Топ құрады, жең ұшынан жалғасып, әлсіздерге қиянат жасайды. Сіз бен біздің байпағымыздан басқа сүйенеріміз жоқ. Сондықтан қарсыласуға шамамыз келмей оп-оңай жеңіліп қаламыз.

— Бізді Кеңес үкіметі қорғайды.

— Біздің тағдырымыз сол үкіметтің билігін қолына ұстап отырған топтың қолында, қария,— деп күрсінді профессор. Мынау дүниенің жақсылығынан күдерін үзіп, баз кешкен адамдай жүзі сұрланып, көзіндегі жылт-жылт жанған сәуле сөніп қалған секілденді. — Аяғанның тағдырының тізгіні де соларда. Оларға сеніп, Ай бағып қарап отырсақ, бұл істің немен бітерін айтпай-ақ қояйын. Азамат — құл, ару — күң болар заман келе жатыр...

— Үш күндік пәниде тіл табысып, түсінісуге тырысудың орнына... Бү жұрт жағаласып, жаға жұртысып, жауласып жатады. Не жетпейді бұ жұртқа? Иісі казак демесе бұл жұрт біріне-бірі жат, біріне-бірі жау... Үлкен шаһарға жан-жақтан жиналған халық түгіл, Алдеке-ау, ауылдағы ағайын да есепке

көшкен. Есеппен сыйласады, жақсылығы сатулы,— деп шал кынжыла бас шайқады. — Не боп барады бұ дүние?

— Сырттан жау шаппаса бірімен-бірі ұстасып, тістесіп, жағаласып, бас жарысып жататын қазақтың ескі әдеті емес пе. “Қазаққа ақыл кірмейді” деп зарлаушы еді бір жазушы. Біліп айтады екен бейшара.

Қоңырау шылдырлады, түпкі бөлмеде мультфильм көріп отырған үш бала таласып-тармасып дәлізге жүгіріп шықты. Үнемі осы, есіктің қоңырауы шырылдаса ішіп отырған тамақтарын тастай салып, жарыса жүгіреді. Ата-анасы әне-міне дегенше кіріп келетіндей үшеуі де елендеп, елегізіп отырады.

Үш бала табалдырықтан аттаған Асылханды шұрқырап барып бас салды. Ол ең алдымен Бибіні көтеріп алды да, бетінен сүйді. Сонан соң қолындағы дорбасын берді.

— Лахмет!..

— Жуып жендер.

Екі баланы құшағына қысып, беттерінен сүйгеннен кейін ақсақалдар отырған бөлмеге кірді.

— Ассалаумағалейкө-өм! — деп екі қолын беріп амандасты.

— Отыр, балам, әңгіме бар. — Алдияр Ақпанұлы қалтасынан бір жапырақ қағаз алып, тізесіне қойды. Ежелгі әдеті бойынша көзәйнегін киіп, қағазға үңілді, бірақ оқыған жоқ. — Аяғаннан хат алдық. Оған жапқан жаласы көп екен. Менімше, солары негізсіз. Занға беру үшін солардың барлығы дәлелденуі керек. Бұл-тартпас дерек, дәлелдері бар ма, жоқ па? Бұл біз үшін жұмбақ, шырағым. Қол қусырып, қарап отыруға болмайды. Қуат қария екеуміздің жағдайымыз бірдей. Сенен басқа жүріп-тұратын адам жоқ.

— Соқыр да бір, мен де бір,— деп мұнайды Қуат. — Біреу жетектеп жүрмесе үйден аттап шыға алмаймын. Шықсам қайтып таба алмай сорлап қаламын.

— Бір топ студент Аяғанның үстінен арыз жазыпты. Олар кімдер? Білу керек. Мүмкін өтірік арыз шығар.

— Алмас бар ғой. Біліп береді.

— Алмасты осында шақыр, шырағым,— деді Алдияр, көзін шала жұмып, ойланып қалды. Ол жігітті бірде-бір рет көрмепті. Неге екенін, бұл үйге жоламайды. Оның неге қашқақтайтынын Алдекең іштей сезеді. — Ол сенімді жігіт пе еді?

— Аяған аға үшін отқа түсуге бар.

— Ой, азаматым-ай! Бұл қазақта жақсы мен жайсаң аз емес қой,— деп Қуат қозғалақтап, қуанып қалды. — Адамның кім екенін басына іс түскенде білесің.

– Алмас ширақ, пысық бала болса біраз іс тындырар еді.
– Еті тірі жігіт. Қазір студенттер кенесінің төрағасы.
– Аяғанды арашалап алуға студенттер кіріссе іс онға басар еді,— деді Алдияр, істің байыбына тереңдеп бара алмай, екі көзі жыпылықтап отырған Асылханға тесіле қарап. — Бір топ, бір курс емес, бүкіл факультеттің студенттерін ұйымдастыру қажет. Студенттер — ұлы күш.

– Біздің бригаданың адамдары қандай іске де дайын, аға.

– Сен Алмасты осында ертіп кел. Кең отырып сөйлесейік,— деді Алдияр, есік көзінде ішке кіруге жасқаншақтап тұрған Хадишаға көз тоқтатты. “Қандай әдепті бала еді. Қашан болсын именіп, иіліп ізет көрсетіп тұрғаны”. — Дұрыс айттым ба, қызым?

Хадишаның жүзі нарғай болып қызарып кетті. Қыздың өңіндегі өзгерістің сырын мана түсінбеген, көргені көп сұңғыла карттың санасының көзі енді ғана ашылды.

“Сендей жары бар жігіттің арманы жоқ-ау!.. Бір қазақтың бағы жанайын деп тұр-ау” деп ойлады Алдияр.

Алмасты ертіп келмек болып, Асылхан асығыс шығып кетті. Хадишаның жүрегі алып ұшты.

21

Алмас апақ-сапақта Асылхан келіп қалады-ау деп ойламаған. Есік қағылғанда Сағындық шығар деген. Асылханды көргенде шалқасынан түсе жаздады.

— Оу! — деді сасқанынан ыржия күліп. — Өзіңсің бе?

“Ішке кір” деудің орнына өзі сыртқа шығып, есікті жып еткізіп жаба қойды. Столдың басында аяғын айкастырып, шалқалап отырған шыбықтай майысқан, кайкы кірпік, киғаш қас сұлу қызды Асылхан анық көрді. Бірінші курста оқитын болу керек, өзіне сұқтанған бейтаныс жігітке жасқана қарады, бетінің ұшындағы оймақтай қызыл бояу жайылып кетті. Столдың үстінде жартылай ішілген шампан бөтелкесі тұр.

— Әңгіме бар,— деді Асылхан досының қолын қысып тұрып. Киініп шық, профессор Алдияр Ақпанұлы күтіп отыр.

“Не деп тұрсың?” дегендей досының жүзіне танырқай қарады. “Бұл Алдияр Ақпанұлымен қалай байланысып жүр” дегендей сұраулы пішін.

— Немене Ақпанұлы дейсің бе? Ол кісінің менде несі бар? — деді абыржып қалған Алмас.

— Тез киініп шық. Барған соң білесің,— деп асықтырды Асылхан.

– Ой, осы сен де... Жау қуғандай тегі... Ертең келсеңші, кен отырып сөйлесейік.

– Сен бүгін керексін. Аяғанның жұмысына байланысты ақылдасу керек,— деп тықыршыды Асылхан. Аяғанның атын естіп, Алмастың қабағы тұнжырап, өз өзінен абыржи бастады. Көніліндегі сөзін бірден айтып тастауға батылы бармай, тосылып тұр. – Хадиша да сол үйде.

– Хадиша? – Алмас танырқап, досының жүзіне сұраулы кейіппен барлай қарады. – Ол қайдан жүр?

– Немене, білмеуші ме едің? – Алмас бас шайқады. – Аяғанның отбасын профессордың үйіне көшіріп апарғанбыз. Хадиша балаларға қарап жүр.

– А-а... Ол әнтек езу тартты. Асылхан бірінші рет көріп тұрғандай оған таң қала қарады. Түсінгені – Асылхан асығып тұр. Өзінің бұл келісін мүлде жақтырмағанын сезді.

– Жүрсеңші,— деп қиылды. Алмас суық жымығанмен жақ ашқан жоқ. – Аяғанның тағдыры қыл үстінде тұр. Көмектесу керек.

– Бүгін қолым тимейді. Көріп тұрған жоқсың ба, бос емеспін.

– Хадиша ше?

Алмас жауап қайтарған жоқ, төмен қарап, тағы да күлді. Асылхан досының қылығына мүлде түсіне алмады.

– Ертең жолығайық.

Асылхан оны қолынан ұстай алды.

– Тұра тұр. Адам тағдыры шешілейін деп тұр ғой, Алмас. Аяған ұстазын. Саған көп мәселе қарап тұр. Сен бүгін керексін,— деді Асылхан жалынғандай болып. Алмас қабағын шытып, түсін суытты, езуіндегі бір өшіп, бір жанған өлеусіреген әлсіз шырақтай сайқал күлкі лып сөнді.

– Құлағыңа құйып ал, Асылхан,— деді ол қатқыл дауыспен. – Үш әріптің қолына түскен адам ешқашан құтылмайды.

– Кінәсі болмаса да ма?

– Кінәсінің жоқ екенін сен қайдан білесің?

– Білемін,— деді Асылхан сенімді үнмен. – Сенде білесің. Ол жаланың құрбаны болып отыр. Аяған адамдай болсын адамның бәрі. Профессор Алдияр Ақпанұлы мен Аяғанның басындағы жағдай белгілі адамдардың қолымен жасалған. Мұны сен де білесің.

– Жоқ, мен ештене білмеймін. Білгім келмейді,— деп шаптықты Алмас. Біреу естіп тұрған жоқ па дегендей жан-жағына жалтақтап қарап алды. – Профессор Алдияр Ақпанұлын ешкім ұрып құлатқан жоқ. Аяғанды түрмеге зорлап апарды, кінәлі емес дей алмайды ешкім.

Досының сөздерін естіп, Асылхан не дерін білмей ан-тан болып, аңырайып тұрып қалды. Күні кеше Аяғанның атын аузынан тастамай, оны аспансайғақ жасап жүретін Алмастың мына қылығы көңіліне сыймады.

– Әй, Алмас, сен не деп тұрсың? Шының ба, қалжының ба?

– Қалжыңдасып тұратын уақыт жоқ. Ертең кел,— деді ол бөлмесіне кірмек болып. Асылхан аяғымен есікті тірей қойды да, Алмасты жағасынан ұстап, бір жұлқып, шетке алып шықты.

– Әй, опасыз! Күні кеше Аяған ағаның алдында құрдай жорғалап, құрақ ұшып жүретін сен емес пе ен. Немене түсіннен шошып ояңдың ба?

Асылханның мінезі осы, бір ашуланса сабасына түсуі өте қиын. Осыны білетін Алмас үнсіз. Айтатын сөзі аз емес еді, бірақ өзі білетін шындықты жариялауға қорықты. Алдап-сулап тезірек құтылуға тырысты.

– Ой, қойшы осы! Талағың тарс айрылардай не бүлінді сонша? — деп досының арқасынан қақты. — Профессордың үйіне барғанда мен не бітіремін? — Мен бар болғаны студентпін. — Асылханның құлағына аузын тақап, сыбырлай сөйледі. — Жаңағы балаға өлердей ғашық болып жүр едім.

– Хадиша ше? — Асылхан ала көзімен ата қарады. Жымындап күліп тұрған Алмас жым болды. — Екеуінді таныстырған, дәнекер болған мен едім. Екі ортада қарабет болдым-ау.

– Ой, осы сен қызық екенсің. Танысқан қыздың бәріне үйлене беремін бе? — деп жымыып күлді. Асылхан оның бетіне бажайлай қарап, көз алмай қадалып біраз тұрады. Алмас жасқанып, көзін ала қашты. Асылхан оның жаңағы мүләйім сөзіне сенген жоқ, жігіттің көңілінде бір кілтипан барын сезді.

– Ә-ә, солай де. Солай екен-ау,— деп мырс күлді. — Сонда мына баланы да танысу үшін алып келіп отырсың ба?

Алмас есік жаққа бір қарап алып, алақанымен аузын жауып күлді де, досын иықтан салып қалды. Бірақ Асылхан езу де тартқан жоқ, қабағының қыртысы жазылмады.

– Барамысың, жоқ па?

– Мен неге керек болып қалдым?

– Бір топ студент үш әріпке Аяғанның үстіне арыз жазыпты. Басқа да айыптар аз емес сияқты. Бірақ дерегі, дәлелі аз дейді. Оның ісі өзімен бірге оқыған Максұт деген жігіттің қолына тиіпті. Екеуі өш пе, әйтеуір әлгі сүмелек жоқтан бар жасап, бәле жауып, тісін қайрап отырған тәрізді,— деді жігіт білгенін түгел ақтарып. — Профессордың сені шақырған себебі — Аяған ағаны қорғап қалу үшін студенттерді көтеру керек дейді.

Ол селк етіп, досының бетіне шошына жалт қарады. “Мынау не деп тұр? Есі дұрыс па өзінің” дегендей танырқау бар жүзінде. Қорқып қалғанын жасырмақ ниетпен ақырын ғана жымиды.

Студенттердің Аяғанның үстінен арыз жазғанына сенбеймін. Ол хатты Аяған ағаның жаулары ұйымдастырған, — деді Асылхан, ұзын дәлізбен дедектеп жүгіріп келе жатқан жігітке назар аударды. Қолында ауыр сумкасы бар, қатты асығып келеді, бейшара терлеп кетіпті.

— Алып келдім, өрен таптым, — деді ол Алмасқа жарамсақтана жаутаңдап.

— Сағындық сен Розаның жанында отыра тұршы, мен қазір барамын, — деді Алмас жалақ ерін, шикі сарыға. Ол бөлмеге кіріп кеткеннен кейін екі дос біраз уақыт үнсіз қалған.

— Киініп шықсаңшы, — деді ол досына қиыла қарап. Бұл жолы Алмас бұлталақтап, басын алып қашпай төтесінен тартты.

— Мен бұл былыққа араласа алмаймын. Заң орындарының кімнің кінәлі, кімнің кінәсіз екенін сен екеуміздің көмегімізсіз-ақ анықтай алады.

Түсі сұрланып, өзіне жеп жіберердей ызалана қараған досының ашудан жарылып кетуге шак тұрғанын сезді. Іштей имене тұра шегінбеді.

— Ал Алдияр Ақпанұлы провакатор. Оның қолына билік тисе дүниені өртеп жіберуден тайынбайды. Аяған соның кесірінен түрмеге түсті. Оның ендігі жемтігі мен екенмін ғой. Онын қақпанына түспеймін! — Алмас өршеленіп кетті. Екі жағына кезек-кезек шырт-шырт түкіріп, қызарқтап, ызаға булықты. — Жалғыз досым сенің өзің мені аямайсың. Байқа, бауырым арандап қалма деудің орнына отқа итеріп тұрсың. Мені құлатқаннан саған пайда түсе ме? Мүйіз шыға ма?!

— Сен не деп кетгін? — деді Асылхан абыржып. — Сені отқа айдаған кім? Саған мен отқа түс деп келген жоқпын. Басына іс түскен, өзіңмен дәмдес болған адамға көмек сұрап келдім. Оның бала-шағасы қаңғырып қалды.

— Детдомның балаларынан жаны артық емес олардың, — деп ашулана, кіжіне сөйледі. Тым артық кетіп қалғанын енді түсініп, ептеп қана езу тартты. Бірақ жүзі жылымады. Асылхан не дерін білмей абыржып, қиналып қалды. — Әркімнің қызығы өзіне. Біреу үшін басымды бәске тіге алмаймын.

— Ит екенсің! — деді Асылхан оған жиіркене қарап. Басқа сөз айтқан жоқ, шұғыл бұрылып, жебей басып, шығар есікке беттеді.

Ашуы әлі тарқамаған Алмас не істерін білмей, состиып тұрып

қалды. Ұзап бара жатқан досының сонынан ұмтыла беріп қалт тоқтады.

Екі шалдың өзін асыға күтіп отырғанын біле тұра Асылхан ол үйге бармай, ресторанға тартты. Жолай профессордың үйіне телефон соғып, “Алмасты таба алмадым, ауылға кетіпті” деп өтірік айтты. Хадишаның көңілін бұзбайын деді. Алмас дегенде ішкен асын жерге қоятын қызға жаны ашыды. Жастай жетім қалып, көп қиындық көріп өскен алаң көңіл қызды аяп, жанын жылауық мұң баурап алды. Екі құлағы шуылдап, шекесі солқылдады. “Алмас нағыз сатқын екен ғой. Неге бардым? Неге ұрмадым тұмсықтан!” деп өзін өзі кінәлап, өзін өзі жер-жебіріне жетіп сөкті. Оның мектепте оқып жүргенде тайғанақ, жалтарғыш болғанын есіне алды.

Екеуі мектепте бірге оқыды, бірге жүріп, қатар ержетті. Мұғалімдер ортаға алып, қысым жасаса серт, уәдесін ұмытып, істеген ісін оп-онай мойындай салатын Алмасты кластастары ұната қоймайтын. Шындықты мойындамай қасарысып тұрып алатын Асылхан досының кесірінен кінәлі болып шығатын. Және ол өз кінәсін мойнына алмай бұлтарып, мұның өзін сөгіп, діңкесін құртатын.

— Мойнына алып, кешірім сұрай салғанда онай құтылатын едін. Өзің кінәлісің,— дейтін шімірікпей.

— Екеуіміз “ешкімге айтпаймыз” деп сертесіп едік қой. Уәденде неге тұрмайсың,— дейтін оның сөзіне күйіп-пісіп. Алмас тосылып қалсын ба мұндайда.

— Олар бөтен емес, өзіміздің ұстаздарымыз,— дейтін ол мұның зығырданын қайнатып. Осындай “сатқындығы” үшін ол Асылханнан талай мәрте таяқ жеді, бірақ сүйекке сінді қасиетінен құтыла алмады. Есейіп жігіт болған шағында Алмастың осы бір осалдығы жоғалып кеткен секілді еді. Қателесіпті. Сүйекке сінген қасиет біржола жоғалып кетпейді екен. Ол кемшілігі бір сәтке қалғып кетіпті, қиын жағдайда қайта оянып, өзінің Алмастан өле-өлгенше айырылмайтындығын тағы да дәлелдеді.

“Ол менің басыма іс түссе де жоламай қашатын шығар. Шығады одан. Неге ұрып жықпадым? Әттеген-ай!” деп күйінді жігіт.

Ресторанда ине шаншыр орын жоқ екен. Қарақұрым халық көкпенбек түтіннің ішінде жүзіп жүрген секілді. Әпербақан әуен құлақ жарардай, ішіп алып, қисаландап билеп жүргендерге қарап,

Асылхан аз-кем уақыт кідіріп калған. Әлдекім иығымен қағып кетті, жалт қараған ол ұры тазы секілді құйрығы бір уыс болып бүкшендеп ұзап бара жатқан Арабты таныды. Ойында ештене жоқ Асылхан:

– Әй, әй! – деп дауыстап еді, анау естімеген адамдай қайырылмай кетті. Жалғыз емес сияқты, алдында төрт-бес жігіт кетіп барады. Барлығы тоқтап, әлдене туралы кеңесті де, қаранғыға сіңіп, ғайып болды.

Жоғарыдан орын таппаған соң бірінші қабатқа түсіп, барға қарай беттеді. Көңілінде кілкіп тұрған ренішті таркатудың бір ғана жолы барын білген ол екі жүз грамм алды да, екі бөліп ішіп тауысты. Құлағының шыңылдағаны басылып, жаны жай тапты. Кенет есіне Алмастың бөлмесінде отырған қайқы кірпік, қиғаш қас қыз түсті. “Обал-ай” деді жігіт. Бұл сөзді неге айтқанын әдепкіде өзі де түсінбей қалды. “Бәлкім, қонаққа келген шығар” деп өзін-өзі алдарқатты. Бірақ алағызыған көңілге бұл алданыш бола алмады. Алмасқа деген реніші ұлғайып, өкпесі қара қазандай болды. “Ол неге Аяған ағадан басын ала қашады?” Қара басының ғана қамын ойлаған қараниет болмаса шиеттей бала-шағаны ая еді ғой. Оңбаған! Ондай оңбағанды местей қылып сабап кету керек. Сабап кетемін. Аямаймын” деді қызуы көтеріле бастаған жігіт желпініп. Тез есеп айырысты да, асыға басып, сыртқа шықты.

Қазір барады да, Алмастың ит терісін басына қаптайды. Аямайды. Сатқындық жасағаны үшін және Хадиша үшін...

Жебей басып Абылайхан даңғылымен жоғары өрледі. Қарға адымдағы профессордың үйіне кіріп шығуға жүрегі дауаламады. Өтірік айта алмайды, бар сыры әшкере болса үш бірдей адамның жүрегін жаралайтынын біледі. Әсіресе Хадишаға қиын болатынын жүрегі сезеді.

Абылайхан даңғылы мен Абай көшесінің қиылысындағы “Сәуле” дүкеніне жете бергенде ағаш тасасынан сопаң етіп екі жігіт шыға келді. Қаранғыда олардың түрін тану қиын еді, оның үстіне кепқаларын мильқтатып басып киген. Мыналардың жүрісінен секем алған Асылхан кілт тоқтады.

– Сірінке бер! – деп зекіді шашын еркін жіберген біреуі. Басында мексикандық қалпақ, үстінде тері күрткесі бар. Екі бейтаныстың пиғылын түсінген жігіт бойын тез жинап, әп-сәтте сергіді.

– Темекі тартпаймын.

Бүйірдегі теректің тасасынан тағы да екеуі шыға келді. Жер тар, сол жағы арық, оң жағында терек, шегінуден басқа жол

қалмағандай. Жарық жерге шыкса мыналардың ұмтылмасын біледі. Үш-төрт секіріп үлкен жолға кетуге де мүмкіндік бар. Тұра кашканы ұят, ең болмаса мыналардың біреуін ұрып жығу керек. Білсін Асылханның кім екенін.

Кенет әлдекім қапсыра құшақтай алды. Бұлқынып еді, босана алмады, қолы соншалық қарулы екен, екі аяғын жерге тигізбей тік көтеріп кетті. Тұра ұмтылған мексикан қалпақтыны қос аяқтап көкіректен тепкен, ол бейшара шалқасынан түсті де, қайтып тұрған жоқ. Өзі құшақтап тұрған бейтанысты бөтенкесінің өкшесімен қыр сүйектен тепті, ананың жан даусы шыққанмен Асылханды босатпады. Сол екі арада әлдекім жүрегінің басынан аямай ұрды, ауа жетпей тұншықты. Ожаудай дәу жұдырық тағы тиді. Екі жігіт екі қолын қайырып ұстап тұрды. Шалқасынан түскен мексикан қалпақ ыңырысып келіп, бүйірінен ондырмай тепті. Қыр сүйегін жарақаттап алған екіншісі келіп, көк желкеден ұрды. Екі жігіт екі қолын сындырып жіберердей қайырып, тістене кіжініп тұр.

– Таких паразитов надо уничтожать! Баран!

– Сволочь!

– Мені ұмытып қалған шығарсың,— деді қарсы алдына келіп, талтайып тұрған әлдекім. Асылхан қараңғыда Геркулесті тани алмады. – Танысып қоялық.

Шіреніп тұрып қалғандай теппі, Асылханның көзінен оты жарқ етті. Бар дауысымен айқайды салып, оң қолын қайырып ұстаған бейтанысты тобықтан қағып құлатты. Қарсы алдындағы жігіт шіреніп тұрып тағы тепті, Асылхан шалқасынан құлады. Орнынан атып тұрды, көзінің алды қап-қараңғы, дүние шырқөбелек.

– А-а-а-а! Милиция! — деп айқайлады жігіт.

– Міне, саған милиция!

Геркулестің қолындағы алмас кездік қап-қараңғы түнде жарқ етті. Кездікті суырып алып тағы сілтеді. Екі, үш, төрт, бес... Алтыншы рет жүректің тұсына бойлата салды да, суырып алып, қаша жөнелді. Асылхан тәлтіректеп барып үлкен жолға құлап түсті. Көзінің алды қап-қара түн, әлдекімдердің дауысын естіді. Ақтық күшін жинаған жігіттің профессор Алдияр Ақпанұлының телефон санын айтуға ғана шамасы келді

Көзі ілініп кеткен екен, шар ете қалған ашы шырылдан шошып оянды. Орнынан атып тұрды да, телефонға жүгірді. Екі шал әлі ұйықтамапты, әңгімелесіп жатыр екен.

– Алло, – деді бейтаныс адам дауысы дірілдеп. – Сіз кешірініз!.. Осыдан бір сағат бұрын “Сәуле” дүкенінің алдында... Алло... Естіп тұрсыз бе?

– Иә, иә, – деді Хадиша тұла бойымен ток жүріп өткендей өзінен қалшылдап қоя берді.

– Бір жас жігітті пышақтап кетті... Оның осы телефонды айтуға ғана шамасы келді.

– А-а-а!.. А-а-с-ы-л-х-а-ан...

– Оны жедел жәрдем алып кетті.

Қыздың қолындағы трубка түсіп кетті.

– А-а-с-ыл-хан, – деді ол жылап тұрып.

– Не болды, қызым? – деп дауыстады Алдияр.

– Пышақтап кетіпті, – деді де егіліп жылап қоя берді. Өткен өмірлерін еске түсіріп, жайбарақат отырған екі шал шоқ басып алғандай болды.

– Кімді? – деді Қуат қария жан дауысы шырқырап. Әп-сәтте түсі оңған шүберектей болып кетті. Орнынан атып тұрмақ болып, бірнеше рет талпынып еді жерге желімделіп қалғандай қозғала алмады. Буын-буынынан жан кетіп қалған сияқты, сақалы селкілдеп, көзінен бырш етіп жас шықты.

– “Сәуле” дүкенінің алдында... Сол... Асылхан, – деді Хадиша егіліп жылап тұрып.

– Апыр-ау, жана ғана телефон соғып еді ғой.

– Кой, бекер болар, – деді манадан бері тілі байланып сазарып отырған Қуат қария. Екі көзінің алдындағы қос тамшыны сұқ саусағымен іліп алып тастады.

– Атана нәлеттер! Ескі әдістеріне қайта көшті. Бұрын күніне бес-алты рет телефон соғып, адамның жүрегін суылдататын, – деді Алдияр қыз бен шалды сабырға шақырып. – Көңіліне ештеңе алма, қызым. Тыныш жатып, ұйықтай бер.

Орнына келіп жатқанмен Хадишаның қозғалып кеткен көңілі орнына түспеді. Сұм жүрек бір сұмдықты сезді ме, қайта-қайта жүрісінен жаңылып, тыпырлап алқымына келіп тығылды. Мана телефонмен сөйлескенде Асылхан аса көңілсіз секілденген, жарытып ештеңе айтпады. Бар болғаны “Алмасты таба алмадым, ауылға кетіпті” деді. Оны таппаған күнде қайтып оралып, Аяғанның шаруасына байланысты ақылдасуы керек еді ғой.

“Бәлкім, Алмас екеуі ренжісіп қалған шығар” деп ойлады қыз. Соңғы бірер ай бойы ол хабар-ошарсыз жатып алды. Неге қаш-қақтап жүргенін, несімен жакпай қалғанын Хадиша мүлде білмейді. Асылханға бұл туралы тіс жарып әнгіме айтпаған. Солай бола тұра ол бір кілтипанның барын сезетіндей болып көрінуші еді.

Ол неге келмейді? “Алмас баска біреуді тауып алған шығар” деген ой қыздың қуанышқа қаталаған жетім жүрегін аяусыз талап, жарық дүниеден баз кештіретін. Өмірдің барлық құдай-қиянатын үн-түнсіз жүріп көтеруге үйренген қыз бұған да көнді. Жанын жегідей жеген азабын, басын қанғыртқан қайғысын пенде баласына сездірмеуге тырысты.

“Аяған ағаға деген ниеті жақсы еді ғой. Ол кісінің басына іс түскен сәтте тұра қашқаны қалай?” деген сумақай ой әр сәт сайын Хадишаның алдынан көлденең шыға беретін. Ол ең сүйікті адамының сатқындық жасап, жалт бергенін, Аяғанға қарсы топтың жағына шығып үлгергенін мүлде білмейтін. Әртүрлі ой келгенмен Алмасты ешқашан жамандыққа қиған емес. Ол әнеміне дегенше келіп қалардай үнемі үміттеніп, елегізіп жол тосып жүргені. Ара-тұра бір күдік қарабас жыландай шақшадай басын жалмаң еткізіп көтеріп алатын да, қыздың жетім жүрегін тістелеп, уын жаятын. Сол жылан-күдік қазір де бұғып келіп. Хадишаға улы тісін қатты қадады.

“Асылхан жатақханадан шыққаннан кейін осында келген екен ғой” деп ойлады аунақшып жатқан қыз. “Неге?”. Жолындағыларды сыпырып-сиырып алып кететін селдей екпінді қалың ой ұлы тосқауылға тап болғандай лықсып келіп тоқтады. “Неге?” Хадиша жалғыз сөзден тұратын сұраққа жауап таба алмай дәнбекшіді. “Бәлкім, Алдияр аға біліп айтқан шығар. Әлдекімнің өзәзілдік жасауы да мүмкін-ау” деп өзін өзі сабырға шақырып, жұбатпақ болған, бірақ жылан-күдік шегінбеді, улы тісін қыздың жанына батыра түсті.

“Апыр-ау, осы мен неге жатырмын? Неге Асылханды іздемеймін?!”

Әлеуетті күш Хадишаны төсектен жұлып алды. Телефонды ас бөлмеге алып барып, жатақханаға қонырау соқты. Түннің бір уағында кезекші кемпір жоғары көтеріліп, есік қағып жүрсін бе. Хадишамен дұрыстап сөйлеспей трубканы тастай салды. Қайта қонырау соғып еді, ешкім көтермеді, амалы таусылып аласұрған қыз шамы сөніп қалған Алдекеңнің бөлмесінің есігін қақты.

Екі шал үн-түнсіз жатқанмен әлі ұйықтамаған еді, олар ойдың шынырауына түсіп кеткен-ді. Хадиша есікті сәл ғана ашты. дәліздегі жарық қараңғы бөлмеге лап қойды. Қуат қария әлі жатпапты, малдасын құрып, ерні жыбырлап, күбірлеп сөйлеп отыр екен. Басы салбырап кеткен. Алдияр да ұйықтамапты, көзі жұмулы, қабағы шытқыл, іштей қатты қиналған адамның сиқы.

— О не қарағым, — деп Қуат қария басын шалт көтеріп алды.
— Шам жақ.

Қыз шам жақты. Алдияр сол қолын тіреп, басын көтеріп отырды.

— Мен Асылханның жатақханасына барамын, — деді қыз.

Қуат қария орнынан тұрып, үн-түнсіз киіне бастады.

— Алдымен жедел жәрдемнің ауруханасына барындар, — деді Алдияр. Айтарын айтып алып, қатты қысылды. “Әттеген-ай, алжасканның сөзін айттым-ау” деп киналды.

Қыздың көзіне жас үйірілді. Профессордың мына сөзіне карағанда оның да көңіліне күдік шапқан тәрізді. Өзәзілдер әлдеқашан жеңіске жеткен, енді қарға адым жер мұң болып, мешел баладай омалып жатқан шалға түн жарымда телефон соғып, мазасын алатындай жөні жоқ.

Олар телефон соғып, мазалауды қойғалы да біраз жыл. Ең соңғы рет Мұса Байларовтың шәуілдектерінің талауына түсіп, қайтып бас көтере алмастай болып жеңіліп қайтқан күні өзәзілдер бірінен кейін бірі телефон соғып, “жеңілісімен” құттықтап мазалаған. Содан кейін мына кеселге ұшырап, ұзақ уақыт саржамбас болып, ауруханада жатты. Қайтып келген соң құлағы тыншыған, Байларовтың адамдары мұны ұмытқандай еді.

Алдиярдың сөзі қызға жүрегіне біз сұғып алғандай әсер еткенмен ауыл адамының әдебіне бағып, тілінің ұшындағы тұрған сөзін іркіп, үндемей теріс айналды.

— Жеті түнде сені жалғыз жібере алмаймын, қызым. Мен бірге барамын, — деді Қуат қария. Демнің арасында киініп үлгеріпті.

— Дұрыс, қария. — Алдияр оның мына ісіне шын ризалығын білдіргендей жанынан өтіп бара жатқан Қуаттың қолынан ұстап, ақырын ғана сілкіді. — Телефонды менің жаныма қойып кет, қызым. Столдың үстінде телефон анықтамасы бар еді. Мүмкіндік болса хабарласып тұрындар.

Қыз бен шал машина ұстап, Асылхан тұратын құрылысшылар тұратын жатақханаға келді. Есік алдында отыратын вахтер кемпір түн жарымында мазасын алған келімсектерді жерден алып, жерге салып, біраз тулады. Хадишадан болған жағдайды естігеннен кейін ғана асып-сасып, “ой, божесін” сан қайталап, үстіңгі қабатқа жүгірді, көп кешікпей Асылханмен бірге тұратын Жайдарды дедектетіп сүйреп алып келді. Жайдарды көрген сәтте Хадишаның көңіл түкпірінде жылт-жылт жанған әлсіз шырақ лып өшті.

Жігіттің есі шығып кетіпті, аман-сәлем жоқ, келген бетте:

— Асылхан қайда? — деді түйеден түскендей дүңк етіп. Хадишаның көзінен мөлт етіп жалғыз тамшы үзіліп түсті.

– Е-е-е,— деп күрсінді шал. — Алдекең біле-е-д-е-е... Жүр, кызым, жүр...

– Қайда барасыздар? — Сұрағына жауап ала алмаған, істің мәнісіне түсінбей есеңгіреп тұрған Жайдар есікке беттеген шалдың шалғайына жармасты. — Ата-оу, не болғанын айтыңызшы ең болмаса.

– Не болғанын білсем жеті түнде мұнда келемін бе, баламау,— деп шал тағы да күрсінді. — Не болғанын білейік деп тентіреп жүрміз.

– Тұра тұрыңыздар, мен бірге барамын,— деп ол жоғарғы қабатқа жүгіріп шығып кетті.

Шал мен қыз сыртқа шықты. Вахтер кемпір мұрны шуылдап көз жасын сығып-сығып алды да, белгісіз біреулердің жержебіріне жетіп, жекен суын ішкізіп, бұркылдап сөйлеп жүр. Сөзінің ынғайына қарағанда, Асылханға кастандық жасағандарды білетін сияқты, бірақ ешкімнің атын атамайды.

Қуат қарияның қабағы тырысты. Жайқиған сары кемпірдің кылығына наразы бола тұра үндемеді, тілін білсе “жамандыққа бастама” деп тиып тастар еді.

– Мына кемпірдің ниетінің жаманы-ай,— деп күніренуден аспады.

Жайдар көп күттірмеді. Үшеуі таксиге отырып, жедел жәрдем ауруханасына тартты.

– Қазақтың баласы екенсің, қарағым. Адам жоғалтып, іздеп жүрміз. Кетіп қалмай, бізді тоса тұр. Жеті түнде қай кәпірге жалынып жүреміз,— деді Қуат жедел жәрдем ауруханасының алдына келген кезде такси айдаушыға жалынғандай болып. Қалтасынан жиырма бес сом шығарып, мұртты жігітке ұсынып еді, иманы бар жан екен, шоршып түсті.

– Ой, ақсақал, қайдағыны шығарманыз. Мынауыңыз көп. Есептегіш бар-жоғы алты сом соқты,— деп шалдың қолын қақты.

– Әй, шырағым, мынаны атамнан тәбәрік деп ал. Мен сияқты жетпістен асқан ауылдың шалы сенің мәшинене күн сайын отыра бермес. Ал, қарағым, ырым ғып ал,— деді шал қиналып. Жігіт қынжыла тұра шалдың бергенін алды.

Келіп түскен ауруларды қабылдайтын бөлмеге барып, Хадиша мен Жайдар екі жақтап түсіндіруге тырысты.

– Фамилиясын айтыңыздар, — деді кезекші дәрігер олардың сөзін бөліп.

– Мұсаханов Асылхан.

– Ондай адам түскен жоқ.

– Е-е, алла! – деп, Қуат қария іштей күбірлеп, бетін сипады. Хадишаның жүзіне қан жүгірді.

– Е-е, бәсе! Асылхан үш-төрт адамға әл бермейді. Ақбота екеуі қыдырып жүрген шығар, – деп Жайдар тарқылдап күлді. – Ақботасы үшін ол Мекке-Мәдинеге еңбектеп барудан қашпайды.

Үшеуі көңілдерін осылай жұбатып, енді кетуге ынғайланғанда манадан бері үнсіз тұрған медбике қыз:

– Осыдан екі сағат бұрын бір қазақтың жігітін алып келген. Мұрты бар, жаланбас, – деп үшеуінің бетіне алма-кезек көз жүгіртті. Өзі қорқып тұрған сияқты.

– Түрі қандай, түрі? – деді Жайдар тақымдап. Медбике қыз жанарын жығып, бас шайқады. – Киімі ше? Қолында А.А. деген қос әріп...

– Біл-мей-мін, – деді жасқа тұншығып. – Ол бір телефонды және қыздың есімін атады. Және бір сөз... – Қыз қалтыраған қолымен маңдайын ұстап, ұзақ ойланды. Мықтап қорқып қалса керек, тұла бойы қалш-қалш етеді. Суықта қалғандай тісі-тісіне тимей сақылдайды. – Гер-р-к-у-лес...

– Геркулес?

– Иә, иә... Сонан соң Ақбота деді. Сонан соң алпыс тоғыз, он, нол...

– Ол... Ол қайда қазір?

– Ол... Ол жоқ! – деп медбике қыз егіліп жылап қоя берді.

А-а-сыл-х-а-а-н!..

– Хадиша шыңғырып жіберді.

24

Екі күннен кейін Асылханның табытқа салынған денесін Мұсахан қария бастап келген ағайынды бес ұл шыр етіп дүниеге келген кіндік жұртына – ата-бабасына мәңгілік жайлы мекен болған қасиетті туған жеріне алып кетті...

Аяулы азаматты шығарып салуға көп адам келген жоқ. Оның кім екенін төңірегінде жүрген азын-аулақ адамдардан басқа ешкім де білмейтін. Ол әзірше ешкім емес еді. Сұм дүние нағыз азаматты, өзге үшін ойланбай өзегін жұлып бере салуға дайын, өзге үшін өз өмірін қиюдан тайынбайтын ұлды әлі ешкім емес кезінде қыршынынан қиды. Сөйтіп Жер-Ана тағы бір ұланынан айырылды.

Ұлының мәйітін моргтен алып шыққанда көзіне жас алмаған діні қатты әке қарғадай қыз келіп, Асылханның өлі денесін құшақтап, атын атап, құлағына дауыстап оята алмай, амалы

кұрыған сон зар еңіреп жылағанда шыдамай еңкілдеп қоя берді. Келін болып түспей жесір атанған мұнлықпен бес ұл кезек-кезек көрісіп, жиналған жұрттың барлығын жылатты.

Досының қазасы туралы хабарды кеш естіген Алмас машина енді жүргелі тұрғанда келді. Жаланбас, жүгіріп келген сияқты, пальтосының өңірі ашылып кеткен, ентіге дем алады. Өң жоқ, түс жоқ, боп-боз болып кеткен. Оны көріп, көз жасы жана әзірде ғана құрғаған Хадиша қайтадан егіліп қоя берді. Асылханның бес бауыры Алмаспен көрісіп, жиналған жұртты тағы да бір толқытты.

Ертелі күнді кеш қылмандар, шырактарым. Біраз жер жүреді екенсіңдер. Ел-жұрт күтіп отыр дегендей... Жолдарыңнан калмаңдар. Анасына тезірек жеткізіңдер азаматты,— деп Қуат қария ақыл айтты.

— Мен бірге барамын,— деді жылап тұрған Алмас.

— Жеңіл шығыпсың балам. Жол қашық. Мына түрінмен үсіп өлесің,— деп Мұсахан қария қарсы болып еді, Алмас көнбеді.

— Барамын,— деді жасты көзбен ақсақалға жалт қарап. Хадишаның жүрегі езіліп кетті. Жүгіре басып үйге кірді де, түйе жүннен тоқылған кеудешесін, түбіт шәлісін және анасынан калған мұра — жүн салып қабыған қалың көрпені алып шықты.

Жүріп бара жатқан машинаны қуып жетті де, қолындағы заттарын кузовқа лақтырды.

— Алмас, көрпеге оранып отыр. Тоңып қалма.

Алмас оған жалт қарады, Хадишаның көзінен өзіне деген жылылықты, ең бір жақын адамында ғана болатын ерекше мейірімді таныды.

Дәл осы күні радио атаулы таңертеннен бастап қаралы музыка ойнады. Еңсесін басқан қасіретті көтере алмай жатып калған Ақботаға бұл ең сүйікті адамының, Асылханының қазасына аза тұтып, қайғырған көптің назасы секілденген. Азалы әуенге қосылып егілген бейшара қыз сол күні Леонид Брежневтің қайтыс болғанын білген жоқ.

25

Аяулы азаматтың қазасы ешқандай туыстығы болмаса да бір өкенің балаларындай бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып, өз шындығын, кез келген сәтте қорқау қасқыр сынды қараулықтың жемтігіне айналып кетуі мүмкін тағдырын қорғау үшін жаланың құрбаны — Алдияр Ақпанұлының шаңырағының астына жиналғандарды есеңгіретіп кетті. Ол жаны жаралы, көңілі жарым бір топ адамның арқа сүйері, ұйытқысы еді. Жігіттің өлімімен

бірге сол шанырақты көтеріп тұрған дінгек құлағандай болды.

Алдияр мен Қуат кариялар ақылдаса келіп, Асылханның дос-жарандарын, енбектес серіктерін шақырып, жетісін беруді ұйғарды. Бар салмақ Хадишаға түсті. Күндіз жұмыста, балаларды бакшаға алып бару, алып келу соның мойнында. Тамақ жасау, үй тазалау, бір топ адамның кірін жуу оңай ма, аз уақыттын аралығында бейшара қыз көзі шүңірейіп, жағы суалып жүдеп кетті. Сонда да қыңқ деп, кабак шытпайды. “Оу, осы сендердің маған өткізіп қойғандарың бар ма?” дер еді баска біреу. Хадиша бейшарада артық сөз жоқ, жымыып күліп жүріп барлық шаруаны тап-тұйнақтай тындырады.

Бұл жолы да тепендеп өзі жүгірді. Жайдар көмектеспегенде мүлде үлгере алмас еді. Соншама адамға дастархан жасау оңай ма?! Басын қайғы қаңғыртып, есенгіреп қалған Ақботаны мазалағысы келмеген. Ол бейшара Асылханды жерлеп келгеннен кейін жатақханаға бармай осы үйде қалған. Жайшылықта жеңіл-желпі киындыққа қынбайтындай болып көрінетін Ақботаны дәл осындай күйрек деп ойламаушы еді. Түні бойы дөнбекшиді, күрсінеді, дауыс шығармай егіліп жылайды. Кейде шырт ұйқыдан оянып кетеді, егіліп жылаған құрбысын жұбата алмай шаршайды. Оған қосылып, өзі жылап тынады.

— Менің де өлгім келеді,— дейді қыз тұншығып. — Асылханға барамын. Онсыз өмір сүргім келмейді.

— Қойшы қайдағыны айтпай,— дейді Хадиша оны құшақтап. Көз жасын сүртіп, жұбатуға кіріседі. — Менің анам тым ерте кетті ғой, Бота. Ол кезде мен небәрі тоғыз-ақ жаста едім. Анасыз өмір сүру мүмкін еместей көрінетін. Көп ұзамай өлемін деп ойлайтынмын. Сөйтіп жүргенде біраз уақыт өтті. Анам алыстай берді, алыстай берді. Мен жалғыз өмір сүруге, жалғыздыққа үйрендім.

— О-о-ой, Хадиша, маған онсыз өмір жоқ. Асылхандай адам табылар ма енді. Жок, жок!..

— Уақыттан күшті емші жоқ, Бота. Уақыт барлық ауруды жазады. Уақыт өтеді, бәрі қалпына келеді,— дейді Хадиша сәуегейлік жасап. Ақбота басын шайқайды.

— Бәрібір Асылхан қайтып келмейді. Ол жоқ,— дейді де Хадишаны құшақтап алып, қоймай өксиді.

— Бибі оянып кетеді,— дейді оны жұбатудың баска амалын таппаған Хадиша. Осыдан кейін ғана Ақбота өзін өзі қолға алып, дауысы тиылғанмен түннің бір уағына дейін көзі ілінбейді, іштей егіліп жылап жатады.

Асылханның жетісін беретін күні Әсем ауруханадан шықты.

Ауруханада ұзақ жатып әбден әлсіреп қалған келіншек Асылханның қазасын естіп, талып қала жаздады. Дауыс шығарып жылауға шамасы жоқ, екі көзінен мөлт-мөлт тамған жасты қайта-қайта сүрткіштеп, демікті де қалды. Жедел жәрдем шақырып, дәрі еккеннен кейін ғана дұрысталып, беті бері қарады.

Балаларының ортасына келіп, Бибіні құшақтап, Олжасы мен Елжасын аймалап сүйіп, мауқын баса алмай отырған келіншек Асылханға арнап жайылған дастарханнан дәм татып, боталарына қайтып оралды. Асыл азамат туралы жақсы-жақсы сөздерді естіп, жайбарақат отыра алмасын сезді, басқалар да қолқаламады.

Профессор Алдияр Ақпанұлының үйіне Асылханмен дос-жаран болған қыз-жігіттер, бригаданың мүшелері түгел жиналды. Қуат қария Асылханның аруағына бағыштап құран оқып, дастарханға бата жасады. Сөзді бірінші болып Алдияр бастады.

– Шырақтарым, – деді ол дауысы дірілдеп. Көңілі бұзылды ма, бір сәт үнсіз қалды. – Кеше ғана араларында жүрген азамат бүгін аруақ. Ол... Біздің Асылханымыз қара ниет залымның қолынан қаза тапты. Жаманшылық әрқашан үстем, шырақтарым. Ол жалаңдаған қанжарын жақсы адамға жұмсайды. Бірақ жақсы адам ешқашан өлмейді. Ол... Біздің Асылханымыз өлген жоқ. Ол біздің жүрегімізде... – Алдиярдың иегі кемсендеп, көзіне жас үйірілді. Бір сәт үнсіз қалды. Қыстығып әрең отырған Ақботаның көз жасы парлап қоя берді. Оған басқа қыздар қосылды. – Жылағанмен Асылхан оралмайды, шырақтарым. Асыл азаматты еске алып, дәм ауыз тиіп отырындар.

Көз жастарынды тиындар, қарақтарым. Асылханға ауыр тиеді, – деді Қуат қария. – Бұл Асылхан баламның құрметіне жайылған дастархан. Аруаққа тие берсін деп дәм алындар.

Өзі шелпектің шетінен үзіп алып, аузына салды. Манадан бері бастары салбырап, үн-түнсіз отырған жұрт қимылға көшті. Сөз бастағысы келіп, тілі қышып отырса да, олардың тәбетін бұзбайын деп Алдекең сабыр сақтады.

– Өлгі залымдарды тапты ма екен? – деп сұрады біраздан кейін Қуат қария.

– Геркулес пен Араб қайда қашып құтылар дейсіз. Іздестіріп жатыр ол сүмелектерді.

– Ой, жауыздар-ай! – деді Сергей кинала бас шайқап. Көзінде үрей бар. – Андып жүрген ғой. Олар ешкімді аямайды. Екеуі де отырып келген. Ондай қанішерлерді түрмеден шығаруға болмайды. Дереу апарып қамамаса тағы да біреудің обалына қалады.

– Атып тастау керек оларды! – деп кіжінді келгелі бері қабағы ашылмай, тұнжырап отырған Алдияр Ақпанұлының

кимылын андыған Сыпатай. — Баяғыда атып тастаса біз бүгін қасіретке қақалып отырмас едік қой, әкеннің!.. Асылхан бауырымыз күліп-ойнап ортамызда жүрер еді. — Сыпатай басын тұқшитып, қалтасынан беторамалын алып, көзін сұртті. Хадиша анық көрді, бригадирдің көзі мүлде дымданбапты. Ұнатпайтын адамның жәдігөйлігіне ашуы келгенмен үлкендердің алдында әдеп сақтап, тілін тістеді. — Асылхан менің баламдай еді. Ағалап алдымнан қия өтпейтін. Ой, несін айта берейін, болайын деп тұрған бала еді. Амал қанша.

Сыпатайдан кейін басқалар да Асылхан туралы білгендерін айта бастады. Ақбота төмен қарап, үн-түнсіз отыр. Мыналардың әңгімесі жарым көңіліне жұбаныш болар емес. Олар қанша мақтап, марапаттағанмен бірде-біреуі Асылханның қандай азамат екенін білмейді екен. Ақбота енді түсінді, қанша уақыт бірге жүрсе де мыналардың ешқайсысы оны өзіндей танып, өзіндей бағалай алмапты. Бұлар Асылханды танып үлгермеді. Демек күні ертең-ақ ұмытып кетеді. Қыз күрсінді. Орнынан тұрып кетті. Балаларының ортасына келіп, мәз-мейрам болып отырған Әсемнің жанына тізе бүкті.

Үлкен ас келді. Қуат қария күбірлеп құран оқыды. Ең сонында:

— Мұсаханұлы Асылханның аруағы разы болсын. Оған құдайдың рахымы түсіп, пайғамбарлардың шапағаты тисін. Ағайын-туғаны аман-есен болып, жамандық көрмесін. Алла-тағала осы үйдің дастарханына береке беріп, мерейін үстем етсін. Аумин! — деп бетіп сипады. — Ал, қарақтарым, дәм алындар. Асылханға тие берсін.

— Асылхан сияқты жігіттерді біртуар дейді. Ол нағыз ер. Біз осы күні Ұлы Отан соғысында ерлік көрсеткен Мотросов, Сұлтан Баймағанбетов сияқты батырларды мақтаймыз ғой. Менің ұғымымда, Асылхан солар сияқты ердің ері. Кез келген жұмыр басты пенде өзін өзі оққа байлап, отқа лақтырмайды. Үлкен тәуекелге бару үшін үлкен жүрек керек адамға. — Профессордың сөйлей бастағанын құлағы шалған Ақбота босағаға келіп, есіктің жақтауына сүйеніп тұрған. Үлкен кісінің мына сөзінен кейін көңілі босап, көзіне жас іркілді. — Асылхан сондай үлкен жүректі адам еді. Шындық үшін шырылдап барып, отқа түсіп кетуден тайынбайтын. Көңілі түскен адамына көмектескісі келсе оған жанып тұрған от та, жауып тұрған оқ та кедергі жасай алмас еді. Үлкен парасат иесі, нағыз азамат қана осындай тәуекелге бара алады, жігіттер,— деді жасаураған көзін жұмып, терең күрсінген Алдияр Ақпанұлы. — Мен оны аз ғана уақыттан бері білемін.

Онын мен байқамаған, мен сезбеген, білмеген асыл қасиеттері де көп шығар. Менің бір ғана ақиқатты айтқым келіп отыр. Асылханды үлкен болашақ күтулі еді...

Ақботаның екі иығы селкілдеп, өксіп-өксіп жылады. Хадиша құйып отырған сорпасын тастай салып, Ақботаны қолтығынан демеп, басқа бөлмеге алып кіріп кетті. Жым-жырт тыныштық орнады.

— Айтып отырған сөзіңіз шындық, аға,— деді бір уақытта Сыпатай түкірігі шашырап. Маңдайынан шып-шып шыққан терді алақанымен сылып тастап, қабағын түйіп алып, тас мүсіндей қимыл-қыбырсыз қатып отырған Алдиярға қарап, жарамсақтана жымыды. Күші, абырой-беделі асып, мысы басып тұратын адамдарды арқа тұтып, солардың ығын паналап үйренген Сыпатай бұл жолы да ескі әдісіне салды. — Данышпандық сөз айттыңыз. Біздің Асылхан дәл сіз айтқандай жігіт еді ғой, марқұм. Біреуге көңілі құласа ештеңеден қайтпайтын. Сөйтіп жүріп арандап қалды ғой бейшара. — Тағы да манағы әдетіне бағып, басын түкшитып, көзін сүрткен болды. “Айналамадағы адамдар бәрін көріп отыр-ау. Осыным әбес-ау” деп қымсынған жоқ. — “Қазактың катындары сен сияқты ұлды күнде таба бермейді, арандап қалмай абайлап жүр” деп талай айттым. “Ой, аға, мен суға салса батпаймын, отқа салса жанбаймын” дейтін. “Бәле жұғады, одан алыс жүр, мен антилерді он шақырымнан танымын” дедім. Түсінбеді мені. Сол антиді қорғаймын деп бандиттермен төбелесті ғой бейшара. О-о-й, қайран ерім-ай! Иттің баласын сұлатты да салды. Омадай болған немені бір-ақ ұрып құлатты. Айтсам сенбейсіздер ғой тегі... Кәдімгі кинодағыдай... Ол екеуінен Асылханның арқасында құтылғанбыз.

— Геркулес пен Араб басымызға шығып алып еді.

— Ақыры солар жетті түбіне,— деді Сыпатай, жылайтын адамдай иегі кемсендеп, қол орамалымен көзін сүртті. — Ал ол иттің ғана баласы бәрін бүлдіріп алып, түк білмегендей тыптыныш жатыр.

— Кімді айтып отыр? — деп жиналған жұрт бір-біріне қарап, сыбырласа бастады. Кінәлі адам осы дастарханның басында отырғандай бір-біріне күдікпен көз тастайды, Алдиярдың өзі Сыпатайдың мына сөзінен кейін қозғалақтап, “мынау не бықсытып отыр” дегендей мойын бұрып, бригадирге түксие қарады.

— Ой, ит-ай! Біздің Асылханның басын оп-оңай айналдырып алды. Өзі ғалым, өзі кандидат нәуқ, еше құрылысқа келіп қара жұмыс істейді, — деп Сыпатай бас шайқап, ыржиып күлді. —

Неге? Сендер осынын себебін ойландындар ма? Жок, бірде біреуің ойланған жоқсындар. Ал мен бірден білдім. Оны Кеңес үкіметінің жаулары біздің арамызға үгіт жүргізу үшін әдейі жіберген.

Осы кезде қонақтар отырған бөлмеге Бибі, оның соңынан Олжас жүгіріп кірді. Қыз төмендеу отырған Алдиярдың алдына шықты, Олжас өз атасына беттеді.

— Ой, алтындарым! — деп Сыпатай енді екі баланы мақтауға кірісті. — Міне, біздің болашағымыз осылар. Антилерге қарсы күресетін осылар. Бакытты болындар айналайындар...

— Бригадир, сен кімді айтып отырсың? — деп сұрады Сергей.

— Әй, баяғыда бізде істеген кандидат нәукті ұмытып қалдың ба?

— Сыпеке, қайдағыны айтпай тыныш отырыңыз,— деді Жайдар көз астымен екі шалға ұрлана қарап. Екеуінің де түсі кашып, қабақтары қыржиып, тістеніп әрең шыдап отырған тәрізді. Әсіресе Қуат қарияның қабағы кату, қаба сақалы селкілдеп, басы қалтаңдай бастаған. Төңірегіне бажайлап қарап, жұрттың пейілін байқап, сезіп отырған Сыпатай жоқ, дастархан басындағылар үндемегенге үдей соғып, екпіндеп барады.

— Өзің білмейді екенсін. Білетін адамның аузына қақпақ болма. Вот солай, бала. Мен айтсам, сен сияқты шикі балдарға сабақ болсын, Асылхан сияқты адасып, арандап қалмасын деп айтамын. Ал сен болсаң маған замешание жасап...

Қуат қария әңгіменің кімге қарай ойысып бара жатқанын сезіп, әрен деп орнынан тұрды да, теңселе басып, дәлізге шықты. Оның неге тұрып кеткенін Алдияр, Хадиша, Жайдар үшеуінен өзге ешкім де білген жоқ.

— Қойыңыз, аға, ұят болады. Біреуге күйе жақпаңыз,— деп Хадиша қаттырақ айтып еді, бригадир өршеленіп кетті.

— Міне, бұлар үнемі осы. қария. Аға сыйлауды білмейді. Беттен алады. Бәрі өзіміздің қазақтың балдары. Мен ғой бұлардың әкесіндей адаммын. Коммунистпін. Бригадирмін. Сабақ болсын, ауылдан келген қазақтың балдары арандап қалмасын деп шыбын жаным шіркей болады. Ол иттің күшігі түрмеде жатыр. КГБ-ның адамы мына мені шақырып, түсініктеме алды. Во-о, мәселе қайда?! Ал сендер түк білмей тұрып, оны жақтайсындар.

— Ұялсаңызшы! Ол кісіде неңіз бар? Асылхан туралы айтыңыз. Шаныраққа қарап қойыңыз, Сыпеке,— деп Жайдар қабақ шытты. Оның нені меңзегенін тауықтікіндей ғана миы бар Сыпатай қайдан түсінсін. Одан сайын өршеленді.

— Шаныраққа қараса қорқалды дейсің бе? Біз далада түнеп

жүрген жокпыз. Мұндай үй бізде де бар. Можымыт біздің үй бұдан... – Сыпатай жан-жағына карап алып, тағы бөсті. – Артык шығар дажы... Біліп кой, бала, мен именно Асылхан туралы айтып отырмын. Оның өлімі сен сиякты шалтай-балтайларға сабак болсын деп айтып отырмын. Аяған сиякты антилерге алданып қалмасын деп айтып отырмын. Ондайлардың көзіне көк шыбын үймелету керек. Вот так, вот!..

– Әй! – деді бұдан арыға шыдай алмаған Алдияр шаңк етіп. – Сен сол Аяғанның дастарханында отырсың. Сен жерден алып, жерге салып отырған азамат мына бүлдіршіннің әкесі.

– Ой, алтыным! Бакытты бол, айнама, – деді Сыпатай беті бүлк етпестен. Ашулы шалға карап, арсыз жымыды.

– Сенде ұят жок, бригадир, – деді Сергей оған алара карап. Сыпатайдың езуіндегі арсыз күлкі лып өшті. Ол дастархан басында отырғандарға жағалай сүзіліп карап шыкты. Өзін бірде бір адамның ұнатып отырмағанын сезді, бәрінің түсі суык, кабактары шытқыл. Ол суык жымыып, орнынан тұрды да:

– Мен мұндай дастарханда отыра алмаймын. Мен коммунистпін, – деді де Алдиярдың алдында отырған Бибіге карады, бірақ алғаш көргендегідей айналып-толғанған жок.

Сыпатай шығып кеткеннен кейін дастархан басындағылар бас көтере алмай, бригадирлерінің сөзіне өлердей ұялып, төмен карап отырып қалды. Әсемнің өксіп жылаған үнін, Қуат қарияның басу айтқан сөзін барлығы естіді. Дастарханның берекесін кетіріп, отырыстың шырқын бұзған ақылсыз бригадирлеріне бәрі ызалы еді, әсіресе қыздар жағы ұяттан өртене жаздап отыр.

– Жаңа орнынан тұрып кеткен Аяғанның әкесі. Осында жүгіріп жүрген үш бала сол шалдың немерелері, – деп акырын ғана күрсінген Алдияр мойын бұрып, ас үйде жүрген Хадишаға дауыстады. – Қызым шай әкеліндер.

– Бригадир үшін кешірім сұраймыз. Ол ағамыз осындай, – деді Жайдар қысыла күлімсіреп.

– Аяған ағаны бәріміз жақсы көреміз.

– Ол кісіні үкіметке қарсы дегенге ешкім сенбейді.

– КГБ неге Сыпатайды шақырады? Түсініктемені бізден алсын.

– Бәрімізді шақырсын.

– Өзіміз жазып апарып береміз, – деп жиналған жұрт шуылдай бастады. Әңгіменің беталысы өзгергенін басқа бөлмеде отырып естіген Қуат қария қайтып келіп, Алдекеннің қасына жайғасты. Оған ілесіп келген Елжас пен Олжас аталарының екі тізесіне мінді.

– Ол жағын өздерің білесіндер, шырақтарым. Көздерің ашық, ақылдарың жетеді. Сендерді ешкім жетектеп жүрген жоқ,— деді Алдияр көңілі босап. Мына жастардың Аяған үшін ештеңеден қайтпайтынын іші сезіп отыр. – Бүгін мұнда Аяғанның мәселесін ақылдасу үшін емес, күні кеше арамызда жүрген аяулымыз Асылханды еске түсіру мақсатымен жиналды. Ондай жігітті... Асыл азаматты әрқашан еске алып жүрген ләзім, шырақтарым.

– Аяған ағаға деген Асылханның көңілі ерекше еді. “Мұндағылар әділ шешпесе Москваға барамын. Әділдікке жеткенше тоқтамаймын” деуші еді. Екеуміз түннің бір уағына дейін ұйықтамаушы едік.

Жайдардың көзі Қуат қарияға түсті, сақалы дәл манағыдай селкілдей бастапты. Екі көзі боталаған. “Жұрттың көңілін босатып, тынышын алмай неге жайыма отырмадым” деп жігіттің мазасы кетті.

– Ә-ә-й-й, есіл ерім-ай!— деді Қуат қария кемсендеп. – Жақсылығын мойныма қарыз болды-ау. Сол жақсылығыңды қайтсем ақтармын?!

– Жә, қария босаманыз,— деді Алдияр шалды арқасынан қакты. – Әңгімені жалғай бер, Жайдар шырағым.

– “Ақбота оқуын бітірсе туған ауылыма барамын, өз жобаммен көп қабатты үйлер саламын. Сырттай оқимын, тарихшы боламын” дейтін. Ақботаға деген көңілін айтпаныз... Жок, тілім жетпейді,— деп Жайдар мұнайып отырып қалды. Қыздар мұрындары пысылдап, көздерін сүрте бастады. Барлығының көзі демнің арасында қызарып шыға келіпті. Көрші бөлмеден Әсемнің әлсіз дауысы естілді.

– Қой енді, Ақбота! Қой, жаным... Жылай бермеші, айналайын. Ақылын бар ғой, қалқам. Бізге де жаның ашысыншы, Ботам. Ботам!..

Кенет әлдекімнің ашулы, айбарлы дауысы естілді. Бөлмедегілер елеңдесіп, тым-тырыс тынған.

– Қой енді, боздай бермей! Сенің зарың құлағына жетсе бір жетіден бері орнынан тұрып келмес пе еді. Қымс етсе көз жасыңды көлдетіп, еніреп қоя береді екенсің. Онсыз да қабырғасы қайысып, қайғы жұтып жүрген жұрттың жанын қинама. Басыңа түскен азапты үндемей көтер...

Хадишаның даусын барлығы таныды. Қуат қария екі көзін жұмып алған. Қыздың айтқан сөздерін құптағандай бас шұлғып отыр. Алдекең өзіне тура қарауға именіп, иба сақтап, сызылып тұратын ұяң қыздың мына қылығына таңырқап, ептеп қана езу

тартты. Хадишаның үлкен адамгершілігіне, мейірбандығына сүйсініп жүретін, бұл жолы оның қайсарлығына, керек кезінде мінез көрсете алатын естілігіне іші жылып қалды.

– Біз қайтайық,— деді жігіттердің бірі.

– Аяған аға үшін бәріміз күресеміз,— деп Жайдар екі шалды кезек-кезек құшақтады. — СЭКАсына да барамыз керек болса... Жігіттерді ұйымдастырамын...

– Рахмет шырақтарым! Асылханның аруағы разы болсын!

Қуат қария қыбылаға қарап, ұзақ күбірледі. Басқалар қол жайып шалдың селкілдеген сакалына қарап отыр. Қолы талып кетті ме, кішкентай Бибі аузын бүртитты.

– Ата, болмайсың ба тегі...

– Мұсаханұлы Асылханға құдайдың рахымы жауып, пайғамбар атаулының шапағаты тие берсін. Оның аруағы баршаңызды желеп-жебеп жүрсін. Жаксылықта, қуанышта жолығайық. Аумин!

– Аумин!..

26

Қуат қария қалаға келгелі жарты айдан асып барады. Табанынан таусылып, бармаған жері, ашпаған есігі қалмаған шығар. Тіпті Мұса Байларовтың алдына да барып шықты. Түрін көрмей тұрғанда “әй, бір сиқың жоқ сұмырай шығарсың” деп ойлаған. Мұсаны көргенде өз көзіне сенер-сенбесін білмейі атшаптырым кабинеттің кіреберісінде бір сәт абдырап, анырайып тұрып қалды. Ұзын бойлы, атжақты, аққұба өнді, жылы жүзді жігіт орнынан тұрып келіп, тосылып тоқтап қалған қарияның қолын алып, ерекше ілтипат көрсетті.

– Ассалаумағалейкө-өм, ақсақал! Жоғары шығыңыз.

– Әликісалам,— деді шал ақырын ғана. “Шыны ма, жоқ өтірігі ме” дегендей сұраулы кейіппен ректордың кісіге мейірмен қарайтын шарасы кең көзіне назар тіктеді. Жас шамасы қырықтан енді ғана асқан тәрізді. Саусакпен санарлық қана ағы бар мойыл қара шашын шекесінің тұсынан қақ жарып, оң жағына жатқызып, жылмитып тарап қойыпты. Сол қолының шылдыр шүмек саусағына жалпақ сакина салған, үстінде ине-жіптен жана шыққандай қара костюм, әппақ жейдеге қызыл жолағы бар көгілдір галстук жарасып тұр.

Ол өз өзінен қысылып, тартыншақтап тұрған шалды қолтықтап, төрге алып шықты да жұп-жұмсақ креслоға отырғызды, сонан соң столының жанына барып, бір нүктені басты да:

– Роза, шай алып кел,— деп тапсырды. Өзі шалдың қарсы алдына келіп жайғасты. — Денсаулығыңыз қалай, қария?

– Шүкір аллаға...

– Ат-көлігіңіз аман-есен келдіңіз бе?!

– Шүкір..

– Ауыл-еліңіз аман-есен бе?

– Шүкір, қарағым. Бір алланың демеуімен қыбырлап жүрміз әйтеуір.

– Заман тыныш, ел ток. Бұл бір қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заман болды ғой. Қиыншылықтың бәрін сіздер көрдіңіздер. — Мұса сәл кабак тыржитып, киналғандай басын әрі-бері қозғап қойды. — Төңкеріс, коллективтендіру, аштық, отыз жеті, сонан соң соғыс... Сіздердің барлықтарыңыздың кеуделеріңізге бір-бір жұлдыз тағып қойса жарасар еді.

– Рахмет, шырағым! Осыған да тәуба. Өкіметтен өрден сұраған жоқпыз. Мынаны ал деді, алдық. Өрден үшін соғысып, өрден үшін еңбек еткен жоқпыз. Періштеміз қағып, оқ пен оттың ортасынан аман келдік. Тәуба осыған да...

– Міне, міне! Сіздер нағыз коммунистсіздер... Ал қазіргілер тұяғы қимылдаса аузын ашады.

Тышқанның ізіндей ғана қайқы қасы бар, аршын төс сұлу келіншек столға тәтті тоқаш, конфет қойып, шай әкелді. Екі кесеге қаймақ қатқан шай құйып, аяғының ұшынан басып, шығып кетті. Жүріс-тұрысына қарағанда ректордан өте қатты қаймығатын тәрзіді.

– Шай алып отырыңыз,— деп тәтті мен тоқашты Қуаттың алдына жылжитты. — Дәм алыңыз.

– Рахмет шырағым! Шай ішіп, алтын уақытыңды алмайын. Ісім түсіп, келіп отырмын. Қазақтың баласы екенсің. Жарылқап тастамасаң да, зарыма құлағыңды тос. Құлағына кірсе жүрегіне жетер. Наққ күйген бір қазақтың баласына қол ұшып берер деп келдім. Көптігінен қорлық көріп, жерге сыймай қадыры кеткен қазақтың баласы жоқ әлі.

– Иә, ақсақал, иә!.. Өте дұрыс айтасыз. Көп болып құнымыз түсіп, қадырымыз кеткен жоқ. Өз қадырымызды өзіміз кетіріп жүрміз.

– Сөз түсінер, кісінің парқын білер бала екенсің, шырағым. Саған мені өздерінді басқаратын міністірдің орынбасары жіберді.

– Шал қанша ойланса да жіберген адамының атын есіне түсіре алмай қойды. Бір жапырақ қағазға жаздырып алмағанына өкінді.

– Аты-жөні есімнен шығып кетіпті.

– Иә, айта беріңіз. Ол кісінің аты-жөнінің бізге керегі бола қоймас,— деп Мұса жылы жымиды.

– Айтсам шырағым, мен Аяған деген кәндидат баланың әкесімін. Ныспым Қуат. Оны біреулер жала жауып, қаматып қойыпты, – деп қалтасынан жаялықтай беторамалын алып, маңдайынан шып-шып шыққан терді құрғатып, мықтап тұрып сіңбірінді. – Сен інстәттен шығарып жебіріпсің оны. Балада жазық жоқ. Бала әлі жас.

– Иә, ақсақал, дұрыс айтып отырсыз. Бала жас, жазығы жоқ, – деп, ректор құптағандай бас шұлғыды. – Сөзге еріп, теріс жолға түсіп кеткен. Бүкіл Алматы білетін дәуекес, пәлекор адамның айтқанымен жүріп, біздің тәрбиеге көнбеді. Аяған сияқты халқымыздың дарынды, білімді баласын мүйіздеп, қысастық жасайтындай ақымақ емеспіз, ақсақал. Бізді мұнда үкімет “қара басыңның жағдайын жасап, тыныш отыр” деп жіберген жоқ. Біреу тәртіп бұзса, теріс жолға түссе басқадан емес, менен сұрайды.

– Дұрыс-ау, – деп бас шұлғып, ректордың сөзіне имандай ұйып отыр. Мына бала тындаушысын иландырып, асықпай баппен сөйлейді екен. “Апыр-ау, мына бала Алдекен айтқандай емес, ақылды, көшелі кісі ғой. Түсі жылы екен өзінің” деп ойлады шал.

– Аяған үшін мені шырылдатты. Оны, қазақтың баласын қорғау менің азаматтық міндетім. Біреуі құласа екіншісі бар ғой дейтіндей көп емеспіз. Бірімізге біріміз сүйеніп, ілдалдалап жүрген халықпыз, ақсақал. Аяған секілді бірінен кейін бірі күйіп кете берсе Алматыда қазақтың бір зиялысы қалмас. Мұны түсінбейтін мен кеше емеспін. Білемін, түсінемін. Қазақ баласының өскені, абыройлы болғаны керек маған. Мен, құдай деп айтайын, ешкімді жүзге, руға бөлмеймін, ақсақал. “Жүзге бөлінгеннің жүзі күйсін” дейтін адаммын.

– Дұрыс-ау... Дұрыс қой...

– Жоғарғы жақ тізеге салғанда қарсыласуға шамамыз келмейді, – деп қинала қабақ шытқан Мұса ақырын ғана күрсінді. – Оның үстіне Аяғанға ақыл кірмей-ақ қойды. Көпшіліктің ынғайына көніп, кешірім сұраудың орнына өршеленіп кетті. Қой дедік, қоймады. Үлкенді үлкен, кішіні кіші демеді. Сонымен көпшіліктің ұйғарымымен қызметтен кетті.

– Қызметі бар болсын! – деп күйінді шал. Мұсаның сөзіне сенгені соншалық, жалғызынын ағат ісіне өлердей күйінді, қатты күйзеліп, күйгелектене бастады. Көлдей орамалмен маңдайын сүртті, мойнына құйылған терді құрғатты. – Қызметтің керегі жоқ оған. Басын арашалап бер, ауылға алып қайтамын. Қой бақса да аштан өліп, көштен қалмас.

– О-о-й, аксакал! – деп күлді ректор орнынан тұрып. Қолын қалтасына салып, әрі-бері жүрді. – Мені бір қолынан бәрі келетін ү-ү-л-кен бастық деп ойлайсыз-ау деймін. Аяған ешкімге бағынбайтын, араша бермейтін мекеменің қарауына өтіп кетті. Тым кеш қимылдапсыз, аксакал. “Мылқаудың қолына, кереннің астына түспе” дейді қазақ. Мылқауыңыз да, кереніңіз де сол мекеме.

– Міністірдің орынбасары “балаңыз Мұса Байларовтан кешірім сұрап, кемшілігін мойындаса мәселесі шешіледі” деп саған жіберді, шырағым.

– Кешірім сұрайтындай Аяған маған жаманшылық жасаған жоқ. – Мұса ахахалап күліп келіп, орнынан тұруға әрекет жасаған шалды қолтығынан демеді. – Мәселе маған қарап тұрса неге көмектеспейін. Аяғанды ақтап, айыбынан тазартып алып келіңізші, ертең-ақ деканның орынбасары етіп бекітейін.

– Басы аман болса ер азамат жұмыссыз қалмас,– деп Қуат қария қабак шытты. Ректордың бұлтаның аңғарды, ниетін түсінді. Көңілі жасып, тәнселе басып, шығар есікке беттеді.

– Солай, аксакал, КГБ дегеніңіз ешкімге бағынбайтын мекеме,– деді шалды қолтықтап келе жатқан Мұса.

– Е-е,– деді шал дауысын барынша созып. – Кеңес үкіметінде партияға бағынбайтын да мекеме бар ма еді?

Мұса қарқылдап күліп жіберді. Оның мұнысы үйреншікті әдет, керек уақытында ғана пайдаланатын әдіс тәрізденді шалға.

– Енді жалғыз ғана есік қалды мен ашпаған,– деп күрсінді гитықтап шаршаған шал.

Мұса Байларовқа барғанын, екеуінің арасында болған әңгімені Алдиярдан жасырды. Оның қайда барып келгенін білсе профессордың тұлған тұтып ашуланатыны анық еді. Ректорға барайын деген ойы жоқ-ты, министрдің орынбасары емексітіп, сөнуге айналған үмітін тұтатты, соның сөзіне иланып, екі өкпесін қолына алып, адасып жүріп жеткендегі естігені әлгі. Ректор жылы-жылы сөзбен алдап, түк шешпей шығарып салды.

Алдекеннің айтысына қарағанда, “үлкен үйден” де шын жанашыр адам табылмаған сияқты. Ондағылардың әрқайсысының айныласатын саласы, өз шаруасы бар көрінеді. Аяғаным араша сұрап барамын деп отырған адамды профессор жерден алып, жерге салып, сілікпесін шығарды. Бұлардың жан-жаққа жазған арыздары жиналып, соның алдына келеді екен де, әлгі соның барлығын ешкімге көрсетпей жылы жауып қоятын көрінеді. Алдиярдың сөзіне қарағанда, бұлардың барлығы да жең ұшынан жалғасқан, бірін-бірі қолдап, қорғап жүреді екен, бірін-бірі

ешқашан жауға бермейді дейді. Оның сөзіне иланбасқа Қуаттын амалы көні?! Екі жетінің ішінде қаншама адамның алдына барды. барлығының жауабы ұқсас. “Сөз түсінер жүрегі бар, кісіге деген аяушылық сезімі бар бір қазақ табылмас дейсің бе. Қазақ азаматтарының барлығы ұсақтап кетпеген шығар-ау” деген үміт шалды қайда сүйремеді. Енді міне, бар сенімі бір ғана үйде. Жалғзының тәлкекке түскен тағдырына сол үйдегі иманы бар адамдар ара түсіп, ақтап алып қалмаса басқа ешкімнің де қолынан келмейтіндігіне көзі әбден жетті. Ит арқасы қияндағы Мәскеуге бара алмайды, екі көзі бірдей өз соқырдан айырмашылығы жоқ, өз бетінше жол тауып жүру қайда, жөн сұрайтындай тіл білсе бір сәрі. Сәмәлетіне отырып, Мәскеуіне барар-ау, жеткізіп ойын айта алмаған соң бекер салпандап не соры. Жасы келіп, сүйретіліп әрең жүргенде әлдеқандай жағдайға ұшырап сүйегі далада қала ма, кім білсін. Бір адамның тағдырын Қазақстан үкіметі де шешер. Алысқа салпандап, ат арытпай-ақ есігін күзетіп, түнеп жатса да осындағы үлкендерге жолығуға тырыспай ма, тәйірі. Шаруасын реттеп, тезірек ауылға қайтпаса болмас. Кемпір жалғзылікті. Ол сорлы не күйде? Қартайғанда шықты дертінің бәрі. Өлместің күнін көріп, сүйретіліп жүрген шығар бейшара. Хат жазып, хабар берердей сауаты болса көні. Екі көзі төрт болып, жолға қарап алаңдап, үйге сыймай жүрген шығар. “Үлкен үйдегілер” Аяғанын шығарып бермесе, есік тоздырып. тентіреп қашанғы жүреді, жалғызды бір құдайға тапсырып, келіні мен немерелерін алып, ауылға қайтқаннан басқа амалы бар ма?!

Осындай ойлар иектеген шал келінімен кеңескенді мақұл көрді. Кешкі тамақтан кейін ойын алдымен Алдиярдың безбеніне салып, ол кісі ләм деместен қабағы тұнжырап, үнсіз отырып қалған. Қуат оның неге қиналғанын сезді, балаларға әбден бауыр басып алған, олардан ажырап, соқа басы сопайып жалғыз қалудан өткен азап бар ма?! Балалар кетсе Хадиша да жөнін табар. Бейшара қатты шаршап жүрген сынайлы. Көзінің тереңінде айықпас мұң жатқандай болып көрінеді.

— Өзіңіз білесіз, қария. Менде қарсылық жоқ. Бала-шаға сіздікі,— деп күрсінді Алдияр. — Біз өлместің күнін көрерміз.

— Қиналып отырғаныңызды білемін, Алдеке. Менде басқа амал қалмады. Ауылда кемпір жалғыз. Өзі дертті. Мен мұнда. ол анда... Жалғыз ұлдың шаруасы бір жақты болмаса балаларды алып кетпеске амалым көні. Жол алыс. Ит өлген жерде тұрамыз. Қайта-қайта сүйегімді сүйретіп келе алмаймын.

— Өзіңіз білесіз, қария. Бала-шағаңызға таласым жоқ. Тұрамын десе үй, міне, менде үйге ие болады дейтіндей есі дұрыс

бала да жок. Сыздыктын енді қашан келері бір құдайға ғана аян,— деп профессор ежелгі әдетімен көзін шала жұмып, үнсіз қалды. — Қашан келсеңіз де есігім ашық, төрім сіздікі.

— Рахмет, Алдеке! Жақсылығыңыз адамнан қайтпаса құдайдан қайтсын...

— Ауруханаға Аяғанның шаруасына бола жатпап едім. Күннен күнге нашарлап барамын. — Профессор кеудесін кере дем алды. Сонан соң еті қашып, қу сүйегі қалған сол қолын әрі-бері қозғап, саусақтарын ашып-жұмып, жаттығу жасады. — Соңғы кезде сол қолым, аяғым, кейде бетім ұйып қалатын болып жүр. Ондай кезде мүлде қимылдай алмаймын.

— Денсаулық керек, Алдеке-е... Денің сау болмаса қызық-шұжықтың бәрі бекер.

— Иә,— деді Алдияр мұнайып. Көзін жұмды, біраз уақыт үнсіз отырып қалды. — Жаман немелерге бауыр басып қалып ем. Оларсыз қалай тұрарымды білмеймін. Әсіресе Бибіні сондай жақсы көремін. Алдыма алып, иіскеп, сүйсем жанымды жегідей жеген сарыуайымнан, қаптаған қалың ойдың қыспағынан тез құтыламын.

Қуат қария оны қалай жұбатарын білмей, тұйықтан шығып кетер жол таппай қиналды. Алдиярдың алдында қарызға белшесінен батқанын, жақсылыққа жақсылықпен жауап беру керектігін түсінді. Немерелерін бөліп-жарып қалай қалдырып кетпек? Екі кәріге олардың өздері түгіл басқан іздері қымбат. Үш немерені мұнда қалдырып кетсе кемпір екеуінің ішкені ірің, жегені желім болып, құсадан өлмей ме. Қалдыра алмайды боталарын. Келін не дер екен?

— Әсем шырағым,— деп дауыстады шал. Көзін шала жұмып, ойға батып отырған Алдияр селк етіп, басын көтеріп алды. Қуат оның көзінен үрей көрді.

Қалындап киініп, басына түбіт орамал салған Әсем имене басып, босағадан аттады да, сәл иіліп ізет жасады, төрге озбай иба сақтап тұрып қалды.

— Отыра ғой,— деді Алдияр екінші креслоны иегімен нұсқап. Келіншек именшектеп, орнынан қозғала қоймады. Шешесінің соңын ала бөлмеге кірген Бибі жүгіріп барып, Алдекеңнің мойнына асылды.

— Ата, сенің ейнінді бояп бейемін,— деп шалдың ерніне далап жаққысы келген қызына Әсем:

— Таста қолыңдағынды! — деп зекіріп ұрысты.

— Бояй берсін. Балама ұрыспа, келін,— деп профессор Бибіні құшағына қысып, маңдайынан сүйді. Кішкентай қыз атасын

арка тұтып, шешесіне тілін шығарып мазактап, қыр көрсете бастады.

– Мамаларды ренжітуге болмайды, қызым.

– Өзі ғой биінші тиіскен, – деп қыз ернін бұртитты.

– Ал көне, атаңның ернін бояйсың ба?

Бибі қуана бас шұлғып, қол шапалақтап, “жұмысына” кірісті. Әсем қызының мына қылығына өлердей қысылғанмен үлкен кісінің көңіліне қарап үндемеді.

– Шырағым, – деді манадан бері ойға шомып, үнсіз отырған Қуат. – Мен келгелі жарты айдың жүзі болды. Бармаған кенсем, қаппаған есігім жоқ. Бас иіп, жалынбаған кісім де қалмады-ау деймін. Аяғанның ісі тым қиындап кеткен-ау, сірә. Көмектесейін деген бір пендені көрмедім. Бәрі бірімен бірі келісіп алғандай қара аспанды төндіріп, Асан қайғының зарын айтады. Ендігі үмітім “үлкен үйде”. Ертең Қонаев ақсақалға барамын. Шешсе шешті. шешпесе қызыл белетін тастаймын да кетемін. Маған жалғыздың жөні бөлек.

Алдекең бұрылып, Қуаттың ештеден қайтпасқа бекінген айбарлы жүзіне сәп салып ұзақ қарады. Адам ашуланғанда тым айбатты көрінеді екен. “Қонаевқа кіре алмайсың-ау, қартым. Божбан сарыға ғана қолын жетер. Партияның орталық комитетінен көңілін қалып, біржола түніліп кететін болдың-ау” деп ойлады профессор. Қуаттың десін қайтармас үшін ойын ашып айтуға ынталанбады.

– Сонан кейін ауылға қайтамын. Нұрша жалғыз қалды. Ол бейшара не күйде? Орнынан тұра алмай, омалып жатқан шығар апан.

Әсемде үн жоқ. Басын төмен салып, еті кашқан шидей-шидей саусақтарын сыртылдатып, мазасызданып тұр. Атасының айтқанын келіншектің құп көрмегенін Алдиярдың сұңғыла көңілі бірден сезді. Алдында отырған Бибіден айырылып қалардай сол қолымен оны бауырына тартып, құшағына қыса түсті. Атасының бетін әлеміштеп бояп тастаған кішкентай қыздың ойында ештеңе жоқ, сықылықтап күліп, мәз болып отыр.

– Сендерді мұнда қалдырып, кемпір екеуміз тыныш жата алмаймыз, шырағым. Жер аяғы алыс, шауып келіп тұратындай күш-қуат жоқ бізде, – деп күрсінді шал.

– Ата-оу, – деді Әсем жанары жасқа толып. – Айналайын. ата-оу, Аяғанды жалғыз тастап, қалай кетеміз? – Шал бүкшіе түсті. Оның екі қолының қалтырай бастағанын Алдияр анық көрді. Сақалы селк-селк етеді. – Сіздің Аяғаныңыздан басқа кіміңіз бар еді, ата-оу?! Менің Аяғанымнан басқа кімім бар еді?!

Аяған жалғыз. Басына іс түскенде жалғызымды тастап қалай кетемін?

Қуат қарияның басы салбырап кеткен, екі иығы селкілдеп, үнсіз егіліп жылап отыр. Бетін жас жуған келіншек шалдың қарсы алдына тізерлеп отырып, алақандай ғана жібек орамалымен оның көзін сүртті. Шал көкірегі қарс айырылардай терең-терең күрсініп:

— Жөн,— деді. — Жөн, шырағым...

Екі қолымен келінінің бетінен қысып ұстап, маңдайынан сүйді.

— Қосағыңмен қоса ағар, шырағым, — деп әрең деп орнынан тұрды да, теңселе басып, сыртқа шығып кетті.

Алдиярның ернін, бетін қызартып бояп болған Бибі енді оның маңдайын әлеміштеуге кіріскен еді. Шалдың түрін көріп, Әсемнің бетінің оты шықты.

— Менің қызым суретші болады,— деп күлді Алдияр. Ұялғанынан Әсем бетін басып, теріс айналды.

Ертесіне Қуат қария таң азаннан тұрып, үлкен үйге баруға дайындалды. Бұл жолы таңғы намазын асықпай отырып әдеттегіден ұзағырақ оқыды. Асықпай жуынып, кірлеп қалған жейдесін ауыстырып киді. Хадиша ояғанда ол барын киіп, жүріп кетуге дайын отырған.

— Қызым, мені Қонаев ақсақалдың кеңсесінің алдына жеткізіп сал,— деді қызға.

— Ата-ау, сағат әлі алты жарым. Олардың қызметі сағат тоғызда басталады,— деп күлді Хадиша.

— Тоса тұрамын ғой, қарағым.

Екеуінің дауысынан Алдияр оянды.

— Қария, шам жағып жіберіңіз.

Қуат бөлмеге кіріп, шам жақты. Екі көзі ісіңкі, әрі қызарып кетіпті. Түнімен ұйықтамай шыққаны көрініп тұр. Жалғыз ұлдың уайым-қайғысын көтере алмай сансырап жүргенде Әсемнің кешегі сөзі тым ауыр тиген тәрізді. Келінімен салғыласып жатсын ба, оның сөзін іші қаламаса да үндемеді. Екі көрінің бар үміті — балалары, тілегі — солардың амандығы. Немерелерін мұнда қалдырып кетіп, шал мен кемпір жаны шыдап жата алмас. Көп ұзамай жолдың алыстығына қарамай артынып-тартынып қайтып келетіндігіне Алдиярдың шүбәсі жоқ.

— Қария, үлкендердің біреуіне кіруге мүмкіндік туса құры қол баруға болмайды. Арыз апару керек.

— Алдеке-ау, арыз жаза алатын өнерім болса күрек ұстап жүрер ме едім. Кетпен, шалғы ұстаудан басқа менің қолымнан не келсін.

Алдияр күлді. Ен негізгі шаруасын реттей алмағанына қысылғандікі ме, Қуаттын түрі адам аярлықтай өзгеріп кетті. Профессорға карап, жаутандап тұр.

– Арызды біреуге жамандық жасау үшін емес, өзінді қорғап қалу үшін жазып үйрену керек, қария.

– Қолыма қалам ұстасам ой қашып кетеді, Алдеке. Қалам – құрық, ой – асау.

– Столдың үстінде конверт жатыр. Онын ішінде сіздің атыңыздан жазылған арыз бар. Жоғалтып алмаңыз.

Қуат қария столдың үстінде жатқан конвертке үрке қарады. Бұрын арыз десе төбе шашы тік тұратын шалға стол үстіндегі төртбұрышты қағаз құтқарушысындай болып көрінді. Оны ұқыптап төс қалтасына салып алды.

– “Жығылсаң нардан жығыл” деген. Қонаевтың өз атына жаздым,– деді Алдекең күлімсіреп.

Шай ішіп, әлденіп алғаннан кейін Хадишаға ілесті. Ол қарияны Орталық партия комитеті орналасқан үлкен үйге жеткізіп салып, одан ары қарай жұмысына кетпек.

Көше лайсан. Кеше аяқ астынан ауа райы өзгеріп, қалың қар жауған. Күн екіндіге ауғанда аспан шайдай ашылып, жарқырап күн шықты да, буыны бекіп үлгермеген ұлпа қар ери бастады. Түн май тоңғысыз жылы болды, тау аңғарынан аңқылдап жылы жел ұрды да тұрды. Кеше жауған аппақ ұлпадан жұкана қалмаған, көше көшемен жайылып ағып жатқан тауға түскен қардың суы.

– Құдая тоба, қайтадан жаз шыға ма қайтеді,– деп сөйлеп қояды Хадишаға әрең ілесіп келе жатқан шал. Демнің арасында пысынап, терлеп кетті.

– Алматының ауа райы күнде өзгеріп тұрады, ата,– деп күлді қыз. Тоныңызды неге тастап кетпедіңіз?

– Ой, шырағым-ай, біз үп еткен желді көтере алмаймыз ғой. Сендер ғой қақаған қыста да жаланбас жүре бересіндер. Ал біздің үстімізден қырық күн шілдеде кеудешеміз түспейді.

Екі ара жақын болған соң Хадиша шалды жаяу алып келген. Қатты жүрмесе де еңтігіп тұр. Сүме-сүме болып терлегенмен тұмағын милығына түсіре басып киіп алыпты.

– Ата, Орталық комитет мынау,– деді жоғары көтерілетін баспалдақтарға табаны тиген кезде Хадиша тоқтап. – Есігі ашық шығар. Мен жұмысқа барайын. Жолыңыз болсын!

– Көсегең көгерсін, қызым!

Хадиша жүгіре басып кетіп қалды. Қуат қария биіктеу жерге орналасқан әсем ғимаратқа карап, біраз кідірді. Ғимараттын

төбесіндегі желбіреген Туға көзі түсті. Бойына ерекше күш бітті. Жалғызының мәселесі дәл бүгін дұрыс шешілетіндей емпендеп алға ұмтылды. Баспалдақпен жоғары көтеріліп келе жатып:

– Е-е, алла, өзін жар бол жалғызыма! – деп жаратқанға жалбарынумен болды.

Үстінде кара тоны бар, тұмағын милықтата басып киген қаба сакал кара шалға есік алдында тұрған милиционер тосырқай қарап, жолын кесті.

– Қазақтың баласы екенсің, шырағым мені кіргізіп жібер. Қонаев ақсақалда шаруам бар еді, – деді шал. Оның мына сөзінен кейін милиционер тіпті қатайып, оны бір адым ілгері бастырмай қойды.

– Рұқсат қағазсыз кіргізе алмаймын.

– Ой, шырағым, мен кәмөнеспін, – деп қалтасынан қызыл белетін шығарып көрсетті. Қуаттын таң қалғаны, милиционер партиялық билетке мүлде көз қырын салмады. – Бір жапырақ қағаз партия билетінен құнды болғаны ма? Әй, жолың болғың!

– Тәртіп солай, ақсақал.

– Мен сені алдап тұр дейсің бе? Мен еліме еңбегім сіңген адаммын. Ардагермін, шырақ.

Тонын шешіп алды. Ондағы ойы – орден, медалдарын милиционер жігіт көрсе, жібір деген. Мына жігіт оларына да бөлендей мән бере қоймаған секілді. Шалдың ордендеріне селсок қана көз қиығын тастады.

“Мынау бір діні қатты неме екен. Мына сұрымен кіргізе қоймас. Тәжікелесіп тұрғанша қағазын алайын” деп ойлады шал.

– Әй, шырағым, сен маған жөнінді айт. Қонаевқа қалай жолығамын?

– Білмеймін, ақсақал. Осы үйдің күншығыс жағында рұқсат қағазын беретін орын бар. Сол жерден сұрап біліңіз, – деп ол шалды шығарып салды.

Шал аң-таң. Жаңағы бала партиялық билетіне мүсіркей қарады. Күні бүгінге дейін партбилетке ашылмайтын есік жоқ деп ойлайтын. Өзге түгіл кемпіріне ұстата бермейтін ең асыл затының құны әп-сәтте түсті де қалды. Жап-жас жігіт жетпістен асқан шағында таңғажайып жаңалықты алдына жайды да салды. Партбилетпен партияның Орталық комитетіне кіруге рұқсат жоқ екен.

“Ой, алла-ай! Мынау бір сұмдық болды ғой. Мұны Қонаев ақсақал білмейді-ау. Жаңағы баланың шикілігі ғой. Жап-жас неме екен. Қайдан білсін” деп өзін өзі жұбатты.

Рұқсат қағаз беретін келіншек те айтқанын орындай салмай

дiңкесiн кұртты. Шал оған қайта-қайта партиялық билетiн ұсынады, келiншек қайтарып бередi.

– Кiмге келдiңiз? – дейдi.

– Үлкен кiсiнiң өзiне, Қонаев жолдасқа келдiм,– дейдi. Келiншек жымыып күлiп, партбилетiн қайтарып бередi.

– Фамилияңыз тiзiмде жоқ, ата. Қағаз бере алмаймын,– дедi келiншек. Тiлдей қағазға әлдекiмнiң телефонын жазып, шалдың қолына ұстатты. – Осы адаммен сөйлесiп көрiнiз.

Шал қолы қалтырап келiншек жазып берген сандарды тердi. “Алло” деген сыпайы, жұмсақ дауыс естiлдi.

– Бұл қайдан? – дедi шал. Аржақтағы адам тым-тырыс. – Әлө, әлө!...

– Иә, тындап тұрмын.

– Әй, шырағым, мен Сағынтаев Қуат деген шалмын. Ит аркасы қияннан келдiм. Көнөнес партиясының мүшесiмiн. Ардагермiн. Ушасник войнамьн. Мыналарың менi iшке кiргiзбей, қасарысып отыр,– дедi милиционер мен келiншектiң ызасы өтiп, ашуға мiнген шал шамданып. – Мен Әмрикеден келген шпион емеспiн. Ешқiмге қастандық жасамаймын. О несi ей адамды сонша қорлағаны?!

– Не шаруамен келiп едiнiз, ақсақал? – деп сұрады бейтаныс адам.

– Әй, шырағым, тлипонмен айтатын сөз емес менiкi. Қонаев ақсақалға кiремiн,– деп төтесiнен тартты. – Баламды кiнәсiзден кiнәсiз қамап қойыпты. Жұмыстан шығарып жiберiптi. Қонаев ақсақалға осыны айтайын деп келдiм.

– Ақсақал, Димаш Ахметұлы Алматыда жоқ.

– Алла кұдай-ай! – деп күйiнген шал санын соқты. – Сорым қалың екен-ау. – Күте тұрыңыз.

Қонаевтын орнында болмағанына күйiнiп, күйзеле бас шайқап, терiн құрғатып отырған. Аласа бойлы божбiған сары жiгiт келiп:

– Сағынтаев Қуат сiз бе? – дедi аман-сәлем жоқ.

– Мен, шырағым, мен,– деп қалбалақтады. Жiгiт кiшкентай терезенi ашып, манағы келiншекпен қысқаша тiлдестi де, бiр жапырақ қағаз алып, Қуат қарияның қолына ұстатты.

– Жоғалтып алмаңыз.

Тiлдей қағазды ықтияттап төс қалтасына салып, алға түскен жiгiттiң соңына iлестi. Тәпелдек жiгiт тәм деместен шалды шағындау бөлмеге бастап кiрдi де, орындық ұсынды. Өзi асықпай орнына отырды да, шалқалай жатып, көзiн шала жұмып, шалға барлай қарады.

– Атын кім, шырағым? – деп сұрады Қуат жайғасып отырып алған соң.

– Сергекбаев, – деп келте қайырды божбан сары.

“Қабағы қалың екен, нойыстау біреу болмаса қайтсін” деп ойлады шал.

– Е-е, дұрыс екен. Қай елдің баласысың, шырағым? Руың кім? – деді шал. Жігіттің қабағына қарап, жөнсіз сұрақ қойғанын түсініп, ынғайсызданып қалды.

– Келген шаруаңызға көшініз, – деді ол шытынап. – Руды кейін ет жеп, сорпа ішіп отырып сұраса жатармыз.

– Е-е, иә... Жөн біліскен дұрыс қой, шырағым. Сүйек сұрасқанның айыбы болмайды. Кім біледі, жақын туыс шығармыз. Бәлкім, жекжат болып қалармыз.

Жігіт бедірейіп үндемеді. Екі беті онан сайын божбиып, көзі жұмыла түскен. “Мынау неге тырсыып отыр? Алдияр айтып жүрген адам осы болып жүрмесін” деген ойға келген шал оған бажайлай қарады. Үлкен столдың басында ол тұрқы ұзын, еңсесі биік атқа мінген бала сияқты көзге қораш көрінеді екен. Көзқарасы зілді. Жас шамасы елудің мол ішіне кіріп кеткен кексе адам тәрізді.

Қуат болған жайларды асықпай отырып егжей-тегжейлі баяндап шығамын деп ойлаған. Божбан сары шалды алысқа ұзатпады.

– Ақсақал, бұл шаруаны мен бес саусағымдай білемін. Ұйымдастырып жатқан арыздарыңыздың барлығы менің тартпамда жатыр. – Ол суырмасының бір топ арызды алып, шалдың алдына тастады. – Бәрі бір адамның қолынан шыққан. Алдияр Ақпанұлының жазған арызы онға жетіп қалады.

– Әділдікке жете алмаса жазбағанда қайтеді.

– Әділдік? – Божбан сары мырс күлді. Көзін сығырайтып, шалға зәрлене қарады. – Оныкі дұрыс та, бір қауым елдікі бұрыс па? Мәселе ол кісі ойлағандай шешілсе әділ де, басқаша болып шықса әділ емес пе сонда?

– Алдекең үлкен ғұлама адам, шырағым, – деді шал әдеттегідей сақалын саумалап. Тонын шешіп, алдына көлденең тастады. “Өтірік – ұят, шын – мият” дейді. Пайғамбар жасынан асқан кісі өтірікке баспайды. Алдекене сен, шырағым.

– Сену, сенбеу біздің шаруа, – деп сызданды Сергекбаев шалқалай отырып, көзін ежелгі әдетімен шала жұмып сығырая қарады. – Ал сіздің балаңыздың шаруасына келетін болсақ мәселе былай. – Еңсесін тіктеп, түзеліңкіреп отырды да, қоныр папканың ішінен тағы біраз қағазды алып, парактауға кірісті. –

Оның жұмыстан шығарылуы заңды. Міне, мынау протокол. Оны Қазақ ССР КЗОТ-ның 33 статьясы 2 тармағына орай 1982 жылдың тамызының жиырма төрті күні қызметтен босатқан.

– Әй, шырағым! Ұлымның қызметін даулап келіп отырған жокпын. Басы аман болса жұмыс табылар.

– Ал енді оның камалуына келетін болсақ,— деп Сергекбаев тағы да он шақты парақ қағазды шалдың алдына тастады. Алдында улы жылан жатқандай шал божбан сары тастаған қағаздарға үрейлене карады. — Совет заны өте әділ заң. Ол ешкімге қиянат жасамайды. Қуатовтың камалуын Мұса Байларовтан көруіңіз кате. Ол өте әділ, адал жігіт.

– Сонда кім кінәлі?

– Бәсе, кім кінәлі? — деп шалға түйіле карады божбан сары. — Әрине баланыздың өзі кінәлі. Алдыңызда жатқан қағаздарда бәрі жазылған.

Шал қағазды Сергекбаевтың алдына қарай жылжитты.

– Менің Аяғаным ондай лас іске араласпайды. Ол таза. Мен елу жылдан бері партия мүшесімін. Партбилетімнің атынан ант етемін, ол кінәсіз,— деді Қуат қария. Божбан сары оны мазақтағандай сыңарезулей күлді.

– Біз сізге, иә болмаса сіздің 50 жыл бұрын алған партбилетіңізге емес, нақты документке сенеміз. Міне, бізге КГБ-ның берген жауабы. Осылардың негізінде құрметті профессор мырза арыз берген органдарға жауап жазамыз. Аяған Қуатов антисоветчик, мемлекетке зиянды адам дейміз.

– Жок, бұл жала! — деп айқайлады шал.

– Оның істеген қылмысына куәлар бар. Мынау солардың түсініктемелерінің көшірмесі. Олардың сөздері Қуатовтың қаны сорғалаған ұлтшыл екенін, Советтік қоғамға жат элемент екенін растайды.

– Жала! Жала мұның бәрі!..

– Бұл жерде айқайлауға рұқсат етілмейді,— деп Сергекбаев кабак шытып, түсін суытты.

– Шырағым,— деді нәті жуасып қалған шал шаршаңқы үнмен. — Бармаған жерім қалмады. Жалғыз үмітім осы үйде Қонаев жолдаста еді. Шындықты осы шаңырақтан табамын деп келген ем. Көмектес, шырағым. Жалғыз ұл еді мандайымдағы.

– Менің қолымнан келмейді. Советтік қоғамға жат элементті Орталық комитет ешқашан қорғамайды. Өл өзіне тиісті жазасын алады. Ал сіз болмас іске бола шаршамай ауылыңызға қайтыңыз. Түрме — тәрбие мектебі. И сонан соң Димаш Ахметовичтің басын қатырманыз.

– Жалғыз үмітім бар еді, ол да сөнді,— деді шал басын изектетіп отырып. Қалтасынан аппақ шүберекке мұқият оралған партия билетін алып, Сергекбаевтың алдына қойды, сонан соң омырауындағы орден-медальдарын бір-бірлеп ағыта бастады.

– Мұныңыз не? Болмайды, дұрыс емес! — деп Сергекбаев шолтаң етіп орнынан атып тұрды. — Партбилетіңізді алыңыз, орден-медальдарыңызды қайта тағыңыз.

– Ары тұр! — деп шал оны кеудесінен итеріп жіберді. Сергекбаев шалқалақтап барып, бойын өрең түзеп алды. Мына шалды соншама қарулы деп ойламаған, қайта ұмтылуға жүрегі дауаламады.

Қуат қария орден-медальдарын түгелдей ағытып алды да, Сергекбаевтың столына қойды.

– Маған мыналар емес, бала керек. Ол жалғыз. Менде Аяғаннан басқа ешкім жоқ. Мыналар жалғызымның жалғыз тал шашынан садақа кетсін!..

– Ақсақал, тұра тұрыңыз!

Шал оның сөзін құлағына да қыстырмады, пора-пора болған көз жасын сүртпестен дәлізге шықты да, беті ауған жаққа қарай аяңдады. Қарсы кездескен бірнеше адам ығысып, жол берді. Ұзын дәлізбен жүре-жүре түйыққа сәл кідірді де, келген ізімен кері қайтты.

“Аяғаным үшін жаным құрбан. Мені камасын. Жалғызыммен бірге жатамын. Кемпірді де камасын. Бәрін, келінді, немерелерімді... Бәріміз бірге боламыз. Аяғанымды қайда жіберсе де, сүйегімді сүйретіп, бірге кетемін. Қалмаймын жалғызымнан” деп күбірледі көзінен аққан жас сакалын жуып келе жатқан қарт. Кенет әлдекім қолтығына жармасты, божбан сары екен.

– Ақсақал, сабыр етіңіз. Бөлмеге барайық,— деді сыбырлай сөйлеп. Манағыдай емес, жүні жығылып, жуасып қалған. Өзі абыржып тұрған сияқты, жан-жағына жалтақ-жалтақ қарап қояды. — Жүріңіз, ақсақал...

– Жібер!..

Қуат оны ақырын ғана итеріп жіберді. Божбан сары қайта ұмтылған, іргедегі есіктен дәлізге шыға келген жас жігітті көріп, қалт тоқтады. Жылмиып тұрып, жымыып күліп сәлем берді. Орта бойлы, көмірдей қап-қара шашын бір жағына қарай жыға тараған, жас жігіттің өні жылы екен, шалға күле қарады. Қуат оның шарасы кең көзінен мейірім көрді.

– Ассалаумағалейкүм, қария! — деп келіп, Қуаттың қолын алды. Божбан сарының тыпыршып, абыржыңқырап тұрғанына қарап, мына жігіттің бекер адам емес екенін түсінді.

– Әліксалам, шырағым! — деді шал жасты көзбен жігіттің

нұрлы жүзіне тік карап. “Иман жүзді бала екен. Құдай-ау, мынау менің Аяғанымнан да жас кой” деп ойлады қарт.

– Қария, сізді кім ренжітті? – деп Қуатты қапсыра құшақтап, аркасынан қағып жұбатпаққа ниеттенді. Көңілі босап, мұңын кімге шағарын білмей әзер тұрған Қуат бұдан арыға шыдамады, екі иығы селкілдеп, егіліп қоя берді.

– Сабыр етіңіз, қария! – Жас жігіт шалды қолтықтап, іргедегі бөлмеге алып кірді. – Айгүл, бір стакан су алып келіңізші.

Бұлар кіргенде лып етіп орнынан тұрған келіншек сондай жылдамдықпен бөлмеден шығып кетті.

Жас жігіт Қуатты қолтықтаған күйі оң жақ бүйірдегі кен бөлмеге кіргізіп, сүйемелдеп орындыққа отырғызды. Соның арасынша бір стакан су алып Айгүл де келді. Тамағы кеуіп, тілі тобарсып қалыпты. Суды бір ұрттап, аузын шайқады да, жұтып жіберді.

– Мен Қуандық Сәруаров деген балаңыз боламын, қария, – деді қарсы алдына келіп отырған жігіт. – Қайдан келдіңіз?

– Ит өлген жерден, Қаратоғаннан келдім, шырағым, – деді шал даусы қарлығып. Қалтасынан көлдей орамалын алып, көз жасын құрғатты, сонан соң таңқ еткізіп сінбірінді. – Қаратоған ХХ-Партсиаз колхозының бөлімшесі.

– Иә, иә, – деп жымыып күлді Қуандық. Қай облыс, қай аудандағы ХХ-Партсъезд екенін білмесе де бас шұлғып отыр.

– Атым – Қуат, пәмилем – Сағынтаев. Бұл үйге әділдік іздеп келіп ем, таппадым. Бірінің аузына бірі түкіріп қойғандай сөйлейді. Әбден мазак қылды өзімді. Бұлай жұртқа таба болғанша өліп-ақ қалғаным дұрыс еді. Құдай-ау, бұл үйден таппаған шындықты қайдан іздейміз енді?! – Шал қызарып кеткен көзін жігітке тіктеді. Ол төмен карап, әнтек езу тартып, бас шұлғып отыр. – Партбелеттен де күш кетіпті. Құдай-ау, қадыр-қасиеті қалмапты. Ал мен оны... Елу жыл бойы қасиеттеп, кастерлеп...

Дауысы қарлығып, тамағына ып-ыстық түйін кептеліп, сөйлей алмай қалды.

– Су ұрттаңыз, қария.

Шал бұл жолы стакандағы суды тауысып ішті. Мандайынан бұрк етіп тер шықты. Құрғап тұрған тамағы жібіп, аузына сыймай тобарсыған тілі икемге келді.

– Барлық пәлені менің балама жауып отыр. Прәпесір Алдияр Ақпанұлының сойылын соқтың, соның жағына шығып кеттің деп күйдіріп отыр ұлымды. Әйтпесе айналайын Сәбет үкіметіне қарсы шығып, жын ұрды дейсің бе?! Сәбет үкіметінің аркасында көгеріп, көктедік. Айналайын партияның аркасы...

– Қария, дұрыстап түсіндіріңізші, – деді Қуандық оның сөзін бөліп. Профессор Алдияр Ақпанұлының жағдайы туралы әңгіменің шет жағасын естігені бар еді. Тікелей өзі айналысатын сала болмағандықтан орта жолдан қосылып, кимелеп кетуге партиялық тәртіп қол-аяғын шідерлеп, еркін кимылдай алмаған.

Профессор Алдияр Ақпанұлын жақсы білетін, тікелей сол кісіден дәріс алмағанмен еңбектерімен жақсы таныс. Университетте оқып жүрген жылдары ол кісінің қазақ халқының тарихына байланысты лекциясын тыңдап, аса көп білетіндігіне, парасаттылығына, батылдығына қайран қалғаны бар. Кейін ол кісі Мұхтар Әуезов музейіндегі халық университетінің бірнеше сабағын жүргізген. Өз ата-бабасының тарихын шала-шарпы білетін, әртүрлі кітаптардан үзіп-жұлқып оқығанын көңіліне медет тұтып жүрген Қуандық осыдан кейін ел-жұртының өткеніне басқаша көзбен қарай бастаған. Тарих ғылымының жазуына қарағанда, қазақ деген халық он бесінші ғасырдың екінші жартысында аяқ астынан пайда бола салған сияқты еді. Көңілінде бір күдік кілкіп тұрғанмен күнделікті қу тіршіліктің уайымымен жүріп бұл мәселеге ой көзін жүгіртіп, ақыл таразысына салып, қорытынды пікір түймеген. Тарихтың айтқаны ақиқат деп түсінетін бозбаланың қалыптасқан ұғымын шашы түгіл қасы да ағарып кеткен профессор Алдияр Ақпанұлының ақиқаты тас-талқан бұзған. Тарихты жасайтын халық та, жазатын жекелеген адамдар екен. Әр кезең, әр замандағы билеушілердің, әмірі күшті уақыттың талабына орай тарихнаманың жаңарып, қайта жасалып отыратындығын ол Алдекеннің аузынан естіген. Партия мектебінде сырттай оқып жүргенде сессияға келген сайын емтихан тапсыратын сабақтарын жиып қойып, профессор Алдияр Ақпанұлының лекцияларына баратын.

Қазақстанның шалғай шеткі ауданында басталған еңбек жолы ақыры оны республика астанасына алып келген. Сыртта жүрген жылдарында Алдияр Ақпанұлынан алыстап кеткенмен, оның есімі көңіл түкпірінде жататын. Өткеніне құрметпен қарауға үйреткен, ата-бабалары мен туған халқының тарихына көзқарасын өзгерткен ғұламаға деген сүйіспеншілігі ерекше еді. Сол адам тағы да міне, ойламаған жерден алдынан шықты.

Мына кісінің айтысына қарағанда, ол көптен бері төсек тартып жатқан сияқты. Кемпірі өлген, баласы ішіп кеткен, өзін мүйіздеп институттан қуған. Шырылдап ара түскен жас ғалымға жөне қиянат жасаған. Мұның анық-қанығын тексеріп, ақиқатына жету оңай шаруа еместігін Қуандық іштей бағамдап біліп отыр. Ең қиын жері – бұл іске тікелей араласа алмайды, солай екен-ау деп,

үндемей қалу Қуандықтың азаматтық болмысына жат. Адам үшін кез келген тәуекелге баруға болады. Бұл пәниде адамға жақсылық жасаудан өткен құрметті міндет жоқ. Оның өмірлік түйіні осы.

Әкесінен он екі жасында қалып, көп қиындық көріп өсті, аш жүрді, жаланаш жүрді, күші басым алакеуде біреулер меселін қайтарды, қиянат та жасады, бірақ оның барлығы оның бойына ана сүтімен дарыған адамжандылық қасиетін өлтіре алмады. “Жетімдіктің таксіретін көп шеккен адам қатал, тіпті кейбіреуі қатыгез болып кетеді” дегенді көп естиді. Бұған Қуандық келісе бермейді. “Адамды бір қалыптан шыққандай бағалауға болмайтындығын” үнемі айтып жүреді. Рас, қиындық кісіні ширатады, шынықтырады. Адам баласы өзінің өмір сүруіне қажетті парасат жинап алмаса қатыгездіктің, қаталдықтың құлақ кесті құлына айнала салуы мүлде оңай. Қуандықтың отыз жеті жылдық ғұмырында түйген қорытындысы осы.

– Партиялық билетімді, орден-медальдарымды жанағы тапал сарыға тастап кеттім,— деді Қуат қария сөзінің соңында. Ішін ит тырнағандай қиналып-ақ отыр бейшара. Жасы жетпістен асқан адамның мұндай тәуекелге ең қиын жағдайда, басқа амалы таусылғанда ғана баратындығын Қуандық түсінді. Мұндай тәуекелге барған жан ұлы үшін өмірін құрбан етуден де тайынбасын іші сезеді.

Қарсы алдында жалғзына шаң жуытпай, аузын арандай ашқан ажалдан да қаймықпастай қасарысып отырған қаба сақал қара шалға соншалық ризашылық пейілмен сүйсіне қарады. Кішкене кезінде әлдекім десін қайтарғанда немесе ку тіршілік қайта-қайта аяқтан шалып шаршатқанда балалық қиялына канат бітіретін “шіркін-ай, әкем болса” дейтін тәтті арман аяқ астынан есіне түсіп, көңілін мұң баурады.

“Шіркін-ай, әкем тіріліп келіп, менің азамат болғанымды көрсе қуаныштан жарылар еді ғой” деген ой оның көңілін босатты. Көзі балбұлдап, бейтаныс қара шалға қарап, жымыып күлді. “Тірі болса менің әкем де жетпістен асып, Алматы мен ауылдың арасында жүрер еді ғой”.

Әлдеқайда телефон шалды.

– Маған келіп кетіңізші.

“Сенің бәрін отау құрып кетесін. Қарашаңыраққа ие болып. кемпір екеуміздің жанымызда Саятым қалады” дейтін әкесі. Кенже ұлын соншалық жақсы көруші еді. Ол әкесінің қазасынан кейін көп ұзамады, кездейсоқ жағдайға ұшырап, бакилық сапарға аттанды. Қуандық ақырын ғана күрсініп қойды.

Есікті ақырын ғана ашып, бөлмеге имене басып, божбан сары

кірді. Манағы пандық, шіренісінен түк қалмаған, бүгежектеп жас жігітке жаскана қарайды. Именшектеуіне қарағанда өз кінәсін мойындаған адамның сынайы.

— Бектер Сергекбаевич, ақсақалдың партбилеті, орден-медальдары сізде ме?

— Менде. Қуандық Сәруарович,— деп тақ ете қалды да қалтасынан партбилет пен орден-медальдарды алып, столдың үстіне жайлап қана бір-бірлеп қойып шықты.

Рахмет! — деді Қуандық орнынан тұрып. “Бара беріңіз” дегендей Сергекбаевқа қарап, басын ақырын ғана шұлғыды. Ол ләм деместен шығып жүре берді. — “Битке өкпелеп, тоынды отқа жақпа” дейді казак. Ордендер мен медальдар сіздің ешкімнің таласы жоқ еңбегіңіздің жемісі. Бұлар сіздің өткен өміріңіздің белгісі. Дүниенің бір сәттік қиыншылықтарына бола отыз, қырық жылдық өміріңізді сызып тастай салу дұрыс па? Үкіметке дәл бұлай өкпелеу сізге жараспайды, ақсақал. — Қуандық столдың үстінде жатқан ордендер мен медальдарды шалдың омырауына асықпай бір-бірлеп таға бастады. Партбилетті қолына алып, айналдыра қарап шықты да, ішін ашып, көз жүгіртті. — Партияға өткеніңізге елу жыл болыпты ғой. Елу жыл серік болған партбилетіңізді қалай ғана көзіңіз қиып тастап кеттіңіз? — Қуаттың жауырынын тер жуды. Екі беті қалақай шаққандай дуылдады. Манағы қылығының тым әбес болғанын енді түсініп, көңілі сөгіліп, кіріп кетер тесік таппай, жүзі жанып отыр. Жас жігіттің дауысы жұмсақ, тілі майда. Жымиып күліп отырып адамның ішіне кіріп кететін өнері бар екен. Шалдың мысы басылып, үн-түнсіз тынған. Өміріңіздің елу жылы партиямен бірге өтіпті. Елу жылдық өміріңізді керек қылмай лақтырып тастап кеткеніңізді қалай түсінеміз?

— Ашу ғой, шырағым,— деп мінгірледі шал. — Алдына барған адамдарымның барлығы жүйкемді жұқартып жіберді.

— Жекелеген адамдардың жіберген кемшілігіне бола партияны кінәлау дұрыс па, ақсақал?

— Жә, шырағым, менен кетті бір ағаттық,— деді шал еңсесін көтеріп. — Түрмеде жатқан балама көмегің тие ме? Маған соны айт. Өзің үлкен бастық көрінесің. Қол ұшынды бер, шырағым. Жалғызым үшін аярым жоқ.

Қуандық шалдың мына сөзіне күлді. Сөзінің қателігін айтып түсіндіргісі келді де, тілін тістей қойды. Ол кісінің дұрыс сөзді бұрыс қабылдайтынын сезіп үндемеді. Бар болғаны жымиып күлді де:

— Жақсылық ешқашан қарызға жасалмауға тиіс,— деді.

– Иә, түсінемін, шырағым.

– Жасалар жақсылыққа баға белгілеген жағдайда ол бастапқы мағынасын жоғалтады. Сондықтан жақсылық әрқашан тегін жасалуы тиіс. Адамның адамға жақсылық, қайырымдылық жасауы оның тірлігіндегі ең негізгі міндеттерінің бірі.

– Рахмет, шырағым! Аяғанымға кол ұшын бер.

– Сізге өтірік уәде бере алмаймын, аксақал. Балаңыздың ісімен танысып көрейін. Егер нақақ күйген болса кол ұшын беру менің азаматтық міндетім.

– Көсегең көгерсін, шырағым! – деп қалбалақтап орнынан тұрып, жігіттің қолын қысты. Осы кезде көзі қабырғада ілулі тұрған Қонаевтың үлкен портретіне түсті. Түсі сондай жылы. бұған күле қарап тұрған сияқты. Осы кезде шалдың ойына Алдияр жазып берген арыз оралды. Мүлде есінен шығып кетіпті. – Қонаев аксақалдың атына жазып келген арызым бар еді. Ол кісі жоқ екен. Өзіне қалдырып кетейін, шырағым. Ертен қайтамын. Кемпірім ауру, жалғыз қалды. Қайта-қайта келіп жүретін жағдай жоқ менде. Өзіңе сендім.

Қоштасарға келгенде шал оны құшақтап, екі бетінен шолп-шолп сүйді. “Осыным артықтау болды-ау” деген жоқ. Өйткені Қуандықтың көзіндегі өзіне деген жылылықты көріп, көңілі марқайды. “Мынау бір иманы бар бала екен. Құдай абырой берсін” деп күбірледі.

Қуат қария “үлкен үйден” көңілін құрсаған мұннан арылып қуанып шықты. Тұмағын, тонын киген жоқ. Күбірлеп сөйлеп, бар жақсы сөзін Қуандыққа арнап, Алдияр Ақпанұлының үйіне қарай аяндады.

Ол алып келген жақсы хабарды естіп, Әсем жүрегі жарылардай қуанды. Орталық партия комитетінде істейтін адамның қолынан өлген адамды тірілтуден басқаның бәрі келеді деген түсінікпен ғұмыр кешіп жүрген келіншек көп ұзамай Аяғанның ақталып, аман-есен үйге қайтып ораларына сенді.

– Ол жігіт туралы зиялы қауымның пікірі жақсы. Комсомолдан өскен жігіт қой, – деді профессор оны сырттай танитындығын аңғартып. – Білгір, ширақ, іскер жігіт деп естимін. Ол кіріссе ісіміз оңға басып қалар, сірә.

Қонаев аксақалдың атына жазылған арызды сол жігіттің қолына тапсырдым.

– Бәрежелді! Дұрыс болған екен! – деп профессор қуана дауыстады. Жүзі жыдарып, көзі нұрланып, езуіне күлкі ілінді. Әдетте қуанып отырса да езу тартқаннан арыға бармайтын профессордың мына қылығын Әсем жақсылыққа жорыды. –

Бірінің сөзін бірі сөйлеп, бізді тәлкек қылғандардың әуселесін көрелік енді. Хатымыз Димекеннің қолына тисе...

– Бала-шағасының қызығын көргір, адамшылығы бар жігіт болғаны ғой. Аман жүріп, абыройлы болсын азамат,— деді Әсем енесінен үйренген әдеті бойынша бетін сипап.

– Біздің Әсем енді біраз күнде бес уак намаз оқиды,— деп күлді Алдияр.

– Оқысын. Аяғанға сауабы тиеді.

Келіншек жымыып күліп, профессорға жасқана қарады. Іші ауырған адамдай еңкейіп, қабағы ашылмай түнеріп жүретін Әсем өте көңілді.

– Құдай өзіне құрмет көрсеткен пендесінен жақсылығын аямайды,— деді Куат.

Келіншек сықылықтап күліп жіберді. Көптен бері адам сияқты күлгені осы. Күлкісі мөлдір, таза екен. Алдияр оған мейірлене назар салды. Қабағының қыртысы жазылып, жүзі нұрланып, бетіне қан жүгіріпті. “Күлкі әйел адамның шырайын ашады екен-ау” деп ойлады профессор.

– Аяғанға себі тисе күніне он рет намаз оқиын. Папамыз үшін бәріміз — Бибіш те, Елжас пен Олжас та күніне қанша рет болса да жаратқанға жалбарынар едік.

– Бесеу жетеді, шырағым. Шарифат солай дейді.

– Қария, Әсемге намаз оқуды үйретіп кетіңіз,— деп езу тартты Алдияр.

– Е-е, Алдеке-ай, мені қайбір білгіштігімнен намазға жығылып жүр дейсіз. Құдай дауысымызды еститін жерге жақындадык. Сонымда қалар ұрпағыма жаратқан ием жар болсын деген ниет біздікі,— деп күрсінді шал. Сол күйі ұзақ уақыт үнсіз отырып қалған. Алдияр да үндемеді. Әсем шай демдемек болып шығып кетті.

Үшеуі үн-түңсіз отырып шай ішті. Күндегідей емес, Әсем бүгін ажарлы. Бетіне қан теуіп, көзіне нұр ұялапты. Үйдің ішінде қалындап киініп, басына түбіт орамал салып алушы еді, қазір үстінде көкшіл помбарқыт көйлек, иығына төгілген шашын бұйралап қойыпты. Қимылы да ширақ. Дастарханға бар дәмін үйіпті.

– Е-е, алла! Бергеніне де шүкір...

– Өмірде әділ адамдар аз емес, қария. Үлкен үйге бір кіріп шығып едіңіз қаншама шаруа бітірдіңіз. Ал Димекене жолыққанда асығымыз алшысынан түсер еді. Бірақ... Әй, бірақ Димекене екiнiң бiрiнiң қолы жетпейдi-ау,— дедi. Алдекен қаймақ қатқан қызыл күрең шайды сораптап ұрттап отырып. —

Біз жан-жаққа арыз жөнелтіп, бекер арамтер болыппыз. Арызымыз жиылып келіп, Сергекбаевтың алдында жатыр дейсіз. Әй, әділетсіз өмір-ай!

— Енді ол бейшара зыр қағып жүгіретін болды. Өлгі баладан ығып тұрады екен. Мені кісі ғұрлы көрмеп еді зәнталақ. Қуандық баланың алдында билеп кетті.

— Билеп үйренген сүмелек қой ол. Өзінен шені үлкеннің алдында бас иіп, жымсиып тұрады да, теріс айнала бере ит терісін басына қаптайды. Олар сондай ғой. Нағыз екіжүзді... Әй, қойшы соларды.

Қуат қария көлдей орамалын алып, терін сүртті: Кесесін алақанымен жауып, столдан шегініңкіреп отырды.

— Ертең ертемен жолға шығамын,— деді сәлден кейін. Жаңа ғана жадырап отырған Әсемнің түсі қашып, қабағына көленке қонды. — Шырағым, сен өзінді күт. Денсаулығыңды бұзып алыпсын. Үш балаға қарау оңай болмас сірә. Аяғанның уайымы-ақ шаршатар. Балалар да жүдеп, қызалаштанып қалыпты. Ақ ішіп, ет жеп, сорпаланса беттеріне қан жүгірер еді.

Әсем атасының дәл осылай дерін алдын ала болжаған. Ұзақ ойланған. Қаланың өмірінде үйде отырып үш баланы асыраудың мүмкін еместігін түсіне тұра Аяғанды тастап кете алмайтындығын білді. Тыпырлап жүріп жұмыс істеуге денсаулығы жарамайды, қарап отырып аштан өлер жағдайы жоқ. Денсаулығы көтерсе жеңіл-желпі жұмыс істермін деп шешкен.

— Ата-оу, — деді келіншек сәл ғана үзілістен кейін дауысы дірілдеп. Көз шарасы меймілдеп жасқа толды. — Оларсыз менің күнім батып, таңым ата ма? Сағыныштан солып, семіп қалмаймын ба, ата-ой?!

Шал қара тастай болып катып қалған, келініне қарсы пәтуа айтпады. Әсемнің осы сөзді айтарын алдын ала білгендей, көзі жыпылықтап, ептеп қызара бастады. Тамағына ып-ыстық өксік келіп кептеліп тұрып қалды.

Ата мен келіннің мәмлеге келе алмай қиналып отырғанын сезіп, Алдияр ақылман ағайынның сөзін айтып, екі жақтың да көңілінен шықты.

— Сіздікі де, қария, сенікі де, қызым, дұрыс сөз. Шал мен кемпір немерелерін бетін желге қактырмай, күнге күйдірмей бағады әрине. Елжас мектепте. Ауыл мектебінің жағдайы белгілі. Сондықтан балаға обал жасамауды ойлау шарт. Ал кішкентай Бибіні туған анасының құшағынан жұлып алу кету қатыгездік болады. Менімше, атасына еріп, ауылға Олжастың барғаны дұрыс шығар.

Ақылдаса келе ата мен келін мәмлеге тоқтады. Ортаншы ұл атасына серік болып ауылға аттанатын болды.

Ертесіне Қуат қария құлқын сәріде тұрып, намазын оқыды, оны-мұнысын қоржынына салып, жолға жиналды. Олжастың ауылға кететінін естіген Елжас пен Бибі ешкім оятпаса да ерте тұрып алыпты. Кіп-кішкентай болып іштері қу. Екеуінің де бауырларын кимайтынын Қуат қария бірден байқады. Екеуі де көңілсіз.

– Атаң мен әжеңе көмектесіп, тілін алып жүр,— деп Әсем оған ақыл айтып қояды. Ол басын изеп, үнсіз тұр. Үй бетін көрмей қанғырып кетпе. Тентек болма.

Қоштасарға келгенде шалдың көңілі босап, алқымына жас тығылды, калып бара жатқан екі немересін кезек-кезек құшақтап, аймалап сүйіп, мауқын басты. Хадишаны да туған қызындай құшағына қысып, маңдайынан сүйді.

Айналайын сенен! Сендей қыз қазағымның бағына туған ғой,— деп еміренді. Хадишаның екі көзі жапақтап, шалдың мойнынан қапсыра құшақтап алды, бір әлемет күш жүрегін қыспаққа алды. Хадиша өзін-өзі ұстай алмады, ата-ананың мейірім-шапағатына шөлдеген жетім жүрек егіліп қоя берді.

Аз күндік сыйластығы қимас достыққа айналған екі көрінін айқасқан құшағы көпке дейін жазылмады.

Ал, Алдеке, казактын балалары өзіңізге аманат,— деді Қуат қария есіктен шығып бара жатып. Сыртқа ілесе шыққан Әсем, Елжас, Бибі үшеуі жетектесіп ұзап бара жатқан шал мен немересінің сонынан ұзақ қарап тұрды.

27

Аумағы ат шаптырым бөлмеге имене басып кірген Жақия ректордың қабағындағы зілді байқап, босағада тұрып қалды. Әншейінде жарқылдап күліп, әзіл айтып қарсы алатын Мұса Байларовтың қабағы қатқыл екен, жайсыз жағдайларда екі беті қызарып кететін. Ректордың жүзін көріп, Жақияның көңіліне қара шапты. Аяқ астынан ненің бүлінгенін біле алмай, ашулы бастығына ұрлана қарап, не істерін білмей дағдарып тұр. Келгенін білдіріп, жөткерінген, Мұса бірақ селт етпеді, қырын қарап, ойланып отыр.

– Ассалаумағалейкөм, Мүсеке!

Ректор таскерен болып қалғандай, босағада тұрған деканға көз қырын да салмады. Оқиғаның бұдан ары қарай қалай өрбитінін бағамдап үлгерген әккі Жақия лаулап келе жатқан өрттің алдын алуға тырысты.

– Мүсеке, ассалаумағалейкөм! – деп басын иіп, қос қолымен кеудесін басып тұрып дауыстап сәлем берді.

– Слушай, осы сен мені арандатқанды қашан қоясың? – деп босағада мүләйімсіп тұрған Жакияға зілдене қарады.

– Айтып өлтіріңізші, Мүсеке.

– Сол балаға тимей-ақ қоялық, оны пайдалану керек деп құдайдың зарын қылдым. “Ойбай, түбінде түбімізге сол жетеді” деп шырылдады. Оны аркасынан қағып, алдай салудың орнына, шапқа түртіп, әбден ашындырып алдық.

Әңгіменің кім туралы екенін Жакия сұрамай-ақ білді. Мұса Байларовтың мазасызданып отырғанына қарағанда, Аяғанның ісіне бір дәу киліккен тәрізді. Ол кім болды екен? Оның арка сүйер ешкімінің жоқ екенін білетін Жакияның көңіліне күдік кірді. Мәскеуге жазған көп арызының бірі аузымен құс тістеген біреудің қолына тиіп, сол неменің пейілі түсті ме екен?! Біреулер арқылы ең үлкен басшыларға жол табуы да мүмкін. Аяғанға әлгілердің пейілі түсіп, жанашыр қолын созса бұлардың күні қаран. Қаран...

Жакияның болар-болмасқа үлп етпейтін жүрегін үрей қапты. Селк етіп, басын шалт көтерді де, Мұса Байларовқа тесілді, оның бетіндегі қызыл аумақталып бара жатқан секілденді. Ұсақ-түйек шаруаға бола мазасызданбайтын Мұсаның бүгінгі қылығы тосын. Сенері күшті болғандықтан қандай қиын жағдайда да сыр бермей нығыз отыратын бастығының мына түріне қарағанда бір қауіптің тақап қалғаны анық. Жакияның бойын қорқыныш биледі.

– Қуатовқа тимендер деп талай айттым. Алдияр Ақпанұлының жыртысын жыртқандардың барлығына жағдай жасап, бауырымызға тартайық дедім. Түсінбедіңдер.

Ректор күйзеле күрсініп, орнынан тұрды да, кең кабинетте ерсілі-қарсылы жүре бастады. Айтатын сөзі көп болғанмен бастығының әуейіне қарап, үндемей тұрған Жакия да күрсінді. Мұсаның мінезін біледі, мұндай сәтте ауыз ашудың қажеті жоқ, бас шұлғып, үнсіз тыңдай бер. Бастық сөйлеп-сөйлеп ашуын сарқады, ақылы бар адам болса сонысы үшін артынан өзі ұялады. Ашу – өрт болса, қарсыласу – май. Мұны Жакия жақсы біледі.

– Сен кінәлісің, – деп Мұса шытынап, оған зілдене қарады. Жакия ежелгі әдетімен жанарын жығып, басын тұқшитып, бұға түсті.

– Қуатовтан келген зауалды мен-ақ көріп алайыншы. Мүсеке, – деп қалды сасқалақтаған Жакия қапелімде.

– Пах, шіркін! Орталық комитеттің бөлім менгерушісімен

жағаласатын күшті саған кім беріпті? Мойнынды бұрап жұлып алады.

– Ал мен жұлғызбаймын, Мұса Байларович, – деп жарамсактана жымыды Жакия. – Оларға да жан керек. Олардын әлсіз тұсын, жанды жерін мен жақсы білемін.

Алғаш көріп тұрғандай Мұса оған таңырқап ұзақ қарады. Миығына жұқалтаң ғана күлкі жұқты. Мізбақпай нығыз тұрғанына карағанда Жакияның арқа сүйер біреуі бар сынайлы. Жанағы сөзді өзінің көрінен құтылу үшін жандалбасалап айта салғанын Мұса дәл осы сәт біле қойған жоқ. Оның сөзін “біз де жерде жатқан жоқпыз, жатып жан бермеймін” дегені деп түсінді.

– Ол оңай жау емес. Біріншіден ең сенімді адамдарының бірі. Сәруаров дегенді естіп пе едің?

Жакия бас шайқады. Ректордың жанағы сөзі қақ мандайдан шоқпармен ұрғандай әсер етті. Мұсаның айтқан адамы өзі білетін Сәруаров екенін ұға тұра абыройын төгіп алмас үшін іштей тіксінгенмен хат сыртынан жұдырық түйіп, дөңайбат танытты.

– Кімнің сенімді адамы болса да Совет үкіметінің заңынан күшті емес шығар, Мұсеке. Біз ешкімге қиянат жасаған жоқпыз. Қуатов секілді үкіметке қарсы адамдар педагогтық қызметпен айналыса алмайды.

Мұса құптағандай бас шұлғып отыр. Жакияның мына мінезі оған жақты. Бұрын қысылтаянда жеме-жемге келгенде бас амандығын ойлап, тайқып шығып, ұстатпай кететін тайғанақ адам деп бағалайтын. Бүгінгісі тосын батылдык. Ректор оның осы батылдығының себебін біле алмай тан. Аяғанның ісінің тым созылып кеткенінен күдіктеніп, көңіліне қара шауып, мазасызданып жүрген. Ол бала бұлардың көп сырын біледі. Соңына түсіп, әр басқан адымын андып жүрген дұшпандарымен бірігіп кетсе істің немен аяқталары бір аллаға аян. Қуатовты о баста шапка түртіп шамдандырмай, аркадан қағып, алдай салу керек еді. Ұстасқан соң былқылдамай одан біржола құтылғандары жөн болар еді ғой. Әңгіме үлкен үйге де жеткен сияқты.

Орталық комитеттің бөлім менгерушісі телефон соғып, Аяған Қуатов пен Алдияр Ақпанұлының қал-жағдайы туралы әңгіме бастағанда абайсызда аранға құлаған арландай күйге ұшыраған. Бірақ Сәруаров қазымырланып қазбаламай алыстан орағытып, Алдияр Ақпанұлының еңбектерін тілге тиек етіп, ауырып қалғанына киналып, қынжылыс білдірді. Екеуінің арасында бір дәнекердің барын Мұса ұқты, бірақ дәл сол сәтте анық-қанығына жете алмады.

– Аузына келгенді ойланбай айта салатын ашықауыз қазақтар

көп қой, Мүсеке,— деп күлді Сәруаров Аяғанның шаруасы туралы әңгіме бастап. — Оларды Москва, Ленинград сияқты үлкен қалалардағы диссиденттермен шатастыруға болмайды. Біреу ішіп отырып артық сөйлеп қояды. Екінші біреу қызбалықпен айтады. Солай емес пе, Мүсеке?

Мұса іштей қарсы бола тұра қолдап шығып келді. Аяғанның Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің тергеу бөлімінде жатқанын теріс деді. Өзінің бұл іске мүлдем қатысы жоқ екенін айтып үлгерді.

— Сізбен пікірімнің бір жерден шыққанына қуаныштымын. Сау болыңыз.

Сәруаровтың даусында жолыма тұрғанды таптап кетемін дегендей нық сенім бар еді. Трубканы орнына қойғаннан кейін мең-зең болып, түсініксіз күйге түскен. Халықтың аузына ілініп, республика басшысының ең сенімді адамы деп танылған жас перінің күтпеген жерден телефон соғып, Алдияр мен Аяғанның тағдырына байланысты әңгіме қозғауы, ойын ашық айтпай алыстан орағытып, жұмбақтай сөйлеуі сенгенінен сүйенгені мықты Мұса Байларовты әжептәуір абыржытқан еді. Сенімді адамдарымен ақылдасқаннан кейін көңілі орнына түскен.

— Қуатовтың ісі өзіміздің адамдардың қолында. Жұмыс жүріп жатыр,— деді Жақия ректордың бетіндегі аумағы кішірейе бастаған қызылға сәп сала қарап тұрып.

— Артық қыламын деп тыртық қылып жүрмендер,— деп күрсінді Мұса. — Заман өзгеріп барады. Біреуді біреу алайын деп жүрген жоқ. Мына шу басылғанша сақ болайық. Қазақстанға үлкен комиссия келеді деген сөз бар. Алдияр қарап жатыр дейсін бе?! Қарауылға ілігіп кетіп жүрмейік.

— Іліге қоймаспыз,— деп Жақия жымсия жымиды.

— “Сақтансаң сақтаймын” дегенді ұмытпайық. Аяған Қуатов түрмеде жатса да қауіпті. Ал Алдияр Ақпанұлы орнынан тұра алмай жатып та берілмейді. Жау берілмесе...

— Ұқтым ойыңызды, Мүсеке,— деді Жақия оның сөзін бөліп. Мұса жымиып күліп, оның жүзіне көз тоқтатып қарады. Мұның аузынан не шықса да қалт еткізбей орындайтын сынайлы.

— Айтпақшы, Қуатовтың шаруасымен айналысып жүрген кім?

— Сіз оны білесіз. Анау жылы осында істеген. Кандидаттық диссертациясын қорғай алмай кеткен.

— Фамилиясы кім еді?

— Мақсұт Сарыбаев.

— Ә-ә... Солай де... Білемін ғой оны. Ол жігітті осы Ақпанұлының тобы құлатқан.

– Оның Алдиярды да, Аяғанды да атарға оғы жоқ. Ол аямайды да, аянбайды да...

Мұса Байларов аяғын санап басып терезенің алдына барып, сыртқа карап тұрды. Ректордың мінезін білетін Жақия әңгімесін әрі өрбітпей тілін тістей қойды. Аркасын беріп тұрған Мұсаға ызалы көзбен караған Жақия тістеніп, қабақ шытты. Күні кеше ағалап алдын кесіп өтпейтін Мұса бүгін міне, мұны менсінбейді. Сызданып әрең сөйлеседі, амалы жоқ, тағдыры соның қолында. Жасы үлкен бола тұра күні үшін жалбақтауға, жағымпаздануға, жек көрсе де марапат сөз айтып, мактауға міндетті. Қылдан тайса Мұсаның кәріне ілігеді. Оның сыры мәлім, кектескен адамын аямайтынын баяғыдан біледі. Басканы былай қойғанда, азуын айға білеген арыстандай Алдияр Ақпанұлын шалкасынан түсірді. Тіпті жағаласуға шамасын келтірмеді. Алдиярдай атакты ғалымның жанында Жақия кім, тәйірі?! Мұса Байларовтың бір сілкігенінен қалмай қалпактай ұшады. Оның қолында үкімет берген күш бар. Тамыр-таныс, жолдас-жорасында есеп жоқ. Мұның қолына Мұсанікіндей мүмкіндік берсе мықтымын деген кез келген марқасканы сындыру, қайтып тұрмастай етіп құлату сөз болып па, тәйірі.

“Анау орындықта мен отырсам мынау иіліп кіріп, бүгіліп шығар еді. Алдымда құрдай жорғалар еді. Баяғыда “аға” деуші еді. Тәубасын тез ұмытып кетті иттің күшігі”.

Жақия ақырын ғана күрсінді. Осы кезде аркасын беріп тұрған Мұса шұғыл бұрылып, оның бетіне жалт қарады. Ойын ректор оқып қойғандай Жақияның екі беті қалақай шаққандай дуылдай жөнелді. Ректорына тура қарауға жүзі шыдамай екі көзін алып қашып, берекесі кетті. Мұса бір сырдың ұшығын ұстады ма, көз алмай ұзақ карағанмен үндемеді.

– Бүгін кешегі тәсілмен әрекет жасауға болмайды, Жәке,— деді Мұса орнына отырып жатып,— Үкімет басшысы өзгерді. Тәртіп күшейді. Бір уақыттың төліміз. Тезірек өзгеруіміз керек.

– Түсінемін ғой, Мүсеке...

– Түсінсең сол, ескі тәсілді өзгерт. Тікелей шабуылға көш. Женсен олжалысын, жеңілсең өз сорыннан көр. Солай, Жәке. Мемлекеттің жаңа басшысының жүргізіп отырған саясаты осындай. — Мұса орнынан тұрып, аяңдап Жақияның қыр желкесіне келіп тоқтады. Басын көтермей, мойнын ішіне алып, қимылсыз отырған Жақияның екі жауырынының арасы шымырлады. Оны сынағысы келгендей Мұса біраз уақыт қимылқыбырсыз тұрды. Жақия ақырын ғана күрсінді. — “Ең жақсы қорғаныс шабуыл” деген даналық сөз. Алдияр әлі күшті. Ол

жеңілгенін мойындаса қарсыласқанын қояр еді. Ол әлі сынбапты. Ондайлар кеудесінен жаны шыққанша қарсыласқанын қоймайды. Ол қауіпті, Жәке. Оның соңында Сәруаров тұр. Сәруаров! Жадына жаттап ал.

– Алдиярдың қанша өмірі қалды дейсіз.

Ондайлар бір сағаттық өмірі қалса да қарап жатпайды. Сілтеген жұдырығы қапыда қатты тиіп жүрмесін,— деп жымыды Мұса столына қарай беттеп бара жатып.— Төңірегіне біраз әскер жинап алған көрінеді ғой ол.

– Иә, солай дейді. — Жақия кінәлі адамдай көзін жыпылықтатып, ректорға жасқана қарады. — Қуатовтың балашағасын кіргізіп алыпты. Қуатовтың жыртысын жыртып жүрген қаңғыбастар сол үйге жиналады екен. Ішінде ес болар біреуі жоқ. Бәрі жалаңаяқ, мелкий сошқалар, Мүсеке.

Оның сөзін бөлмей тыңдағанмен Мұсаның ойы басқада еді. Жақия айтқан әңгімені ол Алдиярдың соңына салып қойған адамынан әлдеқашан естіген. Ол үйге келіп-кетіп жүретіндер туралы толық мағлұмат алған, Асылхан есімді жігіттің кісі қолынан қаза тапқанын да білетін. Деканның соның барлығын жаңалық ретінде айтып отырғанына қыжырды қайнады. “Өзін де солардан алыс ұзап кете қойған жоқсың-ау бейшара. Мелкий сошқаның нағыз өзі сен шығарсың” деп ойлады.

– Олардың қолынан шуылдағаннан басқа түк келмейді. Мүсеке. Барлығы оқуға түсе алмай қалып, қаңғырып жүрген бозөкпелер.

– Иә, олар тобыр,— деді оны құптағандай бас шұлғып. — Шулап-шулап қояды. Бірақ олардың артында Алдияр сияқты дем берушісі, ақылшысы бар ғой. Ол орнынан тұра алмай тұралап жатып та екеумізді сүріндіре алады. Оның қаламы жүйрік, Жәке. Заман өзгеріп кетті. Аман қаламын десеңіз Алдиярдан құтылу керек алдымен. Солай, Жә-ке-е...

“Дұрыс айтасыз” дегендей Жақия жымсия жымыып, жарамсақтана бас шұлғыды. Оның дәл осы қылығы Мұсаға мүлде ұнамайды. Мұның пайымдауынша, бұл кара басының пайдасын ойлап, көз алдау үшін ғана бас шұлғитын адамның әдеті. Ондай бақай есепке жығылып үйренген пенде өліп бара жатса да тәуекелге бармайды, бас шұлғып отырып алдыға өзінді салып қояды.

Сырт көзге алаңғасарлау, анқаулау болып көрінуге тырысатын Жақияның ішінде ит өліп жататынын Мұса алғашқы әлетте білген жоқ-ты. “Ағалап” бар сырын ақтарып айтып жүрген адамының кім екенін кейін түсінді. Бұл ректор болып бекіген сон

да “ағалығын” ұмыта алмай, кішіреймеуге амалы қалмай біраз бұлталақтаған. Сыпайылап айтқанын шала тындап, жас бастығын өтірік күлкісімен алдап, реті келгенде жарамсақтанып, жанашырсып қолтығына кірді. Жылмиып күліп жүріп биліктің тізгініне жармасты. “Мұса менін ырқымнан шыға қоймас” деп ойлаған. Жас та болса әккіленіп, әдіс алып қалған “ректор бала” ағасының пиғылын таныды. Өмір бойы орындаушы болып жүрген адамдардың психологиясын жақсы білетін Мұса араға уақыт салып барып қарауындағылармен басқаша сөйлесе бастаған. Әдепкіде өзімсініп еркін кіретін Жақия секілді біраз адам көп ұзамай тауы шағылып, тауаны қайтып қалған. Өздері білетін бала Мұсаның сүйенішінің аса мықты екенін білгеннен кейін олар бұрынғы ректорға қалай қызмет жасаса жас басшыға дәл солай жалпандауға кіріскен. Солардың ең алдында иіліп-бүгіліп Жақия жүрді. Күні кеше бір факультеттің аспанын жалғыз өзі көтеріп жүргендей шіренетін Жақия бүгін, міне, пешка. Бұл ферз. Жақия сияқты толып жатқан пешкаларды көзге ілмейді. Жынына тисе қағады да тастайды.

“Бұлар – күл. Бұйыр, тапсыр! Кеудесінен шыбын жаны шығып кеткенше тыпырлайды. Тапсырманы орындайды. Орындай алмаса өзіне сын”.

Мұса әнтек езу тартып, деканның бетіне қарады. Моп-момакан болып отырған Жақияның ішінде ит өліп жатқанын сезеді. Мұндайлар ештеден қайтпайды. Өмір сүру мына заманда оңай емес. Жақсы өмір сүру, дүние-мұхиттың бал шәрбатын қалауыңша қанып ішіп, уайым-қайғысыз өмір сүру тіпті қиын. Өзінің қабілетіне, мүмкіндігіне сенбейтін пенде көп қатарлы тіршілік ету үшін орындаушылық кәсіпке бейімделеді, бастықтардың айтқанын қалт еткізбей орындайтын құлдық психологияға басын байлап береді. Осы арқылы олар өле-өлгенше шекелеріне тағдырдың таяғын тигізбей, шалқып жүріп өмір сүреді. Қоғам өзгеріп, басшы ауысар. Орындаушы – қарақұлдарға бәрібір, олар өзгермейді...

– Бұл іске Сәруаров кірісіп кетсе жағдайымыз қиын. Сондықтан оған мұндай мүмкіндік бермеу керек. Алдиярдың ұлын ЛТП-ға жіберу қате болған, Жәке.

– Қолымыздан келмеді,– деп Жақия мүләйімсіп, жаскана сөйледі.

– Ол тұз көзір еді ғой,– деп ректор қабақ шытты. Деканға тесіле қарап, бір сәт үнсіз тынды. Бастығының өзіне қандай пиғылмен тесілгенін білгісі келіп, ол да имене тұра Мұсаға тік қарады. Екеуінің көзі тоқайласты, сол сол-ақ екен ректордың

жанарындағы зәр жасып, ызғар қайтты. Мұсаның жүзі жылып, екі көзіне болар болмас қана мейірім ұялаған сияқты.

– Шабуыл жасау керек. Шабуыл! “Егер жау берілмесе оны құртар болар” дегенді кім айтқан? – деп ректор деканға күле қарады. Ол әлгі сөздің авторын есіне түсіре алмады. – Кім айтса да ақылды адам екен. Сол кісінің принципін ұстау керек. Істі тезірек бітірмесек өзімізге қауіп.

– Түсінікті, Мүсеке, – деді Жакия папкасынан бір жапырақ қағаз алып. – Аяған Қуатовты қорғап, Орталық комитетке хат жазған студенттермен жеке-жеке сөйлестім. Әрқайсысынан қолхат алдым. Екеуі көнбей жұртты дүрліктіріп еді, ішіп жүргенде ұсталды. Студсоветте екеуінің мәселесі қаралған. Мынау протокол... Мынау қағаз...

– Жақсы, түсіндім, – деді ректор оның сөзін бөліп. – Қағаздарын дайындаңыз. Оларға сол керек.

– Қағаздары дайын.

Жакия жымсия езу тартты, Мұсаның езуіне де күлкі ұялады. Бұл бір-бірімізді жақсы түсіндік деген белгісі еді.

– Уақыт тар. Саған он күн мүрсат беремін.

– Күп, – деді Жакия бас иіп, орнынан тұрды. – Айтқаныңыз бізге заң, Мүсеке.

28

Қуандық Сәруаров дегеннің кім екенін Әсем қайдан білсін. Әдепкіде Алдияр Ақпанұлының көп танысының бірі шығар деп ойлаған. Үйдің адресін сұрағанда көңіліне күдік шауып, не дерін білмей тосылған. Әлгі адамның Орталық партия комитетінің қызметкері екенін білген соң ғана жөнін айтты.

– Ата, Қуандық Сәруаров деген біреу кіріп шығамын дейді. ЦК-да істейтін көрінеді, – деді шалдың бөлмесіне ентігіп жеткен келіншек абыржып. Ой құшағында отырған Алдекен жұмулы көзін кең ашып алып, Әсемнің жүзіне таңырқай қарады. Қорыққаны ма, жоқ әлде қуанғаны ма, келіншек екі иығынан дем алып, ентігіп тұр.

– Біздің дауысымыз құдайдың құлағына жеткен екен, – деді профессор қуана дауыстап. – Әлде Қуат қарияның арызы Қонаевтың қолына тиіп, Сәруаровты сол кісі жұмсады ма екен?!

– Қонаев көкемнен айналайын! Қонаев – пайғамбар ғой, ата. Өмір жасы ұзақ болсын!

– Сәруаров!.. Ол жігітті жұрт жақсы атайды. Комсомолдан өскендер шалағайлау болушы еді. Мынау да солардай болып жүрмесе...

– Құдайдан айналайын! Сонан соң Қонаевтан айналайын! Солардың жолында жаным құрбан, ата. Аяғанымды жаладан арашалап, жаманат жұқтырмай құтқарып берсе екен,— деп Әсем егіліп жылап, көз жасын сығып-сығып алды. Сонан соң үлкен қонақтың өне-міне дегенше келіп қаларын ойлады ма, асып-сасып ас үйге жүгірді. Сасқалақтағанда адам ісін неден бастарын білмей далбасалайды ғой, Әсем де дәл сондай күйге түсті. Газ жақты. Оны қайта өшірді. Қазанға су құйып, қайта төкті. Біраздан кейін ес жиып, өзіне-өзі келген соң сыйлы қонағына арнап қазанға ет салды, жүгіріп жүріп дастархан дайындап, шай демдеді. Сәруаров та көп күттірген жоқ. Орта бойлы, қаршыға бітімді жас жігіт босағадан аттай бере:

– Ассалаумағалейкөм! — деп дауыстап сәлем берді. Сасқалақтаған Әсем не дерін білмей қонағына қолын ұсынды. Кісіге күле қарайтын жылы жүзді жігіт екен. Келіншектің қолын ықыластана қысып, жымыып күлді. Үлкен үйден келген қонағына су-су қолын бергеніне қысылған Әсемнің екі беті дуылдап, екі құлағына дейін қызарды.

– Кешіріңіз! — деді келіншек қолын артына жасырып.

– Оқасы жоқ,— деп қонақ жігіт жылы жымыды. Киімін шешіп ілді. — Қал-жағдайларыңыз қалай?

– Жақсы ғой, жақсы... Алдияр ата мына бөлмеде...

Шашы да, қасы да аппақ болып таза ағарған шүкімай шалды көшеде көрсе мүлде танымас еді. Бір кездерде қараса көз тоятын көркем кісі болатын. Уақыт өз дегенін істепті, әбден арып, қу сүйегі ғана қалыпты, өлеусіреген көзінде жылт жоқ.

“Ассалаумағалейкөм” деп келіп қолын алған бейтаныс жас жігітке қадалып тік қарады. Жанарында сес бар екен. Ауру мендеп, қу тірліктің зіл салмағынан әбден қажыған адамға мүлде ұқсамайды. Қуандық жақындап келгенде барып байқады, әділдігі кем өмірден қанша қиянат көрсе де Алдияр Ақпанұлы сынбапты, ол қонағына орнынан тұра алмай жатса да беріспейтін кісінің сыңайын танытты. “Мені мүсіркеудің қажеті жоқ” дегендей қабағын ашпады. Осыны сезген Қуандық ерқашты әңгімеге алданбай әңгімесін басқа арнаға бұрды; жалпақтап, өтірік-шыны аралас көңіл жұбатар сөз айта бастаса қыныр шалдың көріне ұшырары күмәнсіз еді.

– Сізді сыртыңыздан жақсы білеміз ғой. Тарих факультетінде оқымағанмен есіміңізге де, еңбектеріңізге де ертеден қанықпын. Халқымыздың өткен өміріне Сіздің арқанызда ақиқаттың көзімен қарауға үйрендік. Сол үшін сізге әр сәт сайын алғыс айтып, жақсылық тілеп отырамыз, ақсақал.

Қонағын дұрыстап танып алғысы келді ме, жоқ әлде, ниет-пиғылын білуге ынталы ма, Алдекен кірпік қақпай тесіле қарап отыр. Жігіттің мадақ сөзіне еш рай бермеді. Қабағының қыртысы жазылмағандықтан ба, Қуандыққа оның түсі суық болып көрінді. Көңілі жарым, наласы батпан кісінің жағдайы белгілі. Мансабы бар адам көрсе қабағы тырысып, қырсығып қалатын талай қисық мінезді адамның кедергісіне сүрінбеген Қуандық бұл жолы да тосылып тоқтаған жоқ. Шамына тиер сөз айтып, шалды шамдандырып алмауға тырысты. Басына іс түссе де, сәтсіздікке ұшыраса да үкіметтен көретін, сөйтіп әп-сәтте оппозиционер болып шыға келетін, жағдайы түзелсе басқаша сайрайтын сауысқан пиғылды адамдардың тобына қарай итере салуға өзі құдайдай көріп, құлай сыйлайтын ғалымды қимады.

Профессордың екі көзі кісінің өңменінен өтердей суық екен. “Жылты қашқан көздің бәрі осындай суық болатын шығар” деп ойлады жігіт. Жайсыз әсердің шылауынан шыға алмай тұрып, әнтек жымыып, сөзін сабақтады.

– “Өкінішке орай, тарих оқулығы заманның мінезіне байланысты, мемлекет басындағы адамның талабы бойынша әр дәуірде жанарып отырады” деген сөзіңіз есімде. Осы тақылеттес пікірді қоғамдық ғылымдар академиясында оқып жүргенде әйгілі академиктің аузынан естідім. “Әр халықтың тағдырын, тарихын сол елдің перзенттері жазады да, оны әр дәуірдің қожайындары өз елегінен өткізеді. Ал ұлы Шындықтар електен өтпей қалады” дейтін ол кісі. Сөздеріңіз мазмұндас.

Алдияр Ақпанұлына жігіттің айтқаны жақты, білем, ептеп езу тартты, қабағының қыртысы жазылып, жүзіндегі сүс ізім-қайым жоғалды.

“Жұрт білмей сөйлемейді, мынау жөн білетін жігіт сияқты. Үлкен қызметте жүргендер кісімсіп, кіділеніп кісіні шаршатып жіберуші еді. Барған жерінде тас мүсіндей болып ыздиып отыратын, әлдекім ақиқатты айтып, еркін сөйлей бастаса шырпыр болып, шоқ басып алғандай секіреп еді. Мынаның сорты басқа” деп ойлады профессор.

– Мәскеу ол академиктің соңынан ит қосып қумай, қалай ғана сайрандатып қойды екен ө,— деп шал мырс күлді.

Орыстар барының бағасын білетін, өзін-өзі сыйлай алатын іргелі ел ғой. Өмір бойы Кеңес үкіметіне қарсы болып өткен Иван Буниннің толық шығармалар жинағын шығарып алды. Басқаларын да ұмытқан жоқ.

Басқаның қолына қарап, бөтеннің аузын баққан ел жасқаншақ, жасық келеді, шырағым. Барының бағасын біле тұра

нарқын көтере алмайды. Өйткені ол – құл. Құдықтың қамытын киген маркасқа айтқаны келіп, атқаны жетіп тұрған бөтенге жаутандайды. Бұл елдің басында еркі болса Мағжандар елу жылдан бері қапаста камалып жатар ма еді?! Құдай-ау сол Мағжанда Кеңес үкіметіне қарсы жазылған бір өлең жоқ. Е-е, несін айта берейін-ай... Өзін-өзі қорғай алмай қор болған жарымжан пенденің сөзі кімге дәрі, тәйірі?!

Уақыттан әділ, уақыттан күшті ешкім жоқ, ақсақал. Оны асықтыруға болмайды. Мағжан, Ахмет, Жүсіпбек ағаларымыз туралы да аз айтылып жатқан жоқ. Бәрін бүлдіретін өзіміз. Іс дұрыс шешімін табар кезде бұрқыратып арыз жазамыз. Сөйтіп біткелі тұрған мәселе оп-оңай бүлінеді, – деп Қуандық қынжыла қабақ шығтты. Көзіндегі өшпейтұғын күлкі лып сөніп, өкпелеген баладай аузын бүртитты. – Арыз жазатындардың аты-жөнін айтсам сенбес едіңіз. Алғашқы кезде мен де сенгенім жоқ. Халықтың арқасында атақ алып, абыройға бөленген адамдардың кара басының қамы, қадыры үшін бір ұлтты қиналмай орға итеріп кете беретінін білгенде шалкамнан түсе жаздағанмын. Он екі жасымда әкемнен айрылғанда осынау дүниеде еш мән қалмағандай, жарық жалғаннан біржола түнілгенім есімде. Екінші рет өзім құдайдай көріп, құлай беріліп жүрген ағамның Мәскеуге жазған арызын оқығанда сондай күйге түскенмін. Жеке адаммен кектесуге, кетісуге болатын шығар. Ал бүкіл бір ұлтқа қиянат жасауға, топырақ шашуға бола ма, ақсақал? Бұл шектен шыққан қаныпезердің қылығы ғой, ақсақал-ау...

Орталық комитеттің бөлімін басқарған адамдардың талайын біледі. Мынау солардың біреуіне ұқсамайды. Өзі білетін мансапты балдақ қылған тасмандайлар шені төмен кісінің алдында кісілік көрсетіп, ыныранып әрең сөйлейтін немесе ашы сөзді ыржан күлкі, дәмсіз-татусыз әзіл-қалжыңмен жуасытып, иә болмаса бұтына жіберіп қойған баладай көзі бақырайып, тілі байланып отыратын. Мынау еркін, батыл. “Ертеңгі күнім не болады-ау” деп әр сөзін салмақтап, бір шұқып, екі қарап қорқақтап отырған жоқ, пікірі ашық. Халқына жаны ашитындығы көрініп тұр. Билік осындай жігіттердің қолына тимейінше мына жұрттың соры арылмайтындығын Алдекен баяғыда-ақ бағамдаған. Үлкен орындарда отырған тасмандай жаппарқұлдардың алдына талай рет барып, оп-оңай шешілетін мәселесі қиындап, ақыры су аяғы құрдымға кетіп, меселі қайтып, сан мәрте тауы шағылған. Әлгі шіркіндер сол орында халыққа қызмет ету үшін емес, абайсызда пәле-жалаға ұрынып қалмай, кара басының қамын күйттеу үшін отырғандай сезінетін. Кеңес

үкіметінің тәртібіне деген наразылығы сол тасмандай жаппарқұлдарға деген қарсылықтан, жеккөрушіліктен басталды. Тағдыры талқыға түсіп, мұның бағын қызғанған бір топ сары ізіне шөп тастап, себепсіз сергелденге салғанда, жоғарыда отырған жаппарқұлдар мәселенің байыбына бармай-ақ айқайға аттан қосты. “Осы бейшара халқымыздың ұлы шындығын айтты-ау, сол үшін қанатымыздың астына алып қорғайық, қолдайық. Болашақтан ұят болмасын, ұрпағымыздың қарғысына ұшырамайық” демеді. Өздеріне шаң жұқпас үшін Кенесары туралы ақиқатты айтқан мұның сонына ит қосып қуды. Жаппарқұлдарды бір халықтың тарихы да, тағдыры да ойландырмайтынын сонда көріп, қарадай түңілген. “Бір халық түп-түқиянымен жоғалып кетсе де оларға бәрібір шығар” деген ойға келген. Олар үшін партиядан қасиетті ұғым жоқ еді. Ол бейшаралар партияның атса оғы, шапса қылышы болып тірлік кешті. Соларды аяйды осы күні.

Алдияр Ақпанұлы қарсы алдында отырған жігітке көз тоқтатып ұзағырақ қарады. Қуандық қарт профессордың ниетін танығандай әнтек езу тартты.

“Егер сол тасмандайлардың орнында мына жігіт отырса маған көмектесер ме еді?”

Алдекең ойланып қалды. Қылышынан қан тамған киын заманда басқа үшін басын бәске тігіп, тәуекел жасаған азаматтардың талайын білетін. Олар сол үшін нақак күйді. Біразы қайтып келді, кейбіреуінің басын жала жалмады.

“Тым ақылды жігіт сияқты. Әй, қайдам, Кенекем үшін бұл жігіт те тәуекелге бара қоймас. Өз басының қадырын білетін ақылды адам бөтен үшін отқа түсуші ме еді, тәйірі”.

Профессор қабақ шытып, ақырын ғана күрсінді. Шалдың ойын оқып отырғандай Қуандық әңгімені Кенесары тақырыбына бұрды. Құдайдай табынатын ардақты адамының аты аталғанда профессор көзін кең ашып алды.

– Кенесары Қасымұлы туралы еңбегіңізді бірнеше қайтара оқыдым. Сол бір еңбегіңіз үшін ғана халқыңыз сізді төбесіне көтеріп, ардақтап жүруге тиіс. Рахмет Сізге!..

– Ра-а-х-мет! – деді ол қарлығынқы дауыспен. Көңілі босап, иегі кемсендеді. Үлкен қызметтегі адамның аузынан мұндай мадақ сөз естімепті өмірі. Шындық лауазымды адамның аузымен айтылса мүлде басқаша әсер етеді екен. Шал пенделік осалдығын тез түсінді. Қандай киын жағдайда да еркін билей білетін Алдияр бойын жинап алды.

– Жә, шырағым, – деді қабақ шытып. – Мәмләзіңмен

басқаларды алда. Маған мадақ емес, көмегің керек. Айтатын арызым бар. Құлақ салып тында.

Алдияр Ақпанұлының әріден қозғап айтқан әңгімесін мұқият тыңдаған Қуандық біраз сырға қанықты. Профессордың Мұса Байларов туралы айтқанына сенер-сенбесін білмей біраз тосылды. Онымен аралас-құраластығы болмағанмен сырттай білетін, жүріс-тұрысына, сөзіне қарап, өте орнықты, есті жігіт деп ойлайтын. Басқалардан Мұса туралы теріс пікір естіген емес, жақсы білетіндер “өте мәдениетті, ақылды жігіт” деп мақтайтын. Ұмытпаса, үлкен кісі де ол туралы жылы лебіз білдірген.

Жұрт мақтаған азаматтың бір халықтың абыройына айналған адамға жасаған қиянатына сене алмай екі ұдай күйге түсті. Екі адамның арасындағы пенделік қактығыстардан басталған кикілжіннің бітімге келмес жаулыққа айналарын Қуандық жақсы біле тұра Мұсаның басқа емес, туған халқы үшін отқа түскен Алдияр Ақпанұлындай ұлы азаматқа істеген қиянатын мүлде қабылдай алмады. Мұның бақталастықтың ғана нәтижесі еместігін іші сезеді. Бұл айқастың негізінде басқа бір жұмбақ сырдың бар екенін Қуандық көңілмен болжады.

Алдияр Ақпанұлы ректордан емес, соның сөзін сөйлеп тұрған заманнан жеңілген. Ұстазына ара түсіп, шыбын жаны шырылдаған Аяған Қуатов та күштінің сойылын соғатын қатыгез уақыттың құрбаны. Уақыттың жағасына жармасқан пенде әлін білмей айға шауып, әлекке түскен арыстанның кебін киеді. Солай екен деп әрекетсіз қарап жатуға және болмайды.

Қуандық Сәруаровтың ойы оңға, санасы санға бөлінді. Тізгін Мәскеудің қолында екенін біле тұра барлық мәселені Орталық партия комитетінің бөлім меңгерушісі шешіп тастайтындай ұсақ-түйекке дейін теріп, тәптіштеп айтып отырған шалды іштей аяды. Аппақ шашы селдіреп-ақ қалыпты. Екі жағы суалып, көздері шүнірейіп, ішіне кіріп кеткен. Көгеріп білеуленген мойын тамыры бүлк-бүлк соғады. Терісі де әбден жұқарған. Ауру әлсіреткен тәрізді, шал ұзақ сөйлей алмай, әлсін-әлсін шаршап қала береді.

— Қуат қарияның арызын Димекене жеткіздім. Ол кісі қолын қойып, Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің төрағасына жіберді.

— Рахмет, шырағым! Димекен араласса іс оңға басты де...

— Білмеймін, ақсақал, білмеймін. Қауіпсіздік комитеті Мәскеуге бағынады.

— Қонаевтың жөні бөлек емес пе, шырағым.

— Қазақ үшін солай, ақсақал. Саяси бюроның мүшесі деп мақтануға жақсы.

— Апыр-ау, сонда бұл...

– Иә, ақсақал, заман өзгерді. Мемлекеттің басшысы Андропов қой қазір.

– Иә, түсіндім,— деп күрсінді шал. — КГБ-ға Қонаевтың сөзі өтпеген соң не дейін. Аяғаннан күдерімізді үземіз бе енді?!

– Уақытты асықтыруға болмайды. Ол мекемеде де ақылы бар жігіттер қызмет істейді. Бір жөні болар.

– Көмектес, шырағым. Тергеушісің ауыстырсыншы ең болмаса. Қазіргі тергеуші Максұт Сарыбаев деген ежелден жау оған. Қол ұшын бер, шыр-р-а-ғым,— деді профессор жалынышты үнмен. Жігітке жаудырай қарады. — Аяған Қуатов үлкен ғалым. Оның болашағы зор. Ол халыққа, мемлекетке керек адам. Аяғанның орнына мені қамасын.

– Шаршап қалдыңыз. Көп сөйлеменіз. Аяғанға қолымнан келгенше көмектесемін. Ал сіз Министрлер Кеңесінің ауруханасына жатып емделіңіз. Ертең өздері келіп, алып кетеді,— деп жігіт орнынан тұрды. — Заманның мінезін сізден артық білмейміз, ақсақал. Мына өзіңіз білетін ақиқатты айтуға келгемін жоқ. Сәлем берейін деп келдім. Қолымнан келсе көмегімді аямаймын. Келмесе... маған реніш болмасын.

– Абыройлы бол, шырағым!

Дәлізге шыққан Қуандық жолын тосып тұрған келіншекке қарап:

– Алдияр Ақпанұлын шаршатып алдым-ау деймін. Бір-екі кесе шай берсеңіз дұрыс болар еді,— деп жымыып күлді.

– Дастархан жайып қойып ем... Өзіңізге арнап қазанға ет салып... Асықпай отырыңыз...

– Рахмет! Нан ауыз тиейін. Тағы да баратын жерім бар еді.

Қуандық дастархан жайылған бөлмеге кіріп нан ауыз тиді де қайта шықты.

– Аяған жаланың құрбаны болды. Түк кінәсі жоқ тегі... Ақиқат іздеймін деп арандап қалды ғой. Алдияр атамнан басқа сүйеніші жоқ оның. Қонаев көкемнің тілеуін тілеп жүрген жанбыз,— деп кемсендеді келіншек.

– Босаманыз. “Иттің иесі болса бөрінің төнірісі болады” дейді атамыз қазақ. Жақсылықта жолығайық. Аман-есен болыңыздар,— деді Қуандық келіншектің сұп-суық қолын қысып тұрып.

Ол келер күндердің қандай сыбаға сыйларын білмей, көңілдері күдікке күпті болып жүрген екеудің үмітін тұтатып кетт

“Жақия шақырып жатыр” десе берекесі кетіп, дегбірі қашып, өз-өзінен мазасызданатын дерт жабысты Алмасқа. Декан осы

уақытқа дейін сыр алдырмай, камқорлық көрсетіп, жанашырлық жасап жүргенмен күндердің күнінде бұл көтере алмастай ауыр жүкті иығына арта саларын іші сезеді. Алмақтың салмағы бар. Керек болмай қалған күні лактырып тастамасына кім кепіл? Сонда қайтпек керек? Қарап жатып өлмек жок. Жақияның көнілін аулай жүріп өз бетінше харекет жасамаса ойда жокта омакаса құлауы әбден мүмкін. Өмір – күрес. Айласын асырмаған адам күші асып тұрса да алысып, астыға түседі.

Жақияға келе жатып Алмас сан килы ойға берілді. Бір ойдың ұшығын ұстай алмай адасып тынды ақыры.

Декан оны әдеттегідей жайрандай күліп, орнынан тұрып қарсы алды. Қолтықтап төрге шығарды.

– Сені көрмесем сағынып қалатын әдет таптым, – деді ол жігітті иығынан қапсыра құшақтап. – Мүсекен бірінші жатақханының тәртібіне жоғары баға берді. Өзіңді шақырып, жеке сөйлесер. Ректордың тізіміне ілігу деген үлкен бакыт, бауырым. Жұлдызың жанайын деп тұр.

– Рахмет, аға! – деді жігіт күлмендеп. Екі бетіне кан теуіп, жүзі әп-сөтте алабұртып шыға келді.

Келінге айтып, куантып кой, – деп Жақия қарқылдап күлді. Алмас оған күдіктене қарап қойды. “Бірінші курстың студенткасымен болғанымды біреу сыбырлап қойды ма екен” деген күдік келді көніліне. Сағындықтан баска ешкім білмеуші еді. Тілінен қағынып, сумандап жүрген сол сүмелек шығар. Қыз шағым жасаса бүкіл институт әлдекашан ду ете калмай ма. Одан бері де біраз уақыт өтті.

– Осы сен Алдияр Ақпанұлымен байланыс жасап тұрасын ба? Жағдайы қалай екен? – деп сұрады декан біраздан кейін жайбаракат кана. Алмас селк етіп, жалт қарады. Жақияның жүзінде еш өзгеріс жок, қарсы алдындағы жігіттің қалт еткен кимылын андып отыр. – Аяғанның отбасының Алдекеннің үйіне көшіп барғаны дұрыс болған екен. Алдияр Ақпановичтің мұнысы азаматтық. Шәкіртінің басына іс түскенде оның бала-шағасын қолтығының астына алғаны кісілік.

Алмас оған көз астымен ұрлана қарап қойды. Аяғанның түрмеге қамалып, бала-шағасының қиын жағдайда қалғанына шын қиналып отырған сияқты. Оның Алдияр мен Аяғанға деген пиғылын білетін жігіт ақырын ғана күрсініп, басын баска жаққа бұрып әкетті.

“Өтірік айтады. Шып-шылғи өтірік...”

Жігіттің не ойлап отырғанын шамалап сезді, білем, бір сәт үнсіз қалған Жақия суық жымыып, сөзін сабақтады.

Барлығымыз сол кісінің шинелінің астынан шықтық. Алдекеннің камқорлығын көрмеген тарихшы жоқ, бауырым. Ол біздің рухани әкеміз. Ол тарих ғылымындағы патриарх! Қайсы бір жақсылығын айтып тауысайын ол кісінің. Мұса да, мен де сол кісінің қолында өстік. — Алмастың жүзіне көз токтатып, үн-түнсіз отырды. Өмірден көргені көп, тіршіліктің аяқ астынан бола салатын небірқұқайына алдырмастай әккіленіп алған айлакер Жакия қарсы алдында аң-таң қалып, қай сөзіне сенерін білмей анырайып отырған жігіттің ойын оқыды. — Әлдекімдердің сөзіне еріп, ол кісі арандап қалды ғой, бауырым. Мүсекеннің жаулары Алдекенді шәкірттеріне айдап салды. Нәтижесін өзін білесін. Біз де, ол кісі де ұтылды. Ұтқан басқалар. Ғылымды мен ғана жасап жүрмін деу қате түсінік. “Тарих ғылымында менен басқаларға орын жоқ” деп отырсам сен қайтер едің? Сталиннің культіне қарсы шығу арқылы біз барлық культті жоққа шығаруға тиіспіз. Адамзат өркениеті үшін ешкімнің беделіне, абырой-атағына қарамауымыз керек. Дұрыс айттым ба?

Деканның сөзінің шын көңілден айтылғанына сенбей отырса да бас изей салды. Жакияның қайда алып бара жатқанын біле алмай, басы қатып отыр. Алдияр Ақпанұлы туралы әңгімені бекер қозғамағанын іші сезеді. Адамның көмейіндегі көмескіні білемін дейтін жігіт осы жолы сүрінді. Сөзінің ыңғайына қарағанда, мұны профессорға айдап салмақ. Біреу естісе артын ашып күлер. Алдияр Ақпанұлына қарсы шықса мұныкі пілге үрген қанден күшіктің тірлігі болып шығады. Жо-жоқ! Бұған профессорға қатысты шаруаны тапсырмайды. Сонда қандай ойы бар? Әңгімені алыстан орағытып бастауына қарағанда бекер шақырмаған. Ниеті жұмбақ.

— “Платон менің досым, бірақ маған шындық қымбат” демекші, Алдияр Ақпанұлын барлығымыз сыйлаймыз. Ол — ұстазымыз. Ал шындық бізге бәрінен де қымбат. Солай емес пе, бауырым.

Алмас үнсіз бас шұлғыды. Жакияның айтып отырғаны шындық. Ғылымды бір адамның жасамайтындығы дәлелдеуді қажет етпейтін ақиқат. Ал Алдияр Ақпанұлы өзінен басқалардың еңбегін жоққа шығаруға тырысады екен. Шәкірттері ол кісінің пейіліне наразы. Естуінше, Алдияр Ақпанұлы бүкіл тарих ғылымын жеке өзінің монополиясына айналдырып алуды көздейтін көрінеді. Осындай себепке байланысты шәкірттері теріс айналған. Ол кісінің төңірегінде қалғандар орташа ғана қабілеті бар бірен-саран адам. Болашағынан үміт күтуге болады дегендердің барлығы әлдеқашан Мұса Байларовтың жағына

шығып, қарт профессорға айбат шеге бастаған. Алдекеңнің жанында Аяғаннан басқа іске жарамды кім қалды? Оның жағдайы анау, шырғалаңның немен аяқталары бір құдайға ғана аян.

Біраз уақыт Аяғанның шашбауын көтеріп, соның ықпалында жүргеніне осы сәт өкінді. Басқалардың аузынан шыға қоймайтын батыл сөздеріне ұйып, сонына ерді. Аяғанды сыйлау арқылы аты алты алашқа аян профессор Алдияр Ақпанұлына табынатын әдет тапты. Аяғын санап басып, аяңдап келе жатқан ақ басты профессорды көргенде құдай тіріліп келгендей одан көз алмай сілейіп тұрып қалатын. Ол кісі жоғарғы курстарға дәріс оқушы еді. Ақпанұлына әне-міне жетеміз деп жүргенде ол дертке шалдығып, төсек тартып, жатып қалған.

– Толып жатқан кемшіліктеріне қарамастан біз ол кісіні ұмыта алмаймыз. Атам қазақта “таспен ұрғанды аспен ұр” деген мақал бар. Біз Алдекеңе қамқорлық жасауға тиіспіз.

Алмастың іші жылып қалды. Бұрын оған Аяғанның көзімен қарайтын, Жақияны көргенде жақтырмай қабағы тыржиятын.

Ол басқалар ғайбаттайтындай көр көңіл адамға мүлде ұқсамайды. Пасық пиғылды біреу болса өзінің сонына шам алып түскен адамға жақсылық жасауға тырыспас еді. Басына қиын іс түскенде пенде баласына қамқор қолын беру – тірінің парызы. Ниеті харам, адамгершіліктен жұрдай болған пенде ғана құлап жатқан кісіні басқа теуіп кете берер, ал арын жоғалтпаған жан қас дұшпанын да өлімге қимас.

– Сені шақырған себебім, – деді жігіттен көз алмай отырған Жақия, орнынан тұрып келіп, Алмастың иығына қолын қойды. – Алдекең жайын ақылдасу керек. Ол көптен бері төсек тартып жатыр. Аз ғана пенсия алады. Оның үстіне Қуатовтың балашағасы сол кісінің қолына қарап отыр екен.

– Әсем де жұмыс істемейді.

– Әне, айтып отырмын ғой. Алдекеңе қандай көмек жасай аламыз? – Жақия жігітке қарады. Алмас көзін жыпылықтатып, ойланып қалды. Айтатын сөзі дайын тұрғанмен көстеңдеп үлкеннің алдына түсіп, көсемсіп үйренбеген ол сабыр сақтады. – Алдымен шалдың үйіне барып, жағдайын білу шарт. Сонан соң тағы ойласармыз. ЛТП-дағы баласын кері қайтару керек. Ол қиын кезде әкесінің жанында болуға тиіс. Солай емес пе?

– Иә, аға, дұрыс айтасыз.

– Олай болса ұрыста тұрыс жоқ. Алдияр Ақпановичтің үйіне барып, жағдайын біліп қайт. Бес-он сом ақша берсең де болады.

Қалтасынан жиырма сом шығарып, Алмастың қолына ұстатты да, қолтықтап шығар есікке қарай жүрді. Алдияр Ақпанұлының

үйіне баруға қарсы бола тұра ойын ашық айтуға қаймықты. Жақия Хадиша екеуінің арасындағы тарихты білетін секілді болып көрінді. Сол себепті де аузын аша алмады. Алмас осы сәт өзін байқаусызда торға түсіп қалған торғайдай сезінді.

Сіркесі су көтермей аудиторияға келген Алмасты курстастары шұркырап қарсы алды.

– Ерік пен Қанатты оқудан шығарып жіберіпті.

– Сен не карап жүрсің?

– Барлығымыз ректорға арыз жазамыз.

– Осының барлығына сен кінәлісің.

– Менің қатысым жоқ,— деп мінгірледі Алмас басын көтермеген күйі. — Мен ештеңе білмеймін.

– Жігіттер! Біз достарымыз үшін күресеміз. Барлығымыз лекциядан кетіп қалайық. Тобымызбен Оқу министріне барайық.

– Дұрыс! Кеттік! — деп барлығы дүр ете қалды. Сол шуласқан күйі барлығы сыртқа лап қойды. Құйрығы орындыққа жабысып қалғандай Алмастың орнынан тұруға шамасы келмеді. Жапан далада жалғыз қалғандай жанын мұң баурап, көкірегіне өксік тығылды. Курстастарымен енді бұрынғыдай сыйласа алмасын, топтан жырылып жалғыз қалғанын түсініп, жаны күйзелді.

Осы кезде орта ғасырлар тарихынан дәріс окитын доцент мамырлай басып, аудиторияға кірді.

– Басқалар қайда?

– Кетіп қалды.

– Кетіп қалғаны несі?

– Оқу министрлігіне шағым айтуға кетті.

– Менің жазығым не?

Доценттің жүзі қуқыл тартып, танауы қусырылды. Бірнәрсесі деп мінгірледі. Оның не дегенін Алмас түсінбеді.

– Оқудан шығып қалған екі жігітті қорғаймыз деп, министрлікке кетті.

– Ә-ә,— деді доцент көңілі орнына түскен соң жымыяп күліп.

– Түсіндім. Деканатқа ескерту керек.

Ол шығып кеткесін Алмас отырған жок, папкасын құшақтап, жатақханаға тартты. Еңсесін ауыр салмақ жаныштап, көңілі көшкен елдің жұртындай құлазып, өзін-өзі жер-жебіріне жетіп сөгіп келеді.

“Итсің, Алмас! Кісілігің жоқ. Бірге окитын достарыңа қиянат жасадың. Енді басқалардың бетіне қалай қарайсың? Сатқынсың! Алдымен Асылханды, Аяғанды сатып кеттін. Хадишаға опасыздық жасадың. Енді міне, Ерік пен Қанатты сүріндірдің. Олардың қандай жазығы бар еді? Жазығы — сенің сөзіңе еріп,

Аяғанға ара түскені ме? Жазығы – сен сияқты сөзінен айнып, жалтарып қашпай, уәдеде тұрып, беріспей қасарысқаны ма? Бәлкім, саған сеніп қалғаны үшін жазықты болған шығар. Ал сен достарыңның қолымен от көсеп, жеме-жемге келгенде қара басыңның камын ойлап, тайқып шықтың. Кім біледі, дәл сол күні Асылхан сені іздеп келмесе анандай жағдайға ұшырамас па еді. Сен кінәлісің. Талайдың обалына қалдың. Сен Жақияның құлысын. Сен құлсын! Жаппарқұл!.. Сенің атың – Жаппарқұл!”

Екі көзінен бырш етіп жас шықты. Жігіт селк етіп, жасты көзбен төнірегіне жалт қарады, тротуарда қарсы жүріп келе жатқан тірі пенде жоқ. Адам біткен Алмастың қарасын көріп, бұрылып кетіп жатқан сияқты.

Алмас екі қолын нәжіске былғап алғандай жиіркенішті сезімнен көпке дейін арыла алмай қойды. Жұрт біткен сыртынан табалап, мазактап күліп тұрғандай болып көрінді. Бұрылып соңына қарауға батылы бармай басы салбыраған күйі ілби басып аяндай берді. Жатақханаға барғысы келмеді, курстастарының ортасына түссе ашы шындықтың айтылатындығын іші сезеді. Сонда қайда бармақ? Жаны жабырқап, жалғыз қалғанда жұбаныш болар кімі бар? Адам кейде бір ауыз жылы сөзге де зар болады екен. Осындайда Алмас жылы-жылы сөз айтып жұбатар адамның мейірімді алақанын, ернеуінен асып-төгіліп жататын ықыласын аңсайды. Жанашыр жанның бірауыз жылы сөзі жабырқаған көңілге әжептәуір сеп, жұбаныш емес пе. Өкініштісі сол – ондай мейірімімен аялар адамы жоқ. Қазір де міне, қайда барарын білмей басы мәңгіріп, тентіреп келеді. Бұрын жаны жабырқағанда Аяғанды іздейтін, оның кісінің көңілін көтеретін бір сиқыры болушы еді. Ол жоқ қазір. Бар болған күнде де оны төңіректей алмас еді. Жанынан үмітті кісі Аяғанға жоламас. Онымен байланысы бар пенденің басына бұлт оп-онай үйіліре салары түсінікті.

Жала жұқпай аман-есен құтылғанына Алмас осы жолы іштей тәуба қылды. Құдай тағы да сақтады. Асылхан досы сияқты Аяғанның жыртысын жыртып, уақытпен жағаласып шаршағанда соның кебін киер ме еді, кім білсін. “Асылханды әдейі өлтірмеді ме екен” деген күдік анда-санда мазалап қояды. Сондай бір суық ой келсе-ақ болды қырық градустық аязда желең қалғандай бүкіл денесі қалшылдап қоя береді. Қазір де сондай күдік оқыс соғып, жүрегін үрей деген зәлім ондырмай шағып алды. Ол көкірегі қарс айырылып кетердей терең күрсініп, ілгері жүрді.

Хадишаның қадырын білмеді. Ол бейшараның көңілінде кіршік жоқ еді. Алмасқа берілгендігі сонша, ол үшін отқа түсіп кетуден де тайынбайтын. Анда-санда бір жолыққанда жүзі гүл-

гүл жайнап, көзіне нұр ойнап шығатын. Мұндай жолығыс Хадиша үшін үлкен оқиға еді. Қыздың өзіне деген аста төк пейілін біле тұра дегеніне жеткен соң, сырғактап сырт айналды. Өзі үшін өлімнен де айыл жыймайтын адамның қадырын білмеді. Хадишадан басқа жанашыры кім еді? Ешкім жоқ. ешкім!.. Ол бейшара күте-күте күдерін үзген болар, сірә. Көзге күйік болмайын деп еліне кетіп қалуы да мүмкін-ау. Түйе жүнінен тоқылған кеудешесін, мойынорағыш пен көрпесін өз қолына апарып беруге де жарамады-ау ақыры. Көрпесін қолтықтап, машинаның соңынан жүгірген Хадишаның бейнесі көз алдына келді. Жігіт кинала қабақ шытып, қатты тістенді.

Содан кейін Хадишаны көрген жоқ, көрпені көтеріп жүрсін бе, ауылға тастап кетті, түйе жүн кеудешесі мен мойынорағышы жатақханада жатыр.

“Сенде кісілік жоқ. Бетінде қытық, арың болса біреудің қарғадай қызына қиянат жасап, жылатып тастап кетер ме ең?! Сүймесең неге сүйкендің? Бейшара! Осы иттігің алдыннан шығар бір күні”.

Аяндап келе жатқан жігіт өзін-өзі ақтап алуға тырысты. Ой мен сезімнің арпалысы басталды. Екеуі безбенге түсіп, бірін-бірі жеңе алмай жігіттің діңкесін құртты. Ол бір шешімге тоқтай алмай шаршады. Кісілікке бағып Ерік пен Қанатты сақтап қалу үшін күрессе өзіне сын. Мұса Байларов пен Жақия мандайынан сыйпамайды. Олардың пиғылы белгілі. Жетекке жүрмеген пендеге Аяғанның кебін кигізеді. Олардың дегеніне көнбеске амалы көне. Қурстастары ренжір, кетісіп тынар. Олардан келер зиян жоқ.

Мұса мен Жақияның шалғайына жармасқаннан басқа амалының қалмағанын түсінген ол салбырап түсіп кеткен басын көтеріп, еңсесін тіктеді. Үлкен іске бекінгендей болбырап босап кеткен денесін жинап алып, жебей басып ілгері жүрді.

Алмас сол екпінмен Құрманғазы көшесіндегі профессор Алдияр Ақпанұлының пәтеріне келді. Есік ашқан Әсем оны көріп, көңілі босап, көзіне жас алды. Сөйлей алмай иегі кемсендеп, теріс бұрылып кетті. Келіншектің жай сөзге жұбана қоймасын іші сезген жігіт онтайлы сөздің орайын таба алмай тосылды. Әсемнің ләм деместен көзіне жас алып, теріс айналғаны қиын кезде қал сұрауға жарамай, ізім-қайым жоғалып кеткенін бетіне салық қылғаны шығар.

“Ренжитін жөні жоқ” деп ойлады жігіт. Аяғанмен аз ғана уақыттық сыйластығы қимастық сезімге ұласа қойған жоқ. Өркімнің күні өзіне. Аяғанның басына іс түсті екен деп, бас-

көзсіз аранға құлап, арандап калар ақымақ емес. Қып-қысқа ғұмырында көрген қиындығы бір басына жетіп артылады. Ендігі өмірін ашымен былғап алып, сор сораптап отыратын тасмандай кеше емес, құлайтын жерін біледі. Абайсызда арандап калмай аман жүрсе ақыр түбі жұлдызының жанарына күмәні жоқ. Алмасты ертенгі күндерге алып барар көпір Аяған емес, оның жолы кесілген. Болашаққа салынған көпір — Мұса Байларов пен Жақия...

Жігіт сәл ғана кабак шытып, көнілін иектей бастаған күйрек сезімнен тез арылып, қатайып алды. Теріс карап егіліп тұрған келіншектің жұбануын күтпестен:

— Маған профессор Алдияр Ақпанұлы керек,— деді қатқыл дауыспен. Келіншек зіл араласқан оқыс үннен селк ете түсті, сонан соң өз-өзінен дірілдей бастады.

— Мен мұндамын...

Алмас оң жақтағы есігі ашық тұрған бөлмеге имене басып кірді. Креслода шашы аппак, сакал-мұрты сапсиып өсіп кеткен, арып құр сұлдері калған шал отыр. Қолында Андре Моруаның Бальзак туралы қалың кітабы. Мына шал жұрт білетін профессор Алдияр Ақпанұлына мүлде ұқсамайды. Жігіт мына шалдың өзі іздеп келген адам екеніне сене алмай дағдарып тұр. Алмас көрген профессор мүлде басқа болатын. Алмас білетін профессор айбынды еді, ажарлы еді. Алдияр Ақпанұлы өзгерген, шаршап, қажып қалыпты.

Шал көзәйнегін ауыстырып, жігітке тесіле карағанмен танымады. “Аяғаннан хабар әкелген жігіт шығар” деп жылы шырай танытқан.

— Сәлеметсіз бе,— деп қысыла күлімсіреген жігіттің төрге шығып, профессордың қолын алуға батылы жетпей босағада тұрып қалды.

— Сәлемет бол, балам. Қай баласың?

— Мен тарих факультетінің студенті едім,— деп күмілжіді Алмас. Профессор оның кім екенін білгеннен кейін қабағын шытып, суық жымиды.

— Жөн, жөн... Төрге шық.

— Рахмет, аға!

— Отыр, шырағым.

— Жағдайыңызды білейін деп...

Жігіт төрге озбай кіреберістегі креслоның шетіне ілініп отырды.

— Жағдай сұрасаң міне, жағырмыз. — Профессордың иегі кемсендеп, нұры тайған көзі бағжандап, Алмасқа жаутаңдай қарады. — Сені біреу жұмсаған ғой, сірә.

– Иә, аға,— деп тақ ете қалды жігіт. — Деканымыз жіберді. Сізге қамқорлық жасаймыз дейді.

Алдияр мырс күлді. Қабағы тұнжырап, басы салбырап, үн-түнсіз мұнайып отыр. Жаңағы сөзінің шалға ұнамағанын түсініп. Алмас тілінің ұшына келген сөзді іркіп үндемеді.

– Қамқорлықтарына рахмет! Деканның қамқорлығының арқасында орнымыздан тұра алмай омалып жатырмыз, шырағым. Ол менің осы күнімді де көп көріп жүрген шығар, сірә.

– Жо-ок, а-а-ғ-а... — деді Алмас тұтығып. — Ол кісі сізді үнемі мақтап отырады.

– Білемін. Мақтап отырып мақтамен бауыздайды ол, — деп суық жымыды шал.

– Олай емес, аға. Жақия ағай сіздің ұлыңыздың босанып келуіне көмектесемін деп жүр.

– Не дейді?! — деді профессор сылқ етіп. — Оған баламды босатып бер деп пе ем. Олар енді ескі әдісіне қайта көшпек пе? Солай де...

– Солай, аға,— деді Алмас оның сөзінің төркінін түсінбей. Баласының босанып келетіндігіне шал қуанып отыр деп ойлады. Жақия берген ақшаға он сом қосып, төсектің үстіне қойды. Сақалы селкілдеп, үнсіз егіліп отырған шалдың басы салбырап кеткен, екі көзін жұмып алыпты. Ол дәл осы қалпын бұзбастан тіпті ұзақ отыратын секілді. Профессордың ниетін түсінді, өзін жақтырған жоқ, ендігі әңгімелері жараспайды.

– Нәлетгер! — деді шал тістене кіжініп. Сонан соң өзіне үрке қарап отырған жігітке бұрылып, мырс күлді. — Енді сендермен алысуға тура келді-ау маған, шырағым.

Алмас аң-таң, оның сөзінің мәнісін мүлде түсінген жоқ. Көзі жыпылықтап, төсектің үстінде жатқан отыз сомды алып, орнынан тұрды.

– Мен кетейін аға. Мынау Жақия аға екеуміздің көмегіміз,— деп мінгірледі. Профессор кинала езу тартты, сонан соң иегі кемсендеп, көз шарасы жасқа толып кетті.

– Сендер Жақияның жағына шығып кетсендер мен женілдім,— деді егіліп отырған шал шарасыздығына күйінгендей кинала қабақ шытып. — Мен қайыршы емеспін ғой, шырағым. Асырайтын үкіметім бар. Е-е, Жақияның подачкасын әкелдім де...

Шалдың мына қылығына түсіне алмаған жігіт қатты қысылды. Профессор неге жылады? Намыстанғаң кісі ашулануға, шарт сынуға тиіс еді. Түсінбеді. Отыз сомды сумандатқаны мүлде қате болғанын ол енді-енді сезіп, тұла бойын тер жауып кетті.

– Кешірініз.

– Білемін, – деді шал жаска тұншығып. – Сенің артында адам тұр. Санлауын болса күндердің күнінде адасып жүріп жол табарсын. Бітеу болсаң солардың қарғылы төбетіне айналып, жаны жайсаң жақсыларға арпылдап, аямай кабарсын. Аузың қанға толар. Бар, шырағым, жолыңды тап.

– Кешіріңіз, аға! – деді екі беті дуылдаған жігіт. Басы салбырап, үнсіз егіліп отырған қарт профессорға соңғы рет қарады, ол жаны қиналғандай қатты тістеніп алыпты.

Әсем ілесе шықты. Манағыдай емес, қабағы қату. Келіншекке тура қарай алмай Алмас көзін алып қашты.

– Сен Алдияр атаның жанын жаралау үшін келіп пе ең? Оңбаған! Шық үйден! – деді Әсем. Сұрапыл ашудың әсері ме, екі беті ұяттан өртеніп, сүлесок күйге түсіп, үн-түнсіз тұр. Кімдікі дұрыс? Атақты профессор жер болып, жылап қалды. Тайлақовтікі жанашырлық па, жоқ әлде, аярлық па? Неге келді? Келмеуге амалы қайсы?! Тағдырының тізгіні Жакия Тайлақовтың қолында. Қалай айдаса солай жүреді. Алдияр Ақпанұлы дұрыс айтады. Қарғылы төбетке айналдырыпты. Алмас өзін-өзі табалағандай қинала тұрып езу тартты.

– Ол талайдың түбіне жетер. Сен Жакияның күшігісің, – деп тепсінді ашуға булыққан келіншек. Сілейіп тұрған Алмастың кеудесінен бір нұқып жіберді. – Сен оңбаған Хадишаның обалына қалдың. Оның көз жасы сені бекер жібермейді.

Сүлесок болып тұрған жігіт оқыстан ауыр сокқы алғандай селк етіп, келіншекке жалт қарады. Қақпанға түсіп қалғандай шыбын жаны шырқырады.

– Ж-о-о-к! Ж-а-ал-а!.. Кінәм жоқ тегі...

– Жылатпа Хадишаны!

Аласұрған жігіт Әсемнің сөзін тындағысы келмей, алқын-жұлқын болып сыртқа қашты.

– Хадишаны жылатпа! – деп дауыстады Әсем жылап тұрып. Оның дауысын Алмас естіген жоқ. Естігісі де келмеді.

30

Сәруаров телефон соғып, қал-жағдай сұрасқан соң сағат он екіде Министрлер Кеңесіне қарасты аурухананың жедел жәрдем машинасы баратынын ескертті. Профессор Аяғанның шаруасын тілге тиек еткен. Сәруаров сырғақтап тура әңгімеден қашып, ауруханаға барып шығатындығын айтып, трубканы орнына қоя салды. Алдияр мәселенің мәнісін түсінді. Үлкен қызметтегі адамдардың телефонының тыңдалатынын бұрыннан білетін.

— Әсем шырағым,— деді профессор ыстық шай алып келген келіншектің білегінен ұстап. — Отыр. Айтатын әңгіме бар. — Әсем креслоға ілініп отырды. Сәл нәрсеге үрей шақыратын келіншек демін ішіне тартып, профессорға бакшия карап қалған. Алдекеннің аузынан үрейлі сөз еститіндей. — Күн санап менін жағдайым нашарлап барады. Сағат он екіде мені ауруханаға алып кетеді. Үйге өзің ие бол.

Қымс етсе көзіне жас үйіріле қалатын келіншек бұл жолы да ежелгі әдетінен жаңылған жоқ. Көз жасын сығып-сығып алып:

— Арка сүйер асқар тауымыз едіңіз. Ақылыңыз — азық, сөзіңіз — сусын еді бізге. Сізсіз күніміз не болар екен-ай,— деп сұңқылдады.

— Босама, бала-шағаңа ес бол. Біздің қолымыздан келмеген істі солар тындырады. — Профессордың қабағына қонған көлеңке ыдырап, нұры қашқан көздеріне мейірім ұялады. — Өзінді күт, қалқам. Сен өзің үшін ғана емес балаларың үшін өмір сүруге тиіссің. Аяғанға бола уайымдай берме. Ол босанып шығады.

— Айтқаныңыз келсін, ата! — деді көңілі орнына түскен келіншек, көз алдында іркіліп қалған жалғыз тамшыны бөбек саусағымен іліп алып тастады. Сонан соң шалдың оны-мұнысын дайындау үшін бөлмеден шығып кетті. Профессор көзін жұмып, шалқайыңқырап жатты.

Денсаулығының күн санап нашарлап бара жатқаны рас. Бұрын біреудің көмегімен орнынан тұрып, әрі-бері жүруге мүмкіндігі бар еді. Қазір екі қолтығынан екі адам демемесе орнынан тұра алмайды, сау дейтін сол аяғынан да дәрмен кеткен сынайлы. Тамақтанып алғаннан кейін үйдегі адамдардың көмегімен столына жетіп, күні бойы тықылдатып машинка басатын, қазір одан да қалған. Ептеп икемге жарайтын сол қолы кешелі бері сыр беріп жүр. Алмас келіп кеткеннен кейін жағдайы нашарлай түсті. Ұйқысы шала, көзі ілініп бара жатса шошып оянады да, таң атқанша ой түкпірін ақтарып, қимыл-қыбырсыз жатады. Бір зауалдың жақындап келіп қалғанын сезе тұра мазасызданбайды. Түсінгені — адам жарық сәуледен де жиренеді екен. Алдияр осындай түйінге келді. Қарға адым жер мұң болып, әркімнің бетіне жаутандап, көріп қалде жатқаннан жалықты. Басқалар “мешел” профессорды аяп, мүсіркейді. Сұңғыла шал көзін жұмып жатып та сезеді, осындайда алқымына жас тығылып, үнсіз сгіледі. Егіліп жатып өзін көптен бері шыр айналдырып жүрген ажал — арсызды шақырады. Бірақ ол шалдың тартқан азабын аз көре ме. мазактағандай жоламайды.

Сұм ажалдың мысықтабандап жақындап келіп қалғанын

соңғы уақытта сезіп жүр. Түсінгені – ажалдың иісі болады екен. Тірі пенденің үрейін ұшыратын сол иіс колкасын қауып, тұла бойына сіңіре бастаған тәрізді. “Жанымды кинамай тезірек алса екен” деп тілейді.

Аруақтай арып, санаулы күндерін санап тауыса алмай азапқа түсіп жатқан атакты ғалымды сырттай білетіндер “бұл кісінің не арманы бар екен” дер. Үмітсіз пенде көп шығар, армансыз адам болмас, сірә. Алдияр Ақпанұлының арманы зор еді. Жаздың шолақ түніндей шолтаң ете қалатын қып-қысқа ғұмырында адам пақыр ойға алғанын орындап үлгере алмайды екен. Алдияр өмірінің ең мәнді кезеңін соғыста, айдауда өткізді. Ойлап отырса өмірі тек жеңілістерден тұрады екен. Саусак бүгіп санай бастаса ашы жеңілістерден көз ашпапты. Жеңілістен басталған қып-қысқа ғұмыры енді міне, жеңіліспен аяқталайын деп тұр. Құдайдың маңдайына жазғаны осы шығар. Сонау отыз екінің зобалаңында он екі де бір гүлі ашылмай қыршын кеткендерден жаны артық па?! Жаманды-жақсылы жетпіс жылға жуық өмір сүрді. Өмірдің ащысын да, тәттісін де татты. Бұл дүниедегі ең үлкен өкініші – жалғыз ұлына дұрыс тәрбие бере алмады. Сонында қалатын жалғызының жағдайын ойласа өзегін өкініш өртеп, ішін ит тырнағандай қиналады. Ол ЛТП-ға кеткенде “түзеліп кетер ме екен” деген әлсіз үміті жылтырап жанып еді, ол да сөнуге айналды. Барып келгендерден естіді, Сыздықтың беті бері қарамастай болған тәрізді, өтір ішеді екен, шайға мас болады-мыс. “Өлемін” деп асылып қалған Сыздықты жанындағылар құтқарып қалған тәрізді.

Сыздық – шалдың жүрегіне түскен жазылмас жара. Оның емі жоқ.

Шал терен күрсінді. Есіне анау күні келген жігіттің Сыздық туралы айтқан сөзі оралды. Жакия Тайлақұлы ЛТП-да емделіп жатқан адамды босатып алмақ екен. Оның емешегінің неге езіле қалғанын шал айтқызыбай-ақ сезді. Сыздық қайтып оралса Аяғанның отбасына тыныштық жоқ, ішіп келіп, шалдың да, Әсемнің де берекесін алады. Әкесіне айдап салу үшін Жакияның адамдары оған әдейі ішкізеді. Жүз грамм үшін ол туған әкесін сабап беруден де тайынбайды. Өзі ауруханада жатып, Сыздық үйге шығып келсе Әсем бейшараға тыныштық бермесін шал түсінді. Аяғын әрең алып жүрген әлжуаз, ауру келіншекте онымен жағаласатын күш жоқ. Хадиша болса оның қоқан-лоқысына көнбес еді. Ол қыздың бұл үйге бас сұқпағанына да біраз уақыт болыпты. Әсем ашып айтпаса да оның бұл үйге неге жоламай жүргенін іші сезеді. Соңғы кезде Хадишаның жүрісі

ауырлап, бетіне нокта түскенін аңғарған. Жайрандай күліп келіп, қолтығынан демеп, ас үйге алып баратын қыз тезірек қарасын батыруға асықты. “Осында қал” деуге шалдың батылы бармады. Қызды ұялтпайын деді.

Осы күні бұрынғыдай келіп, кетіп жататын адам жоқ. Әредек-әредекте Ақбота мен Жайдар телефон соғып, қал-жағдай білген болады. Аяғанды қорғап қаламыз деп дуылдасқан студенттер де тым-тырыс. Соған қарағанда, Жақия олардың тілін тапқан тәрізді. “Қара судан қаймақ алатын” Жақия сұм улы жыланның да тілін табады. Оның небір сұмдықты ойлап табарына профессордың күмәні жоқ.

Ішке әлдекім кірген секілді болған соң көзін ашып алды. Әсем екен. Жылаған болу керек, екі көзі қызарып кетіпті.

— Әлсіз адамдар ғана жылайды, шырағым. Сенің әлсіз болуға қакың жоқ.

— Енді жыламаймын, ата.

— Жылаған адамға жұрттың бәрі жанашыр бола бермейді. Өзінді өзің қолға ал, қайраттан. Аяған үшін сенен басқа күресетін ешкім қалмады. Сондықтан болар-болмасқа босама.

Келіншектің екі көзі тағы да боталады, жылап жібермес үшін астыңғы ернін қатты тістеп алды.

— Хадишаны жаныңа көшіріп ал. Ол қатты киналып жүрген шығар,— деді шал қабақ шытып. Бір сәт ойланып отырды да сөзін сабақтады. — Балалық жасап жүрмесін. Хадишаның есі бар. түсінер. Өмірі, бар қызығы алда оның.

Әсем көзінен мөлт-мөлт тамған жасын Алдиярға көрсеткісі келмей теріс айналды.

— Хадишаны көшіріп алсаң өзіне жеңіл болады.

Осы кезде қоңырау шырылдады. Профессорды алып кетуге келген дәрігерлер екен. Өте сыпайы, қамқор. Алдекенді киіндіріп, зембілге салып, сыртқа алып шықты.

— Қолың тисе балаларды, менің жалғанда жоқ алтын қызымды алып келіп тұр, қалкам,— деді шал қоштасарда.

— Мақұл, ата,— деді келіншек дауысы бұзылып. — М-а-қ-ұл...

Әсемнің көзіндегі жасты көргісі келмегендей шал көзін жұмып алды.

Жалғыз қалған Әсем үйге сыймады. Қол қусырып қарап отыруға дағдыланбаған келіншек қыбырлап жүріп, үй шаруасымен айналысқан болды, көп ұзамай бұдан да жалықты. Телевизорды қосты, ол шіркін де көңіліне жұбаныш бола алмады.

Тамақ жасауға құлқы соқпады. Жалғыз отырып ішкен ас бата ма? Елжас мектепте, сонан соң күнұзаққа калып, кешке қарай бір-ақ оралады. Мектепте түстенеді. Бибі бақшада. Балалар келгенше жалғыз отыратынын ойлап, көнілін мұң баурады. Алдияр атасы барда екеуі өткен-кеткенді қозғап, шер тарқататын. Профессордың әңгімесін тындап, талай мәселенің мәнісін ұқты. Алдекендей шежіре адамды осы өмірінде көрген емес, қазақ тарихы туралы сөйлегенде ағыл-тегіл.

Дабыр-дұбырға үйренген Әсемге жалғыздық соншалық қорқынышты болып көрінді. Әлдекім кіріп келердей көңілі елегізіп, әлсіз жүрегін үрей сұм шымшылап, берекесін қашырды. Жападан жалғыз отыра алмайтындығына көзі жеткен келіншек Хадишаны ертіп келмек болып, апыл-ғұпыл киінді де сыртқа шықты.

Хадишаны көрмегелі біраз уақыт өткен. Әсемнің көзіне ол бұрынғысынан да толыса түскендей болып көрінді. Ерні калындап, жүзі нұрлана түскен қыздың жанарында мұң бар. Келіншек оны құшағына қысып, бетінен сүйді.

Әсем келіп қалады-ау деп ойламаған Хадиша асып-сасып, жүзі нарттай қызарып, бұрынғыдан да үлкейе түскен ішін көрсеткісі келмегендей еңкейіңкіреп тұрып:

— Жоғары шығыңыз... Мен қазір... Шай қояйын,— деп шәугімін алып, сыртқа беттеген.

— Әуре болма. Мен сені алып кетуге келдім,— деді келіншек оның білегінен ұстай алып. Не дер екен дегендей қыздың бетіне қарады. Ол басын төмен салып, үн-түнсіз тұр. Киін. Үйге барамыз. — Хадиша үнсіз бас шайқады. — Сені мұнда қалдырып кете алмаймын. Жинал...

— Ұяламын,— деп сыбырлай сөйледі қыз.

— Алдияр атамнан ба? Е-е, ол кісі бүгін ауруханаға жатты. Мен жалғыз қалдым,— деді келіншек оның киімдерін жинастырып жатып. Бибі сені сағынып жүр. Сені іздеп, ұйықтамай қояды. Елжасың да сағынып қалыпты.

Хадиша көзіне келіп қалған жасты көрсеткісі келмей теріс бұрылып, іргедегі шифонердің тасасына жасырынды. Әсемнің құлағына қыздың өксіп жылағаны шалынды. Келіншек шыдап тұра алмай әдейі тұтылған шымылдықтың бір шетін көтеріп, аядай қуысқа кірді. Хадиша теріс қарап, екі иығы селкілдеп, дыбыс шығармай өксіп жылап тұр екен. Сәл нәрсеге бола жылап қоя беретін Әсем өзін-өзі сабырға шақырғанмен болмады, қызды қапсыра құшақтап, көз жасына ерік берді.

— Қыр соңыма түсіп алатындай құдайға не жазып едім? — деп

егілді Хадиша. — Бақытсыздықтан енді құтылдым ба деп жүргенде тағы бір қырсыққа тап болдым-ау... Бүйтіп қор болғанша баяғыда-ақ неге өліп қалмадым екен-ай...

— Жылама, жаным... Алмас келеді ғой,— деді қыздың көз жасын алақанымен сүртіп тұрып. — Келмей көрсінші осыдан. Әкесін танытып, сотқа беремін.

— Керегі жоқ, тәте. Оның кінәсі жоқ. Кінә менде.

— А-а-й! — деді Әсем күйіне дауыстап. Көз жасын орамалынын шетімен сүртті де, қабағы тұнжырап, орындыққа отырды. Өзімізге обал жоқ. Иттік жасаған сүмелекті шырылдап қорғаймыз. Ал ол осы жақсылығынды білер ме екен...

— Мейлі, білмей-ақ қойсын. Аман жүрсін,— деді өксігі кілт тыйылған Хадиша. Демнің арасында өзгерді, жүзіне сүс кірді. қабағы сәл ғана шытылған, екі көзінде ештеден қайтпайтын қайсарлықтың белгісі бар.

— Киіне ғой,— деді келіншек жұмсақ үнмен. Хадишаның бетіне күле қарады. — Бірімізге біріміз сүйеу болып, бірге тұрайық. Ағанның қашан босанып шығарын бір құдай білер. Жүйкем жұқарды. Бара-бара шаршадым. Үмітім үзілуге айналды.

— Қамықпаныз тәте. Сіздің зарыңыз құдайдың құлағына жетпес деймісіз. Аманшылық болса, көп ұзамай Аяған аға босанып шығар. Аяған аға кінәлі болса әлдеқашан соттап жіберер еді. Ол кісі таза. Келеді ұзамай.

— Рахмет, алтыным! — деді Әсем көңілі босап. — Жұрттын бәрі менің Аяғанымдай болса әлдеқашан-ақ коммунизм орнар еді ғой.

— Жаныңыз неткен нәзік еді, тәте. Сіздей жары бар жігіт бақытты ғой,— деп келіп Хадиша оның мойнынан құшақтап, бетінен сүйді.

— Аяғаным аман-есен босанып шығып, бала-шағасының жанында қарандап жүрсе екен. Менде басқа тілек жоқ. Хадиша.

Тілегіңіз орындалсын. Аумин! — деп қыз бетін сипады. Содан соң керек заттарын чемоданға салып, ылдым-жылдым киінді. Шифонердің тасасына кіріп, боянып, опаланып қайтып шықты. Әсемнің көзі оның ішіне түсті. Пальтосының түймесі жетпей қалыпты. “Уақыты жақындап қалған екен-ау” деп шамалады келіншек. Оның тесіле қарағанынан қысылда ма, Хадиша езу тартып, теріс айналды.

Аяған терезенің алдына келіп, екі бүйірін таянып тұрды. Терезе деген аты ғана, қалың әйнекті ештеңе көрінбестей сырлап

тастаған. Тіпті күн сәулесі де түспейді. Терезе білеу темірмен торланған. Сондықтан мұнда қамалған адам қашып құтылуды қаперіне де алмайды. Бұл камераға аса қауіпті қылмыскерлерді қамайтын сияқты.

Жігіт мырс күлді де аядай бөлменің ішінде ерсілі-қарсылы жүре бастады. Алғашқы күні тынысы тарылып, таң атқанша дөңбекшіп, кірпік айкастыра алмаған. Таң атқанша шам жанып тұрады екен. Түнде жарқырап, көз жаскайды. Аяған аядай тар бөлменің қапырық, сасық ауасына оп-онай көндіккенмен таң атқанша шақырайып, жанып тұратын шамға үйрене алмай-ақ қойды. Түннің бір уағында кірпігі ілінеді, әлден уақыттан соң шошып оянып, көзін ашып алады. Осы сәтте шақырайған шам инелерін Аяғанның көзіне шаншып, жүйкесін шымырлатады. Бірте-бірте бұған да үйренді, шошып оянған кезде көзін бірден ашып алмайды, алдымен өткір жарық түспейтіндей қолымен көлегейлейді.

– Бір, екі, үш... – Аяған бөлменің ұзындығын адымдап өлшеді. – Бір, екі, үш... Үшке үшті көбейтемін. Тоғыз шаршы метр. Үкімет бір адамға тоғыз шаршы метр береді. Ал мұнда екі адамға тоғыз. Мұнда үкімет жоқ. Бұл – түрме.

Төсегіне шалқасынан түсіп жатты да, көзін жұмды. Үнемі осы, ұзақты күн қимыл-қыбырсыз жатып, ой түкпірін ақтарады.

Мұнда келгеніне де бес айдан асып барады. Айтар ауызға аз болғанмен бұл Аяған үшін бір өмір. Ол отыз бес жылдық ғұмырында көрмегенін осында басынан өткерді, естімегенін осында жатып естіді. Бұрын адамдардың барлығына ниеттесім, Отандасым деп қарайтын. Қандай қиын жағдайда да Отандасым отқа күйдірмейді, жаманатқа бермейді деп ойлайтын. Қателескенін осында келгеннен кейін білді. Азаматпын деп кеуде қағып, көпиіп жүрген бұл түкке тұрмас бейшара екенін түсінді. Адамды ойыншыққа айналдыра салу тіпті онай екен. Адам тым арзан екен. Шыныңды айтып, шырылдағанмен сөзіне құлақ қоятын жан табылмай қор болады екенсің. Сенің шындығың ешкімге керек емес. Жатып жан беру онай ма, алғашқы әлетте басын арашалап алмақ болып мықтап жанталасты. Тергеушілердің бәрі, әсіресе Максұт өз “шындығымен” көзге ұрды да тұрды. Ол кеңкелеске ақиқатты дәлелдей алмай шаршады. Мынау төрт қабырғаның ішінде отырып өз шындығына жете алмайтындығына ақыры көзі жетіп, бұрынғыдай жанықпайтын, жанталаспайтын болған. “Өзекті жанға бір өлім. Басқа түскенді көріп алдым” деген тәуекелмен жатқанына да, міне, бес айдың жүзі болыпты. Енді қанша жатары бір аллаға аян. Алғашқы айда

кайта-кайта тергеуге шақырып, болар-болмас әңгімені копсытып, жүйкесін жұқартып, жанына тиіп, қажытып жіберуші еді. Осы күні оны ұмытып кеткендей. Он бес, жиырма күнде Аяған Қуатов деген азаматтың қамауда жатқаны естеріне түсетін болу керек, сұраққа алып барып, көп ұстамай әкеліп тастайды.

“Адам үш күннен соң көрге де үйренеді” деп қазақ біліп айтқан. Аяған түрмедегі тіршілікке көп ұзамай көндікті. Күн сайын шалқасынан жатып, екі көзін жұмып алады да, түбі жоқ тұңғыық ойдың тереңіне бойлай береді, бойлай береді... Ойдан қажып, шаршап ұйықтап қалған Аяғанды күзетшілер жұлмалап оятады. Әдепкіде олардың бұл қылығына түсіне алмай жүрді. Түрменің осындай тәртібі бар шығар деп ойлайтын. Кейін білді себебін. Әр сәт сайын есіктің кішкентай ғана торлама тесігінен сығалап қарап кетіп жүретін күзетшілер тапайдың тал түсінде қалжиып ұйықтап жатқан жігітті өзіне-өзі қол жұмсап, өліп қалған деп күдіктенеді екен. Олардың мұнысына әдепкіде мырс-мырс күлген. Кейін түсінді, олар Аяғанды бір мысқал кінәсі жоқ Кеңес Одағының азаматы деп емес, қоғамдық құрылысқа, үкіметке қарсы күресіп жүрген “анти” деп қарайды екен. Ондай пенденің түрмеден шығар жолдың жоқтығын түсінген соң тәуекел деп, тас жұтары анық.

Аяғанды жалғыз қалдырудан қауіптенді ме, көп ұзамай жанына шекара бұзып, Кеңес жеріне өтіп келген қытайлық азаматты әкеліп жатқызды. Жұмыр жердің екі тұрғыны, кескін-кейпі, түр-түсі біріне бірі ұқсайтын екі пенде бірін бірі түсіне алмай қор болды. Бірте-бірте олар мылқау адамдарша ыммен, қас-қабакпен, қолдың қимылымен түсінісе бастаған. Аяғанның ұққаны, дүниенің екі бұрышында тұратын екі адамды аралға апарып тастаса, жылдар өте келе олар бір тілде сөйлесіп кете береді екен. Қытайлық азамат бір айдың ішінде қазақтың талай сөзін үйренді. Танертен “Аяған, қайырлы таң” деп ыржиып күліп тұрады.

Бір айдан кейін бұл камераға Аяған құралыптас жігітті әкеп қамады. Ол көп мөлшерде пара алып, қолға түскен жан болып шықты. Жігіттің қазақ екенін білгенде қуаныштан жүрегі жарылып кете жаздаған. Бірге туған бауыры тіріліп келгендей қуанған Аяған күні бойы дамыл таппай сөйлеген. Бірақ екеуінің жарастығы ұзаққа бармады, олар бірін бірі түсінбеді. Мәселе тілде емес, пиғылда екен. Оның кім екенін, мұнда неге түскенін білгеннен кейін бүкіл болмысы шыңғырған шындықтан жаралған Аяғанның қуанышқа күпті болған көңілі суып сала берген. Пенделікке жеңіліп, қарап отыра алмай паракор көршісін сөзбен

іліп-шалатын әдет тапқан. Ол да тірі жан емес пе, әлдекім намысын пышақтап, шапка түртіп маза бермесе қалай шыдасын. Бір күні тапайдын тал түсінде бір бірімен тар бөлмеде жылап табысқан екі қазақ сартта-сұрт жұдырықтасып қалды. Тырс еткен дыбысты аңдып, сақадай-сай отыратын күзетшілер екеуін әрен ажыратқан.

Көп ұзамай Аяғанды басқа камераға ауыстырған. Мұндағы көршісі де шекара бұзып, қолға түскен қытай азаматы болып шықты. Алғашқы қытайлықтай емес, мұның санасының саңлауы бар екен. Шатып-бұтып орысша сөйлейді, әлемде болып жатқан жаңалықтардан хабардар, өз бетінше оқиғаларға талдау жасап, қорытынды түйе білетін көзі ашық кісі. Өзі аса сыпайы, кісінің бетіне тура қарамай, жанарын жығып, жылмиып күліп тұрады. Шетелдіктің осы қылығынан секем алған Аяған алғашқы күндері сарғайып таң атқанша кірпік айқастыра алмай дөнбекшитін. Көзі енді іліне бергенде күзетшілер келіп, оятып жіберетін. Күйіп бара жатқан шұғыл шаруа болмағанмен түрменің тәртібі катал. Таңғы алтыда оятады, жетіде есіктің терезесінен тамақ әкеліп береді. Тамақ деген аты ғана, беретіні – 700 грамм қара нан, 20 грамм қант, жылымшы сары су. Адам бәріне көнеді екен. Ішегі шұрқыраған Аяған қолына тиген қантты күтірлетіп, көкпиязданып піскен қара нанды соғып алады. Ішіне ел қонған соң шалды-күйлі орысшасы бар қытайлықпен әңгіме дүкен құрады.

Түрмеде кімдердің жатқанын, қанша адам барын Аяған бес айдан бері білген емес. Қамалғандарды бір-бірімен жолықтырмайды. Там-тұм хабар басқа камералардан ауысып келгендер арқылы жетеді. Сыртқа серуенге де бір-бірлеп алып шығады. Биіктігі үш метр келетін, ені тар, ұзындығы бес-алты адым болатын, төбесі ашық қуысқа әкеліп кіргізеді. Қамалғандар серуендейтін алаң осы. Жоғарыда әр қимылынды аңдып, қылқиып күзетші тұрады. Көрші қуыста серуендеп жүрген бейтаныспен тілдесуге тыйым салынған. Тәртіп бұзсаң екінші рет сыртқа шығармайды.

Аспанды серуенге шыққандар ғана көреді. Күні бойы мүңсік иіс қолқаны қапқан тар қапаста жатқан адам үшін ашық аспан астындағы аядай қуыс кең дүниедей болып көрінеді. Серуенге шыққанда Аяғанның кеудесі ашылып, тынысы кеніп сала береді. Бостандықта жүргенде кең дүниенің қадыр-қасиетін білмеptі. Адам үшін азаттықтан үлкен бақыт болмайды екен. Қарынды қара сумен жұбатсаң да емін-еркін жүргенге не жетсін. Төрт қабырға күн санап тарылып, кеудесін қысып бара жатқандай Аяған аядай

бөлмеге сыймай аласұрып кетеді. Торға камалған жолбарыстың арылдап, қу жанын қоярға жер таппай аласұрғанын талай рет көрген. Сол сәтте оның қасіретін түсіне қойған жоқ еді. Жолбарысқа деген аяушылық сезімі оянбаған. Өйткені ол Аяғанның ұғымында, аса қауіпті жыртқыш болатын. “Қауіпті жыртқышты торға қамап ұстау шарт” деп түсінген. Енді ойлап көрсе ол бейшара жетіскенінен, шекесі қызғандықтан аласұрмайды екен. Жолбарыстың кебі келсе пенде баласы да өзгеріп, кеудесі ашуға толып, жүрегін ыза сыздатып, тиісетін қара таппай аласұрып кететін көрінеді. Кім білсін, жолбарыс бейшараны кең дүниеге еркін жіберсе ол басқалар ойлағандай аса қауіпті болмас па еді. Адам да, аң да өзін қоршаған ортаға тәуелді. Өмірін түрмеде өткізген пендеден қандай кісілік күтуге болады?! “Нақак күйіп, жастық шағын түрмеде өткізген пенде мен аш жолбарыстың ұқсастығы көп-ау” деп ойлады Аяған. Жаламен түрмеге түсіп, тұйықтан шығар жол таба алмай бармағын шайнап жатқан жігіт өзін кейде торға камалған ашулы жолбарысқа ұқсатады. Екі төсек әрең сыйып тұрған камераның қабырғасын тоқпақтап, жанын қоярға жер таппай аласұрғанда жанында жатқан серігі қатты шошитын. Жүрегін кернеген ашу-ызасын осындай әдіспен сарқып тауысқан ол төсегіне етпетінен түсіп жатып, ағыл-тегіл жылайтын. Осыдан кейін еңсесін езген ауыр салмақтан құтылғандай бойы жеңілдеп қалатын. Жолбарыс сорлы да іштегі шемен шерін тарқату үшін аласұрып гүрілдейді екен. Аяған осыны ұқты.

Кең дүниені, тәуелсіз еркін өмірді ойлап күрсінгенде кеудесі қарс айырылып кете жаздайды. Балаларын есіне алса көзіне жас үйіріледі. Қысастықты көп көрген зәлім жүрек қыңсылап, бір топ төбеттің талауына түсіп, жұлма-жұлмасы шыққан қаңғыбас қаншықтың кебін киеді. Азуы алты қарыс арландай ашқарак ойлар әр сәт сайын өткір тісін Аяғанның ең жанды жеріне салады. Ойдың талауына түскен жігіт үнсіз егіліп, етпетінен түсіп жатады да қояды. Ішегі шұрқырап, іші ұлып жатса да суға пісірген арпа ботқасына мүлде төбеті шаппайды. Оның үлесін жанындағы көршісі соғып алады.

“Бала – адамның бауыр еті” деген сөзге кең дүниеде, сырдың суы сирағынан келмей еркін жүрген шағында мән бере қоймапты. Бала-шағасын бір көру арман болған кезде білді олардың қадырын. Бала – бауыр ет қана емес, әке мен шешенің шыбын жаны, өмірі екен. Қазіргі уақытта Аяған “шіркін-ай, үш ботамды бір көріп, құшақтап мауқымды бассам” деген тәтті арманды аялап жатып ұйықтайды. Түсінде бала-шағасымен қауышып, сүйіп

мауқын басып, жүрегіне шемен болып байланған шерін тарқатады. Осындай тәтті түс көріп оянған күндері Аяғаннан өткен бакытты адам жоқ. Жаманшылықтан әбден запыс болып қалған жүрегі мейірімнің шуағына шомылып, рахат күй кешеді.

Кейде жаман түстер көріп, шошып оянады да, күні бойы қорқыныштың құрсауынан шыға алмай дінкесі құриды. “Балашағам аман болса екен” деп тілейді, құдайға жалбарынады.

Балалары не күйде? Әсемнің денсаулығы қалай? Олар қайда жүр? Әкесі ауылға алып кетті ме, жоқ әлде, қалада ма?

Аяғанның мазасын қашыратын бұл сұрақтарға нақты жауап жоқ. Сыртқы дүниемен байланысы үзілгелі не заман. Осында күзетші болып істейтін Қуан есімді жігіт Алдекеннің бір хатын жеткізді де, қайтып көрінбей кетті. Ұстазының хатынан білгені – Алдияр Ақпанұлы мұның бала-шағасын қолына көшіріп алыпты, Әсем ауруханаға түскен. Балалардың ауыртпашылығын Хадиша көтеріп жүрген көрінеді. Одан бері талай уақыт өтті. Тергеудің тым созылып кеткеніне қарағанда, Алдияр Ақпанұлы бастаған топтың әрекетінен ештеңе шықпаған тәрізді. Мұнда түскен адамды арашалап алудың мүмкін еместігін Алдекен білмей тұрып әрекет жасағанын, ақыры істерінен нәтиже шықпасын түсініп, амалы құрып қойғанын іштей сезетін.

Бір рет бала-шағасының тірлігінен хабар білгісі келіп, тергеушіге өлердегі сөзін айтып жалынды.

– Бала-шағаң аман-есен. Әйелің балаларынның жанында. Амандығыңды білдіріп, хат жазуына болады,— деген тергеуші. Қуанышы қойнына сыймаған Аяған ақтарылып хат жазсын. Тергеуші мұның жазғанын оқып отырып біраз жерін сызғылап өшірді.

– Неге сызасың? – деп шырылдаған Аяғанның сөзін құлағына қыстырмады.

– Өзім білемін.

– Түк қалдырмадың ғой, – деп Аяған оның қолына жармаса кетті. Ашуға мінген тергеуші оның көз алдында бір жапырақ қағазды жыртып-жыртып урнаға тастай салды.

– Өз обалың өзіңе. Менен басқалар саған мұндай жақсылық жасамайды,— деген ол Аяғанға зілдене қарап. Оның айтқаны келді, өзінен жауап алған екі тергеушіге де жалынды, бірақ олар жібімеді.

Сол бір жағдайды ойласа жыны келеді, кеудесіне ашу тығылады. Ашуланғанмен қолынан не келсін, қу жанын қоярға жер таппай аласұрады. Осындайда құлағына үш ботасының “көкелеген” үні келіп, шыбын жаны шырқырайды...

Тұңғық ойдың тереңіне шым батып кеткен Аяған селк етіп, орнынан атып тұрды. Бүкіл денесі дір-дір етеді. Есікке құлағын тақап, дыбыс андыды, тым-тырыс. Баланын дауысын естіген сияқты еді. Сайқал дүние жым-жырт тына қалыпты.

“Тәйірі, түрмеге бала қайдан келсін. Шаршағандікі шығар. Жүйкем жұқарған болар, сірә. Солай шығар” деді.

Орнынан қозғалып кеткен қу көңіл өрекіп, жүрегі атша тулады. Торға қамалған арландай аласұрып, тар камерада ерсілі-қарсылы сабылды.

Балалары бір қолайсыз жағдайға ұшырап қалғандай аяқ астынан осындай күйге түсіп, қу жанын қоярға жер таппай тыпырлайтыны бар. Аяғанды осындай сәтте көрген қытайлық оның көңілі орнына түсіп, жаны жай тауып, жайбаракаттанған кезде:

Сенің жүйкен шаршаған,— деді. Жүйкесінің шаршағанын өзі де біледі. Жеті айға созылған сергелден әбден титықтатты. Алда не күтіп тұр? Осы бір қорқынышты сұрақ күн сайын миын шұқып жеп, жанын қинайды. Үздіксіз бір нүктеге тамшылап тұрса бес айдың ішінде тамшы тасты да тесіп шығар еді. Аяғанның орнында басқа адам болса осы уақытқа дейін жынданып кетер ме еді, кім білсін. Бес айда үш тергеуші ауысты. Ең қатты шаршатқаны Максұт сүмелек. Ол небір сұмдықтарды ойлап тауып, жүйкесін тоздырып жіберді. Түннің бір уағында шырт ұйқыдан оятып алып, қоқан-лоқы көрсетіп, намысын түртпектейді, аузына келгенді құсып қорлайды. Қарсы алдында көзіне тығылған ұйқыдан арыла алмай, сүмірейіп отырған ежелгі “жауының” сықпытын көріп, Максұт мырс-мырс күлетін. Қалың кірпіктің аржағынан сығырайып әрең көрінетін жымсық көздегі өзәзіл күлкінің табын байқап, Аяған іштей өксіп жылайтын. Максұт ашуланғанда әлгі күлкі лып сөніп, көзі шаттанып, әп-сәтте өзгеріп шыға келетін. Осындай сәтте жеңілмей жүрген, бас имей қасарысқан “қас жауының” быт-шытын шығарып, ұрып тастағысы келіп тұра ұмтылатын. Қол созымға келіп, еркін билей алмай қалш-қалш етіп тұратын. “Үйреніскен жау атыспаққа жақсы” дегендей Аяған оған алдырмады. Қолында күш тұрғанмен Максұт бейшара білім, парасат жағынан әлдеқайда төмен еді. Осы бір шындықты оның өзі де білетін.

Максұт күні кеше жолын кесіп, көп кедергі жасаған “жауын” мұқатып, шалқасынан түсіру үшін толып жатқан әдіс қолданды. Бірақ әккіленіп алған Аяған оның құрған торына түспеді. Ұстаған сәтте сып етіп қолынан шығып кете беретін балық сияқты еді Аяған. Олжасынан оп-оңай айырылып қалған Максұт

ақымақтығына күйініп, ызадан жарылып кете жаздайтын.

Ол Аяғанды ұзақ әурелеп, дегеніне көндіре алмай шаршаған. Колдан жасаған жала оған жүкпай дінкесін құртты. Студенттердің айғағы аяқсыз қалып қойды. Аяқ астынан өзі білмейтін бір әлеуетті күш килігіп, Аяғанға көмек қолын созды. Осыдан кейін-ақ оның ісі ілгері баспай, өз-өзінен қожырай бастаған.

Бұрын алшаң басып келіп, қарсы алдында талтиып тұратын Мақсұтты соңғы рет келгенде танымай қалды. Жүні жығылып, жасып қалыпты бейшара. Аяғанға мүлде мойын бұрмады, үн-түнсіз өте шықты.

Аяғанның ісі соңғы уақытта Міртемірге тапсырылған. Ол Мақсұт секілді тақымдап қуып, тықақтай беретін пәле емес, сабыр сақтап, салмақтап сөйлейтін жігіт. Екеуі кейінгі уақытта бір-ақ рет кездесті. Ол мұны көп ұстаған жоқ, бір парак қағазға жазылған мәселелерге байланысты қысқа-қысқа сұрап, Аяғанның аузынан шыққан сөзді жазып алған. Одан бері де он бес күндей болып қалыпты.

Істің Міртемірге тапсырылғанын Аяған жақсы ырымға жорыды. Түрмеге камалған күні өзіне жылы кабак танытып, жанашырлық көрсеткен жігітке іші жылып қалған. Оның кім, қандай адам екенін біле қоймаса да “нақақ қаралап, күйдіре қоймас” деген ой миына мықтап орнығып алған. Мақсұт сүмелек сөндірген үміті қайта тұтанғандай әр сәт сайын елегізіп, жақсы хабар күтетін әдет жабысты.

Бөлменің бір бұрышынан екіншісіне барып, аяндап есіктің түбіне келіп, сыртқа құлақ түреді. Арақидік әлдекімдердің аяқ дыбысы естіліп қалады. “Біреуді тергеуге алып бара жатқан шығар” деп ойлайды. Ол кім? Бәлкім, өткен айда осы камерала жатқан жігіт болар. Әлде шекара бұзып, қолға түскен қытайлықтардың бірі ме екен?! Аяған әрі-бері өткендердің кім екенін біле алмасын түсінді. Білетіні – түрмеде жиырма екі камера бар. Он үшінші камера медпункт. Алақөленке дәлізбен екінші қабаттағы тергеушіге айдап алып бара жатқанда камераларды санайды. Жоғарыда шам жанып тұрғандарында адам бар. Олар кімдер? Түрмеде жатқандар бірін-бірі білмейді. Оларды жолықтырмайды. Аяған бес айдың ішінде бес-ақ адамды көрді. Олардың үшеуі шекара бұзған қытайлық, екеудің бірі пара алып қолға түскен, екіншісі наркоман болатын. Олардың кейінгі кезде қайда екенін, мәселелерінің қалай шешілгенін Аяған білмейді. Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің тергеу бөлімінде жатқандардың арасында саяси тұтқындар бар ма? Аяғанның көп ойланған, бірақ жауабын таба алмаған сұрағы осы.

Түрмедегілерді бір-бірімен кездестірмейтіндігіне карағанда, мұнда саяси тұтқындар бар сияқты. Өзі тәрізді болар-болмас іске бола карауылға ілініп кеткендердің бірін-бірі көріп, жағдай сұрасқанынан не өзгереді? Тәртіп соншалықты катал.

Бес айдың ішінде екі рет он үшінші камераға барды. Он үштің басқаларынан көп айырмашылығы бар, мұнтаздай таза бөлменін ауасы да кен. Алпысқа иек артқан ілмиген арық сары әйел екі ретте де жылы шырай танытып, күле карсы алды. Алғашқысында асқазаны ауырып, іші тоқтамаған соң барған. Екінші рет қан қысымы көтеріліп, ұйықтай алмай азапқа түскенде алып барған. Қан қысымын қалыпқа түсіргенмен, ұйқысын түзетуге кемпірдің шамасы келмеді.

Сол он үшінші камерада Сәкен Сейфуллин жатыпты дегенді күзетшілердің бірінен естігені бар еді. Сол сөз есіне түсіп, камераға кірген соң ан-таң қалып, жан-жағына сүзіле қарап, антарылып ұзақ тұрған. Тергеушілерден қиянат көріп, орнынан тұра алмай жатқан ардақты азаматты аяушылығы жоқ жендеттер талай рет осы камераға сүйреп әкеліп тастаған шығар. Ол сыз еденде қанға былғанып, қиналып жатқанда не ойлады екен? Кім біледі, бәлкім, ол кісіні осы он үшінші камерада азаптап өлтірген болар. Заманның сол бір ақиқатын айтатын пенде жоқ. Сәкен туралы шындықты білетіндер қалмаған да шығар...

Аяғанның құлағына осылай қарай беттеп келе жатқан аяқ дыбысы шалынды. Іште жатып-ақ әлгі адамның қай тұсқа жақындап қалғанын шамалайды. Көрші камерада адам жоқ болу керек, он шақты күннен бері оның есігі бір рет ашылмады. Бәлкім, жаңа тұтқынды алып келе жатқан шығар. Мынау аракідік есіктің торлы терезесінен сығалап қарап кететін күзетшінін жүрісіне ұқсамайды. Ешбір камераның алдына тоқтамай тіке тартып келеді. Белгісіз Аяған жатқан камераның алдына келіп, есік ашты.

— Қуатов, тергеушіге!..

Әр кезде дайын отыратын Аяған лып етіп сыртқа шықты да, алакөлеңке дәлізбен ілгері адымдады. Екі күзетші аяқтарын санап басып, әрбір камераның торлаулы терезесінен сығалап жүр. Шығар есіктің аузында қолына қызыл байлаған тағы біреуі тұр. Үлкен кілтпен темір есікті ашып, Аяғандарды шығарып жіберді де, қайта бекітті.

Әдетте тергеуге шақырғанда қиналып әрең баратын. Бүгін қамшы салдырмайтын жүйрік аттай өзін алып келе жатқан жігіттің алдына түсіп, жорғалай жөнелген. Бір жақсы хабар еститіндей көңілі елегізіп, асығыс адымдап келеді. Көңіліне әртүрлі ой шабады; бәлкім, ақтап жіберер, бала-шағасымен жолығуға

жағдай жасар ма екен. Тергеу аяқталып, сот үкім шығармай тұрып мұндай мүмкіндіктің тумасын сезе тұра үміттенеді.

Міртемір оны орнынан тұрып қарсы алды.

— Қал-жағдайыңыз қалай? — деп сұрады тергеуші қол алысып тұрып. Ашынып жүрген Аяған тілінің ұшына келіп қалған ащы сөзді әрең ірікті. — Сізді көптен бері мазаламаған себебім — куә болған адамдармен жеке-жеке сөйлестім.

Аяған басын шалт көтеріп алып, тергеушінің жүзіне тесілді. Міртемірдің ұйқысы шала болған тәрізді, екі көзі қызарып кетіпті. Арадік есінеп қояды. Шаршап отырса да жүзі жылы.

— Олар не дейді?

— Олар әртүрлі әңгіме айтады,— деп күлді тергеуші. — Сізге олардың не дегенінің қажеті жоқ.

— Менің қорғануға да құқым жоқ па?

— Олардың айғағын сіздің ісіңізден түгелдей алып тастау керек деп ойлаймын.

— Неге? — деді тергеушінің бетіне телміре қарап отырған жігіт танырқап.

— Қайшылық көп. Әлдекімдердің ұйымдастырған шаруасы сияқты.

Аяған кеудесін кере терен дем алды да, ақырын ғана күрсінді. Сыртынан жала жауып, айғақ хат жазғандардың өтірігі анықталса өзіне пәле жұқпайтынын іштей сезетін жігіттің қуанғаннан екі тізесі дірілдеп, басына қан шапшыды. Екі беті дуылдады. Оның жүзіндегі өзгерісті аңғарған Міртемір жымыып күлді.

— Біздің мекеме жазалаушы орын емес деп сізге айтқанмын. Сол сөзімді дәлелдеу үшін біраз тер төгуге тура келді,— деді тергеуші папкасынан қағаздарын алып жатып.

— Рахмет сіз-з-ге!

— Әлі ерте. Асықпаңыз.

Міртемір көзінің астымен оған ұрлана қарады. Алғашқы күнгі екпіні жоқ, беті қайтып, басылып қалған сияқты. Бірінші жолығысқанда аузымен орақ орып, бет қаратпайтын жігіт еді. Бес айдың ішінде шекесіне тағдырдың таяғы қатты тиіп, “ақыл” кіріпті. Бірақ сынбаған, майысқан. Шамына тисең шалкасынан түсе салар шақар мінезі өзгермеген сияқты.

— Енді қанша жатамын мұнда?

— Білмеймін. Сот шешеді.

Тергеушінің айтқаны ауыр тиді. Жақсы сөз естимін деп дәмеленіп отырған Аяған жасып қалды. Ісі сотқа түссе нәтижесі белгілі. Демек тергеу жұмысы қайта басталады. Міртемірдің сөзіне қарағанда, ол бұрынғылар дайындаған қағаздарды жауып

тастап, қайта тергеп, өзінше қорытынды жасайды. Қазіргі екпінімен ол істі талай айларға созар. Апыр-ау, сонда екі көзі төрт болып тағы да бес ай жатпақ па?

– Бала-шағамды көрмелегі бес ай болды,— деді Аяған дауысы бұзылып. Қағаз жазып отырған тергеуші басын шалт көтеріп алды, оның бетіне жалт қарады. Дауысы бұзылғанмен жүзінде еш өзгеріс жоқ екен. Максұтпен жағаласып жүріп онайшылықпен алдыра қоймастай болып піскен тәрізді. Көңілі сәл ғана босап еді, әп-сәтте жүрегіне мұз катып, тастүйін болып қатайып алды. Мұндай адамды қоқан-лоқымен ықтырып, күшпен алуға болмасын Міртемір біледі.

Аяған секілді азаматты болар-болмас кінәсі үшін күйдіру кате. Кішкентай кемшілігіне бола бастан ұрмай кешіре салса, ақылы бар адам түсінер еді. Аяғын аңдып басып, сүрініп кетпеуге тырысар еді. Ал ұсақ-түйек кемшілігі үшін артық таяқ жеген жан ашынады, дүйім жұрт айкайлап айтып, әспеттеп жүрген Шындыққа сенбейді. Ол әрқашан ағысқа қарсы жүзуге тырысады. Сөйтіп жүріп өмірі бүлінеді. Халқы үшін ұлан-асыр пайдалы іс тындырар азаматты сүрініп кеткен шағында қолтығынан демеу шарт. Жер басып жүрген тірі пенденің адамшылық міндеттерінің бірі осы.

Міртемірдің пікірі осындай. Аяғанға көмектесу, қол ұшын беру керектігін біледі. Оның бүлдіріп қойған түгі жоқ. Жігіттің ісі “дейді, дейді, дейді екенмен” ушығып кеткен. Өленді жерге өрт қойып жүретін әлдекімнің ісі бұл. Әйтпесе оның “дейдісінен” Кеңес мемлекетіне, оның саясатына нұқсан келмейді мүлде. Аяған секілді иліге бермейтін қайсар жігіттерді ұнамағандықтан түрмеге қамап, мемлекеттік жүйеге, Кеңес идеологиясына қарсы күресуші күш ретінде жазалау қара басының мүддесі үшін үлкен қиянаттарға қиналмай бара салатын мансабы бар жаппарқұлдардың ісі екенін Міртемір біледі. Олардың қулығына құрық бойламайды. Қарсыласты қағып түсірудің небір әдістерін менгерген жаппарқұлдар ешқашан айыл жыймайды. Олардың тамыры тереңге кеткен. Тым тереңге. Аяғанды қауіпсіздік комитетінің түрмесіне әкеліп тыққандарын көрмеймісін. Кеңес үкіметіне, мемлекеттік жүйеге қарсы пендені жанына үміті бар адам қорғаймайды. Қорғай алатындар бұл іске араласса аяғының немен тынарын біліп, реті келіп тұрған жерде бұғып қалады. Накак күйген азаматты қаймықпай қорғаған Шындықтың әлсіз дауысын ешкім де құлағына қыстырмайды. Өйткені шындық әлсіз. Ол ешкіммен күресе алмайды. Сол себепті де Аяған секілділердің талайы 170 статьяның бірінші тармағы бойынша сотталып, үш жылға кесіл-

ген. Міртемір ауыз толтырып айтатындай үлкен кінәсі болмаса да 56, 58 статьялармен айыпталып, 12 жылға сотталған пешенесінің соры бес батпан бейшараларды да көрген. Ашық ауыз аңқау сорлылар ойын ашық айтқаны үшін жазықты болды. Оңашада Кенес үкіметін жерден алып, жерге салатын кейбіреу ештеңеге ұрынбай-ақ ұрттап ішіп, шайқап төгіп, жалғанды жалпағынан басып, тайрандап жүр. Ондайларға жала жүкпайды. “Сойыл сорлының шекесіне тиеді” деген рас. Осыдан үш жыл бұрынғы бір оқиға Міртемірдің есінде.

Шалғайдағы ауданнан “Кенес үкіметіне тілі тиді, пиғылы жат” деген желеумен бір жігітті алып келіп қамаған. Тергеу ісі Міртемірге тапсырылған. Істің байыбына барып қараса, соншама даурықтырып, Мемлекеттік қауіпсіздік комитетіне сүйрейдіндей кінәсі жоқ екен. Өзіне тете інісін біреулер ұрып өлтіріп кеткен. Зан орындары кінәлі адамдарды таба алмай іс жабылған. Інісінің өліміне қайғырып, қан жұтып жүрген жігіт ашумен барып аудан прокурорына ауыр сөз айтады. Бірнеше күн өткен соң көршісінің үйінде ішіп отырып:

– Туған жерінде жүрсен өлер ме едің, бауырым,— деп өкіреді.
– Ит құрлы құның болады-ау, бауырым. Бөтен екенбіз ғой, құдай-ау!..

Бар болғаны осы. Жігіттің ата-анасы мың тоғыз жүз елу бесінші жылы Қытайдан өтіп келген екен. Прокурордың тапсырмасымен әлдекімдер Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің аудандық бөліміне арыз айдап жібереді. Сол мекеменің “қызу қанды” жас қызметкері “пиғылы бөтен” жігіттің соңына түсіп келіп береді, әркім-әркімнің аузынан мол материал жинап, қорыққанынан жақ жүні үрпіп жүдеп кеткен жігітті дедектетіп Алматыға алып келген.

Басқа біреудің қолына түссе ол жігіттің тағдырының қалай шешілерін Міртемір білмейді. Көп статьяның біріне ілігіп, айдалып кетер ме еді. Қатты қорқытып қойған ба, қағазға түскен айыптау қорытындысын жоққа шығаруға шамасы келмей, мойындай береді.

– Солай болып еді, ағатай. Құдай атып, ішіп отырып айтып қойыппын. Кешіре гөр, ағатай! — деп без-без етеді бейшара.

Көп дабырайтпай әлгінің ісін жауып, өзін босаттырып жіберді. Жігіттің сондағы қуанышында шек жоқ еді.

– Ой, құлдығың болайын, ағатай-ай! Бұл жақсылығыңды өмір бойы өтей алмаймын-ау әттен... — деп көзіне жас алып, Міртемірді құшақтап, өкіріп тұрып жылаған. — Сен болмасаң шаруам бітіп еді. Ауылдағылар мені аямауға бекінген.

– Оларға не жазып едің?

– Әйелдің шаруасы, ат-тасының! Бұрынғы келінінізбен дәм-тұзымыз жараспады. Ол прокурордың балдызы еді...

Міртемірдің байқауынша, Аяған да сондай бір мінәйі себепке байланысты қуғын көрген. Оны ақтап алу онайға түспейді. Байқауынша, анысын аңдып, нысанаға алып отырған адамдар бар сияқты. Және олар тамырын теренге жіберген, қарсыласканның омыртқасын үзетін тегеурінді топқа ұқсайды. Күшіне сенген топ ешкімді аямайды.

– Хат жазып, хабар алуға рұқсат жоқ па? – деп сұрады Аяған біраз үнсіздіктен кейін.

– Болмайды, – деп бас шайқады тергеуші. – Аз уақыт шыдаңыз.

– Шыдамағанда қайда барамыз? Шындық жеңіп, жаладан құтылсақ болды да.

– Қолымыздан келгенді жасаймыз.

– Ақиқатқа қолымды бір ілдірсеніз актық демім біткенше тілеуінізді тілеп жүрер едім. – Бұл жолы Аяғанның көңілі шын босады. Міртемірдің өзіне деген ниетін таныған сол пиғылы бөтен адамның алдында кірпік қақпай қасарысып қалатын жігіт көзіне үйірілген жасты жасырған жоқ. – Үш балама айтып, тапсырын кетер ем. Олар да сіздің...

Бұдан арыға Аяғанның шамасы келмеді, дауысы дірілдеп, тілі икемге көнбей булықты. Дап-дардай болып осалдық танытқанына қысылды ма, ақырын ғана езу тартып, басын шайқап-шайқап қойды.

– Сізді шақырған себебім – кейбір мәселелерді анықтап алу керек болып тұр, – деді тергеуші Аяғанның тағы да тілек айтуға дайындалғанын сезіп. – Сіздің үстіңізден жазылған арыздарды ұйымдастырушы кім деп ойлайсыз? Тасада тұрған біреу бар-ау, сірә.

Аяған ойланып біраз отырды, сонан соң әнтек езу тартып, бас шайқады. Өзін ұнатпайтын, жек көретін адамдарды біледі. Әлгілерді атап-атап айтуына болар еді, көзімен көріп, қолымен ұстап алмаған соң оларға жала жабуға ары бармады. Өткен жолы арызға қол қойғандардың арасынан Алмастың аты-жөнін көрді. Оның дәл осындай иттікке баратындығына өліп бара жатса да сенбейді. Әркашан ойында Жақия тұрады. Өзіне қарсы істің бәрін сол сүмелектің ұйымдастырып жүргенін іші сезеді. Қазір де, міне тілінің ұшында тұрған Жақия Тайлақұлының атын атай алмай. жағы қарысып отыр.

– Ермак туралы айтқан әңгімелеріңізді мойындамауға тура келеді. Сіздің ойыңызды көпшілік дұрыс түсінбейді. Кез келген мәселеге үстем ұлттың көзімен қарап, баға береміз.

– Білемін,— деді Аяған бас шұлғып, — Ермак ұлы орыс халқының өкілі. Ол жақұт немесе молдаван болса ешкім көңіл бөлмес еді.

– Мұндай сөздердің керегі жоқ,— деп Міртемір қабақ шытып. — Аузыңыз күйетіндей болған жоқ па? Үндемеуге үйрену де үлкен өнер.

– Үйрене бастадық қой үндемеуге.

– Екінші Ауғанстан мәселесі. Ауғанстандағы соғысқа қарсы студенттердің арасында үгіт жүргізбегеніңізді дәлелдеу қажет. — Тергеуші оның жүзіне барлай қарады. Не дейсің, қалай дәлелдейсің дегендей ынғай бар жүзінде. — Куәлар керек. Студенттердің арасында сенімді адамдарыңыз бар ма?

– Алмас Байсанов деген студент бар. Үшінші курста...

– Тағы кімдер бар?

– Елемесов Қанат, Қантарбаев Ерік...

Міртемір студенттердің аты-жөнін жазып алды да, көп қағаздың ішінен бір паракты алып, үніліп біраз отырды.

– Алмас Байсанов дейсіз бе? Ол сіздің Ауғанстандағы соғысқа қарсы сөз айтқаныңызды растапты,— деді.

– Мүмкін емес.

– Менен бұрынғы екі тергеушіге берген жауабы сондай.

– Алмас Байсанов па? Өзіміздің Алмас...

– Иә, өзіңіздің Алмасыңыз...

Аяған күлді. Бірақ күлкісі жылаған адамның дауысына ұқсап кетті. Міртемірдің жанағы хабарына мүлде сенген жоқ. Анау бір кезде Максұт та сондай шатпақты көрсеткен. Ол кезде мүлде сенбеп еді. “Қолдан жасалған қағаз” деп ойлаған. Әлі де сол ниетте, мұндай сатқындық басқадан шығар, ал өзі білетін Алмас басын кесіп алса да ондай иттікке бармайды.

– Алмас ондай жігіт емес,— десе де Аяғанның көңілін жексұрын сезім жайлап алып, бей-жай күйге түсті.

– Тағы да шақырып сөйлесерміз,— деп жымиды тергеуші. — Леонид Ильичтің суретін неге әлеміштегенсіз?

– Ой, ол балалардың ісі ғой,— деді тұнжырап отырған жігіт сергіп, иығы селкілдеп күлді. Брежневтің журналға басылған суретіне сақал-мұрт жасап, екі омырауын Алтын Жұлдызға толтырып, басына киіз қалпақ кигізіп жүрген Елжас болатын. Ойында ештеңе жоқ, екі бүктеп, бір кітаптың арасына салып қойған. — Елжас деген батырдың істеп жүргені ғой.

– Сізге тағылған айыптың барлығынан арашалап аламын деп өтірік айта алмаймын. Менің мақсатым — сол айыптарды мейлінше жеңілдету.

– Рахмет сізге!

– Әділет үшін күресу – біздің міндет. Ал өз міндетімді дұрыс атқарғаным үшін рахмет дәмету ақылға сыймайды, – деп күлді жігіт. – Дәрігер адамның өмірі үшін күреседі. Адам – қоғамның капиталы.

– Дұрыс айтасыз.

– Дұрыс айтсам кейбір мәселелерге байланысты кінәнізді мойындауға тура келеді. Мысалы, Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы 1948 жылы қабылдаған адам правосы жөніндегі жалпыхалықтық декларациясының бір данасы сіздің үйден табылған.

– Москваға барғанда біреу берген... Баяғыда-а...

– Көп сөздің керегі жоқ. Ең дұрыс жол – кейбір қатенізді мойындап, кешірім сұрайсыз. Бізді де аңдып отырғандар бар. Сөз осымен тәмам.

– Кінәмді мойындаймын деп күйіп кетіп жүрмеймін бе?

– Күйе қоймассыз. Күйсек бірге күйерміз, – деп жымилы тергеуші. Осымен әңгіме аяқталды дегендей орнынан тұрып, жігітке қолын ұсынды.

– Айтыңызшы, – деді Аяған тергеушінің қолын ықыластана қысып тұрып. – Жағдай неге аяқ астынан менің пайдама қарай өзгерді? Максұт мені құлататын орды терендетіп қазып қойған сияқты еді ғой.

– Мен ештеңе білмеймін, – деп күлді Міртемір жауаптан қашып. – Сіздің ісіңізді қайта карауды маған тапсырды. Осы үйдің ішінде жүріп біз де ештеңе білмейміз.

Аяған ойланып қалды. Көңілінде кілкіп тұрған көп сұрақтың жауабын Міртемірден ала алмасын іші сезіп үндемеді.

Камерасына қайтып келе жатып әртүрлі ойға кетті. Әлдекімнің арашаға түскенін түсінді. Москваға жазған хаты ойына оралды. Бәлкім, сол хаттың шапағаты тиген шығар.

Әлде Алмас пен Асылханның ісі ме екен? Төсек тартып жатса да, кінәсіз күйген шәкіртін арашалап алу үшін асқан қайсарлықпен күресіп, үйірлі қасқырмен жалғыз алысқан ұстазы Алдиярды ойлағанда жүрегі жылып сала берді.

Аяған көп ұзамай кең дүниеге шығып, азаттықтың көусар ауасын жұтатындығына сенді.

Күні кеше бір курстың бетке ұстар мақтанышы ретінде дәріптеліп, аты ауыздан түспейтін Алмас бір-ақ күнде абыройдан

жүрдай бола салды. Қасынан қалмай шашбауын көтеріп жүретін нөкерлері де сырт айналды. Олардың Ерік пен Қанаттың жыртысын жыртып, деканат пен ректоратқа шабуылдап дүрлігіп жүргеніне бірнеше күн. Олардың өтініш-тілегіне құлақ қойып, шикі шаруаның мәнісіне барып жатқан ешкім жоқ. Алдына өтініш айтып келген үш студентке декан ай-шай жоқ дүрсе қоя берген.

— Сендер олардың кім екенін білемісіңдер? Олар наркотик сағаттыңдармен сыбайлас. Ал сендер мәселенің байыбына бармай айқайға аттан қосып жүрсіндер,— деген деканның сөзіне үшеуі бірдей күлген.

— Ағай-ау, олар өмірі темекі тістеп көрмеген балалар. Неге жала жабасыз?

Студенттерден мұндай батылдық күтпеген Жақия әдепкіде абдырап қалған, ашуға мініп, үшеуін ықтырып алудан басқа амалынын жоқтығын түсінген декан айқайға басқан. Жағдайға байланысты құбылып, небір қиын кезде сынаптай сырғанап жол тауып кететін Жақия бұл жолы кателесті, әділетсіз шешімге қарсылық білдіріп келген үшеудің көнілін аулап, алдап-сулап шығарып салудың орнына оларды ашуландырып алды.

— Біле білсендер сендердің бұларың ректораттың шешіміне емес, Советтік қоғамға деген қарсылық,— деп соқты Жақия. — Сендерді кімнің айдап салып отырғанын білемін. Үкіметке қарсы адаммен байланыс жасайтындарын да белгілі бізге.

Белді бекем буып келген үшеуі ықпады. Біріне-бірі қарады да, үндеспей ұғысты.

— Қуатовпен байланысы бар студентке біздің арамызда орын жоқ.

— Қуатов таза адам. Біз оған байланысты жазылған айғақ хатымызды қайтып аламыз,— деді үшеудің бірі.

— Біз сіздің сөзіңізге алданып, Аяған ағаға жала жаптық,— деді екіншісі.

— Қаңтарбаев пен Елемесовты ортамызға қайтаруыңызды талап етеміз,— деді үшіншісі. — Олар қайтып оралғанша бірде-бір лекцияға келмейміз.

Үш студент Жақия ойын жинап үлгергенше шығып кетті. Декан ашуға булығып, сылқ түсіп, сұлық отырып қалған. Ашуы тарқап, болған жағдайды ақыл таразысына салып, ой елегінен өткізген Жақия таяқтың өз маңдайына тиетінін сезген соң дереу Алмасты шақырып алған. Әдеттегідей асты-үстіне түсіп, жылы сөйлеп жылмандамай төтесінен тартты.

— Сенің курстастарың бунт шығарып жатыр. Жана ғана осында үшеуі келіп кетті. — Декан қарсы алдында ішінде ит өліп

жатса да беті бұлк етпей мүләйімсіп тұра беретін Алмасқа зәрлене қарады. – Сен үшін біз күйетін болдық ақыры.

– Мен не бүлдіріп қойып ем? – деп Алмас қысыла езу тартты. Деканның нені меңзеп тұрғанын іші сезді.

– Әне, енді сендер сүттен ақ, судан таза болып шыға келесіндер.

– Не де болса айтып өлтіріңізші, – деп мүләйімсіді жігіт.

– Олардың мұнысы бунт! Совет заңын сыйламағандық! – Жақия қайта көтеріліп кетті. Жылы сөйлеп, кез келген адамды майлы ішекше айналдыратын деканның мына қылығына Алмас түсіне алмады. – Олар Қуатовты қорғай алмайды. Қуатов – жау!..

– Олар Қуатов үшін емес, Қантарбаев пен Елемесовқа бола дүрлігіп жүр.

– Немене олардың оқудан шығарылғанына сен де қарсымысын?

Алмас не дерін білмей қысылды. Оның ниетін декан бірден таныды. Сеніп жүрген адамының жеме-жемге келгенде ештеңе білмеймін деп жалт бұрылып кететінін сезді.

– Олардың қылмысын айғақтап, ректордың атына хат түсірген мен болдым ба?

– Сіз тапсырдыңыз, біз...

– Мен ешкімге тапсырма берген жоқпын, шырағым, – деді Жақия оның сөзін бөліп. Алмас тіл ұшына келіп қалған сөзді ірке алмады.

– Сіз тапсырма бермесеніз мен де бұл іске араласқан жоқпын. Олардың ішінен, мас болып жүргенін көрген емеспін.

– Көргенсің! Ректорға хат жазып, мәлімдеме жасаған мен емес, мына сен!..

– Мен қол қойған емеспін. Білмеймін...

Жаңа көріп тұрғандай Жақия оған таң қала қарады. Бұл жолы Алмас та көзін алып қашып, өбігерге түсіп, төменшіктеген жоқ. Қыр соңынан өкшелеп қалмай жүретін қорқынышты ұмытып, ызаның ыркында кетті. Жақия бастаған әңгімесін қоздатса Алмас одан сайын өршеленіп кетер еді. Жас жігіттің ызадан түтініп кеткен жүзін көріп, қу мүйіз декан қазан қайнатардай ашуып сабырға жеңдіріп, оны алдарқату үшін езу тартты.

– Жә! – деді Алмасты арқасынан қағып. – Кінәласып жататын уақыт жоқ. Бізге тізе қосып, әрекет жасау керек. Таяқ алдымен екеуіміздің шекемізге тиеді.

– Мен шаршадым. Маған ештеңенің керегі жоқ, – деп ағынан жарылып, шынын айтты жігіт.

– Шаршауға болмайды. Сен жағалаудан ұзап кеттін.

Алмасжан,— деп декан суық жымыды. — “Кемедегінің жаны бір” деген сөз бар. Сен өзін үшін... Өзінді қорғау үшін әрекет жасауға, күресуге міндеттісің.

— Маған не істе дейсіз енді?

— Курстастарыңды ақылға шақыр. Дүрлікпесін. Олар Қуатовтың жағына шығып кетуі мүмкін. Ол түрмеден шықса түседі сонымызға, б-а-ала...

Алмас селк етіп, деканға жалт қарады. Мекерси күліп, кез келген адамға одырайып шекесінен қарайтын Жақияның жүні жығылып қалған сияқты, өні солғын. “Аяғанның ақталып шығуы мүмкін-ау” деген ойдан аулақтап кеткен жігіт деканның жанағы сөзіне сенер-сенбесін білмей аңырайып тұр. Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің қолына түскен адамның су жұқтырмай құтылып шыққанын естісе құлағы керек болсын. Жақиянікі не қауіп? Әлде бір әңгімені құлағы шалды ма екен?

Алмастың екі беті дуылдап, басына қан шапшыды. Соңынан қуған қауіптен қашып келіп, тұйыққа тірелгендей шарасыз күйге түскен пенденің кебін киген.

— Студенттермен сөйлес. Қызбалық жасамасын. Біздің қолымыз ұзын. Ешкімді аямаймыз.

— Олар мені тындамайды.

— Тындамаса тындату керек.

— Сізді де тындамайды,— деді Алмас батылданып. Бұрын тура қарай алмай бүгежектеп тұратын ынжықтау баланың не себепті тік сөйлеп тұрғанын Жақия іштей бағамдалды. — Тындасын десеңіз Қантарбаев пен Елемесовті қайтадан оқуға алыңыз.

Жақия ойланып қалды. Өтініш айтып, Байларовтың алдына барса ол не дейді? Қандай себеп айту керек? Ол түсінсе жақсы. Ал Байларов қасақана түсінбейді. Күні кеше өзі қол қойып, оқудан шығарып жіберген екі студентті қайта қабылдап, беделін түсірмейтіні белгілі. Таяқ Жақияның маңдайына тиеді. Мұса Байларовтың қаһарына іліккен пенденің қандай қалге ұшыраарын мүйізі қарағайдай атақты ғалым Алдияр Ақпанұлы дәлелдеді.

Соңғы уақытта Байларов мұны жақындатпай жүр. Қабағы салқын. Сөзін жүре тындайтын әдет тауыпты. Бекер емес. Қуатовтың шаруасына Сәруаров деген біреу араласып, біткелі тұрған іске үлкен кедергі жасап, дымын құртты. Оған міне, студенттердің дауысы косылып, уайымы ұлғайып тұр. Өрісі тарылып, жан-жағынан жаманшылық анталап келеді. Жан сақтау үшін жанталасу керек.

Сонда не істемек? Студенттердің көңілін таппаса өрт шығып кетуі мүмкін. Оларды тыныштандыру мына баланың қолынан

келе ме? Онайшылықпен көнейін деп тұрған олар жок. Тіпті икемге келмей бара жатса барлық салмақты осы балаға аударып тастап, құтылып кетуге тырысар.

Жақия өзінен көз алмай түнеріп тұрған жігітке күле карағанмен оның түсі жылымады. “Мені өтірік күліп алдама, ішіндегіні білемін” дегендей кірпік қакпай тұр. Момын Алмас адам танымастай өзгеріп кеткен сияқты, күні кеше қалбалақтап, кісінің бетіне тура қарай алмай бет моншағы төгіліп, қысылып тұрушы еді. Өзгерген. Себебі не? Қалай білудің ретін таппай тұрғанда жігіттің өзі шешілді.

– Мені Алдияр Ақпанұлына қандай оймен жұмсадыңыз?

Декан көзін кенірек ашып, жігіттің қуырыла түскен танауына қарап, езу тартты. Мына бала түпкі ой, ниетін сезіп қойған секілді. Әлде дүниені тауысқан қу мүйіз профессор Алмастың басын айналдырып, жадылап жіберді ме екен?!

– Алдекең бәріміздің ұстазымыз.

– Олай болса неге өзіңіз бармадыңыз?

– Ол кісі мені қабылдамайды ғой, өзің білесің,— деді Жақия күрсініп. Үн-түңсіз ұзақ отырды. — Алмасжан, сен бүгін біртүрлі болып отырсың ғой. Саған не болды?

– Мені студсоветтен босатыңыз,— деді жігіт оның сұрағын естімегендей сыңай танытып. Оның дәл осылай дерін алдын ала біліп жүргендей Жақия мүлде таң қалған жок. Аяндап барып орнына отырды да, тартпасын ашып, бір парак қағаз алды.

– Оқы,— деді. Әлгі қағазды жігіттің алдына тастады. — Болатын бала ма деп жүрсем... Әй, жолың болғыр!..

Алмас бір парак қағазға көз жүгіртті. Бұл Алмас Байсановты жарты жалақыға қызметке алу туралы ректордың бұйрығы екен. Қабағы ашылмай түнеріп, Жақия “ә” десе “мә” деуге дайын тұрған жігіттің маңдайынан бұрк етіп тер шықты. Жетімдік иттің талауына түсіп, жүрегі әбден шайлығып қалған Алмастың көңілін күйрек сезім арбады.

– Сен маған осы күнге дейін сенбей жүрсін. Осы жақсылықтарды сені мұқату үшін, сүріндіру үшін әдейі жасап жүр екенмін ғой. Түсінігің осы болса, рахмет! — деп күйіне сөйлеген Жақияның бетіне қарауға батылы жетпеген Алмастың ұяттан жүзі күйді. Кешірім сұрағысы келіп окталған, бірақ тілі икемге көнбей дағдарды.

Жоқшылық арқасына аяздай батып, көрінгенге жаутаңдап жүріп ержеткен Алмас әлдекімнің бір ауыз жылы сөзіне кәдімгідей марқайып қалатын. Ештеңесін бөліп бермесе де жылы сөзге сарандық жасамаған пендеге іші жылып, тілектес болып

жүретін. Ал дәл Жақиядай жақсылық жасаған ешкім жоқ. Еш еңбегі сіңбесе де жетпіс сом жалақысы бар қызметке алмақшы. Жетпіс сом! Осы күнге дейін жоқшылықтың, тапшылықтың құшағынан шыға алмай жүрген Алмас үшін бұл ғайыптан түсе салған стипендиясы жана туған нәрестеге арнап жасалған көрпе сияқты басына тартса аяғы, аяғына жапса кеудесіне жетпей таршылықтың тауқыметін мықтап тартқан жоқ па. Өзіне камкор болып, жақсылығын аямай жүрген адамның жағасына жармасқаны қай сасқаны?! Соншалық шалқаятындай тіреп тұрған кімі бар?

Алмас өзін аямай сөкті. Дәл осы сәт қара жердің тесігі болса кіріп-ақ кетер еді.

– Артық айтсам кешірініз,— деуге шамасы келді.

– Мен туралы не ойласаң да ерік өзінде. Ал сен сияқты болашағы бар жастарға камкорлық жасау біздің міндет.

Осымен әңгіме бітті дегендей орнынан тұрып, Алмасқа қолын ұсынды. Жігіттің алақаны быршып терлеп тұр екен, жиіркене тұра Жақия қолын тартып алмады. Бұрынғыдай иығынан қаусыра құшақтап, есік алдына дейін ұзатып салған жоқ.

Деканның алдынан жүні жығылып, сүмірейіп шыққан Алмас аудиторияға келіп, жападан жалғыз ұзақ отырды. Курстастары қарсылықтарын ашық білдіріп, лекциядан кетіп қалыпты. Олар талаптары орындалғанша лекцияларға келмеуі мүмкін. Сол үшін ректор деканды шырылдатады. Жақия мұны бекер шақырған жоқ, жанашыр, жақын адам деп есептейтіндіктен көмек сұрап еді, қайдағы жоқты қыжыртып, шалқасынан түсе жаздады. Бұл тексіздік. Тауықтың миындай ғана миы болса өзіне жақсылық жасап жүрген адамның бетінен алып, меселін қайтарар ма еді. Көргенсіздік мұнысы. “Сыйға – сый, сыраға – бал” дейді халық. Жақияның өзіне жасаған жақсылықтарының қарымтасын қайтаруға міндетті. Сонда не істеуі керек?

Ойы онға, санасы санға бөлінген Алмас тұйықтан шығар жол таба алмай ұзақ отырды. Бір түйінге келмей орнынан тұрып, сыртқа шықты.

Кеше жауған қалын қар әлі кірлей қоймапты. Аспан нілге шайғандай тап-таза, күн мейірін төгіп тұрғанмен ауада шым-шым аяз бар. Ұлпа қар қатып, буыны бекіп үлгермепті, Алмас көсіп алды, суға салған мақта сияқты екен. Қалын қардың ұзақ жатпасын түсінді. Аз күнде көктем шығатынын еске алды, бірақ көнілін құрсаған мұң сейіле қоймады. Әне-міне дегенше табалдырықтан аттағалы тұрған көктеммен бірге бір жаманшылық келердей Алмастың басын уайым қаңғыртты.

Қыс кешігіп келгендіктен бе биылғы көктем асықпады. Наурыз айының бел ортасына дейін қайта-қайта қар жауып, аяз кәріне мінді. Сонан кейін төрт-бес күн бойы аспан тазарып, күннің қызуы көтерілген, буыны бекіп үлгермеген қар еріп, Жер-Ана жоса-жоса болып терледі. Алматының көшелерімен сел жүрді. Наурыздың аяғына қарай қара суық қағынды. Ауа райының қайта-қайта құбылып, өзгере бергені Әсемге жақпады. Ауруханадан сіңіріне ілініп, әлсіреп шыққан бейшара екі күннің бірінде бас көтере алмай жатып қалатын болып жүр. Бір үйдің салмағы әне-міне деп күнін санап отырған Хадишаның иығына түсті, таң атпай тұрып, Бибіні балалар бақшасына апарушы еді, қазір оған шамасы жоқ, денесі ауырлап, жүріп-тұруы қиындады. Соған қарамастан тыным таппайды, аяндап дүкенге барып қайтады, бала-шағаның киімін жуып, тамағын дайындайды.

Алдияр Ақпанұлының келімді-кетімді қонақ үзілмейтін пәтері анау бір кезде қан базарға айналып кетіп еді, Асылханның қазасынан кейін адам аяғы сиреді. Аракідік сағындырып барып бас сұғып шығатын Ақбота көптен бері көрінбей кетті, бейшара қыз Асылханның қазасынан кейін жақ жүні үрпіп, көзі шүңірейіп, әжептәуір жүдеген. Сонғы рет көргенде оның көркіне Әсем мен Хадишаның көңілі толды. Қымс етсе көзі боталап. Асылханның атын аузынан тастамай мұңайып отыратын қыз жаналықтарын айтып, самбырлап сөйлеп, рахаттанып күлгенде екеуі қуаныштан көздеріне жас алған. “Өлгеннің артынан өлмек жоқ” деп қазақ біліп айтқан. Әсем мен Хадиша оның маңдайының ашылып, бақытты болуын құдайдан тілеп, өңі қуаныштан гүл-гүл жайнаған Ақботаны кезек-кезек құшақтап, жақсы тілектерін аямаған. Содан бері Ақбота хабарсыз. Үнсіз кетті деп оны кінәлап жатқан ешкім жоқ. Қыздың бұл үйге жиі-жиі келмейтін себебі екеуіне де түсінікті. Тірі адам тіршілігін жасайды. Ол қашанғы сор сораптап, мұңға тұншығып жүрсін. Бұл үй ескіні еске салады, ұмытылуға айналған қылықты күндерді. Асылханның тәтті сөздерін, ләззәтті сәттерді тірілтеді. Ескіні еске түскені Ақбота үшін азап. Үріп ауызға салғандай қыздың он екі де бір гүлі ашылмай жатып қасірет жұтып, қайғыға қақалғаны кімге керек?! Оны білетіндердің тілегі жақсы. Алланың нұры Ақботаның басына бақыт болып жауса дейді екеуі.

Әсем мен Хадиша ешқашан Алмасты ауызға алмайды, бірақ екеуінің көңілінде әмісе сол тұрады. Әсем бірнеше мәрте

Алмасты тауып, осында ертіп келуді ойлаған. Бірақ Хадишаның жарасының аузын тырнауға батылы бармай, ішінен тынды. Алғашқы күні Әсем жігіттің атын аузына алып, әңгіме бастағысы келген. Хадишаның екі көзі боталап, бөлмеден шығып кеткен. Осы жағдайдан кейін екеуі де оны біржола ұмытқандай болып жүрген. Анау күні Әсем жігіттің атын атап, ептеп емеурін танытқан. Хадишаның жүзі сұрланып, екі көзіне ыза тұнған.

– Ондай онбағанды маңымнан жүргізбеймін, тәте,– деген ашулы үнмен.

– Е-е, айналайын, аман-есен босанып, қол-аяғыңды бауырыңа алсаң болды да. Денің сау болса ешкімге жалынбайсың. Адамға керегі денсаулық қой,– деп күрсінген келіншек. Екеуінің Алмас туралы әңгімесі осымен таусылған.

Рас, Хадиша үмітін үзбейді, оны көп күтті. Алмас кіріп келердей елегізіп, кірпігі айқаспай атар танды ұйқысыз қарсы алған күндерін санап тауыса алмас. Қайғыдан көкірегі қарс айырылып, ағыл-тегіл төгілген көз жасын жинаса телегей теңіз болар еді. Аяғы ауырлай бастағанда қашып жоламай кеткен Алмасты іздеп, жатақхананы торуылдап жүріп өткізген күндерінің есебінен жаңылды. Жатақханаға күн сайын барғанмен ішке кіруге батылы жетпей, кірпігін жасқа шылап, түннің бір уағында қайтып келетін Хадишаны бірге тұратын қыздар жұбата алмай шаршайтын. Құрбылары Алмасты іздеп тауып, болған жағдайды айтқанда оның шалқасынан түсіп тулағанын, безектеп басын алып қашқанын естімегенде Хадиша одан күдерін үзбес еді. Алмастың пиғылын білгеннен кейін жағдайының қиындығына карамастан, бірге тұратын құрбыларының дегеніне көнбей туа біткен тік мінезіне еріп, қырсықты да қалды. Қанша жерден көңілі қалып, Алмастың өзіне жасаған иттігіне күйініп, оны екі дүниеде кешпеске бекінгенмен жүрегінің түкпіріндегі оттың өшіп болмағанын Хадишаның өзі ғана білетін. Алмас туралы айтылатын әңгімеге аңсары ауып тұрғанмен өзге түгіл өзінен жасырып жүрген сыры әшкере болардай күдіктенетін. Хадишаның жігіттің аты аталса кірпідей жиырылатыны сондықтан еді. Қыз әңгімеден қашқақтап, жасырып, жапқанмен Алмасқа деген көңілінің біржола суымағанын Әсем ептеп сезетін.

Хадиша аман-есен босанса Алмасты іздеп тауып, перзентханаға алып барамын деп жүрген келіншек ауа райына байланысты ма, жоқ әлде, ескі сырқаты ушықты ма, кешелі бері бас көтере алмай жатыр. Таң атқалы екі рет жедел жәрдем келіп, әртүрлі ем жасағанмен келіншектің жағдайы жақсара қоймады. Күнін санап отырған Хадиша босана калса екі баласына қарайтын

адамның жоктығын ойлап, дәрігердің ауруханаға алып кетеміз дегеніне көнбей қасарысты.

– Тәте-ау, өзіңізді аясаңызшы,— деген Хадишаға күле қарап:

Сырмінез болған сыркат қой,— деді кинала сөйлеп. — Көктем мен күзде, ауа райы өзгергенде киналып қалатыным бар. Маған бола мазасызданба. Ауа райы қалыпқа түссе мен оп-онай жазыла саламын.

Ауа райы дұрысталғанмен Әсемнің жағдайы жақсармады. қайта-қайта демігіп, тынысы тарылып, Хадишаның есін шығарды. Келіншектің жүзі оңған шүберектей бозарып, танауы қусырылып кеткен, дем жетпей қысылғанда екі көзі аларып, өнеміне дегенше үзіліп кететіндей болып көрінеді. Оған қандай көмек көрсетерін білмей абыржыған Хадиша әрі-бері жүгіріп есі кетті. Кішкентай Бибі бір сұмдықты сезгендей дем жетпей тұншыққан шешесінің аяғын құшақтап алған, анасының киналғанын көріп, шыр-шыр етеді. Елжас анасының қолынан айырылмастай ұстап алған, егіліп тұр.

– Былай... Былай тұрындар! Елжас, анау бөлмеге барындар.— деуге Әсемнің шамасы әрең жетті. Тыпырлап жүрген Әсемнің санасына енді ғана сәуле түсіп, анасының аяғын құшып шырылдаған Бибіні көтеріп, басқа бөлмеге алып барды. Соңынан ілесе кірген Елжасқа:

Қозғалмай отырындар! — деп дәлізге шыққан Хадишаның іші бұрап ауырып, тып-тыныш жатқан нәресте мінез көрсетіп, бұлқына бастады. Оны елейтіндей мұрша қайда, жүгіре басып киналып жатқан келіншекке келді. Жана ғана тік отырған Әсем бір қырынан жатып қалыпты, дем жетпей тыпырлап, жанталасқан келіншектің ерні көгеріп, жүзі бозарып кетіпті. Ішінің солқылдап ауырғанына қарамай оның басын сүйеп, су ішкізді, бірақ Әсемнің жағдайы оңала қоймады. Шыбын жаны шырқыраған Хадиша жедел жәрдемге телефон соқты. Трубканы орнына қойғаннан кейін іштегі нәресте қатты бұлқынып, “өнер” шығарды. Сүйек-сүйегі сынып, бұлшық еттері дар-дар айырылып кететін секілді. Басы айналып, екі көзіне тер құйылды. Құлап қалмас үшін қабырғаға сүйенді. Жанын кинаған ауруды елегісі келмей астыңғы ернін қыршып тістеп алды, тіліне кермек дәм білінді. Сүйек-сүйегі шытынап, бұлшық еттері шыт-шыт айырылып, терісі жыртылған тәрізді. Қаншама тістенгенмен жанына батқан азапқа шыдамаған Хадишаның жан дауысы шықты.

– А-а-а!..

Ол бар күшін жинап алып, солқылдап төмен түсіп бара жат-

қандай болып көрінген құрсағын қос қолымен жоғары көтеріп, қабырға жағалап, Әсем жатқан бөлмеге кірді. Келіншек терге малшынып, еңтігіп жатыр екен. Ішін ұстап, бір басып, екі басып жақындап келе жатқан Хадишаның қандай жағдайға тап болғанын түсінген тәрізді. Құдайдың мына қылығына күйінді ме, көзінен ағыл-тегіл жас парлап қоя берді. Екеуінің көзі тоқайласқан, Хадиша шошып кетті. Әсемнің көзінде жылт жоқ екен.

– Тәте, сізге не болды? – деді әл-дәрмені құрып, өрең тұрған Хадиша шыбын жаны шырқырап. Әсем жауап берудің орнына ақырын ғана езу тартты да, әнтек көтеріп алған басына ие бола алмай сол жағына сылқ құлады...

Ішке апыр-топыр болып әлдекімдер кірді. Жарық дүниеге асыққан тентек тағы да бұлқынды. Хадиша қабырғаға сүйенді.

– А-а-а!..

Әлдекімдер қолтығына жармасып, дедектетіп жетелеп ала жөнелді.

А-а-н-д-а а-а-д-а-м киналып жатыр, – деді ол дауыстап. Оның көзіне құлақ қойған ешкім жоқ, жетелеп әкелген күйі жедел жәрдем машинасына отырғызып, есікті тарс жапты. Оталып дайын тұрған машина ытырылып алға ұмтылды. Ақ халат киген әйелдің біреуі қалып қойды. Тәубасын іштей қайталап, құдайына сыйынып бара жатқан Хадиша көңіліне соны медет қылды.

34

Наурыз айының жиырма тоғызы күні дүниеге шырылдап бір азамат келді. Дәл сол күні бір пенденің талқаны таусылып, мынау сайқал дүниенің қызығы мен шыжығын, қасіреті мен кайғысын басқаларға қалдырып, Жер-Ананың сүп-суық құшағына кірді.

Бар жағдайды ересектеу Елжастан біліп, көрші-қолаң ақылдаса келе, бір қиырда жалғыз ұлдың тілеуін тілеп, елегізіп жақсы хабар күтіп жатқан шал-кемпірге келіндерінің қайтпас сапарға аттанғанын хабарлап, жеделхат жөнелтті.

Ертесіне кешкілік Алдияр Ақпанұлының есігінің алдына келіп тоқтаған совхоздың салдырлақ ГАЗ-61 машинасынан Қуат қария түсіп жатты. Көзінен тамшылаған жас сақалын жуып, қайта-қайта тізесі бүгіліп, құлап қала жаздап теңселген шалды қолтықтап келе жатқан шопыр жігіт басу айтып, жұбатып қояды.

– Сабыр сақтаңыз, қария. Қалалық жерде дауыс шығару әбес болады, – деп жан-жағына жаутандай қарайды.

Аталарын күте-күте екі көздері төрт болып, төзімдері таусылған Елжас пен Бибі шырылдап жылап барып, шалдың құшағына

тығылды. Аталарымен көрісіп, шырылдап жылаған екі баланың дауысы соншалық аянышты еді. Шалға басу айтып келе жатқан шопыр жігіт шыдай алмай екі көзі жасқа толып, теріс айналды.

— Құлындарым-ай! Бесіктен белдерің шықпай жатып жаратқан иеме не жазып едіңдер?! — деп егілген шалдың қасіретке толы дауысы сыртқа шыққан көршілердің сай-сүйегін сырқыратты. Біраз адам көз жасын сығып-сығып алды. — Құдайдың көріне ілігетіндей пенде баласына жасаған қиянатым жоқ еді ғой-ау...

— Сабыр, қария, сабыр... — деп шопыр жігіт екі немересін құшақтап, тізерлеп отырып қалған шалды қолтығынан демеді. — Үйге кіріп, қайтар жолдың қамын жасайық.

Үйге ілесе кірген көрші-қолаң Қуат қарияға болған жағдайды баяндап, көңіл білдіріп жатыр. Соңғы айларда жалғыз ұлдың уайымы жанына батып, қажып, қартайып кеткен шал ләм деп ауыз ашпастан, басы салбырап отырды да қойды. Қаба сақалы мен мұрты аппақ болып ағарыпты, екі беті нарттай қызарып тұратын етжеңді толық кісі еді, иығы қушиып қалыпты. Құдайдың қысастығына жасар айла-шарғысы таусылғандай іштей өксіп, кемседеп отырған шалды көршілер қатты аяды.

— Ақсақал, сіз балалардың жанында болыңыз. Барлық жұмысты біз реттейміз,— деді қарама-қарсы пәтерде тұратын баршын жасынан асқан ер адам. Басқалары оны үнсіз қостады.

— Осы үйде жүретін тағы бір әйел бар еді. Әсем қайтыс болған күні ұл тауыпты бейшара, — деді күні бойы жападан-жалғыз есік алдында отыратын неміс кемпір.

— Ол кім?

— Хадиша...

— Хадиша? — Шал аң-таң. “Апыр-ау, ол қыз тұрмысқа шығып та үлгерген бе?” Анықтап сұрауға ұялды. — Е-е, бауы берік болсын баланың...

— Біз іске кірісейік. Қашан қайтасыздар?

— Осында түрмеде бала бар еді. Сол баланы босатса жүреміз, шырағым,— деді шал орнынан тұрып жатып. — Мен жол білмеймін. Біреуің ертіп барындар мені.

Көршілер міндет бөлісті. Біреуі Әсемнің шаруасымен кетті, екіншісі Қуат қарияны ертіп, Аяған жатқан түрмеге тартты.

Құдай деп тірлік кешкен ауыл адамының ұғымынша, мынау жарық дүниеде өлімнен басқа үлкең ештеңе жоқ. Ажалдың алдында хан да, қара да дәрменсіз. Ажал-ақиқаттың ерте ме, кеш пе іздеп табатынын білетін пенде кісі өліміне байланысты шаруаға келгенде ешқашан кербағып, кесірленбейді. Осылай деп

ойлайтын шалдың Аяғанның дәл бүгін босанып шығатындығына ешқандай да күмәні жоқ еді. Жалғызына деген сағыныш пен кайғысы қайраты қашып, әлсін-әлсін жүрісінен жаңыла беретін кәрі жүрегін жабыла талап, әл-дәрмені құрып, әрең жеткен шалды есік алдында тұрған сақшы анау бір кезгідей суық қарсы алды. Қуат қарияны бастап келген Ғали есімді көршінің сөзін әлгі немқұрайлы тындады, адам өлімі оған мүлде әсер етпейтін сияқты. Әлдеқайда телефон соқты, әлдекіммен қысқа ғана тілдесті, сонан кейін трубканы орнына қойып, келген екеуге бұрылды.

– Қайдаров Міртемір деген кісі қазір жоқ, іссапармен кеткен дейді. Қуатовтың мәселесін тек сол адам ғана шеше алады.

– Ол азамат қашан оралар екен?– деп сұрады Ғали. Сақшы “білмеймін” дегендей иығын қикандатты.

– Әй, шырағым, оның әйелі қаза болды. Балам құдай алдындағы соңғы сапарын өтесін. Босатып беріндер,— деген шалдың сөзіне сақшы жігіт тағы да иығын қикандатты. – Әй, мынауың сөз ұқпайтын неме ме?

Сақшы жігіт қазақша түсінбейді деп ойлаған Ғали шалдың сөзін орысшаға аударды.

– Мен де өздеріңіз сияқты қазақтың баласымын.

– Қазақтың баласы болсаң неге түсінбейсің? Аппак сақалыммен келіп тұрмын ғой,— деді шал оған жалбарына қарап. Әдет болып кеткен сияқты, жігіт иығын қикаң еткізіп екі шынтағымен шалбарын көтеріп қойды.

– Менің қолымнан ештеңе келмейді, ақсақал. Мен есік күзетушімін. Қолымнан келмесе қайтемін енді, әкесінің!. – деді жігіт тағы да сол үйреншікті әдетін қайталап. – Генералға барыңыз. Қазақтың баласы ғой түсінер.

Жігіт екеуіне жол көрсетіп жіберді. Бұл мекемеден беті мықтап қайтып қалған шалдың көңілінің түкпірінде түйткіл жатқанмен генералдың қабылдайтындығына, мәселесін дұрыс шешіп беретіндігіне титтей де күмәні жоқ еді. Бірақ генералдың қабылдау бөлмесіндегі жас жігіт екеуін басқа адамға сілтеп жіберді.

– Бұл мәселемен Мақас Аманбеков айналыспайды. Фарид Шайхудинов деген кісі бар. Сол адамға жолығындар.

Шайхудинов екінші біреуге жұмсады. Қабылдаған басшылар біріне-бірі сілтеп, түртіп жіберсең қаусап қалайын деп тұрған шалды әрі итеріп, бері жығып, әбден шаршатты. Сонша жүргенмен ісінен нәтиже шықпай, күні бойғы тепең жүрістен қалжырап шаршаған шал кешкі апақ-сапақта Алдиярдың пәтеріне жетіп сүрініп жығылды. Обалы не, көршілері қабағына қарап, асты-үстіне түсіп, бәйек болып жүр. Әсемнің жұмысымен кеткен

жігіт барлық шаруаны реттеп келген екен. Оның денесін бұл үйге ауылға алып қайтар кезден бір сағат бұрын әкелуге келісіпті. Ендігі мәселе Аяғанға тіреліп тұр. Жан жарын кара жердің құшағына өз қолымен тапсырып, бір уыс топырақ салу оның құдай алдындағы парызы. Басқаға ақылы жетпесе де Аяғанның тағдырының тізгінін ұстап отырғандардың дәл осыны түсінбейтіндігіне шал сенді.

Түннің бір уағында көршілер тарап, шал екі немересінің жанында сопайып жалғыз қалды. Шешесінің жанына жатпаса ұйықтай алмайтын Бибінің екі көзі қызарып кетіпті, қайта-қайта есінейді, бейшара бала қыңқылдап ұйықтай алмай жүр. Қуат қария жерге төсек салып, екі немересін екі жағына алып жатқан. Бибі кемсендеп қоя берді.

– Мамама баямын... Мам-ө-ө!..

Шалдың шыбын жаны шырқырап, ішін ит тырнағандай киналды. Немересін құшағына қысып, әр-әр жерінен сүйіп, іштей өксіген шал:

– Айхай, дүние-ай! Ай, дүние-ай!.. – дегенде қасірет толған көкірегі қарс айырылып кете жаздады.

– Мам-ө-ө! – деп боздаған қыз атасының құшағынан шығып, Елжасты құшақтап алды.

– Жыламашы! – деп жалынды Елжас өксікті дауыспен. Оны тындап жатқан Бибі жоқ. Анасынан біржола адасып қалғанын қу жүрегі сезетін сияқты.

“Әй, қу бауыр! Әй, қу бауыр!” деп күбірледі шал орнынан тұрып жатып. Құшақтасып жылаған екі немересіне қарап жайбаракат отыра алмасын түсініп, бөлмеден шығып кетті.

– Енді өмірлерің не болар екен-ай?! Не жазып едім жаратқанға? О-о-о-һ! – деп күрсінді шал көз жасын алақанымен сыпырып сүртіп. Көкірегін толтырып алып, тағы да күрсінді. Алқымына кептеліп тұрып қалған ып-ыстық қатты зат түсіп қала ма деп еді, жоқ, балқытып құйған қорғасындай сіресіп қатып, күйдіріл барады. Барлық гәп сол бармақтай пәлеге байланысты тәрізді, енді көкірегі өртенді.

Біраздан кейін құлағына шаншудай кадалып, жүрегін аяусыз тістелеген Бибінің дауысы тиылды. Не істерін білмей дағдарып қалған шал немерелерінің жанына қайтып оралды, құшақтасып жатқан Елжас пен Бибіні көріп, жүрегі елжіреді.

– Құлындарым-ай!— деді көңілі сәгіліп. Екеуінің жанына қисайғанмен ойы сан-сакка жүгіріп, көзі ілінбей берекесі қашты. Өткен жолы келгенде Әсемді өзімен бірге алып кетсе ол тірі калардай кеудесін күйініш күйдірді.

– Ажалына көрінген екен-ау, карағым-ай! Білгесің ғой, сірә. Е-е-е, біз міне жүрміз сүйретіліп... Әй, дүние жалған!..

Сарғайып таң атқанша ой түкпірін ақтарып, азапқа түсіп дөнбекшіген шал біреу сабап тастағандай орнынан әрең тұрды. Шай ішіп, жан шақырмақ ниетпен ас үйге кірген, бірақ газдын тілін түсінбей әр жерін бір шұқылап, қайтып шықты. Осы кезде есік шырылдады.

– Қазір... Қазір ашамын, – деді шал қалбалақтап. Емпендеп жеткенмен есіктің құлпысын аша алмай әуреге түсті. Былай бұрады, ашылмады. Екінші жағына бұрады, ашылмады. – Ой, мынау өзі... Тістесіп қалыпты. Әй, бұл кім ей?

– Мен ғой.

Көрі адамның дауысы. Қуат қария есікті аша алмай терлеп кетті. Кілтті шығарып, қайта салды.

– Әй, кемпір, мынаны қалай ашушы еді? – деп сыртта тұрған бейтаныстан сұрап қояды.

– Бұрасаңшы, – дейді бейтаныс кемпір.

– Бұрап-ақ жатырмын. Ашылмайды атаңның көрі!.. Сен кімсің өзі?

– Мен ғой.

Есікті аша алмай күйініп тұрған шал күйіп кете жаздады.

– Әй, сығыр-ау, атың бар ма менің?

– Мен ғой... Роза ғой.

– Рөзу-ау, мына пәлені қалай қарай бұраушы еді?

– Былай немесе былай бұрасаңшы.

Оның былайының қалай екенін түсінбеген шал шаршап тұрғанда көмекке Елжас келді. Атасының қиналып тұрғанын көріп, жымыып күлді.

– Оятып жібердім бе, құлыным? Есікті аша алмай қара терге түстім. Былай да бұрадым, былай да бұрадым. Құлып бұзылып қалған ба, білмеймін.

Елжас есікті оп-оңай ашты; құлыптың орта тұсына орналасқан шегенің басындай ғана темірді оңға тартып, кілтті қиналмай бұрады.

– О, тоба! – деді шал күліп. – Менің ақылым осыған да жетпеді ғой. Айналайын сенен.

Ішке үлкен табақ көтерген көрші кемпір кірді. Табақта не барын Қуат қария білген жоқ, аппақ орамалмен бүркеп жауып қойыпты.

– Кішкентай қыз қайда?

– Ұйықтап жатыр, – деді шал. Шегініп кемпірге жол берді. Қазақша мүлтіксіз сөйлейтін көккөз сары кемпір ас үйге қарай өтті.

– Балалардың қарны ашып қалған шығар. Ой, айналайын баласынан! – деп еміренген кемпір Елжасты бауырына тартып, құшақтап маңдайынан сүйді. – Өмір осындай, ол ешкімді аямайды. Осы жасыма дейін мен не көрмедім...

Кемпір кемсендегенмен көзі дымданбады, екі қолы қалтырап, басы қалтаңдады. Қуат қария оның нілге шайған аспан түстес көгілжім көзінен ештеденен қайтпайтын қайсарлықтың ұшқынын байқады. Осынау пәнидің қиянатын шамадан тыс көп көрген пенде жасып, жасқаншақтап тұрушы еді, ал мына кемпір азапқа пісіп, әбден ашынып алған адам сияқты болып көрінді шалға.

– Е-е-е, алла! – деп күрсінді Қуат.

– Таң атпай тұрып самса пісірдім. Шай қояйын.

– Рахмет көрші! Құдайдан қайтсын!..

– Е-е, – деді кемпір шаршаңқы үнмен. – Сол құдайдан өмір бойы жақсылық дәметтім. Азабы мен мазағынан басқа ештеңесін көрмедім. Оның маған деген пейілі тар тіпті.

– Олай деме, көрші, – деді шал. Іштей кемпірдің сөзіне қосылып, құптап отырғанмен күдіреті күшті құдайдың атына ғайбат сөз айтуға батылы бармады. Әнгімесін әрі қарай кемпір де өрбіткен жоқ, дастархан жасап, табақтың бетіне жапқан аппак орамалды алды. Тандырға жапқан күлшеге ұқсайтын, беті оттың табына күйіп күреніткен самсаға шал секеммен көз тастады.

– Көрші, мынауың нан ба? – деп сұрады шал көңілін күпті еткен күдігін ашық айта алмай.

– Самса ғой, – деді кемпір оған бұрылып. Шалдың тіксініп қалғанын бірден сезді ме, мырс күлді. – Әй, казекем-ай! Асым адал, қария. Жиырма жыл өзің сияқты қара қазақтың қатыны болдым. Екі бала тауып бердім.

– Е-е-е, – деді шал қозғалақтап. – Өзіміз екенсің ғой, бәйбіше.

– “Жаксының жаттығы жоқ” деуші еді күйеуім.

– Ә-ә, – деді Қуат қария дауысын барынша созып. – Иманды болсын, марқұм. Құдайдың разымы түсіп, пайғамбарлардың шапағаты тисін әрдайым. Әумин!.. – Бетін сипап, ырым жасады. – Шалың қашан тастап кетіп еді?

– Ол кеткелі де біраз жыл болып қалде-е, – деді кемпір мұнайып. – Соғыстан зағип болып келген. Соқыр қазақты жиырма жыл жетектеп жүрдім.

– Қазағыма еңбегің сінген-ақ екен-ау, бәйбіше. Енді қазақтан тапқан балаларың ұшпаққа алып шықсын сені.

Кемпір оның сөзін құптағандай бас шұлғып отырғанмен қабағына түскен көленке кетпеді. Розаның көңілінде күйініш барын сезгенмен қазбалап сұрауға Қуат қарияның құлқы

соқпады. “Балаларынан опа көрмеген бейбак болмаса қайтсін” деп ойлады.

Үшеуі үн-түнсіз отырып шай ішті. Самса дегені арасына ет, пияз, капуста салып пісірген таба нан екен. Тандыр күлше сияқты қытырлақ, қатты емес, ауызға салса езіліп, тіл үйіріп тұр. Елжастың қарны ашып қалыпты, самсаның жартысына жуығын жалғыз өзі жайғады. Самса шалға да ұнады. Пісірген тағамының тәтті, дәмді болғанын көріп кемпір мәз.

– Көрші,— деді шал шай ішіліп болған соң үлкен әңгімеге кірісетіндей сынай танытып. — Сенен бір сыр білейін деп едім.

– Білсем айтайын.

– Осы үйде жүретін Хадиша дейтін қыз бар еді ғой.

– Иә, білемін.

– Сол бала өткен жол келгенімде...

– Е-е, құдай-ай, қазіргі қыздардың екікабат екенін туғанда бір-ақ білетін болдық қой,— деп күлді кемпір шалдың сұрамақ болғанын емеурінінен танып.

– Ол бала өзі былай... Тұрмыс құрған шығар, ә?..

– Ондайын білмейміз,— деп күрсінді кемпір. — Осы күні байсыз бала табатындар көп қой әдірем қалсын!.. Еркектер тасжүрек болып кеткен шетінен. Ауылдан келген анқау қыздарды алдап, қақпанына түсіреді де, иттің ғана балалары-ай, жылатып тастап кетеді. Баратын жері жоқ. Ал ата-аналары жаманатынан шошып, басын алып қашады. Амалы құрыған сорлы қыз сәбиін шырылдатып перзентханаға тастап кетеді. Е-е, несін айта берейін-ай. Талайының соры қайнады ғой.

– Сұмдық екен! Туған баласын тастап кетеді деген сұмдықты кім естіген. — Шал өзінен өзі мазасызданып, тыпырлап тыныш отыра алмай қойды. — Сорлы бала-ай! Хадишаның да баратын жері жоқ-ау, сірә. Ай-й, атаңның көрі-ай! Күнәсіз періштенің көз жасына қалған қай нәлет екен?! Ит-ай!..

– Е-е-е, кім дерің бар ма, кария. Нәрестенің обал-сауабына қарамайды қазіргілер. Көшеде кішкентай шарана шырылдап жатса, қайырылып келіп, қолына алар ма екен солар.

– Әй-й, атаңның көрі!.. Атам қазақта жоқ дерт қой бұл. — Жылайтын адамдай иегі кемсендеп, екі қолы қалтырай бастады. Екі көрінің әңгімесіне құлақ түріп, мұнайып отырған немересін қапсыра құшақтап, мейірі қанбай шашынан иіскеді. — Құлыным, сендерсіз мына дүниенің сәні не, мәні не? — деп Елжастың желкесінен сүйді. — Хадишаны бөлністен шығарып алатын адам да жоқ шығар әуелі. Ой, сорлы бала-ай! — Қорбандап орнынан тұрған шал қалтасына қолын салып жіберіп, беторамалға оралған

зат шығарды. Онысын бәтінкенің бауымен айқыш-ұйқыш орап, шандып байлап тастапты. Түйінін шешіп, орауын жазды да, кемпірдің алдына жүз сом ақша тастады. — Нәрестенің киім-кешегін алып, Хадишаны шығарып ал,— деді қария көңілі енді орнына түскендей жайғасып отырып жатып. — Ғали көрші келсе Алдекеңе кіріп шығып, балаға барайын. Кешке ауылға жүреміз. Мәйітті көп жатқызып қорлауға болмайды. Ел-жұрт күтіп отыр.

— Е-е-е,— деп күрсінді кемпір орнынан созалаңдай тұрып. Көмейіне келген сөзін бұл жолы да іркіп қалды. — Хадишаны бүгін шығарып алу керек шығар.

Ғали Қуат қарияны Министрлер Кеңесіне қарайтын орталық ауруханаға алып келді. Мемлекеттік қауіпсіздік комитетіндегідей бүгежектеп, мінгірлеп тұрған жоқ, халат беретін кемпір күнкілдей бастап еді, бастырмалатып, аузын аштырмады. Екі халат алып, бірін шалға беріп, екіншісін өзі жамылып, үшінші қабатқа көтерілді.

Қуат қария сақал-шашы өсіп, аппак болып ағарып, қимыл қыбырсыз жатқан Алдияр Ақпанұлын әдепкіде танымады. Қу сүйегі қалған, жанарында жылт еткен сәуле жоқ шал өзі білетін Алдиярға мүлде ұқсамайтындай болып көрінді. Алдияр Ақпанұлы келген екеуге ілтипат білдіріп, жымыып күлді.

“Құдай-ау, мына шынымен-ақ Алдекең бе?” деп өз көзіне сене алмай тосылып қалған Қуат:

— Қайран Алдекем-ай! — деп қимылсыз жатқан профессорға ұмтылды. Оның былқ-сылқ еткен жансыз қолын ұстаған, тастай екен. Қуат қарияның жүрегі тіксініп қалды. Еңкейіп Алдиярдың мандайынан сүйді. Жымыып күлгені болмаса, Алдекең ләм деп жақ ашпады, екі көзі жаудырап, қимылсыз жатыр. Ойында ештеңе жоқ Қуат қария даңғырлап сөйлеп, ара-арасында сұрақ беріп қояды.

— Алдеке-ай, құдай бір айналдырса шыр айналдыралы деуші еді. Мен тасмандайды қасірет ерттеп мініп алды ғой, несін айта берейін. Келінім. Әсемімнен айырылып, сорлап қалдым ғой. Алдеке-ау,— деп шал көз жасын сығып-сығып алды. Манадан бері жымыып күліп, жайбарақат жатқан Алдиярдың танауы қусырылып, қабағы шытылды, сонан соң иегі кемсендеп, көз шарасы жасқа толды.

— Бір аяғым жер, бір аяғым көрде тұрғанда басыма тағдырдың таяғы тиіп, сорым қайнады менің, Алдеке. Шиеттей үш баласын сағатын санап, “шықпа жаным, шықпалап” отырған өлмелі кемпір мен шалға тастап кетті ол. — Алдиярдың жағдайын көріп, көңілі құлазып, күйзеліп жүрген Қуат өзін-өзі ұстай алмай көз жасына

ерік берді. Анда-санда мұрнын қорқ-қорқ еткізіп тартып қояды.
— Жалғыз ұлдың жағдайы анау...

Алдияр қабақ шытып, көзін жұмып алды. Екі көзінен атып-атып шыққан тамшылар екі құлағына қарай құлдилады.

— Сенген адамым жалғыз сіз едіңіз, Алдеке-ау. Тірідей өлдім ғой мен тасмандай. Тірі боп жерде, өлі боп көрде жоқпын,— деп сұңқылдаған Қуаттың айтқаны жанды жеріне тиді ме, Алдияр басын әрі-бері күшпен қозғап, өксіді-ай келіп. Оның көз жасын құрғатып, қосыла жылап, сұңқылдап отырған Қуатқа көрші төсектегі қасқа бас кісі ренжи сөйледі.

Ауру адамды сонша қинағаныңыз не?! Ол кісі мүлде сөйлей алмайды. Көне, тезірек кетіңдер!— деп дауыс көтеріп, ашу шақырды.

— Қайран Алдекем-ай! Асыл текті бекзатым-ау! Төрт аяқтап бірдей ақсаған тұлпарым-ай!— деп Алдиярды құшақтап егілген Қуат кенет басын көтеріп алып, профессорға күле қарады. Қалтасынан көлдей орамалын алып, оның көзін құрғатты. — Халишаныз босанып, ұл тапты!

Көз шарасы жасқа толған Алдияр кинала езу тартты. Осы кезде медбике келіп, рұқсатсыз кірген екеуге реніш білдірді.

— Қош, ғұламам, қош! Тағдыр бізді тағы да табысуға жазсын. Қош, асыл адам! — деді кетіп бара жатқан Қуат ышқына дауыстап. Бір ауыз сөзге зар болып жатқан Алдияр Ақпанұлы көңілінде сайрап тұрған асыл сөздерін айта алмай жылап қалды.

Мемлекеттік қауіпсіздік комитетіне жеткенше Қуат қария өксігін баса алмай, Алдиярдың атын сан қайталап, оның жасаған жақсылықтарын айтып, сөйлеп келді. Көршісінің жағдайын Қуаттан жақсы білетін Ғали сөзге араласқан жоқ, тілден қалған ардақты адамды көріп, көңілі бұзылған жігіт Алдекеннің талқаны таусылуға айналғанын сезді. Тамағына тас тығылғандай іздеп шыққан бекеттеріне маңдай тірегенше ауыз ашпады. Қауіпсіздік комитетінің емен есігінің тұтқасынан ұстап тұрып:

— Әй, өмір-ай! — деп терең күрсінді де, шалды алдына салып, ішке кірді. Бүгін де сақшыдан әрі өте алмай тоқтады. Ол әлдеқайда телефон соғып, әлдекіммен сөйлескеннен кейін:

— Тоса тұрыңыздар,— деді. Көп ұзамай үсті-басы мұнтаздай шашын бір шекесінен жарып, жылмитып тараған, жерді ойып жібере жаздап нығыз басып жүретін, ұзын бойлы қазақ жігіті келіп, Қуат пен Ғалиды ертіп, екінші қабатқа көтерілді. Шағындау бөлмеге алып кіріп, мәселенің байыбына барған соң әлдекімге қонырау шалып, жағдайды баяндады. Сонан кейін екеуін басқа адамға алып барды. Бейтаныс келген екеудің шаруасын тағы

да қайталап сұрап, алдында жатқан калың дәптерге жазып қойды.

– Сіздер күте тұрыңыздар. Мен басшылармен сөйлесіп көрейін,— деп орнынан тұрды.

– Құлдығың болайын, карағым!.. Көмектесе гөр, казактың баласы екенсің,— деп жыламсырады шал оған жалбарына қарап. — Жарын өз қолымен жерлесін. Үш күннен кейін өзім жетелеп әкеліп берейін. Басшылармен ақылдасайық, ақсақал,— деді шашын қыскалап қырықтырып кірпінің жотасындай тікірейтіп қойған шикі сары жігіт.

– Басшыңа мені ерте бар, карағым. “Бет көрсе жүз ұялады” деген. Кеңес үкіметіне сіңірген азды-көпті енбегім бар. Елу жылдан бері көмөнест партиясының мүшесімін.

– Ақылдасып көрейік, ақсақал.

– Біздің жағдайымызды түсін, карағым. Келінімнің мәйітін алысқа, ауылға алып кетуге келдім,— деді шал дауысы дірілдеп.

– Бір сағаттан кейін жауабын береміз,— деп кірпікбас шикі сары бөлмесінен шықты. Қуат пен Ғалиды ұзын жігіт өз бөлмесіне алып келіп, үн-түнсіз өз шаруасына кірісті. Көп ұзаған жоқ, телефон шырылдады.

– Иә, иә... Да... Түсіндім.

Осы тәрізді қысқа-қысқа сөздерден кейін трубка орнына қойып шалға бұрылды. Аяғанымды шығарып аламын деп дәмеленіп отырған Қуат қарияның жүрегі бір кесірді сезіп, сыздап ауыра бастады.

– Ақсақал, ұлыңыздың тергеуі әлі бітпепті. Тергеуші іссапарға кеткен. Оны ең үлкен бастықтың рұқсатынсыз ешкім де босата алмайды.

Іші әлем-жәлем өртеніп, не істерін білмей отырған шалдың тілі икемге келмей қойды. Бар болғаны:

– Әй, шырағым, олар да өледі ғой бір күні,— деді. Қалшыып, басын көтермей тұрған жігіт ауыз аша алмады. Мәселенің дәл осылай шешілгеніне шын киналғандай сынайы бар. — Нәлет! Н-ә-ә-л-е-ет!..

Ашулы шал бар даусымен айқайлап жіберді, жігіттің бетіне қызыл бояу жайылды. Ол қалтасынан беторамалын алып, жіпсіген мандайын сүртті.

– Сенің нәлет жауғыр кенералың да менің асыл келінім Әсемдей анадан туған шығар. Анасы өлсе бір уыс топырақ салуға да бармас ондай нәлет. Аруактан қорықпаған имансыздар!..

– Ақсақал, сабыр етіңіз,— деп Ғали ашулы шалды қолтықтан шығар есікке беттеді. Қалшыып, жүзі нарттай қызарып тұрған

жігіт аяндап екеуінің сонына ілесті. Шығар есікке келгенде ол шалды құшақтап:

— Қария, қайғыңызға ортақпыз. Келінініздің жаны жәннәтта болсын,— деді кинала сөйлеп. — Буынсыз жерге пышақ ұрып, бізді кинамаңыз. Мен кішкентай адаммын.

— Құдайдан да қорықпадындар-ау, қарағым-ай! — деді шал әлсіз үнмен. Жігіт әлдекім жүрегіне біз тығып алғандай ауырсына кабак шытып, үн-түнсіз состиып тұрып қалды.

Амалы таусылған шалдың есіне киналған шақта Қуандық Сәруаров түсті. Өлгені тірілгендей қуанған Қуат қария телефон соққан. Ол жігіт қызметі төмендеп, бір қиырдағы облысқа ауысып кетіпті. Сеніп жүрген жалғыз адамы туралы алған хабары шалға ауыр тиді. Мынау жарық дүниеде арқа сүйер, қол ұшын берер жанашыр пенде қалмағандай жанын мұң баурады. Егіліп тұрып жалғызын жаратқанға аманаттады.

Күн бесіннен ауғанда жарық дүниенің жақсылықтарынан күдерін үзіп, титықтап шаршаған шал келінінің мәйітін совхоздың салдырлақ машинасына салып, екі немересін алып, бір қиырдағы ауылына тартып кетті. Жолға шығарда егіліп тұрып қол ұшын берген көрші-қолаңға алғысын айтты. Қиналғанда немерелеріне камқор болған Хадишаға мың қайтара сәлем жолдады.

Күні кеше бір елдің мақтанышына айналған азаматқа жайлы қоныс болған пәтер тағы да қанырап бос қалды...

35

Қар еріп, жер дегдігеннен кейін көп уақыт бойы дым тамбай Жер-Ананың көні кеуіп, шаң көтерілді. Көше шаң, сыртқа шыкса кенсірігін газдың иісі қытықтап, түшкіріп мазасы кетеді. Ағаш біткен бүрленіп, көк қылтиғалы біраз болған, жаңбыр жауса бой көтере алмай булыққан өсімдік атаулы дүр ете түскелі тұр. Жаңбыр жауып, ағаш жапырақ жайып, жер көгерсе ел-жұрттың тынысы кеңіп, еңсесі көтерілер еді.

Биылғы көктем бұрынғыларға мүлде ұқсамайды, толықситын уақыты келгенмен асығатын түрі жоқ, аспанды қорғасын түстес бұлт торлап, бірнеше күн бойы қара жерге жылт еткен сәуле тамбайды. Табиғат пен адамзаттың ұқсастығы көп, пенде атаулының көңіл-күйі қазіргі ауа райы секілді, қабақтары тұнжырап, оңайшылықпен ашыла қоймайды. Бұрын көктем шығып, күн жылынысымен табиғат та, адамдар да жанарып, жасарып құлпырып кететіндей болып көрінетін. Әсіресе аршылған жұмыртқадай болып, сыланып шыға келетін қыздар

көшенің сәнін келтіріп, караған көзді қуанышқа кенелтіп, бұлғақтап кетіп бара жатқанда көңілі ғажайып сезімге толатын. “Маған да талай адам карап тұр-ау” деген ой оның мұнға күпті жүрегін жылытып, санасын тілмен айтып жеткізе алмастай рахат сезімге бөлейтін. Күні бойы ауыр жұмыстан титықтап шаршап келгеніне карамай барын киіп, құрбыларымен бірге театрға баратын. Көктемнің ерекше бір иісі, көңілді күлкіге толтырып, желік берер сикырлы қасиеті болушы еді. Сол сикырлы күш қалжырап шаршап келген қыздарды жұлып алып, сыртқа, көктемге сүйрейтін. Ішпей мас, жемей тоқ өзін таңғажайып оқиғалар күтіп тұрғандай күйге түсіп, мойнына мініп алып, екі өкпеге тепкілеп, бір сәт тыным бермейтін саңырау қайғынын тұтқынынан біржола босанып шыққандай шаттанушы еді. Жүрегінде аузы бітпес жарасы көп бола тұра нағыз бақытты жандай сезінетін.

Сол шақта ол шынында да бақытты еді. Көрмеген көп қылығы алдында болатын. Сүзіліп қарайтын толып жатқан бозөкпе бозбалаларға көз қырын да салмай, кеудесін шалқак ұстап өтіп бара жатқан Хадишаның мерейі үстем еді. Жолыққанда жорта жарамсақтанып, мүләйімси қалатын жігіттерді менсінбей жоғарыдан қарайтын, талай-талай менменсіген “мықтынын” кеудесіне сезім өртін қамаған арудың абайламай от басып, бетін күйдіріп алып, сыртқа шығуға жүзі шыдамай, отбасында омалып отырысы мынау.

Ол мүлде басқа уақыт еді. Қыздардың қосылып күлуіне, жиылып той-томалақ, бастанғы жасай салуына түкке тұрмайтын мінайы сылтау себеп бола салатын. Күлкіге, қуанышқа себеп табыла беретін. Ал қазір Хадишаның көңіл-күйі, қас-қабағына карап бүкіл дүние өзгере салған сияқты. Тіпті табиғаттың өзі де қуанышын жұртынан жасырып, некесі қиылмай жесірліктің ашы дәмін татқан келіншектің қабағын андып отырғандай.

Хадиша бірнеше күннен бері қабағы ашылмай тұнжырап тұрған аспанды шолды, қорғасын түстес бұлттың әр-әр жері жұртылып, сол саңылаудан көгілжім аспанның мұңлы көзі жылтырайды. Аспан бұлтты болғанмен күн ыстық, ауа қапырық, газға былғанған шаң жоғары көтеріліп алып, қаланың үстін тұтып қалған сияқты.

Хадишаның есіне бір қиырда қалған туған ауылы түсті. Әлі ұмыта қойған жоқ, ядролық сынақтар өткен күндері жерден шаң көтеріліп, күннің көзін перделейтін. Кенет оның жүрегін үрей қауып, тұла бойы түршікті. Аспанға қарады, қорғасын түстес бұлт дегені газға араласқан шаң сияқты.

“Шіркін-ай, төгіп-төгіп жаңбыр жаусашы. Жер-дүние бір тазарып қалар еді-ау” деп қиялдады Хадиша. Жаңбыр жауып, ауа тазарса Асылханын далаға, кең дүниеге алып шығып, армансыз қылдырар еді. Перзентханадан шыққалы бері он бес күн болды, әлі үйде отыр. Нан, майын, сүтін Роза апасы тасып беріп жүр. Бұл бейшара тіпті бала шомылдыруды да білмейді екен, оншақты күннің аралығында Роза апасынан көп нәрсе үйренді.

Құрылыста бірге жұмыс істеген құрбылары кезек-кезек келіп, қонып кетіп жүр. Кісінің үйі болған соң ба олар именіп келіп, емін-еркін отыра алмай асығыс кетеді. Құрбылары келгенде жаны жадырап, бір жасап қалады. Жалғыз қалғанда ойына қай-қайдағылар түсіп, үйге сыймай тыпырлаған Хадиша Роза апасының пәтеріне тығылады. Кейде бір көрші бөлмеден Әсем шыға келетіндей селк ете түседі, сонан кейін-ақ өне бойын діріл билейді де, көпке дейін өзіне-өзі келе алмай дегбірі қашады. Әсемнің дәл сол күні, өзін жедел жәрдем ала жөнелген сәтте үзіліп кеткеніне осы уақытқа дейін көңіл құрғыр сенбейді.

Жаксы адамдардың ерте кететіні несі екен?! Өз анасы да өмірдің рахатын көрмей тым ерте үзілді. Анасыз өмірдің қандай боларын көрді, бірде ток, бірде аш, әр сәт сайын жасқаншақтап, жасып жүріп ержетті. Есейіп, ел қатарына қосылдым дегенмен сол жасық мінез әр кезде алдынан кесекөлденен шығып, жасқаумен келеді. Сөйлейтін жерде сөйлей алмай, айтатын тұста тілі тұсалып, екі көзі мөлтендеп, мөлііп тұрғаны. Кім біледі, Алмас бұдан жетім болғаны үшін қашқан шығар. Басынғаны да сондықтан шығар. Іздеушісі, арқа сүйері болса бейкүнә қызды тағдырдың тәлкегіне тастап, қашып кетер ме еді.

Хадиша көзінің алдына мөлт етіп шыға келген тамшыны бөбек саусағымен қағып тастап, ақырын ғана күрсінді. Есіне Елжас, Олжас, Бибі түсті. Үшеуін ойлап, көңілі жабырқалды. Әбден бауыр басып қалғандікі ме, әжептәуір сағыныпты. Бибі болса кішкентай Асылханның жанынан шықпай, иіскеп жүріп, рахатқа батып қалар еді. Төртеуі бір үйдің балаларындай жетектесіп жүріп бірге өссе...

Хадишаның екі беті ду ете түсті. Ой-ниетін әлдекім біліп қойғандай, аяқ астынан сап ете қалған тосын қиялға қалай еріп кеткенін түсіне алмай мықтап қысылды. Қанша бұлқынса да тосын келген ойдың тегеурінді құшағынан сытылып шыға алмай жаны дызыққан келіншек көрші бөлмеден Әсем шығып келе жатқандай шошынды. Оянып кетіп інгәлап жылаған сәбиін көтеріп алып, құшағына қысқан: анасының дүрс-дүрс сокқан жүрегінің дүрсіліне елтігендей сәби тым-тырыс тынды. Хадиша

сол күйі кимыл-қозғалыссыз ұзақ тұрды, қорқынышы сейілгенмен манағы бір өзәзіл ой жүрегіне салмақ салып, санасына сініп қалғысы келгендей шабуылдаудан шаршайтын емес. Келіншекте қарсыласар күш қайда, сол ойдын жетегіне еріксіз ерді. Ата-анасыз қалған үш мұнлықты, әсіресе Бибіні жүрегі езіле аяп, көзіне жас үйірілді. Шал-кемпірдің жағдайы белгілі. Олардың өздеріне күтуші керек. Аяғанның қашан ақталып шығары бір аллаға аян.

Әсем марқұм денсаулығының нашарлығына қарамай Аяған жатқан түрмеге жиі баратын. Бірақ көмек қолын созатын қайырымды адам табылмай, үміті үзіліп қайтып келетін. Өмірінің соңында тым мазасыз болып кетіп еді марқұм. Алыс жолға дайындалғандай бала-шағасының, өзінің киім-кешегін жуып, үтіктеп, оларды екі чемоданға рет-ретімен салып жатқанын көріп, “бұл кісі қайда жиналып жүр екен” деп таң қалған. Бір шаңырақтың астында тұрып Әсемнің сырын білмепті, ол кісі де әңгімесін айтпапты. Кім біледі, бәлкім, айтуға үлгермеген шығар. Адам шіркін қал үстінде жатса да оп-онай өле саламын деп ойлай ма?! Егер жүрегі бір қауіпті сезсе бала-шағасын Хадишаға аманаттап, Аяғанға деген сөзін жазып қалдырар еді.

“Аяған оның қаза болғанын біле ме, жоқ па?” Осы бір сұрақ Хадишаның көкейінен кетпей қойды. Көрші тұратын Ғали ағасынан естігені — Қуат қария екі күн барып, Аяғанды босатып ала алмапты. Әйелі қаза болып жатса ауыр қылмысы жоқ адамды бір-екі күнге неге босатпайды? Осыған Хадишаның ақылы жетпей қойды.

Аяғанға жанашыр болар ешкім қалмады. Алдияр Ақпанұлының жағдайы белгілі. Ол кісі де жетім, іздеушісі, жанашыры жоқ. Шәкірттерінің бәрі күні үшін Мұса Байларовқа жалпандайды, соның шашбауын көтереді. Ал жалғыз ұлы әкелі ойлайтын қалде емес. Екі көзі төрт болып, жанашыр жақындарын күтетін Алдияр ақсақалды өзінен басқа ешкімнің іздемейтінін Хадишаның іші сезеді. Көп жыл құдайы көрші болған адамдар да көңілін сұрап барып жатпаған тәрізді. Ғалидың айтқаны рас болса, Алдияр Ақпанұлының беті енді бері қарамайтын сияқты.

Осындай қиын сәтте барлық салмақты көтерер азамат жігіт болса ғой. Асылхан!.. Асыл азаматтың ғұмыры ерте үзілді ғой әттен... Оның аты өшпесін деп сәбиіне аяулы азаматтың есімін қойды.

Ол тірі жүрсе қол қусырып қарап отырмай, Аяғанды босатып алу үшін әрекет жасар еді. Оның көзі жұмылған соң басқалар

“тұрымтай тұсымен, балапан басымен” дегендей кара басынын камын күйттеп, бет-бетімен бытырап кетті. Басканы қойшы, Аяғанның туған інісіндей болып жүретін Алмаска не көрінген?

Осы бір шешімін таптырмастай шиесі көп сұрақ әр сөт сайын Хадишаның миын мүжиді. Жігітті ойласа көмейіне өксік тығылады, көзі боталап, ұзын-ұзын кірпіктері жаска шыланады. Артынша жанын өжет намыс қамшылап, қайсарлана түседі.

— Аяған ағадан садақа кетсін ол,— деп күбірледі Хадиша. Аузын ашып, іңгөлап жылай бастаған сәбиін құшыры қанбай иіскеледі. — Қарнын ашып қалыпты ғой, балапаным-ау. Жарық күнім менін!

Хадиша баласын емізіп отырғанда себелеп жаңбыр жауа бастады. Талай уақыттан бері дым тамбай қаңсып, шаңғытып жатқан жерден бұрк-бұрк шаң көтерілді де биікке шығандап шыға алмай жер бауырлай қозғалып барып біржола тұншықты. Келіншек терезенің көзін ашты, бөлмеге жаңбырдың лебімен бірге көктемнің иісі лап қойды.

— Көктем келді, шыбыным! — деп қуана дауыстап, сәбиін емірене иіскеді. — Қыс түскенше сен жігіт боласың. Бақшаға барасын. Сәбилер бақшасы біздің жатақхананың жанында. Қыздар саған бесік арба сатып әперетін болды. Немене, ұйқың келді ме? Ұйықтай ғой, жарық күнім...

Хадиша бүгін бірінші рет сәбиін ән салып жүріп ұйықтатты. Асылханды жатқызғаннан кейін терезе алдына келіп, сыртқа көз салды. Себелеп жауған жаңбыр толастап, аспан шайдай ашылыпты, бұлттың құшағынан сытылып шыққан күннің жүзі жарқын, мейір-шапағатын аямай төгіп тұр. Терезенің түбіндегі көк шөбі енді қылтиып келе жатқан аланқай қыста сойған малдың терісі сияқты бусанып терлеп, буы бұркырап жатыр.

Бүгін Алдияр атасына баруы керек. Ол кісінің сүйікті тамағы — кеспе көже. Хадиша ас үйге келіп, тамақ әзірлеуге кірісті.

Сағат төртте сәбиін Роза апасына аманаттап, оны-мұнысын көтеріп, Алдияр Ақпанұлы жатқан ауруханаға тартты. Хадиша келгенде профессор ежелгі әдетімен екі көзін шарт жұмып, ұйықтаған адам сияқты болып жатқан. Жанына адам келгенін сезген жоқ.

Ұяттан екі беті өртеніп тұрған Хадишаның аруақтай арып, құр сұлдері қалған шалдың Алдияр атасы екеніне сене алмай тосылып қалған жайы бар. Сақалы өсіп, алқымына түскен, ауруханаға жатқалы мұртын бастырмаған тәрізді. Екі жағы пышак жанығандай, ұрты суалғандікі ме, бет сүйегі шодырайып көзге оғаш көрінеді екен. Еті қашқандықтан ба, екі көзі ары түсіп

кеткен тәрізді, мойын мен беттің терісі ішіндегісін босатып алған қарын тәрізді салқылдап бос қалыпты. Анда-санда жұтқыншағы қалтқы сияқты батып кетіп, қайта шығады. Аракідік сонау бір тереңнен сырылдаған қорқынышты үн еміс-еміс естіліп қалады.

— Алдеке, адам келіп тұр,— деп дауыстады көршісі. Профессор көзін ашып алып, Хадишаға ұзақ қарады, танымағандай сынаи танытты.

— Мен Хадишамын ғой, ата,— деп дауыстады ол екі беті дуылдап. Алдияр оны енді танып, жүзі жылыды. Жымиып күліп, ернін шошайтып “сүйемін” дегендей белгі берді. Хадиша еңкейіп шалды құшақтады, ол ақырын ғана сүйді. Профессордың мүлде әлсіреп қалғанын келіншек сүйісінен сезді. Көзіне көзі түсіп еді, жаны шошыды. Алдияр Ақпанұлының көзі өшуге айналған шырақтай өлеусіреп қалыпты.

— Қал-жағдайыңызды білейін деп келдім, ата,— Профессор рахмет дегендей көзін жұмып, басын ақырын ғана изеп қойды. Ернін жыбырлатып, әлдене деді. Дауысы мүлде естілмейді екен. — Өзіңіз жақсы көретін кеспе көже жасап алып келдім.

Шалдың басын көтеріп, жарты кесе кеспе көжені қинап отырып әрең ішкізді. Хадишаның білгені — шалдың қолынан жан кетіп қалған сияқты. Жана туған сәби тәрізді мойнын ұзақ ұстап отыра алмайды екен. Өзіне жаудырай қарап, жымиып күліп жатқан шалды жүрегі езіле аяп кетті, алқымына жас тығылды. Ерні дірілдеп, иегі кемсендеп сәл ғана шыдап отырды да, егіліп жылап, Алдиярды құшақтай алды.

— Қой шырағым, сырқат адамның жанын қинама,— деп зілденді көрші төсектегі қалтанбас шал. Хадиша көз жасын әрен тияп. Алдиярға күле қарады.

— Сізді сағындым, ата. Бибіңіз де өлердей сағынып жүрген шығар,— деді. Жымиып күліп жатқан профессордың көз шарасы жасқа толып қалыпты. — Кішкентайлы болдым, ата. Сәбидің атын Асылхан қойдым. — Шал қуана жымиып, басын тағы да бір рет изеп қойды. Ерні жыбырлады. — Рахмет, ата! Бала сіздікі. Барлығымыз да сіздің балаңызбыз. Мен келіп тұрамын. Кішкентайым шираған соң Аяған ағаны босатып алу үшін қуынамын. Сіз тезірек жазылып шығып, маған жөн айтыңыз, жол көрсетіңіз. Сіздің ақылыңызбен аспандағы айды жерге түсіруге болады, ата. Сіз бізге баршамызға керексіз.

Алдияр Ақпанұлы үнсіз егіліп жылап жатты. Хадиша профессорға қосылып жылап отырғанын сезген жоқ.

Екі студенттің оқудан шығарылуы осыншалық дүрлігіс тудырады деп ойласа неғылсын. Аяғанды қорғап, деканның дегеніне көнбей кербаққан екеуін жазалау арқылы басқаларын қорқытып алса, олардың қыңқ етпей айдағанына жүретіндігіне еш күмөні жоқ еді. Бірақ оңбай кателесті. Дүниетанымы, көзқарасы, тәрбиесі ол мүлде қарама-қайшы жанаша ойлап, өмір сүруге талпынатын жаңа толқынның өсіп жетілгенін, оларды қорқытып, үркіту арқылы басқаруға болмайтындығын жаны мен тәні кешегі күннің қойыртпағынан жасалған Жақия қанша зерделесе де бәрібір ұқпас еді. Әншейінде әдісқой, күліп жүріп талай шаруаны тындыра беретін Жақия ашуға еремін деп студенттерді ашындырып алғанын кейін түсініп, бармағын шайнады. Үшінші курс студенттерінің бұл дүрбелені деканаттан асып, институт партия ұйымына, одан ары ректорға жетті, аудандық комсомол, партия ұйымдары құлақтанды. Жан сақтау үшін жаланы басқаға аударып, жалт бұрылмасқа Жақияның амалы қалмап еді. Ол анау бір күні алдына келіп, кінәсіз күйген курстастарының жыртысын жыртқан үшеуді шақырып алып, болған жағдайды тәптіштеді.

– Мен алданып қалдым. Арамызға әзәзіл түсті, жігіттер,— деп қиналды Жақия. — Кінә менен. Біреудің сөзіне сеніп қалдым. Олар мені айналып өтіп, бірден ректорға шығыпты.

– Ол кім?

– Неге жасырасыз?

– Атап айтыңыз,— деп үшеуі тақымдай түсті. Жақия біраз уақыт қатты қиналған адамның ыңғайын танытты, қабағы кабарып, үн-түнсіз отырды.

– Кім екенін өздерін де білесіндер. Жау алыстан келген жоқ.

– Ол кім?

– Кім болушы еді, Алмас шығар.

– Оның өзін қуу керек. Бізді әбден шатастырып болды әкри...

– Аяған Қуатовты қорғау керек деп ұран тастаған сол. Бізге арыз жаздырып, артынша өзі жалт бұрылып кетті ол сүмелек.

– У-у-һ,— оңбаған? Өзі жақсы атты көрінбек болған шығар.

– Аяған Қуатовтың саяси қылмыскер екенін ол білген,— деді Жақия жайбарақат қана. Көзінің астымен үшеуінің жүзіндегі өзгеріс нышанын қалт жібермей қадағалап отыр. — Былғанбаймын деп бұғып қалды.

– Аяған Қуатовтың кінәсі жоқ.

– Біз қайдан білейік. КГБ-ның түрмесінде жатыр ғой көптен

бері. — Жақия иығын кушитып, жымып күлді. — Өз басым Кенес үкіметіне имандай сенемін, жігіттер.

— Бізді сенбейді деп отырсыз ба, ағай,— деп күлді Қайрат есімді жігіт.

— Аяғанға бөрімізден гөрі Алмас жақын. Сөйте тұра жемеземге келгенде ол басын алып қашты. Неге? Себебі — ол ағасының барлық құпиясын біледі.

— Ой, ағай, бұғып қалу, кара басының камы үшін караулық жасай салу оның әдеті.

— Біз екі досымыздың жағдайын білу үшін келдік,— делі манадан бері үнсіз отырған түрік ерін кара жігіт. — Аяған Қуатов туралы әркімнің өз пікірі бар.

— Аяғанда алты аласым, бес бересім жоқ,— деп күлді Жақия. — Мен сендерді сактандыру үшін айтып отырмын. Кенес үкіметінің құрығы ұзын. Сак жүріндер.

— Рахмет! Қаңтарбаев пен Елемесов институтка қайтып орала ма? — деп тақымдады түрік ерін жігіт. Жақия балық сияқты жылп етіп қолынан оп-оңай шығып кететіндей мазасызданып отыр. — Бізге осыны ашып айтыңыз.

— Болар іс болды. Ол екеуіне академиялық демалыс береміз,— деп жақауратты Жақия. — Келесі жылы үшінші курска қайтып келеді.

— Олардың қандай кінәсі бар? — деп кадалды түрік ерін. — Екеуі жаланың құрбаны болды.

— Жала жапқан мен емес.

— Оларды институтка қайтаруларыңызды сұраймыз...

— Жоқ, талап етеміз,— деп түзетті досын түрік ерін.

— Буынсыз жерге пышак ұрмандар, жігіттер.

— Ректорға барамыз. Қалалық, облыстық, тіпті орталық комсомол ұйымынан адам шақырып, жиналыс өткіземіз,— деп түрік ерін өңгіменің ашығына кетті.

— Ту-у, осы сендер... Өленді жерге от қойып жүресіндер. Сонша айқайлатып, дүйім елді дүрліктіретін шаруа емес қой бұл. Екеуімен өзім сөйлесемін. Бара беріндер,— деді Жақия жорта жымып.

— Оларды институтка қайтару туралы ректордың бұйрығы қашан шығады? — деп сұрады түрік ерін жігіт орнынан тұрып жатып. Декан оған қадала карап, суық жымыды. Оның көзінде “ертеңгі күнінді ойласаншы бейшара” деген мысқал тұрды.

Жігіт өзіне қадала караған деканнаң қаймықпады, тіпті кірпік какпады. “Қабағы қалың екен иттің баласының. Мұндайлар ештеңеден қайтпайды”, деп ойлады Жақия оған қолын ұсынып жатып.

– Мен бар болғаны деканмын. Ректор үшін жауап бере алмаймын, Камал шырағым.

– Сізге сенеміз ғой, ағай.

– Жүр кеттік, Камал!..

– Біздің талабымыз орындалмаса, алған бетімізден қайтпаймыз,— деді Камал деканның қолын қысып тұрып.

– Сау болыңыз, ағай!..

Ең сонынан шыққан Камал деканның есігін нығыздаңқырап жапты.

Мұрынбок! Көрерміз әлі,— деп кіжінді Жакия. Орнына келіп отырғанмен жаны жай таппады, қарап отырып ашуы қозды, жаңағылардың алдында төменшіктегеніне өлердей күйінді. Олардың шартына оп-онай келісе салғанына қапаланып, өзін-өзі жерден алып, жерге салды. Үш баланы алдап жіберуге айланып жетпегеніне ызаланды. Әрі-бері теңселіп жүріп темекі тартты. Ашуланғанда, көңілі құлазығанда темекі тістейтін әдеті. Бықсығал бәлекетті сорып-сорып, бұр бұрышка лақтырып жіберді де, табанымен таптап өшірді.

Әрі-бері теңселіп жүріп болған жағдайды ой елегінен өткізіп, қатесін, мүлт кеткен тұстарын іздеді. Бәрі дұрыс сияқты, егер “айтқаным айтқан” деп қасарысса ректор да, аудандық партия ұйымы да маңдайынан сипамас еді. Студенттердің тілін тапқан сияқты, енді басын иіп Мұса Байларовтың алдына барады. Басын алмас-ау. Тек ол кісінің өзіне деген көңіліне кірбің түспесе жарады. “Алдын ала неге дұрыстап ойластырмадың? Үнемі от алып жүргендей қимылдайсың” деп. Кінәсін мойындар, кешірім сұрар. Мұсаның тасы өрге домалап тұр. Ешкімнің тісі батпайды оған. “Үлкен кісіге жол тауыпты” деп естіген. Жұрт алыпқашпа әңгімелер айтып, Мұса Байларовты үлкен қызметтерге қойып, қопандатып жүр. Оның өскені жақсы, бар көңілімен тілектес. Ол үлкен жерге барса Жакияның да өрісі кеңір. “Мүсеке, ел-жұртыңыз сізді анау орынға апарып қойып жүр” деп барса әңгіменің ары қарай қалай өрбитінін іші біледі. Мұндай сөз Мұсаға ұнайды. Құр атқа мінгендей қопандап қуанып қалады бейшара. Артына қарамай көңілі аспанда. Сүйенгені мықты пенде артына қарап қайтсын. Сүйеніші болса өзі де көленкесінен үркіп, үрейленбей алшаң басып жүрер еді. Мұсадан басқа кімі бар? Соның тілеуін тілейді. Тезірек барып, Мүсекеннің алдынан өтуі керек, қалған мәселені ректордың қас-қабағына қарап айта жатар.

Жакияның есіне Алмас оралды. Шақырмаса жоламайды. Ол соңғы уақытта өзгеріп, қияли болып бара жатқан сияқты.

Мөлип жүргенмен іші қу. Қантарбаев пен Елемесовтың шаруасын басқаға тапсырып, кашып кеткені зәлімдік. Жыбырлап бүлдіріп жүріп жұрттың барлығына жақсы болып көрінуге тырысады. Анқаусып тұрып қолынан бірнәрсе келетін кісінің бәрін пайдаланады. Екі жел биге шықтым деп жүрген шығар. Қайда шыққанын омақаса құлап, омырткасын үзіп алғанда бір-ақ білер.

“Жок, оны сыртқа теппе,— деді Жақияның бір ойы. — Алдында талай-талай заман бар. Ондай адам саған керек болады. Жалғыздық құдайға ғана жарасқан, Жақия. Жалғыз жүріп жол таба алмайсың. Күшті болғын, көкірегінді кім көрінгенге таптатқың келмесе төңірегіне топ жина. Дұшпаның төңірегіндегілерден үркіп, саған маңайлай алмайды. Астында ешкімге тәуелді қылмайтын тағың болмаған соң бекер шалқайма, шалқаннан түсесін. Арқанды көпке сүйе. Мұсадай күштіге сүйен.

Жақия креслоға шалқайыңқырап отырып, көзін шала жұмып, сынарезулей күлді. Ой түкпірін ақтарып отырғанда алқын-жұлқын болып Алмас кіріп келді. Жүгіріп келген болу керек, терлеп кетіпті, алқынып тұр. Жақия оның түріне қарап келген себебін түсіне қойды.

— Жоғары шық, Алмасжан.

— Менің оқудан шыққан Елемесов пен Қантарбаевқа қатысым болған жоқ. Мен ештеңе білмеймін. Ал сіз... Ал сіз...

— Бұл өте дұрыс айтылған сөз. Көрдім деген көп сөз, Алмасжан. Шуылдақтардың қыжыртпасына құлақ қойма. — Жақия еңтігіп тұрған жігітті қолтықтап әкеліп отырғызды. — Олардікі қызғаныш. Сені көре алмайды.

— Маған тыныштық керек. Студсоветті басқа біреу алсын.

— Саған Мұса Байларов үлкен сенім артып еді,— деді декан шалқайыңқырап отырып. — Ұйымдастыру жұмысына қырын жоқ екен.

— Қырым жоқ қой, аға...

— Бір курстың студенттерін соңына ерте алмадың, бауырым. Ал біз сені болашақта ректор, тіпті министр болатын бала деп ойладық қой, Алмасжан.

Алмас ақырын ғана күрсінді. Жақия бұл жолы да ең осал жерінен қатты ұстап, тыпыр еткізбеді. Курстастары ортаға алып, ауыр сөздер айтып, тілдей бастағанда қалай кашып құтыларын білмей далбасалаған ол:

— Менің қатысым жоқ. Бұл жала! — деп ашына айқайлап, әңгіменің қайдан шыққанын сезіп, осылай қарай жүгіргенде Жақияның ит терісін басына қаптамақ ниетте еді. Енді міне,

жылан арбаған торғайдай моп-момакан болып отыр. Ет кызулықпен студсовет төрағалығынан бас тартқанына ішін ит тырнағандай киналды. Айтылған сөз – атылған оқ.

– Мұнда студсовет төрағалығынан босану үшін келдің бе, Алмасжан?

– Жо-жок, аға! – деді ол жұлып алғандай. Алмастан көз алмай отырған Жақия оны мазактағандай жымсиып күлді.

– Курстастарыңның көңілі орнына түсті ме?

– Білмеймін.

– Неге білмейсің? Біліп жүруге міндеттісің. Сен біздің көзімізсің, құлағымызсың. Түсіндің бе?

– Иә.

Жақияның сықсима шамдай сығырайып, кішірейе түскен көзіне мысқыл ұялады. Жымиғанның рәсімін жасағанмен екі езуі керілгені болмаса жүзі жылымады.

Безектей жөнелген телефон трубкасын құлағына тосты. Сығырайған көзін не істерін білмей абдырап тұрған Алмастан алған жоқ.

– Да,— деді креслоға шалқайып жатып. – Жақия Тайлақұлы тындап тұр. Сәлеметсіз... – Аяқ астынан өзгерді, алдымен көсіп жіберген аяғын жинап, тіктеліп отырды. Жүзіндегі менменсіген мекерлік әп-сәтте зым-зия жоғалып, екі көзі ойнақшып, алақтай бастады. – Өте жақсы! Өте жақсы! Рахмет сізге! Сіздерге көмектесуге әрқашан дайынбыз. Біз партияның солдаттарымыз. Иә, иә... Сол үшеуін ғана ма? Басқалар ше? Кешірініз, Қайдаров жолдас... Рахмет сізге!.. Кешірініз!.. Сағат он... Үшеуі барады. Сау болыңыз!..

Трубканы орнына қойған соң анырайып Алмасқа қарады. Сан рет көріп жүріп байқамапты, Жақия қыли екен. Оған бақшиып қарап тұра бергенді ыңғайсыз көріп, көзін тайдырып әкетті.

– Қызық ей осылар,— деді декан біраздан кейін ренішті үнмен. – Кішкентай шаруаны сонша уақытқа созды. Қуатовтың антисоветчик екені даусыз. Фактысы жетеді. Оның көзін әлдеқашан құрту керек еді. Анау әлгі Сәруаров деген иттің баласы араласып бүлдірді-ау деймін. – Жақия өз-өзінен шамданып, мазасы қашты. Әлдекімге қоңырау шалды да, сөйлескісі келмей трубканы тастай салды. – Жалғыз пластинкасын қайталап ойната беретін адам сияқты. Бұларды қанша рет сұраққа шақырады енді? Бір емес, екі емес...

Алмас оның сөзін бөлмей тындады. Жақияның кіммен сөйлескенін іші сезді. Оның мазасыздана тыпырлағанына карағанда, Аяғанның шаруасына бір мықты киліккен тәрізді.

Бұлар Қуатовтың мәселесін әлдеқашан шешілдіге санап, жайбаракат жүрген.

Ертен сағат онда Канат Елемесов, Камал Жақаев үшеуін Мемлекеттік қауіпсіздік комитетіне барындар, — деді декан дегбірсізденіп. Алмасқа мүләйімсіп, жаскана қарады. — Міртемір Қайдаров деген біреу күтеді.

Неге?

Біл-мей-мін... Артық сөйлеп, артынды ашып алмашы әйтеуір. Аяған туралы пікірінді бір емес, екі рет жазып берген жоқ па едің?! Арандап қалма, байка.

Алмас жәдігөйлене жымыып, мүләйімсіп отырған Жақияға жаскана қарап, тіксініп қалды.

37

Кішкентайын Роза апасына аманаттап, екі өкпесін қолына алып жеткен Хадиша қайсы есіктен кірерін білмей бір кварталды алып жатқан қауіпсіздік комитетінің кеңсесін айналып, біраз жүріп қалды. Айналып жүріп бұл мекемеге кірер есікті тапқанмен батылы бармай тосыла берген. Сағат онның кезінде комитет үйінің алдына келіп, темекі тарту үшін кідірген үш жігітке көзі түсті, мойнын ішіне алып, басы салбырап мөлііп тұрған Алмасты сонадайдан жазбай таныды. Келіншек шым етіп шаншып кеткен жүрегін ұстай алды, екі беті дуылдап жанып, тізесі дірілдеді, шұғыл бұрылды да, жебей басып ұзап кетті.

Көңілі сөгіліп, мазасы қашып, жаны үрейдің құрсауына түскен жігіт Хадиша жанынан өтіп бара жатса да танымас еді.

— Жеке-жеке емес, тергеушінің сұрағына қатар отырып жауап береміз, — деді Камал ішке кірерде.

— Неге?

— Себебі — біреудің жетегінде жүріп, үр десе үріп, тісте десе тістейтін иттерге сенбеймін.

— Маған бөрібір, — деді Канат темекісін құныға сорып. — Аяған ағаға байланысты сөзімді баяғыда-ақ айтқанмын. Бұл жолы да алып, қосарым жоқ.

— Тергеушіні курстың жиналысына шақырайық. Аяған ағаға күйе жаққан паразиттерді сол жерде анықтап, ит терісін басына қаптайық, — деді Камал кіжіне сөйлеп.

Алмас құлағы таскерен болып қалғандай, жақ ашпады, тонған адам сияқты иығын қушитып, бүрісіп тұрды да қойды. Екеуінің сөзі жанына тигенмен уәж айтқысы келмеді. Курстастары түгелдей теріс айналып, өзін соншалық жек көре бастағанын сезіп, біліп жүр. Жалынып-жалпайғанмен, ант ішіп ақталғанмен

олардың беті бері карамайды. Ойға алғанын орындау үшін шыдам керек, курстастарының түйе котыр сөзіне, бопсасына шыдамасқа амалы кәні.

– Жалақорлар белгілі емес пе. Біреуі міне тұрған жоқ па, – деді Қанат иегімен Алмасты нұсқап.

– Жақия ағасы екеуі ауыз жаласып, талайдың обалына калып жүр ғой, әкри...

Мыналардың құлақ, миын жеп қоярын біліп, бөлек келіп еді, Қабанбай мен Наурызбай көшелерінің қиылысында жолығысып қалды. Енді міне, аз ғана мүмкіндікті пайдаланып, іліп-шалып, үлкен әңгімеге қарай ойысып барады. Мұның көрер құқайы алда екен ғой. Мыналар күн көрсетпес.

Алмас терең күрсініп, ішке кіріп кетті.

– Подлец! – деп кіжінді Камал.

– Жақияның құйыршығы. Әкесін танытып сабау керек. Сонда ғана ақылы кіреді, – деді Қанат.

– Мандайынан шертсең пәлеге қаласың, – деді Камал есікті ашып жатып. – Мұндайларды жалғыз-жарым адам жеңе алмайды.

Екеуінің әңгімесі осымен аяқталды. Ішке олардан бұрын кіріп кеткен Алмас кезекшінің жанында екі көзі бағжандап, төңірегіне үрке қарап тұр екен. Өң-түс жоқ, бұл үйден енді қайтып шықпайтындай үрейлі. Соны сезді ме, Камал мырс күліп:

– Біздің мырза бұл жерде де камераның жақсысын тандайтын шығар, – деді. Қосүрей болып тұрған Алмас жамбасына біреу ине сұғып алғандай селк етіп, қабақ шытып, қинала езу тартты.

– Аяған аға ақталып шыкса орны босайды ғой.

– Қуанып тұрмын, – деді Камал күлімсіреп. – Студсовет төрағалығына мені ұсынындар.

Міндетті түрде ұсынамыз. Мына мырзаның төсегін сен аласың, бірінші курста оқитын жандайшап, сары жалақтың орны маған тиетін болды, – деді Қанат қол соғып. Алмас іштей шамданып, шыдамы шектен тыс қатты тартылған домбыраның ішегіндей үзілуге шақ қалғанмен шыдады.

Шыдамасқа амалы қайсы. “Ертең сағат онда Мемлекеттік қауіпсіздік комитетіне барасың” деген хабарды естігелі бері қу көңіліне күдік шауып, жаны дызықты. Бұл шақырыстың Аяған Қуатовтың ісіне тікелей қатысты екенін біле тұра күдікті ойлар әр қиырға сүйрелеп, жүйкелетіп сілікпесін шығарды. Аяған ісіне байланысты екі рет келіп, жазбаша пікірін қалдырған. Оның тергеуі әлдеқашан аяқталған, ісі сотқа беріліпті деп естіген. Кінәсіз адамға қиянат жасадым-ау деген сарыуайым жанын жегідей жеп, жүрегіне жазылмас жара түскен еді. Онын ауру

әйелі мен шиедтей балалары есіне түскенде сол жара сыздап, жанын қоярға жер таппай тыпырлайтын. Араға біраз уақыт түсіп, бір кездегі ең жақын адамына жасаған қиянаты ескірініп, ұмытыла бастағанда ескі әңгіменің қайта қоздауы Алмастың күдікке күпті көңіліне үрей қамады. Түнімен әртүрлі түс көріп, шошып шықты. Бірнәрсе білетіндей сол күдігіне май шашып, лапылдаған үрей-отты екі жақтап үрлеп тұр.

Басқаларды неге шақырмаған? Алғашқы әлетте Аяғанның жыртысын жыртып, Орталық партия комитетіне жазылған арызға қол қойғандар бірқауым ел еді. Жақия кіріскеннен кейін әлгілердің көпшілігі бас сауғалап қашқан. “Айтқаным айтқан, кессен басым, міне” деп қасқайып тұрған үшеу — Қанат пен Камал және Ерік болатын. Бұл жолы Ерікті шақырмапты. Мына екеуіне мұны неге қосақтаған? Үшеуін қатар отырғызып қойып, әртүрлі қитұрқы сұрақтар берер ме екен? Мына екеуінің көзінше бұрынғы айтқанын қайталаса арандайды. Жалтарып қашса өзіне сын. Апыр-ау, сонда не істеуі керек?!

Мазаң ойдың құшағынан шыға алмай қиналған жігіттің денесін тер жауып кетті. Пысынап терлей бастаған соң омырауын ағытып, бас киімін қолына алған. Моншадан шыққандай басынан бу бүркырады.

— Мынаның моншасы қызды,— деді Қанат жолдасын бүйірлен түртіп. — Тергеушінің алдына барғанда қайнайтын шығар.

— Сәлеметсіздер ме, жігіттер! — Бір бүйірден шыға келген жігітке үшеуі де жалт қарады. Алмас ұзын бойлы, бүркіт тұмсық, кісіге көзінің астымен сүзіле қарайтын жігітті бірден таныды. Ол сәлемдесіп болғаннан кейін:

— Менің бөлмеме барып сөйлесейік,— деп жол бастады.

Алмастың күдігі расқа айналды. Тергеуші бөлмеге кіріп отырғаннан кейін бұлтаққа салмай әңгімеге ашық кірісті.

— Жігіттер менің атым Міртемір. Фамилиям Қайдаров. Аяған Қуатовтың ісіне байланысты шақырып едім сендерді.

— Шындық айтуға біз дайынбыз,— деп тақылдады Қанат.

— Әрқайсысымыздан жеке-жеке жауап алмай, осы отырған күйімізше ашық әңгімелессек дұрыс болар еді,— деп Камал әлі де тері басылмай, беті қызара бөртеп отырған Алмасқа қарап қойды. Бірнәрсе білетіндей тергеуші жымып күлді. — Біздің арамызда бөтен ешкім жоқ. Пікіріміз бір жерден шығады деп ойлаймын.

— Оны өздеріңіз білесіздер. — Міртемір папкасынан қағаздарын алып, алдына жайып тастады. — Бәрін қайтадан бастаймыз. Алдымен өздеріңмен танысып алайын.

– Мен Қанат Елемесов деген алкаш боламын,— деп орнынан тұрып, басын иді. Мазағы деп ойлады ма, Міртемір қабақ шытып, жігітке түйіле қарады. – Көңіліңізге алмаңыз, ағасы. Сондай жаламен мына отырған досым мені оқудан шығартып жіберген. Бірақ бұл кінәсін өліп бара жатса да мойындамайды.

– Мен жауап бермеймін, кетемін! – деп сылтау іздеп отырған Алмас орнынан атып тұрды. – Мұнда мені мына екеуіне талату үшін шақыртып па едіңіз?

– Бұл трюк! Мынауын ескірген әдіс, кәрі достым Картензио!

– Елемесов жолдас, тыныш отырыңыз,— деді тергеуші түсін суытып. Ол Алмастың түпкі ойын айтқызбай түсінді. Оның мақсаты – амалын тауып, тайып тұру.

– Мен басқа уақытта келемін,— деді Алмас кетуге ынғайланып.

– Азамат, отырыңыз! – Тергеушінің дауысы дықты шықты, есікке беттеген жігіт мандайынан қатты соққы тигендей қалт тоқтады. – Есіміңіз, фамилияңыз кім?

– Байсанов Алмас.

– Отырыңыз, Байсанов жолдас!

Амалы құрыған ол орнына келіп жайғасты. Қанат мырс-мырс күлді.

– Мен Камал Жақаев...

– Сіздердің институттын оқытушысы Аяған Қуатовқа тағылған айыптың бірі – Ауғанстан мәселесі. Ол бір лекциясында Ауғанстанда болып жатқан соғысты айыптап, сол үшін үкімет басшыларын сөккен көрінеді.

– Өтірік, жала! – деп Қанат өршелене дауыстап, орнынан атып тұрды.

– Бірінші рет естіп тұрмын,— деп Камал да наразылық білдірді. Алмас үнсіз. Қанат оның бүйірінен ондырмай түртіп жіберді, шынтак қатты тигенмен ол үндей қоймады.

– Мен ол кісіге тағылған айыптарды түгел оқып шығайын. Сендер сонан соң жазбаша түсініктеме бересіңдер,— деді Алмасқа тесіліп ұзағырақ қарап қалған Міртемір. – Екінші айып. Қуатов лекциясында: “Біз СССР тарихын емес, орыс патшаларының тарихын оқып жүрміз. Демек бұл бір ұлттың, орыстардың үстемдігін көрсетеді. Соған байланысты қазақ тарихы мүлде қате жазылған” депті. Үшінші, “Ескерткіш орнатып, атын қалаға беретіндей Ермақтың еңбегі жоқ. Ол қазақ халқының қанын суша ағызғаннан басқа түк бітірмеген” деген көрінеді.

– Айтқан жоқ, өтірік сөз!— деді Қанат қызбаланып. Міртемір оған көз астымен қарап қойды.

– Төртінші айып. Ол “ООН-ның Бас ассамблеясы 1948 жылы қабылдаған адам құқығы жөніндегі жалпы халықтық декларациясын көбейтіп таратқан”. Бесінші Мағжан Жұмабаев сияқты халық жауының өлендерін студенттер арасында насихаттаған. Алтыншы, Леонид Ильич Брежнев туралы әртүрлі анекдоттар айтқан. Жетінші, жетінші... Брежнев жолдастың карикатурасын жасап, мазактаған...

– Мыналарыңыздың барлығы шып-шылғи өгірік! Жала!

– Айқайламай ақырын сөйленіз,— деді тергеуші қызбаланып жанына жетіп келген Қанатқа күле қарап. — Жаланы мен ойлап тапқан жоқпын. Қауіпсіздік комитетіне бір топ адам қол қойған хат келген. Қуәлардың қолхаттары, түсініктемелер бар.

– Білеміз олардың кім екенін,— деп Камал әнтек езу тартты. — Жакия Тайлақұлы ағамыздың стилін танып отырмын.

– Ол бәрімізбен сөйлескен. Тілін алмағанымыз үшін Ерік екеумізді оқудан шығартып жіберді. Онбаған!— деп кіжінді Қанат жанында отырған Алмасқа алая қарап. Манадан бері булығып, әрең төзіп отырған Алмас шырт ете қалды.

– Мұныңыз түсінік алу емес, арандату. Сіз бізді мұнда төбелестіру үшін шақырып па едіңіз? Мен кетемін.

– Азамат, мені қорқыта берменіз. Сізді мұнда жеке басымның шаруасына шақырған жоқпын,— деді Міртемір зілденіп. Алдына ала дайындап қойған екі парак қағазды Алмастың алдына сырғытты. — Азамат Қуатовқа тағылған жеті айыпқа жеке-жеке жауап жазыңыз. Егер жеке отырып жазғыларыңыз келсе мүмкіндік жасаймын.

– Мен жеке отырып жазамын,— деді Алмас орнынан тұрып.

– Ән-нән қарашы, мүттәйімді... Әй, ісім сенімен болар-ау!

Тістене кіжінген Қанат ол есіктен шығып кеткенше атып жіберердей қарап отырды. Камал мүлде мән бермеді, жайғасып отырып жеті айыпқа кеңірек жауап жазуға кірісті.

Тергеуші Алмасты көрші бөлмеге ертіп әкеліп кіргізді де, ләм деместен шығып кетті. Жалғыз қалған жігіт Аяғанға тағылған жеті айыпты ынта қойып, қайтадан оқып шықты. Бірінші рет шақырғанда да осы мәселелер бойынша түсінік берген. Екінші келісінде де жалбыр қас тергеушіге осы сұрақтарға байланысты білгенін айтқан. Жалбыр қас тергеуші мұны сөйлетіп-сөйлетіп алып, алдына ала дайындалған қағазға қол қойдырған. Қол қойғысы келмей қикандағаны есінде.

– Сенің Аяған Қуатовпен ым-жымын бір дейді. Көзіңді құртамын, иттің күшігі! Сүйегіңді түрмеде шірітемін!— деп ақырған жалбыр қастан қорыққанынан қол қойған. Үшінші рет

баскаша сөйлесе, Аяғанды ақтап шыкса тергеуші не дейді? Басқалар не дейді? “Шырағым, сенің қай сөзіңе сенеміз? Жұртты неге шатастырасың?” деуі әбден мүмкін ғой. Бұрынғы айтқандарын қайталап жазып бермеске амалы бар ма, сірә.

Бұрынғы жазғандарын тағы да қайталасын, Канат пен Камал білсе, бұдан кейінгі күні не болмақ? Бүкіл бір курс соңына түссе жағдайы шатқаяқтап, омакаса құламай ма? Кім қорғайды, кімге сүйенеді? Жақия ма? Оған екі дүниеде сенбейді. Жақия Тайлақұлына уақытша ғана керек екенін соңғы кезде ептеп түсіне бастады. Ол пайдаланып алып, керек болмай қалған күні итеріп тастап, көрмеген, білмеген адамдай жайына кете беруден тайынбайды. Жақия Тайлақұлы тайғанак адам мұнын байқағаны.

Сонда қайтпек керек? Курстастарына жағу үшін өзіне-өзі қарсы шығып, абыройдан жұрдай болуға тиіс пе? Жеке басының мүддесі үшін ғана пікірлес, тілектес болғансып, жең ұшынан жалғасып, жылмиып күліп, жымын білдірмей әрекет жасайтын Жақия Алмастың аунап шыға келгенін білсе қарап жата ма?

Ол соңына түскен адамының түбіне жетпей тынбайды. Алдияр Ақпанұлын анандай күйге душар еткен, Аяғанды түрмеге жаптырып, басын әуреге салған пенденің кім екенін басқалар білмес, ал Алмас біледі. Сонда не істемек керек? Жақияның түп етегінен ұстауға тиіс пе?

Қайда кашса да алды аран екен. Қайтсем жаным қалады деп тікенектен қашып жүріп, шок басыпты ғой, құдай-ау. Шегінер жері қалмапты. Жақияға жарамсақтанып, соның дегенімен жүріп, жан сақтауға болар, сірә. Амалы жоқ, бір жылға академиялық демалыс алар. Бір жылда осының бәрі ескіреді, естен шығады.

Екінші бір көңіліне күдік қамап, түн ұйқысын бұзып жүрген оқиға – Хадишанын жағдайы. Босанып ұл тауып алыпты деп естіді. “Кұрбылары едік” деп үш қыз келген. Мұның ыңғайына көнбесін білгеннен кейін әлгілер қокан-лоқы көрсеткен. Олар қарап жата ма?! Қыр соңына түсіп берсе қашып құтылар мүмкіндігі жоқ. Бұл хабар курстастарының құлағына тисе, олар өленді жерге өрт қойып, дуылдатып жібереді. Аяғына тұсау салынады, басы байланады. Көнбей қисайса темір тордың аржағынан бір-ақ шығуы мүмкін. Түрмеге апарып қамай салудың түкке тұрмайтын іс екенін көзімен көрді. Кісінің “кінәм жоқ” деп шырылдаған дауысын ешкім де естімейді екен. Бәрі таскерен сияқты. Адамы да, қоғамы да таскерен. Адамы да, қоғамы да тасжүрек заман.

Баяғыда әкесі “мақаудың қолына, кереннің астына түспе” дейтін. Қылдан тайып, заңның қолына түскен жан кінәлі болмай қалмайды екен түсінгені. Ендеше басы аманда, бетіне күйе

жағылмай тұрғанда неге жұрт көзінен тасаланып, жасырына тұрмайды?!

Анға айналған арандай алды-артын түгел қоршап алған жеті сұрақтан қалай құтыларын білмей жаны қиналып отырған Алмас оқыстан сап ете түскен ойдың жетегіне ілесті. Тұйықтан шығар жол табылған тәрізді. Бүгін ректордың атына арыз жазады. Кішкене ғана кісілігі болса Жакия қол ұшын берер. Денсаулығына байланысты бір жапырақ қағаз табылар.

Төпей жауған жаңбырдың астынан үстіне су тигізбей құрғақ шыққандай әп-сәтте көңілі жадырап, еңсесін езген уайымның зілмауыр салмағынан құтылғандай әсерге бөленді. Алдында жатқан қағазға енді не жазса да болатын секілденді. Қолына қаламын алып, “мен ештеңе білмеймін. Аяған Қуатовтың не айтқаны есімде жоқ” деп жазып, астына қолын қойды.

Есіне Әсем түсті. Алмас келген күні жаны қалмай қуанып, жылы-жұмсағын алдына әкеліп қойып:

– Ұялма, тойып ал! – деп бәйек болушы еді – Саған сақтап жүрген дәм. Көптен бері келмей кеттін ғой.

– Сабактан қолым тимейді, женеше. Уақытым болса күнде келіп тұрар едім, – дейтін.

– Келмей кетсең балалар сені сағынып қалады, – дейтін марқұм. Қайтыс болғанын тым кеш естіді. Хабар берсе шығарып салуға бармас па еді.

Алмас маңдайын сүйеп, көзін жұмды. Есік ашылып, Міртемір кірген, жігіт селк етіп, орнынан атып тұрды. Әдепкіде Әсем кіріп келгендей болған; қалшылдап тұрған жігітке тергеуші таң қала қарап:

– Сізге не болды? – деп сұрады.

– Жай әншейін... Ештеңе болған жоқ, – деп теріс бұрылды. Міртемір столда жатқан қағазға үніліп:

– Мынау жарамайды. Өткен жолғы жауабыңыз секілді толық жазыңыз, – деді теріс қарап тұрған Алмастың иығына қол салып. Жігіттің бүкіл денесі мұздай су құйып жібергендей дүр ете қалды. Міртемір шығып кеткеннен кейін столға сүйеніп отырып, ой тұкпірін ақтарды...

Сонадайдан Алмастың қарасы көрінісімен Аяғанның екі баласы екі өкпесін қолына алып, жарыса жүгіріп келіп, мойнына асылатын. “Менің Алмастан басқа бауырым жоқ” дейтін Аяған. Екі бала мұны әкелерінің бірге туған інісі деп ойлайтын. Ол әртүрлі себептермен бес-алты күн келмесе екі бала өлердей сағынып қалатын. Жатырқап жақындамайтын Бибі келе-келе ағаларына ілесіп, алдынан жүгіріп шығатын болды.

Екеуі бірге тумаса да туған бауырлардай сыйласты. Араларында бөтендік, жаттық жоқ еді. Бұл Аяғанның ақылын — азық, сөзін — сусын көрді. Онымен жақын жүретінін, сыйласатынын мақтаныш етті. Осы сыйластық, татулығымыз мәңгі-бақи жалғаса береді деп ойлайтын. Аяған ағасы үшін жауып тұрған октан қайтпайтындығына сенімді еді.

Кателесіпті. Бұл да пенде екен. Ең жақын адамының басына іс түскенде жалт берді. Мұнысын жұрттың бәрі білетін шығар. Олар әрине кешірмейді. Баска басқа, құдай кешпес. Қу жанының амандығы үшін өзіне деген ниет, пейілінде кіршік жоқ, бірге тумаса да туғанынан артық ардақтап, төбесіне көтерген азаматты жаладан арашалаудың орнына пиғылы пасық пенделерге қосылып, өтірікпен төмпештеді. Неге қорықты, неден қорықты? Аяғанға жала жаппағаны үшін басын алмас еді ғой. Камал, Қанат, Еріктер азамат екен. Ал бұл шіріген жұмыртқа. Елге не бетімен қарайды енді? Пәледен құтыламын деп тұтылды. Сауап! Хадишаның көз жасы, Аяғанның шиеттей үш баласының обал-сауабы жібермеген шығар. Кісіліктен кеткен пенденің көретін күні осы. Әр азғынға бір сауал. Үш күндік пәниден тапқан олжасының түрі міне, осы — азғындық. Азғын!

Дәл қазір Аяғанның үш ботасы — әкеден тірідей, шешеден өлідей айырылып, боздап қалған шеркөкірек үш сәби келіп, ұяты қашқан бетіне былш-былш түкірсе...

Әсем марқұм Жер-Ананың құшағынан шығып келіп, сояудай тырнақтарымен мұның шімірігуді ұмыта бастаған көн бетін осып-осып жіберсе...

“Алмасым” деп аялап, жанымен берілген, бұл шіркін үшін ажалдың арандай ашылған аузына именбей түсіп кете беруге дайын Хадиша келіп, ел-жұрттың көзінше басқа тепсе...

Сауап болар еді. Сауап! Сауап! Жаны ашып, жанашыр болар бір пенде табылмас еді.

Тұла бойымен ток жүріп өткендей қалшылдап, шыдап отыра алмай кіжіне дауыстап, орнынан тұрып кетті. Оның дауысын құлағы шалды ма, іле-шала есік ашылып, тергеушінің басы көрінді.

— Мені шақырдыңыз ба? — Теріс қарап, екі иығы селкілдеп тұрған Алмастың бұл қылығы оған тосындау көрінді. — Сізге не болды?

— М-е-н-о-о-ң-б-а-ған-мын!.. Мен а-з-ғ-ы-н-мын! — деді Алмас күйінішті үнмен. — Мен оған жала жаптым... Ол таза. Ол ғажап адам! Мен қорқақ, сорлы екенмін. Қара басымның амандығын ойлап, асыл ағама күйе жақтым. Бәрі өтірік! Өткен

жолғы түсініктемені мен жазған жоқпын. Қорқытып қол қойдырып алған. Аяған ағаның еш кінәсі жоқ! Жок! Жок!

— Сабыр! Сабыр етіңіз, жігітім,— деді Міртемір оны арқасынан қағып. — Асықпай отырып болған жағдайды толық жазып беріңіз.

Міртемір шығып кеткеннен кейін болған жағдайдың бәрін тәптіштеп қағазға түсірді. Онысын тергеушіге тапсырған соң бойы жеңілдеп қалғандай болды.

— Рахмет! Керек болсаңыз, өзім тауып аламын. Бара беріңіз.

Алмас ләм деместен шығып жүре берді. Манағыдай жан-жағына жалтақтап, өзінен-өзі үрей шақырып берекесізденбей аяғын нығыз басып келеді. Кеудесін құрсаған жексұрын сезім сейіліп, тынысы ашылған сияқты, әдетте ол өзінен қысылып, тұқшындап басын көтере алмайтын Алмастың кеудесі шалқак. Үлкен ерлік жасағандай алшаң басып келе жатқан жігіт бірінші қабатта, кезекшінің жанында тұрған Хадишаны көріп, селк етіп, оқыс тоқтады. “Мені күтіп тұр” деп ойлады. Жүрегі аузына тығылған жігіт келіншектің көзіне түспей жасырынып үлгерді.

Хадишаның бұл жүрісі тегін емес. Не істеу керек? Тұйықтан шығар жол таба алмай тыпырлаған Алмас осылай қарай беттеп келе жатқан жалбыр қасты жазбай таныды. Жылдам басып бірінші қабатқа түсті. Хадиша оны көрген сәтте жүзі нарттай қызарып, омырауын бүріп ұстап, табаны жерге жабысып қалғандай қозғала алмай сілейіп тұрды да қойды.

Қаншама қатты ренжіп жүргенмен Алмасқа деген сезімі әлі сөне қоймапты. Өні өрт сөндіргендей түтеп келе жатқан жігітке жалынышпен жаутаңдай қараған, Алмас оны көзіне ілместен жанынан тапырақтап жүгіріп өте шықты. Көкірегі өксік пен өкінішке толы келіншек жасқа тұншықты. Жасты көзбен біреу қуып келе жатқандай тапырақтай жүгірген Алмастың сонынан қарап тұрды.

38

Алматының ауа райы биыл да өзгеше мінез танытты, бұрнағы жылдары наурыз туысымен-ақ дүниенің апшысын қуырып, шыжғырып жіберердей ысып кететін күн жарықтықтың қызуы бәсен. Наурыз айының соңында ыстықтап, суға түсіп жүретін балалар май мерекесінде шеруге қалың киіммен шықты. Аспан ашық болғанмен апталап жауған жаңбырдан кейінгі ызғардың зәрі сына қоймаған еді. Жеңіс тойында сіркіреп басталған жаңбыр ымырт үйіріле үдеп, шелектеп құйды да, арты қарға айналды. Жана-жана көгеріп, көктей бастаған өсімдік атаулы

аппак қардың астында қалды. Көктемді күте-күте шыдам-тағаты таусылған жұрттың қабағы түсіп кетті. Бүгін жауып, ертең еріп кететін қар бұл жолы қалың түсті, оның үстіне сол күні аяз күшейді. Аяздың демімен сүрленген қар бір түннің ішінде қатып, жуық арада ерімейтіндей сіресті.

Табиғаттың бұл қылығы Аяғанға ұнады. Аяқ астынан жапалақтап жауып, жер дүниенің шаң-тозаңын басқан аппак қар жақсылықтың хабаршысындай еді. “Бұл менің құрметіме жауған қар” деп ойлады Аяған. Осы ойына өзі нанды. Өйткені оның өмірінде бір жақсылық боларда жапалақтап қар жауатын әдеті еді. Әсем екеуінің үйлену тойы болатын күні аппак қар жауғаны есінде. Елжасы дүниеге келген күні де жер дүниені аппак қар басқан. Кандидаттық диссертациясын қорғайтын күні алай-дүлей боран соғып, қалың қар жауғанын қалай ұмытсын. Шаңырағында бір жақсылық боларда табиғат-ана алдын ала Аяғанға хабар береді. Табиғат-ана онымен бірге қуанып, бірге шаттанатын сияқты. Осыған қарап Аяған: “адам мен табиғат бірлікте өмір сүре отырып, бірімен бірі әрқашан үндеспей-ақ ұғыса береді екен-ау” деп ойлайтын.

Аяғанның шаңырағында жақсылық болатын күні қар жауатынын ет жақындарының бәрі біледі. Көктемнің жазға ұласар жайсаң шағында қардың жапалақтауы бекер болушы ма еді. Бибісі дүниеге келгенде осындай бір жағдай болған. “Бұл алла тағаланың бізге жіберген сыйы. Кішкентай бөпеміз бақытты болады екен, Әсемжан. Бұл жай қар емес, жаратқанның бізге жолдаған тілегі. Бізге деген аппак көңілі” деген Аяғанның көзіне бейшара келіншек сеніп еді.

Ішкі сезімі, түйсігі алдамаса көп ұзамай бір жақсылық болатын тәрізді. Бәлкім, Міртемір жақсы хабарымен қуантар. Оның айтуына қарағанда, бұған жабылған жаланың негіздері дәлелденбеген. Шақырып жауап алған қуәлардың барлығы дерлік Аяған Қуатовты қорғап шыққан екен. Арызға қол қойғандардың кейбіреуі ғана “ештене білмеймін, көрмедіммен” бастарын ала қашқан. Жалтаруға болмайтын факт – Аяғанның пәтерінен табылған Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас ассамблеясы 1948 жылы қабылдаған адам құқығы жөніндегі жалпыхалықтық декларация. Екіншісі – Леонид Брежневтің қарикатурасы. Бұлар үшін де маңдайынан сипамасын біледі. Міртемірдің айтуына қарағанда, осы үшін-ақ 170 статьяның бірінші тармағына жатқызып, үш жылға соттап жіберуге болады екен.

“Осында жатқан сегіз айыңызды және негізгі айыптардың анықталмағандығын ескеріп, сізді біржола босатуы мүмкін” деген

Міртемірдің сөзіне малданып, іштей құдайына сыйынып жатқан жігіт әрнәрсені ойлайды. Сегіз ай жайлы мекен болған аядай ғана камера демде тарылып, ауа жетпегендей қысылып, торға камалған арландай аласұрып, мазасы кашады. “Не де болса созылмай, тез бітсе екен” деп тілейді. Әрі-бері сенделіп жүрді, ынылдап ән айтты.

– Сап, сап көңілім! Сап, сап!..

Дегбірін алған қу көңілдің әуірі бірақ онайшылықпен басыла қоймады.

– Ерте, әлі ерте! Ештененің карасы көрінбей тұрып желікпе. Қуатов. Келе жатқан бакытың теріс айналып кетеді,— деп күбірлеп сөйлеп, өзіне-өзі басу айтты.

Осыдан кейін ғана лепірген көңілі ортайынқырап, шалқасынан түсіп жатты да ой түкпірін ақтарды.

Міртемірдің айтқаны келіп, түрмеде өткізген сегіз айын есепке жатқызып, босатып жіберсе ұтқаны. Бітіп тұрған ісін тағы тоқтатып, басқа тергеушіге тапсырып, басын әлекке салса ендігі тәлкегіне шыдамас. Шыдамағанда қолынан не келеді? Күш солардың қолында. Қайта құдайдың бұған деген ниеті дұрыс екен. Егер Максұттың дегені болса, бұл уақытта 58 статьямен он екі жылға кесіліп, телім-телімі шығып, бір қиырда жүрер еді.

Бір қайырымды адамның қол ұшын бергенін іші сезеді. Ол кім болды екен? Күндердің күнінде ол адамды іздеп табатындығына сенімді. Алдымен мынау қапастан жарық дүниеге шықсыншы. Басына бостандық тиген соң көрер олардың әуселесін. Жамбасы жерге тигенше шындық үшін күреседі. Әлі талай рет жеңілер. Мейлі. Бәрібір шегінбейді. Жақиялар қашанғы тайрандай берер дейсін. Олардың барлығы бір жіпке ілініп тұр. Әдісін тауып, сол жіпті кесіп жіберсе Жақиялар құрдымға құлайды.

Аяған мырс күлді. “Тышқан ініне кіре алмай жүріп құйрығына қалжауыр байлайды” деген осы. Тамыры теренге кеткен Жақияның тобын әлі күнге үй ала алмай қаңғырып көшеде жүрген бұл түгіл атакты ғалым Алдияр Ақпанұлы да жене алған жоқ. Алдекен өмір бойы күресті, ғұмыры жеңілумен өтті.

— Мұса, Жақия сияқтылар қоғамның винтигі. Шындыққа жету үшін заманды жеңу керек, қарағым,— дейтін Алдекен мұнайып отырып. Заманды жеңудің мүмкін еместігін арғы-бергі дәуірлерде өмірден озған талай-талай маркасқалар дәлелдеген жоқ па?! Бір халықты бостандығы үшін жар құлағы жастыққа тимей жанталасқан Кенесары шындыққа жете алмай мерт болды. Қорлықпен өлді есіл ер. Ұрпағы ұлы бабасының сүйегінің қайда қалғанын білмейді.

Аяғанның есіне Жамбыл акын айтты деген әңгіме түсті.

1884 жылы Кенесарының ұлы Сыздық сұлтан Қырғызстанға барыпты. Оны қырғыздар ақ үй тігіп, мал сойып қарсы алып, сыйсияпат көрсеткен екен.

— Мен сендермен шабысқалы келгенім жоқ, табысқалы келдім. Сен де туысқанымсың. Жан ашуы үстінде әкемді өлтірдің деп кінә қояр жайым жоқ, жалғыз-ақ тілегім: «әкемнің сүйегін бер — аталарыма қосайын. алтын жүзігін бер — қолыма салайын, сары қасқа ерін бер — астыма мінейін, бұйымтайым осы ғана»,— депті Сыздық сұлтан. Қырғыздар алтын жүзігі мен сары қасқа ерін беріп, сүйегін таба алмайды. Сыздық сұлтан сары қасқа ердің басын қанжарымен қарқайып, жіліншік-жіліншік алтын алыпты.

— Әкемді өлтіруді білесіңдер де, алтынын алуды білмейсіңдер. Уақасы жоқ, бұйырған нәсіп қой,— депті сұлтан. Табысуға барған адам бұдан артық не айтсын. Ашуы мен ызасын бір ауыз сөзге сыйғызыпты сабазын.

Халқының бостандығы үшін басын оққа байлаған могиқанның соңғы тұяғы сынды Сыздық сұлтан да мақсатына жете алмай арманын ұрпағына аманаттап кеткен жоқ па?! Қазағынан, жерінен, атамекенінен қолдау таппаған жолбарыс мінезді саяқ жансауғалап Қашқарға барды сінбеді, қалың түрікпеннің ортасына барды, ол жерде де ісі оңға баспады. Барлығынан түнілген есіл ер күштіге құл болуға бейіл момын қазағының ортасына қайтып оралған. Басқа амалы болмаса қайтеді? Арқа сүйер қабырғалы қалың елі тізе қосып, қолдау көрсетпесе жалғыздың қолынан не келсін? Айдаһардың күші асып тұрса не істей алады? Қарсы шапса желкесін қыркып тастай береді. Солай екен деп құл болуы керек пе? Аяғанның есіне Кенесары айтты деген бір сөз түсті.

“Кектескен жаумен кескілесіп тұрып өлісуге шыдайтын ұл болмаса, сондай ұлды туғызып тұрған ел болмаса, қазақтың қай ісі өрге басар дейсін”.

Кенекеннің осы сөзін Алдияр Ақпанұлы қайталап айтып отырғанды ұнататын. Ел-жұрттың намысын жыртып, өлісуге шыдайтын азаматтың басын аяуы жоқ уақыт қағып тастай салады. Біртуар ұлдардың талайы заманның жағасына жармасамын деп бақилық болды.

— Екі бірдей қанатым,
Топшыдан сынды қайырылып,
Балдағы алтын ақ берен,
Тасқа тиді майырылып,—

дейді Нысанбай жырау. Халқының алмас қылышы сынды талай марқасқа тасқа шабылып, майырылды. Мұның өзі де солардың бірі емес пе. Солардың сарқыты.

— Махамбеттің, Кенесарының, Сыздық сұлтанның сарқыты — Аяған,— деп күбірледі жігіт. Өзін-өзі мазақтағандай мырс-мырс күлді.

— Жаңбыр жаумай су болды,
Пұлы қымбат манатым.
Тасқа тимей кетілді,
Балдағы алтын болатым.

Оның есіне Нысанбай жыраудың “Кенесары—Наурызбай” дастанындағы осы бір шумақ оралды.

“Бұл маған қатысты шумақ. Жаңбыр жаумай су болып, тасқа тимей кетіліп жүрген мен емей кім басқа” деп ойлады. Кенесары, Сыздық бабаларындай болса кара басын арашалай алмай сегіз ай бойы тас түрмеде жатар ма еді?! Тіпті тұяқ серпуге шамасы келмеді. Шынжыр табанды алып тракторды токтатамын деп далбасалаған әрекетінен не шықты? Мен халқыма, қоғамыма, мемлекетіме керекпін деп ойлайтын. Бала-шағасы мен ата-анасынан басқа ешкімге керек еместігіне сегіз айда көзі жетті. Адамның құмырсқа кұрлы кұны жоқ екен.

Аяған кеудесі ызаға толып, біреумен төбелесетіндей екі жұдырығын тас кып түйіп алды. Ашу кысқандағы әдетімен кабырғаны дүңкілдетіп ұра бастады. Сегіз ай бойы тас кабырғаны соқкылап, мүйізденіп калған қолы мүлде ауырған жоқ.

Дүңкілдеген дыбысты кұлағы шалды ма, есік ашылып. күзетшінің басы кылтиды.

— Қуатов, заттарыңды алып, сыртқа шык.

Мына сөзді естігенде екі тізесі дірілдеп, сылк етіп отыра кетті. Екі тізесін кұшақтап, іштей өксіп, кимыл-козғалыссыз ұзақ отырды. Тұрайын десе екі аяғында күш жоқ.

— Қуатов, сыртқа!.. Немене камеранды кимай отырсың ба?..

Аяған басын көтеріп, күзетшіге карап, әнтек езу тартты. Екі көзі меймілдеген жас.

39

Ауыр жұмыстың азабын көріп, әбден қажыған, болдырған кезінде ер-тұрманын сыпырып алып, какпадан шығарып жіберген жабыдай сегіз ай жатқан үйдің алдында соңына жалтақтап, кідіріп калған. Бір адамның басын жалмауға жарайтын, пәле-жаладан аман-есен кұтылып шықканына сене алмай мең-зен болып тұр. Артына түскен андушы көп ұзатпай ұстап, қайтадан

әкеліп қамайтын секілді, көңілінде таркамай қойған күдік бар. Шын ба, өтірік пе? Үміт пен күдік безбенге түсіп бірін бірі баса алмай, тайталасып жатыр.

Аяған болдырған аттай аяғын кібіртіктей басып, Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің үйінен ұзап барып кідірді де, бұрылып соңына қарады. Андушы жоқ сияқты. Көңілінің әуірі ұстады. Бет тызылдатар күші бар аязды елеген жоқ, кеудесін ашып тастап, бірекі күннің ішінде кірлеп қалған сірі қардың бетін аршып, көсіп алды да, домалақтап-домалақтап өтіп бара жатқан автобуска лақтырды. Автобустағы адамдар мына суықта кәстөмшен жүрген, әдепсіздік көрсетіп, сак-сак күліп тұрған адамға таң қала қарайды. Қарсы жүріп келе жатқандар ығысып жол береді.

— Мен сендерді жақсы көремін,— деп айқай салды. Адамдар сәл кідіріп, бейтанысқа сәп салып қарайды да, бас шайқап ілгері кетеді.

Көңілін лепірген сезім билеген Аяған жебей басып, профессор Алдияр Ақпанұлының үйіне қарай адымдады. Екі ара алыс емес. Соның өзінде жігіттің тағаты таусылып, біраз жер жүгіріп алды.

“Елжас үйде шығар. Олжас пен Бибі бақшада” деп ойлады көңілі алып ұшқан ол. Балаларымен кездесетін сәті жақындағанын ойлап, жүрегі алқымына тығылды. Оларды өлердей сағынды. Үшеуін көрмегелі сегіз ай болыпты. Отбасының жағдайын білуге, сыртқы дүниемен байланыс жасауға мүлде мүмкіндік бермеді. Максұт нәлет қолынан келгенше жаманшылығын жасап бакты. Бір рет қана күзетшінің көмегімен хат жөнелтіп, хабар алды. Отбасының Алдекең пәтеріне көшіп келгенін біліп, алаң көңілі орнына түскен. Екі арадағы байланыстың алды да, арты да осы болды, күзетші жігітті содан қайтып көре алмады.

“Мазасыздана берменіз. Аманшылық болса жақында босанып шығасыз. Шыданыз” деген Міртемірдің сөзіне жұбанып, шыдап бакты. Енді міне, сол атты күн туды! Жарық дүниеге шықты! Бостандық!.. Бостандықтың бағасын адам қапасқа қамалғанда ғана біледі екен.

Ол екі өкпесін қолына алып, бала-шағасына қарай құстай ұшып келеді. Сақал-шашы өсіп, сұры қашыңқырап кеткен “бейтанысты” олар танымай қалар деген күдік бар көңілінде. Әрине балалары да, Әсем де мұны күтіп отырған жоқ. Өйткені дәл бүгін босанып шығатынын өзі түгіл, Міртемір де біле қоймаған сияқты. Білсе де сездірген жоқ. Бұл мекемеде істейтіндердің аузы құлыптаулы болады екен. Қай-қайсысы болса да ішінде ит өліп жатса да сездірмейді.

Әсем қуаныштан “ауырып” қалатын болды. Бейшара қуанышты да көтере алмайды. Балалары үшін қатты ауырып қалса да сүйегін сүйретіп жүре береді. Ойда-жоқта кіріп келген күйеуін көргенде құлап қалмаса жарады.

Аяған жымыып қойды. Көз алдына екі көзі боталап, мойнына асылған Әсем, шалғайына жармасқан үш ботасының бейнесі елестеді. Жүрегін сағыныш кернеп, адымын аша түсті.

Міне, Алдияр Ақпанұлының үйі!.. Таныс аула, таныс есік көзіне оттай басылды. Жаз айы болса кәрі-құртандар ауладағы лапастың ішінде отырар еді. Терезеден үңіле қараған неміс кемпірі танып, езу тартып, басын иіп, сәлем берді. Роза апасы Аяғанды танымады. Сапсиып өсіп кеткен сақал-шашы мен киіміне карап, қаңғырып жүретін көп қайыршының бірі деп ойлаған болу керек, терезенің пердесін жапты. Профессордың терезесіне қараған, қыбырлаған тірі жан жоқ, “сірә, Әсем демалып жатқан болар” деп ойлады. Елжастың мектептен кешкілік оралатыны есіне түсті. Алдиярдың орнынан тұра алмайтындығын ескеріп, қонырауды баспай есікті итеріп еді, ашылмады. Үйде біреу бар сияқты. “Әсем ғой” деп ойлады жігіт. Жүрегі лүпілдеп, жоғары көтеріліп бара жатқан сияқты. Қолы қалтырап бармақ басындай кара түймені басқан, аржақтан бөтен дауыс естілді.

– Қазір!..

“Бұл кім болды екен?” Аяған ойын жинақтап үлгергенше есік ашылды. Хадиша сақал-шашы өсіп кеткен, қалай болса солай киінген бейтанысқа сезіктене қарады.

– Сәлеметсіз бе, Хадиша! – деп күлімсіреген “шалға” қадала карап тұрған келіншек:

– А-а-ғ-а-а-оу! – деді. Ашылып қалған омырауын қымтап, шегініп жол берді. Аяған ішке кіріп, есікті жапты. – Сәлеметсіз бе, аға! Ж-ж-оғары... Төрлетініз, а-а-ғ-а...

Аяған аяқ киімін шешіп, профессордың бөлмесінің табалдырығын аттап, кілт тоқтады. Алдекеннің орны бос екен. Жүрегі бір жамандықты сезгендей қалған екі бөлмені асығыс карап шықты. Бұрын қалай болса солай шашылып жататын бөлмелер тап-таза, тап-тұйнақтай етіп жинап қойыпты. Қашан келсе де бес батпан кірден арылмайтын еден тілмен жалап тазалағандай жалтырап жатыр.

Аяған қонақ бөлмеге кіріп, диванға отырды. “Әсем тағы да ауруханаға түскен-ау, сірә” деп ойлады. Алып-ұшқан көңілі қоңылтақсып, босағада өзіне жасқана карап, жағасын бүріп ұстап, жылап жібермес үшін астыңғы ерінін қатты тістеп алған Хадишаға бұрылды.

– Алдекең үйде жоқ екен ғой, – деді ақырын ғана күрсініп. – Әсем бір жаққа кеткен бе?

Түрін көріп, көңіліне күдік шауып еді. “Есі ауысқан ба?” Қорқынышты ой келіншектің алқымына жармасып, тұншықтыра бастады. “Апыр-ау, Әсем тәтемнің қазасын естімеген бе”.

Сақал-мұртты, шашты әдейі жібердім, – деп күлген болды Аяған өзіне шошына қарап қалған Хадишаның ойын оқығандай. – Балалар келгенше алып үлгеремін ғой.

– Аға-оу, – деді келіншек ебіл-дебіл жылап. – Балалар келмейді ғой, аға-оу...

Аяған селк етіп, орнынан ыршып тұрды. Тұла бойы қалшылдап қоя берді, тілі байланып қалғандай мелшиіп тұр.

– Оларды атасы ауылға алып кеткен. – Еңіреп жылап тұрған келіншек бар болғаны: – Аға-ау, білмейді екенсіз ғой, – дей берді.

– Алып кеткені қалай? Әсем қайда?

– Аға-оу, тәтемнен айырылып қалдық қой...

Аяғанның көзінен бір тамшы жас шыққан жоқ. Танауы қусырылып, сүп-сүр болып, тістеніп тұр...

40

Сіркесі су көтермей отырған Аяған автобус Көртоғайдың аңғарына ілінгенде еңсесін көтеріп, сыртқа көз жүгіртті. Көртоғайдың атына заты сай, жаңбыр шайып, жел мүжіген жарқабақ алыстан қарағанда қаптаған қалың молаға ұқсайды. Бұл аңғардың атын осы ерекшелігіне байланысты қойды ма, жоқ әлде, көп адам ажалын осында тапқандықтан солай аталған ба? Осы арадан өткен сайын Аяған ой тереңіне батып, көкейдегі көп сұраққа жауап іздейді.

Аңғарды қак жарып Шарын өзені ағады. Өзеннің көпір салынған тұстағы арнасы құж-құж қызыл тас. Ашуың, сұрапыл күшін жасырып, беті ақырын қайнаған сүттей болып шымырлап, асықпай-аптықпай ағатын өзен алғаш өте жуас болып көрінеді. Бұл араның тарихын білетін жанның автобус Көртоғай аңғарының шетіне ілінгенде аспанға қарайтын әдеті. Мұның сыры бар. Аңғар тастак. Жауған жаңбырдың бір тамшысы жерге сіңбей сел болып, жыра-жықпылды қуалап отырып Шарынға құяды. Нөсер жауған кезде су қиыршық тас аралас қызғылт топырақты аңғардың табанын орып, арна жасап ағады. Сондай бір сұрапылды Аяған өз көзімен көрген.

Шілде айы болатын. Қабылдау комиссиясына құжаттарын

тапсырып, емтиханға дайындалып жүргенде аяк астынан ауылдан хабар алған. Анасының қатты ауырып, ауруханаға түскенін естісімен екі өкпесін қолына алып ауылға ұшқан Аяған өзін Көртоғай аңғарында сұрапыл қасіреттің күтіп тұрғанын білген жоқ еді. Ұмытпаса, сағат үштің кезі болатын. Күн бұлыңғыр. Қулық тауының үстіндегі кара бұлт салмағын көтере алмай етекке қарай жылжып келе жатты. Ыстығы шекеден өтетін шілдеде суық ызғар сезіп, көңілі қобалжыған. Алматы-Нарынкол бағыты бойынша жүретін автобус көпірден енді өткен кезде жердің шаңын көтеріп жел тұрды, артынша жаңбыр сіркіреді. Көп ұзамай сіркіреп басталған жаңбыр кара нөсерге ұласты. Аңғардың табанын орып, жолындағы кедергі атаулыны қопарып, сұмдық қорқынышты үн шығарып, қап-кара болып келе жатқан селді көрген жұртта ес қалмаған. Автобустың алдыңғы жағында отырған Аяған жерге секіріп түсті де, кара түлейден құтыламын-ау деген үмітпен жан ұшырып, бетке қарай жүгірді. Соңында қу жаны ышқынып, әлдекімдер тапырақтай жүгіріп келеді. Шашы жалбыраған ұзынтұра жігіт басып озып, алға түсті. Қалғандары бетке шығып үлгері алмады, дөңеске екі аттам жер қалғанда арқыраған кара дүлей аяқтан шалып құлатты да, ағызып ала жөнелді. Жанталасқан Аяған екі рет құлап, екі рет тұрды. Үшінші рет тұрған кезде кара дүлейдің құшағына бір кіріп, бір шығып шынғырған қызды көрді. Қайтсем құтыламын, қу жанымды қалай аман алып қаламын деп жанталасқан жігіт басын қатерге тігіп, қызға ұмтылды. Екі-ақ метр жерде ағып бара жатқан қызға жете алсашы. Жердің қиыршық тасын сыпырған кара сел кеудесінен, бетінен былш-былш соғады, Аяған арс-гүрс еткен ашулы “арыстанмен” алысады да құлайды. Біраз жерге дейін ағып барып, өрең деп орнынан тұрды. Сөйтіп жанталасып жүріп қызға жеткен. Көйлегіне қолы ілініп еді, онысы жыртылып кетті. Жанталасқан жігіт қыздың шашына жармасты. Қолаң шашты қолына орап алып, бір тұрып, бір жығылып сел орып кеткен аңғардың шетіне қарай жылжыды. Өлгенде өрең арнаның жиегіне ілінген. Сүйреп келген бейтаныс қыздың былқ-сылқ денесін көтеріп, ылжырап езіліп жатқан бетке шықпақ болып тырысқан. Әл-дәрмені құрып, сілікпесі шыққан Аяған өрең дегенде кара түлейдің қолы жетпейтін дөңеске шығып, қызды шалқасынан жатқызған. Екі көзі аларып, аузы ашылып қалған қыздың шыбын жаны кеудесінен әлдеқашан ұшып кеткен сияқты Аяған оны “тірілтіп” алмақ болғанмен қолынан келмеді.

Биіктеу дөңесте отырып төменге көз салып, кара түлей сел жолындағы қарайғанның барлығын сыпырып-сиырып ашудан

аласұрған Шарынның құшағына лактырып жатыр екен. Бірімен бірі жарысқан екі автобустың біреуі мылжа-мылжа болып құж-құж жартастың кетігіне кептеліпті, екіншісі зым-зия. Толтырып көмір басқан тіркемесі бар ЗИЛ шалқасынан түсіп, көпірдің аузында жатыр. Әлі есін жия алмай есенгіреп отырған Аяған сел келген жаққа қараған. Қара түлейдің құйрығы кесіліпті. Ізі жатыр, өзі жок. Кең аңғарды орып, орташа өзен ағатындай арна жасап кетіпті. Сел Аяғанға жолындағысын жалап-жұқтап кеткен айдаһар секілді болып көрінген...

Сол жолы талай боздақ жол тосқан “айдаһардың” жемтігі болыпты. Екі автобус адамнан аман қалғандар санаулы-ақ екен. Бір қолдың саусақтарының санынан аспайтын санаулы ғана бақытты жанның бірі Аяған еді.

Көңілін бұлт торлап, Алматыдан шыққалы бері қабағы ашылмай, іштей егіліп келе жатқан жігіт аспанға қарады. Қулық тауының үстінде малдың шарбы майындай ғана алашарбы бұлт қалқып жүр екен. Аспан шаңсыз, ашық, жас жуған орыс қызының көзіндей мөлдір.

Автобус Көртоғай аңғарынан шығып, Ақсай жазығына түскен кезде Аяған шалқайыңқырап отырып, көзін жұмды. Әсемнің бейнесі тағы да көлбендеді. Үстінде екеуі алғаш танысқан күнгі ашық қызыл түсті костюм-юбкасы бар. Кірпік қақпай қала қарап тұрған сияқты. Көзінде айықпас мұң. Бірнәрсе айтқысы келетін сияқты, бірақ тілі байланып қалғандай сөйлей алмайды...

Аяған күрсінді. Көкірегінің тереніндегі ыстық жас қорғасындай балқып келіп, тамағына қатып қалды. Иегі кемсендеп, ерні дірілдеді. Жанында отырған келіншектің өзіне таңырқай қарап қалғанын сезген жок. Сезгенменде қу жанын қуырып қинаған сұрапыл күштің құрсауынан құтылып шыға алмас еді. Ол сол отырған күйі өксіді-ай келіп...

– Сізге не болды? – деді жанында отырған келіншек бетінен жалап қана шапалақтап. Аяған көзін ашып алды. Көз шарасы жасқа толып кетіпті. Ол қинала бас шайқап, бетін бұрып әкетті.

Автобус зырылдап келеді, теп-тегіс жол кейін қашып бара жатқан сияқты. Қашып бара жатқан жол емес, уақыт секілді. Сонадайдан бұлдырап әрең көрінген бағаналар көзді ашып-жұмғанша артта қалып бара жатады. Ойлап отырса, адамның өміріне ұқсайды. Бағаналар секілді біріне бірі ұқсас жылдардың алда қаншауы қалғаны бір құдайға ғана аян. Қаншама бағана – жыл артта қалды. Күні кеше таң атқаннан күн батқанша үй бетін көрмей, жалаңаяқ жар кешіп, тыным таппай жүгіріп жүретін бала бүгін міне, тағдырдың таяғы мандайына қатты тиіп, жасына

жетпей “картайып” отыр. Алда не күтіп тұр? Бак па, сор ма? Кім біледі, баяғыда қапыда тап беріп, талайдың желкесін қиған кара түлей жалмауыздың арандай ашылған аузынан жаратқан тасбака тірліктің азабын мойнына асып кою үшін жұлып алған шығар. Алла тағаланың ниет-пейілі дұрыс болса соншама сорын кайнатып, ит аяқтан сары су ішкізіп қорлар ма еді?! Шындық іздеп шырылдап еді, түрмеге апарып тыға салды. Сындырмак болып әрі-бері бүктеді, онысынан ештеңе шықпасын білгеннен кейін мұны мұқатудың басқа жолдарын іздеді. Осы дүниеде тірі пендеге бір ауыз артық сөз айтпаған, қаршадайынан көрмеген қиындығы қалмаған, Әсем бейшаранын қандай кінәсі бар еді? Ендігі нысанасы кім оның? Кім?

Көкірегіндегі ашы айқай көмейіне келіп тұншықты. Қараниет қиянатшысы уысына түскендей жұдырығын жұмып, бар күшімен күшырлана қысты. Қатты тістеніп алған, жағы қарысып қалған сияқты. Уқалап отырып жағын әрең ашты да, көзін жұмып, шалқайып жатты. Зымырап келе жатқан автобусғын демі қысылып, жүрісі ауырлап, ыңырана бастады. Қайқы асуынан асып түскенше автобус ыңыранып, арба жүріспен жылжиды да отырады. Күн салқында аса білінбегенмен жаз айларында, әсіресе аспан айналып жерге түсердей ыстықта автобустың салоны кайнап кетеді. Ыстыққа шаң араласып, жолаушылардың берекесі кетеді. Көңпіс қазақ бұдан зорғыға да шыдайды.

Аяғанның есіне Алматыға бірінші рет бармак болып талаптанғаны түсті...

Нарынқол мен Алматының арасына жиырма адамға арналған “қоңыз” автобус қатынайтын. Сегіз класс бітіріп, қолына куәлігін алған Аяған техникумға түсу үшін Алматыға аттанды. “Қоңыз” автобусқа таласып-тармасып қырық шақты адам мінді. Автобусқа кіргенмен екінші аяғын қояр алақандай жер таппай қиналғаны әлі есінде. Біраз жүргеннен кейін салон шаңға толды, күн көтеріле шілденің шекеден өтер ыстығы өкпесін қысты. Кегенге жете бере Аяғанның жүрегі көтеріліп, иін тіресіп тұрған жұрттың үстін былғаған. Айқай-шу шығып, автобус тоқтаған. Сыртқа секіріп түскен Аяған жерге екі бүктеліп құлап еді. Автобусқа қайта мінуге жүрегі дауаламай, кішкентай қара чемоданын құшақтап, Кегенде қалып қойған...

Одан бері аттай жиырма жыл өтіпті. Уақыт – тұлпар қандай жүйрік. Қайырылып соңына қарауға мұрша бермепті. Ол уақытта қара жолдың шаңы бұрқырап жатушы еді, кішкентай “қоңыз” автобусқа таласып кірген жұрт Алматыға жеткенше тік тұрушы

еді. Қазір жол даңғыл, екі араға “Икарус” автобусы қатынайды. Шелектен тамактанып, ешкімге білдірмей бір бөтелге ақанды бөліп ішіп, Нарынқолға жеткенше ұйықтайды.

Аяған мойнын созып, сонына қарады. Манағы үш жігіт қылжиып-қылжиып ұйықтап жатыр екен. “Бұл біз туған ауылдың тайлағы-ау. Басына іс түскенде табаламайық” деудің орнына дүйім елдің көзінше кекеп-мұқап, мазаққа айналдырды.

— Құдайынды ұмытып кетіп едің. Алысқа ұзамадың,— деді бірі.

— Әр асқанға бір тосқан. Ақылы енді кіреді баланың,— деді екіншісі.

— Кел, бізбен бірге жүз грамм іш,— деді сілеусін көзді салпауыз жігіт. Жүз грамм ішкен соң мұрнының үсті тершіп, күнге тотыққан жүзіне қан жүгіріп, рахаттанып отыр. Ине жұтқан кәрі төбет секілді дауысы барқырап, түкірігі шашырап, аузына түскен сөзді айтып, ләйліп қалған. Аяған мұны сыртынан біледі, аудан дәрежесіндегі ақынсымақ. Тісіне өмір-бақи шетка тимеген болу керек, ара-арасы базданып кетіпті, аузынан қолқаны қабар сасық иіс бұрк-бұрк етеді.

— Әй, сен мені біліп жүр. Мен ақынмын,— деді әлгі. Көкірегіне ашу тығылған Аяған таныстығы болғанмен араластығы жоқ жігіттердің қылығына шамдана тұра үндемеді. “Кісілігі кем бейшараларға ренжіп қайтемін” деп өзін-өзі жұбатты.

Мектеп бітірген баласын жетектеп, “қол ұшынды бер, көмектес” деп талай ауылдасы келді. “Туыспыз, бір елдің баласымыз” деді. “Әкеңе жақсылығым өтіп еді” деді. “Шекен екеуміз бірге өстік. Сені талай рет көтергенмін” деді. Қойшы әйтеуір, қазақтың жүрек жылытар жақсы сөздерімен көміп тастайтын ауылдастарының өтініштерін орындай алмады. “Білімі жоқ балаға көмектесе алмаймын. Білімі бар бала өзі-ақ түседі” деді. Кей сәтте ет жақындарына көмектеспегеніне өкінеді. Ауылдастары мен ағайындары арқа сүйер асқар тау көріп, үлкен азамат деп келеді екен. Ал бұл оларды көргенде ері бауырына ауып кеткен асаудай тулап, келгендерді кінәлап иманын ұшыратын. Сөйтіп жүріп ауылдастарын бездіріп тынды. Тым ақиқатшыл, әділ боламын деп жүріп ауылдас ағайындарының алдында сүйкімін кетіріп алды. Ел-жұрты сыртынан “қайырымы жоқ, орыс мінезді” деп сөкті.

Анда-санда ауылға келгенде бұрынғыдай қоғадай жапырылып, қошеметтеп қарсы алмайтын. Ет жақын ағайындарының өзі елпектей қоймайтын, сарт мәзіретпен құтыла салатын. Айдарынан жел есіп, тасы өрге домалап тұрғанда ағайын-туғанның өкпесіне бөлендей мән беріп, жаны жабырқаған емес.

Олардың қыржия қалған қабақтарын көргенде “өкпелесе көшке берген тайын алсын” дейтін. “Ендігі қалған өмірімде қазақты бөлмей, тек шындықпен ғана өмір сүремін” дейтін Аяғанның қателескенін өмір сан рет көзіне шұқып көрсетті. Қазақ болып тұрып бөлінбеуің, туысшылдықтан құтылу мүмкін емес екен. Әсіресе ағайыннан бөлінуге, шеттеп қалуға болмайды екен. “Ат айналып қазығын табады” екен. Басына іс түскен азамат ағайынды арашаға шақырып, туған ауылынан пана іздейтінін Аяған соңғы уақытта түсінді.

Міне, кіндік қаны тамған атамекеніне келе жатыр. Ата-анасын көрмегелі бір жылдан асыпты, олар не күйде? Анасы аурушан еді, екі күннің бірінде бас көтере алмай жатып қалатын. Анасын ойласа-ақ көңіліне алан кіріп, мазасы қашады. Бір жылда көрген қиыншылықтарды көтере алды ма, жоқ әлде, жалғызының күйігіне шыдай алмай морт сынды ма? “Жалғызымның табанына батқан шөнге менің мандайыма кірсін” дейтін ананың Аяған дегенде шығарда ғана жаны басқа еді. Ол кісінің қал-жағдайы қалай екен? Алда қандай сый күтіп тұр?

Анасының мүрдесін құшақтап, зар еңіреп қалмасын әуелі. Қарға адым жерде өліп жатқан әйелінің хабарын жасырған нәлеттер бір қиырдағы ешкімге керегі жоқ кемпірді есепке де алмайтын шығар. Олар үшін істің мүддесі адамның өмірінен де жоғары тұрады екен. Аяған сегіз айдың ішінде осы шындықты ұқты. Адамның басы неге соншалық арзандап кетті? Адамның бағасын кемітіп, басын арзандатқан кім?

Сегіз ай бойы оймен алысып қажыған Аяған тағы да лағып кетіп бара жатқанын түсініп, тіктеліп отырып, сыртқа көз салды. Қаптап келіп қоршап қалған қалын ойдан құтыла алмады бірақ. Шалқалап жатып көзін жұмды...

Шындығын қорғай алмаған адам әрине арзандайды. Арзандамауға тырысып, шындығын қорғап шырылдаған әлсіз пенде басына екі-үш рет қатты таяқ тигеннен кейін-ақ үндемеуге үйренеді. Өзін-өзі іштей мүжіп жеп, тасқа шабылып жүзі майырылған қылыштай қадыры кеткен пенде күндердің күнінде бейшаралығын мойындайды. Өзінен жоғары тұрған, өзінен күші асқан әлдекімнің айтқанын қалт еткізбей орындауға дағдыланады. Жат десе жатады, тұр десе тұрады, ұр десе ұрады, қолына қанжар ұстатып, айдап салсан кез келгенді жарып тастаудан да қайтпас. Өйткені ол орындаушы. Өзін-өзі жоғалтқан жаппарқұлдарда “кешегі, ертеңгі күн” деген ұғым жоқ. Олар — бүгінгі күннің құлақ кесті құлдары. Олар өліп қалмау үшін ғана өмір сүріп жүрген өлермендер. Өлермендер!.. Жаманшылықтың әрқашан

үстем болып, ізгіліктің жеңіліп жататыны өлермендердің шамадан тыс көптігінен шығар. Айласы асқан әлдекім солардың қолымен от көсейді. Қай заманға да сондай сүмелектер керек...

Аяған мырс күлді. Есіне Мақсұт түскен. Сессия кезінде емтихандардан құлап қалмай ілдалдалап тапсырғанына жүрегі жарылардай қуанатын бейшара көпірден өткеннен кейін Қожанасырдың айласына салған. Әлдекімге арқа сүйеп, аспирантураға бөлінген бір орынға таласты. Алдияр Ақпанұлының арқасында әділдік жеңіп, аспирантураға институтты қызыл дипломмен бітірген Аяған қабылданған.

Тарих факультетіне математикасы жоқ, оқуы жеңіл болғандықтан ғана келіп, әлдекімнің көмегімен ілінген Мақсұт біраз уақыттан кейін қазақ халқының бір кезеңдегі тарихын жазамын деп тырашты. “Қолымнан келе қояр ма екен” деп күмәнданған жоқ. Қазақтың белгілі кезеңдегі тарихын былықтырып, нақақ күйген аяулы перзенттеріне күйе жағып, көпке топырақ шашты. Алдияр Ақпанұлы бастаған азулы топ болмағанда сол жолы Мақсұттың кандидаттық еңбегін “табыспен” қорғап шығарына дау жоқ еді. Өмірі ерлік пен шындықтан тұратын Алдияр Ақпанұлындай ғұламаға дәл сол жолы қолғанат болып, Мақсұтқа қарсы сөйлегеніне, жаланың құрбаны болған асыл ағаларын шырылдап қорғағанын Аяған әр сәт сайын мақтанышпен еске алады...

Ол заманда алашорда қайраткерлерін ашық қорғау мүлде мүмкін емес еді. Алдияр Ақпанұлы бастаған топ диссертацияның шикілігін тарихилық сипатының, қасиетінің жоқтығына әкеліп тіреген. Толып жатқан тарихи шындықтардың өрескел бұрмаланғанын дәлелдеген.

Ғылымда жолы болмаған Мақсұт көп ұзамай басқа қызметке ауысып кеткен. Оның қайда барғанын кейінірек естіп, “дұрыс болыпты” деп ойлаған. Оның дәл сол мекемеге барғанының бұрыс болғанын басына іс түскенде бір-ақ білді. Бірге оқып, бірге қызметтес болғанда Мақсұтты танымапты. Қандай биіктен лақтырсаң да төрт аяғымен түсетін ол кісі баласына аяушылығы жоқ мысық тілеулі пенде екен. Екеуі алғаш кездескендегі Мақсұттың қуаныштан бал-бұл жанған түрі көз алдында. Мұны табалағандай мырс-мырс күліп, қытығына тие сөйлеген. Мұны “Ахмет Байтұрсынов” деп мазақтаған. Ол ескі кегін ұмытпапты, қолынан келгенін істеп бақты. Адамның тағдыры талқыға түсіп, ақ-қарасын анықтайтын мекемеде жүрегінде кіршік жоқ азаматтар отырса шындық жеңеді екен. Мақсұт сияқтыларға осындай үлкен мекемелердің есігі қалай ғана оп-оңай ашыла

салатындығына Аяғанның ақылы жетпейді. Ол секілді мысық тілеулі пенделердің тым жоғарыда отырмағандығына кім кепілдік береді?! Жанұшырып жан-жаққа жіберген арыздары сондай тасмандайлардың қолына түскен шығар. Ондайлар басқаның басына түскен қасірет-қайғысына емес, уақтылы тамақтана алмай қалғанына күйінеді. Мұндай жағдайда адам арзандамай қайтсін.

Аренаға өлермендер шығып, билік тізгінін орташалар ұстаса қас таланттарда қадыр қалмайды. Ең бірінші арзандайтындар да солар болады екен. Қолында билігі бар орташа қас талантты мұқатып, оның беделін түсіріп, абыройын төгу үшін төңірегіне ештеңеден қайтпайтын, ұят-аят дегеннен ада болған өлермендерді жинайды екен. Өлермен үшін үлкен бастықтың тапсырмасын “абыроймен орындаудан” асқан міндет жоқ. Ол айқайлап айтқан өтірікке сене алмайтын момын қазақтың алдында қас талантқа жала жауып, абыройын төгеді, әбден меңгеріп алған әдіс-амалын қолданып, өзін-өзі қорғай алмайтын азаматты орташаның аяғына жығып береді. Әлдекімнің демеуімен биікке шығып алған кемталант орташаға қара басының қадыры қымбат, сондықтан ол бір халықтың абыройы, ары мен ұятына айналған азаматтың аяғының астында жатқанын қалайды. Өйткені оған ақылы асқан адам емес, айтқанын қарсыласпай, қалт еткізбей орындайтын өлермен пайдалы.

Қас таланттың бағасын білмей арзандатып алған халықтың жұлдызы жарық болады дегенге Аяған сенбейді. Барының бағасын білмеген ел өз қадіріне жете алмайды. Өз абыройын қорғай алмаған елдің тізгінін билікқұмар орташалар еш қарсылықсыз оп-оңай қолына алып, бір ұлттың мүддесін қара басының мақсатына бағындырады екен. Аяған осыны ұқты.

Іші қыз-қыз қайнайды, бірақ қолынан келер қайран жоқ. Келсе әлдеқашан ұйықтап қалған ұятты оятып, шынжырлаулы шындықты арашалауға жібермей ме? Қолынан бірнәрсе келсе осы халықтың ары, абыройы болған Алдияр Ақпанұлын жабыла талаған көп қорқаудан арашалап алмас па еді. Басқаны айтпағанда, өзін-өзі қорғай алмай қор болған жоқ па?! Ең ақырында мұның тағдырын аяғын қақпанға қаптырып алған арландай аласұрып, ата жауым қолыма қашан түсер екен деп аңдып жүрген көркөңіл Мақсұтқа тапсырған жоқ па? Онымен алысатын күші болмай мысы құрыды. Басында бостандығы жоқ, азаттығынан айырылып қалған Аяғанның оның дегеніне көнбеске әбді жоқ еді. Көнді мазағына, қорлығына шыдады. Қарсыласар шама жоқ. Қаптаған көп кандидаттың бірі Аяған түгіл азуын айға білеген атақты Алдияр Ақпанұлының өзі

жағаласуға шамасы келмей, шалқасынан түскен жоқ па. Алдекең адамнан жеңілген жоқ, ол кісі тіпті ұйымдасып алған бір топқа да онайшылықпен беріле қоймас еді. Алдияр Ақпанұлы уақыттан жеңілді. Заманның тілін таппаған пенденің көрер күні осы. Қарт профессор осы бір шындықты кеш те болса түсінген сияқты.

Кеше екі сағат жанында отырды, болған жағдайды түгелдей әнгімелеп берді. Профессор төбедегі бір нүктеден көз алмай ұзақ жатты, кірпік қақпады. Өлден уақыттан соң Аяғанға қарап, қинала күлімсіреді. Екеуінің көзі тоқайласқан, шалдың жанарында жылт еткен сәуле қалмапты. Жігіт ақырын ғана күрсініп, ұстазының еті қашқан, қу сүйегі қалған жас баланикіндей шілмиген білегінен ұстаған күйі үн-түнсіз ұзақ отырған.

Алдекеңнің ұзаққа бармасын іші сезеді. Біраз күн Алматыда болуы керек еді, бала-шағасына деген сағыныш оны дедектетіп ауылға қарай сүйрей жөнелді.

Бала-шағасы не күйде екен? Бибіні ойласа шыбын жаны шырқырап, жанын қоярға жер таппай қиналады. Бесіктен белі шықпай жатып жетім қалған үш ботасының алдағы өмірі қалай болар екен? Ата-анасы үш балаға қарамақ түгіл өздерінің басын әрең алып жүретін жасқа жетті. Анасы көптен бері сырқат. Ол кісіде үш баланың кір-қоңын жуып, тамақ жасап беретіндей шама жоқ.

Мәселенің кір-қоң мен тамаққа тіреліп тұрмағанын іші сезеді. Ең бастысы — үшеуіне аялы алақан, аналық мейірім, жақсы тәрбие керек. Кішкентайында дұрыс тәрбие алмаған бала үлкейгенде қанша әспеттеп, әлпештесең де кісіліктің биігіне шыға алмай шаршайды. Мойнына қандай қиындық түссе де үш ботасына дұрыс тәрбие беріп, адам қатарына қосуға міндетті. Сонда не істемек керек? Бала-шағасының жанында қалып, ата-анасының қолындағы ауыртпалықты алуы керек пе? Олай болса басын қатырмай үйленіп, қызметке тұрады. “Аяған келеді” деп күтіп отырған кім бар? Көлденең көк аттымен тағдырын қосақтап, артынан опық жеп жүрсе ше? Ол адаммен өзі тіл табысар-ау. Ал бала-шағасына ана бола алар ма, сірә?! Бибісін әрі-бері жұмсап, шырылдатып қуалап жүрсе жаны қалай шыдайды? Сондықтан асықпайды, үш ботасына ана бола алатын мейірімді жан іздейді.

Сондай адам табылсын-ақ. Кішкентай ауылда біржола қалып қоймақ па? Ғылымы жайына қалмақ. Жалған арыз жазып, жала жауып, сары ізіне шөп салып қорлаған Жақиялар жалғанды жалпағынан басып жүре бермек. Қазақстанның жаңа тарихын Жақиялар жазбақ. Жақия Тайлақұлы! Мұса Байларовтың өлермені. Қазақтың жаңа тарихын өлермендер жазады. Парадокс!

Қара қылды қак жаратын Алдияр Ақпанұлы жоқ. Халықтың бағына туған бір ғұлама ешкімге керек болмай, сағатын санап жатыр. Ал биік орында отырған Мұса Байларов ғылымға өзіне шын берілген орындаушы – орташаларды алып келіп, соларды қолдап, қолпаштап отыр. Орташалар мен өлермендер жазған тарихты оқып өскен ұрпақтан не үміт, не қайыр?! “Қазақта мындаған жылдық тарих жоқ. Қазақ тарихын он бесінші ғасырдан бастау керек” деп даурыққандар солар. Нақак күйген марқасқаларды қайтып тұрып кетпесін деп басқа тебетіндер, тіріле бастаса селебесін қак жүрекке қадайтындар да солар. Олар біріне бірі шаң жуытпайды, біреуін сынап сөйлесен, жабылып талайды. Сондай талауға түскеннің бірі өзі, бәрінен жұрдай болып, сүмендеп ауылына келе жатыр. Алды бұлдыр, бағдары жоқ.

Аяған көкірегі қарс айырылардай күрсініп, сыртқа көз тастады. Жүрдек Икарус оны туған жерінің шетіне алып келіпті. Құлағына тау өзенінің айбарлы гүрілі естіліп, танауын көк шалғынның жұпар иісі қытықтаған секілді. Көзін жұмып алды. Балалық шақтағы көріністер көлбендеп, тірі суретке айналды...

Сонау бір қалың қарағанның ығынан ытқып-ытқып шыға келген бір топ елік андағайлап, айқайлап тұра жүгірген балаларға үрке қарап сәл кідірді де, жалт бұрылып, кері қашты. Ғажап! Қол созымды сеңгір-сеңгір ұлы тау, оның етегінде ит тұмсығы батпас қалың тоғай. Сол тоғайды қак жарып тау өзені ағады. Ауылдың шеті көк майса, мың түрлі гүл қараған адамның көзін қарықтырады...

Аяған талай жерге барып жүріп туған жеріндей ғажайып сұлу мекенді көрген емес. Жұрт мақтаған Швейцарияны да көрді. Атақты Рейн өзенінің бір жағына Лихтенштейн мемлекеті, екінші қаптасына Швейцария орналасқан екен. Алла тағала шебер-ақ қой. Нарынқол өңірінің табиғатын Еуропаның батыс бөлігіне айнытпай қайталапты. Екеуі бір анадан туған егіз бала сияқты.

“Әр жердің қайталанбас ерекшелігі бар. Ұлан ғайыр даланың сұлулығын көре білу үшін көз керек” дейтін бір танысы. Таласы жоқ. Сұлулық туралы әркімнің түсінігі әрбасқа. Аяғанға салса туған жерін сұлулықтың эталоны дер еді. Адамда атамекен біреу. Оны сатып алуға болмайды. Туған жер – әрбір перзенттің жүрегінің құндағында жатады. Одан алыстаған сайын сағыныш шіркін жүрегін сыздатады. Аяғанның түсінгені – туған жер арқа сүйер асқар тау екен. Туып-өскен мекенің, кіндікжұртын кие тұтқан пендені сол жердің аруағы қолдап, желеп-жебеп жүреді екен. Кішкентай кезінде осы тақылеттес сөзді әкесінен жиі естігенмен мән беріп, байыбына бара бермейтін. Туған жер,

атамекеннің қадыр-қасиетін ержетіп, ақыл токтатып барып бірақ білді. Басына қиын іс түсіп, жүйкесі шаршап, жанын қоярға жер таппай тыпырлаған сәттерде көзін жұмып, сол бір қасиетті атамекеннің ең көрікті жерлерін көруге тырысатын...

Сол сәтте қол созымда созылып жатқан салқар таудың беткейіндегі қалың карағай “Қайраттың” жеңісіне дүрілдетіп қол соғып, дүркіреп орнынан тұрып кеткен мың сан жанкүйерге ұқсайды. Төңкерілген қазандай болып теңкиіп жатқан қойтастарды былш-былш соғып, қашан аяз біткенше ашуы басылмай гүрілдейтін тентек өзеннің екі қапталын қуалай өскен қалың тоғайда жүргендей сезінетін өзін. Осындайда сідік сасыған тар қапаста емес, жұпары аңқыған тау ішінде жүргендей тынысы кеңіп, жаны жай табатын. Өзін-өзі алдап жұбатқан, алданып ұйықтаған күндері аз емес.

Пенде баласы ойша өмір сүруге үйренеді екен. Адамның ақылдылығы – қандай қиын жағдайда да жол таба білетіндігінде болу керек, сірә.

Иқарус үйіріне ілесе алмай, орта жолда шөгіп қалған нар секілді денкиіп сұлап жатқан Лабасы тауының тұсынан өтіп барады екен. Бір қырынан карағанда күдебел дөңкіген тау. Лабасының қандай екенін Аяған бір жылы Ақтастың биігіне шыққанда білді. Түйе өркеш тау деп жүргені бұдыры жоқ жазық екен. “Ат бәйгесін өткізетін алан мұнда жатыр ғой” деп таң қалған.

Қайнар ауылынан өте берген тұста Хан-Тәңірінің анық көрінісін білетін Аяған автобустың терезесіне жабысты да қалды. Ұлы шың қашан болсын тұтас тұлғасын көрсетпей, бұлт-көрпесімен кеудесін жауып алады. Бір кездерде ұлы шынның ұшар басы Аяғанға жаудың жалауын тесіп шыққан найзаның ұшы сияқты болып көрінетін. Бала Аяғанның білмейтін құпиясы көп болғандықтан ба, Хан Тәңірі тым сұсты еді.

Сол сұсы әлі де жоғалмапты. Ұлы шың бұлт-көрпемен бүкіл денесін жауып алыпты, ұшары ғана найзаның ұшындай болып қылтиып тұр. Енді аңғарды, қылтиған найза шың төж екен. Тұтасқан қалың бұлт сол төжді Хан Тәңірінің басынан жұлып алып, қашып бара жатқан сияқты.

Аяғанның миығына мысқыл ілінді. Бұл өңірде Хан Тәңірімен төжге таласатын шың жоқ, ал өмірде мүлде басқаша. Хан Тәңіріндей асқақ дарындардың орнына көзге қораш қопал төбешіктей ғана әлдекімдердің отырып алып, тірі пендені көзге ілмей шіренетінін ойлап, жігіт ызалана езу тартты.

Аяғанның ұғымында, профессор Алдияр Ақпанұлы Хан Тәңіріндей абыройы биік, ешқашан төмендемеуге тиіс азамат еді.

Талапай, талауға түскен ұлы шындықты зорлықшыл орташалардан қорғаймын деп жүріп абайсызда омакаса құлады. Қазақ деген халықтың Хан Тәніріндей ұлы перзенті әлдекімдердің кесірінен құлап, қарға адым жер мұң болып жатқанда ұлттын санын көбейтіп жүрген шуылдақ тобыр басын сүйеудің орнына табалап күлді. Санатқа қосылмайтын тобырға халқының абырой-атағын асырар біртуар азамат емес, уақытша болса да айтқаны өтіп, атқаны жетіп тұрған орташа керек екенін Аяған сол кезде түсінді. Халықпыз деп жүрген тобырдың жетекке ерген өлермен екенін алғаш рет білгенде сұмдық шошыған. Жылдар бойы миын мүжіп, жүйкесін жұлып жеп, жанына бір сәл тыншу бермеген сан сұрақтың жауабын бір-ақ сәтте тауып, есеңгіреп қалған. Халықтың ғасырлар бойы жасалып, заманалардың елек-сүзгісінен өткен асыл қазынасын сыртқы күш, қазақтың іргелі ел болғанын қаламайтын мысық тілеулі күшті жұрт жоғалтып жатыр деп ойлайтын. Жок, жау сырттан келмепті. Өз бағасын, өз қадырын білмейтін үлкен ел айдауға жүргіш, байлауға көнгіш тобырға айналыпты. Ол тобырға мақтаныш қылар Хан Тәнірінің де, сол ұлы шындай абыройы биік азаматтың да керегі жоқ екен. Бір замандарда намысын ту етіп көтерген ел үшін тып-тыныш жер басып жүру, күн көріс негізгі мәселеге айналыпты. Қарны тойған қалың ел бабалар аманатын да, қабырғасын қайыстырған қайғысын да бір-ақ күнде ұмыта салыпты, жыртығын жамаудың орнына жырқ-жырқ күліп жүре беретін жыртақайға айналыпты. Жыртақайға намыс мазақ болып па? Кешегісін білмейтін, ертенгісі ойына кіріп шықпайтын жыртақайды көрінген көк аттының қанжығасына байлап жібер, ол әлгінің жыртысын жыртып жүре береді.

Адам түгіл өмір де осындай. Жыртақай тірлік... Маған елікте, маған бейімдел дейді. Қарсыласқан қабырған, жағаласқан жағын сынады. Көнбеске лаж қайсы? Іштей қарсыласа тұра жыртақай тірліктің көшіне ілесіп, итшілеп ілбисін де отырасын. “Адам үш күннен кейін көрге де үйренеді” деген рас екен. Жыртақай тірліктің иіріміне түскен адам одан шыққысы келмейтін тәрізді. Аяған сол иірімге қиналып түсіп, енді қимай жүрген талай маркасканы көрді. Жыртақай тірлік! Мафия!.. Оның дәмін алған адамның басы жадыланып қалған шығар. Кім біледі, сондай жадыбас біреудің жетегіне ерсе бұл уақытта Аяған да жыртақай тірліктің тұңғығында осынау жалғанның жақсылығына тоймай, балық болып шоршып жүзіп жүрер ме еді. Алдекене ілесіп, аман қалды әйтеуір. Алдекен, Алдияр Ақпанұлы!.. Ешкімге ұқсамайтын ерекше тұлға... Дүниенің рахатынан саналы түрде бас

тартып, азабы мен мехнаты көп жолды тандап алған біртуар азамат... Жолындағысын жайпап, жалап-жұқтап келе жатқан жалмауыз-жыртақай тірліктің жағасына жармасты ол. Хан Тәңіріндей азамат оны тоқтата алған жоқ, бір сілкігеніне жарамай жайрап түсті...

Аяған Хан Тәңіріне тағы да тесілді. Ұлы шың әп-сәтте ғайып болып, аласа шоқылардың тасасында қалып қойыпты. Хан Тәңірінің белдігіне қолы жетпей, қонышын сүртіп тұратын шоқысымақтар тым маңғаз. Аяғанның көз алдына екі бүйірін таянып, тәлтиіп тұра қалатын Максұт келді. Ол тәлтиіп тұрып “менен үлкен ешкім жоқ, сенің тағдырың біздің қолда” дегенді аңғартатын. Бұл оған сенетін. Максұт шынында да мықты болып көрінетін. Табиғат та дәл осылай екен. Ұлы шың тасада қалғандықтан ба, бер жақтағылары биік болып көріне бастады.

Ауылдан ұзап шықпаған Аяғанға қол созымдағы Ақбұлақтан биік шың жоқ сияқты болып көрінуші еді. Кейін ержеткен соң алыстап барып қарағанда білді, Ақбұлақ осы өңірдегі көп шоқылардың бірі ғана екен. Соған қарамастан өз шоқысы Аяғанның көңілінде сол заңғар биік күйінде қалды.

Барған жерінде тау көрсе оларды Ақбұлақ шоқысымен салыстыру Аяғанның әдеті. Анау жылы Лихтенштейн, Швейцария елдеріне барғанда Ақбұлақтың биік шоқы таппай қуанып қалған.

Жетінші бітірген жылы жазда бірінші рет сол шоқының басына шыққан. Бұрын Ақбұлақтың ұшарына шыққан адамға дүниенің барлық шеті көрінетін тәрізденуші еді. Ол биік шынның ұшпасында тұрып, жан-жағына көз жүгіртті. Кіндікжұрты Қаратоған алақандағы асықтай анық көрінеді екен. Колхоздың орталығы деп есептелетін Жамбыл ауылы мен Қаратоғанның арасы бір-ақ қарыс жер. Оған Нарынқолдан үлкен шаһар жоқтай болып көрінетін. Тым биіктен қарағандықтан ба, сол жолы шапшағын ауылды көріп, көңілі қоңылтақсып қалған.

Аяған Ақбұлақтың басында тұрып әкесі айтып отыратын атақты Шалкөде мен Шұбарталды және басқа ауылдарды бірінші рет көрді. Шекараның түбіндегі шеткі ауыл Сүмбе, одан беріректегі Сарыбастау, батысқа қарай жылжыған саусағы тау етегіндегі Шибұтқа, Қошқарға, одан беріректегі Қарасазға келіп тірелді. Тесіліп қарағандықтан ба көзі талып кетті.

Шыжыған шілде болса да таудың басы салқын, өңменінен өтердей суық жел оны шыңның ұшарынан жұлып алып кетердей екілене соғады... “Ақбұлақтың басынан секірсем, топ етіп есіктің алдына түсер едім-ау” деп қиялданған.

Ақбұлақтың басына бұдан кейін де талай рет шыққан. Етекте жүріп жабырқағанда небір ғажайыптарды ансайтын бала көңілі оны биік шынға жетелейтін. Шаршап-шалдығып, тілі салақтап жеткен Аяған шынның ұшпасында тұрып ұшы-қиыры жоқ кен дүниеге көз жүгіртетін. Сол сәтте көңілін құрсаған мұн сейіліп, жаны шаттыққа кенеліп, ғынысы кеңіп сала беруші еді. Биіктіктің осындай сикыры барын Аяған сол кезде білген.

Ақбұлақ шыны Аяғанның тұғырындай еді. Сол шың осыдан жиырма жыл бұрынғыдай кеудесін шалқак ұстап, мізбақпай тұр. Ол енді жүз жылдан кейін де осы қалпында тұра береді.

Қаладан шыққалы бері сіркесі су көтермей, қаптаған қалың ойдың шабуылынан қажып, қалжырап отырған Аяған шың-тұғырына перзенттік інкәрлықпен ұзақ уақыт карап отырды. Икарус Нарынқолға жақындаған сайын шың биіктеп бара жатты. Анау беткейде балалық шағының іздері сайрап жатыр.

“Қасиетті атамекен, армысын!” деп күбірледі жігіт. Осы сәт оның қайғының тұтқынындағы, күйініш пен қасіреттің ауыр салмағынан әбден әлсіреген жүрегі лүп етіп, қозғалып кеткендей болды. Тұғыр-шыңы, қасиетті атамекені оны бүкіл пәле-жаладан құтқарып алардай ширығып, еңсесін көтеріп отырды. Автобус Қызылұштың тұмсығынан бері өтіп, Жамбыл мен Қаратоғанға апаратын бұрылыс жолға жеткенде түсіп қалды. Қара жолдың қасиетінде тауға карап, ерні жыбырлап, күбірлеп сөйлеп, қимыл-қыбырсыз ұзақ тұрды. Зымырап келе жатқан машиналар сонадайдан бажылдай бастайды. Аяған ештеңе естімейді, екі құлағы таскерен.

Аяған жолдың жағасына шығып, алашабырланып жатқан қасиетті атамекенін құшақтап сүйді. Көзінен ыршып шыққан қос тамшы қара жерге мөлт-мөлт тамды.

41

Сырттан біреу келсе тайлы-таяғымен аулаға шығып, бейтаныс көзден таса болғанша анырайып карап тұру — ауыл адамдарының әдеті. Жол қапшығын арқасына асып іліп, ілбіп келе жатқан Аяғанды ауылдастары тани қоймады. Үстінде мақта салып, сырып тіккен күрткесі, басында берет, бұтында техас шалбары бар мұртты жігітті көпшілігі Алтынкенге кетіп бара жатқан геолог деп ойлаған. Лайсан кешіп келе жатып жұртпен қазакша амандасқан жігіт карап тұрғандарды аң-таң қалдырып, Қуат қарияның ауласына кірген.

Қашаға камалған үш-төрт қойға мықшындап шөп басып

жүрген Елжас кіріп келе жатқан адамға жалт қарады, қолындағы айырды тастай салып, сүріне-қабына әкесіне ұмтылды.

– Көке-е!

Аяған жүгіріп жеткен ұлын көтеріп алып, құшыры қанбай аймалап сүйді. Елжас әкесінің мойнынан тас қып құшақтап алған, оның көзінен мөлт-мөлт тамған ыстық тамшы Аяғанның мойнын күйдірді.

– Құлыным-ай!..

– Кө-ө-к-е-е!..

Тапал тамнан жалаңаяқ, жалаңбас Олжас жүгіріп шықты. Аяған үлкенін босатып, екінші ұлын аймалады. Олжастың қуанышында шек жоқ, әкесінің келгеніне қуанғаны соншалық бұлқынып босанып алды да, айкайлап үйге кіріп кетті.

– Көкем келді! Көк-е-ем келді!..

– К-ө-к-е-е!..

Бибі босағадан аттаған әкесіне ұмтылды. Жігіт тізерлеп отыра калып, қызын құшақтап, әр-әр жерінен шолпылдатып сүйе бастады.

– Жаным! Жарық күнім! Бибішім менің!

Үйге Қуат қария кірмегенде екеуінің құшағы жазылмас еді.

– Келдің-ау, ақыры, құлыным-ай! – деді шал баласын құшақтап тұрып. Сакалы селкілдеп, көзі жасаурады.

– Әже, көкем келді! – деп Олжас түпкі бөлмеге кіріп кеткен. Артынша Нұршаның анырап, жоқтау айтқан зарлы үні естілді.

– Бар, шешенмен көріс. Екі күннен бері орнынан тұра алмай жатыр.

Ажалдың қапқан қармағын-ай,
Арманда кеткен ардағым-ай.
Қызымдай болған жарығым-ай,
Жоқтаумен сені зарладым-ай...
Әсемжаным-ай!.. Уһ!..
Қыршыныңнан қиылдың-ай,
Наурызында биылдың-ай.
Аман болсын-ай үш ботаң,
Құдайыма сиындым-ай!..

Анамның дауысы осыншалық ашы деп ешқашан ойлаған емес еді. Зарлы әуенге салып, жоқтау айта бастағанда қиыншылықты көре-көре жібіместей тас болып қатып қалған жүрегі езіліп, еңкілдеп жылап келіп, анасын құшақтай алды.

– Отымның алды, суымның тұнығы-е, келдің бе? – деп Нұрша кемпір ұлының маңдайынан сүйді – Әсемім сорымды қайнатып тастап кетт-е-е... Е-е, шұнақ құдай, мені неге алмадың одан да?!

— Әж-е-оу,— деп аузы бүртып көз шарасы жаска толған Олжас Нұршаны құшақтай алды. Әкесінің келгеніне қуанып, секіріп билеп жүрген Бибінің де екі көзі боталап, қабағына көлеңке қонақтады. Елжастың басы салбырап түсіп кетіпті, мұрны пысылдап, қабырғаға қарап, жылап тұр.

— Жә, болды! — деді Қуат қария қатқыл дауыспен. — Балашағаның шырқын бұзба!

— У-у-һ! — Мойнынан құшақтап Олжас пен жанында тұрған Бибіні кезек-кезек беттерінен сүйді. Сонан соң Елжасқа: — Әй, шалдың баласы, бері кел,— деп дауыстады. Жанына келген немересінің көз жасын сүртіп, бетінен сүйді. — Жарық күнім әншейін!.. Сендер болмасаңдар жанымды қинап, омалып отырма едім... Әлдеқашан өліп қалмаймын ба...

Балаларға арнап Хадиша алып берген тәтті-тәмелекті Аяған жозының үстіне жайып тастады. Үшеуі мәз-мәйрам. Әсіресе Бибінің қуанышында шек жоқ. Қалталарын кәмпитке толтырып алды.

— Тістейін ауыйады, кәмпитті көп жемендей,— деп екі ағасына ақыл айтып қояды. Орнынан тұра алмай жатып қалған Нұршаның қабағы ашық. Қайта-қайта құдайдың атын аузына алып, күбірлеп сөйлеп, бетін сипап қояды.

Аяғанның байқағаны — әкесі бір жылдың ішінде қартайып, шөгіп қалыпты. Мықтап жүдеген. Былтыр сақал-мұрты буырыл еді, бір жылдың ішінде таза ағарыпты. Көзінің нұры тайып, кілмиып жасып қалған сияқты. Ауыр жұмыс әбден титықтатқан адамдай екі иығы сөлбірейіп, әлсін-әлсін күрсініп қойып, сүлесөк отыр. Қалжырап, қажып қалғаны жүзінен байқалады. Жалғыз ұлдың уайымына күйкі тірліктің күйбені қосылып, аямай талап тастапты. Бойында қалған күш-қуаттың сарқындысына сүйеніп, ілдалдалап жүрген шал әрең деп орнынан тұрды.

— Саған атаған мал бар еді, ұлым. Кеш батпай құран оқып, малды реттейін,— деп Қуат қария сыртқа беттеді. Босағадан аттай бере тоқтап, соңына бұрылды. — Елжасжан, Жәмиланы шақырып келші.

Аяған әкесіне ілесіп сыртқа шықты. Ол кісі шынында шаршап қалыпты, жүрісі ауырлаған, аяғын жерден әрең алады, кәдімгідей-ақ еңкіш тартқан. Былтыр жазда келгенде ширақ еді, екеуі үш-төрт күннің ішінде екі мая шөп шапқан. “Уақыт емес, көкемді уайым жеп қойған шығар” деп ойлады Аяған.

— Көке, қойды мен сояйын,— деді әкесінің соңынан қашаға кірген жігіт.

— Сен Әсемнің басына барып қайт, ұлым. Аккүнгеіге, Сағынтай атанның жанына қойдык,— деді шал. — Атанның қай тұста жатқанын білесің бе?

Аяған мүдірді. Өтірік айтуға аузы бармады. Аккүнгеідегі қорымға ат басын тіремегелі не заман.

— Аккүнгеі шаһарға айналып барады. Атанның бейітін таба алмассың-ау. Есентайды ертіп келейін. Малды сол сойсын.

Есентай көрші тұратын жамағайын. Аяғанды құшақтап көрісіп, көңіл айтқаннан кейін екі білегін түрініп, жалпақ қара пышақты жаландатып, жануға кірісті. Қуат қария торы биесін ерттеп, Аяғанды мінгестіріп алып, Аккүнгеіге — бабалары тандап алған мәңгілік жайлы мекенге қарай аяндады.

Торы биені қорымның сыртына қалдырып, әке мен бала басқалардан биіктеу көрінген төмпешіктің жанына келді.

Аяғаның келді, келін шырағым,— деп дауыстады шал. Жігіт селк етті, тұла бойы дүр ете қалды. Әкесінің сақалы селкілдеп, екі қолы тағатсыз дірілдей бастапты.

Келін мұнда жатыр,— деді шал төмпешікті иегімен нұсқап. Тізерлеп отырып, күбірлеп құран оқыды да, бетін сипап, орнынан тұрды. Сонан соң келінінің қабіріне іргелес жатқан төмпешіктің жанына барып, тізе бүкті, бір шымшым топырақ алып, сыртқа тастады да, мола аралап кетті.

Аяған тәңірі қосып, тәңірі өзі алып кеткен жарының басында үн-түнсіз біраз отырды. Көңілін өксік жаулағанмен көзінен бір тамшы жас шыкпады. Әсемнің қазасына кінәлі адамдар есіне түсіп тұла бойын ыза кернеп, тістене күбірледі.

— Сен үшін, балаларым үшін... Барлығымыз үшін олардан кек аламын. Біздің де күніміз туар. Туады, Әсем, туады. — Көзінің суағарына ілініп тұрған жалғыз тамшыны бөбек саусағымен іліп алып, шертіп жіберді. — Дәл осы жерден мәңгілік мекен табамын деп ойладың ба, Әсем-ау,— деді сонан соң дауысы бұзылып. — Кімнің сүйегінің қайда қаларын кім білген. У-уһ!.. Топырағың торқа болсын, жаным. Үш ботамды арқалап жүріп бақсам да жаманшылық көрсетпеймін. Бірақ сенің орның толмайды ешқашан. Тірлігінде көңіліңді қалдырған жерім болса кешір, жаным.

Мола аралап кеткен әкесі қайтып келіп, тізе бүкті.

— Өмірзая жұлдыздай ағып кетті бір ғұмыр. Өмірзая жұлдыздай жарқ еттің де жоқ болдың. Е-е-е!.. Соңында қалған үш шыбының аман болсын... — деді шал дірілдеген дауысын созып. Сонан соң шарт жүгініп отырып алып, құран оқуға кірісті. Бұл жолы манағыдай қысқа қайырмай ұзаққа сілтеді.

Бұл дұға Байжігіт баласы Сағынтай мен Қуат келіні Әсемнің аруағына бағышталды. Осы қорымда жатқан аруақтарға құдайдың рақымы түсіп, пайғамбарлардың шапағаты тие берсін! Аумин! — деп шал бетін сипады. Аяған әкесінің аузынан шыққан сөзді іштей қайталап, орнынан тұрды. — Жүрейік, балам. Ел-жұрт, ағайын-туған құлактанып, сені күтіп отырған шығар.

Торы биеге мінгескен әке мен бала ауылға қарай аяндады. Аяғанның құлағынан әкесінің:

— Өмірзая жұлдыздай ағып кетті бір ғұмыр,— дегені кетпей қойды.

“Өмірзая... Өмір-зая” деп ауылға жеткенше сан рет қайталады.

42

Қысы ерте түсіп, жазы үнемі кешігіп жүретін таулы өңірдің халқы табиғаттың сәт сайын құбылып тұратын мінезіне үйренген. Теңіз деңгейінен үш метр биікте жатқан Нарынқол өңірі үшін жазда қар жауу үйреншікті құбылыс. Ақбұлақтың басына бұлт ілінсе жаңбыр жауады, арты бұршаққа, иә қарға айналып кетеді. Артынша жарқырап күн көрінеді де, Жер-Ана моншаға түсіп шыққандай бусанып, терлеп, буы бұрқырап жатады. Кейбір жылдарда қырық күн шілдеде мейірімі көл-көсір жарықтық күн Жер-Анаға сарандық жасайды. Ертеден қара кешке дейін колхоздың бітпейтін жұмысынан белі бүгіліп, ауыр бейнеттен қажыған ел қолдары қалт еткенде суға түсіп, күнге қыздырынып жатуды армандайды. Ондай бақытты күн қайда. Ізінді андып, қыдындап бригадир жүреді. Ретін тапқанмен тәуекел деп, суға түсетіндер сирек. Асқар-асқар шындардың ұшарындағы мұздан бастау алатын тау өзені дененді қарып түседі. Күннің жылуы әлсіз. Соған қарамастан ауылдағы бала-шаға суды ермек қылады.

Ал жаз мезгілімен келіп, күн жарықтық мейірім-шуағын аямай төккен таулы өңір нағыз бейіш мекенге айналады.

Мұндай жылдары ел-жұрттың қабағы ашық, той-томалақ көп. Бала-шаға су сүйектенгенше Байынқолдың жағасынан ұзап кетпейді. Бұл жылы жайлау сәнді. Қолы бос жұрт тайлы-таяғымен жайлауға ағылады. Бір қызығы — мұндағы жұрт жайлауда отырып жайлаудың төрін іздейді. Жарықтық жайлаудың бағы асқан жылдары жан-жақтан туысқаншылап, жеқжатшылап ағылатын адамдарда есеп болмайды.

Табиғаттың биылғы мінезі бөлек, қытымырланып қабағы ашылмай тұр. Көкпеңбек мұз түстенген аспаннан жылы шуақ емес, суық ызғар келіп тұрғандай, жердің тоны да жіби қоймаған тәрізді. Бесін ауа бере Байынқолдың аңғарынан өнменнен

өтердей суық жел соғады. Мамыр айы аяқталуға айналғанмен таудың теріскей бетіндегі қалың қар әлі сіресіп жатыр. Жазықтың өзі ала-шабыр, күндіз ептеп еріген болады да, кешкілік жер қатқакқа айналады.

Табиғаттың мінезі әсер етті ме, туған жеріне келмеген Аяғанның жаны жадырап, еңсесі көтеріле қоймады. Анталап келіп бас салатын ашқарак ойлардың талауына түсіп, күні бойы мең-зең болып жүреді де қояды. Сары уайым жүрегін шымшылап, маза бермейді. Бір уақ бала-шағасын алданыш қылып, уайымның азабынан құтылғандай болады.

Алысқа ұзап шығатындай жағдай жоқ, жер әлі дегдімеген, кара жол лайсаң. Қонаққа баруға да құлықсыз. Ет жақын ағайындарының отауына кіріп, сәлемдесіп шыққан. “Аяған келіпті, көңілін көтерейік” деп жүрген жұрт көрінбейді. Аяған түгіл атағы алты алашка кең жайылған ұлының да қадыр-қасиетін біліп қарық қылмайды бұл ел. Азаматы о дүниеге аттанып кеткен соң ғана алла тағаладан қорыққандықтан аза тұтып, қадырына жеткен болып жатады. Және қай-қайсысы болмасын сол адамға тірлігінде көп жақсылық жасағандай күпініп сөйлейді. Сол арқылы өзінің беделін өсіріп, бағасын арттыруға тырысады. Аяған ондайлардың талайын көрді. Ішіп алғандардың барлығы Мұқағалимен жан қиыспас дос болғанын, бірге жүргенін айтып, аузы көпіріп сөйлегенде тоқтата алмайсын. Ондайлар осы ауылда да бар екен. “Анау бір жылы Алматыға барғанда көкбазардың жанында Мұқағали ағам кездесіп қалып, ой, бір шалқыдық-ау” деп бастайды. Олардың сөзіне қарағанда “Нарынқол жақтан кім келер екен” деп Мұқағали көкбазарда жүретін сияқты.

Қонаққа шақырған үй үстелге алдымен арақ қояды. “Айғыр” стаканды толтырып, “алып қойға” басады. Алып қоймасаң ренжиді. Аурумын десең жалынады. Әйтеуір не керек, басқаға арақ ішкізуге келгенде адам баласы неше күн ойлап таба алмайтын, жүрекке дық-дық тиетін небір сиқырлы сөздерді лақылдатып төгеді. Мұндайда қасарысып көнбей отырған адам қалай мас болғанын білмей де қалады екен. Алғашқы күні Аяған ауылдастарының жүрек жібітер жылы сөздеріне елігіп, біраз жерге барған. Ертесіне орнынан тұра алмай сұлап жатты.

Шешесін аудан орталығындағы ауруханаға орналастырғалы бүгін бесінші күн. Екі ара көлігі бар адамға жарты-ақ сағаттық жол. Соған қарамастан бес күннен бері бара алмады. Кемпіріне Қуат қария барып қайтқан. “Шешен тәуір екен, сыртқа өзі шықты” деп келді. Аяғанның байқауынша, тіршіліктің тепенімен жүріп, ауруын асқындырып алған сияқты. Алматыға алып барып

емдетуге қолдың қысқалығы кедергі жасады. Соны біліп, анасы да салмақ салмады. Ұлының ұсақ-түйек шаруадан шаршап, жалығып жүргенін білді ме, ертеңгілік әкесі:

— Торы биеге мініп, жер көріп, қыдырып қайт,— деген. Балалық шағында жалаң аяқ шарлаған аймақты аралап көруге неше күннен бері аңсары ауып жүрген Аяған қуана келісті.

Торы биеге мініп, өзен жағалап, Алтынкен жаққа қарай аяндады. Байынқолдың екі қапталын қуалай тұтаса өскен қалың тоғай таздың басына шығатын үлпілдек шаштай селдіреп-ақ қалыпты. Арнасына сыймай аунақшып, үлкен-үлкен қой тастарды гүрс-гүрс ұрып, аласұрып жататын тентек өзеннің суы тартылған. Жылап аққан көздің жасындай сылдырлаған мардымсыз суды көріп, Аяғанның жаны жабырқалды. Кең арна қансып қалыпты. Мынау беткей тұтасқан қалың қарағай еді, қаптап кеткен томар қол-аяғы шолақ мүгедек адамдарды еске түсіреді екен. Жер-Ана да тозған, оңға қарасаң да, солға қарасаң да айдау. Жыртылмаған, беті аймандалмаған алақандай алаң қалмапты. Баяғыда осынау жазық көкмайса шалғын еді. Мың түрлі шөп пен гүлдің жұпары кешкілік Байынқолдың аңғарынан самал сокқанда бүкіл ауылды алып кететін. Күндіз көң сасып тұратын ауыл күн кешкіре жұпар иістенетін. Талай-талай елге барып жүріп ондай ғажайып иісті Аяған сезген емес. Енді міне, арада жиырма-жиырма бес жыл өткенде көркіне көз тоймайтын өлке ауру-сырқаудан жеңіліп, азып-тозған сұлу келіншектей барынан жұрдай болыпты. Осы күйініште кете берсе енді бір он, он бес жылда мұнда сайғақ болар жетім тал қалар ма екен?

Аяғанның есіне осыдан көп жылдар бұрын “Білім және еңбек” журналынан оқыған фантастикалық әңгіме оралды. Шығарманың бас кейіпкері нағыз орманды бір көруді армандайтын ұмытпаса. Ол бейшара қиялындағы орманды жылдар бойы іздеп, таба алмай шаршайды. Ақыры ол жасанды шалғында синтетикалық ағаштар мен гүлге қарап жатып көз жұмады...

“Озбырлығын қоймаса күндердің күнінде адамзат баласы сондай жағдайға жетер” деп ойлады жігіт. Ентігіп тоқтаған торы биені сипай камшылап, ілгері озды.

“Табиғаттын тозуы адамзат баласының азуынан басталады” дейтін Алдияр Ақпанұлы. Бұл сөздің мәнін Аяған кешірек ұқты. Болашағын ойлаған қоғам ең алдымен табиғат-ананы аялап, ардақтауы керек екен. “Табиғат қорғау дегеніміз – табиғат арқылы адамзатты, оның болашағын сақтау” дейтін профессор Ақпанұлы қыза-қыза келе. Өз бағасын өзі біліп жарытпаған пенде табиғатты қайтсін. Табиғат ол үшін қорек, күн көрісіне

керек шикізат көзі ғана. Осындай түсініктің жетегіне ерген адамзат қоғамы адам мен табиғат арасындағы теңдікті бұзу арқылы өзіне өте зор қиянат жасап отырғанын Аяғанның сұңғыла көңілі баяғыда-ақ сезген. Қазақстанның әр облысына барып жүріп адам баласының қолымен жасалған небір сұмдықтарды көріп, жағасын ұстаған.

“Бүлінбеген, құлын мүшесі бұзылмаған бір ғана жер бар” деп ойлайтын. Енді міне, сол мекенді көріп, көңілі бұзылып келеді. Есіне әртүрлі кітаптар мен журналдардан оқығандары түсті.

Адамдардың шаш та төк қылығының зардабынан Апенин жарты аралын көмкерген қалың орман аз уақытта тып-типыл болып құрып кетіпті. Тарихтың айтуына қарағанда, Мин династиясы үстемдік құрған заманда Солтүстік Қытайдағы қалың орман ысырап болған. Осы жағдайға байланысты сол өңірдегі егіс атаулы күйіп кеткен екен. Сөйтіп түгін тартсаң май шығатын берекелі өлке қаңсыған шөлге айналыпты. Көп ұзамай әлемді аузына қаратқан Мин династиясы күйреген.

“Осының барлығына ақылы кем адамдар, ел билігін қолына ұстағанмен қара басының қамынан басқаны ойламайтын тасмаңдайлар кінәлі” деді жігіт. Сондай тасмаңдайлардың кесірінен жеке адамдар, белгілі бір аймақ қана емес, бүкіл бір мемлекет, бүтін адамзат баласы зардап шегеді екен. Білетіндер осылай дейді.

Аяған Арал теңізінің тағдыры туралы әр сәт сайын ойланады. Ол теңізді өзі көрмесе де бірге оқыған достарының әңгімесі арқылы жақсы біледі. Аралдың қаязының дәмі әлі күнге тандайынан кетпейді.

“Оның тартылып кетуіне кінәлі жексұрындар түк болмағандай сақ-сақ күліп, жалғанды жалпағынан басып жүрау” деген ой жігіттің қыжылын қайнатты. Ызаға булыққан ол қатты тебінген, марғақ келе жатқан торы бие желіп желіп жөнелгенде қамсыз отырған жігіт ауып түсе жаздады.

Борсан-борсан желген торы биенің басын тартып, жерге түсті. Суы тартылып, аңқасы кеуіп қаңсып жатқан арнадан пошымы әртүрлі, әртүсті тастарды теріп, қалталарын толтырып алған соң атына мініп, аяндап кері қайтты.

Түсінгені – кіндікжұрты да көп асылынан айырылып, жүдеп қалыпты. Қасиетсіз дүлей күш оның да жағасын жыртып, бетін аймандай етіп тырнап тастапты. Балалық бал дәуренінің куәсі болған ертегі мекеннің азып-тозған сикын көріп, жаны жабырқап келе жатқан Аяғанның алдынан Бибі жүгіріп шықты. Ол қызын жерден іліп алып, алдына отырғызды.

– Қойқамын! Ойбай, құлаймын!

Бибі әкесінің мойнынан тас кып құшақтап алған. Әбден сағындырған асыл көкесін құшақтау үшін қасақана шырылдап отырған сияқты.

— Қорықпа, жаным! Айым — Бибі, күнім — Бибі, жұлдызым — Бибі!— деп қызының әр-әр жерінен шөпідете сүйіп жатыр.

— Қытығым келді,— деп Бибі сықылықтап күле бастады.

— Сағынып кеттім ғой сені.

— Қатты дегенде қатты сағындың ба, көке?

— Иә, жарық күнім!

— Былай ма? — деп әкесінің мойнынан қысып-қысып қойды.

— Одан да қатты сағындым,— деп Аяған қызын қапсыра құшақтап, әр-әр жерінен құшыры қанбай иіскеледі.

— Онда сүйіп-сүйіп алмайсын ба...

“Сағыныштан өліп қала жаздаған әкесі” Бибісін қанша сүйсе де тоймайды.

— Өзің қандай тәттісің.

— Жәмила тәтем көп-көп кәмпит бейген. Бәйін деп қойдым.

— Айналып кетейін сенен...

— Мен үлкен қыз болғанда мамамның көйлектейін киемін,— деді Бибі әкесінің құлағына аузын тақап. — Әжем мамамның байлық көйлегін сандыққа салып қойды.

Аяғанның жан жүрегі елжіреп, тамағына тас тығылды. Қолынан шығып кеткен тізгінді жинап алып, ақырын ғана тебінді. Қожайынның әмірін күтіп, тоқтап тұрған торы бие аулаға кіріп, қораға аяндады.

— Көке, саған хат келді,— деді Бибі әкесінің құлағына сыбырлап.

— Е-е-е, дұрыс болыпты,— дей салды Аяған.

— Хатты Елжас тығып қойды.

— Неге?

— Хатты оқыса көкеміз Алматыға кетіп қалады дейді. Кетпейсің бе, көке?

— Сендерді тастап, ешқайда кетпеймін,— деп күлді жігіт.

— Кетпеші, көке,— деп қиылды мойнынан құшақтап алған қызы. — Біз мамам екеуіңді сағындық. Мен жыладым. Олжас та жылады. Елжас бізге ұлысты. Сонан кейін ол да жылады.

— Шыбындарым менің! Кетпеймін ешқайда. Бәріміз бірге боламыз.

— Көке, мен тез-тез үлкейемін. Сонан кейін сендейге тамақ жасап бейемін.

Үйден Қуат қария шықты. Есік ашылып, Олжастын басы қылтиды. Әкесінің алдында отырған Бибіні көріп, қабағы түсіп

кетті. Аяғына әжесінің дәу кара пимасын коңызлтак сұға салып, есік алдына шықты.

– Көке, мен де атка мінемін,— деп аузын бүртитты.

– Өзіңнің тайың бай. Тайына мін,— деді Бибі оны жақтырмай.

– Кө-к-е-е! — деді Олжас жыламсырап. Қуат қария немересін көтеріп, Аяғанның артына мінгізді.

– Әкеннен мықтап ұстап отыр,— деді де торы биені жетектеп, ілгері жүрді. — Өгөретті бір-екі айналып шық, балам.

Олжас пен Бибінің қуанышында шек жоқ. Әкесінің беліне қолы жетпегендіктен күртесінен бүріп ұстап алған ұл тебініп-тебініп қояды, торы бие борсаң-борсаң желеді, Бибі сықылықтап күледі. Анодай жерде сәл ғана езу тартып, тіршіліктің азабы ауырлау соғып, еңкіш тартқан әкесі тұр. Балалардың күлкісі Аяғанның көңіліндегі тонды жібіткендей. Жан жүрегін қуаныш қытықтап, ұлы мен қызына қосылып, рахаттанып күлді. Шындап күлуді де ұмытып қалыпты. Күлкісі ақсақ аттың желісі тәрізденді.

– Балалар, үйге кіріндер,— деп дауыстады бір кезде Қуат қария.

– Олжас-ай, саған суық тиіп қалар. Желең шығыпсың ғой өзін.

Торы биенің шылбырын әкесіне ұстатып, Бибіні көтеріп үйге кірген Аяған теріс бұрылып, бүгежектей бастаған Елжастың сырын ұғып, ақырын ғана езу тартты. Жейдешен шыққан Олжас тонып қалыпты, тісі-тісіне тимей қалш-қалш етеді. Жақ жүні ұрпип, ерні көгеріп кетіпті.

– Ту-у, мұрның қызарып кетіпті ғой сенің,— деп, ұлын көтеріп апарып төсекке жатқызды да, көрпемен жауып тастады. — Қозғалмай жат. Мен от жағайын.

Теріс қарап, бүгежектеп тұрған Елжас жылыстап сыртқа шығып кетті. Аз күнде әкесіне әбден бауыр басып, екі елі қалмайтын Бибі плитаның алдына келіп, тізе бүккен әкесінің арқасына жармасты.

– Көке, хат Елжастың анау қалтасында,— деді қыз оның құлағына сыбырлап. — Ол тығып жатқанда мен көйдім.

Хат келді деген хабарды естігенде-ақ Аяғанның алағызыған көңіліне алаң кірді. Елжастың хатты тығып жүргеніне қарағанда, өзін Алматыға шақыртып жатқан сияқты. Шақыртқан кім? Мемлекеттік қауіпсіздік комитеті керек адамына хат жөнелтіп, күтіп отырмайды. Әлде жоғарғы органдарға жазған арыз-шағымдарына байланысты іздетіп жатыр ма екен? Олар бұл адрес-ті қайдан біледі? Оның үстіне босанып шыққалы бері ешқайда арыз жазған жоқ. Алматыда көп айналмай, екі өкпесін қолына алып, балаларына қарай құстай ұшты. Әлде институттан келген

хат па екен? Жок, Мұса Байларов пен Жакия Тайлақұлы аман тұрғанда Аяғанды институтқа жуытпайды. Әттең-ай, сөзін тыңдайтын адам болса олардын істеп жүрген істерін түгел айтып берер еді. Өкініштiсi — ондай пенде жок. Мұса қолында билiгi бардың барлығымен сыбайлас болып алған. Оған құдайдан басқа ешкімнің шамасы келмейдi. Бұған Аяғанның көзi анық жеттi...

Хат! Кімнен, қайдан келген хат? Ту-у, кішкентай шаруаға неге сонша басын ауыртты екен? Шал-кемпiрге жекжат-жұраттан келген хат шығар.

Көнілін осылай деп жұбатқанмен Аяғанның жаны жай таппады. Асықпай отырып от жақты. Кұрғақ отын тұтанып алғаннан кейін партылдап барып гүрiлдей жөнелдi. Плитаның ішiне толтырып отын салып қойды да, кешкі тамақтың қамына кiрiстi.

— Көке! Көке деймін,— дедi бiр кезде Олжас көрпенің астынан басын қылтитып. — Есентай ағаның баласы маған сенің әкен шпион дедi.

— Көке, біздің Олжас Болатбекпен төбелестi. Оның мұйны қанап қалды,— дедi Бибi тақылдап.

— Өзi неге тиіседi? — дедi Олжас ұрсып жүре ме дегендей әкесiне жаутандай қарап. — Менің көкем шпион емес.

— Көке деймін, мен олайдын әлдиін ойнатпаймын.

— Неге, қызым?

— Мамалайы жаман. Маған ұйысты,— деп Бибi аузын бұртитты.

— Ол маған да ұрысқан,— дедi Олжас. Бәлен күннен берi сыр шашпай жүрген балаларының бүгiнгi қылығы тосын. Ойлап қараса, олармен шүйiркелесуге уақыт бөлмептi. Балаларының айтатын әңгiмесi көп сияқты. Аяғанның байқағаны — екеуi Елжастың көзiнше шешiле қоймайды. Соған қарағанда, ол iнiсi мен қарындасының мұндай әңгiме айтуына тыйым салған тәрiздi. Сырттағы әңгiменi атасы мен әжесi естiмесiн дегендегiсi шығар. Немерелерiне өлдекiмнің ауыр сөз айтып ұрысқанын, жәбiрлегенiн бiлсе, екi көрiнiң шыдап отыра алмасы анық. Үшеуiнiң бiрiнiң қабағы шытылса iшкен iрiң, жегенi желiм болатын шал мен кемпiрдiң құлағына мұндай сыбыс шалынса Есентайдың да, оның келiншегiнiң де шанын аспанға қағарына Аяғанның күмәнi жок. Осы шындықты қарғадай болып Елжастың түсiнгенiне оның iшi жылып қалды. Әлi кiшкентай, ештеңе бiлмейдi деп жүрген ұлы бiр жылға жетер-жетпес уақытта есейiптi. Ешкiмдi аямайтын өмiр шiркiн есеймесiне қойсын ба?! Есеймесе, ағалығын сезiнбесе iнiсi мен қарындасына үлкен адамдардай ақыл айтып, ес болар ма едi.

“Көкеге ештеңе айтпандар. Ол ренжісе жүрегі ауырады. Өліп қалады” деп қорқытқан шығар. Хатты жасырғаны – жаны жабырқап жүрген көкемнің көнілін бұзбайын дегендегісі шығар. Демек, хатта кісінің көңілі сөгілетіндей хабар болғаны ғой.

Ет турап отырған Аяғанның көңіліне қара шауып, мазасы кашты. Хатты оқымаса да бір жағдайдың болғанын қу жүрегі сезді. Қайта-қайта ойына Алдияр Ақпанұлы орала береді. Өткен жолы көргенде көзінде жылт жоқ еді.

– Көке деймін! Менің екі атам, бій әжем бай ғой, ә...

– Иә, жаным.

– Тағы бій әжем қайда?

– Әжең біреу-ақ қой, қызым.

– Би әжем өліп қалды ма?

– Иә, – деп Аяған оп-онай келісе салды.

– Көке деймін! Әлгі деген Олжас Алматыдағы атаны біздікі емес дейді.

– Екеуі де өзіміздікі, қызым.

– Жаз шыққанда мен Алматыға, атама баямын! – деп қуана қол шапалақтады Бибі. – Хадиша төтемнің әлдиін ойнатамын. У-у-л-а-а!..

– Ал мен Алматыға бармаймын. Атам мен әжемнің жанында қаламын, – деді Олжас мұнайып. – Мен кетсем әжеме кім су тасып береді?

– Ата мен әжемді Алматыға алып кетеміз ғой. Соны да білмейсің бе!?

– Мамамды ше?

Алматыға баратындығына қуанып, копаңдап отырған Бибі ағасының мына сөзінен кейін тосылып қалды. Аяған да не дерін білмей тілін тістеді. Үшеуінің де қабағына көленке қонған. Бибі жылап келіп әкесінің құшағына тығылды. Осы кезде бір құшақ отын көтеріп, шал кірді.

– Кемпірге барып қайтпасам бұркылдап қайнап жатқан шығар.

– Мәшине тауып, бәріміз барып қайтсақ болар еді.

– Е-е-е, кімге жалынайын. Бұл жұрт ісі түскенде – мүсәпір, ісі түспесе – кісәпір болып алды ғой, шырағым.

Шал сырт киімін шешіп, плитаның түбіндегі тайпақ орындыққа отырды. Ол бұрынғыдан да кішірейе түскендей болып көрінді Аяғанға. Бір заманда екі иығына екі кісі мінгендей, кеудесі шалқак, алпамсадай ірі кісі еді. Ауыр бейнеттен шөгіп, екі бүктеліп отырғаны мынау. Енді қанша өмірі қалғанын бір құдай ғана біледі. Қашан жамбасы жерге тигенше ауыр бейнеттен құтылмас.

– Түрмеден аман-есен шығуына Қуандық Сәруәров деген қол ұшын берді-ау, сірә,— деді әке. Аяған оған жалт қарады. — Арыз жазып, Қонаев ақсақалға барғанмын. Сол жігіт қабылдап, арызымды алып қалған.

“Қуандық Сәруаров” деп белгісіз адамның аты-жөнін жаттап алғысы келгендей сан рет қайталады. Аяғанның көкірегінің көзі енді ашылып, көкейде жүрген жұмбағының шешімі табылғандай.

“Бәсе, сондай бір үлкен адам араласпаса, менің мәселемді олар әлдеқашан шешіп қойған сияқты еді ғой. Қуандық Сәруаров деген кім екен? Іздеп тауып, рахмет айтуым керек” деп ойлады жігіт. Әкелі-балалы екеу ойға кетіп, үнсіз қалды.

– Балам,— деді біраз үнсіздіктен кейін шал, басын көтермеген күйі ақырын сөйледі. — Жағдайды өзін көрдің. Шешең анау, менің жағдайым мынау. Болар іс болды. Тірі адам тірлігін қылады.

Аяған үндемеді. Әкесі дұрыс айтады, бала-шағасына ана керек. Балалар да, үй де азып-тозып кетіпті. Елжас бірінші класты ілініп-салынып жүріп өнкей үштікпен бітіріпті. Шешесі ауру, әкесі ертеден қара кешке дейін азын-аулақ малды айналдырады, үй ішінің ауыртпалығы Елжастың иығына түскен тәрізді.

Аяған ақырын ғана күрсініп қойды.

– Көңіліңде жүрген кісін болса қам жаса, балам. Мына үш ботаңның жағдайын ойла.

– Иә, көке... Әсемнің жылын берген соң ойласа жатармыз.

– Келіннің жылын күзге қарай өткізіп жіберейік.

Аяған әкесінің жүзіне таңырқай қарады. Шал тас мүсіндей қатып қалған, кірпік қақпайды, көз жұмбайды.

– Асықты деме, балам. Шешеңнің де, менің де талқанымыз таусылуға айналды. Жаман айтпай жақсы жоқ.

– Түсіндім, көке.

– Бала-шағаңның жайын ойла. Шешең екеуміздің қолымыздан бұларды шолпылдатып сүйгеннен басқа не келсін.

– Алда уақыт бар ғой. Ойласамыз, көке,— деді ет қуырып жатқан Аяған. — Дайын тұрған ешкім жоқ.

– Саған сұлуы емес, жылуы керек, балам. Сен кез келген үйге сиярсың. Ал мыналар ше? — деп күрсінді шал. — Отырса опак, тұрса сопақ. Көзге шыққан сүйелдей болып, түртпек көріп, жетімсіремесе екен осылар. Е-е, алла! Өзін жар бол!

Шал күбірлеп сөйлеп бетін сипап, үндемей қалды. Аяған қазанға қайнаған су құйып, картоп аршуға кірісті.

– Мына балалар Хадишаны аузынан тастамайды ғой тегі. Әй, өзі де бір айналып кетейін-ау.

Әкесінің өз ойының үстінен дөп түскеніне таң қалған Аяған

оған үрлана қарап қойды. Әлі сол қалпы, кірпік қакпай, мізбақпай отыр.

— Хадиша тәте менікі,— деді манадан бері мұнайып, үнсіз отырған Бибі кенет көңілденіп. — Хадиша тәтемнің әлдиі де менікі. Олжас, әлдиді саған беймеймін.

— Ой, ой-на-л-лайын аузыннан!

Шал енесін көтеріп, немересіне бұрылып, құшағын жайды. Бибі атасының алдына келіп отырды.

— Ол біздің әлди. Хадиша тәте де біздікі, ата.

— Періштем! — деді шал сакалы селкілдеп. Аузына құдай салған шығар. Қуат қария жымындап үлкен ұлына қарады. Оның ниет-пейілін сезді. — Бала-шағана содан ынғайлы адам жоқ.

Үйге Елжас кірді де, кідірместен түпкі бөлмеге өтіп кетті.

— Көке, Хадиша тәтемді үйге алып келші,— деді Бибі.

— Ой-й-налайын аузыннан! Әкеледі Хадишаны, әкеледі!..

Әкесі мен қызының бірінің аузына бірі түкіріп қойғандай сөйлегеніне Аяғанның күлкісі келді. Жымындап күліп жүріп, турап қойған картопты қазанға салды.

“Осылар бірнәрсе біліп айтты-ау. Үш балама Хадишадай жаны ашитын адам табыла ма? Басыма бұлт үйірілгенде қаңғырып қалған бала-шағамды жетімсіретпеген адамнан айналып қана кетпеймін бе” деп тебіренді Аяған.

Хадиша секілді адаммен сенісіп өмір сүруге боларына көзі анық жеткен. Бір ғана күдігі бар — Хадиша тілегін құп алар ма? Ол Алмастан әлі де күдерін үзе қоймаған сияқты. “Екеуміздің арамызға дәнекер болса” деген ниеті бар шығар. Естуінше, Алмас академиялық демалыс алып, ауылына кетіпті. Оның қашып жүргенін Хадиша бейшара қайдан білсін. Үміт деген сайқал адамды әр сәт сайын емексітіп, өмір бойы алдайды. Үмітпен таң атырып, үмітпен қартайған жесірлер аз ба бұл пәни жалғанда. Хадиша да солардың бірі болып қалмақ па сонда?

— Бейшара-ай! — деп күбірледі Аяған. Өз дауысынан өзі шошып, селк етіп әкесіне қараған, шал немересін құшағына қысқан күйі мүлгіп отыр екен. Олжас екі қолын жастанып, көзін ашып-жұмып, төбеге қарап ойланып жатыр. Түпкі бөлмеге кіріп кеткен Елжас тым-тырыс. Есікті жауып алған, немен айналысып жатқанын ешкім білмейді.

Аяғанның есіне хат түсіп, жүрегі әлсіз ғана шым етті. Ол жайлап басып түпкі бөлмеге кірді. Әкесін көрген сәтте Елжас өз өзінен абыржып, мазасыздана бастады.

— Хат Хадиша тәтеннен бе?

Екі көзі жыпылықтап, екі беті қызарып жерге қараған

баласын құшақтап, аркасынан қақты. Елжас ләм деместен қалтасынан жеделхатты алып, әкесінің қолына ұстатты.

Сұм жүрек бір сұмдықты алдын ала сезіпті. Асыл азамат Алдияр Ақпанұлының талқаны таусылыпты, жарық дүниедегі жорығы, арпалысқа толы сапары аяқталыпты.

— Әке,— деді ауызғы бөлмеге шыққан Аяған қатқыл дауыспен. Шал көзін кең ашып алып, ұлына жалт қарады. — Алдекен жүріп кетіпті.

— Алда құдай-ай! Есіл ерім-ай! Тұяғы тозбас тұлпарым-ай! Қанаты талмас сұңқарым-ай! Бағаласа баға жетпес ардақтым-ай!.. Мынау әділетсіз дүниенің азабынан құтылған екенсің-ау. Иманын жолдас болсын... Бақұл бол, бауырым!..

43

— Шай алыңыз, аға.

— Рахмет, алып отырмын.

Хадишаға тура қалай алмай екі беті дуылдап, қызарақтаған Аяғанның маңдайы тершіді. Жұрттан жасырып жүрген құпия сырын әлдекім сыбырлап айтып қойғандай келіншек “ағалап” барын алдына қойып, жаны қалмай бәйек болып жүр.

Бибі “Хадиша тәтеме барамын” деп жылап қалды,— деп күлімсіреді Аяған маңдай терін құрғатып отырып.

— Айналайын-ай!— деп еміренді Хадиша. — Өзін сондай сағындым. Неге ала келмедіңіз, аға?

Хадиша оған өзімсінгендей тік қарап, наздана езу тартты. Аяғанның қуанышка қаталаған жүрегі лүпілдеп кетті.

— Күн жылынсын. Асылхан екеуіңізді жайлауға алып барамыз. Біздің жақтың жайлауын көрсеніз кеткіңіз келмей қалар еді,— деді жігіт. Айтарын айтып алып, екі беті дуылдап, басын тұқыртты.

— Балалардың жанында қала саламыз,— деді келіншек жымып күліп. Аяған басын шалт көтеріп алып, оның көзіне тура қарады. Жанарында жатырқау, жатсыну жоқ, мұны ет жақын туысындай көріп, жайрандап отыр. Басқа ойы болса бағасын арттырмақ ниетпен қылымсып, қылық көрсете бастар еді.

— Балалар сізді өте жақсы көреді. Үшеуі де сағынып қалыпты,— деді жігіт көзі боталаған келіншекке ұрлана қарап.

Хадиша бұрынғысынан да әдемілене түсіпті, ептеп толыскан, қос анары кеудесін керіп тұр, әжімсіз тамағы ашыған камыр сияқты, қысқалап кестіріп, бұйралап қойған шашы өзіне жарасады екен. Кейбір келіншектердей қылмиып, қылымсымай кісіге тура қарайды.

– Балаларды мен де сағындым. Кейде түсіме кіреді,— деп күрсінді келіншек. — Үш баланы күту қарт адамдарға қиын-ақ қой.

– Айтпаңыз. Шешем ауруханада жатыр. Әкем шаршап, шалдығып жүр.

Хадиша қабағына көлеңке қонып, мұнайып отыр. Көңілінде сайрап тұрған екі ауыз сөзді айта алмай қиналды. Көмейіне келіп тірелген “үлкен кісілердің қолындағы ауыртпалықты алатын адам іздемейсіз бе, аға-оу” деген сөзді сыртқа шығармай тұншықтырды. Сондай бір ой Аяғанның да көңілін арбап отырған. Өлімге келіп отырып жақсы ниетін жариялауды дұрыс көрмей, тілін тістеді.

– Алдекенді құттықханасына бір түнетпей шығару дұрыс болмас, сірә.

– Иә, аға, дұрыс айтасыз.

– Баласынан хабар бар ма?

– Жерлеуіне келеді деген.

– Алдекенді жерлеу жөніндегі комиссияның бастығы кім болды екен?

– Тарих факультетінің деканы дейді, аға,— деп келіншек қысыла күлімсіреді. Аяған қабағы қабарып, үн-түнсіз отырып қалды. — Шай алыңыз, аға.

– Рахмет!..

– Қыздар кешке келіп көмектеседі.

– Қаражатын қайтеміз?

– Менде азын-аулақ ақша бар, аға.

– Салмақты сізге салдық-ау.

– Ол кісі бәріміздің әкеміз.

– Түсінгеніңізге рахмет, айналайын!.. — деп жігіт шын разы болып. — Анау Жақияларды араластырмай Алдекенді өзіміз шығарып салсақ дұрыс болар еді.

– Кеше үшінші курстың үш баласы келіп кеткен.

– Бұл Алдияр Ақпанұлына көрсетер соңғы құрмет.

– Иә, аға,— деп Хадиша оған қиыла қарап. Келіншектің мейірім ұялаған көзінде бимәлім бір жұмбақ жатқан секілді. Оған тесіліп ұзақ қарауға жүзі шыдамады, анда-санда көздері тоқайласқанда сол бір жұмбақ сырдың ұшығын байқап қалып отыр.

– Аға,— деді біраз үнсіздіктен кейін келіншек оған тура қарап. Жүзінде қымсыну, жорта қылымсу нышаны жоқ. — Өлімнің үстінде жаңағы адамдарға тиісіп, ашу шығармаңызшы.

– Алдекең солардың кесірінен қаза тапты,— деді ойланып

отырып калған жігіт біраздан кейін. — Енді келіп олар түк білмейтіндей, түк болмағандай тағы да ойларына келгенді істейді.

— Аға-оу, өлген адамды жерлеу тірінің парызы емес пе.

— Тірлігінде толып жатқан жамандық, жаулық жасаған, иттік көрсеткен пенделердің оны жерлеуге араласуы үлкен қиянат болады.

— Аға-ау, елді дүрліктіріп қайтесіз.

— Беттері шыдаса, аруактан қорықпаса қоштасуға келе берсін. Бірақ жерлеуіне араласпасын,— деді ашулана бастаған Аяған тістене сөйлеп. Хадиша оған жаскана қарады, екі көзі бағжандап, бүрісе түсті. — Олар Алдекенді өлтірді. Тезірек көміп тастамасак Алдияр Ақпанұлы тіріліп кетер деп қорқатын шығар. Алдекеннің өліміне солардың біреуінің киналмағанын білемін. Қайта қуанып жүр нәлеттер. Алдияр Ақпанұлын жеңдік дейтін шығар. Алдияр Ақпанұлы дейтін ғұламаны жеңу үшін оның бүкіл еңбегін жоққа шығарып, шәкірттерінің көзін құрту керек. Ал оның еңбегін жоққа шығару мүмкін емес. Оған адам түгіл уақыттың да құдіреті жетпейді. Бүкіл бір дәуірдің ұлы шындығын Алдияр Ақпанұлындай ерлікпен дәл айтқан адам болған жоқ, Хадиша. Біз жеңілмейміз ешқашан. Біздің жанымыз кеудемізде емес, самұрық құстың ұясында. Самұрық құстың ұясының қайда екенін білесіз бе, Хадиша? — Келіншек қызына сөйлеп отырған жігітке жаскана қарап, ақырын ғана бас шайқады. — Самұрық құстың ұясы он бір миллионға жуық қазақ деген халықтың жүрегінде. Алдияр Ақпанұлы секілді біртуар азамат сол халықпен бірге жасайды, Хадиша.

— Білемін ғой, аға,— деді келіншек мандайын сүйеп отырып. — Жақсы адамның өлімінде шу шығару — аруаққа жасалған қиянат емес пе. Комиссия құрылып қойды. Ертең түстен кейін денесін алып келеді. Бүрсікүні жерлейді.

— Сіз де соларды — Алдияр ағанын жауларын жақтайсыз ба? — Хадиша жауап қайтармады. Басын да көтерген жоқ. — Ал олардың Алдияр Ақпанұлына қандай қиянат жасағанын білсеңіз басқаша сөйлейтін едіңіз,— деді Аяған қынжыла бас шайқап. Оның ашуланып отырғанын келіншек тағатсыз дірілдей бастаған қолынан байқады. — Сол шіркіндерде Алдекеңе деген титтей жанашырлық сезім болса, орнынан тұра алмай тұралап жатқанда бір келіп, көңілін сұрамас па еді. Аузына су тамызуға жарамады-ау біреуі. Жалғыз сүйеміші — баласын жабылып жүріп арақпен суарып, аздырып жіберді ақыры. Алдекенді баласы арқылы кинады. Жетті ақыры мақсаттарына. Бір халықтың мандайына біткен мақтанышын жабылып жүріп өлтіріп, жабылып көме

салмақшы енді. Жок, Хадиша, біліп тұрып үндемей қалсам Алдияр ағаның аруағы кешпейді мені.

– Аға-оу, – деді келіншек дауысы бұзылып. Иегі кемсендеп тілінің ұшына келіп тұрған сөзді айта алмай сәл тосылды. Сонан соң жанағы сөзін қайталады. – Аға-оу...

– Күрессіз шындыққа жете алмайсыз.

– Сізді жауларыңыз түгіл достарыңыз да құптамайды ғой, аға-оу.

Келіншектің сөзі шамына тиді ме, шыдап отыра алмай орнынан тұрып кетті. Өзімсінгендей көзбен қиыла қарап отырған Хадишаға бұрылды.

– Менің орнымда Алдияр Ақпанұлы болса кеудесіне мылтық тіреп тұрсаң да, бір адым шегінбес еді. Асыл азамат шегінбеген, ешкімге бас имеген күйі өтті дүниеден.

– Ой, аға-ай! – деп күрсінді Хадиша. Орнынан тұрып, жігітке тік қарады. Қабағы шытқыл. – Аруақтың назаланатынын білмеуші ме едіңіз, аға-ау.

Аяған айтатын сөзін жұптап үлгергенше Хадиша баласы жатқан бөлмеге кіріп кетті. Қайтып қарасын көрсеткен жок. Жігіт тұқылға қанбай қалған темекішідей жанын қоярға жер таппай, лекілдеп келген көп ойын кімге айтарын білмей аласұрып, бөлменің ішінде тенселіп жүрді де қойды.

Біраздан кейін ауылдан алып келген малдың етін жаймалап, тұздап мұздатқышқа салды. Сонан кейін ұстазының бөлмесіне кіріп, ертенгі істің жоспарын ой елегінен өткізді. Бір жапырақ қағазға жоспарын мұқияттап жазып алғаннан кейін демалмақ болып Алдекеннің төсегіне қисайған. Жолсоқты болып шаршап келген жігіт көп ұзамай ұйықтап қалды.

Таң сарғайып атып келе жатқан кезде оянып кетті. Бұрын біреу оятпаса ұйықтай беретін Аяған түрмеде өткізген сегіз айда түп-тура сағат алтыда тұруға үйренген. Сағат қаншада қисайса да таңғы алтыда ұйқысы шайдай ашылады да, онан кейін кірпігі айқаспай қояды. “Ауылға барғанда әй бір армансыз ұйықтаймын-ау” деген. Ұйқы шіркін көңілі тоқ, қайғысы жоқ адамға ғана үйір болады екен.

Орнынан тұрып жуынған соң Хадишаны оятып алмайын деген сақтықпен аяғының ұшымен басып, үйден шықты. Таңғы салқын ауаны кеудесін кере жұтты. Машиналар көбейе қоймағанмен таңғы ауа газ иістеніп үлгеріпті. Енді бірер сағаттан кейін газ бен шаң тұтасып, қаланың үстін тұтып қалатынын ойлап, жаны жабырқады. Алматы жылдан-жылға ластанып барады, Көктөбенің биігіне шығып, сүйікті қаласының қап-қара түтіннің құшағында

жатқанын алғаш рет көргенде шалқасынан түсе жаздаған. “Алматы – арман қала”, “Алматым – астанам, ауаң – бал” деген сияқты әндерді естігенде қиналып күлетін. “Алматының ластанып бара жатқанын мемлекет басшылары неге көрмейді екен” деп іштей назаланатын. Оның ренішімен есептесіп жатқан кім бар? Әркім көрініп қалудың жолында жанталасып бағады екен. Қолына билік тиген кез келген пенде оп-оңай тарихқа айнала салуға тырысады екен. Аяған ондайлардың талайын көрді. Ол бейшаралардың көпшілігі тарихтың таразысына тартылып, күлкі болып далада қалады.

Қалаға әкім болған азаматтардың көзге оғаш көрінер қорап үйлерді қаптатып жібергені туралы көзі ашық зиялы қауым аз айтып жүрген жоқ. Олардың сөзі айдалада атылған оқ сияқты нысанаға маңайламай қанғырып кетіп жатыр. Зиялы қауымның жанайқайына құлақ қоймаған мемлекет басшыларының пенделік эгоизмі жақсылыққа апармасын Аяғанның іші сезеді.

Аяндап аялдамаға келе жатқан жігіт өзін-өзі мазақтағандай мырс-мырс күлді. “Шиеге бойы жетпеген түлкі ащы” депті. Бөлен жылдан бері аядай қуысқа қолым жетпей жүріп маған не жоқ. Менікі кесірлік” деді. Жаны жабырқап, алыста қалған балаларын ойлады. Жарық дүниеден еш жақсылық көрмей өткен жарын ойлап мұнайды. “Бір-екі жыл бұрын бір-екі бөлмелі үй алсақ Әсем үш баласын боздатып тастап кетпес еді ғой” деді жол бойындағы биік үйлерге қарап отырып.

Тарих факультетінің студенттері таң атпай Аяған Қуатов келеді деп мүлде күтпеген еді, барлығы тырайып-тырайып ұйықтап жатқан. Есік ашқан Қанат ұйқылы көзбен Аяғанға қарап:

– Кім керек? – деп дүңк етті.

– Бір жерде көрген адамыңа ұқсаймын ба, Қанатжан? – деп күлді Аяған.

– Аяған аға! – деп Қанат қуана дауыстап жіберді. Оның дауысын естіп, басқа жігіттер оянып, орындарынан атып-атып тұрды.

– Ассалаумағалейк-ө-м!

– О-һ-о, Аяған аға келді!..

Ұйқылары шайдай ашылған студенттер тез-тез киініп, жуынып келді. Қанат шай қойып, дастархан жасады. Барлығы Аяғанды сағынып қалған тәрізді, алқа-котан қоршап алған, жан-жақтан сұрақ жаудырып, қал-жағдайын сұрап жатыр. Шәкірттерінің өзіне деген ықылас-пейілінің өзгермегенін көріп, жаны жадырап, қуанып қалды. Ұмытпапты, ұмытылмапты.

– Сендерді көріп, сондай қуанып отырмын, жігіттер,— деді Аяған екі жағында отырған жігіттерді қапсыра құшақтап. — Рахмет сендерге! Мен өмір бойы қарыздармын бәріне.

Көзіне келіп қалған жасты әрең ірікті. Оның көңілінің босап отырғанын жігіттер де сезген сияқты.

– Біз шындық үшін күрестік, аға.

– Кімнің кім екеніне көзіміз жеткен соң аянғанымыз жоқ.

– Шай алыңыз. Біздің завтрак осы, аға,— деп күлді Қанат. — Қара шай мен қара нан. Біздің қонағымыз кешке келуші еді әдетте.

– Шыдай алмадым, жігіттер. Сендерді сағынып қалыппын. Түрмеден босанған соң қайырылуға мұршам болмады. Балаларым ауылда ғой менің.

– Білеміз ғой, аға,— деді Ерік әнтек күрсініп. “Көңіл көрген жерде” дейді қазақ. Женгеміздің арты қайырлы болсын.

Көңілі босап отырған Аяған астыңғы ернін тістеп алып, басын түкшитып, біраз уақыт үнсіз отырып қалды. Жөн білмегендіктен жігіттердің ешқайсысы топ бастап суырылып шығып, жұбату сөз айтудың ретін таппай отыр. Соны сезген Аяған әңгіменің арнасын басқа жаққа бұрды.

– Алдекеннің шаруасына байланысты ақылдасу керек еді,— деп бастары салбырап, үн-түнсіз отырып қалған жігіттерге жағалай қарап шықты. — Моргта бірнеше күн жатып қалған сияқты. Бүгін үйіне түнетіп, ертең жамбасын жерге тигізу шарт.

– Біз дайынбыз.

– Тарих факультетінің студенттері түгел барады.

– Алдияр Ақпанұлын шығарып салуды біз өз міндетімізге алуымыз керек. — Ол жігіттердің қабағын андыды. Барлығы құптайтын сияқты. — Алдекеннің бұл жағдайға қалай душар болғанын бәрің білесіндер. Бұл жолы билікті сол кінәлі адамдар қолға алып, ойларына келгенін істесе Алдияр ағамыздың аруағы кешпейді бізді.

– Алдияр Ақпанұлының сүйегін қорлатпау керек,— деді манадан бері сөзге араласпай үнсіз отырған Камал. — Олар бұл жолы “із жасыру” үшін қимылдайды. Ал біз Алдияр ағаны солардың өлтіргенін білеміз.

– Оларға білдірмей сүйегін алып кетейік.

Алдияр Ақпанұлы ұрлап апарып көме салатын адам емес. Оны жерлейтін күні бүкіл халық қара жамылса да айыбы жоқ. Туған халқының намысы үшін ойланбай отқа түсіп кеткен ондай асыл ағаға мемлекет құрмет көрсетуге тиіс. Бірақ өкінішке орай, бөтеннің бетіне қарап отырмыз ғой,— деп Камал жігерлі сөйледі.

Аяған оған іштей разы болып, сөзіне сүйсініп отыр. Сөз саптасына карағанда алысты көретін есті жігітке ұқсайды. Қашан көрсе де қабағы тұнжырап, ешкімге қосылмай саяқ жүретін, адамның көңіліне қарамай тура айтып тастайтын жігітті бұрын ұната бермеуші еді. “Тәрбиесі төмен, тым дөрекі жігіт” деп ойлайтын да, жақын жуытпайтын. Камал да Алмас сияқты жалпақтап, көңілін тауып, ұнап қалу үшін Аяғанды төніректеген жоқ. Емтихан кезінде өзі жақсы көретін студенттер секілді оған оң қабағымен караған жоқ, бір бағасын кемітіп қойған кездері де бар. Камал намысқа тырысып, басын имей, кеудесін шалқақ ұстап, шығып кететін. Аяғанға оның осы бір менмендігі ұнамаушы еді.

“Адамның өмірі адасулар мен қателіктерден тұрады екен-ау” деп ойлады Аяған. Інісіндей көріп, бауырына тартқан адамы басына бұлт үйірілгенде жалт бұрылып, кара басының қамын ойлап қашты. Ал керісінше, еш жақсылығы өтпеген, ұнатпай шетке тепкен адамдары қиналғанда қол ұшын берді. Сондай адамның бірі Асылхан еді. Асыл азаматтың аруағының алдында өтелмес қарызы бар. Ол қарыз-парызынан бұл дүниеде құтыла алмасын біледі.

Аяған қабақ шытып, терең күрсінді. Қарсы алдында кара шайды сораптап ұрттап, маңдайы тершіп отырған жігітке сүйсіне көз салды. Осы сияқты жігіттер ара түспегенде сегіз ай сарылып, сарыжамбас болып жатқан түрмеден шығар-шықпасы белгісіз еді. Жақсы адамдардың шарапаты тиіп, бәле-жаладан аман-есен құтылды. Мынау жарық дүниеде жақсы адамдар көп екен ғой. Асылхан, Міртемір, Хадиша, Камал, Қанат, Ерік... Барлығын санап тауыса алмас, сірә. Жақсылықтың тұма бастауында Алдияр Ақпанұлы сияқты шындықтан жаратылған адам тұрса оның алдын көріп, тәлім алғандар қалай ғана жаман болмақ. Алдекен... Алдияр Ақпанұлы... Есесі кеткен елінің намысын жыртқан асыл текті азамат... Қылышынан қан сорғалаған қатыгез заманда халқының шындығын айтқан асыл адам. Алдекен... Қайран Алдекен...

— Институттың бас корпусының алдына Алдияр ағаның үлкен суретін іліп, жерленетін уақытын көрсету керек,— деді Камал. Аяған селк етіп, қалың ойдан тез сергіді.

— Ол кісіні институттан шығарған дұрыс шығар.

— Жоқ, ол кісі қуғым көрген.

Студенттердің әңгімесін үнсіз тындап отырған Аяған ойланып қалды. Алдияр Ақпанұлының институттан қуылып кеткені рас, қарсыластарының “пенсияға шығып, денсаулығына байланысты

босады” деген сылтауға сүйенгенін екiнiн бiрi бiледi. Марқұм өте өкпелi едi. “Байларов тұрғанда институттың есiгiн ашпаймын” дейтiн. Ренжiгенi соншалық, институт партия ұйымының есебiнен шығып, өзi тұратын аудандағы тұрғын үй басқармасына тiркелген. Өзi сияқты ешкiмге керек болмай қалған шалкемпiрлерден тұратын бастауыш партия ұйымының жиналысына бiр рет қана қатысып, ауырып қалғанын Аяған бiлетiн.

“Менiң орнымда Алдияр Ақпанұлы болса қайтер едi?” деген ой Аяғанның басын қанғыртты. Не iстеу керек? Студенттер аузына қарап отыр. Бiр шептi бергеннен кейiн басқаларын қорғаудың қажетi бар ма? Есiне Хадишаның сөзi түстi. “Сiздi жауларыңыз түгiл достарыңыз да түсiнбейдi”. Сонда қалай, Жакия Тайлақұлының жетегiне iлесiп, сүмендей беру керек пе? Ол тағы да орға жықса ше? Неге солардың дегенi бола бередi? Дәл осы тұста олардың еркiнсiтiн жөнi де жоқ қой. Алдияр Ақпанұлының аруағы үшiн бiр адым шегiнбеуге тиiс. Ол кiсiнiң денесiн өзi тұратын үйдiң ауласына қояды. Қоштасуға бүкiл Алматы келедi. Осылай еткен жағдайда ғана ұстазының алдындағы шәкiрттiк парызынан құтылады. Алдекең Аяғанның мұндай батыл шешiмiн қуана құптар едi.

Аяған осылай ойлады. Оның айтқанын студенттер талқыламай қоштады.

– Алдын ала даурықтырмайық,— деп сактық жасады Камал. Олардың қандай әдiс қолданарын бiз бiлмеймiз.

– Камал дұрыс айтады,— дедi Аяған оны қуаттап. – Ең сенiмдi достарына ғана айтындар. Үлкен мекемелердiң алдына iлетiндей хабарландырулар дайындау керек. Оларды түскен кейiн iлген дұрыс. Алдияр ағамызды ертен шығарамыз.

Олар осы қорытындыға келгеннен кейiн ақылдасып отырып мiндет бөлiстi.

Аяған арқа сүйер азаматтардың өсiп-жетiлгенiн көрiп, iштей қуанды. Әлсiз қоғамды билеген қараулық пен қатыгездiктiң тамырына балта шабар Шындықтың тiлеуiн тiледi.

Жакия Тайлақұлы жағдайдың аяқ астынан шұғыл өзгерiп кететiнiн бiлген жоқ. Өз басымен қайғы болып, бала-шағасын iздеп, ауылына кеткен Аяған аяқ астынан сап ете түсiп, бiзге қарсы әрекет жасайды деген ой қаперiне кiрмеген. Ол жайбаракат едi. Алдияр Ақпанұлының қазасын көпке жариялап, даурықтырмай апарып көме саламыз деп ойлаған. Аяған Қуатов

бастаған топтың алдын орап, жоспарын күл-талқан бұзғанын кешкілік естіп, тұлан тұтып ашуланды. Не істерін білмей далбасалаған бейшара екі өкпесін қолына алып, Алдияр Ақпанұлының үйіне жүгірді.

Есік алдында тұрған студенттер оны байқамаған болып әңгімелерін жалғастыра берген. Олардың ниет-пиғылын біле тұра Жакия шарасыздың кебін киді.

— Орта толсын, жігіттер! — Ешқайсысы оң кабак таныта қоймады. Жайшылықта бұларды көзге ілмейтін Жақиянікі мүсәпірдің калі. Студенттердің жағалай қолын алып шықты. — Ағамыздан айырылып, кара жамылып қалдық қой, жігіттер. — Тұрғандардың біреуі жақ ашпады. Барлығы керең сияқты. Декан іштей шамданғанмен үйренген әдетімен шарт сына алмады. — Үйде кім бар?

— Адамдар бар,— деді біреуі. Студенттің қисық жауабына ренжи тұра іштен тынды.

— Біздің оқытушылардан кім бар?

— Аяған Қуатов бар,— деді екінші студент. Жақия суық жымыды. Сонан соң жанында тұрған студенттің иығына қол артып еді, ол ақырын ғана итеріп тастады.

Да-а,— деді декан кеудесінен лықси көтерілген ашуын күлкімен тұншықтырып. — Асыл азамат, ғұлама ғалым, ұлы ұстаз еді. Аяулы ағамыздан айырылып, есенгіреп қалдық. Өмір деген осы, жігіттер. Күні кеше ортамызда жүгіріп жүрген ағамыз жоқ енді.

— Сіз білмейді екенсіз ғой, ол кісі бір жылдан астам уақыт орнынан тұра алмай жатқан.

Әр сөзінен ілік іздеп, тиісуге себеп таба алмай тұрған студенттердің пиғылын Жақия түсінді. Әңгімені әрі қарай соза берсе мыналардың өршеленіп кетерін сезіп, өзі бір уақыттарда күн құрғатпай келетін пәтерге бағдар түзеді.

Батылдау басып келе жатқанмен көңілі қобалжулы. Аяғанға не деу керек? Үндемегені дұрыс па? Үйде кімдер бар екен? Бір есерсоқ жұрттың көзінше жағасына жармасып, аузына келгенді оттап жүрсе қайтпек? Әлде үйге кірмей-ақ қайтып кеткені дұрыс па? Мұса Байларовка не дейді?

Жақияны әлеуетті күш дедектетіп сүйреп келеді, іштей қарсыласқан болады, бірақ оны женетін дәрмені жоқ. Есікке жеткені сол еді, қарсы алдынан сопаң етіп Камал шыға келді, Жақия шегініп жол берді. Жігіт ләм деместен жанынан өтіп кетті, үлкен кісі-ау демеді, көз қиығын да тастамады. Талтан-талтан басып ұзап бара жатқан жігітке ызасы келгенмен оған түк

істей алмасын біліп, бармағын шайнады. Камалды ішінен сыбап алды да, үйге кірді. Қарсы алдынан Алдияр Ақпанұлы шыға келердей жүрегі лүпілдеп, алқымына тығылды. Екі тізесі дірілдеген тәрізді. Бұл үйге алғаш келгенде дәл осындай күйге түскені есінде. Ол жолы Алдияр Ақпанұлы қарсы алған. Одан бері көп жыл өтіпті. Жақия ол заманда көп аспиранттың бірі еді, атакты ғалымның үйіне имене басып шығатын. Алдияр Ақпанұлының тасы өрге домалап, дүрілдеп тұрған шағы еді. Мықтылардың көленкесінде жүріп өмір сүрудің жеңіл боларын ерте зерделеген Жақия атакты ғалымды түп етектен мықтап ұстауға тырысты, бірақ бұл ниетінен көп ұзамай айныды. Заман ку түлкідей бұлт ете қалды, уақыттың қабағын андып өскен Жақия жағдайды тез түсінді де, жол тауып кетті... Соған кейін де араларына шөп өскен жоқ, аса бір қимас болмаса да бөтенсінбей сыйласты. Жақияның бақай есепке жүйріктігін ертеден білетін профессор оның өзіне деген пиғылын сезген соң іргесін аулақ салған. Сол арада біреу біліп, біреу білмейтін жас пері Мұса Байларовтың жұлдызы жарқырады да, Жақия жүрегін алып, солай қарай жүгірді. Көп уақыт өтпей Алдияр Ақпанұлы мен институттың жана ректорының арасында бітімге көнбес тартыс басталған. Жақия Тайлақұлы сол тайталастың бел ортасында жүрді...

Ілгері жүруге батылы бармай тосылып тұр, біреу келді-ау деп ешкім шыға қоймады. Есік ашық тұрған бөлмеде бір қауым ел бар сияқты. Ол Аяғанның дауысын жазбай таныды. Басқаларға карағанда көбірек сөйлеп отырған да сол.

— Есіктің алдына екі стол қойып, Алдекенді жатқызамыз. Балалар театрының директорымен келістім, шығарып салу рәсіміне керекті заттарды беретін болды.

— Сонда қоштасу ашық аспанның астында бола ма?

— Несі бар. Келген адамдар Құрманғазы көшесі жағынан кіріп, табыттың жанынан өтіп, Бейбітшілік көшесіне шығады.

— Қоштасу рәсімін он бірде бастап, он екі жарымда аяқтаған дұрыс.

— Қанша автобус болады?

— Үшеу.

— Аз ғой. Бейіт басына баратындар сыймай қалатын болды.

— Институттан көмек жоқ па?

Жақия Сыздықтың дауысын таныды.

“Бұл қашан келген?” Ол аң-таң болып тұрғанда дәлізге әлдекім шықты да, деканды көріп, көзден таса болды.

— Институттың көмегінің керегі жоқ,— деді Аяған.

– Институт дәлізде тұр,– деді әлдекім. Бөлмедегілер тым-тырыс тынып қалды. Босағада сопайып тұра беруге болмасын түсінген Жакия ашық тұрған есікке қарай беттеді.

Тәрде Аяған, оның оң жағында Сыздық отыр екен. Екеуі де өзгерген, қартайып қалғандай болып көрінді Жакияға. Үшінші курстың студенттері диванға жайғасыпты. Бұлардан басқа Алдияр Ақпанұлына шәкірт болып есептелетін, басқа институттарда қызмет істейтін бірнеше тарихшы отыр екен.

Беттен алып, төске шабатын бейауыз ешкімнің жоқтығына көзі жеткен соң көңілі жайланып, еркін басып бөлмеге кірді. Оны көріп, Аяған орнынан атып тұрды.

– Сәлеметсіздер ме, жігіттер,– деп Жакия жымыып күлді. Сыздықты құшақтап, көңіл айтқысы келген.

– Ісіннің нәтижесін көруге келдің бе? – деді қабағын қарс түйіп алған Аяған тістене сөйлеп. – Мұндайға әбден үйреніп алдыңдар ғой. Қарсыласқанды қазық қылық қағып жіберу сендерге неге тұрады, тәйірі.

– Менің әкемді осылар өлтірді! – деп Сыздық жылап қоя берді. Мұндайды күтпеген Жакия мықтап абыржыды. Сасқанынан ыржиып күлді.

– Бәлкім, Алдекеннің өлген өлмегенін тексеруге келген шығарсын.

– Қойсаңшы,– деді Жакия кабак шытып.

– Бұл үйдің табалдырығынан аттауға қакың жоқ екенін біле тұра не бетінмен келдің? – деп дықтанды Аяған. Оның бұзылып кеткен түрін көріп, Жакияның тұла бойын діріл биледі. Араша тілегендей бөлмеде отырғандарға жаутандады. Оларда үн жоқ. “Аяған тағы да айта түссе екен” деп тілеп отырған тәрізді.

– Алдияр Ақпанұлын тұрғызып алып келейік пе? Саған керегі Алдекеннің қарғысы ма? Саған сол керек қой, ә? Қарғысты Алдияр ағаның өз аузынан естігін келген екен ғой.

Жакияның екі беті дуылдап, құлағы шыңылдады. Аяған мүлде өзгеріп кетіпті. “Мынау сау емес, жынданған шығар” деді. Бұдан кейін оған тура қарауға батылы бармай, сынарезулей күліп, үйден шығып кетті.

Сол екпінмен жүгіріп отырып үйіне келді де, Мұса Байларовқа телефон соғып, көрген-білгенін түк қалдырмай баяндап шықты. Оның әңгімесін тындап болғаннан кейін де Мұса көпке дейін үндей қоймады, Жакияның шыдамын тауысып барып:

– Олардың мұнысы дені сау адамның ісі емес,– деді.

– Тура айтасыз,– деді декан жарамсактанып.

Олардың дегені бола қоймас. Біз де тірі жанбыз ғой, карап жатпаспыз,— деді ректор дауысын әндете созып. — Ондай жаланаяқтармен күресудің жолын білеміз.

— Мен білсем, Мүсеке, Қуатовтың дені сау емес. Түрінен адам коркады.

— Жындылардың орны — жындыхана. Қауіпсіздік комитетінің әлі келмеген адамды медицина ауыздықтай алады. Солай емес пе, Жакия Тайлакович?

— Түс-сіндім сізді, Мүсеке.

— Ісіңізге сәттілік тілеймін. Алдияр Ақпанұлын дұрыстап шығарып салуымыз керек. Біз де адамбыз. Дос-дұшпанымыз бар,— деді ректор соншалықты бәсең дауыспен. — Сізге адамдар көмектеседі. Сау болыңыз!

Осыдан кейін ғана Жакияның жаны жай тапты. Асықпай отырып кешкі шайын ішті.

— Алдияр Ақпанұлының өлгенін естідің бе? — деп әйеліне карап, жымындап күлген. Ол күйеуін жақтырмады.

— Өлімге күлмейді,— деп кабак шытты.

— Мен өлімге емес, Қуатов деген қырттың ісіне күліп отырым. Ол Ақпанұлын институттан емес, үйінің алдынан шығармақшы. Вот, ақымақ, ә!.. Есі дұрыс болса солай істей ме! Д-о-р-а-қ!..

Әйелі ауыз ашпады. Оның ұнатпай отырғанын сезіп, орнынан тұрып кетті. Қонақ бөлмедегі диванға шалқалай отырып, ой түкпірін ақтарды...

Мұса Байларов карап жатпайды. Институт кәсіподақ ұйымының төрағасына тапсырма берген шығар, ендеше уайымдап, болар-болмасқа бас ауыртудың қажеті жоқ. Ең бастысы — Аяған Қуатов бұл жолы тағы да ұтылды. Бүгінгі түсінгені — оны біржола құртпай тыныштық жоқ екен. Еркіндікте жүрсе қойтан жылғыны қозғап, ешкімге маза бермейді, шұқылап, өсек теріп, жан-жаққа арыз жазғаннан шаршамайтыны Жакияға түсінікті. Дұшпаны, жақсылығын көре алмайтын қызғаншақ дос-жарандары аз емес. Мұса Байларов өте тауып айтты. Аяған сияқтылардың орны — жындыхана.

Жакия өзіне риза болып, жымыып күлді. Көзін шала жұмып, жайылып кеткен езуін жия алмай, рахатқа батып, ұзақ отырды. Біраздан кейін маужырап, көзіне ұйқы тығылды. Кенет есіне ректорының “ісіңізге сәттілік тілеймін, сізге адамдар көмектеседі” деген сөзі түсті. Мұсаның сөзінің төркінін енді ғана түсінді, ұйқысы шайдай ашылды. Уақыт тар.

Жакия орнынан тұра салып, телефонға жүгірді. Іздеген адамын шаршамай тапты.

– Сағынтай, сәлеметсің бе! Бала-шаға аман-есен бе?! Көптен көрінбей кеттің ғой, бауырым. Дұр-рес... Мен сені қолдаймын. Мүсекене айтамын. Көнешно... Дұрыс болады. Иә, иә... Маладес!.. Сәке, өтініш бар. Досың келіпті. Сыздықты айтамын. Ха-ха-ха! Иә, единственный, неповторимый... Иә, иә... Досынды бүгін үйінен алып шығып, қонақ жасау керек. Бұл Мүсекеннің абыройын сақтау үшін қажет шара. Қуатов түрмеден шығып келіп, бүлдіріп жатыр, бауырым. Сыздыкқа ұқтыр, миына мықтап құй. Аяған Қуатов шизофрениямен ауырады. Ол жынанданған. Түсіндің бе? Солай. Рахмет! Дәл қазір. Ол үйінде отыр. Ертең уже кеш болады. Ал жөнел! Рестораның мойнымда, бауырым...

Трубканы орнына қойған соң жымындап күліп, айнаға қарады. Сиреп, селдіреп қалған шашының ағы көбейіп кеткен тәрізді. Соңғы уақытта көзінің алды көлкілдеп ісіп кететін болып жүр. Бұл бекер емес сияқты, мынау көптен бері ізіне түскен аурудың белгісі. Қай күні шалып жығарын бір құдай біледі. Маңдайындағы әжімдер терендей түсіпті. Бетінің терісі де тоза бастаған тәрізді. Бір замандарда екі беті май жаккандай жылтырап тұрушы еді. “Сенің қожан жақсы, сондай нежный” дейтін көңілі жақын әйелдер. Ол дәурен көзінен бұлбұл ұшты. Күйкі тірліктің уайымымен бас катырып, болар болмасқа шаршап жүргенде уақыт шіркін мұны біраз жерге алып кетіпті. Бұрылып соңына қарауға да мұршасы болмапты. Енді бір ұйықтап тұрса кеудесі сырылдаған шалға айналады екен. Кеудесі сыр-сыр етіп, сүйегін сүйретіп, көзі жасаурап жүрер.

– Да-а,— деді күрсініп. — Өмір деген зыр ете қалды.

Кәсіподақ ұйымы төрағасының үйіне телефон соқты.

– Жаңа ғана Мүсекенмен сөйлестім,— деді амандық-саулық сұрасқаннан кейін. — Ертең сағат он бірде Алдияр Ақпанұлының денесін бас корпусқа алып келесіз. Қоштасу сол жерде болады.

– Студенттер сіздікі. Бүлдіріп жүрген солар.

– Олардікі ақымақгершілік. Алдияр Ақпанұлына түрмеден шыққан антилер емес, біз ие болуымыз керек. Оның орны бөлек. Ол халықтың данасы.

– Осы сөзіңізді екі жыл бұрын айтқанда, бәлкім, Алдияр Ақпанұлы бізді осы жолы шаршатпас па еді,— деп күлді кәсіподақ ұйымының төрағасы. Абдырап қалған Жақия:

– Адрестен қателестіңіз. Бұл Мұса Байларовичке айтылатын сөз,— деді. Оның сөзі кәсіподақ басшысына ауыр тиді, солай бола тұра ол жеңілгенін мойындай салған жоқ.

– Сөзіңізді Мүсекене осы күйінде жеткізуге рұқсат етіңіз,— деді. Мұндайды күтпеген Жақияның жаны шығып кете жаздалы.

Ежелгі әдетімен бұл жолы да сөз таластырмай жата кетті.

— Жеңілдім. Есеп 1:0,— деп киналып күлді. — Мен Мүсекеннің тапсырмасын айтайын деп телефон соккан ем.

— Мұса Байларовичпен сөйлестім, білемін. Сау болыңыз!

Трубканы орнына қойып, ойланып тұрып қалды. Жаңағының сөзінен түсінгені — Мұса Байларов барлық шаруаға өзі кірісіп жатқан сияқты. Сонда мұның үлесіне тиетіні қандай шаруа? Бұрын да осылай болатын, Мұса тапсырманы беріп-беріп алып, өзі кірісіп кететін. Қандай қиын шаруа болса да оп-онай бітіп жататын. Мұсаның осы құдіретіне аса танырқағанмен құпиясын біле алмай-ақ қойды.

Бір жақсысы — соңынан шақырып алып, “айтқанды орындамадың” деп кінәлап, көзге шұқымайды. Сол шаруаны Жақияға тапсырғанын ұмытып кеткендей сынай танытады. Бірақ оның ұмытпайтындығын, қарауындағылардың әр басқан адымын аңдып отыратындығын іші сезеді. Мұсаның білмейтіні жеті қат жердің астында. Республикада болатын ірі өзгерістерді күні бұрын біліп, соған орай әрекет жасап отырады. Кіммен байланысы бар, қолдаушысы кім? Бұл Жақияға жұмбақ.

Ректорының жұмбағын шеше алмай шаршаған Жақияның кірпігі түннің бір уағында әрен айкасты.

45

Кешкі апақ-сапақта сыртқа шығып кеткен Сыздық содан үшті-күйлі жоғалды. Студенттер жабылып іздеп, таба алмай сабылып қайтты. Бостандыққа шыққан сабаздың ескі таныстарын жолықтырып, ашы суға шөлін қандырып, ешкім білмейтін жерде қылжиып жатқанын Аяған іштей бағамдады. Жетесіз ұлдың әкесін шығарардың алдында ләйліп кеткеніне соншалық қатты күйінді. Әкесіне топырақ салуға келмей қала ма деп қауіптеніп, студенттерді әрі-бері жүгіртіп, онысынан нәтиже шықпаған соң таннын атуын күткеннен басқа амалының қалмағанын түсінген. “Әкесіне бір уыс топырақ салу үшін еңбектеп болса да жетер” деп өзін-өзі жұбатқан.

Аяғанның көңілінде Сыздықтан басқа алаң жоқ еді. Алдияр Ақпанұлын жерлеуге байланысты дайындық жұмыстары аяқталып, көңілі байыздаған. Сүйікті ұстазының денесін дұшпандарының қолына бермегеніне қуанышты еді. Мұны өте үлкен жеңісінің санатына қосқан. Бұл жеңіс әрі қарай жалғаса берердей болып көрінген. Студенттердің өзіне деген ниет-пейілін таныған соң көңілі көтеріліп, шырыға түскен, сары ізіне шөп салып қорлаған дұшпандарымен күресуге белді бекем буған.

Бұдан басқа жолдың қалмағанын түсінген Аяған өзіне емес, кішкентай кезінен жүрегінің құндағына бөлеген, Шындық атты ұлы күшке сенген. Көңілі сан рет қалып, атар таңнан карадай түнілгенмен саяқ жігіттің одан басқа сенері де, сүйенері де жоқ еді. Женілістің ащы дәмін татып, жаны күйзелген киын сәтте ешкімге әл бермейтін ұлы күш әне-міне дегенше келіп, құтқарып алардай болып көрінетін. Әділетсіздіктің тас түрмесінен сол ұлы күш алып шықты деп ойлайтын жігіттің сенімі соңғы күндері күшейе түскен. Құдайдай табынып жүрген Шындығының Байларов секілділердің бір сілкігеніне жарамай, құлап қаларын ол білмейтін еді.

Шындық деген ұғымның уақытқа тәуелді екенін, өзі өмір сүрген заманның қабағына қарап, сөзін сөйлейтіндігін Аяған толық ұғына алмаған. Оның сенген Шындығы ұйқының құшағында маужырап жатқан...

Аяқ астынан жоғалып кеткен Сыздық ертеңгісін сағат тоғыздан өте бере қайтып оралды да, Аяғанға жөнсіз соқтығып, шу шығарды. Түнімен ішкен сияқты, мастығы әлі тарқамапты.

– Менің әкемді қорлауға саған кім право берді а? Әкенді танытып жіберейін бе а?! Вот шизик а!.. Мен сенің билеп-төстеп, ойыңа келгенді істеуіңе жол бермеймін. Давайте вес шуруйте отсюдева! – деп қой қайырғандай ысқырып, Аяғанның кеудесінен итеріп-итеріп жіберді. – Валяй!

– Қой, Сыздық, аруактан қорықсаңшы, – деді Аяған оны тыныштандырмақ болып. Сол сол-ақ екен Сыздық тарғыл даусын барынша созып, айқайқа басты.

– Сволочи! Вы убили моего отца! Задушу всех! Ненавижу вас! Милиция!..

Бұдан арыға Аяғанның шыдамы жетпеді, ұмтылып барып, бар дауысымен бақырып, аттандап тұрған Сыздықты шапалақпен салып жіберді. Түртіп қалса құлайын деп тәлтіректеп тұрған әлжуаз бейшара мұрттай ұшты. Екі студент қолтықтап, көтеріп тұрғызған. Сыздық бақырып келіп, ашудан қалшылдап тұрған Аяғанның жағасына жармаса кетті.

– Қой, Сыздық! – деді ол қатқыл дауыспен.

– Сволочь! Зараза!

Осы кезде үйге ақ халат киген бірнеше ер адам және екі милиционер сау етіп кіріп келді.

– Мынау менің әкемді өлтірген, мынау!.. – деп Сыздық камсыз тұрған Аяғанды іштей теуіп жіберді. Есе қайтармақ болып тұра ұмтылған жігітке ақ халат киген екі бірдей ер адам жабыла кетті де, сүйрелеп сыртқа алып шықты.

– Жолдастар, біз бүгін сүйікті ұстазымызды соңғы сапарға шығарып саламыз. Түсініңіздер... Мені қайда алып барасыздар? – деп шырылдаған Аяғанның сөзін әлгі екеу құлағына да қыстырмады.

– Бір сағаттан сон қайтып келесін.

Босанып кетпек болып бұлқынған Аяғанды ақ халат киген екі жігіт сүйреп апарып жедел жәрдем машинасына кіргізді. Қаптап тұрған студенттер ес жиғанша машина жүріп кетті.

Тізесінен жан кетіп, басы былқ-сылқ еткен Сыздықты екі милиционер колтықтап, өз машиналарына апарып отырғызды.

Осы кезде үйдің іргесіне ақ волга келіп тоқтаған. Мұса Байларовты бәрі таныды.

46

Аяған ауланы аралап ұзақ жүрді. Жан-жағы биік дуал. Кірер есік бар, шығар есік жоқ. Бұл жерден қашып кетудің ешқандай амалын таппай шаршады. Тағдырдың басқа салғанына көнбеске амалының қалмағанын түсінді.

Түрмеден айырмашылығы – шатақ шығармай тәртіпті, тіл алғыш болып жүргендер көзі бозарып қамауда жатпайды, жындыхананың тірлігіне қолқабыс жасап, ұсақ-түйек шаруамен айналысады. Ал тәртіп бұзған “тентекке” аяушылық жасамайды.

Аяған жындыханаға түскен күні дәрігерлердің дегеніне көнбей тулап, мұндағыларға денінің сау екенін дәлелдей алмай шаршаған. Олар түсіне қоймаған соң талағы тарс айырылып ашуланды, дәрігерлер мен медициналық қызметтегі жігіттерді бар білер ашы сөздермен сықпыртты. Бәрінің еті өліп кеткен бе, ешқайсысы шамданбады, аузы көпіріп сөйлеп тұрған жігітті мазақтағандай мырс-мырс күліп, жайбарақат отыра берді. Өзінің артық кеткенін, айкайлаймын деп қателескенін сонынан түсінген Аяған жағдайын айтып жалынған, дәрігерлердің бірде біреуінің жүрегі жібімеді. Столды қоршап тасмүсіндер отырған сияқты, езулерінде жымысқы күлкі, ештеңе естімейді, бәрі шетінен керен. Дәрігерлер шырылдап айтқан шын сөзіне селт етпеген сон амалын тауып, қашып шығуға бел буған.

Жиналған дәрігерлер өзара күбірлесіп, бір шешімге келгеннен кейін кетуге ыңғайланған сәтте ол ышқынып шығар есікке ұмтылды. Жармаса кеткен қопалдау келген ұзын сары жігітті бір жұлқып лақтырып жіберіп, сыртқа шыққан күйі беті ауған жаққа тұра қашқан. Үш-төрт жігіт тапырақтап сонына түскен. Қашып

барып биік дуалға тірелген ол жандалбасалап, қалай қарай мандай түзерін білмей тыпырлап тұрғанда қуғыншылар қоршап алды.

Жақындамандар, жарып өлтіремін! — деп айбат шеккенмен олар шегінбеді. Екеуінің қолында дубинка — таяғы бар екен. Айқайлап тұра ұмтылған Аяғанды екеуі қақ мандайдан екі ұрып, сұлатып салды да, сүйреп ала жөнелді. Есенгіреп құлаған жігітке қауқар қала ма, қарсыласуға шамасы келмеді. Оны сүйреп алып келген күйі етпетінен жатқызып, тыпыр еткізбей басып тұрып, дәрі құйды. Бұдан арғысын білмейді, көзін ашқанда қап-қараңғы бөлмеде, темір төсекте танулы жатыр екен.

Тілі аузына сыймай қаталаған ол бұлқынып босана алмаған, дауыстағанмен жанына ешкім жоламады. Қараңғы бөлмеде жалғыз екенін біліп, тілін тістеді.

Таяқ басына қатты тиген тәрізді. Шөл қысып, басы шытынап, қай айырылып кете жаздап таң атқанша азапқа түскенін ойласа аза бойы қаза болады. Екі дүниенің ортасында екі есті күйде жатқан жігіттің аузына су тамызатын бір жанашыр табылмады.

Сағат тоғыздың шамасында мандайынан таяқпен ұрып құлатқан жігіт тамақ алып келген. Араларында ештеңе болмағандай ыржиып күлді, Аяғанның жаны қиналып, әрең шыдап жатқанына мүлде көңіл бөлмеді. Екі қолын шешіп, ботқаны алдына қойды да:

— Тағы қашасың ба? — деп ырк-ырк күлді.

Аяған сыра түстес сары суды сіміріп жіберді. Бірақ шөлі қанбады. Бір стакан су көні кепкен тақырға тамған тамшыдай ғана болды, егеуге айналып, тобарсыған тілі де жібімеді.

— Су-у..— деді Аяған оған жалбарына қарап. Жігіт мырс-мырс күлді.

— Норма. Артық су жоқ.

— Шөлдеп өліп барамын.

— Өлмейсің. Осы уақытқа дейін сендейлердің өлгенін көрсем көзім шықсын.

— Ағатай, тағы бір стакан су берші.

— Жаның қиналған сайын шыныға түсесің,— деп ыркылдап күлген дәу қара кетіп қалған.

Одан бері қаншама күн өтті. Қазір Аяған өткен күннің есебінен жаңылып қалатын болып жүр. Біріне бірі ұқсас күндерді санағысы келмейді. Алғашқы әлетте жындыханадан көп ұзамай шығатындығына сенімі бар еді. Жағдайын айтпақ болып сонына түскенмен бас дәрігер манайлатпай қойды. Ауру еместігін айта бастаса дәрігерлер сөзін бөлмей өте мұқият тындап алады да, жылы-жылы сөйлеп көңілін жұбатады. Амалы құрыған соң

ашуланады, айқайлайды. Оларға керегі де осы, үш-төртеуі жабылып жығып, дәрі құяды. Содан не өлі емес, не тірі емес, мен-зең болып жатады.

Кейінгі уақытта мүлде тыныш, ешкімге жалынып жағдай айтпайды, жападан-жалғыз отырып алып ой түкпірін ақтарады. Ойша өмір сүруге де үйренді. Кей күні бала-шағасын есіне алып, ешкімнің көзіне түспей егіліп жылайды. Кейде ойша балаларымен қауышып, сырласып жетісіп қалады.

Сыртқы дүниемен байланыс мүлде жоқ. Ешкім іздеп келмейді, қалада екі туып бір қалған дейтіндей жанашыр жақыны жоқ. Іздеп келіп қалар студенттерді күтіп еді, олар хабарсыз жатыр. Аяғанды қайда алып кеткенін олар қайдан білсін. Сол күнгі болған жағдай есіне түссе ызадан жарылып кете жаздайды. Қарсыластары пысықтық жасап, алдын кесіп өтіп, ойларына келгенді істеді. Сыздықтың екі кештің арасында аяқ астынан жоғалып кетіп, ертесіне мас болып келіп, мұның жағасына жармасуы, аузына түскен сөзді айтып лағнаттауы, артынша жедел жәрдемнің келе қалуына қарағанда, бұның әдейі ұйымдастырылған шаруа екенін іші сезеді. Бір күн бұрын кешкілік Жақияның келуі бекер емес. Оның жай жүрмегенін сонда-ақ түсінуі керек еді. Қырық жасқа келіп, біраз өмір көрдім дейтін Аяған тәжірибесіздігіне осы жолы көзі анық жетті. Оларды қара күшке салып алысып жене алмасын іштей мойындады. Заманның әдіс-айласын әбден менгерген Жақия секілділер онайшылықпен алдырмайды екен. Оларды женетін жан тумаған да шығар. Мұса Байларов бастаған топтың күшті болатыны – уақыт соларға қызмет істейді екен. Аяған осыны ұқты.

Ол жеңілгенін мойындай тұра мойымады. Өзіне, өзі сияқтыларға қызмет ететін уақыттың күндердің күнінде келетіндігін түйсігі арқылы сезді. Қашан болсын сол бір атты күн ойламаған жерден сап ете түсердей үнемі елегізіп жүреді. Кейде үміті үзілгендей аяқ астынан өзгереді, қараптан қарап отырып ашуланады. Мұндай сәтте өзін төніректейтін ауруларды мүлде жақтырмайды, айқайды салып, қуып жібереді. Ол бейшаралар әбден запыс болып қалған сияқты, Аяғанның даусы шыққан сәтте қалшылдап тұра қашады. Ұзап барып түнеріп отырған жігітке мөлііп қарап тұрады. Аяған ашуы басылып, өзіне өзі келгенде ұзап кете алмай тұрған бейшараларды керемет аяйды.

Жындыханаға түскелі бері оны мұндағылардың біразы төніректеді. Қанша жерден есі ауысқан дегенмен өздерін қорғай алатын адамды олар да таныйды екен. Мұның кім екенін білмей жатып “қорқытып” алмақ болып, жағасына жармасқан үш

тентекті оп-онай “жуасытты”. Содан бері олар Аяғанға жуымай, қашып жүреді. Күштілерден теперіш көрген әлсіздердің барлығы үнемі Аяғанның сонынан қалмайды. “Тентектер” жақындай алмай, алыста тұрып жұдырық көрсетеді.

Жындыхана тұрақты мекеніне айналған, үнемі жетектесіп жүретін екі кемпір танертеннен кешке дейін Аяғаннан екі елі қалмайды. Екеуінде үн жоқ, аяқтарын тырпылдатып, салпандап ереді де жүреді. Жастары сексенге тақап қалған екі кемпірді аяғандықтан дауыс көтеріп, зәре-құтын қашырмайды. Өздерінің мінез-кұлқы да қызық. Кейде жұрттан жасырынып, нан жеп отырады. Анау күні Аяған аяқ астынан жоғалып кеткен екеуін іздеп, тығылып нан жеп отырған жерде үстінен түскен. Екі бейшараның зәруелері ұшып, аузындағы нанды жұта алмай тыпырлады. Қазақ кемпір орнынан тұра салып бір жапырақ нанды Аяғанға ұсынды.

– Же... Жеп ал. Қарның ашады.

Аяған күлген. Екі кемпір мұның бұл қылығына түсінбеді. Жаксы көріп, сыйлап жүретін жігіттің нанды алмағанына кәп-кәдімгідей ренжіп қалған. Осыдан кейін олар жоламай кететін шығар деп ойлаған. Психикалық ауруға шалдыққан адамдар ештеңені есте сақтай алмайтын болу керек, артынша-ақ екеуі ежелгі әдетімен жетектескен күйі Аяғанға ілескен.

Екі кемпірдің сонынан сүмендеп қалмайтын еңкіш тартқан бәкене, бүкір шал бір заманда үлкен қызмет істеген деп естіді. Оның қазіргі түрі адам күлерлік, қашан болсын мойнынан сірне-сірне болып түсі онып кеткен галстугын тастамайды. Онысын кейде жалаңаш мойнына байлап алады. Шамасына қарамай кемпірлерге қырындайтын әдеті бар екен, оның осы қылығын алғаш білген күні Аяған күлкіге қарық болған. Қартайған шағында ұрғашы көрсе ұрынып жүретіндігіне қарағанда, жас кезінде көзі түскенді құр жібермейтін жұпаркіндік болған тәрізді.

Екі кемпір одан қорқа ма, жоқ әлде басқа бір себебі бар ма, үнемі жетектесіп қашып жүреді. Бүкір шал ауқасы салбыраған бұқа сияқты, қашқан кемпірлерді қуалап, бүкшендеп бара жатады.

Аурулардың барлығына бүйідей тиетін бір әпербақан бар, одан барлығы қорқады. Қайда жүретінін Аяған білмейді, оны сирек көреді. Кейде аяқ астынан сап ете қалады да, емін-еркін қыдырып, беймарал жүрген аурулардың апшысын қуырып, берекесін алып жібереді. Мұндағы жұрт одан емес, әлгінің қолындағы Сталиннің үлкейтілген суретінен қорқатын сияқты.

Әсіресе екі кемпірдің зәре-құты қалмайды. “Күн көсемнің” қарасы көрінгенде жалп-жалп құлап, еріндері жыбырлап, сөйлеп жатады. Бүкіш шал да екеуіне қосылып, қолын жайып, күбірлеп отырады. “Мен Напалеон Бонапартпын” деп кеуде қағып жүретін әпербақан Сталиннің заманын қайта орнатқандай екі езуі екі құлағына жетіп, талтандап кетіп бара жатады.

Анау күні Аяған бір сұмдықты көріп, қатты шошыды... Аппақ қудай шашын жайып жіберген, үсті-басы өрім-өрім, кісі қарайтын сықпыты жоқ кемпір шеткі бөлмеден таяққа сүйеніп шықты да аумағы ат шаптырым ауланын бір бұрышында томпайып жатқан қос төмпешікке қарай беттеген. Екі көзі қып-қызыл екен.

“Бұл не істер екен” деп бақылап отырды. Кемпір қос төмпешіктің қасына келген соң анырап қоя берді. Бейшараның дауысы соншалық ашы болар ма. Аяғанның жүйкесі шымырлап, кеудесін өксік құлдаған.

Оның зарынан ұққаны – қос төмпешіктің бірінің астында отыз сегізінші жылы атылып кеткен күйеуі, екіншісінде түрмеде дүниеге келіп, бір жетіден кейін шетінеп кеткен нәрестесі жатыр екен.

Кемпір зарлап отырып жоқтауын айтып тауысқан соң құран оқыды. Сонан кейін темекісін бұрқыратты.

Екі кемпір тым-тырыс тынған. Екеуі де темекісін бұрқыратып отырған кемпірден көз алмайды. Екеуі одан қаймығатын сынайлы. Әрқайсысы өз бетінше сыбырлап сөйлеп отыр. Олардың сөзінен Аяғанның түсінгені – кемпірдің аты Рахия екен.

Кейін білді, Рахия есімді кемпір “күйеуім мен балам осы төмпешіктердің астында жатыр” деп алданатын көрінеді. Анда-санда тұлыпқа мөңіреген сиыр сияқты қос төмпешіктің жанында тұрып, жоқтау айтып, ішін бір босатып алады екен.

Сонынан қалмайтын екі кемпір өздерінің төрт құбыласы түгелдей Рахияны мүсіркеп аяйды.

– Құрысын,— адамның басына бермесін,— дейді неміс кемпір күрсініп.

– Обал-ай! Сорлы-ай! – дейді қазақ кемпір иегі кемсендеп. Екеуі де жылаған болады, бірақ көздерінен жас шықпайды. Екеуі де қызық, шүңкілдесіп сөйлесіп отырады, сөздері анық емес, олардың не айтып отыратынын Аяған түсіне алмай-ақ қойды. Құлақтары ауырлап қалған кәрі кісілер сыбырласып отырып бірін-бірі, қалай түсінеді екен деп таңырқап жүретін. Кейін білді, олар бірін-бірі мүлде тындамайды екен. Сырт көзге бірін-бірі мұқият тындап, жақсы түсінгендей болып көрінеді.

Ал бүкіш шалдың екі көзі кемпірлерде. Тышқан аңдыған

мысық секілді екеуінің қалт еткен қимылын бағып, жалмандап отырады. Кейде бір кемпірлердің қолынан ұстап, кемсендейтін әдеті бар. Оның осы қылығына Аяған мүлде түсіне алмайды.

Жындыхананы сыртынан көргені болмаса ішіне кірмеген еді. Биік дуалдың ішінде есі ауысқан, ешкімге керексіз болып қалған пенделер жүретін секілденетін. Бұл жерде де өмір бар екен. Қайнап жатқан қоғамнан бөлініп қалған мекеменің тірлігі мүлде басқа екен. Қолына дубинка-таяқ ұстаған медағалар жындыхананың сырттағы өмірге, Кенес қоғамына ешқандай қатысы жоқтығын ауруларға әр сәт сайын дәлелдеп, ұнамағандарына күш көрсетіп жатады. Адамды аяу дегенді әлдеқашан ұмытқан медағалардан түртіп жіберсе құлап түсетін, сүйегін сүйретіп әрең жүрген кәрі-құртаң түгіл Аяғанның жүрегі запыс болып қалған. Жындыханаға түскелі түсінгені – ақылдан қауқар қашып, қара күш үстем болған жағдайда адам арзандайды екен. Осы шындықты мойындағысы келмей, “мінез” көрсетіп, өзінің тірі пенде екенін танытпақ болғандарды медағалардың аямайтындығын Аяған сан рет көрді. Жындыға да жан керек. Зығырданы қайнап, кеудесіне ашу тығылғанмен өзін-өзі ұстайды, қолы дүниенің тұтқасына ілінгендей алшан басып келе жатқан медағаларға тура қарай алмай жанарымен жер шұқып, мөлііп тұрады. Олар ұзап кеткеннен кейін хан сыртынан жұдырық көрсетіп, айбат шегеді бейшаралар.

Жетектесіп қыр соңынан қарға адым қалмайтын екі кемпірдің өзін неге төңіректтейтінін түсінгелі бері оларды қанатының астына алып, қамкор болып жүр. Анда-санда екеуін детектетіп қуып, маза бермейтін бүкіш шалға айбат көрсетіп, ұрысқан болады. Оның түрі мұндай сәтте өзгеріп кетеді. Жетім бала сияқты шел басқан көздері жыпылықтап, жылайтын кісідей иегі кемсендеп, мөлііп тұрады.

– Мен оларды жақсы көремін, – дейді жыламсырап. Күлкі қысқан Аяған теріс айналып кетеді де:

– Екеуін де жақсы көресіз бе? – деп сұрайды.

– Қайсысы көнсе сонысын жақсы көремін, – дейді шал Аяғаннан бір көмек болардай еміне түсіп.

– Екеуі де көнсе ше?

– Екеуі де көнсе... Екеуі де... Онда екеуімен кезек-кезек жүремін, – дейді қуаныштан жүрегі жарылардай болып.

– Олар сізді ұнатпайды. Басқа біреуді тауып алған-ау, сірә, – дейді жігіт. Шал кемсендеп жылап, теріс бұрылады да, бүкшендеп кетіп бара жатады.

Жындыханада түрмедегідей қыспақ жоқ, басқалардың мазасын

алмасаң сенде ешкімнің шаруасы болмайды, дәрігерлердің айтқанын орында, белгіленген емді қабылда да еркін жүре бер. Ал қылдан тайып, қынырлық көрсеткендер жазасын тартып жатады. Әлдекімдердің өкірген, шыңғырған дауыстарын Аяған жиі естиді. Алғаш төбе шашы тік тұрып, жаны шырқырап кетуші еді, жүре келе бойы үйренді.

Кеше оны басқа бөлмеге ауыстырған. Жанына екі ауруды әкеліп қосақтады. Бірі Сталиннің суретін көтеріп жүретін сыриған көсе шал, екіншісі сүмендеп кемпірлердің сонынан қалмайтын бүкіш. Көсе шалдың ең кастерлі мүлкі – Сталиннің суреттері екен, біреуін төсегінің тұсына іліп, екіншісін тумбанын үстіне қойды.

– Біз жаңа қонысқа көшіп келдік, Иосиф, – деді дауысы дірілдеп. Сонан соң әскери адамдарша қолын шекесіне апарып, Аяғанға құрмет көрсетті. – Алдында тұрған генерал Калинин. То есть Напалеон Бонапарт.

– Өте жақсы! – деген Аяған қолын ұсынып. Бірақ Напалеон болып алған көсе шал кесірленіп оның қолын алмады.

– Мен Напалеон Бонапарт... Мен император... Ал сен...

Жігітті кемсіткендей ерінін шығарып, мырс-мырс күлді де, тумбочканың үстіндегі Сталиннің суретін көтеріп, әскери жүріспен бөлмеден шығып кетті.

– Бұл кім? – деп сұрады Аяған қоянның көжегі секілді бүрісіп отырған бүкіш шалдан.

– Т-с-с, – деді ол көзі бағжандап, жаң-жағына жалтаң-жалтаң қарады. Ешкімнің жоқтығына көзі әбден жеткеннен кейін сыбырлай сөйледі. – Бұрын НКВД да істеген. Түрменің бастығы болған. Ал қазір император... Напалеон Бонапарт.

– Сіз кім болып істедіңіз?

– Мен бе? Е-һ-е, – деді бүкіш шал көңілденіп. – Біз деген социализмді мына қолмен құрғамыз. Сен білмейсің менің кім екенімді. Білмейсің!

– Білсем сұрап нем бар.

– Білмейсің, – деп бүкіш шал екі қолын арғына ұстап, бөлмені кезіп кетті. Анда-санда “білмейсіңін” қайталап қояды. Бір кезде бөлменің қақ ортасына келіп, қалт тоқтады да, бағжандап Аяғанға қарады. – Біз қай жерге келіп едік?

– Кешегі жерге...

– А-а... Кешегі жер? Ол қай жер?

– 1937 жылы он адамды ұстатып жібердім дегенсіз.

– Жала! – деп шырылдады шал. – Менің жауларымның ойлап тауып жүргені. Менде жау көп.

– Он болмағанмен де үш-төрт адамды атқызған шығарсыз,— деді Аяған оған тесіле қарап. Бүкіш шал оған шошына жалт қарады да, көзін алып қашты. — Мен білемін. Жасырмай-ақ қойыңыз.

– С-с-а-а-ғ-а-н кім айтты?

– Құжатты өз көзіммен көрдім.

– Қ-к-а-ш-а-н?

– Жақында. Ол құжаттар газеттерге басылады екен,— деді Аяған қасақана. Бүкіш шалдың үні өшті. Екі қолы дірілдеп, жылайтын адамдай иегі кемсеңдеп, басы қалтаңдады. Сосын өзінің қылмысын білетін жігіттің жанында отыра алмай қисаландап далаға қашты.

Осы жағдайдан кейін-ақ бүкіш шалдан маза кетті. Түні бойы күбірлеп сөйлеп, кемсеңдеп жылап, көзі ілінбей қояды.

– Өтірік айтамын. Ондай құжат жоқ. Газетке де шықпайды. Тыныш жатып ұйықта,— деген Аяғанның сөзіне мүлде сенбей қойды.

– Ол документ газеттерге басылса маған не істейді а? — деп түннің бір уағында Аяғанды оятты. — Соттап, Қолымаға айдай ма?

– Жоқ, соттамайды. Пенсияңызға ақша қосып береді,— деді ұйқысырап жатқан Аяған.

– Неге? Не үшін?

– Еңбегіңіз үшін. Социализмді қолыңызбен құрып, оны халық жауларынан тазартқаныңыз үшін...

– Рас айтасын. Социализм үшін біз аянғанымыз жоқ,— деді шал көңілденіп. — Қанша қосады екен а?

– Халық жауының әрбіреуі үшін он процент.

– Oh-ho! — деді шал төсегіне қарай кетіп бара жатып. Аяған басын бүркеніп алды. Мынаның талайдың басын жалмаған қандықол екеніне көзі анық жетті. Ұйқысы шайдай ашылып кетті. Есіне Жақия, Мұсалар түсіп, қаны қызып, кеудесіне ашу тығылды.

“Өмірде жаман адамдар өте аз” деп ойлайтын. Олардың аз еместігіне соңғы бір жылдың ішінде көзі анық жетті. “Басына іс түскен екен азаматтың. Қол ұшын беріп, көмектесіп жіберейін” деген дұрыс адамды да көрді. Қаншама жерге арыз жазды, қаншама адамның алдына барып кішірейді, бірақ көмек қолын созған ешкім жоқ. Бір жақсы адамды түрмеде жатқанда кезіктірді. Сол Міртемір сияқты азаматтар көп болса жаманшылық күшейіп кетпес еді. Кім білсін, жақсы адамдар аз емес шығар. Кісінің жақсы, жаманын білу үшін оның өткен өмірін зерттеу керек

шығар. Қылмысқа белшесінен батқан пенде ішінде ит өліп жатса да жымып күліп, жылмып жүре береді. Сен оны өзіне деген ниетіне, көзқарасына байланысты жақсы иә жаман адамдардың тобына жатқызасың. Пенде баласын танып, білу қашан онай болыпты?! Мынау жатқан бүкіш шалды мүсіркеп, аяп жүрген. Алданыпты. Бұл нағыздың өзі екен. Қолы қан екен мұның.

Аяған күрсінді. Бүкіш шал күбір-күбір етіп, алып жүрген пенсиясына ойындағы ақшасын қосып, есебі дұрыс шықпай, әлдекімді боқтап отыр. Таң атар атпастан тұрып, жұрттын мазасын алатын Напалеон бүгін де әдетінен жаңылмай:

– Тұрындар! – деп айқайды салды. Күбірлеп жатқан бүкіш шал ләм деместен орнынан тұрып, асығыс киіне бастады. Аяған сағатына қарады, бестен он-ақ минут өтіпті.

–Түр ей! – деп айқайлады Напалеон көзі ашық жатқан Аяғанға зілдене карап. Бірақ ол қозғала қоймады.

“Осының да өткен өмірі былық шығар. Қанша адамның қаны бар екен мойнында? Кім білсін, бәлкім, Ілияс, Сәкен, Бейімбеттерді атқан қандықол құныкер осы шығар” деп ойлады жігіт.

– Напалеон, сен ақырын жүгірші, – деп өтінді бүкіш шал.

– Түр ей! – деп тағы да айқайлады Напалеон. Аяған тұра қоймаған соң тепсініп, жанына жетіп келді де, зіркілдей сөйледі. – Ұлы көсемнің алдында сен неге тік тұрмайсың, оңбаған?

– Мазамды алманызшы, – деді жігіт жалынғандай болып. Оны тыңдағысы келіп тұрған Напалеон жоқ. Сталиннің суретін жоғарылатып көтеріп-көтеріп қояды. Аяғанның көңілін күпті қытықтады. Енді ұйықтай алмайтынын білгеннен кейін “осылар не істер екен” деген оймен орнынан тұрып киінді.

– Қайда барамыз?

– Жүгіреміз, жаттығамыз. Біз әрқашан күшті болуға тиіспіз.

Сыртқа шыққаннан кейін Напалеон аумағы үлкен ауланы айналып, бүлкілдеп желіп жөнелді. Бүкіш шал қисаландап оның соңына ілесті. Аяған екеуінің мына қылығын қызық көріп, күліп тұрған. Біраз ұзап барып Напалеон соңына бұрылды, қалып қойған жігітті көріп, ашулана айқайлады.

– Неге тұрсын, оңбаған! Жүгір!

Аяған екеуінің соңынан тұра жүгірді. Сол екпінмен екеуін қуып жетіп, алдыға түскен, Напалеон шок басып алғандай баж ете қалды.

– Көсемнің алдына неге түсесің, оңбаған!

Көсе шалдың сөзі жігіттің шамына тиді. Тиісерге қара таппай іштей ширығып, шамырқанып жүрген Аяған шарт сынды. Шалдың қолындағы Сталиннің суретін жұлып алды да, құлаштап

тұрып лақтырып жіберді. Екі шалдың баж еткен дауысы қатар шықты. Қабағы түнеріп, қарсыласқан пендені шайнап тастардай болып түтігіп тұрған ашулы жігіттен қорқып қалған екеуі ләм деместен суретке жарыса жүгірді.

“Бұларды қорқытып қоймаса басқа шығып кетер, сірә” деп ойлады Аяған, суретті көтеріп, қайтып келе жатқан екеуіне зілдене қарап.

– Кешірім сұра,— деп тепсінді Напалеон.

– Сұра, сұрай сал,— деп бүкіш шал араға түсті.

– Кімнен?

– Көсемнен...

– Иосиф Виссарионұлы қандықол құныкер.

– Т-и-и-ш-е! Төңіректің бәрі құлақ,— делі зәресі ұшқан бүкір шал екі көзі бағжандап. Аяған оларды мазақтағандай мырс-мырс күлді де, шұғыл бұрылып, кетіп қалды.

Осы оқиғадан кейін Напалеонның беті қайтып қалған ба, таң атпай оятып, мазасын алмайды. Ол тек бүкіш шалға мәтіби. Қашан көрсең сол бейшараны қисаландатып қуалап жүреді, ол жүгіруге жарамаса де мұрнын тескен тайлақтай сүмендетіп ертіп алады.

Сталин жолдастың жаулары социализмнің жаулары,— деп даурыққан Напалеонға таяқ ұстаған медағалар ауыз ашпайды. Қолдарын айқастырып, мырс-мырс күліп, тәлтиіп тұрады. Аяғанның бір таң қалғаны — биік мансапта отырғандар момын, тіл алғыш орындаушыларды қолдап, қолпаштап қолтықтарынан демейтін, мұндағыларға да сондай үндеместер ұнайды екен. Олардың ұғымынша санасына ақылдың сәулесі түспейтін адам өліп қалмау үшін ғана тырбанып жүрген екі аяқ, екі қолы бар пенде екен. Өз дегенімен өмір сүруге қажысы жоқ құлағы кесік құл екен. Құл... Құл... Құл... Құлағы кесік құл қай заманға да, қай елге де артықтық етпеген.

“Құлы көп мемлекет күшті мемлекет. Диктаторға азырақ адам, көбірек құл керек. Сталиннің заманында бәріміз құлағы кесік құлға айналып кеткенбіз, шырағым” дейтін Алдияр Ақпанұлы.

Жындыхана Сталин билеген қатыгез заманның кішкентай моделі сияқты әсер қалдыратынын Аяған соңғы кездері ғана біліп жүр. Ол адамы арзандап, пәруай пендеге айналған, қара күш — қиянаттың айдарынан жел ескен болмысы бөтен ортаға келгелі бері кешегі заманға шегінің кеткендей әсерге бөленді. Алғашқы күндері мұндағының бәрі тосын, жат болып көрінген. Көзі үйренгеннен кейін танырқауды қойды. Адамның еркі өз ортасының жазылмаған қағидаларына тәуелді екен. Қаншама

кашкактап, шеттеп, бөлектенгенмен бұл ортадан тыс өмір сүре алмайтындығына Аяғанның ақылы жетті. Мәжбүрлік деген ешкіммен есептеспейтін сұрапыл күш оны өз дегеніне иіп әкеліп көндірді. Ол қазір жетектесіп жүретін екі кемпірмен, қолдарын қанға малып алған бүкіш шалмен өзін аса жек көретін Наполеонмен де әмпей. Араларында жер мен көктей айырмашылық бола тұра, өзін мыналардың санасына кіріп-шықпайтын мәселелер толғандырғанмен реті келгенде әңгімелеседі, ортақ тіл табысуға тырысады. Ақылым артып тұр дегенмен адам өзінің екі аяқ, екі қолы бар пенде екенін басына осындай қиындық түскенде амалсыз мойындайтын көрінеді.

Жалғыздық тірі пендеге емес, құдайға ғана жарасады екен. Адам баласының жалғыздықты жеңе алмайтындығына көзі түрмеде жатқанда жеткен Аяған өмір сүру үшін санасы семген жандардың тобына ықтиярсыз қосылды.

“Сынықтан басқаның бәрі жұғады” деген сөз рас болу керек. Осы күні оған шүңкілдесіп отыратын екі кемпірдің тірлігі, олардың сонынан сүмендеп қалмайтын бүкіш шалдың езуге күлкі ұялатар ісі, жарымжан жандарды Сталинмен қорқытып, даурығып қан басып жүретін Наполеонның әпербақан әрекеті ерсі көрінбейді. Анда-санда таяғына сүйеніп, сүйретіліп сыртқа шығатын, қос төмпешіктің жанында анырап зарлап, жоқтау айтып тұратын Рахияның ісі, кең ауланың бұрыш-бұрышында күбірлеп сөйлеп, қарқылдап күліп немесе егіліп жылап отыратын пенделердің өміріне Аяғанның көңілі де, көзі де үйренді.

Бұл да өмір. Бұл өмірдің өз қуанышы, адамның жүрегін жылатар күлкісі, қабырға қайыстырар қайғысы болады екен. Аяған сол қуаныш, сол қайғыдан өзінің тыс қала алмайтындығын түсінді. Қашан мынау қарғыс атқан қапастан құтылып шыққанша жағдайға бағынбасқа амалы жоқ екен.

Қалай құтылып шығады? Құлқын сәріден жар құлағы жастыққа тигенше осы сұраққа жауап іздеп жүнкейлейді. Алды да, арты да тұйық. Кең дүниеге алып шығар жол атаулы жабық. “Дертім жоқ. Жаланың құрбанымын. Мені босат” деген жалынышты сөзін емдеуші дәрігер жүре тындайды. Тақымдап қоймаса алдап құтылады.

Бас дәрігермен сөйлесіп көрейін,— дегелі қанша уақыт өтті. Дәрігердің сылтауы көбейіп барады. Тіпті ол шамасы келсе мұның көзіне түспеуге тырысып, қашып жүретін ауру тапты. Аяғанның тағдырын медаларға тапсырып қойған тәрізді. Ал сөз түсінбейтін медалармен тіл табысу қиын шаруа. Жындыханаға әдейі сондайларды таңдап ала ма, бәрі шетінен дөрекі, келесау.

Аяғанның түсінгені — жындыханаға түскен адам онайшылықпен шыға алмайды екен. Іздеушісі жоқ жанға көзқарас та басқа. Басқа ауруларға анда-санда ағайын-туыстары келіп, бір бұрышта шүйіркелесіп отырады. Осындай сәтте Аяғанның мұңға күпті жүрегі кан жылап, жанын қоярға жер таппай тыпырлайды. Бір ретте дәл осындай жағдайда емдеуші дәрігеріне барған. Басынан кешкен тарихты тәптіштеп түсіндіріп жатуға уақыт тар болғандықтан төтесінен тартқан.

— Бала-шағам қанғырып қалды. Мені босат. Босатпасан алысып өлемін. Дәрігердің кінәсінен өлдім деп хат жазып кетемін,— деген. Оның мұнысын емдеуші дәрігер жындының сөзі деп ұқты. Осыдан кейін Аяғанға деген көзқарасы күрт өзгерді. Медағалар қыдындап қыр сонынан қалмайтын әдет тапқан. Дәрігердің тапсырмасы ма, жоқ әлде, біреулер айдап сала ма, қымс етсе ұрады. Біреуінің күші жетпесе жабылып сабайды. Тірі адам кеудесінен шыбын жаны пыр етіп ұшып шығып кеткенше бәріне көнеді екен.

Басынан сөз асырмайтын Аяған үндемеуге үйренді. Оның бір ғана мақсаты бар. Қайткенде де амалын тауып, қарғыс атқан жындыханадан шығуы керек. Анасы түсіне кіріп, наркүмән ойлардың жетегіне ілесіп, адасып қалып жүр. Ол кісі не күйде екен? Әкесі де сүйретіліп әрең жүрген. Қашан болсын сол екеуі бір сұмдыққа ұрынып қалғандай жүрегі суылдайды. Ата-анасын ойласа кірпігі ілінбей азапқа түседі, соңғы уақытта шырт ұйқыдан шошып оянатын ауру жабысты.

Шиеттей үш баласын ойлап, жүрегі кан жылап, тыпырлап тыныш отыра алмайтыны және бар. Олар не қалде? Екі көзі төрт болып, қара жолға қарай-қарай үміттері үзілген шығар. Елжастын періште жүрегі осындай бір сұмдықтың боларын алдын ала сезген секілді. Адам баласында болашақта болуы мүмкін жағдайды күні бұрын сезетін таңғажайып түйсіктің барына Аяған күмән келтірмейді. Өзімен құралыптас бір жазушы жігіттің жаманшылықты алдын ала сезетінін талай рет байқады. Бірде ол:

— Жаман түс көрдім. Айтуға ауыз бармайды,— деген.

— Неге байланысты? — деп Аяған тақымдап сұрап қоймаған. Оның көнілін қимаған жазушы жігіт қайта-қайта күрсініп отырып түсін айтып берген. Жазушының түсінің айна-қатесіз дәл келетіндігіне мүлде сенбеген. Арада екі-ақ сағат өткен соң Аяған әйгілі ақынның қаза тапқанын естіп, жағасын ұстаған.

Мен өзімнің қанша, қай күні өлетінімді білемін ғой сорлағанда,— дейтін ол күңіреніп. Өмірі үзілетін уақытты білетін адамның әрбір күні уайыммен өтетін шығар, сірә. Тірі

пендеге не сыйлары жұмбақ белгісіздік жақсы. Адам үміттенеді, алданады, алға — жақсылыққа ұмтылады. Өмір деген осы. Кісі баласы шыр етіп жарық дүниеге келгеннен кейін құдай мандайына жазған қуаныш-қызығын, азабын көргені мақұл ғой. Осында жүрген, санасына ақылдың сәулесі түспейтін бейшаралар өздерінше бақытты. Олардың өздеріне тиесілі қызық-қуанышы, уайым-мұны бар.

Аяғанның есіне осыдан бір жеті бұрынғы оқиға түсті...

Түс кезінде есік алдындағы орындықта күнге қақталып, ой түкпірін ақтарып отырған. Жетектескен екі кемпір әдеттегідей жанына жайғасты, оларды қуалап, өзін дүниедегі ең білімді, ең ақылды адаммын деп есептейтін бүкіш шал келді.

— Отыруға болмайды! — деген Аяған оған сес көрсетіп. Екпіндеп келген шал көзі жасаурап, оған жасқана қарап, ләм-мимсіз состиып тұрып қалды. Осы кезде Сталиннің үлкейтілген суретін көтерген Напалеон сап ете түсті. “Күн көсемнің” бейнесін көргенде екі кемпірде зәре қалмады, үйренген әдеттеріне бағып, жалп-жалп құлап, мұртты әулиеге тағзым еткен.

— Намаздың уақыты болып қалды ма, қыздар? — деген не істерін білмей абыржып тұрған бүкіш шал.

— Саған бәрібір емес пе, Саламон. Тізерлеп отыра қал да сайрай бер. Ә-ә, сен сорлы христиан екенсің ғой.

— Біз о дүниенің есігінің алдында тұрмыз. Сондықтан барлық құдайға құлшылық етуіміз керек, Напалеон,— деді бүкіш шал біреу естіп қоя ма дегендей жан-жағына жалтақтап. — Бірі болмаса біреуінің рахымы түсуі мүмкін ғой.

— Ах-ха, солай де... Сен баяғыда бәріне бірдей құлшылық еттің. Бәріне, бәріне,— деп Напалеон еліре айқай салды. — Сталин жолдасқа да, Хрущев тазға да, Брежнев қыртқа да... Сол себепті сенің кеудеңде сылдырлақ көп. Сен оларды, олар сені алдады, едремайт. Ең соңында ешқайсысың ұтылған жоқсың. Ұпайларың түгел. Едремайт, оңбаған!

— Маған айқайлауға болмайды.

— Ах-ха, солай ма. Неге?

— Жүрегім ауырады. Ұйықтай алмаймын.

— Ха-ха-ха! — деп қарқылдап күлді Напалеон. — Саламон, катып ұйықтайтын уақытың жақындап қалды. Өз қолыммен апарып көсемін. Алдымен алтын тістерінді қағып аламын.

Бүкіш шал иегі кемсендеп, екі көзі жасаурап, қолы қалтырай бастады.

— М-м-е-нің өлгім келмейді,— деді Саламон жыламсырап.

– Сіздің лимитіңіз таусылды деп жүр ғой дәрігерлер,— деді Аяған әдейі жүйкесіне тию үшін.

– Әне, естідің бе, педераз! Шаруан бітті,— деді Напалеон әрі-бері көйкендеп жүріп.

– Н-а-а-п-а-леон, досым менің! Саған жақсы қарап едім ғой баяғыда.

– Но-но! Мен сатылмаймын. Сен педик беті жылтыр катындардан басқаларға карамайтынсың.

– И-и-и... Қара машинасы бар еді,— деді манадан бері жер шұқылап, ойланып отырған неміс кемпір. — Қыз-келіншектердің барлығы бұдан қорқатын.

– Сендер мені жек көресіңдер,— деді коянның көжегіндей бүрісіп отырған шал. Екі кемпір оның мүсәпір қалге түскеніне масайрап, бір-біріне қарап, сөйлеп, мәз болып отыр.

– Әй! — деді еліріп алған Напалеон шаңқ етіп. Бүкіш шал шошып қалды, қорбандап жатып орнынан әрең тұрды. Жүгіретін адамдай екі қолын кеудесіне алып, дайындала қойды. — Сен құрыдың! Үсіп өлетін болдың. — Оны қолтықтап оңаша алып шықты да, құлағына сыбырлады. — Мына кемпірлер пальтонды, етігінді, бас киімінді мусор жәшігіне тастап, өртеп жіберіпті.

– Н-е-г-е?

– Сенің киіміңнен спидтің вирусі табылыпты.

– С-с-пид дейді?!

– Дәл сол ит,— деп ырк-ырк күлген Напалеон мәз болып. — Енді сені тексереді. Дененнен спид тапса бензин құйып, өртеп жібереді. Ал мен... Мен рахатқа батып, қол шапалақтап, саған қарап тұрамын.

– А-а-а... Жазығым жоқ менің...

– Доғар, оңбаған! Сен спид таратушысың.

– Напалеон,— деді бүкіш шал жыламсырап. — Оңбай кетейін, ешкімге жолағамын жоқ. Кемпірім 1982 жылы 13 қарашада, Леонид Ильичтен бір күн кейін қайтыс болған.

– Спид капитализмнің ауруы. Сенің солармен байланысың бар. Мен білемін,— деді Напалеон одан сайын еліріп.

– Спид дейді?!.. Ол не тағы? — деді қазақ кемпір құрбысына қарап. Ол да түсініп жарытып отырған жоқ.

– Ол жау! Халық жауы! Ол хунта! Пиночет! Гитлер!.. Вот так, вот! Спид — капитализмнің ауруы,— деп Напалеон бар дауысымен айқай салды. Екі көзі қапталап, қызарып кетіпті, он жақ беті жырбындай бастады. Аяған оның делебесі қозып, елірмесі ұстағанын түсініп:

– Напалеон, доғар бассыздықты! — деп айқайлап келіп,

шапалақпен салып жіберді. Ешкімге ерік бермей еліріп тұрған бейшара әп-сәтте жуасып, сұлқ түсті. Қалшылдап тұрған бүкіш шалда зәре қалмады, екі қолын кеудесіне алып, бүкшендеп тұра қашты. Ұзап барып тоқтады да, бұрылып қарады. Қызылкөз пәледен құтылғанына көзі жеткен соң сүріншектеп, аяғын тырпылдатып дәрігерлер корпусына қарай кетті.

Үн-түнсіз тұрған Напалеон кенет ышқына дауыстап:

– Жасасын Сталин жолдас!— деді. Екі кемпір бүкшиіп отырып Напалеонның айтқанын қайталады. Шал осыдан кейін “күн көсемнің” суретін көтеріп, өзі тұратын корпусқа қарай жүрді.

Көп ұзамай дәрігерлер отыратын бөлмеден бүкіш шал шықты да, белтемірі майысқан арбаның дөңгелегі тәрізді кисаландап бері қарай жүгірді. Келе салып:

– Напалеон мені алдапты. Бізге спид келмепті. Вот так, вот!.. Шалдар мен кемпірлерге спид жұқпайды дейді. Спид қауіпті емес дейді. Біз әлі өмір сүреміз, қыздар,— деді мажырап. Бір сұрапылдан аман-есен құтылғанына екі кемпір де мәз болып отыр. Аяған кәрілердің қылығына күле тұрып оларды іштей сұмдық аяды.

“Осы кісілер спидтің не екенін білмейтін де шығар-ау” деп ойлады. Спид түгіл одан зорғысы келсе де бұл екеуінің қорқатын жөні жоқ. Бір сәттік жарық сәулені қиып кете алмай сүйретіліп жүрген екі кәрі қашан қара жердің құшағына кіргенше осылай алданады; алданып күледі, алданып жылайды. Өмір деген осы...

Денсаулығы өте нашар, ақылы ауысқан кәрілерді көргенде Аяған тереңіне бойлатпас ойларға кетеді. Қаңқасы шіріп, іске жарамай қалған машина сияқты шаруасы біткен шал-кемпірлерді сүйрелеп апарып, дәрі құйып, ем жасап тыпырлап жүретін дәрігерлерді түсінбейді. Олар Аяғанға істен шыққан машинаның әр-әр жерін жіппен, темірмен байлап алып, дырылдатып орталық көшенің шаңын аспанға шығаратын даракы шопырлар сияқты болып көрінеді. Атар таң, алдағы күннен тән азабынан басқа ештеңе күтпейтін, күш-қуаты сарқылып біткен, санасы семген кәрі-құртандарды емдеп, шандырға айналып кеткен денелеріне ине сұққылап шырылдату адамгершілікке жата ма, сірә?! Оларды өлтірмеу үшін азаптау кісіліктің қай шартына жатар екен? Қара жердің бетінде қасіреттің мәңгілік жасайтынын дәлелдеу үшін күдіреті күшті алла тағала жарымжан пенделерді әдейі қалдырып кететін шығар. Кейінгі ұрпаққа үлгі болар іс бітірмей-ақ сексенге келіп селкілдеп жүрген кейбіреу аспандағы айды жерге сүйреп түсіргендей жұрттың апшысын қуырып, міндетсігенде Аяғанның

кабағы кіржиеді. “Көріден иман кетсе, жастан ұят кетеді” деген осы екен ғой” деп ойлады мұндайда.

Аяғанның есіне әкесі айтқан бір әңгіме түсті...

— Баяғыда бір елде қартайған адамды жардан лактырып жіберетін дәстүр болыпты,— деп бастайтын ол кісі әңгімесін. — Сол елде Данабек деген жалқы жігіт өмір сүріпті. Келіншегі жылдар бойы бала көтермей, құдайға жалбарынып жүріп ақыры ұлды болыпты. Жүрегі жарылардай болып қуанған Данабек ұлының құрметіне дүрілдетіп той жасайды. Баласын қолынан тастамай көтеріп жүріп бағады. Әкенің дәулетінің арқасында жалғыз ұл қияндық көрмей өседі. Данабек қартаяды. Елдегі қалыптасқан дәстүр бойынша ұлы қартайған әкесін жардың басына алып шығады. Әкесінің егіліп жылағанына қарамай жардан лактырып жібереді.

Содан не керек, жылдар өтіп, жалғыз ұл да ақсақалды шал болады. Бір күні ұлы дәл осы жардың басына алып келеді. Шал жылаудың орнына күледі.

— Әке, неге күлдің? — деп сұрапты ұлы.

— Осыдан елу жыл бұрын қартайған әкемді осы жерге алып келгенім есіме түсіп тұр, балам,— деп жауап беріпті әке.

Осы әңгімені айтып болғаннан кейін Қуат қария сақалын саумалап, ойланып отырып қалатын. Біраздан кейін еңсесін басқан ауыр жүктен құтылғандай сергіп:

— Е-е, алла, бергеніңе шүкір,— дейтін. — Дүние кезек, балам. Дүние жасарып, жаналанып тұру керек.

“Мен қартайғанда таудың басына алып шығып, лактырып жібересің ғой” дегенді меңзеп отыр деп ойлайтын Аяған шырпыр болып ақталатын.

— Жә, балам, өтірікке дағдыланба,— дейтін әкесі кабак шытып. — Уактылы келген өлім жақсы өлім. Ешкімнің табасына ұшырамай, сүйкімді жоғалтпай жүріп кетсем арман не.

Мандайы жерге тиюге сәл-ақ қалған көрілерді көргенде есіне әкесінің осы сөзі түседі. Асарын асап, жасарын жасаған, келер күннен үміті кем, өздерін өздері қинап, сүйретіліп жүрген шалкемпірлерді іштей аяй тұра оларды ұнатпайтыны рас.

Қайда барса алдынан солар шығады. Бәрі шетінен көкірек. “Менің еңбегім сіңген. Мына қоғамды қолымызбен құрғамыз” деп көкірек қағып, ешкімге жол бермейді. Тіпті арақтың кезегінде де қисаланды алға шығып кетеді. “Қоғамды өз қолдарымен құрған” әлгі мықтылар біраздан кейін әр-әр жерде қылжиып құлап жатады”.

Жалғыз баласынан туған жалғыз немересіне еміренбейтін.

айына-жылына бір кара көрсеткенде “бізді тонау үшін келді” деп тыржындайтын шал-кемпірге кімнің іші жылый қойсын. Жалғыз ұл мен немерені керексінбейтін, кара басының амандығы үшін ғана қыбырлап жүрген ондай тасмандайлардың басқаға жаны ашысын ба?! Аштық келсе немересінің қолындағы бір жапырақ нанды тартып жеуден тайынбас-ау, сірә.

“Маған бола берсе екен” дейді ондай мысық тілеулі пенделер. Олардан кейін дүниені топан су басып, адамзат баласы тып-типыл жоғалып кетсе де бәрібір әлгілерге. Былтыр үйінен қуып жіберген Фарид абзи сондай адам еді. Қазір де міне, сондай пасық пиғылды пенделермен бір бөлмеде жатыр. Бүкіш шал күн сайын күнжындап, азын-аулақ тиін-тебенін әр-әр жерге тығып, әуреге түседі. Ешкімі жоқ кубас екен.

– Бала-шағаныз болмады ма? – деп сұрады бірде одан. Бүкіш шал оны мазақтағандай тарқылдап күлді.

– Бала-шағаның керегі не? Олар алуды ғана біледі. Пайдасы жоқ. Вот так, вот! – деген Аяғанға ежірейе қарап. Екі көзіне ашу толып, шатынап шыға келген. “Ақылсыз сұрақ” берген көршісін кінәлай сөйлеген. – Бала-шағасы бар адамдарды көріп жүрміз. Бейшаралар! Өмірлері өмір емес. Ал біз Мария Исаевна екеуміз адамша өмір сүрдік. Біздің Рида деген овчаркамыз болды. Ол сондай ақылды еді. Бізді түсінетін. Бізге еркелейтін. Ой, несін айта берейін. Мария Исаевна кейде түсіме кіреді.

– Ә-ә, сізді шақырып жүр екен ғой, – деген Аяған ашуын күлкіге жеңдіріп... Шалдың басы қалтандап, иманы ұшып кетті. Бірнәрсе айтқысы келіп, бірақ тілі икемге көнбеді, аузы жыбырлағанмен сөйлей алмай қойды. – Мария Исаевнаны жақсы көрсеніз жалғызсыратпай жанына барғаныңыз дұрыс қой.

Екі көзі жасаураған шал Аяғанға жек көре қарады. Не сөйлей алмай, не орнынан тұруға дәрмені жетпей басы қалтандап біраз уақыт отырды. Сонан соң ажал келіп, ай-шайға қаратпай сүйрей жөнелердей жылап қоя берген. Аяған оны жұбатпады, сүйкімі кетіп қалған бүкіш шалға жиіркене қараған.

Кешкілік екеуі оңаша қалғанда бүкіш шал:

– Мен көп жыл обкомның бірінші хатшысы болдым,— деді мажырап. Артынша қабағы түнжырады. – Мария Исаевна екеумізге баланың керегі болған жоқ.

– Бала адамға ғана керек,— деп кекетті жігіт. Бүкіш шал оның сөздерінің астарын түсінген жоқ.

– Ол қайтыс болғалы төрт жыл,— деп кемсендеді шал. – Сталин өлгенде бірінші, Хрущев орнынан алынғанда екінші,

Брежнев қайтқанда үшінші рет инфаркт алған. Үшінші инфаркт алып кетті оны. — Шал жасаураған көзін сүртіп, басы салбырап отырып қалды.

Мария Исаевнаның тірлігі жігітті ойға қалдырды. Көсемдер жаналанғанда қатты қапаланып, жер сілкінетіндей үрейленетін адамдарды Аяған да білетін. Көсеммен бірге заман өзгереді, жана заманның әрбір пендеге қандай сый ұсынары алла тағалаға ғана аян. Бәлкім, қасірет әкелер, шаңырағын шайқар. Мария Исаевна сияқтыларды үрейлендіретін, инфаркқа дейін жеткізетін де сол күдік шығар, сірә. Шайқап ішіп, шайқалып жүргендер қоғамның жанарғанын қаламайды. Оларға үйреніскен бұрынғы көсем керек, өйткені биік астаудан жем жеп үйренген Саламон патша мен оның жұбайы мемлекет басындағы адамның да, ескіруге айналған қоғамның да барлық сырын жақсы біледі. Ескі қоғамда өмір сүру оларға жеңіл. Жаңа атаулы кісіні тосын мінезімен шошытады. Сондықтан ескі қоғамның игілігін көп көргендер жаңаға екі қолын көтеріп қарсы шығады. Аяғанның білетіні — ескілік қарсыласқыш, ол өте әккі, онайлықпен берісе қоймайды. Ақыл-есі бүтін, айла-амалы көп шал-шаукандар түгіл басын әрең алып жүрген, әне-міне дегенше қылжиып құлап қалуға дайын ауру-сырқау кәрілердің өздері өтіп кеткен заманды шырылдап қорғайды. Оларға сенсе, Сталин билеген дәуірден өткен әділ де, бақытты заман болмаған секілді. Кім білсін, бәлкім, солардың айтқаны дұрыс та шығар. Өзінің өткен өмірін кім сызып тастай салсын. Напалеон да өз шындығын шырылдап қорғап жүр. Оның шындығы — Сталин.

Аяғанның білетіні — өз шындығын қорғай алмайтын, тіпті оны мүлде қажетсінбейтін, кім күшті болса соның жағына ойланбай шыға салатын екіжүзді жана ұрпақ өсіп жетілді. Бүгін олардың барлығы әлдекімнің сойылын соғып, Сталинге шабуыл жасап жатыр, ертең аяқ астынан заман құбылса олар ыққа қарай аунай салады. Олардың айтысына қарағанда, Сталин коллективтендіруді халықты қыру үшін ойлап тапқан сияқты. Осы тұжырымға Аяған қарсы. Сол заманның, сол уақыттағы қоғамның табиғатын, болмысын терең талдап түсінбей, мінезіндегі китұрқыларды білмей тұрып, бар кінәні бір пенденің басына үйіп-төге салу әділ ме? Дәл сол уақытта Сталинде тарихтың доңғалағын кері айналдырып жіберетіндей күш, аса үлкен бедел болды дегенге Аяған сенбейді. Ол дәуірде Лениндік гвардияның іргесі сөгіліп, азайып, арзандай қойған жөк еді ғой. Социализмді қалай орнату керектігін оның теориялық негізін салған ғұламалар да айтып, жазып кеткен жоқ. Жаңа қоғамның алдында аса зор сын тұрды. Екінің бірі. Не өмір не өлім. Қуат-күші кеміген, бірін бірі түсіне

бермейтін аш-жалаңаш әртекті халқын қалай асырауды білмей абыржып, салбөксе болып жатқан алып мемлекетті екі аяғынан тік тұрғызып, аз жылда ұлы державаға айналдыру үшін Сталин сияқты катал адамның керек болғанын таным-түсінігі бар кісілер зерделер. Кім білсін, Сталинді соншалық катал, шектен тыс қатыгездікке баруға уақыт мәжбүр еткен шығар. Егер оның орнында көңілшек, қара басының ғана камын ойлайтын, етек аңдыған жұпаркіндік біреу отырса, талап жейтіндей болып қас жаулары жан-жағынан анталап тұрғанда жас мемлекет осындай дәрежеге жетер ме еді? Сталинді ғайбаттамайтын адам жоқ қазір. Оның атын сан-саққа жүгіртеді. Қаракан басының камын ойласа да бар жақсылықты өзіне жасамай ма. Өлгенде аяғына кигізетін жөні түзу туфли таппай, амалдың жоқтығынан тұмсығы ақжемделіп, тозып кеткен жалғыз ботинкасын кигізіп, коштасуға келген жұрт көрмес үшін веноткпен жауып қойыпты.

Оның өмірі тек қана қараулық пен қатыгездіктен тұрмайды ғой. Көсемнің кемшілігі – уақыттың кемшілігі. Уақыт ақыл-парасатына төрткүл дүние бас иген дананың да, бүкіл ғаламды бағындырған патшаның да еркіне бағынбайды. Осы бір шындықты біле тұра жұрт заманның кінә-кемшілігін бір адамның мойнына артып, қандықол құныкер дейді. Дүрмекке ілесіп, бұл да Сталинге тас атты. Қалың жұрт дүрмекке қосылып, жосықсыз дүрілдеді. Халық – тобыр. Сол қалың тобырдың ішіндегі сұңғылалар көп жағдайда үндемей қалады. Неге? Бәлкім, бұл заманға, қоғамға деген сенімнің тым аздығына байланысты шығар. Бәлкім, ірілігіне тірлігі сай келе бермейтін мемлекеттің табиғатындағы қатыгездіктен қорыққандықтан үндемеуге үйренген шығар олар. Сонда шындықты кім айтады? Шындық үшін әйтеуір біреулер құрбандыққа баруға тиіс емес пе?! Болашағы бұлдыр халқының сөзін сөйлеп, туған елінің бақыты, тәуелсіздігі үшін басын оққа байлап беретін маркасқа қайда? Бұл заманның Исатай, Махамбеті, Кенесары, Бекболаты қайда? Олар неге жоқ? Неге?..

Қаптаған қалың сұрақ Аяғанның алдына асқар таудай көлденең түсіп жатып алды. Сол биіктен асып кете алмай үнемі тұйыққа тіреле беретін жігіт қордалы ойлардан қажыйды. Ойдан құтылу үшін басқа ермек іздейді. Бірақ ой зәлім өкшелеп қуып, қыр соңынан қалмай діңкелетеді. Аяған қазір де міне, аш қасқырдай араны ашылып, анталап келіп бас салған ойдың жетегінде сүмендеп келе жатыр.

– Қуатов! Қуатов! – деп шуылдады жындыханаға кірер есіктін

түбінде иіріліп тұрған бір топ адам. Ойдын иіріміне батып кеткен Аяғанның құлағы таскерен. Бүкіш шал келіп қолына жармасқан сәтте ой тұманы сөйілген секілденген.

— Саған адам келді,— деді шал жымындап. Жігіт белгілі адамдарға ғана ашылатын үлкен қакпаға жалт қарады, қайғыдан қажыған жүрегі лүпілдеп келіп, аузына тығылды. Екі өкпесін қолына алып, темір қакпаға қарай құстай ұшты.

Хадиша іздеп келеді деп мүлде ойламаған. Кішкентай сәбиін құшақтап, бүрісіп отырған келіншекті көргенде қалт тоқтап, оған таңырқай қарады. Хадиша жылаған сияқты, екі көзі ісіп, қызарып кетіпті. Аяғанды көріп, лып етіп орнынан тұрды да, жымыып күліп, қарсы жүрді.

— Сәлеметсіз бе, аға!

— Ағасын Асылхан батыр іздеп келген екен ғой,— деді жігіт көңілі босап. Келіншектің қолындағы бес айлық сәбиді алып, иіскеп сүйді. Нәрестенін иіс-ай, шіркін! Ғажайып иіс тұла бойын балқытып, кеудесін тазалап өткендей әсерге бөленді. Көңілі босаған жігіт Асылханды көкірегіне қысқан күйі қимылсыз ұзақ тұрды. Іші-бауыры езіліп, үнсіз егілді. Әудемнен кейін көңілі орнына түсіп, өзіне өзі келген соң нәрестені шешесіне қайтарып, тілге келді.

— Міне, бізді осында алып келіп салды,— деп қинала күлімсіреді. — Әкіметтің қамқорлығына өттік біржола.

— Сізді іздемеген жеріміз қалмады, аға. Қаладағы милиция бөлімін түгел сүзіп шықтық,— деді Хадиша жан-жағына жалтақтап, қорқып тұрған сияқты. — Дені сау адамдарды жындыханаға алып келеді деп кім ойлаған. Сұмдық-ай!

— Осында келіп жүретін құрбым сізге ұқсайтын біреуді көрдім деген соң... Тіпті адам сенбейді екен. Ой, алла-ай!..

— Сенуге тура келеді енді,— деп қинала езу тартты жігіт. — Бұл заманда ештеңеге де таң қалуға болмайды.

— Сұмдық қой мыналары. Бұдан кейін үкіметке қалай сенесің?

— Е-е,— деп күрсінді Аяған. — Иә, қал-жағдай қалай?

— Жаман емес, аға. Сізді алып кеткеннен кейін Мұса Байларов деген біреу келген. Алдияр ағаны институттан шығарды. — Хадиша кінәлі адамдай басын төмен салып, бір сәт үндемей қалды. Аяған да үнсіз. — Мен қазір жатақханадамын, аға.

— Алдекеннің үйінен неге кеттің?

— Сыздық аға күнде мас. Мазамды алған соң...

— Сыздық... Ақылын ішіп қойды ғой ол.

— Қайтадан ЛТП-ға алып кетіпті. Роза апайға телефон соғып тұрамын. Сол кісі айтты.

– Алдекеннің отын өшірмеу керек еді. Жалғыз ұлының сикы анау,— деп кинала бас шайкады жігіт.

– Мен барып тұрамын ғой,— деді келіншек оған жаскана карап. Аяған оның жасқаншақ жанарынан өзіне деген жылылықты, мейірім шуағын байқап қалды.

– Айналайын сенен,— деген сөз аузынан еріксіз шығып кетті. Келіншектің бетіне лып етіп қан ойнап шықты. Жымындап сәбиінің бетінен сүйіп, теріс айналды.

– Декан Камал, Қанат, Еріктің соңына түсіп алыпты. Олар Алдияр атаның үйіне келіп тұрушы еді. Біраздан бері хабарсыз кетті. Оқудан шығарып жіберді ме деп қорқып жүрмін.

– Олар ойына келгенді істеп жатыр ғой, Хадиша. Күш солардың қолында. Қарсылассаң басыңды қағып тастаудан тайынбайды. Мені біресе түрмеге, біресе жындыханаға әкеліп тығып жүрген солар емей кім дейсін. — Аяғанның кеудесіне ашу тығылды. Киянатты көп көргендіктен жүйкесі әбден жұқарған екен. Танауы қусырылып, жүзі сұрланып шыға келді. — Мені тындырып, балаларға ауыз салған екен ғой.

– Сізді шығарып алудың қандай жолы бар, аға?

Аяған бас шайқап, төмен карап үнсіз қалды. Бұл жерден құтылып шығудың сан түрлі жолын іздеп, басын катырған, бірақ ойлап тапқан айла-амалы ешқандай нәтиже бермеді. Көзінің анық жеткені — бұл іске үлкен қызметі бар адам араласқан жағдайда ғана мәселе дұрыс шешілмек. Аяғанның аузымен күс тістеген ағайыны жоқ. Әкесінің айтуына карағанда, түрмеден аман-есен құтылып шығуына Қуандық Сәруаров деген азамат қол ұшын берген сияқты. Ол адамға айқайласа дауысы жетер ме?! Телефонын білгенмен байланыс жасай алмайды. Жолығатындай мүмкіндік туса ішіндегі зар запыранын түк қалдырмай қотарар еді. Сәруаровты іздейтін кім бар? Әке мен шешенің жағдайы анау. Жанашыр болып жүрген үш-төрт студент пен Хадишаның мүмкіндігі шектеулі. Бұлардың ниетін білсе Мұса Байларов барлық жолды жаптырады. Бүкіл елге аты мәшһүр ғұлама Алдияр Ақпанұлын жабылып талап жеп қойған аузымен күс тістеген киянатшыл топқа үш студент күлкі болып па, тәйірі. Олардың қаһарына ұшыраса сайда саны, құмда ізі қалмай тентіреп кетер. Мұса, Жақия секілділер аямайды ешкімді. Сондықтан балалардың обалына қала алмайды. Кеудесінде шыбын жаны бар тірі пенде емес пе, бір жолын табар. Реті келсе қашып шығар.

– Менің шаруама ешкім араласпасын,— деді жігіт кабак шытып.

— Ой, аға, не деп тұрсыз өзіңіз? Қойыңызшы тегі! — деп шамданды Хадиша. — Баратын жерге мен-ақ барамын. Жоғарыдағылардың барлығы ректор мен деканның аузына карап отырмаған шығар. Жапа шегіп, қиянат көргендердің зарын тындайтын бір адам табылмас дейсіз бе. Асылхан екеуміз Орталық партия комитетінің есігін күзетсек те сондай адамға жолығамыз.

— Мен қорқамын олардан, Хадиша,— деп күрсінді Аяған. Шарасыз кәліне күйінгендей қабақ шытып, мандайын ұстап, үнсіз тұр.

— Қорықпаныз, аға! Олар Кеңес үкіметінің заңынан күшті емес,— деді келіншек жігерленіп.

— Мен білемін, олар ештедененен тайынбайды. Араласудың керегі жоқ. Мен үшін өміріңізді бүлдірменіз, Хадиша,— деді жігіт оны иығынан құшақтап. Сыпайылық сақтап қайтадан сізге көшкенін өзі де аңғармады. Келіншек мұндайды күтпеген болу керек, сөйлей алмай тұтықты. Аяған оның дірілдеп тұрғанын сезіп, жүзіне ұрлана көз тастады. Екі беті қызарып кетіпті, езуіне болар-болмас күлкі ұялапты. — Бір өтінішім бар, Хадиша.

Келіншек оған бұрылғанмен басын көтеріп, тура қарай алмады. Жұпынылау киінген Хадишаның жұдырықтай болып томпыып тұрған қос анарына көзі түсіп, екі беті әлсіз ғана шым етті. Келіншек оның көзінің қайда түскенін сезді ме, алдында жатқан сәбиін көтеріп алып, кеудесіне қысты.

— Мен ауылдан кеткелі біраз уақыт болды. Шешем ауруханада жатыр еді. Хабарын біле алмай дымым құрып жүр. Бала-шаға не күйде? Мүмкіндігіңіз болса бір хабар біліп берсеңіз болар еді,— деп ұялақтап отырған келіншекке жалбарына қарады. — Аудан орталығында Сабыржан деген ағайынымыз бар еді. Сол кісінің үйіне телефон соғып, жағдайды білуге болады. Менін мұнда жатқанымды айта көрменіз. Ауруханада жатыр дей салыңыз.

— Жаксы, аға, қазір барып білемін,— деді келіншек орнынан тұрып жатып. Аяған тілдей қағазға Сабыржанның үйі мен қызмет телефонын жазып берді.

— Бір айналып келемін, аға. Не алып келейін?

— Әуре болманызшы,— деді Аяған. Келіншектің қолындағы сәбиді алып, мейірі қанбай иіскеп, мандайынан сүйді. — Азамат! Бақытты бол!

— Біз келеміз, аға,— деп Хадиша оған күлімсірей қарады. Аяған келіншектің мандайынан сүйді. Мандайы от болып жанып тұр екен, ерні күйіп қалған секілденді...

Келіншекті шығарып салғаннан кейін Аяған қақпаның манайынан ұзай алмай қойды. Тағы да әлдекімдер келіп қалатын

сиякты елегізіп, тағаты таусылды. Бір сәтке адасып қалған екі кемпір оны тауып алғандарына қуанып, күбірлесіп сөйлеп, мәз болып тұр. Мына екеуін тағы да адастырып кетпек болып аурулар қыдырып жүрген алаңға қарай бағыт түзеді. Күнкілдескен екі кемпір жетектескен күйі жігітке ілесті. Олардың сонынан сүмендеп бүкіш шал келе жатыр.

– Жанағы кім? Әйелің бе? – деп сұрады бүкшендеп әрең ілесіп келе жатқан шал айқайлап сөйлеп. – Әдемі екен. Балан кішкентай. Өзіндікі ме?

Тақымдап тақылдап келе жатқан шалдан құтылу үшін Аяған жүгіре жөнелді. Бүкіш шал:

– Ақырын жүгір, біз жете алмаймыз, – деп шырылдады. Жігіт олардан қара үзіп кету үшін барын салып жүгірді, екінші корпусың жанына тақай бере тасаға қарай жалт бұрылды. Үшеуі одан адасып қалды. Жігіт әлгілердің көзіне түспей баспалап қақпаға қарай тартты.

Үш көрініс көзіне түсіп қалмау үшін ашық алаңға шықпай, жуан теректің тасасында жасырынып тұрып Хадишаны күтті. Сағат алтыдан аса бере келген келіншек ішке кіре алмай екеуі екі жақта тұрып сөйлесті.

– Аға, мен ғой, – деді келіншек дауысы дірілдеп.

– Шал-кемпір, балалар қалай екен?

– Аға, – деді келіншек.

– Иә, иә... Айта беріңіз, Хадиша.

– Аға, – деді тағы да. Оның жүзін көрмесе де бір сөзді қайталай бергеніне қарап, көмейінде бір көмескінің барын сезген жігіттің көңіліне күдік кірді. – Аға, сіз ер-азаматсыз. Сіз, аға, болаттай берік болыңыз.

Аяған астыңғы ернін тістеп алды. Мандайынан бұрк етіп тер шықты. Бір жаманшылықтың болғанын іші сезді.

– Аға, солай болған екен. Берік болыңыз, – деді Хадиша оның егіліп жылап тұрғанын Аяған көрмей-ақ білді. – Мен ауылға, балалардың жанына барайын, аға. Ертең Асылхан екеуміз жолға шығамыз.

– Кім? – деді жігіт жасқа тұншығып. – Кім екен кеткен?

– Анаңыз...

Қолына ып-ыстық тамып кеткен сәтте Аяған селк ете түсті. Екі көзінен парлап аққан жасты сұрткен жоқ.

– Бекем болыңыз, аға. Балаларды ойлап, уайымдаманыз, – деп дауыстады жылап тұрған Хадиша. – Мен барсам олар жетімдік көрмейді, аға.

– Рахмет саған! – деді жасқа тұншыққан жігіт. Айналайын

сенен!. Осы жерден аман шықсам, өмір бойы сені төбеме көтеріп... Сені аялап... Айналайын!..

— Тезірек шығыңыз, аға. Біз күтеміз сізді...

— Балалар өзіне аманат, жаным!.. Сен дегенде үшеуінде де жан жоқ.

— Сағындым оларды...

— Хадиша, Орталық партия комитетінде Қуандық Сәруаров деген құдайға караған азамат істейді екен. Менің түрмеден босап шығуыма сол жігіт қол ұшын беріпті. Болған жағдайды, менің тәлкекке түскен тағдырым туралы толық етіп хат жазып жіберші,— деді жігіт қиылып.

Мақұл, аға. Бүгін Камалдарды іздеп тауып, ақылдасамыз. Ертең балаларға кетемін.

Жолың болсын, жаным! Көкеме болған жағдайды түсіндір. Ол кісі түсінеді. Босай бермесін. “Иттің иесі болса, бөрінің тәнірісі бар”. Бір құдайдан басқа сенерім қалмады, Хадиша.

Темір қақпаның екі жағындағы екеуі де егіліп жылап тұрды. Уақыттың тілін таба алмай, құбылып тұратын заманның мінезін түсінбей адасқан екі мұнлыққа жаны ашығандай кішкентай нәресте шырылдап қоя берді.

47

Жындыханаға маусым айының бесінші жұлдызында келіп түскенін біледі. Содан бері талай ай өтті, қазір күндердің есебінен жаңылды. Алғаш түскенде іштей есептеп, күндерін санап жүруші еді; айды, күнді мүлде керек қылмайтын уайымы жоқ пенделердің арасына келгеннен кейін соларша өмір сүруге бейімделді.

Аурулар уақытпен санаспайды, тамағы тоқ болып, дұрыс ұйықтап тұрса басқа ештенені керек етпейді. Сыртқы дүниеде не болып жатқанын, ағайын-туғандардың қал-жағдайы олардың ойларына кіріп те шықпайтын тәрізді. Аяғанның байқағаны — аурулар заманның тізгінін ұстаған уақытқа, пенде біткенді ерттеп мініп, басын жадылап алған жүйеге мүлде бағынбайды екен.

Әрқайсысы өзінше ермек іздейді. Бір тобы күні бойы үшінші корпусстың алдындағы сынық телефонды айналдырады. Алғашқы күні Аяған да алданды. Алдекеннің пәтеріне телефон соғып, хабарын бермек ниетпен кезекте тұрғандардың ең сонынан орын алып, асқан шыдамдылықпен күткен.

Кезекте тұрғандар тым ұзақ сөйлеседі. Екі минуттан асса басқалары шуылдап, заңды көлденең тартып, әлгі бейшараны

жұлып жеп қоя жаздайды. Кейде кішкентай балалар сияқты едірендесіп, біріне-бірі док көрсетіп, төбелесіп қала жаздайды. Напалеон сияқты қаны қызбалары болмаса бір-біріне қол көтермейді.

Телефонның жұмыс істемейтіндігін Аяған өз кезегі келгенде бір-ақ біліп, аурулардың мына қылығына соншалық таң қалған. Олардың телефонмен сөйлесу арқылы алданып, иықтан басқан ауыр заттан арылғандай жеңілдеп қалатынын, жарым көнілін осылай жұбататынын түсінді. Кей күндері бұзылған телефонның жанындағы орындыққа келіп, әйелімен, бала-шағасымен сөйлесіп, іштегі шерін тарқататын ауруларды бақылайды. Бүгін де міне, үйреншікті орнында отыр.

Аспан бұлтты. Келе жатқан суықтың ызғарлы лебі білінеді. Демінде дымқыл бар ма, ауа салмактанып қалған сынайлы. Қазан айы аяқталуға таяу. Күз болса шелектеп құйып, елдің есін алатын жаңбыр биыл өте сирек жауды. Сөл ғана жел тұрса жердің шаңы көтеріліп, жындыхананың ауласына асыр салып құйын ойнайтын болып жүр. Мұндайда аурулар далақтап, құйынды қуалай жөнеледі. Олардың бұл әрекетіне не күлерін, не жыларын білмеген Аяған менірейіп тұрады да қояды. Ешкімге керек болмай қалған мүсәпір пенделерді жүрегі езіліп аяйды.

– Әй, көрші! Саған кезек алып қойдым,— деп дауыстады Саламон. Нан жеп, кезекте тұрған шалға бұрылып, жымыып күліп қойды. Өзі қызық екен. Аты-жөні басқа, таныса қалған адамға “Саламон патшамын” дейді. Оңаша қалғанда Аяғанда “білесің бе, көрші, Саламон деген патша болған” дейді жымындап. Көңілі түскенде Напалеон оны арқасынан қағып, “бұл менің нөкерім, аты Саламон” деп қояды. Мұндайда бүкіш шалдың екі езуі екі құлағына жетіп масайрап, желпініп қалады.

– Немене, бала-шағаңмен, әйеліңмен сөйлеспейсің бе?

Аяған бас шайқады. Саламон патша одан ары тақымдап қыштамады. Телефон трубкасына қолы енді жеткен адамға:

– Әй, азамат, уақытың бітті. Уақыт деген ақша, жолдас. Вот так, вот,— деп айқайлап салмақты екі аяғына кезек-кезек салып, өзімен өзі болып кетті.

“Осылар телефонды алданыш көре ме, жоқ әлде, туыстарымен сөйлескеніне шынымен сене ме екен” деген сұрақ Аяғанды тұйыққа тіреді. Қай-қайсысы болмасын шын беріліп сөйлеседі, кейбіреуі ағыл-тегіл жылайды. Енді біреулері сөйлесіп, шерін тарқатып алғаннан кейін көздері жасаурап, егіліп кетіп бара жатады. Әлдеқашан марқұм болған әке-шешесімен, кемпірімен

немесе шалымен сөйлескен кәрі-құртандар даурыға дауыстап, таркылдап күліп, мәз-мәйрам болып жатады.

Күн сайынғы жағдай айна-қатесіз бүгін де қайталанып, аурулар марқұмдармен тілдесіп, тіршіліктің мәселелерін талқылап, келісе алмай кеңірдектесіп немесе ләпбай тақсырлап бас шұлғиды.

“Өмір ғой бұл да, өмір...” — деп күрсінді жігіт.

— Әй, былай тұр, педераз! — деп кезексіз трубкаға қол созған шалды итеріп жіберген жігіт айқайлап сөйлесе бастады. Аяған оның әңгімесіне құлақ түрді. — Алло! Дос, амансын ба, балам! Говорит твой отец. Менің хатымды ты получил? Та-а-к... Менің катыным қайда? Ах, солай ма? Она сука! Я ее убию! Не плач мой милый... Жақында мен шығамын. Мен Рейганға хат жазып жібердім. Екеуміз Америкаға барып тұрамыз. Ты понял меня? Рейган менің досым. Ол маған үй, машина сыйлайды. Мен американкаға үйленемін. Ты понял мен? Понял да... Жарайсын!..

— Аз-замат, уақытың бітті,— деді қалтақ бас шал жігітті иығынан түртіп. Сол сол-ак екен кезекте тұрғандар шулап қоя берді.

— Молчат! — деп зекіді жігіт. — Сендер менің кім екенімді белісіңдер ме? Мен Рейганның досымын.

Оның сөзін құлағына қыстырған бір жан жоқ. Жабылып шулап, етегінен тартып, бүйірінен түртіп, тықсырып қуып шықты. Әрқайсысы әлдеқашан Шыңғысханға, Цезарға, Напалеонға, Саламон патшаға, тағы-тағы солар сияқты тарихи тұлғаларға айналып кеткен ауруларға досы тұрмақ Рейганның өзі кім, тәйірі?

Рейганның бейшара досы шуылдасып жатқан топқа бұрылып, бар дауысымен айқай салды.

— Шизики, сволочи! Вас надо уничтожить как тараканы,— деп жер тепкілеп, көкталактанып кетті. Сонан соң шуылдақ топқа қарай былш-былш түкіре бастады. — Тараканы, тараканы!..

Өз ісіне разы болып, қаркылдап күліп алды да, әндетіп жөніне кетті. Отызға ілінбеген өрімдей жас жігітке Аяғанның жаны ашыды. Өзі көп көрінбейді, анда-санда аяқ астынан сап ете қалады да, жұртты бір шулатып алып, жөніне кетеді. Жұрт оны сыртынан Ескендір Зұлқарнайын дейді екен.

— Алло, Мария Исаевна! Бұл мен Саламон патша... Бұл мен сенің өзіннің Сашаңмын ғой. Мария, жарық күнім менің! Сағындым сені. Үнемі түсімде көремін. Баяғыдай құшақтап, сүйіп жатамын. Маришко!..

— Саламон патша, оттамай былай тұр! О дүниемен телефон байланысы жоқ,— деп таркылдап күлді аяқ астынан сап ете

калған Напалеон. Қолында әдеттегідей Сталиннің суреті бар. Мұртты әулиені көрген шал-кемпірлер оған тағзым етіп, жалп-жалп құлады.

– Ти-ше! – деді бүкір шал.

– Сен екі араға телефон жүйесін тарт, Саламон. Марқұмдармен сөйлесіп, қарық болып қалайық.

– Қалай? – деді Саламон тұтығып.

– Телефон сымын алып, о дүниеге бару керек. Маришконды көресің, аймалап сүйесің, тоятынды қандырасың, – деді Напалеон мырс-мырс күліп.

– Мен бара алмаймын ғой, – деп кемсендеді шал.

– Сужүрек! – деп кіжінжі Напалеон. – Сен Мария Исаевнаны сүйемін деп өмір бойы алдадың. Ал ол саған сенді. Сен беті жылтыраған қатындармен ойнас жасадың оңбаған!

Напалеоннан жүрегі шайлығып қалған Саламон патша күнкілдеп, бірнәрсе айтқан болды да, жылыстап қашты.

– Әй, қайда қашып барасың? Сен немене Сталин жолдасқа қарсымысың? – деді Напалеон ежірейіп.

– Ж-о-о-к, – деді бүкіш шал тұтығып.

– Қарсысың, Саламон. Білемін. Ол сені биттеп, құрттап жүрген жерінен тауып алып, оқытып адам қылған. Одан қашып құтылу мүмкін емес, Саламон.

– Мен қашқан жоқпын. Сен маған жала жаптың, Напалеон, – деп шырылдады бүкіш шал.

– Сталин жолдастың құрметіне ән салындар! – деп бұйырды Напалеон. Телефонның кезегінде тұрған шал-кемпірлер қаз-қатар тізіліп тұра қалып, әрқайсысы өзі білетін әнді айтып, “сайрай” бастады. Әртүрлі тілде, әртүрлі мақаммен айтылған әртүрлі әннен Аяған ештеңе ұға алмады. Жындыханаға алғаш түскенде мұндай сәттерде ашуланушы еді, бұл жолы үндемеді. Ол кейінгі уақытта болар-болмасқа күйіп-пісіп ашуланбайды, аурулардың бірде артық кетіп, бірде кем соғып жататын әртүрлі іс-әрекеттеріне араласпайтын болған. Сталин туралы шындықты бұлардың санасына жеткізе алмасын түсінген. “Ұлы көсем” олардың өміріне айналып кетіпті. Сталиннің есімі тасқа қашалған жазудай шал-кемпірлердің жадына мәңгілік өшпестей болып жазылып қалыпты. Мындардың басын жалмаған «ұлы көсем» жастық шағы ол билік тұтқасын ұстаған заманда өткен, бұл күнде қалт-құлт еткен қалтырауық шал, бүкшиген кемиек кемпір болған ұрпақпен бірге жасайды екен. Напалеон осы бір ұлы шындықты басқалардан жақсы білетіндіктен Сталиннің суретін көріп,

жыртысын жыртып жүрген сияқты. Кеше кешкілік ол екеуі біраз әңгіменің көрігін басты.

— Оны өмір бойы сынап, шабуыл жасап келеді. Бұдан кейін де солай болады. Біліп қой, мырза. Бірақ бәрібір ештеңе өзгермейді. Сталин мәңгілік жасайды. Ур-рә-ә!.. — деген Напалеонның сөзінен кейін Аяған ойланып қалған.

Оның айтып отырғаны шын. Сталинді өле салып сынады, толып жатқан қылмысын әшкереледі, бір топ саясаткер бастап, “ол Лениннің жолын теріс бағытқа бұрып жіберді” деп дүйім жұрт даурықты. Содан бірнәрсе өзгерді ме? Егер бұл қоғам теріс бағытқа түсіп кетсе неге дұрыс жолға салмады? Данғаза біреулерге бедел жинау үшін керек болған шығар. Үнемі осылай жеке адамның беделі үшін тарихқа әр кезде қиянат жасалып отырғанын Аяған біледі. Сталинді, әлдеқашан тірі құдайға айналып кеткен “күн көсемді” Никита бейшара көзге шұқып, көрге тығып, тағына отырғанмен миллиондардың жүрегіндегі орнына жете алмай ұятқа қалды. Қоғам сол күйінде, мемлекеттік жүйеде еш өзгеріс болған жоқ. Сталиннің заманы мен Андроповтың билік құрған дәуірінде айырмашылық болды дегенге Аяған сене қоймайды. Биік мансапта отырған тасмандайға ұнамай қалған пенденің тағдыры тәлкекке ұшырап, қаңғырып далада қалады, шындық іздеп шырылдаса темір тордың аржағынан бір-ақ шығарады. Мәселенің жеке адамда емес, мемлекеттің жүйесінде екенін Аяған әлдеқашан зерделеген. Осы бір шындықты айқайлап айтамын деген ғұлама Алдияр Ақпанұлының өмірі қасіретпен аяқталды. Мәселе мемлекет басқарған Сталинге қарап тұрған жоқ. Ол үлкен орындаушының бірі болатын. Сталин өзінен бұрынғылардың өсиетін жүзеге асырды...

Соңғы жылдары, әсіресе оған жойқын шабуыл жасалып, аруағын қорғау күшейгелі бері “барлық халықтардың көсеміне” тілектес адамдар көбейді. Оған еліктейтін, ұқсағысы келетін “кішкентай королдардың” пайда болғанын Алдекен марқұм айтып отыратын. Олар сонау отыз жетідегі қисыпыр зауалды аяусыз сынап отырып, соған ұқсас әрекеттер жасағанын Аяған біледі. Ол шіркіндердің жолы ашық, қолдарын ешкім қаппайды, сондықтан әрекеттері де батыл. Өздері қызық — Кенес үкіметіне солардан басқа ешкімнің жаны ашымайтындай, ұлы мемлекеттің мұн-мұқтажын тек солар ойлайтындай болып жүреді. Мансапқа алданып, ажалдың барың біржола ұмытып кеткен сондай пенделерді көргенде Аяғанның зығырданы қайнайды.

“Халық — тобыр. Тобырда ақыл-парасат жоқ. Алдына сал да айдап жүре бер. Айдауға көнбеген, қарсыласқан саяқтарын қара

жерге қазық қылық қағып жібер. Сонда басқалары алдыңда құрдай жорғалайды”.

Сталинге ұқсағысы келетін “кішкентай королдардың” осылай ойлайтынын Аяған әлдеқашан білген. Олар қара басының абырой-беделін көтеру үшін кез келген пендені құрбандыққа шалып жүре береді екен. Сондайлардың біреуімен жағаласамын деп тағдыры тәлкекке түсіп, түрмеге қамалды, ақыры міне, жыңдыханадан бір-ақ шықты.

Білетіндердің айтысына қарағанда, Сталиннің заманында әділеттің ақ жолынан аттауға мемлекеттің басында отырған адамдардың ғана батылы барған сияқты. Орыс, қазақ бас-басына би болмай дүйім ел бір ғана мұртты әулиенің аузына қараған.

Оның аузынан шыққан сөз Мұхаммед пайғамбардың айтқанымен пара-пар болған көрінеді. Ал қазір халық көсемдерге неге дәл солай табынбайды? Табынбақ түгіл оларды күлкіге айналдырып, мазақ қылады. “Кішкентай королдардың” көбейіп кеткен себебі – ел аузына қарайтын Сталин сияқты үлкен тұлғаның жоқтығынан шығар, бәлкім. Мүмкін бұл қоғамға дәл сондай қаһары қара жерді қақ айыратын билеушінің қажеті жоқ та шығар. Халық қашанғы тобыр бола береді? Бұрын, қадым замандарда, одан кейін де халық тобыр болды, бағасы кетіп, мүлдем арзандады. Солай болған, солай бола береді.

Қарапайым пенденің өмірінен үлкен қызметтегі адамның абыройы, беделі қымбат заманда шындықты іздеп табудың мүмкін еместігіне көзі жетті. Жұрттың барлығының жаппай мансапқа ұмтылатыны, соның жолында ештеңеден тайынбайтыны, кей жағдайда қойнында жатқан жары, балаларының анасының арын әлдекімнің аяғының астына тастап, қиналмай құрбандыққа шалып жіберетіні бекер емес екен. Оның ұққаны – бұл қоғамда барлық мәселе билікке келіп тіреледі екен. Бұл қоғамның бойындағы дерт. Ол ешқашан емге көнбейді.

Біліп айтты ма, жоқ па, қалай дегенде де Напалеонның сөзі ақиқат. Бәрібір ештеңе өзгермейді. Өзгертемін деп тырысқан сан боздақтың мойны ажалдың тұзағына ілінеді.

– Әй, сен неге тұрсың, педераз! Тізерле, кәне! – деп зекірді қайтып айналып келіп, телефонның кезегіне тұрған жігітке. Аяған жаңа ғана құрық тимеген шу асаудай тулап, шалкемпірлерге “шизики, тараканы” деп көкталақтана айқайлаған жігіттің аяқ астынан жуасып, монтанси қалғанына түсіне алмай таңырқап отыр.

– Әкет андағы жауызды! – деп айқай салды жігіт кенет өзгеріп.

– Жап аузыңды, оңбаған!

– Онын мойнында елу миллион адамның қаны бар,— деп тепсінді жігіт.

– Жала! Ол халық үшін өмір сүрген.

– Мә, жепсін! — деп жігіт тылағын көрсетті.

– Қара басының камын ойласа Берия сияқты шалкып жүрер еді. Ол Кенес үкіметі үшін бөрінен бас тартты,— деп шабалана айқайлады қызынып алған Напалеон. — Ол Алилуевадан кейін әйел де алмаған.

– Алмаса әйелдер емес, өзі кінәлі. Сенің Сталиннің әтек болған. Ха-ха-ха!..

– Ал сенің көсемдерін... Білеміз оларды... — деп Напалеон жан-жағына карап алды. — Алматыдан қуылып кеткен біреуі талай жылдан бері партиялық бакылау комитетін басқарып отыр.

– Н-а-а-палеон,— деді күбірлеп сөйлеп, сықылықтап күліп отырған Саламон патша үрейлене дауыстап.— Ол әлі тірі...

– Сен құйысқанға қыстырылма, педераз! Мен шындықты айттым.

– Ах-ха, солай де! Сонда кім менің көсемдерім?

– Бес жұлдызды бір қырт.

– Ах-ха,— деді қанын ішіне тартып, сұрланып тұрған жігіт. — Между прочим, ол өте мейірбан адам. Ты понял меня? Ол жылай біледі, қуана біледі.

– Ішіп алсаң сен де жылайсың, педераз.

– Прекрати! — деді жігіт тістене кіжініп. — Сен оған тиіспе. Ол он тоғыз жыл ел биледі. Ешкімді атқан жоқ, асқан жоқ.

– Өліп қалмаса тағы да отырар еді,— деп Напалеон мырс-мырс күлді. Сыныққа сылтау іздеп таба алмай тұрған асау жігітке бұдан артық себептің керегі болған жоқ. Жүгіріп келіп, Напалеонның жағасына жармаса кетті де, қылғындыра бастады. Телефонның кезегінде тұрғандардың бірде-біреуі араға түспеді, Напалеонның қолындағы сурет жерге құлаған сәтте барлығы орындарынан дүркірей көтеріліп, бет-бетімен қашып жөнелді. Аяған үлгеріп жеткенше Напалеонның көзі аларып, тілі салақтап, сүлк жатып қалыпты.

– Ой, жібер!

– Бұл өлсе Сталин де қапуд,— деп жігіт қарқылдап күлді. Астындағы адамның жаны шығып бара жатқанмен ісі жоқ. Аяған оны шапалакпен салып-салып жіберді. Асау жігіт баж-бұж етіп орнынан атып тұрғанмен тұра ұмтылуға батылы жетпей тайсақтап, шегініп кетті.

Шал өрең дегенде ес жиып, басын көтеріп отырды. Жігіттің

тырнағы тамағына батып кетіпті, терісі сыдырылған жерден шым-шым қан шығып тұр.

— Ат-тана нәлет! Отыз жетінші жыл болса көрсетер ем мен саған,— деді ол кіжініп. Қақырынып-түкірініп біраз уақыт қозғалмай отырды. — Біз бәрібір жеңілмейміз. Біз тоғыз балдық толқында жүзгенбіз. Кеңес үкіметі, социализм үшін біз ешкімді де аяған жоқпыз. Әкемізді де, шешемізді де... Сталин жолдас бізді солай тәрбиелеген.

Өзіне өзі осылай дем берген шал орнынан тұрып, Сталиннің суретін көтеріп, түк болмағандай жөніне кетті. Оңбай таяқ жегенін, өліп қала жаздағанын оп-онай ұмытып кеткен тәрізді.

Аяған манағы орнына отырып ой түкпірін актерды... Барлығы кара күшке тәуелді болып тұрған жындыханада кімнің күші асса соның мерейі үстем екен. Жындыхана — тірі пенде өзін-өзі қорғай алмай қор болатын жер екен. Әлі жеткен әлдекім сақалына карамай әлсізді ұрып жығып, сабап жатады, араша түсер ешкім жоқ. “Өзін-өзі қорғау арқылы адам қоғамды қорғайды” дейтін Аяған осы күні басқаша ойлайды. Өзін қорғайтындай қуаты жоқ кісіде ар да, намыс та болмайтындығына көзі әбден жетті. Ол бейшара өліп қалмау үшін ғана қыбырлап тірі жүреді екен.

Бұрын Аяған “адамды қорғау — мемлекеттің бірінші міндеті” деп ойлайтын. Мақтаныш тұтатын мемлекетінің көп жағдайда сол капиталын өз нарқымен бағалай білмей, әлдекімдердің талауына беріп қоятынын тіпті кейін түсінді. Бағаласа жүрегінді тырнаған қасірет-қайғынды айттың деп түрмеге қамап, жындыханаға әкеліп сала ма? Сойылға жығып, сойқан жасай ма? Иттей қорлай ма? Отан — ана. Анасы баласының бір еркелігін кешіре салмаушы ма еді. Ақылы бар ана өгей баласының шекесінен шертіп, шетке қакқанмен шектен шықпайды. Аяған бұл мемлекетке өгей баладай да бола алмады-ау тіпті. Өгейлік!.. Бір бұл емес, өгейлер толып жатыр. Еліне, мемлекетіне керек болмай, қанғырып далада қалған, сүйегі түрмеде шіріген өгей ұлдар аз емес.

Аяғанның көзі бір ақиқатқа анық жетті — ендігі қалған өмірінде ешкім де маңдайынан сипамайды. Мұса, Жақиялар қысастықпен өмірін де, өмірбаянын да бүлдірді. Кең дүниеге шыққанмен олардың мұны еркіне жіберіп, қарап отыратындығына сенбейді. Сонда қайтпек керек? Бала-шағасын, маңдайы жерге тиіп отырған әкесін тастап, құлақ естімес, көз көрмес қиянға қашпак па? Жеңіліп қалатындығына көзі жеткен есті пенде күштінің жағасына жармаспайды. Сонда қайтпек, басқа түсті, мен көндім деп бас шұлғып, құлдық ұрып жүре бермек пе? Адам болып жер басып жүрген соң жүрегінді жарып шыққан шын

сөзінді айта алмай бүгежектеп, төменшіктеп кеткен ғұмырдың атасына нәлет демей ме?!

Аяған байыз тауып отыра алмай орнынан тұрып кетті. Басы салбырап, аяғын санап басып, ашық аланға қарай беттеді. Тасадан шыға келген екі кемпір тыпың-тыпын басып, оның соңынан ілесті.

Тым-тырақай қашып жөнелген аурулар ізім-қайым. Желең жүретін бейшаралар кешең күздің кешкі ызғарына шыдамай бөлмелеріне барып тығылған тәрізді. Жұрттын зәре-иманын алып, тыным таппай жүретін Напалеон де көрінбейді. Екі кемпір кара суықта сыртқа өзін көргеннен кейін ғана шыққан сынайлы. Оларды көзі шалса бүкір шал да шауып келеді. Оның соңынан Сталиннің суретін көтеріп, Напалеон шығады. Дүние қызық. Осындай шынжыр бауындай бірімен бірі жалғасып жатады. Мұндағылар бәлен уақыттан бері бір-біріне үйренген. Бір шанырақтың адамдарындай селбесіп тірлік кешуге дағдыланған.

Аяғанның ойы дәл шықты. Көп ұзамай жетектескен екі кемпірді көріп, қисық донғалақ секілді қисаландап, еңтігіп бүкіш шал жетті. Аяған барда екі кемпірге тиіспейді, аукасы салбыраған кәрі бұқадай сүмендеп сондарынан еріп отырады. Оның көзі тайса болды, емпендеп келіп, біреуіне жармасады. Кұшактап алып, кемпірдің қарсыласканына қарамай шолпылдатып сүйіп жатады. Қисаландап әрең жүрген шал бірнәрсе бүлдіріп кетердей кемпірлер баж-бұж етіп, бүкшендеп қашып әлекке түседі. Аяған сексендегі адамдардың қылығына күлерін де, күйінерін де білмей тұрады.

Жындыханаға алғаш келгенде ауруларға сырт адамның көзімен қарап, олардың іс-әрекетіне күлетін. Олармен етене танысып, қасірет-қайғысын теренірек түсініп, жан-жүрегімен сезіне бастаған күннен оларға басқа көзбен, жанашыр, тағдырлас адамның көзімен қарады. Жындылардың күнделікті тіршілігі адамның жанын шошындыратын іс-әрекеттерден ғана тұрмайды екен. Мұнда езу тартқызар күлкілі жағдайлар жиі болып тұрады. Аяған дені сау адамдар ойлап таба алмайтын оқиғалардың талайына куә болды. Сондай сәттерде осылардың ауру екендігіне сене алмай, аң-тан қалатыны бар. Күлкілі жағдайларды ойлап табуға әсіресе Напалеон тапқыр. Жас кезінде әзілқой, сайқымазақ адам болғанға ұқсайды.

— Бикештерге салют!

Аяғанның ойын Напалеонның дауысы бөлді. Бұрылып қараған, қолында мұртты әулиенің суреті жоқ екен. Екі қолын қалтасына салып, бұраң-бұраң етіп, дедектеп келеді.

— Саламон, жаңалық бар ма?

– Мен газет оқымаймын,— деді оның келісін жақтырмаған бүкіш шал.

– Сен естімеген екенсің ғой бейшара. Сұмдық, Саламон, сұмдық!

– Не боп қалды? – деп зәресі ұшып кеткен шал басы қалтандап.

– Сыртта ереуіл, көтеріліс!

– С-с-ұмдық екен... Аманымызда осында орналасып алғанымыз қандай жақсы болған.

– Ақымақ! Аурухананы копаруға бір бомба жарайды.

Саламонның қорқынышы соншалық, екі көзі алақтап, пәледен сол ғана құтқарып алардай, Напалеонға жаутандады. Арагідік еңкіш тартқан еңсесін тіктеп, әлдеқайда құлақ түреді. Жанында тұрғандардың сөзін әрең еститін, шаруасы әлдеқашан біткен құлаққа трамвайдың тарсылы, машинаның гүрілі мың сан адамның айқайындай, зенбіректің гүрсіліндей болып естіле ме, бейшара Саламон тыпырлап келіп, Напалеонның тасасына тығылады.

– Саламон, депутаттар келе жатыр дейді. Сталиннің заманында үлкен қызметте болғандарды бауыздайтын көрінеді.

– Милиция!.. Хабарлау керек,— деп тыпырлады есі шыққан бүкіш шал.

– Ақымақ! Міліса депутаттарды токтата алмайды. Басқа амалын тап, достым.

– Басқа амал... Басым істемейді менің,— деп жыламсырады Саламон.

– Ондай басты ауыстыру керек, педераз.

– Қа-а-лай?

– Былай,— деп Напалеон қолының қырымен мойнын бір кесіп көрсетті. – Қиқ еткізіп кесіп алып, мусор жәшігіне тастай салу керек. Өзіннің қолыңнан келмесе “Қайырымдылық кооперативі” бар. Олар жаныңды кинамай өлтіріп, арулап көмеді. Қалай қарайсың, Саламон?

– Аулак, аулак! – деп шырылдаған бүкіш шал тұра қашты.

– Әй, милау! Ол жақта депутаттар бар.

Амалы құрыған бүкіш шал сүйретіліп қайтып келді де, Напалеонның шалғайына жармасып, жалына бастады.

– Напалеон, көмектесе гөр. Жаксылығыңды ұмытпаймын.

– Ұмытып кетесің сен педераз. Берерінді алдын ала бер,— деді Напалеон. Саламон қолы қалтырап, қалтасынан қапшығын шығарып, аузын әрең ашты. Үш сомдықтың біреуін Напалеонның қолына ұстатты. – Сенің құның үш-ақ сом бе-ей, педераз? Саламон патша! Тым арзандап кетіпсің ғой сорлы...

— Міне, тағы костым,— деп үш сом ұсынды.

— Бөтелкенің қымбаттап кеткенін қашанғы айта беремін саған, миғұла! — деп зекірді Напалеон.

— Бөтелке адамның басынан қымбат қазір,— деп жыламсыраған бүкіш шал бүктеле-бүктеле қыркылып кеткен бес сомдықты Напалеонға киналып әрең берді.

— Жүр мен сені ешкім таба алмайтын жерге жасырайын. Зынданға түсіп көріп пе едің?

— Баяғыда, елу жыл бұрын...

— Баяғыда өзін сияқты мықтылар, халықтың қаймағы сонда жатқан.

— Өзің біл. Депутаттар басынды кесіп алады, дененді итке тастайды. Патша басынмен итке жем боласың,— деп Напалеон мырс-мырс күлді. Амалы құрыған шал еңкілдеп жылап, оның соңына ілесті.

И-и, сорлы-ай! Зынданға түскендер қайтып шықпайды. Иманды бол,— деді қазақ кемпір. Шал-кемпірлердің спектаклі Аяғанның езуіне күлкі үйірді. “Үлкен театрдың атакты актерлері де аяқ астынан дәл осындай сахнаны жасай алмас еді-ау” деп ойлады жігіт. Әсіресе Напалеонның тапқырлығына соншалық таң қалды. “Осы бір замандарда театрда істеген шығар” деген ой келген. Қашып құтыла алмай жүрген Саламонға жандары ашып, көздері жасаурап тұрған екі кемпірге қарап:

— Өмір деген осы. Қайғысы мен күлкісі қатар жүреді,—деп Аяған езу тартты. Екі кемпір келісіп алғандай кеуделерін кере терең күрсінді.

48

Хадиша келгелі балалардың үсті-басы тазарып, жүздеріне қан жүгірді. Әйел адам болмағандықтан үйден береке кетеді екен. Кішкене ғана екі бөлмелі үй көптен бері тазаланбаған, ыдыс-аяқ, киім-кешек бес батпан кір. Нұрша қайтқалы да біраз уақыт өткен. Ыдыс-аяқ пен үй тазалау қарғадай Елжастың мойнында. Қуат қария үш ботасына домбайлап тамақ жасап беретін. Енді міне, Хадиша келіп, сол ауыртпалықтың барлығын алды.

Қуат қария мықтап қартайыпты, еңсесі еңкіш тартқан, қалжырап, сансырап кеткен тәрізді. Алматыда көргендей ашық-жарқын мінез жоқ, күні бойы азапты ойдың шыжымын тартып, тымырайып үндемейді. Тамаққа тәбеті нашар. Анда-санда болмаса немерелеріне де еміренбейді, кейде Олжасты құшақтап алып, кісінің жүрегін шымырлататын мақамға салып, сарнап, қимыл-

қыбырсыз отырады да қояды. Жарық дүниенің бар жақсылығынан, қызық-қуанышынан үмітін біржола үзген, баз кешкен пенде сияқты, көзінен жылт еткен сәуле байқалмайды.

Аяғанның қандай жағдайға тап болғанын Хадишадан сұрап білген. Оның Алматыға кетіп, хабар-ошарсыз, ізім-қайым жоғалғанынан күдік алып жүретін шал даурығып, айқайға аттан қосып, жұртты дүрліктірмей іштен тынды.

Жайсыз хабардың шалға қаншалықты әсер еткенін Хадиша ертесіне білді. Қуат қария үш күн бойы орнынан тұра алмай, аузына бір үзім нан салмай, таскерен, мылқау адамдай тілін тістеп жағты да қойды. Ертелі-кеш тамағы сүт қатқан шай. Төртінші күні бас жағына келіп, өксіп жылаған Олжастың дауысынан шошып оянып, орнынан атып тұрған. Көз жасын көлдетіп, ботадай боздап тұрған немересін құшақтап, үнсіз егілген. Үш немере тұрғанда күйреп түсіп, күйзеліп жатуға болмайтындығын түсінген тәрізді. Содан қайтып жатпады. Қайтадан қазбалап Аяғанның мәселесін қозғамады. Жарық дүниенің барлық қиянатына, әділетсіздігіне қылар шарасы таусылып, шаршаған, көнген сынайлы. Ерте тұрып бес-алты қой мен жалғыз сиырына шөп салып, су береді, қалған уақытта ештеңемен, ешкіммен ісі жоқ, ой түкпірін ақтарып, менірейіп отырады да қояды.

Жұма сайын таңертең торы биесін ерттеп мініп, Ақкүнгедегі ата-баба моласына барып, түске қарай қайтып оралады. Бұрын аптасына бір рет барса, соңғы уақытта Ақкүнгеге ат басын жиі бұратын болып жүр. Қуат қарияның жүріс-тұрыс, мінез-құлқына қарап, Хадишаның көңілі күдікке күпті. Оның байқауынша, шал кемпірінің сонынан Ақкүнгедегі аруақтар жайлаған шаһарға біржола аттанып кетпекке дайындалып жүрген тәрізді. Мұндай сәтте Хадишаның жүрегі суылдайды. “Аяған аға босанып шыққанша аман-есен болса екен” деп іштей алла тағалаға жалбарынады.

Келіншектің кейінгі күндері сезгені – шалдың аяғына тұсау болып, еркіне жібермей жүрген негізгі себеп – үш немересі екен. Қуат қария үш баланың қамы дегенде ширап, ширьға түсетін тәрізді.

Желтоқсан айының бірінші жұлдызында Қуат қария құранды басынан аяғына дейін жаңылмай жатқа соғатын Тілеген молданы Ақкүнгеге алып барып, ата-бабасының, әке-шешесінің, тәңірі қосқан жарының, келінінің аруақтарына бағыштап аят оқыды. Осыдан кейін үлкен міндетінен құтылғандай жеңілдеп қалды.

Сол күні кешке шай үстінде ол ұлының шаруасы туралы әңгіме қозғады.

– Шырағым Хадиша, бұл әулетте менен басқа Аяғанды іздейтін ешкім жоқ. Әкеден мен де, ол да жалғыз. Менің жағдайымды өзін көріп жүрсін,— деп күрсінді шал буырыл сакалын саумалап отырып. — Алматыға барып, есік тоздыратын шама кайда, қарағым. Аяған тым ұзақ жатып қалды. Өлі ме, тірі ме бір хабарын білейік.

– Мен барып келейін, ата,— деп Хадиша лып ете қалды. Шал шайды сораптап ұрттап, біразға дейін басын көтермей үнсіз қалды.

– Шырағым, мен мына балаларға карамақ түгілі өз басымды әрең алып жүрмін,— деді шал. Еңбектеп келіп, қолына жармасқан тоғыз айлық Асылханды құшағына қысып, мандайынан сүйді. — Үлкен жігіт бол, ботам!..

Бибімен ойнап жүрген Олжас жүгіріп келіп, Асылханды бақыртып, көтеріп ала жөнелді. Көз жасын көлдетіп, Олжасқа көңгісі келмей тыпырлап бара жатқан ұлына Хадиша назар аудармады. Анасының көңілі суып қалады деді ме Қуат қария:

– Олжатай, ініңді жылатпасаншы,— деп дауыстады. Шалдың түпкі ойын бірден түсінген келіншек:

– Ой, ата, ол жаман немереніз бақырып-бақырып қояды. Әуейіне әуектей берсе жаман үйреніп кетеді. Баланы сүйрелеп жүріп өсірген жақсы,— деп күлді. Түпкі бөлмеге кіргеннен кейін Асылханның дауысы сап тиылып, сықылықтаған күлкісі естілді. Осыдан кейін ғана шалдың көңілі орнына түсіп, әңгімесін сабақтады.

– Аяғаным түрмеде жатқанда Қуандық Сәруаров деген жас жігітке барып едім. Баламның ісін жылы жауып қойған Сергекбаев деген біреу сол баланың алдында күрдай жорғалап еді, шырағым. Аяғаным сол қол ұшын берген.

– Ол кісі орталық партия комитетінде қызмет істемейді екен, ата,— деді Хадиша қартқа жасқана қарап. — Аяған ағанын тапсыруымен арыз жазып барып, таба алмай кеткенмін. Арызымды сонда қалдырып едім, кісіге жаны ашымайтын бір оңбағанның қолына түскен шығар. Аяған ағаны жақтайтын студенттердің қолынан не келсін. Олар өз бастарымен қайғы болып жүрген шығар.

– Е-е-е,— деді шал басын ізектетіп. Құрдымға құлап, амалы құрыған пендедей баз келіп отыр. — Ол жолы да Қонаевқа хат жазып ем. Сол кісіден басқа кімге шағынамын енді. Қонаев ақсақалға хат жазайық, қарағым.

Хадиша сөзге келген жоқ, қалам-қағазын дайындап, шалдың

аузынан шығатын сөзді жазуға дайындалды. Қуат қария әңгімесін неден бастарын білмей біраз дағдарды.

— Ал, жаз, шырағым,— деді бір кезде сақалын саумалап отырып. — Бек құрметті Дінмұхамед замандасым деп жаз. — Хадиша оның аузынан шыққан сөзді қағазға түсірді. — Олай емес, айналайын Дінмұхамед деп жаз, шырағым. Айналайынды ұмытпа.

Хадиша шалдың аузынан шыққан сөздің барлығын сол күйінде жазды. Қуат қарияның ең соңғы сөзі көңілін босатып, көзіне жас үйірді.

— Кішкентай үш немеремді кімге аманаттап кетерімді білмей, сүйегімді сүйретіп, сағатымды санап жүрген сорлымын, — деді шал дауысы бұзылып. Бір сәт шал да, келіншек те іштей өксіп, үнсіз қалды. — Сізден басқа сенер адамым қалмады. Жақсылығын адамнан қайтпаса құдайдан қайтсын. Аумин! — деп Қуат қария бетін сипап, орнынан тұрды да, тонын жамылып сыртқа шығып кетті.

Хадиша хатты жүйелеп, қайталап таза қағазға көшіріп, ең соңына Қуат қарияның аты-жөнін, тұрағын жазып, дауыстап балаларды шақырды.

— Қонаев аталарына хат жаздык. Барлығымыз құдайға сыйынайық, балалар. Біз құдайға сыйынсақ Аяған көке көп ұзамай қайтып келеді,— деді келіншек хатты жүрек тұсына басып. — А-а, құдай, тілегімді бере гөр. Көз жасымды көріп, Аяған көкемді босата гөр...

Балалар Хадишанын айтқанын соншалық бір зор ықыласпен қайталады. Аяғанның көп ұзамай босанып келетіндігіне келіншек те сенді. Хадишаның көңілін арбаған жұмбақ сезім шындап қуануды ұмыта бастаған жүрегін лүпілдетті.

49

Желтоқсан орталанғанмен жерде қар жоқ, кара суық қағынып тұр. Аурулар бұрынғыдай сенделіп сыртта жүрмейді, аулаға телміре қарап, терезенің түбінде отырады. Күннің жылы кезінде сыртта кездесіп, жоқты-барды әңгімелеп уақыт өткізетіндер қазір бірін-бірі асханада ғана көріп, сәлемдескеннің ырымын жасап, жымындап күледі. Кейбіреулері арсалаңдап келіп, көптен көрмеген досын бас салып құшақтап, даурығып асхананы басына көтереді. Мұндай сәтте санитарлар көзді ашып-жұмғанша сап ете түседі. Аурулар үшін олардан қорқынышты ешкім жоқ, ақ халат

кигендердің қарасы көрінген сәтте кіріп кетер тесік таппай тыпырлайды.

Екі кемпір Аяғанды сағынып қала ма, оны көрсе тыпындап келіп, жұрттан жасырып, бір жапырақ нан, қант, кәмпиттерін қалтасына тықпалайды. Жігіт олардың көңілін кимайды, қаламай тұрса да қолдарын қакпайды. Рахметін айтып, алғысын жаудырады. Ол бейшараларға жылы сөзден баска не керек дейсін, жымыңдасып мәз болып қалады.

Аяған кемпірлер берген нан, кәмпит, қантын біраздан бері төсек тартып жатқан Саламон патшаға тасиды. Наполеонның сөзіне сенген бейшара депутаттардан қорқып, зынданға тығыламын деп екі өкпесіне суық тигізіп, мүрттай ұшқан. “Әй, осының беті бері карамас-ау” деп ойлаған, орнынан тұрып кететіндігіне дәрігерлер де сене қоймап еді, жаны сірі неме екен, аман қалды әйтеуір. Ұзақ төсек тартып, саржамбас болып жатқандықтан өз еркімен тұрып, жүре алмайды. Тамақты төсегіне әкеліп береді. Өзі соншалық ашқарақ. Алдына келген асты әпсәтте қисыпыр қылады, сонда да ішін жылан жалағандай жаландап отырады. “Осының асқазаны тас қорытатын шығар” деп Аяған таң қалады.

– Саламон патша, сізге қыздар беріп жіберді,—деп алып келген заттарын бүкіш шалдың тумбасының үстіне қояды. Сол сәтте оның қабағының қыртысы жазылып, көзіне нұр ойнап шығып, жүзі бал-бұл жанады.

Саламон патшаны “зынданға” қамап, өлтіріп қоя жаздағаны үшін Наполеон жазасын тартқан. Қазір ол баска палатада тұрады. Бұрынғыдай әр сәт сайын қыдындап, өзі әрен жүрген бүкіш шалдың мазасын алмайды. Кей күндері есіктен сығалап, ішке кіре алмай мәлііп тұрады бейшара.

Күн суыта бастағанда “беті бері қараған” біраз адам ауруханадан шығып кеткен. “Мені де босатар” деген есек дәмемен бас дәрігерге барып, жағдайын түсіндірмек болған. Ол сыңарезулей күліп, Аяғанды жүре тыңдады, ашуға мінген жігіт шыдай алмай айқайды салып, жағасына жармасқан.

– Сендер мені заңсыз ұстап отырсыңдар. Бұларын қылмыс. Үлкен мамандарды шақырып, консилиум жасаңдар. Мен саумын! — деп айқайлап, тамағын езіп-езіп жіберген жігітті бас дәрігер жүрегiнiң тұсынан қатты ұрған. Ол екі бүктеліп отырып қалды. Сол екі арада санитарлар жетіп келіп, дем жетпей екі бүктеліп отырған жігітті сүйреп ала жөнелді.

– Бәрі жағаға жармасады, жарыместер! — деген бас дәрігер

кисайып кеткен галстугын түзеп тұрып. – Артығырақ дозамен укол беріндер. Оған сол керек шығар.

Бас дәрігердің айтуымен артық дозамен ине салғаннан кейін ес-түсінен айырылып, не өлі емес, не тірі емес, екі дүниенің ортасында былқ-сылқ етіп ұзақ жатқан. Бір пенде келіп, басын сүйеп, аузына су тамызбады. Қол-аяғы байлаулы, темір төсекке таңылған ол өлердей қаталап, таңға дейін әрең шыдаған. Таң атқанмен де жанына ешкім жолай қоймады. Дауыстап шақырды, барын салып айқайлады, санитарлар келіп санын шымшылап, қу жанын одан сайын қинады. Аяған оларға жалынды, жалбарынды. Бірақ мұнысынан ештеңе шықпады, олар қиналып жатқан бейшараның аузына бір тамшы су тамызудың орнына мазактап күлді.

– Өзіңе сол керек. Енді артыңды қысып, тыныш жүретін боласың, кенкелес, – деді шығып бара жатып. Екіншісі таркылдап күлді.

Түске қарай екі дәрігер келіп, тілі тобарсып аузына сыймай, шөл қысып, қиналып жатқан жігітті қараған болып кетті. Түскі тамақты ішуге шамасы жетпеді, бір стакан сары суды сіміріп алды да, сұлқ түсіп жатып қалған.

Дәрінің әсері ме, жоқ әлде, ортаның ықпалы ма, соңғы уақытта Аяған мінезінің өзгере бастағанын байқап жүр. Қақаған суықта есік алдындағы лапастың алдында бүрісіп отырады да қояды. Әлдекім іздеп келіп қалатын сияқты елегізіп, палатаға сыймайды.

Камал, Канат, Ерік үшеуі келіп, біраз әңгіменің басын қайырған. Мына жындыханадан қалай босатып алуға болатындығы туралы ой бөліскен, олар арыз жазып, үлкен үйге бармақшы еді. Көптен бері жігіттерден хабар жоқ. Соған қарағанда бір төтен жағдай болған сынайлы. Мұса, Жакия қарап жатсын ба, сірә.

Анда-санда туыстарын іздеп келіп, жан-жағына үркектей көз тастайтын адамдарға таң қалып, ұзақ қарап тұратыны бар. Олар сақал-шашы рабайсыз өсіп, ағарып кеткен, сықпыты ауруға ұқсағанмен көзінде мұңлы сағыныш бар жұмбақ пендеден қорқатын тәрізді. Оған мүлде назар аудармауға тырысады. Қалт еткенді қағыс жібермейтін Аяғанның сұңғыла көңілі босап, күйініштен көз шарасы жасқа толады.

Соңғы уақытта ол тым мазасыз. Аурухананы қоршаған биік дуалды жағалап, саусак сұғар санлаудан сыртқа үніледі де немесе сол тесікке құлағын тақап, дыбыс аңиды. Трамвайдың дүрсілі мен машиналардың шуынан басқа ештеңе естілмейді. Сыртқы дүниеден мүлде хабар жоқ, сол баяғы бейқұт тірлік, мамыражай

өмір өз занымен ілгері жылжып жатқан сияқты болып көрінгенмен жігіттің көңілі аландап, байыз таба алмай тыпыршиды. Анау күні екі санитардың әңгімесін құлағы шалып қалған. Олардың айтысына карағанда, Алматыда екі күн бойы қазақ студенттері мен жұмысшы жастардың қатысуымен үлкен ереуіл болған көрінеді. Толып жатқан адам өліп, Алматыны әр жақтан келген мындаған әскер қоршап алған тәрізді. Екеуінің сыбырласып сөйлескен әңгімесін естігелі бері түнде ұйқы жоқ, көзі ілініп бара жатқан құлағына дүрліккен жұрттың дүбірі шалынып, шошып оянады. Әбден зәредеп болып қалған сорлы басы, сол ереуілге қатысын бар деп үш әріптің адамдары ойда жоқта сап ете түсердей жүрегін үрей шымшиды.

Шындықты білетін ешкім жоқ. Әңгіме сұрайын десе дәрігерлер мұны кісі екен демейді. Бір-екеуін жағалап, хабар білгісі келіп еді, ол шіркіндер айқайды салып, маңына жолатпады. Олардан ештеңе сұрап біле алмасына көзі жеткен Аяған екі-үш күннен бері туыстарына келіп, кететіндердің жолын тосып жүр. Бірақ ерегескендей сол хабар шыққалы бері ешкім келе қоймады.

Қазір де міне, темір қақпаның түбіндегі жуан терекке бекіткен тақтай орындықта отыр. Отырған жері ық, соған қарамастан желтоқсанның қара суығы табанынан өтіп, шекесіне жетті, тісі-тісіне тимей қалшылдап тонса да кеткісі жоқ. Бүгін ешкімнің келмейтіндігіне көзі жеткен сон орнынан тұрып, әрі-бері жүгіріп, денешынықтыру жаттығуларын жасауға кірісті. Бойы сәл жылынды. Кенет қақпаның алдына машина келіп тоқтады. Жаттығу жасап жүрген жігіт теректің тасасына тығылып, кірпік қақпай қақпаны аңдыды. Көпке дейін үлкен есік ашыла қоймады.

— Балам-ау, мені қайда алып келдің?

— Басқа амалым болмады. Жан сақтаудың жалғыз жолы осы, өке,— деді біреуі.

— Құдай мені қанды қырғын соғыстан осыны көрсін деп әдейі аман алып қалған ғой, сірә,— деді қарлыққан дауыстың иесі.

— Артық сөздің қерегі жоқ. Мұнда бөтен адамдар бар.

— Бөтен... Бәрі бөтен. Мен де бөтенмін,— деді қарлыққан дауыстың иесі. — Бөтен екенімді 17 желтоқсанда білдім.

— Үндеменіз дедім ғой. Үндеменіз!..

— Ал үндемедік,— деді мырс-мырс күліп. — Үндемей жүріп жеткен жеріміз осы болды. Үн шығарып екі басымыз жарылды.

— Үндеуге болмайды деймін. Не деген түсінбейтін адамсыз?!

— Жер басып жүруге болмайтын шығар. Не жазып ем жаратқанға?!

– Сіз асарыңызды асап, жасарыңызды жасадыңыз. Қойыңыз, күйіп тұрған заманда бекер күйдірменіз.

– Өл дейсің бе маған енді...

– Айтаққа ерген ақымақ балаларға қосылып неніз бар еді?! Олар шетінен маскүнем, шетінен наркоман... Ал сіз... Міне, соның нәтижесі.

“Апыр-ау, мынау таныс дауыс қой. Кім болды екен?!” Аяған қаншалық бас қатырғанмен әлгі дауыстың иесін есіне түсіре алмай-ақ қойды.

– Қартайғанда шығардыңыз өнерді. Хомейни... Аятолла Хомейни болғыңыз келді ме?

– Аятолладай елімнің жыртығына жамау болуға жарасам арман не?!

– Елдің жыртығы әлдеқашан бүтінделген. Жыртыққа жамау салу жоқ қазір. Ол кешегі күн.

– Бүгінгі күн – кешегі күннің жалғасы, балам.

– Кешегі күн жоқ, әке. Бүгінгі күн мүлде басқа. Мүлде жаңа...

– Көрдім кеше, – деп мырс күлді шал. – Нәтижесі мынау жара.

– Нәтижесі алда. Шекедегі жара жазылар, – деп күрсінді баласы. – Сіз, әке, саяси қылмыс жасадыңыз.

– Мен бе? Маған айтасың ба?

– Сіз!..

– Мен отыз алтыншы жылдан коммунистік партияның мүшесімін.

– Ойнамайтын көзірінізді көлденең тарта берменіз, әке. Елу жылдық партстаж гарантия емес.

– Құдай берген жанын өзі алады, – деді шал. Осыдан кейін әке мен бала үнсіз қалды. Аяғанның есіне әкесі түсті.

“Олар не күйде екен? Мені жоғалтып алып, қан жұтып жатқан шығар. Хадиша барды ма екен?”

Осы сияқты сұрақтар жолын кесті. Көніліне қара шауып, жанын мұң баурап алды. Хадиша ауылға кеткелі де біраз уақыт болған. Аяған осы бір ұзақ үнсіздіктен қорқады.

– Өзіңізді өзіңіз сыйласаңыз ақымақ балаларға еріп, алаңға шығар ма едіңіз, – деді баласы. Аяған елең етіп, қаптап келіп қалған қалың ойдан тез арылды. Қақпанын дәл түбіне келіп, сыртқа құлақ тосты.

– Шиеттей балалар шырылдап жатқанда қалай шыдап отырайын. Жасырмаймын, таяғыма сүйеніп, алаңға барғаным рас. Басқалар секілді үйімде отырып ұрандап, жала жағады деп қорыққаным жоқ. Маған халқым қымбат, – деді шал. Түрін көрмеген ақсақалға Аяған разы болып тұр.

– Сіз партияның саясатына қарсы шықтыңыз.

– Мен әділетсіздікке қарсы шықтым.

– Қандай әділетсіздікке? Қандай? – деп баласы ашуланып, дүрсе қоя берді. – Бәлкім, Пленумның шешіміне қарсы шығарсыз. Солай ма? Бұл орыс халқына, партияға қарсылық!..

– Партия бір ғана орыс халқының меншігі деп кім айтты саған? – деп ашуға мінген шал дауысын көтере сөйледі. Екінші адамның беті қайтып қалған сияқты, дауысы бәсен шықты.

– Т-и-ш-е-е! Орыс халқы – ұлан байтақ Россия... Олар көп. “Кімнің арбасына отырсаң соның әнін айт” дейді, әке. Қонаев жоқ. Қазір Колбин. К-о-л-б-и-н...

– Ұлттық белгі емес, адамгершілік, ар сөйлейтін тұста мен неге үндемей қалуға тиіспін? Жә, селкілдеме! Лениндей кеменгерді туған ұлы халықтан Ежов сияқты қаныпезер де шыққан.

– Т-и-ш-е! – деді баласы үрейленіп. – Ежов жоқ қазір, жоқ! Есіңізді жиыңыз! Болды, әңгіме осымен бітті.

Ол темір қақпаны тарсылдатып ұра бастады. Бейкам тұрған Аяған селк ете түсті де, теректің тасасына тығылды. Жуықарада ешкім келе қоймады.

– Қалшылдама, балам. Орыстың қадырын сенен гөрі мен жақсырақ білемін. Мен олармен бірге қан кешіп жүріп, Отанымды азат еткенмін. Үш бірдей бауырыма Россия жері мәңгілік мекен болған. Мен бір аяғымды Мәскеудің түбінде фашистерге садақаға бергенмін.

– Соның барлығын бір күндік ісіңіз жуды да кетті. Еңбегіңіз зая, әке. Еңбегіңіз – еш, тұзыңыз – сор болды.

– Солай ма еді! – Шалдың дауысы бұзылды. Баласының жаңағы сөзі шамына тиіп кеткен тәрізді. – Мына аяғым қайта өсіп шығады екен ғой. Үш бауырым тіріліп келіп, көзайым болады екенмін-ау...

– Тынышталыңыз, әке, – деді баласы жалынышты үнмен. – Мына шу басылғанша осында боласыз. Екі елі ауызға бес елі қақпақ. Ештеңе білмейсің, алаңға шыққан жоқсыз.

– Жетпіс жеті жыл айтпаған өтірігімді енді қайтып айтамын? – деді шал жыларман болып. – Балалар мен қыздарды шырылдатып итке талатқан әбес әрекетті қай жерде болса да айтамын.

– Жала! Мұнының шындыққа қиянат. Олар наркомандар! – деп шамданды баласы.

– Екі солдат қарғадай қызды шырылдатып сүйреп барады екен, арашалап алайын деп тұра ұмтылдым. “Ол – ана. Анаға қол көтеруге болмайды” дедім. Енгезердей біреуі жалт бұрылды,

алдымен кеудемдегі орденіме қарады. “Міне жау! Кеңес үкіметінің барлық жақсылығын көрген. Өзі орыстарға қарсы” деп айқайлап келіп, қақ мандайымнан қойып жіберді. Бұл да жала шығар, сірә.

– Кінәніз бар себебі.

– Отаным үшін жанымды аямаған мен, карт коммунист Кеңес солдаттынан таяқ жедім,— деді шал күйінішті үнмен. — Үндемеуім, сойылға жығылғанымды жасыруым керек екен.

– Айқайлағанмен қолыңыздан не келеді? Қарсылассаңыз турап жібереді. Сондықтан үндеменіз, ә-ә-к-е... Үндеменіз!

Аяған аяндап келіп темір қақпаның иненің көзіндей саңлауынан сығалады. Таяқ ұстаған ақ сакалды шалды көрді, баласы теріс қарап тұр екен. Әлдекімге ұқсайтын тәрізденді, оның кім екенін бірақ біле алмады. Дауысы да соншалық таныс.

– Аланды әскермен қоршап, тәңкі әкелетіндей неден, кімнен қорықты екен, а?

– Шектен шығып барасыз. Еске салмаңыз ол күнді. Аландағы жағдай достыққа жасалған қиянат.

– Достық деймісін? — Шал мырс күлді. Сонан соң біраз уақыт үнсіз қалды. — Достық деген Қарағандының көмірі, Қаратаудың, Манғыстаудың қазба байлығы ма, балам? Әне, Семейде талай жылдан бері дүңкілдетіп бомба жарып жатыр. Бәлкім, достық деген сол шығар.

– Қойыңыз деймін, қойыңыз! Семейде не шаруаныз бар? Онда радиация жоқ.

– Жоқ болса жоқ шығар. Бірақ мүгедек болып туған балалар көп дейді ғой. Бірінің көзі, бірінің қол-аяғы жоқ дейді. Күні ертең басы жоқ балалар келсе ше дүниеге? Е-е, жалған дүниесі,— деп күйіне дауыстады шал. — Әне, солар біздің болашағымыз.

– Үй артында адам бар,— деді баласы. Бірақ шал оны тыңдамады.

Ұйықтап қалған шындық оянып, өзінің бар екенін айту үшін алаңға шыққан. Оны итке талаттық қой, балам.

– Шындықты емес, экстремистерді, наркомандарды, бұзықтарды... Оларды ату керек! — деп тістене кіжінді баласы.

– Саған нысана болсам арманым жоқ, балам.

– Жүйкемді тоздырмаңыз, әке,— деді абыржып қалған жігіт шаршанқы дауыспен. — Дүние сізбен бітпейді. Ол жалғаса береді. Бізге әлі өмір сүру керек. Кешегі күн өмір емес, тарих.

– Иә, біз кешегі күнбіз. Біз тарихпыз. Сондықтан да ешкімге керек емеспіз,— деп күрсінді шал. Аяғанның есіне Алдияр Ақпанұлының “тарих үкімет басына келгендерге әрқашан кедергі

жасайды. Сондықтан оны дүркін-дүркін жаналап отырады” деген сөзі түсті. Мына шал да осы ойды жаңғыртып тұр.

– Біз жемтікпіз, әке. Тарихтың жемтігіміз.

– Еш болған қайран еңбегім-ай,— деп күніренді шал. — Жемтік болсын деп өсірмеп ем сені.

– Осымен сөз бітті. Осы төңіректе біреу жүрген сияқты,— деді баласы қақпаға бұрылып. Санлаудан сығалап тұрған Аяған өз көзіне өзі сенбеді. Мұса Байларовты көрмегелі не заман. Мүлде өзгермепті. Бұрын аса сабырлы, байсалды адам болып көрінуге тырысатын. Қазір басқа, жан-жағына күдіктене қарап, тықыршып тұр. Пәле-жаладан аман-есен құтылу үшін әкесін жындыханаға салмақ сияқты.

– Сіз осында қала тұрасыз. Шу басылғанша әрине. Түсінініз, жауым аз емес, әке,— деді ұлы мұңайып.

– Мені қорламай ауылға, ағайын-туғанға жібер, балам,— деп қиылды шал.

– Ағайында өсектен басқа ештеңе жоқ. Маған жаныңыз ашыса, мен десеніз осында боласыз. Сіз осында жатсаныз ғана менің жаным қалады. Дұшпаным біліп қалса, соңыма шам алып түседі. Бәрін сыпырып алады, бәрін... Қызметті де, қызыл билетті де... Колбин ешкімді аяйын деп отырған жоқ, әке. Ары қарай маған өмірдің керегі жоқ. Асылып өле саламын.

– Жә, жә! Жалғызым үшін жан пидә. Сен үшін өмір сүрдім, сен үшін өлсем арман не?!

– Рахмет, әке! — деді Мұса әкесін құшақтап.

– Жүректегі жара ешқашан жазылмас, сірә...

– Уақыттан ұлы емші жоқ. Шыдайық, әліптің артын бағайық. Менің уақытым бітті. Әркімнің артында бір-бір жансыз. — Мұса ашуланып, темір қақпаны теуіп-теуіп жіберді де, айқай салды. Аяған шошынып, кейін шегініп кетті. — Ә-ә-й, кім бар анда? Бері кел!..

Ешкім жауап бермеген соң Мұса темір қақпаны дүңкілдетіп ұра бастады. Аяған андап барып, кезекші дәрігерге адам келіп тұрғанын хабарлады. Өзі ілесіп келіп, қақпаның есігін ашуға көмектесті. Мұса Байларов сақал-шашы өсіп, ағарып кеткен Аяғанға үрейлене жалт қарады, бірақ танымады. Төс қалтасынан бір жапырақ қағазды суырып алып, дәрігерге ұстата салды.

– Бас дәрігермен келісілген,— деді Аяғанға қарап тұрып. Қайдан көргенін есіне түсіре алмай тұрған секілді. — Сізге ескертемін деген.

– Иә, білемін. Жүрініз, ақсақал...

– Ұлыиісті алып келіп тұрындар. Оны көрмесем, мандайынан иіскемесем құса болып өлермін.

– Мақұл, әке. Әкеліп тұрамын ғой,— деді өзінен көз алмай түнеріп тұрған жүзі таныс жігіттен каймыққан Мұса. Аяғанның оған арналған сөзі көп-ақ еді, үлгере алмады. Мұса есікті тарс жапты да, жебей басып, қол созымда тұрған машинасына ұмтылды. Жанағы жігіттің Аяған Қуатов екенін машинасына отырғанда бір-ақ біліп, жүрегі зырк ете қалды.

– Ит! — деп кіжінді Аяған. — Адам емес, хайуан!

50

Қаншалық құмартқанмен Алматыдағы желтоқсан дүрбелең туралы Аяған айызы қанып, әңгіме ести алмады. Дәрігерлердің қабағынан байқағаны — бұрынғыдай емен-жарқын емес, бірімен бірі шешіліп сөйлеспейді, араларында бөлендей қақтығыс болмағанмен мұндағылар орыс-қазаққа бөлініп алған сынайлы. Соған карағанда, үлкен дүрбелең болған-ау деп ойлайды. Накты дерегі жоқ алып қашты әңгімелерден кісінің жаны шошиды. Анда-санда туыстарына келіп, кетіп жатқандардың сөздерін құлағы шалғаны бар. Орыстардың айтуына карағанда, қазақ студенттер қаланың бір шетіндегі бақшаға басып кіріп, кішкентай орыс балаларын өлтіріп кеткен көрінеді. Осылай деп еңіреп жылап отырған кемпірді көріп, Аяған жағасын ұстады. Әкесіне келген қазақ қызы алаңға шыққан жастарды танкпен таптағанын, жүздеген адамның қаза тапқанын айтып, жылап отырды.

— Өзің көрдің бе? — деп сұраған Аяған.

— Құрбым айтты,— деді қыз. Бәрі осылай дейді. Ешқайсысы өз көзімен көрмеген, біреулерден естіген. Аяғанның аңғарғаны — әркім өз ұлтын жақтайды, орыс пен қазақтың арасы тым ашылып кеткен сияқты.

Мұса Байларовтың әкесін Напалеонның орнына әкеліп жатқызған. Шалдан сыр тартып көріп еді, мүлде ештеңе білмейтіндей менірейіп отырып алды. Балама жаманат жұғады деп қауіптенетін тәрізді.

Сонына шам алып түсіп, сары ізіне шөп салып, осы жағдайға душар еткен кісінің әкесі екенін біле тұра Ес қарияға Аяғанның көңілі құлады. Ұлы екеуінің арасындағы әңгімені толық естіп, шалдың кім және қандай жан екенін білмесе оған соншалық ілтипат көрсетпес еді. Алғаш көрген сәтте-ақ ол Алдияр Ақпан-ұлына ұқсайтын секілденген. Несі ұқсайтындығын қанша ойланса

да таба алмай дінкелеген. Шалдың нені болса да бетке тура айта-тын мінезі, көрінгенге сыр ашпайтын қасиеті, тауып сөйлейтін ерекшелігі Аяғанның есіне әр сәт сайын ұстазын салады. Алдияр мен Есті күдіреті күшті күдекең бір материалдан жасай салғандай болып көрінеді. Айырмашылық — сыртқы пошымдарында ғана. Ес еңселі, етжеңді келген, дөңгелек жүзді кісі. Сиректеу сақалын еркіне қоя беріпті. Күні бойы сақалын саумалап, аллалап отырғаны. Сыртқа да көп шықпайды, орысшаға шорқақ болғандықтан іші пысып жататын Саламон патшамен шешіліп сөйлеспейді, оның үстіне бүкір шалдың шалды-күйлі сөздерін естіген соң көңілі суып қалған сынайлы. Бүкіш шалдың сұрақтарын естімеген адам болып жата береді. Келгелі бері Аяғанмен де шешіліп сырласып, қарық бола қойған жоқ. “Мұндағылардың барлығы ақылынан алжасқан адам” деп ойлайтын болу керек, бәріне күдікпен, сенімсіз көзбен қарайды. Өзіне бағышталған сөзді жауапсыз қалдырады немесе сылтау айтып құтылады.

Келгелі бері шалды айналдырып, онын әңгімесіне шөлдеп жүрген Аяған бүгін де оны сөзге тартты.

— Ақсақал, сыртқа шығып, таза ауа жұтып қайтпаймыз ба. Бүгін жексенбі. Әрі-бері жүріп, қан таратып қайтайық,— деп өтініш білдірген Аяғанға шал аларып бір қарады да, үндемей отыра берді. “Қимылсыз жата бергеннен пайда жоқ. Сізге қимыл-қозғалыс керек, қария.

— Қимылдап-қимылдап болғанбыз, шырақ. Ұзынымыздан түсіп, қимылдамай жататын уақытымыз келген біздің,— деді шал тық-тық жөтеліп.

— Жаны жайсаң жақсы адамдар бүгін де, ертең де, қысқасы, әрқашан керек, қария. Басқаға керек болмасаныз да қоғамға, адамдарға керексіз,— деді жігіт екі көзін шалдан алмай. Ес қария селк етіп, оған жалт қарады. — Заман да, қоғам да жақсы адамдардың аздығынан қасірет шегеді.

— Е-е, солай де... Солай екен-ау,— деп кеңк-кең күлді шал. — Отыз екідегі нәубет, отыз жетідегі зобалаң жақсылардың аздығынан болған екен-ау.

— Естисіңдер ме? — деп тып-тыныш жатқан Саламон жастықтан басын жұлып алды. — Сыртта бір сұмдық болып жатқан сияқты. Рекет!.. Кашу керек!.. Полундра!..

— Жан тәтті болған жастық шақта бас сауғалап қашқанбыз. Енді қашқанда ұшпаққа шықпаймыз,— деп күрсінді Ес қария.

— Ақсақал, жындыхана Кеңес үкіметіндегі ең қауіпсіз орын,— деді Аяған, тыпырлап орнынан тұра алмай жатқан бүкіш шалды тыныштандырмақ болып.

– Олар мұнда келмей ме?

– Келмейді.

Саламонның көңілі орнына түскен тәрізді. Көзіне жылт ойнап шығып, рахаттанып қарнын сипады.

– Жакында пенсия өседі. Партияға мүше болғаным елу жыл толады. О-һ-о, әлі өмір сүреміз біз,— деді күлмендеп. Ес қария ақырын ғана күрсініп қойды.

– Естімеген елде көп деген...

– Естисіз, қария,— деді Аяған күйінішті үнмен таусыла сөйлеп. – Туған анасын бауыздап өлтірген жауызды осында алып келген екен, ол қашып кетіпті.

– О-о, тоба!

– Бұл үй адамға да, наданға да пана болып тұр ғой қазір.

Естің қабағы шытылды. Аяғанның аузынан шыққан сөзді өзіне арналғандай ауыр қабылдады. Айтып жіберетін ашы сөз тілінің ұшына келгенмен шал ашуын сабырға жеңдірді. “Ауру адаммен” шапылдасып, шатақтасып жатқанды дұрыс көрмеді.

– Менің бетіме түкірмеген сен қалып едің, балам. Пенде баласына бастырмап ем кеудемді. Қартайғанда көрдік-ау қорлықты,— деп егілді шал. Өзінің андамай ағат айтып қалғанын түсінген Аяған шалды құшақтап:

– Кешіріңіз, — деді. Ес қария үнсіз қалды. — Сонымен сыртқа шықпаймыз ба? — Шал үнсіз бас шайқады. — Менімен қатар жүргіңіз келмейді. Себебі — мен жындымын. Ал сіз сап-саусыз,— деп мырс күлді жігіт. Ес оған жалт қарады. Екеуінің көздері тоқайласқан, шал басын тұқшитып, “аллалап” сақалын сыйпады. Неге екенін өзі де білмейді, осы жігіттің алдында жүні жығылып, абдырап қалады. Қай уақытта болса да өзінен көз алмай қала қарап тұрғаны, кірпік қақпайды, жүзі жылымайды. “Е-е, бейшара, ауру ғой” деп мүсіркейтін. Байқап қараса сөзі пысық, ауру адамға ұқсамайды. Сақал-мұртын, шашын өсіріп жібергені болмаса басқа аурулар секілді әбес әрекетке бармайды, ешкімге қосылмай жападан-жалғыз сыртта жүреді. Бір уақытта қалшылдап тонып, бөлмеге келеді де, шалкасынан түсіп жатып алып, терең ойға батады.

– Мен бәрін білемін, қария. Жалғыз баласы үшін басын окқа байлаған талай адамды білеміз.

Шал көкірегі қарс айырылардай күрсінді. Ләм деместен орнынан тұрып, қыстық пальтосын киді де, есікке беттеді. Аяған оның сонынан ерді.

Жапалақтап қар жауып тұр екен. Жер дүние аппақ. Күндегідей емес, ауа жұмсарыпты. Аяған аспанға қарап, аузын ашты. Бетіне

конған ұлпа қар еріп, мойнына қарай сырғанады. Ол жата қалып, қарға аунады. Қар көрмегелі қанша уақыт. Қыстайғы өмірі түрмеде өтті. Мамыр айында түрмеден шыққанда жерде алашабыр қар бар еді. Бірақ ол мынау сияқты аппақ, тап-таза емес, әбден кірлеген, сүрленген қар болатын.

— Қария, қардың иісі қандай тамаша! — деп дауыстады Аяған. Жұп-жұмсақ қарды көсіп-көсіп алып, құшыры қанбай иіскелеп, сонан соң бетін жуды. Қарға аунап, қарқ-қарқ күлген жігіттің әбес әрекетінен күдік алып қалған. Оның сөзіне бола сыртқа шығып кеткеніне өкініп келеді.

— Қария, мен де өзіңіз сияқты мұнда күшпен түскен кісімін, — деді жүгіріп келген жігіт оны құшақтап. — Жерге аунағаным қарап, қорқып қалмаңыз. Мен де адаммын ғой, қария-ау. — Аяған өнтек езу тартып, сөзін жалғады. — Сіз секілді жанымды мазалаған ойларымды ашық айтқаным үшін Кеңес үкіметінің саясатына қарсы деп түрмеге қамады. Ол жерден ақталып шығып ем, осында әкеліп қамады. Кешірмеді. Шырылдап шындықты айтқанды өгейсітіп, өкпеге тебе берсе оның төрінде жағымпаздар мен қорқақтар, қара басының қамы үшін туған әкесін оққа байлап кететін шіріктер қалмай ма, қария-ау.

— Әй, жерге қараттың-ау мені. Тірідей көмдің-ау өкенді. Бар арманым — сені жеткізіп, қызығынды көру еді. Жеттім арманым, — деп күніренді шал.

— Мен балаңыз екеуіңіздің аранызда болған әңгімені түгел естідім, — деп Аяған төтесінен тартты. Жайбаракат келе жатқан шал селк етіп, қалт тоқтады да, жігітке күдіктене қарады. — Сіз маған өте ұнадыңыз, қария. Сізге басымды иемін. Сіз сияқты асыл азаматтар сирек. Өте сирек. Кімнің кім екенін басыма іс түскелі біліп жүрмін. Қолында барда бетіне жылтырағандар басыңа іс түскенде танымай кетеді екен. Мен жалғыз қалдым. Шындықты айттың деп бәрі теріс айналды. Тілімнің құрып бара жатқанын айттым. Ділімді қорғадым. Сол үшін Кеңес үкіметінің саясатына қарсы адам болып шықтым ғой, қария, — деп күлді қызулана сөйлеп келе жатқан жігіт. Шалдың оған деген ниеті түзеле бастаған секілді. Жігітті қолтықтап алған. — Қымс етсе саясат шығады алдымыздан. Адам болмаса ол кімге, неге керек? Айтыңызшы білсеңіз. Қай мемлекетте ен алдымен адам, сонан соң саясат керек емес пе, қария?!

— Е-е, жалған дүние-ай! — деп күніренді шал. — Адам арзандап кетті ғой, қарағым. Саясат — парауоз, адам сол парауоздың пешін қыздыратын отын сияқты болып қалды қазір. Е-е-е!.. Не дейін-

ай. Білгенімді айта алмай омалып отырысым мынау. Өттең-ай, аяғым тұсаулы, колым байлаулы, аузым құлыптаулы ғой. Әй, заман-ай!

— Адам — робот, адам — құл. Ол еркін ойлауға, еркін сөйлеуге тиіс емес дейді біреулер. Шенберден шыға бастаған еркін ойлы азамат саясатқа қарсы күш ретінде жазаланады. Мысалы, мына сіз және мен, — деп Аяған шалды иығынан ақырын ғана түртті, сосын өз кеудесін нұқыды. — Азаттық жоқ жерде қоғам — аквариум. Біз аквариумдағы балық сияқтымыз, қария. Ал біреулерге сол аквариумдағы өмір ұнайды. Суы борсып кеткенмен онда акула жоқ. Әсіресе Саламон мен Напалеон сияқтыларға сондай өмір керек. Өйткені олар — құл. Екеуі де мұртты көсемнің ықпалынан ешқашан шыға алмайды. Ешқашан!.. Оларға азаттықтың керегі жоқ, қария. Азаттық өзін-өзі сыйлайтын ақылы бар адамға керек. Ал сіз мүлде басқасыз, жасыңыз солармен қарайлас болғанмен, әлгілермен бір заманда өмір сүргенмен оларға мүлде ұқсамайсыз. Сіз Алдияр Ақпанұлына ұқсайсыз. Сондай бір ғұлама болған. Оның көрмегені жоқ, қария.

— Е-е, біз не көрмедік!? Отқа салды — жанбадық, суға салды — батпадық. Партиямыз өл деді, өлдік. Өлтір деді, өлтірдік, — деп күрсінді шал.

“Құлы көп мемлекет — күшті мемлекет” дейтін Алдияр Ақпанұлы.

— Кемшілік қоғамда емес, шырағым, адамда... Қоғам — кеме, қалай бұрсаң солай жүреді.

— Қоғам — пойыз. Ол темір жолмен ғана жүре алады. Жол-жүйе. Социалистік жүйе. Сондықтан пойыз сол жолдан шыға алмайды. Жолдан шыкса апатқа ұшырайды, қария.

— Алматыдан шыққан пойыз Мәскеуге, Ленинградқа да бармай ма?! — деді шал жігіттің түпкі ойын танып. — Бұл заманда пойыз бармайтын қала жоқ, қарағым.

— Қария, пойыз аса сенімді көлік болғанмен Америкаға, Жапонияға бара алмайды.

— Е-е, қарағым, күндердің күнінде мұхиттың үстіне де, көпір салынар.

— Ой, айтасыз-ау, қария! — деп қарқылдап күлді Аяған.

Жындыханада түскелі бері адам сияқты көңіліндегі ойын ірікпей актарып, шешіліп сырласқаны осы. Жаны жалырап, бір жасап қалды. Жапалақтап жауған аппақ қардың астында екеуден екеу қыдырып ұзақ жүрді. Ақ қар жамылып, қыдырып жүрген екеуін көріп, терезенің түбінде телміріп, далаға қарап отырғандар сыртқа шықты. Біреулері жалаңаяқ, жалаңбас жүр. Қарға аунап,

кар асап, сак-сак күліп жүргендерге карап, Ес қария состиып тұрып қалды. Көзді ашып-жұмғанша болған жоқ үш корпустан үш санитар шыға келіп, айкайға басты. Жана ғана рахаттанып күліп жүрген аурулар қасқыр көрген қояндай жан-жаққа тым-тырақай қашып жөнелді. Біреуі ғана жатқан орнынан тұрмады. Жүгіріп келген санитар “тұр” деп ақырды, бірақ ауру орнынан қозғалмады. Ашуға мінген санитар қолындағы таякпен арқасынан салып-салып жіберді. Жаны дызыққан Ес арашаға түспек болып шырқырап ұмтылған, оны Аяған жібермей ұстап қалды.

— Бұл — дурдом. Мұнда таякпен де емдейтін тәсіл бар. Бөлмеге барайық. Бізді де аямайды,— деді жігіт суық жымыып. Бұлардың қолына түсе көрменіз.

— Е-е-е, қара күш ақылдан озған заман болды ғой бұл,— деді қалшылдап, өзіне өзі келе алмай тұрған Ес қария. — Адам арзандағанда осылай болады.

— Бағасы арзандамаған адамды бұл жер қабылдамайды. Уциненный товар дейді біздің сауданың тілінде. Ақылы асқан бекзаттардың үйі жоғарыда, тау бөктерінде,— деп мырс күлді Аяған. — Тезірек жүріңіз, анау келе жатыр. Ол сізге адам деп емес, ауру деп қарайды.

— Мен аурумын, қарағым,— деді шал күйінішті үнмен. — Жанымда жазылмас жарам бар.

— Болыңыз, қария, болыңыз!..

— Ажалдан қорықпаған Ес адамнан қорықпайды, балам. Құдайға керек болмаған ақсақ шал пендеге керек болсын ба?!

Қолында таяғы бар жүнді білек дәу жігіт еңтігіп жүгіріп келген бойда ақырып, шалдың жағасына жармасты.

— Далаға шығуға кім рұқсат берді саған?

— Қарағым, жағамды жібер, мен әкендей адаммын.

— Ә-ә, қарсыласасын ба?

— Жібер иттен жаралған! — деп ашына айкайлаған шал оны шапалақпен салып жіберді.

— Ах, әкеннің!..

Жүнді білек дәу санитар таяққа сүйенген шалды бір жұлқып, жалпасынан түсірді. Арашаға жүгірген Аяғанды таякпен салып жіберді де, тыпырлап орнынан тұра алмай жатқан шалды екі-үш рет ондырмай тепті.

— Жат солай, жарымес! — деді де тым-тырақай болып жан-жаққа шашырай қашқан ауруларды қуалап кетті.

— Кешіріңіз, қария,— деді шалды қолтықтап тұрғызып жатып Аяған. — Мен кінәлімін.

Шалда үн жоқ. Қалш-қалш етіп өрен жүріп келеді.

– Жалғызымның жақсылығын көрдім ақыры. Ұшпаққа алып шығамын деуші еді. Алып шықты,— деді жасқа тұншығып. Содан бөлмеге кіргенше дымы шықпады. Аяған калбалақтап жүріп шалдың киімін шешіндіріп, сыртқа алып шығып, қарын қақты. Қайтып кіріп, суыққа тонып, дір-дір еткен Есті төсегіне жатқызды.

– Кешіре алсаңыз кешіріңіз, қария,— деді шалға тура карауға батылы жетпей тұрған жігіт күмілжіп. Ес қинала езу тартты.

– Мұса! Қайда жүрсің, Мұса? — деді шал біраздан кейін сыбырлап сөйлеп. — Перзенттік парыз, қарызыңнан құтылдың сен. Сен үшін өмірдің қызығын тәрк етіп ем. Сен үшін қанды қырғын соғыста өліп қалмай, кеудемді сүйретіп аман келіп ем, Мұса. Неге үндемейсің, Мұса? Мұса-а!

Бөлменің ортасында состиып тұрған Аяған баласының атын атап, сөйлеп жатқан шалға ұрлана қарады. Оның көз шарасы жасқа толып кетіпті.

51

Жүнді білек санитардан таяқ жегеннен кейін беті қайтып қалды ма, Ес қария бейуақытта сыртқа шығып, қыдырмайтын болған. Шыға қалса жататын жерінен алысқа ұзамайды. Көп жағдайда Саламон патшаның аяқталмайтын жүйесіз әңгімесін тындап, ұзақты күн бөлмеде отырады немесе дәлізге шығып, аурухана ауласының бір бұрышындағы қос төмпешікке барып, зар еңіреп, жоқтау айтып тұратын кемпірмен шүйіркелеседі. Екеуі көптен таныс сияқты. Алғаш келгендегідей емес, кемпірге ем дарыған сияқты, оналған, сөзі түзеліп қалыпты. Аузынан темекісі түспейді. Кейде шалды өзі іздеп келіп, сыртқа ертіп шығады. Бала-шағасы жоқ жалғызбасты болғанына карамай іздеп келушілер көп. Аяғанның естуінше, келетіндер інісі мен сіңілісінің балалары көрінеді. Екі күннің біріне оны-мұнысын арқалап келіп тұратын бірінен-бірі аумайтын қыздар мен ұлдарды көргенде іші жылып, көңілі босайды.

Олар әкелген жылы-жұмсақты кемпір Еске тасыйды. Жылы-жұмсақтың қызығын әрине Саламон патша көреді. “Ақсак қой жатып семіреді” дегендей ауырғалы бері оның қарны шығып, домалана бастады. Қу жанын күтуге келгенде одан ұқыпты адам жоқ. Ал Ес мүлде басқа.

Біз асарымызды асадық, жасарымызды жасадық қой, қарағым. Заман сендердікі. Біз о-онау жақтың кісісіміз,— дейді кейде. Аяған

бір бөлмеде жатқан екі шалды салыстырады. Мұндай жатып семірген “патшаны” кінәламайды, дертке шалдығып, санасы семіп, кәріп болып қалған кәрі шалды аяйды.

Қазір де кемпір әкелген тамақты сылпылдатып соғып отырған шалға соншалық бір аяушылықпен карап, мұнға батқан. Жанашыр бір адамы жоқ бейшара жалғыздыққа әбден көндіккен. Өзіне ешкімнің жаны ашымасын біледі, сол себепті де қу тіршілік үшін жанталасып бағады. Өмір сүру неғұрлым қиындаған сайын пенде баласының оған деген махаббатының күшейе түсетіні несі екен?! Адам баласының табиғаты қызық-ау. Қашанда қиынға жүгіреді. Қиналып тапқан бір уыс дәнді мейіз қосып пісірген ақ тоқашқа айырбастамай шалқаятынын қайтерсін. Мейманасы асып, шалқып-тасып жүріп ғұмыр кешкен пенде өмірдің шын бағасын білмейді. Ешқашан қиындық көрмеген, қарны ашып, көрінгеннің қолына телмірмеген үзенгі бауы алты қарыс пендеге бәрі арзан. Өмір де, аламның басы да... Бәрі, бәрі арзан...

Аяғанның ойын есік алдында отырған шал мен кемпірдің әңгімесі бөлді.

– Жалғыз да болсаң балаң бар. Менде мына таяқтан басқа ешкім жоқ,— деп күрсінді кемпір.

– Дүниенің бәрін сол бала үшін тәрк қылғанмын. Бала — болашақ. Болашақ бетіме түкірмесін дедім, Рахия. — Шал бір сәт үндемей қалды. Кемпір тартып біткен темекісін терезеден сыртқа лақтырып тастап, екіншісін тұтатты. — Е-е, көнемін де тағдырдың басқа салғанына.

– Көнбегенде қайда барасың? Біз көнуге жаратылған пендеміз, Ес-е-к-е-е... Қылышынан қан тамған заманның тәлкегіне шыдап, ләм деместен жүре бердік. Соның арқасында аман қалдық, әдірем қалғыр. Заманмен жағаласқан небір маркасқалардың басы допша домалап, әлдекімдердің аяқтарының астында жатты. Е-е-й, азабымнан басқаның бәрін ұмыттым мен бейбақ...

– Болған сондай заман. Шыбын жан үшін құлдық ұрдық, құл болдық қой,— деді шал қажыңқы дауыспен. — Бас көтерер азаматтын басын алды. Қара басының қамы үшін туғанына қастық қылар қорқаулар қай үкіметке де керек. Солар аман қалды ғой.

– Ой, алла-ай! — деп кемпір түтінге тұншығып, күрк-күрк жөтелді.

– Ар мен ақыл ағайын деуші еді бір қария.

– Ар мен ақылда иман жоқ,— деді жөтелі басылмаған кемпір қинала дауыстап.

– Тастасаншы осы құрғырды,— деп кейіді шал. Кемпірдің жөтелі әрең дегенде басылды. Әжептәуір қиналып қалған екен,

кеудесі сырылдап, әзер дем алып отыр.

– Елу жыл серік болған карағым еді, тастап кету қайда енді. Кетсек бірге кетерміз,— деді кемпір еңтіге сөйлеп.

– Е-е,— деді шал дауысын созып. — Ар мен ақыл әлсіздерді төніректейді.

– Ар мен ақыл кісі таңдайды де...

– Болып алған адамға ар мен ақыл неге керек? Ақыл — азап, ар — алдамшы,— деді шал сакалын саумалап отырып. Осыдан кейін екеуі көп уақытқа дейін үн-түнсіз отырды. Аяған киініп, дәлізге шықты. Сыртқа карап отырған шал мен кемпір қатарларына келіп тұрған жігітті байқамады.

Жаңа түскен ауруларға арналған корпустан шашын тықырлап алдырып, жиырманың бесеуіне еркін жетпеген қолы кісендеулі жігітті айдап шықты. Жігіт төңірегіне алақ-жұлақ карап, екі санитардың біреуін теуіп жіберді де, ышқына айқай салды.

– А-а-а, убица!

– Тәңірім-ай! — деді кемпір шошына дауыстап. — Сол ғой, сол... Туған анасын бауыздап өлтіріпті анау сүмелек.

– А-а-н-о-оу ма? О-о-н-о-у...

– Атам қазақта жоқ індет қой бұл. Ой, сұмдық-ай!..

Заманның дерті бұл, заманның...

Екі санитар ышқына дауыстап, шыңғырып дүниені дүрліктірген жігітті екі қолтығынан ұстап, сүйреп алып кетті. Кемпір орнынан созаландай тұрып жатып:

– Сыртқа шығып, әрі-бері жүрейік,— деді. — Сен де жүр, балам. Жер тайғақ. Есекен екеуіміз тайып жығылсақ, қайтып тұра алмаймыз.

Шал мен кемпір Аяғанның екі қолтығына жармасты.

Ауа демінде ызғар бар екен. Көпшілік жүретін жол тайғанак, жауған қарды аурулар күрекпен аршып еді, қайта түскен қырбақ еріп, жолға мұздақ байланыпты. Шал мен кемпір қысқа тұсалған аттай кібіртіктеп, жүре алмай келеді. Жығылып қаламын-ау деп үрейленген адамдардың әңгімелері қайдан жараса қойсын. Кемпір адым аттаған сайын “аллалап”, Аяғанға жабыса түседі. Естің жағдайы одан да мүшкіл. Таяққа сүйенген ақсақ адамға мұзды жолмен жүру оңай ма?!

Жаяулар салған тар жол. Үшеуі қатар жүре алмайтын болған соң Аяған екі кәріні олай қарай сүйремеді. Мынандай тайғақ жолда екі кәріні құлатпай алып жүру оңай емес екен, біраз ұзағаннан кейін кара терге түсті. Оның шаршап қалғанын сезді ме Ес қария:

– Балам, кейін қайтайық, – деді тоқтай қалып. Ешкімнің келісімін күтпестен жалғызаяқ жолға түсіп алып, ағаш аяғын сүйретіп ілгері жүрді. Кемпір оның соңына түсті.

– Е-е, Есеке, өстіп жүріп бір күні қылжия саламыз, – деді кемпір басын изектетіп. – Ненің желігі екенін қайдам, далаға шыққым келеді де тұрады.

– Палата ысып кетті ғой тегі. Кейде ауа жетпейді. Е-е, алла! Бала-шағаның жанына барған сон ал, – деп шал бетін сипады. Ерні кимылдап, күбірлеп жаратқанға жалбарынды. Кенет күтпеген жерден алдыларынан Напалеон шыға келді.

– Мен құдаймын! – деп кеудесін ұрып, жолдарын бөгеп, тәлтиіп тұра қалған Напалеонға екі көрі үрке қарады.

– Құдаймен ойнама, қарғысына ұшырайсың, – деді кемпір оны жақтырмай.

– Маған қарғыс жағады, – деп қарқылдап күлді ол.

– Құдайдың қарғысына ұшырасаң ауыз ашуға шаман келмей қалар, бейшара.

– Құдай деймісің? Оны жабылып жүріп әлдеқашан өлтірмеп пе едіңдер, – деп Напалеон дарақылана күліп, Естің арқасынан қакты. – Сталин жолдастың арқасында құдайдан құтылғансындар. Ал ол кеткелі бері ешкімге сенбейтін болдыңдар, ешкімге!.. Өңкей сатқындар! Педераздар! – Напалеон қабағын қарс түйіп алып, үшеуіне кезек-кезек ежірейе қарап әрі-бері бөстендеп жүрді. – Құдай деген мына мен. Күніне үш уак менің атымды ауызға алып, табынсандар көп уақыт өтпей мына дөделерін құдайға айналады. Құдай қолдан жасалады, жолдастар!

Шал мен кемпір үн-түнсіз бір-біріне қарады да, ақырын ғана күрсініп қойды. Ауру адамның мінез-құлқын әбден зерттеген Аяған Напалеон өңгімесін аяқтағанша орнынан қозғалған жоқ. Алғашқы күндегідей емес, осы уақытта ол аса шыдамды. Өзіне бағыштап сөз айтқан аурулардың сөзін аса сабырлықпен бөлмей тындайды, олардың көңіліне қарап, реті келсе құптап, қуаттап қояды. Оның қолынан осыдан басқа не жақсылық келсін. Тіріге тірінің қайырым, жақсылық жасауы міндет.

Аңғарғаны – аурулардың ішінде небір сұңғылалары бар. Кейде ойлайды, “әй, осылар мұнда ақылы асқандықтан келіп түскен шығар” деп. Енді бірде сол адамдары тілін шайнап, езуі көпіріп, асхананың алдында бұтына жіберіп тұрады немесе кім көрінгеннен қашып, бұрыш-бұрышқа тығылып жүреді.

Напалеон өзінің құдайға “айналғанын” үшеуіне мойындатқанына ырза болғандай ауланы басына көтеріп, тарқылдап күліп, анодай жерде қиды қағазға орап түтіндетіп отырған екеуге қарай

кетті.

– Е-е, бейшара, бұл да шаршап калыпты,– деп күрсінді кемпір. – Сталиннің суретін тастамаушы еді.

– Одан ештеңе шықпасына көзі жеткен ғой, сірә,– деп күлді далаға шыққалы ауыз ашпаған Аяған. – Сталиннің орнына өзі құдайға айналмақ...

– Е-е-е, бейшара!.. Пенде баласы болмасқа ұмтылады екен-ау, тәңірім-ай!.. Е-е-е,– деп кемпір ілгері жүрді. – Дұрыстап сүйе, балам. Бірер күнде үйге шыққалы отырғанда бір жерімді сындырып алмайын.

Аяған шал мен кемпірді сүйемелдеп ішке кіргізіп жібергеннен кейін, есік алдында кыдырыстап біраз уақыт жүрді. Ойы онға, санасы санға бөлінді. Есептеп көрсе мұнда келгеніне де біраз уақыт болып калыпты, кең дүниеге шығудың жолын іздеп, жанталаса әрекет жасаудың орнына моп-момакан болып, осы тіршілігіне көңілі тоқ пендедей тыныш жүр. Өзі үшін ешкімнің есік тоздырып, қуынып жүрмегенін біледі. Әкенін жағдайы анау. Біреу жетектемесе өз бетінше жол таба алмайды. Ауылға кеткен Хадишадан хабар жоқ. Сенім артқан студенттерінің қандай жағдайға тап болғанын ешкім білмейді. Екеуара күнкілдесіп сөйлескен дәрігерлердің сөзінен аңғарғаны – студенттерді жаппай оқудан шығарып, алаңға барғандарын жазалап жатса керек. Оларды түгелдей суретке түсіріп алған дейді. Тарих факультеттерінің студенттері мұндай сын сәтте бас амандығын ойлап, бұғып қалмайды. Тісін қайрап, онтайын күтіп жүрген Жакия ешкімді аямайды, аянбайды. Кім біледі, мұның күткен жігіттері көздері бозарып, түрмеде жатқан шығар. Сол бейшаралар абайламай арандап қалмаса жарар еді. Бәрі шетінен қызба.

Аяғанның жалғыз тілегі – жігіттердің амандығы. Алып-қашты әңгімелерден оның жаны шошыйды. Білемін дейтіндерден сұрай қалса қара аспанды төндіріп, ақырзаманды жақындатып қояды. Сондай бір үрей осы күні жындыхананың ауласында кыдырып жүр. Аурулардың кейінгі уақытта сыртқа шықпай қалған себебі – осыған байланысты екенін Аяғанның іші сезеді. Асхананың іші шаң-шұң айқай. Әртүрлі ұлттың басы қосыла қалса сыпайымсып, дипломатия сақтап тұрмайды, ең үлкен сөзден бірақ бастайтын әдет тапқан. Соңғы кезде жиі-жиі төбелес шығып қалатын болып жүр. Қолдарында таяғы бар санитарлардың қарасы көрінген сәтте ешкімге әл бермей өршелене айқайлап, қырып кетердей қимыл жасаған “мықтылар” мысық көрген тышқандай тым-тырақай қашады.

Ауруханадағы жағдай шиеленісіп, басымен қайғы болып

жатқан жұрт ұлт намысын жыртып, кенірдектесіп төбелесіп калып жүргенде сырттағы, кең дүниедегі өмірдің қайнап жатқанын Аяған ойша шамалайды. Ұлты басқа дәрігерлердің қазақ студенттерін жерден алып, жерге салғанын өз құлағымен естіп, оларға дүрсе қоя бергені бар. Сол үшін артық дозалы ине егіп, ес-түсін білмей, тілі салақтап, екі дүниенің ортасында жатқан. Бұл жолы еш өкінген жоқ. Әділетсіз жазаны туған халқым үшін алдым деп өзін-өзі жұбатты. Жаны қанша қиналса да, ләм деп жақ ашпай шыдады.

Студенттерін, өз ұлтын қорғап, шырылдағаны үшін кейбір дәрігерлерге жақпай жаза тартты. Сонда шынын айтуға, жақынын қорғауға қакысы жоқ па? Дәл осындай құлқынын бар екенін ешкім де жоққа шығара алмайды. Қай заманда болсын, қандай қоғамда болсын күшті күштілігін істемей тұрмайды екен. Ол жолы Аяған ұлтының, халқының намысын жыртқаны үшін емес, “психикалық науқасының асқынып, адам өміріне қауіпті әрекеттер жасағаны” үшін тиісті емін алады. Бұл жерде заң жүрмейді. Ал заң кейде шамадан тыс күшті әрі қатал болып кетеді. Занның өзі Аяғанға аузымен құс тістеген “күштінің” ықпалында жүргендей болып көрінеді. Әрқашан заңның артқы жағында көзге көрінбес алып күш иесі тұрған сияқтанады. Заң кесіп түсетін тұста кібіртіктеп, әлдекімге жаутандайтын тәрізді, керісінше, кейде жөнсіз жерде алмас қылышын қынабынан жарк еткізіп суырып алады...

Әділдіктің барына, үлкен Шындықтың ешқашан жоғалмайтындығына сенетін Аяғанның көңілі кейінгі уақытта күдікке күпті. Тасқа шапса да мұқалмаған сенімі осында түскелі, қу тіршілікті қиып кете алмай сүйретіліп жүрген әртүрлі адамдарды көргелі бері жасып қалғандай. Ешкімде, ештеңеде шаруалары жоқ, жетектесіп күн өткізіп жүрген екі кемпірдің өмірі көп ой салды. Жанталаспай, жанықпай тып-тыныш жүретін екі кемпір өздерінше бақытты. Олардың ұйқы мен тамақтан басқа уайым-қайғысы жоқ. Ал дені сау адамдар оларға күле қарайды. Өйткені олар кем, жарымес. Ақылы асқан адамдардың тіршілігін ойласа, кеудесіне ашу тығылады. Кей сәтте олар Аяғанның көз алдына алмас тісті акула болып елестейді. Акула секілді ешбір заңға бағынбайтын, қара басының мүддесін бәрінен жоғары қоятын озбыр жандардың қиянатының құрбаны болған ұстазы Алдияр Ақпанұлының қайғылы тағдыры Аяғанның жүрегіндегі жазылмас жара. Ол ешқашан емге көнбейді. Алдияр Ақпанұлы жоқ, бақилық сапарға кетті, оның өліміне негізгі айыпкер Мұса Байларовты қара жердің бетінен тып-типыл жоғалтып жіберсе

де ол кайтып оралмайды.

Алдияр Ақпанұлы қатыгез қараулықтың бірінші де, ең соңғы да құрбаны болмас. Озбыр жандар жер басып жүрсе талай марқасқа азаматты әдісін тауып, морт-морт сындырар. Адамды сындырудың мың-сан әдісін біледі олар.

Бір-бірімен жең ұшынан жалғасып жатқан топ бірін-бірі жауға бермейді, оларды жену мүмкін емес екен. Аяған осыны ұқты. Олармен беріспей күресудің бір жолы — дәл өздері секілді топ құрып, тізе қосып, әрекет жасау екен. Ол үшін екінші біреудің, Мұса Байларовқа қарсы “мықтының” қолтығына кіріп, соның сойылын соғуға тиіс. Түрмеде жатып ойланды, жындыханада жатып ойланды, бұдан басқа жол таппады. Қасқыр пейілді заманға жалғыз жүріп жол тауып, мақсатқа жетудің мүмкін еместігіне, тіпті оны былай қойғанда, адам сияқты өмір сүрудің аса қиынға түсетіндігіне көзі жетті. Бір ғана жол — қарғылы төбетке айналып, біреудің балтырын қауып, бетін тырнап, арпылдап төсіне шапшу арқылы ғана дегеніне жете алады екенсің. Өмірдің осындай жазылмаған заңын мойындап, мойнына шынжырбау салғандар ғана мұратына жетіп, шайқалған сайқал дүниенің қызығын шайқап жүріп көретін сыңайлы. Көнбегеннің өмірі — қорлық. Өзінді сындыра алмаған жағдайда озбыр қауым азуын бала-шағана ақситады екен. Бала — адамның бауыр еті. Бала үшін әке жанып тұрған отқа түсуден тайынсын ба?!

Ішін өртеген күйініш жігіттің езуіне күлкі үйірді. Бірақ қабағының қыртысы жазылмады, мұң ұялаған мұздай суық екі көз жылымады. Езуіндегі болар-болмас күлкі ащы мысқыл еді. Ішті өртеген күйініштің сыртқа шашылып шыққан сынығы еді.

— Әй, үндемес! — деп дауыстады әлдекім. Ойға батып, аяндап келе жатқан Аяған селк етіп, басын көтеріп алды. Қарсы алдында екі бүйірін таянып, төлтііп Напалеон тұр екен. “Үндемес” соның қойған аты. Қабағы қату, екі көзі шыныдай шытынап кетейін деп тұрған тәрізді. Қолында күрек. Аяған тіксініп қалды.

— Әй, мен сенің басыңды қак айырамын! — деді Напалеон тістене кіжініп.

— Е неге? Менің не жазығым бар?

— Жазығың сен жаусын. Халық жауысын.

Аяған мырс күлді. Күрегін оңтайлай ұстаған Напалеоннан қорқа тұра орнынан қозғалған жоқ. Қимылы шабан шалда қандай қауқар қалды дейсің деп көңілін демдеген.

– Сен Қытайдың шпионы екенсің. Маған сондай хабар жетті.

– Иә, айта беріңіз.

– Мойындайсың ғой.

– Тағы не айтасыз?

– Ах, жау! Халық жауы! – деп күрегін сілтеп қалды. Аяған қорғанып үлгермеді. Күректің ұшы сол жақ шекесіне қатты тиді. Қан бүрк ете түсті. Қанды көргеннен кейін Напалеон одан сайын құтырды, айкайға аттан қосып, бетін қып-қызыл қан жауып кеткен жігітке ұмтылды. Оның қалт еткен қимылын аңдып, дайын тұрған Аяған күректің сабына жармаса кетіп, бір жұлқып жұлып алды да, шалды шалып құлата салды. Қанына қарайып, өлердей ашуланса да орнынан тұра алмай тыпырлаған шалға қол жұмсаған жоқ. Бар болғаны – төрт тағандап орнынан тұра берген Напалеонды жұмсақ жерінен табанымен итеріп, қайта құлатты да, күрек кесіп, қан ағып тұрған шекесін алақанымен басып, өзі тұратын корпусқа қарай аяндады.

– Жау! Қытайдың шпионы! Аланға қазақтарды бастап шыққан осы, – деп Напалеон айкайлап қалды.

“Апыр-ау, осы мен бұл жерде неге жүрмін?”

Аяқ астынан келген ой қосымша соққы болып тиді, көзі қарауытып, құлағы шынылдады. Ту-у алыстан қыз баланың шынғырған ащы дауысы құлағына талып жетті.

“Бибінің дауысы ма мынау? Сол ғой... Сол! Құлыным-ай!”

Беті-басын қып-қызыл қан жауып кеткен жігіт теңселе басып кіріп келгенде дәлізде жүрген аурулар тұрған орындарында қалшыып қатты да қалды. Тек Ес қария ғана:

– Қарағым-ай, аман екенсің-ау әйтеуір, – деп келіп, қолтығынан демеп, дәліздің түкпіріндегі санитарлардың бөлмесіне қарай алып жүрді.

Ту-у алыста Бибісінің шынғырған дауысын тағы да естіді. Біз сұғып алғандай жүрегі шаншыды.

52

Түннің бір уағына дейін көзі ілінбей қойды. Басы ауырып, мазасы кеткен соң орнынан тұрып, дәлізге шықты. Рахия кемпір күндегі дағдысы бойынша темекісін бүркыратып, ойға шомып отыр екен. Аяғанға мүлде көңіл аудармады. Біраздан кейін аһлеп-үһлеп Ес шықты.

– Ә-ә, қалай екен? – деп кемпір мырс күлді. – Бала үшін ата мен ана отқа түседі.

– Көнеміз де қайтеміз.

– Ол неменің өзі жоламай кетті ғой. – Шал кинала қабак шытып, ақырын ғана күрсінді. – Ондай баланың барынан жоғы жақсы. Әдірем қалғыр жүгермек!..

– Аман болсыншы әйтеуір, – деді шал. Көзі жапақтап, адуын кемпірге жасқана қарап қойды. – Аман жүріп, ел-жұртына қызмет жасасын. Біз асарымызды асадық, жасарымызды жасадық.

– Пшту! – деді кемпір астыңғы ернін шығарып. – Туған әкесін керек қылмаған бала ел-жұртты қайтсін.

– Балада жазық жоқ, Рахия. Бұл заманның қылығы.

– Со-о-н-о-у аштық жылдары өлмелі әкесін арқалап жүріп аман алып қалған азаматтарды көргенбіз. – Рахия басын изектетіп, жасаураған көзін көйлегінің етегімен бір-бір сүйкей салды. – Әкесі соғысқа кеткенде іште қалған азаматтың талайын қырық жылдан кейін әкелерінің сүйегін ит өлген жерден арқалап әкеліп, туған жеріне арулап жерлегенін білмеуші ме едің сен?!

– Білемін, Рахия, білемін...

– Айналып кетейін олардан, – деп көңілі босаған кемпір көзіне жас алды. – Сенің балаң безбүйрек екен.

– Балада кінә жоқ, – деп күбірледі шал. – Заман... Заман сондай. Бала інтірнәтта өсті. Ата-ананың мейірім-шапағатына қанбай, олардың қасиетін білмей өсті. – Кемпірдің сөзі жанды жеріне дөп тиді ме, шал жүрегін күйдірген запырандай ашы сөздерін ірікпеді. – Ол неме інтірнәттың баласы болып өсті де, інтірнәттың баласы болып қалды.

– Інтірнәттың балалары, – деп күбірледі кемпір. – Інтірнәттың балалары көп дейді ғой тегі.

– Е-е, үйі інтірнәт болған шал-кемпірлер аз ба?

– Інтірнәт түрме, аурухана... Бірінен біріне ауысумен өтіп келеді өмірім. Е-е, алла, бұған да тәуба, – деді кемпір бетін сипап.

Аяғанның есіне осыдан он бес жыл бұрын шетелге бірге барған жігіттің айтқан әңгімесі оралды.

– Мені бесіктен белі шықпай жатып анамның құшағынан балалар үйі жұлып алған, – деп еді ол мұнайып. – Мереке сайын салтанатты шеруге Берияның суретін көтеріп шығушы едім. Басқа балалар маған қызғанышпен қарайтын. Менің мерейім үстем еді. Берия секілді үлкен адам болсам деп армандайтынмын. Ал Сталиннің суретін көтеріп шығу барлығымыздың арманымыз болатын. Олардың кім екенін кейін білдік қой. Менің мемлекет басшыларына деген сенімімді, солардай болсам-ау деген ізгі арманымды Берия талқандап кетті. Осы күні солардың қай-қайсысы болмасын маған уақытша адам сияқты болып көрінеді.

Сол жігіттің аты-жөнін де, түр-тұлғасын да ұмытыпты, ал айтқан әңгімесі таска кашалған жазудай жадына өшпестей болып жазылып қалды.

— Үйге шықсам балаға тіліпон соғып айтамын. Іздеп барып, әдірем қалғырдың ит терісін басына қаптамасам ба!.. Ұмытпай әдресін жазып бер. Жалғыз әкенің қадырын білмеген безбүйректің көзіне көк шыбын үймелетпесем атымды басқа қой,— деп Рахия даурыға сөйлеген. Дауысы тым қатты шықты ма, есіктен қылтиып санитардың басы көрінді. Ұйқысынан жана ояңған тәрізді, екі көзі қызарып кетіпті. Ол қабағын шытып, жұдырығын көрсетті.

— Қайтайық моламызға,— деді кемпір сүйретіліп орнынан тұрып жатып. — Е-е, алла! Осыған да тәуба!..

Орнына келіп жатқанмен шалдың қозғалып кеткен көңілі орнына түспеді. Рахияның сөзі мұңға толған кәрі жүректі аямай осып кеткен сияқты. Жалғыз ұлына іштей лағнет айтып жатқандай, қайта-қайта көкірегі қарс айырылардай күрсінеді де, күбірлеп сөйлейді. Баласының кім екенін, қандай адам екенін, кімдерге қиянат жасағанын айтып, кеудесіне толып қалған ыза мен ашуын сарқып тастағысы келіп оқталғанмен шалдың түрін көріп, жігіттің батылы бармады. Азапқа түсіп, қиналып жатқан шалды аяды. Тірі пендеге қиянат жасап көрмеген Аяған қандай қиын жағдайда да ешкімге жамандық жасай алмасына тағы да көзі жетті. Өзінің орнында Жақия болса кімге лағнет айтарын білмей қиналып жатқан шалды одан сайын тұқыртып, жерлеп, жекен суын ішкізетіндігін ойлап, Аяған жұмсара түсті. Басының қатты ауырғанына қарамастан шалды сөзге тартты.

— Қария, көрші болғанымызға біраз уақыт. Әрі дұрыстап жөн сұраса алмай жүрміз ғой,— деп күлді Аяған. Шал басын көтеріп отырды. — Менің Алдияр Ақпанұлы деген ұстазым болды. — Алдекеңнің атын естігенде қандай күйге түсер екен деген оймен шалға қадала қарады. Ол мүлде селт етпеді, меңіреу адам сияқты басын изектетіп, мең-зең болып отыр. — Сізге қарасам сол кісі есіме түседі. Сіз екеуіңіз сондай ұқсайсыз. Сіздер ақылдан, ардан жаралған адамсыздар, қария.

— Е-е, — деп көкірегі қарс айырылып кетердей күрсінді шал. — Дүние ойлап тұрсам шолақ екен депті біреу. Көзі ашып-жұмғанша өте шықты. Біз кешегі күнге айналдық. Кешегі күн...

— Кешегі күн өмір емес, тарих. Ал ертеңгі күн — ертегі. Оның тіпті болмауы да мүмкін ғой, қария. Тарихымызды ертегіге айналдырып жіберген халықпыз біз,— деп жымыды Аяған. —

Кешегің де ертегі, ертеңің де ертегі. Ал өмір деген бүгінгі күн. Орысша айтқанда, жизнь — это всегда сегодня. Ал сіздің барлық қызығыңыз алда өлі.

— Е-е, карағым-ай! Біз қан базардан қайтып келген адамбыз. Ілдалдалап жүріп өмірімізді өткіздік. Қысқа өмірдің мәнді бөлігі түрмеде, айдауда, соғыста өтті. Сен ақылды сөздер айтып жатырсың. Ал бізде өз пікіріміз болған жоқ. Тірі жүру үшін ақылдың, пікірдің керегі жоқ еді бізге. Біз орындаушы болып өттік.

Шал сакалын саумалап, үнсіз отырып қалды. Аяған жиі-жиі жөтелетін ескі трактордың көксау моторы сияқты анда-санда тынысы тарылып, пырк-пырк етіп ұйықтап жатқан Саламон патшаға қарады. Бұрын да өмірдің рахатын көрген, қазір де дүниесі түгел “патша” сонау ерте дүниеде туып, содан бері тірі жүрген адам тәрізді. Ол әлі де мың жыл жасайтын сынайлы. Аяған ақырын ғана күрсінді.

— Осынша жасқа келіп, жүрегіне кір түсірмеген, арына шан жұқтырмаған азамат аз, қария. Алдияр Ақпанұлы сондай асыл азамат еді. Сіз оны білесіз,— деді Аяған оған тура қарап. Тағы кателесті, шал оған сыр алдырмады. Танымайтын, білмейтін кісінің сынайын танытып отыр. — Ол көптің адамы еді. Қара басының камынан басқа ештеңе ойламайтын қараниет пенделердің кесірінен қаза тапты асыл азамат.

— Е-е, алла! — деді шал көкірегің кере дем алып. Қабағы түнеріп, танауы қусырылды. Жар жиегіне қарай сүйрелеп, тықактап отырған Аяған мүлде назар салмады. — Болған сондай бір асыл адам. Қылышынан қан тамып тұрған заманда басын қатерге тігіп, Кенесары бабамның аруағын асырған ол. Ал менін ұлым... Менің жалғызым бабасының аруағына... — Шал ары қарай сөйлей алмай өз деміне өзі тұншықты. — Сол үшін білетіндер мені көзге шүкиды. Е-е, менің сөзім кім, өзім кім? — Салбырап түсіп кеткен басын шалт көтеріп алып, жігітке ала көзімен ұнатпай қарады. Тышқак лақ құрлы құным болса күнім батарда көзім бозарып, осында жатар ма едім?! Адам өз қолын өзі кеспейді, карағым.

— Баланыздың әрекеті бір адамға, бір сізге ғана жасалған қиянат емес, қария. Бұл ата дәстүрге, туған халқына жасалған қиянат. Бұл туған әкесін ғана емес, туған халқын, ата-баба салтын жек көрудің белгісі. Бұл имансыздық! — деді ашуға булыққан Аяған қалшылдап. Басы қалтандап, кемсендеп отырған шалға жаны аши тұра өзін-өзі ұстай алмады. Көкірегіне толып қалған ашы жапыранды бір-ақ қотарды. — Ондайлар қара басының

пайдасы үшін бүкіл халықты жек көруді үйренді.

– У-у-й! – деді шал. Аузынан отты леп шыққан сияқты.

– Ұлттық сезім өлген жерде адам да өледі, – деді Аяған кинала кабак шытып. Басы как айырылып кетердей ауырып тұрса да, ашу-асаудың басын бос жіберді. Кеудесіне толып қалған ыза-өртті сөндіре алмай-ақ қойды. – Ұлтын сүймейтін, ана тілін білмейтін жанның жәндіктен айырмашылығы қайсы? Оған өнердің, әдебиеттің, тарихтың, мәдениеттің, қысқасы, ештененің керегі жоқ. Оған қыбырлап тірі жүру ғана керек. Оған бәрібір. Ондайларды туған халқының тағдыры мен тарихынан гөрі дүниенің бір бұрышындағы ешкім білмейтін халықтың мәселесі көбірек толғандырады. Өз халқының басы жарылып, көзі ағып түссе да қабырғасы қайыспас. Себебі – оларда тек жоқ, қария. Олар ойнастан туған бала сияқты.

– У-у-һ! – деп шал тағы да күрсінді. Қос алақанымен бетін жауып, өксіп қоя берді. Одан мұндай қылық күтпеген Аяған алғашқыда абдырап қалған. Көмейінен лек-лек болып төгіліп жатқан ызалы сөздерді тежеу үшін дәлізге шығып кетті. Енді байқады, екі беті от болып жанып тұр екен. Басы сынып әкетіп барады. Күрек мандайын как айырып кеткен сияқты, қолы сәл тиіп кетіп еді, жанын көзіне көрсетті. Құлағына тосын үн шалынды. Жан-жағына алақтады, ешкім жоқ. Енді ғана аңғарды, Ес қария әлі өксіп отыр екен. Шалдың көкірегінің со-о-н-о-у бір терең шыңырауынан көтерілген зарлы дауыс Аяғанның ызаға қақалған жүрегін аямай шағып алды.

“Бекер болды-ау. Жарымжан адамды сонша сөккенім не? Әй, ақымақ басым!” деді Аяған қынжылып. Қол тигізбей қақсап ауырған басы жарылып кетердей зәресі ұшқан жігіт кинала ыңырсып, палатаға қайтып келді де, аналгин ішті.

Ес бетін қос алақанымен жауып, өксіп отыр екен. Аяған келіп құшақтаған кезде дауысы шығып кетті.

– Ай-й, ит өмір-ай!..

– Кешірініз мені, – деді жігіт оның сакалынан сүйіп. – Айтпасқа амалым қалмады. Көкірегіме толып қалған запыран шыдатпады.

– Дұрыс, – деді карт кемсендеп отырып. – Айтатын жөнін бар, балам. Сен айтпағанда кім айтады?! Біз үндемей жүріп өттік өмірден. Халқымыз аштан қырылып жатқанда Голошекиннің бетіне қарап, жарамсақтаға жымыдық. Тірі қалу үшін бірге туған бауырымызды, әкемізді НКВД-ға ұстап бердік. Қу жанның амандығы үшін не істемедік біз?! Біз бәріне қызмет еттік, қарағым. Тек адамға, туған халқымызға қызмет еткен жоқпыз.

Жетпіс жеті жыл ғұмыр кештім. Біздің ғұмыр құлдықпен өтті. Өмір – зая... Өмірім зая... – Босап, болдырап отырған шал қабағын қарс түйіп, жүзі сұрланып, қатайып алды. – Ұлыиіс деген жалғыз немерем бар. Қазакпын деуге намыстанады. Ол – менің болашағым. Бөтен. Мен де оған бөтенмін... Жатпын. Өз шаңырағыма, өз баласына сыймай, жат болып, далада қалған жалғыз ғана мен дейсің бе? Жок, жок! Көп олар, өте көп!..

Ары карай тілі икемге келмеді. Иегі кемсеңдеп, басы қалтаңдап отырған шалдың көзінен жас парлап қоя берді...

53

Дәл бұлай болады деген ой Аяғанның түсіне кірмеген. Басы сынып кетердей ауырып, таң атқанша кірпік ілмеген жігіттің көзі енді ілінгенде санитар келіп, оятып алды да, жетелей жөнелді. Ұйқы мендеген Аяған жөн сұрайтындай қалде емес еді. Өзін қарап жүрген дәрігердің алдына келгенде ұйқысы шайдай ашылды. Басына танған дәкені алып, ырсыып тұрған жараны қайта жауып, тазалап дәрілеген сон:

– Бұл саған ескерткіш,— деп күлді дәрігер. – Бұдан кейін қолымызға түсуші болма. Үйіне қайта беруге рұқсат.

Басы ауырып тұрған Аяған кинала езу тартты. Өзін кекеткендей жымыып отырған дәрігерге ашулана жалт қарап:

– Бастағы жара жазылар. Сендердің ескерткіштерің мұнда, жүректе,— деді кеудесін дүнк-дүнк ұрып. Ол жара ешқашан жазылмайды. Менің тәніммен, жаныммен көрге бірге түседі.

– Бекер ашуланба, жігітім. Менде кінә жоқ,— деді дәрігер қызарақтап. – Сізді осында әкеліп салдырған адамға айтыңыз өкпенізді. Мынау қағазыңыз. Хош болыңыз!..

Ауруханадан шығарылғаны жөніндегі қағазды көкірегіне басқан күйі жүгіріп отырып бөлмесіне келді.

– Ақсақал! – деп шалды құшақтай алды. – Мені босатты! Мен... Мен...

– Алда айналайын-ай! Босатты деймісің?!

– Мен кетемін қазір! Ауылға, балаларыма барамын!..— деп Аяған жымыып күлді. Тамағына ып-ыстық қатты зат келіп кептелді, екі көзінен мөлт-мөлт етіп шыға келген тамшыларды сұқ саусағымен қағып тастады.

– Жолың болсын, карағым! Бала-шағанның қызығын көр... Басың аман, бауырың бүтін болсын!

– Рахмет, қария! Сіздің ұрпағыңызға бақыт тілеймін,— деді көңілінде кірбің жоқ жігіт. Шал ернін тістеп, жанарын жықты.

– Сен бізді ұмытпай келіп тұр,— деді Саламон патша жігіттің қолын сілкілеп. — Мені іздейтін ешкім жоқ, өзін білесің. Маған жақсы-жақсы тамақ ішу керек. Менің өмір сүргім келеді.

– О-о, сіз әлі көп жасайсыз,— деді Аяған оны құшақтап.

– Рахмет! — деді бүкіш шал көзі жасаурап. — Менің өлгім келмейді.

– Біз сан рет өлдік. Бірақ бірде бір рет шындап өлгеміз жоқ,— деп күрсінді шал орнынан тұрып жатып. — Біз қандай биіктен лақтырса да төрт аяғымен түсетін мысық сияқтымыз. Біз мысықпыз!

Саламон патша Есті мазактағандай мырс-мырс күлді.

– He-he! Мысық! Еше өзі орден тағады жарымес,— деді. Ес оның сөзіне мән берген жоқ, ойға батып сілейіп тұр.

Өзімен бірге алып кететін ешқандай заты болмаса да Аяған төсегінің әр-әр жерін сипалап, сипактап ұзақ жүрді. Аурухананың киімін басқа корпуска барып ауыстыру керектігін біледі, әлденені ұмыт қалғандай қайта-қайта тумбасын аша береді.

– Қарағым, Аяған,— деді Ес оның жанына келіп. Жігіт тіктеліп, шалға бұрылды. — Мен өлімнен қорықпаймын. Ұяттан, жалғыз ұлымның жолын кесіп, жүргізбей қоятын, өле-өлгенше алдымнан шыға беретін ұяттан қорқамын. Маған айтатын, маған арналған талай сөзіңнің ішінде кетіп бара жатқанын да білемін. Үндемегенің сақалымды сыйлағаның шығар. Текті жерден екенсің, қарағым. Саған аппақ басымды иемін.

Шал тақиясын алып, еңкейе берген. Аяған оны қапсыра құшақтай алып:

– Ат-о-у,— деді саскалақтап. Абыржып күлді. — Мұныыз не? Ұялтпасанызшы.

– Кешір, шырағым, кешір!.. Олар үшін мен кешірім сұрайын сенен,— деп жігіттің мандайынан қадалып сүйді.

– Сақалыңыздан айналайын сіздің,— деді көңілі босап, көзіне жас үйірілген Аяған шалдың аппақ сақалынан сүйіп тұрып.

Ес қария төсегінде жатқан құндыз бөрігі мен қыстық пальтосын алып, бірін жігіттің басына кигізіп, бірін иығына жапты.

– Ой, ата-ау, мен тонбаймын ғой. Ұят емес пе,— деп қарсыласқан жігітке: •

– Мен сияқты қалтыраған шал бол,— деді.— Мен өлмеймін. Өлсем өкінішім жоқ.

Аяғанның көңілі босап, көзіне жас іркілді.

– Е-е, шеркөкірек шермендем,— деп күрсінді Ес қария. — Кембағалдың көз жасына қанбаған сұм заман-ай! Жыла, ботадай боздап жылап ал. Сенің қадырынды бәрібір білмейді бұл жұрт. Азамат қашан керек болыпты бұл жұртқа?! Азаматының басын қашан бағалапты бұл қазақ?! Өлген соң шұрқыраған болады. Қаймана қазаққа күлкі болған асыл азаматтардың қадыры-ай!.. Жетесі жоқ жетім жұрт... Жетектегі жетім ел... — деп күніренген шалдың көзіне жас толып кетіпті. — Жылармын да жұбанармын. Арзан атак, алдамшы абыройдың соңына түсіп сүмендеп, болашақтың бетіне күл шашқан жалғыз ұл емес, аруақтар менің тілекшім. Тірінің қадырын аруақтар ғана біледі. Аруақтарды еске алып, тағзым етіп жүр, қарағым. Күндердің күнінде олар алдымыздан шығады. Өлмейтін пенде жоқ. Ажал — ақиқат. Бақилықпыз бәріміз. Иә, құдая тоба! Аруақтарға құдайдың рахымы түсіп, пайғамбарлардың шапағаты тие берсін!. Аумин!..

Шал көз жасын алақанымен сүртіп, Аяғанға күле қарады.

– Ато-о-у,— деді жігіт шалды жұбатпақ ниетпен қапсыра құшақтап.

– Жасым жетпістің жетеуіне келгенде көрдім көресімді. Кешегі соғыста өліп қалмағаным өкінемін. Жындыханада өлу үшін сүйікті Отаным, Кенес Одағына, коммунистік партияға, ұлы көсемдеріме шын беріліп қызмет еттім. Құл бол деді. Болдық. Жын бол деді. Болдық. Өлтір деді. Өлтірдік. Өл деді. Өлдік,— деп шал қынжыла бас шайқап, қинала езу тартты. — Жалғыз ұлдың арқасында мен тірі өлікке айналдым, қарағым. Ол мені тірідей көрге тықты. Ұшпаққа шықтым. Жалғыз ұлдың үйінен неміс әпшеркесіне орын табылады, ал маған... — Шал егіліп қоя берді. Аяған оны қаттырақ қыса түсті. — Ай, заман-ай! Заман-ай! Бақи дүниеде менің жолымда толып жатқан мың сан аруаққа не бетімді айтамын? Не тындырдым деп барамын? Жетпіс жеті жыл жер басып жүргенде тындырғаным не? Мыналар үшін тыпырлап жүгірдім бе сонда? — Қалтасынан ордендері мен медальдарын алып, Саламон патшаның тумбасының үстіне тастады. — Бұл сөлкебайлар маған емес, саған жарасады. Ес Байларов деген пенде бұл пәниге келмеген. Ол жоқ. Ол өмір сүрмеген. Бәрі зая! Өмір — зая, қарағым.

– Ато-оу, қайдағыны айтпаңызшы,— деп қиылды жігіт.

– Үнемі түсіме Мұсаның бала кезі кіреді. Бала Мұсаны жігіт Мұса қылғындырып жатады. Үнемі шошып оянамын, қарағым...

Аяғанның құлағына Бибісінің шынғырған дауысы келді, селк етіп, тың тындады. Әлгі үн оның шұрк тесік жүрегін ондырмай

Аяған Алматыдан ауыр ой, жабырқау көңілмен аттанды.

Алдияр Ақпанұлының иесіз қалған пәтерін көріп, жаны жабырқады. Өзі үшін шырылдап отқа түсіп кете жаздаған шәкірттері – Камал, Қанат, Ерік секілді азаматтардың желтоқсандағы дүрбеленге қатысканы үшін істі болып, оқудан шығарылғанын, түрмеге түскенін естіп, көңілі құлазыды.

Студент атаулыда зәре-иман жоқ, барлығы үрейлі. Біраз студент оқудан шыққан, жатақханадан қуылған. Оқып жүргендердің жағдайы мәз емес сияқты, алда ненің күтіп тұрғанын ешқайсысы білмейді, барлығының құты кашқан, қорқыныштың жетегінде жүргендей.

Шәкірттерін іздеп жатақханаға барған Аяғанды көргендер аман-саулық жоқ, сонадайдан бұрылып қашады. Адам жейтін аш қасқыр келе жатқандай түстері бұзылып, зәре-иманы ұшқан студенттер қашып барып, есіктерін бекітіп алып жатты. Соған карағанда, бақылау, қысым күшті тәрізді. Аяғанның аңғарғаны – жалпы қала халқында, әсіресе қазақтарда үлкен үрей бар сияқты. Көшеде кездескен көзтаныстар бір-бірімен амандасып өте шығатын болыпты, мамыражай замандағыдай шүйіркелесіп ұзақ тұру қайда, бір бірімен кездеспеуге тырысады екен. Әрқайсысының соңында андушы жүргендей танысын танымай қалатын адамдар пайда болыпты.

Жатақхананың төңірегі толған бейтаныс жан, сұғанак иттей сумаңдап, бастары қосыла қалған студенттерге қарай емпендей жөнеледі. Сол маңайда жүрген Максұтты Аяған алыстан таныды. Бейтаныс адамдардың бұл маңайда неге жүргенін іші сезеді. Сақал-шашы өскен, қалай болса солай киінген Аяғанға олар көңіл аудара қоймады. Тіпті Максұттың өзі оны танымай қалған сыңайлы. Өзіне тесіліп караған қанғыбасқа көз қиығын тастап, ұзап кетті.

– Ит-ай! – деп кіжінді Аяған. – Күнәсіз балалардың обалына қаласың-ау. Қолыңды қанға малатын болдың-ау, подлец!

Жатақханаға оқытушылар көшіп келген сияқты. Әрбір қабатта төрттен-бестен қаптап жүр. Аяғанды бірде-біреуі таныған жоқ.

– Мұнда неғып жүрсіз? – деді біреуі. Аяған жымыып күлді. Анау таныды білем, танауы қусырылып, екі көзіне үрей ұялап, бағжандай бастады. – Мұнда бөтен адамдардың кіруіне болмайды. Тезірек кетіңіз. Мұнда органның адамдары жүр.

Мұндайға еті үйренген Аяған мүлде қорланған жоқ, жақсы заманда сыйлас болып жүретін жігітке қарап, суық жымыды да астыңғы қабатқа түсті. Алдынан Алмас шыға келгенде өшкені жанғандай жүрегі жарыла қуанған. Құшағын жая ұмтылған Аяғанды ол бірақ қасақана танымай теріс бұрылып кетті.

– Әй, әй! – дегеннен басқа аузына сөз түспеді. Мандайынан ауыр сокқы тигендей есеңгіреп тұрған.

– Сізге кім керек?

Аяған селк етіп, жалақ ерін шикі сарыға қарады. Бұған көзінің қиығын ғана тастап, екі бүйірін таянып, шіреніп тұрған жас жігітке жыны келіп:

– Сенің керегің жоқ, – деді ашулана дауыстап.

– Сіз кімсіз өзі?

– Кім екенімді көріп тұрған жоқсың ба?!

– Жатақханаға қайдағы бір қанғыбастар қалай кіріп кетеді екен? А ну, бұл арадан тез кет! – деді шикі сары дікендеп. – Әй, бер кел. – Жанына жүгіріп жетіп келген студентке шикі сары шытынай қарады. Анау бейшара қалбалақтап тұр. – Кезекшіні тез шақыр. Сағындық шақырды де. Студсовет десең біледі.

Студент далбаңдап тұра жүгірді. Шикі сарының кезекшінің жер жебіріне жетіп, жекен суын ішкізетінін сезіп, Аяған тезірек кетіп қалуға тырысты. Шыға берісте филология факультетінің деканы кездесті.

– Сәлем, – деді Аяған.

– Сәлем, – деді ол да. Біреу көріп қала ма деп қауіптенді ме, жан-жағына жаутан-жаутан қарады. – Сен мұнда бекер келгенсің. Жағдайды түсінесің ғой. Балалардың обалына қалып жүрме. Тез кетіп қал. Бәрін шетінен қамап жатыр.

Аяған оның қысқа сөзінен мәселенің мәнісін ұқты, таныс студенттің, әсіресе інісіндей көретін Алмастың тұра қашқан себебін түсінді. Студент атаулыны мықтап қысып, қорқытып қойған сынайлы. Аяғанның түсінгені – мынандай қалаймақанда Алматыда бір күн қалуға болмайды екен. Тыныш заманда сары ізіне шөп салып, тыныштық бермеген “достарының” көзіне түссе олардың аямайтынын сезіп, жүрегі шайлығып қалған жігіт балашағасының жанына баруға асықты...

Жолай Алматыда болған жағдай қайта-қайта есіне түсіп, Аяғанның ойы сан-саққа жүгірді. Бір-екі жылда тағдырдың тәлкегіне ұшырап, сағы сынып, тауы шағылып қалған жігіт үшін желтоқсандағы дүрбелең мүлде күтпеген, тосын оқиға еді. “Халық неге толқыды?” Осы тақылеттес сан сұрақ жолын кесіп, ойдан шағылып, әбден қажып қалған жігітті одан сайын шаршатты.

Аяған ауруханадан шыққаннан кейін Алматыда көп кідірмесе де біраз мәселенің байыбына барып, жағдайға қанықты. Емін-еркін жүретін халықта үрей бар. Айқайлап алаңға шыққан елге мүлде ұқсамайды, өмір бойы иығынан ауыр жүк түспегендей сансырап қалған сықылды. Бұйығы, жалтақ. Қазақтар кісіге жасқанбай тура қараудан қалыпты. Көшеде кездескен таныстар жан-жағына жалтандап, сыбырласып сөйлесетін дәрежеге жетіпті. Алматы гу-гу өсек. Алматы ғана емес, жол бойы, автобустың іші толған алып қашты әңгіме. Жан-жағына алақтап, бір-бірімен сыбырласқан халық.

“Халық неге толқыды? Алаңға неге шықты?” Осы бір екі сұрақ Аяғанның миын мүжіп, ойын сан-саққа алып қашты...

Егер бостандықта жүрсе көппен бірге алаңға шығар ма еді? Күдай-ау, топтың алдында жүрер еді ғой. Кінәсізден кінәсіз көрген қиянаты, шеккен азабы аз болған жоқ. Шындық үшін шырылдап еді, “колынан өлген адамды тірілтуден басқаның бәрі келетін мықтылар” қарсыласқанына қарамай сүйреп апарып, түрмеге тыға салды. Өлдім-талдым деп ол жерден босанып шығып еді, жындыханаға апарып қамады. Соншалық қиянат көре тұра сын сәтте үндемей қалу адамның колынан келмейтін іс.

Сонда алаңға шыққандардың барлығы өзі сияқты есесі кетіп, еніреп жүрген боздақтар ма? Мүмкін емес. Солай-ақ болсын. Ендеше халық неге аяқ астынан дүр етіп көтеріліп кетті? Табиғаты момын, ешкіммен таласы жоқ, құшағы да, көнілі де кең халықтың мұнысы қалай? Шынымен-ақ ұйымдастырушылар болды ма екен?

“Әлдекімдер қара волгамен жүріп, халықты ұйымдастырыпты” деген қауесетті ой елегінен өткізген Аяған мырс күлген. Бұл халықтың табиғатын білмейтін, аландағы дүрбеленді қара басының мақсатына пайдаланғысы келген пиғылы пасық пенденің ойлап тапқан әдісі. “Желтоқсандағы дүрбелең оқыстан туа салған жағдай емес-ау” дейді Аяғанның бір ойы. Ол жылдар бойы дайындалған, күндердің күнінде болуға тиіс заңды құбылыс екендігін жігіттің іші сезеді. Желтоқсандағы жағдай елдің зәре-құтын қашырған сталинизмге, оның ісін жалғастырған тоқырауға, халықтың мүддесін көздемейтін мемлекеттік жүйеге деген қарсылық емес пе еді. Жылдар бойы қорқыныштың тас түрмесінен жарық дүниеге шыға алмай булыққан халық үшін жариялылық пен демократия бұлт арасынан жарк етіп шыға келген күндей болып көріпген шығар, сірә. Осы бір ұрымтал сәтті пайдаланып, көкейде жүрген көп ойын айтып салайын деген ашумен айғайға басқан шығар аңқау қазақ. Жүрегіндегі мұнын, жанына батқан ауруын, қасірет-қайғысын айтса несі айып?!

Апыр-ау, ең дәмдісін бала-шағасының аузынан жырып алып, қонағынын алдына қоятын, сыйласқанның құлына айналып, құлдырандап жүгіріп жүретін бүкпесі, бөтен ойы жоқ қазақтың қарны тойғанмен қайғысы түгесіліп біте қоймап еді ғой.

Ес ақсақалдың егіліп отырып “немерем казакпын деуге намыстанады. Мен оған бөтенмін” дегені бір сол кісінің басындағы қасірет пе? Ондайлар көп, тіпті көп, сан жетпейді. Туған балаларымен түсінісе алмай орышаны шатып-бұтып шүлдірлесіп жүрген ата-ана аз ба? Түк білмейтін туған баланның халықтың ғасырлар сүзгісінен өткен дәстүрін, салтын түкке алғысыз етіп сынап, төбе шашын тік тұратындай құбыжыққа айналдырып жазған мақалаларын оқып, жүрегін қан жылағанмен қолынан ештеңе келмесін сезіп, күрсінесін де қоясын. Ал сен ағылшындардың дәстүр, салтын қабылдай алмайтындығын үшін дүниедегі ең сауатсыз, мәдениетсіз адам болып шыға келесің. Өз халқыңның озық дәстүрлерін мадақтасаң сені ұлтшыл деп жазғырады. Апыр-ау, ғасырлар бойы жасалып, уақыттың қатал талқысынан өткен дәстүр, салт халықтың мазмұны емес пе. Ел-жұрттың кім екенін танытатын оның түр-тұлғасы емес қой. Егер біреулер ойлайтындай ұлттың мазмұны оның түр-тұлғасына тәуелді болса кубалықтар біртұтас халық санатына қосылып, бір жағадан бас, бір женнен қол шығарып, тату-тәтті өмір сүрер ме еді, сірә!? Олардың әр тараптан жиналған әр текті, құранды халық екенін кім білмейді? Оларды түр мен тұлға емес, ортақ дәстүр, салт-сана, тілектің бірлігі тұтастырып, біріктірген...

Аяғанның есіне халықтардың бір-бірімен жақындасуы туралы әңгіме болса Америка мен Кубаны мысалға келтіріп, ешкімге жеңсік бермейтін Жақия түсті.

– Кеңес одағындағы ұлттар жылдар өте келе бір бірімен қосылып, біртұтас халыққа айналады, Кеңес елінде ұлт болмайды. Біздің ұрпағымыз бір ғана тілде сөйлейді,– дейтін ол. Зердесі зерек болғанмен ерлігі жоқ ездер іштей оның сөзінің мүлде қате екенін біле тұра үндемейтін. Жастықтың әсері ме, жоқ әлде, туа бітті мінездің ықпалы ма, Аяған өз пікірін айтып, Жақиямен жағаласа кететін.

– Ағасы-ау, жүз түрлі ұлттың тұқымын тұздай құртып, барлығын будандастырып, бір ғана орысты алып қалғаннан не ұтамыз? Халықтарды инкубатордың балапандарына айналдырғаннан не таппақшымыз?! Дүние жүзінде сандаған ұлт бар. Олардың мындаған жылдық тарихы, мәдениеті, дәстүрі, өнері мен әдебиеті бар. Дүниеден өтіп кеткен сан мындаған халық

соның барлығын болашағы үшін жасады. Халықтық дәстүр, салт – бабалардың ғасырлар бойы жинаған інжу, маржаны, кейінгі ұрпақтың өмір сүруіне ауадай қажет асыл мұра.

– Жағаласпа,— дейтін абыржып қалған Жақия зілденіп. – Уақыттың талабы сондай.

– Уақыттың талабы – уақытша қысым,— дейтін Аяған өршеленіп. Уақыт мәңгілік өзгермейтін қатып қалған тас емес. Өмірге жана толқын, жаңа идея, жана көзқарас келгенде уақыт сізге, сіздің “теорияңызға” қарсы жұмыс істейді.

– Мен коммунистпін,— дейтін Жақия.

– Уақытша ғана,— дейтін Аяған айыл жыймай.

– Сен қаны сорғалаған ұлтшылсың,— дейтін Жақия оның аузына күм құймақ болып.

– Мен ұлтжандымын. Халқымды сүйемін, оның дәстүр-салтын бағалаймын, өткеніне зор құрметпен қараймын. Ал сіз...

– Мен интернационалистпін,— дейтін Жақия шамданып.

– Сіздің теорияңыз бойынша тек метистер ғана интернационалист бола алатын сияқты еді,— дейді Аяған мырс күліп. Бұдан ары қарай Жақия бастырмалатып, Куба халқын мысалға келтіріп, сөйлеп ала жөнелетін.

– Дәл қазір олардан тату, бірлігі солардан күшті халық жоқ. Америка – ақула болса, ол – шабақ. Соған қарамастан Куба ту тігіп, өз бетінше дамып, өмір сүріп жатыр. Ал сен жасы үлкен адамның жағасына жармасып, білмейтін мәселене араласасың.

– Ағасы-ау, Кубамен біздің елді салыстыруға болмайтынын неге білмейсіз,— дейтін Аяған қынжыла бас шайқап. – Кубаның халқы дүниенің әр түкпірінен жиналған. Олар бірлеп-екілеп көшіп барып, күн көріс үшін, өліп қалмай тірі қалу үшін саны көптеу, күші басым ұлттың арасына сіңген. Солардың дініне кірген, тілін үйренген. Олардың көпшілігі метистер. Тегін, әкесінің кім екенін білмейді. Көпшілігі Кубаға демалуға келген әлдекімдердің балалары. Сізге де тегі жоқ халық керек пе? – Мұндай сәтте Жақия сасқанынан ыржалақтап күледі, кейде қабағы сұстанып ашуланады. Аяған ықпайды, әнгімесін жалғастырады. – Біздегі жағдай мүлде бөлек. Кенес одағындағы халықтар ешқайдан келмеген. Олар мыңдаған жылдар бойы іргесі бұзылмай өз атамекенінде отыр. Қазақ та, қырғыз да, орыс та, молдаван да мыңдаған жыл бұрын халық болып қалыптасып қойған. Ал сіз әлдеқашан қалыптасып қойған халықты қайта “қалыптастыру” үшін кері процесс жүргізіңіз келеді.

– Мен партияның солдататымын,— дейді Жақия.

– Партия қай мемлекетті жаулап алмақшы еді, Жәке? – дейді жігіт жымып. – Солдат жаулап алушыға ғана керек емес пе?

– Сен партияның саясатына қарсысың, – дейді ашуға булыққан Жакия. – Жолдастар, Қуатовтың сөзін естідіңіздер ғой.

– Қуатов шындықты айтты. Партияға ақылы жоқ солдат емес, білімі білігіне сай тілекші керек, – дейді Аяған.

Екеуінің арасындағы кикілжін осындай-осындай мінәйі себептерге байланысты өршіп, өртке айналды. Жакия ұлттардың жақындасуы туралы докторлық диссертация жазуға кіріскелі де біраз уақыт өтті. Кім білсін, бәлкім, қорғап, атағын да алып үлгермеген шығар. Кішкентай ұлттардың болашағының жоқ екенін дәлелдейтін диссертациялардың кезек күтіп жатып қалмайтындығын кім білмейді. Білетіндердің сөзіне қарағанда, болашағы жоқ кішкентай ұлт жер бетінен біржола жоқ болып кетпеу үшін тілінен, дінінен, ділінен бас тартуы керек екен. Қу тіршілік үшін бүтіндей бір ұлт, жо-жоқ, саны аз ұлт атаулының барлығы мәнгүртке айналуы керек екен. Мәнгүрт... Карны тойса қайғысын ұмыта салатын мәнгүрт. Өліп қалмау үшін ғана қыбырлап тірі жүрген мәнгүрт. Ондайларға ата мен ананың қажеті қанша? Мәнгүрт... Адам пошымдас жануар.

– Халық мәнгүртке айналмау үшін аттандаса несі айып? Жылдар бойы бұғып, көленкесінен қорқып, тек жанбағысты ғана ойлап келген халықты “не үшін өмір сүріп жүрміз” дейтін сауалға жауап іздейтін дәрежеге жеткені үшін кінәлауға бола ма? Бұл кінәнің астарында “басынды жұлып аламын” деген сестің жатқанын кім білмейді. Әйтпесе бас көтерді екен деп басқа ұра ма? Жан ашуын түсінуге тырысудың орнына күшке салды. Оянған халық ойындағысын дұрыстап тыңдайтын тірі жан болмаған соң дүрліккен шығар, бәлкім. Адамдарды топырлатып алаңға айдап шыққан “белгісіз біреулерді” іздеп, арамтер болу сол халықты бағаламаудың, сыйламаудың, ең ақыр аяғы оған шындап жаны ашымаудың белгісі емес пе?! Халық – тобыр. Тобыр, тобыр... Сталиннің заманына үстем болған ұғым әлі өзгермеді. Демократия мен жариялылықтың салтанат құрғанына сенген халықтың сенімін шынжыр табан танктей әділетсіздікпен таптап жүре берді. Себебі – олардың ұғымынша, алаңға мұңы, жанының ашы айқайы бар халық емес, тобыр шыққан. Тобыр... Құлағы кесік құл... Тобырға сөз жетпейді. Тобырда парасат жоқ, парық жоқ. Ендеше тізеге салып сындыр, тобыр қорыққанын сыйлайды. Тобыр қу құлқынның құлы. Карнын тойдырып, алдап қой да ойына келгенді істей бер. Бюрократия осылай ойлайды, осылай әрекет жасайды. Бұрын да солай болған, қазір де солай...

Солар... Солар кінәлі...

– Солар,— деді Аяған күбірлеп.

– Маған бірнәрсе дедіңіз бе?

Жанында отырған келіншек Сарыжазда түсіп қалып, онын орнына баска адам жайғасыпты. Аяған әскери адамға таңырқай қарап, әнтек жымиды.

– Білесіз бе,— деді Аяған оған сынап қарап. — Маған мынандай ой келіп отыр. — Әскери адам бас шұлғыды. — Ұлттық республика дегендердің барлығы формально өмір сүреді. Сондықтан олардың атын жойып, барлығына бір ғана атау беру керек.

Әскери адам жымиып күлді. Бас киімін алып, тершіген мандайын сүртті.

– Д-а-а,— деді дауысын созып. Республикалардың атын жоюды осыған тапсырғандай ойланып отыр. — Заманчивая идея!

– Ерте ме, кеш пе әйтеуір бір күні бәрібір сол күнге жетеміз. Халықтар бір біріне қосылып, бір ғана ұлтқа айналады. Сондықтан ұлттық республикалардың атын жою керек, — деді Аяған көршісінің қабағын аңдып.

– Да-а... Әлі ертерек емес пе? — деп ол жігіттің бетіне күле қарады. Анталап келіп бас салып, аяусыз талаған ашқарак ойдын әсерінен арыла алмай отырған Аяған әскери адамның сөзінен кейін ашынып, өлердей ашуланды.

– Сен Қазақстанда, қазақтардың арасында әскери міндетінді өтеп жүрсің ғой ә!? Өтеп жүрсін. Өзің шекарашысын. Үш жұлдызың бар екен. Солай ма,— деді Аяған, ашуланып отырса да сызданып ақырын сөйлеп. — Соған қарамастан сен қазақтарды ұнатпайсың, мүлде жек көресің. Қазақтың мыңдаған жылдық тарихы бар, рухани байлығы ешкімдікінен кем емес, ұлы халық екенін білемісің өзің? Білгің келмейді. Себебі — саған қазақтың керегі жоқ. Саған оның жері, байлығы керек.

– Ой, не деп отырсыз?! — деп аға лейтенант шок басқандай орнынан ыршып тұрды. Екі беті нарттай болып, долырып шыға келді. Автобуста отырған адамдарға жаскана жаутандай қарайды.

– Отыр! — деді Аяған зілденіп. Аға лейтенант тістеніп тұр, жүзі дем сәттің аралығында адам шошырлықтай өзгерген. Өзін табалап отырған жігітке ызалы көзбен ызбарлана қарап тұр. Жанын ыза шабақтаған Аяған одан сайын өршеленді. — Сенің ойыңша, ол халықтың жер басып, тірі жүруге де қакысы жоқ. Өкінішке орай, сенше ойлап, сенше әрекет жасайтындар аз емес.

Ол күрсінді. Көкірегіне толып қалған ашуын басу үшін

терезеге бұрылды. Бүкіл денесі қалшылдап, еркіне бағынбай қойды. Қатты ашуланса қалшылдайтын дерт жабысқалы да біраз болған.

Оны ауру деп ойлады ма, аға лейтенант сабыр сактап, арт жақтағы бос орынға жайғасты.

– Жастардың аланға шығуына сен кінәлісің, – деп дауыстады Аяған соңына бұрылып. – Сен сияқты малғұндардың кесірінен ертеден ертенін ойлаған, бірігіп қам-қарекет жасаған, татулығы жарасқан екі халықтың арасына сызат түсті.

Автобустың ішіндегілердің үлкені де, кішісі де орындарынан тұрып кеткен. Алматыдан шыққалы бері тірі жанмен тілдеспей, меніреу адамдай мен-зең болып отырған, сақал-шашын еркіне жіберген диуанаға ұқсас жігітке барлығы таң қала қарап қалған. Ал ол ештеңе болмағандай екі көзін жұмып алып, шалқасынан жатыр.

– Ішіп алған сияқты.

– Жеткенше ұйықтап келді.

– Бұл жақтың адамына ұқсамайды.

– Бұл жағынның адамдары да өзгеріп кетті ғой.

– Мынауың тегін адам емес, – деді ең соңында біреуі. – Дұрыс айтады. Ой, аз-замат! Ой, қасқа! Бұл қазаққа қашан ақыл кірер екен?! Жығылып жатып жыртысын жыртқан жанашырын кінәлайды. Күйінесін, күйесін... Бармағынды шайна-а-ап отыра бересін.

Аяған орнынан тұрып, өзінен көз алмай отырған жолаушыларды сүзіп шықты. Оның сұсынан қаймыққан жұрт тым-тырыс тына қалды. “Мынау енді не бүлдірер екен” дегендей үрей бар көздерінде. Аяған өзін жақтап сөйлеген бейтанысты іздеді. Қайсысына көз тоқтатарын білмей тұрғанда соңғы қатарда отырған әдейі бояп қойғандай екі бетінің ұшы шикандай, жалпақ жауырынды жігіт орнынан тұрды да, қорбандап Аяғанға қарай жүрді.

– Жарайсың, азаматым! Ой, қасқа! Айтып-айтып тастадың-ау! Біз сорлы аузымызға құм құйылғандай Алматыдан шыққалы үндемей келеміз. Ал сен... Ой, қасқа! Келші, бауырым, өзінді бір құшақтайын.

Шикан бет жігіттің аузынан арақтың иісі бұрқ-бұрқ етеді. Қорбандап келіп, Аяғанды бас салып құшақтап, екі бетінен былш-былш сүйді. Үзбей ішіп жүретін адамдарда болатын иіс қолқасын қауып, жүрегі айныды.

– Ой, қасқа! Көне, ұста мынаны, – деді шикан бет жігіт оның қолына үлкен қырлы стаканды ұстатып. Бөтелкесі де қалтасында екен.

– Мен ішпеймін.

– Сен үшін, желтоксанның батыры үшін мен ішемін,– деп қалған арақты стаканға сарқып құйды да, бал ішкендей тамсанып, сыздыктатып сімірді. Сонан соң Аяғанның бетінен иіскеп сүйді.

– Бұдан артық закуска болмайды.

Шикан бет жігіт шаруасын реттеген соң көңілі толып, орнына жайғасты. Аяғанның көңілін кұрсаған бұлт сейілмеді. Ақырын ғана күрсінді де, шығар есікке қарай беттеді.

“Бәсе ішіп алмаса қазақ ойындағысын айқайлап айтушы ма еді. Әй, соры арылмаған жұртым-ай! Түбіне арак жетер-ау сенін” деп күбірледі Аяған.

Автобус Қызылұштың тұмсығынан әрі айналған кезде Аяған түсіп қалды. Жамбыл ауылына баратын үлкен жолмен аяндап келе жатқан жігітті жүк машинасы қуып жетті. Байыңқолдағы машиналарға ұн, тұз алып бара жатқан машина оны тура әкесінің үйінің тұсына жеткізіп салды.

Тапал тамның мұржасынан шыққан түтін жігіттің күдік кеулеген көңіліне сәуле болып себездеді. Есігі ашық тұрған корада біреу жүрген тәрізді, құлағына баланың дауысы шалынып, қу жүрек лүпілдеп келіп алқымына тығылды.

– Ой, сасық! Қораны тағы да былғадың ғой ей! Шөп бермей аштан қатырайын ба осы...

– Мынау Елжас қой, құдай-ау!..

Аяғанның дауысы шығып кетті. Асыға адымдап қораға беттеді. Басы айналып, екі тізесі дірілдеген сияқты.

Әп дегенде ұлы оны танымай, сақал-шашы өсіп, ағарып кеткен бейтанысқа үрейлене қарап, қимылдауға шамасы келмей состиып тұрып қалған. Қолындағы айырын оңтайлап ұстап, айбат шегіп тұрған ұлының өзін таний алмағанын түсінген әке:

– Құлыным! – деді дауысы дірілдеп. Елжас әкесін енді танып, айырды бір шетке лақтырып тастап, құшағын жая ұмтылды.

– Көке!..

– Құлыным!..

Елжас көптен бері көрмеген әкесін мойнынан құшақтап алып, бетінен, көзінен, маңдайынан сүйіп жатыр, сүйіп жатыр. Ұлын Аяған да өлердей сағыныпты, көз шарасы жасқа толып кеткен.

– Көке-е!.. Көкетайым менің! – деді Елжас егіліп. Жігіттің қиянатты көп көріп, ешқашан жібіместей болып қалған жүрегі езіліп, көзінен жас парлады. Жасты көзбен баласына мейірлене қарады, Елжас шөмиіп, жүдеп кеткен екен.

– Көке-е! Енді кетпейсін бе, көке,– деді ұлы өксіп.

– Кетпеймін, құлыным!

– Көкетайым менің! – Әкесінің құшағынан сытылып шығып, қуана дауыстап, үйге қарай жүгірді. – Көкем келді! Ата-а, көкем келді!..

Үлкен ұлының сонынан үйге кірген Аяғанды балалар түгіл Хадиша да танымай қалды. Сақал-шашы өсіп, ағарып кеткен, күлімдеген көзінен жас парлаған бейтаныс адамға үрке қарап қалған ұлы мен қызына құшағын жайған Аяған тізерлеп отыра кетті.

– Мен ғой бұл... Құлындарым-ай!..

– Кө-өк-е-е! – деді Олжас қуаныштан жүрегі жарылардай дауыстап. “Көкелеп” Бибі де ұмтылды. Аяған ұлы мен қызын құшағына қысып, екі көзінен жас моншақтап, тізерлеп отыр. Сағыныштан сарғайған үш жетімек осы бір бақытты сәттен айырылып қалардай әкенің мойнынан тас қып құшақтап алып, кимылсыз қатып қалған.

Үлкендерге ілесе алмай қалған Асылхан еңбектеп жетті де балаларға жармасып жатып орнынан тұрды.

– Айналып кетейін сенен! – деді Аяған оны көтеріп алып. Еміреніп бауырына басып, бетінен сүйді. Басқалардан көргенін істеп, ол Аяғанның мойнынан құшақтады. – Кішкентай азаматым!

Жігіттің көзі қуаныштан бал-бұл жанып, жымып күліп тұрған Хадишаға түсті. Осы сәт келіншек оған дүниедегі ең бір жақын, ең жанашыр адамы сияқты болып көрінді.

– Сәлеметсіз бе, аға! – деді келіншек күлімсіреп. Бірнәрсе бүлдіріп қойғандай Аяғанға тура қарай алмай жанарын алып қашты, бетінің ұшындағы кішкентай қызыл жайылып барады. Осы тұрғысында ол ғажайып сұлу болып көрінді. Жігіттің көз алмай қарағанынан қысылды ма, келіншек жымындап, теріс айналып кетті.

– Сәлеметсің бе, Хадиша! – деді жігіт дауысына діріл араласып. Келіншек оған соншалықты бір жылы көзбен жалт қарады да:

– Атам төргі үйде, аға, – деді ақырын ғана. Жігіт Асылханды жерге түсіріп, киімін шешпестен төргі бөлмеге кірді. Сағынып қалған балалары шалғайына жармасып, айырылмай жүр.

Әкесі екі көзін шарт жұмып, шалқасынан түсіп жатыр екен. Сақал-шашы аппақ қудай ағарып, аруақтай арып, бір-ақ уыс болып шөміп қалыпты. Ұлының дауысын естіп жатқан шал ол кіріп келгенде кемсеңдеп қоя берді. Аяған әкесін құшақтап, еңкілдеп жылап жіберді.

– Анаңнан айырылып қалдық, құлын-е-ем! – деді Қуат қария егіліп. Аяған оның жас үйірілген көзіне қарады. Кейінгі

уақытта әртүрлі “өнер” шығарып, сыр беріп жүрген жүрегі кенет от қарығандай жиырылып, қайтып жазылмай, түйілген жұдырықтай болып қатты да қалды. Дем жетпей тұншыққан жігіт екі бүктетіліп, бүрісіп отыра кетті. Әке мен баланың көріскеніне қарап, көңілі босап, есік көзінде тұрған Хадиша жүгіріп барып, су әкеліп берген. Су ұрттағаннан кейін ғана Аяғанның жүзіне қан жүгірді.

– Менін жатысым мынау. Бір айдан асты, орнымнан тұра алмай қалдым,— деп күрсінді шал. Әкесі әбден әлсірепті. Дем алысы ауырлап, екі ауыз сөзден кейін-ақ демігіп, шаршап қалатын болыпты. — Бар салмақ келінге... Хадишаға түсті ғой. Айналайын одан!..

Есік көзінде тұрған Хадишаның екі беті қалақай шаққандай дуылдап, бұрылып қашты. Аяған акырын ғана езу тартты.

Бакытты болыңдар! Ақ батамды бердім,— деді шал демігіп. — Шешеннің басына барып қайт, балам. Сенің келгенінді білсе ол сорлы бір аунап түсер. “Аяғаным қашан келер екен” деп зарығып жатқан шығар-ау. Оның кеудесінен жаны шыққан жоқ әлі. Жалғыз ұлы бір уыс топырақ тастағанша жаны шығушы ма еді шешеннің. Бар. құлыным, тезірек бар. Ананның жанын қинама.

Кеудесіне өксік тығылған Аяған сүйретіліп орнынан өрен тұрды. “Пап, пап” деп еңбектеп келіп, аяғына жармасқан Асылханды көтеріп алып, құшақтап, құшыры қанбай ұзақ иіскелді де, екі бетінен кезек-кезек сүйді. Құлағына өксік шалынғандай болған, жалт қараған жігіт Бибіні құшақтап, егіліп отырған Хадишаны көрді. Келіншектің қуанғаннан жылап отырғанын көпті көрген сұңғыла көңіл сезді.

– Сен ананның қай төмпешіктің астында жатқанын білмейсің, балам. Қасыңа Елжасты ертіп ал,— деді шал қинала дауыстап. — Шанамен барыңдар. Анаң Сағынтай бабанның оң жағында жатыр.

Қар қалын. Аккүнгедей дейінгі аралықты трактормен күреп, жол салған екен, екі қапталындағы үйілген қардың биіктігі аттын құлағынан асады. Аяздың табы бұлың-бұлың жортқан сағым сияқты, бұлдырап көрінген Аккүнгедейді алып қашып, алыстатып бара жатқан тәрізді.

Елжас шананың алдыңғы жағына тізерлеп отырып алған, андасанда божыны қағып алып:

Шу, жануар! — деп дауыстап қояды. Аз ғана уақыттың аралығында ауылдың баласы болып үлгерген ұлына Аяғанның іші жылып қалды. Ол осы сәт өзін қартайып қалғандай сезінді. Сонша ұзақ өмір сүрген тәрізді. Аяған қалжырап шаршағанын,

әбден қажып қалғанын енді ғана сезіп келе жатыр.

Дүниенің бәрі аппақ қар. Сенгір-сенгір тау мен көсіліп барып Алатаудың етегіне тірелетін дала аппақ. Тау мен даланың ой-шұңқыры жоқ сияқты, қайда қарасаң да теп-тегіс жазық. Көз сүрінер кедір-бұдыр көрінбейді. Аяған ақырын ғана күрсінді. Өмір оған аппақ қар жамылған дәл осы дала сияқты болып көрінген, алданғанын маңдайына тағдырдың таяғы тиіп, құлап түскенде бір-ақ білді. Өмірде теп-тегіс жол болмайды екен. Сол ұзақ жолда адамның сүрініп, құлап қайта тұруы заңды құбылыс екен. Өмір деген жеңілістер мен жеңістердің жиынтығы сияқты. “Жеңілістің ашы дәмін татпаған жан жеңістің қадырын білмейді” дейтін Алдияр Ақпанұлы. Жаның жаннатта болғыр Алдекендей ғұлама да өтті бұл жалғаннан. “Адамның жаны өлмейді. Ол торғайға айналып, ең жақын адамдарының төбесінде шырылдап ұшып жүреді” деуші еді сол ғұлама. Анасының, Әсемінің торғайға айналған шыбын жаны көз көрмес, құлақ естімес биікте шырылдап ұшып келе жатқан шығар, сірә. Ата-бабасының, анасы мен жарының аруақтары қолдап, жеңістің де дәмін татар. Алда әлі ұзақ жол бар.

– Тр-р, жануар! – деді Елжас божыны шірене тартып. Орнынан тұрып, божыны шананың басына байлады да, жерге түсті. – Келдік, көке...

Елжас алға түсіп, қасат қарға омбылап, жол бастады. Биылғыдай қалың қарды көрмегелі не заман. Елжастай кезінде тоқал там қардың астында қалып, әкесінің есікті әрең ашқаны есінде. Жалпы таулы өңір болғандықтан ба Байынқол аңғарына қар қалың түседі. Солардың ішінде ерекше есте қалатын қыс сирек. Биылғы қыс сол сиректің бірі сияқты.

Көктемде көрген әртүрлі ескерткіштер қардың астында қалыпты. Күмбездеп салған еңсесі биік екі-үш мола ғана көзге ерекше көрінеді. “Елжас әжесінің бейітін таба алмайды-ау” деп күдіктенген Аяған. Омбылап әрең жүріп келе жатқан баласын аяды.

– Көке, менің ізіммен жүр, жеңіл болады, – деген ұлының сөзіне күлкісі келді. Жүрегі елжіреген жігіт:

– Мақұл, құлыным! – деді.

– Міне, келдік, көке, – деді Елжас. Әжептәуір биік діңгекті сілкілеп қарын түсірді. Қардың астында қалған төбешікке шанжа шаншып, жоғарғы тұсына жұқа тактай шегелеп, анасының атын жазып қойыпты. Аяған ұлының жазуын таныды. Тізерлеп отыра қалып, қарды аршыды. Әрең дегенде тоң болып қатып жатқан топыраққа қолы жетті. Анасының бейітін құшақтап, іштей өксіді.

Бір сәт оған жер күрсінгендей, сонан соң сөйлеп жатқандай болып көрінді. “Жер емес, анам менімен қоштасып жатыр” деп ойлады ол.

– Қош бол, асыл анам! Топырағын торқа болсын. Ақ сүтінді ақтай алмадым. Кеш, ана!.. Кеш мені,— деді Аяған егіліп жылап. Кенет көзі анадай жердегі аласалау төбешіктің жанында басы салбырап, тізерлеп отырған ұлына түсті. Күбірлеп сөйлеп отыр.

– Мама, мен келдім. Көкемді ертіп келдім.

Аяғанның жүрегі шаншыды. Көзінен бүрк ете қалған ыстық жас аяз сорған жүзін тілгілеп, төмен сырғыды. Ұлының қатарына тізерлей отырып:

– Мен келдім, жаным. Балалардың жанына келдім, Әсем. Сен кеткелі көрмеген кұқай, қиянатым қалмады. Енді ешқайда бармаймын. Балаларымның жанында боламын,— деп күбірледі. Сонан соң шалқайыңқырап аспанға қарады. Көгілжім аспанға көленке түсе бастапты. Ақбұлақ шынының төбесіндегі бір өшіп, қайта жанған жетім жұлдызды көзі шалды. Жетім жұлдыз... Алдияр Ақпанұлы айта беретін ғұмыры қысқа жетім жұлдыз Өмірзая осы шығар, бөлкім. Аяған теңіз бетіндегі қалытқыдай біресе көрініп, біресе жоғалып кетіп тұрған жетім жұлдыздан адасып қалды. Бір кезде жетім жұлдыз аспан тұңғиығынан дір-дір етіп қайта шықты. Аяғанға ол суыққа тонып, дірілдеп тұрғандай болып көрінді. Кенет ол түбі көрінбес тұңғиық аспанның тереңіне біржола батты.

Жетім жұлдыз батып кетті... Өмірзая – жетім жұлдыз...

– Өмірзая... Өмір – зая... Зая... Зая!..

Осы бір сөздерді кара жер күнірене қайталап жатқан тәрізді. Қара жер емес, оның сұп-суық құшағында жатқан мың сан аруақ қайталап, күніреніп жатқандай...

55

Кеудесінде қу жаны қалған Аяғанды еңгезердей екі жігіт сүйреп әкеліп, лақтырып тастай салды. Орнынан тұруға шамасы келмей еңтігіп ұзақ жатты, еден тастай суық екен, біраздан кейін тісі тісіне тимей қалшылдап, тоңа бастады. Жанын қинап жатқан орнынан әрең тұрды да, бір басып, екі басып төсекке жетті. Әбден ескіріп, иістенген, жұлым-жұлымы шыққан одеялға оранып, шалқасынан түсің жатты.

Кеңсірігі бұзылған тәрізді, удай ашып, қайта-қайта тынысы тарыла берді. Қанша қабырғасының сынғанын бір құдай біледі, қимылдау былай тұрсын, кеудесін кере дем алса тұла бойы

ауырып, жанын көзіне көрсетеді. Беті көнектей болып ісіп, екі көзінің алды күлкілдеп көгеріп кеткен. Көзінің үсті домбығып, қос шырағын жауып қалғалы қашан, осы күні кісі танымайды. Үстінгі, астыңғы еріндері дүрдиіп тұр. Дәл қазіргі қалпында оны айырып тану кімге де болса оңайға түспес еді.

Нәр сызбағалы да біраз болды, іші ұлып, өзегі талғанмен тандайға салып, талшық етер бір түйір дән жоқ. Судың өзін өлшеп береді. Тандайы күйіп, өлердей қаталап жатқанда борсып кеткен сары судың өзі дөтке қуат. Жарты стакан сасық суды сыздыктатып сіміріп, аузын шайқап жұтқанда шекесінен шыпшып тер шығады. Осындайда бойы кәдімгідей жеңілдеп, сергіп қалатын. Бұл бірақ бір сәттік қана алданыш.

Әл-дәрмен жоқ, өз бетімен жүре алмайды, тергеуге әлгі жігіт сүйреп алып барады, сүйреп әкеліп тастайды. Содан ұзақ уақыт ес жия алмай, есеңіреп жатқаны. Әдейі аңдып тұра ма, көзі ілініп бара жатса жетіп келіп, таяқпен сабайды. Осы адам-ау, бір жеріне зақым келеді-ау демейді. Азаптау дәл осылай жалғаса берсе қаншама шыдарын жаратқанның өзі білер.

Кеудесінен шыбын жаны ұшып шығып кеткенше шыдамасқа амалы көне?! Мақсұттың айтқанына көніп, кінәсін мойындаса нәтижесі белгілі. Ол пәле-жаланың бәрін Аяғанға артып, жазаның ен ауырына тартпақ. Артында арқа сүйер ешкімі жоқ, үш жетімегі шұркырап далада қалар. Асқар таудай болып көрінетін әке де кетті бұл пәни жалғаннан. Шұрық тесік болған кәрі жүрек жаратқанның соңғы қиянатына шыдамаған шығар. Бір уыс топырақ сала алмады. Ең үлкен өкініші сол.

Көптен бері ауру еді, сүйегін сүйретіп әрен жүрген шал Аяған келген соң жатып қала беретін болған. Сиыр сәскеде үш жігіт сау етіп кіріп келгенде Қуат қария екі көзін шарт жұмып, қимыл-қыбырсыз жатқан. Ұлына аманатын айтпақ болып жатқан.

Бір мәселені анықтау үшін бізбен бірге ауданға барамыз. Кешке қайтып келесіз,— деп жақауратқан жігіттің өтірігін Аяғанның іші сезген. Кеудесіне тығылған ашуды тұншықтырмақ ниетпен өзі үшін отқа түсуден тайсалмайтын Хадишаға қарап, жымыып күлген.

Балаларға ие бол, жаным,— деген. Қанша уақыт бір шанырақтың астында тұрса да күн сайын окталып, батылы бармай жүрген жүрегіндегі жылы сөзін осы жолы айтты.

Есік алдында тұрған алматылық сериялы “волганы” көргенде жүрегін бір үрей аямай шағып алды. Тағы бір шырғалаңға түсерін қу көңіл сезсе де, боталарын үрейлендірмеу үшін үндемеді. Балалардың барлығын құшақтап сүйіп, әкесіне жағдайды айтып,

коштасып шыққан соң Хадишаны бауырына басқан.

– Есінде болсын, Хадиша, менде сенен басқа ешкім жоқ. Мныа жетімектер сенікі,— деген. Көз жасына ерік берген келіншек бірінші рет батылы барып, Аяғанды бетінен, мандайынан, ерінінен шөпілдетіп келіп сүйді.

Екі жігіт екі жағына жайғасты, біреуі алдына отырған. Онын аудандық қауіпсіздік комитетінің қызметкері екенін олпы-солпы киіміне, тотыққан жүзіне қарап көрген сәтте-ақ таныған. Өзін алып кетуге сонау Алматыдан екі адамның келгеніне сай алдағы тағдырын ойша бағдарлап қойып еді.

Машина қозғалып кеткенде барып көрді, Елжас айқайлап жүгіріп келеді екен.

– Токта! — деп ышқына дауыстаған. Жүгіріп жеткен ұлы:

– Ат-а-а-м!.. Ат-а-м ө-ө-л-і-п-п қалды,— деген ботадай боздап тұрып.

– Кеттік! — деп зірк ете қалған ұлты белгісіз жігіт жүргізушінің иығынан нұқып. Әкесінің бұл пәниден аттанып кеткенін, бір уыс топырақ салуға міндетті екенін екі жағындағы қос мәнгүртке түсіндіре алмай қажыды. Бұл екеуінің ата-ананың қадыр-қасиетін білмейтін, балалар үйінде өскен туажат көркөкірек екенін бұған біреу айтты дейсің бе?!

Түннің бір уағында Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің тергеу изоляторына келген Аяғанның жолын асыға тосып Максұт отыр екен. Оның көзіндегі қуанышты көрді, мақсатына жеткен пендеге тән токмейіл пейілді таныды.

– А-а, кош келдіңіз, мыр-р-за. Шәкірттеріңіз түгелімен осында,— деп езу тартты Максұт. Жылайтын адамдай қабағы шытылып, езуі керіліп, түсі мүлде жылымады. — А-а-н-о-оу кезде үзіліп қалған әңгімемізді қайта жалғастырамыз.

– Менде саған айтатын әңгіме жоқ. Жакында ғана жындыханадан шықтым. Ештеңе білмеймін,— деді Аяған мұнайып. Бұрынғы екпін жоқ, нәті жуасып, монтансып тұр.

– Б-а-р-р,— деді Максұт барқылдап. — Әңгіме көп. Өте кө-ө-п!..

Ойда жоқта үлкен олжаға кенелгендей Максұттың қимылында бір әбігер бар сияқты. Әртүрлі құжаттарын толтырып болғаннан кейін Аяғанды үшінші камераға апарып қамады. Камера толы адам шығар деп ойлаған, ешкім жоқ екен, сол баяғыдай қанырап бос тұр. “Мен үшін біреуін әдейі босатып қойған шығар” деп ойлаған.

Максұттың айтпаған сөзі қалмады, табалады, намысын таптады, оған да көңілі көншімеді ме, қол жұмсады. Қарап жатып

өлмек жоқ, қарсылық көрсеткен. Жалғыз өзіне әл бермесін сезді ме, Максұт дауыстап әлдекімдерді шақырды. Енгезердей екі жігіт кіріп келді де, жабылып сабады.

– Алаңға студенттерді азғырып апарған осы сүмелек. Нағыз бандит осы. Аямандар иттің баласын,– деп бажалақтаған Максұт шіреніп тұрып бетінен тепті, көзәйнегінің быт-шыты шықты, мұрнынан қан сау ете қалды. Оны ескерген ешкім жоқ, ұрып жатыр, кіжініп тепкілейді келіп. Қарсыласқанмен қанына қарайған үш нойысқа қайрат таныта алмасын түсінген Аяған басын қорғаштап, бүк түсіп жатты.

Осынша қиянаттың кімнің құзырымен жасалынып жатқанын сол күні-ақ білген. Шындықты шырылдап қорғайды дейтін ұлы күштің арашаға келмесін де іштей сезген.

Осылай бастаған түрмедегі тірлігі еш өзгеріссіз жалғасып келеді. Күндердің есебінен жаңылды. Мұнда желтоқсанның отызы күні әкеліп қамаған. Одан бері талай заман өткен сияқты. Әрқашан шақырайып шамы жанып тұратын камерада күн мен түнді айыру мүмкін емес. Бірінен соң бірі тергеп, айтқандарына көндіре алмаған ашулы топ жабылып ұрып, тепкілеп әбден қорлайды, сонан соң сүйреп әкеліп тастайды.

Осынау жалғанда пенде баласынан асқан қиянатшыл, қатыгез тіршілік иесінің болмайтындығына Аяғанның көзі анық жетті. Адамның азап шегіп, қиналғанынан ләззәт тауып, рахатқа мелдектейтін пендесіне билік беріп қойған мемлекеттен қандай қайырым, жақсылық дәметуге болады? Ақыл, парасат емес, қара күшке, қиянатқа сүйенген мемлекетте болашақ бар дегенге кім сенеді?!

Түрмеге түскелі небір сұмдықты көрген Аяған өзінің “сүйікті” мемлекетін жаңа қырынан таныды. Осынау жарық дүниедегі бағаласа баға жетпес анасындай аса мейірімді, әкесіндей қамқор, ең әділ, ақыл-парасаттан, ізгіліктен тұратын дейтін қоғам сын сағатта бет пердесін сыпырып тастап, мұжық қалпына түсіп, ортағасырлық мазмұнына оп-оңай көше салады екен. Ол сенін жаныңның қиналғанын көрмейді, себебі – көрсоқыр, шынғырған дауысыңды естімейді, таскерен.

Осыны ойласа тұла бойын үрей билеп, қалай қашып құтыларын білмей далбасалап, шарасыздыққа бас иеді. Бір уақыттарда мазаққа айналдырып күлетін Максұт бұл күнде қорқыныш. Сол кәпірден жүрегі әбден шайлыққан, оны есіне алса зәре-құты қашады. Оның көрсеткен құқай-қиянаты шектен шығып, қу жаны азапқа түскенде тізерлеп отыра қалып, өлердегі сөзін айтып, жалынып-жалбарынғысы да келеді. Осындайда аяқ

астынан пенделігі ұстап, қалғып кеткен намысын түртпектейді. Үрей мен намыс жабылып талағанда қалай қарай жығыларын білмей жандалбасаға түскен бейшара екі көзін шарт жұмып алып кемседеп, іштей өксиді. Мұндай сәтте мынау әділеті кем дүниеде Мақсұттан асқан бақытты жұмыр басты пенде жоқ, дұшпанын мұқатқанына масайрап, ыржиып күліп отырады. Оның осы түрін көргенде әл-қуаты қашып, әбден әлсірегенмен ешқашан жеңілуді білмейтін жеңіс оты лаулап жанып, пұшайман қалдегі Аяғанның тұла бойын шарпатын. Ол кенет жадырап, Мақсұтка тік қарайтын, езуіне мысқыл ілінетін.

– Сені өз қолыммен бауыздаймын. Совет үкіметінің жауларына кешірім жоқ, – деп көкталактана айқайлаған тергеуші тістеніп келіп былш-былш ұратын, ол аздай-ақ тірсегінен аямай тебетін. Алғашқы күндері ауырсынып, жан дауысы шығушы еді. Осы күні жаны қиналса да намысқа тырысып, үндемейді. Мақсұт одан сайын құтырады, тебеді, ұрады, шашын жұлады. Сонда да айызы қанып, ашуы тарқамайтын тәрізді. Ол мұндай сәтте өзінің адам екенін де ұмытып кететін секілді болып көрінеді Аяғанға.

Қас дұшпанынды белгілі бір дәрежеге дейін жек көруге, мұқатуға, омақаса құлатуға болар, ал оны көрге тыққанша азаптау, қинау арқылы рахатқа бөлену жан-жүрегі бар, ақыл-есі бүтін кісінің тірлігі ме? Соншама қинап, мәңгілік кешірмей, кек тұтатындай осы Мақсұтка не қиянат жасап еді?! Әлде оныкі ескі кектің қарымтасы емес, қызмет бабына байланысты атқаруға тиіс міндеті ме екен?! Ол орындаушы. Ол кішкентай ғана тетік. Мүмкін Мақсұт қазақ азаматына осыншалық азап, қорлық көрсету арқылы өзінің осы үкіметке, орыс халқына берілгендігін дәлелдегісі келетін шығар. Қара басының камын бәрінен жоғары қоятын пендеге бір адам түгілі бүтін ұлттың тағдыры мазак болып па?!

Оның ойын шыңғырған дауыс бөлді. Селк етіп, көзін ашып алды. Шақырайған жарық көзіне өткір инелерін қадады. Көз алдынан әлдебір жолақтар тізбектеліп өте бастады. Жанағы ашы шыңғырыс тағы бір рет естілді де біржола өшті.

– Кім екен? Бәлкім, Камал шығар. Әлде Канат пен Еріктің бірі ме екен?

Оқыстан әлдекім ине шаншығандай жүрегі ауырып қабақ шытты. Есіне Мақсұттың жанына еріп жүретін енгезердей екеу түсті. Бірінің есімі Аширжан, ұлтының кім екенін білмейді. Әйтеуір қазақ емес. Сол шіркіннің ауыз ашып, сөйлегенін естімепті. Мақсұт аузына келгенді оттап, мұның жер-жебіріне жетіп балағаттап жатқанда көзін жұмып, төмен қарап тұрады.

Ештенені естімейтін таскерен сияқты.

Оширжан! — дейді бір кезде Максұт. Оған осы сөз де жеткілікті, Аяғанды тұрғызып алады да, қақ мандайынан ұрады. Одан арғысы қап-қара түнек. Осы күні маңдайы қол тигізбей ауырады. Бүгінге дейін қақ айырылып кетпей жүргеніне таңы бар. Максұтқа жәрдемші болып жүрген екінші жігіт орыс. Ол нағыздың өзі. Алаңға шыққандарды түгелдей атып тастаудан қайтпайды-ау, сірә. Сөзінің әлпеті жаман шіркіннің. Қашан болсын қазақтарды жерден алып, жерге салып кіжініп жүргені. Кісіні азаптап, жанын қинауға келгенде одан асатын ешкім жоқ. Аяғанның таң қалатыны — Максұт әлгінің барлық сөзін ести тұра ләм демейді. Қазақ деген ұлтты түгелдей қырып, жер бетінен жойып жіберсе де Максұт ештенесін жоғалтпайтын тәрізді.

Осы екеуінің орнында кеудесінде жаны, бір мылқал намысы, аз ғана ақылы бар қазақ баласы болса дәл мыналардай қатыгездік жасамас еді ғой. Максұт та мұншалық қиянатқа бармас па еді, бәлкім.

Аяған өзін кейде осылай алдаркатады, бірақ жақсылықтан күдерін үзіп болған сұм көңіл ештеңеге сенбейді.

Аяғанның ойын тықыр бөлді, аяқ алысына қарағанда күзетші. Ол әдеттегідей есіктің терезесінен сығалап, тексеріп кетті. Кенет шынғырған ашы дауыс дәл құлақ түбінен естілді. Оқыс үннің әсері ме, денесі тіксініп, бойын діріл биледі. “Бейшара-ай!” деді Аяған күрсініп. “Балалар азапқа шыдамай мыналардың алдауына түсіп қалады-ау” деген күдік көңіліне алаң салды.

Шынғырған дауыс құлағына шаншудай қадалды. Көрші камералардың бірінде болып жатқан жағдай сияқты. Аяған шыдай алмай екі құлағын алақанымен жапты. Бірақ құлағына сіңіп қалған ашы үннен құтылмады. Әудемнен кейін әлгі шынғырыс жас баланың — өзінің дүниеде теңі жоқ Бибісінің дауысына айналып кетті. Аяған селк етіп, орнынан ұшып тұрды. Сол сол-ақ екен көзі қарауытып, басы айналды. Небір сұмдықты көріп, әбден зәрекеп болған қу жүрек бір зауалды сезгендей тыпырлап алқымына тығылды. Кабырғалары, күмп болып ісіп кеткен тірсегі, басы сынып ауырып, жаны қиналып әрең тұрған жігіт тән азабын елемеуге тырысты.

Әлгі шынғырыс әлсіреп, алыстап барып ғайыпқа сіңіп жоғалды. Әмісе осылай, қиналған сәтте құлағына Бибісінің шынғырған ашы үні шаншудай қадалып, қу жанын қуырдақтай қуырады. Неге бұлай? Бұл Аяған түсіне алмай қойған құбылыс. Әлде бір сұмдықтың боларын сұм көңіл алдын ала сезе ме екен?!

Дем жетпегендей бір сәт тұншығып қалды, сонан соң иегі кемсендеп, іштей егілді. Бала-шағасының амандығын тілеп, жаратқанға жалбарынып, солығын баса алмай ұзақ жатты.

Аз ғана ғұмырында көрмегені қалмады. Сондағы бүлдіргені не? Мұның ісі осы қоғамға залал шектірердей үлкен саяси әрекетке айнала қойған жоқ еді ғой. Пенде баласы ашумен артық айтар, өзіне ұнамаған құбылысқа байланысты пікір білдірсе несі айып? Пенденің мазмұны қайшылықтардан тұрмай ма, ол өмір бойы өзімен өзі күреседі. Солай екен деп сары ізіне шөп салып, ит қосып қуғаны қай сасқаны?! Пікірі бар, ойын жасырмай айтатын кісіні ықтырып алудың тәсілі шығар бұл. Үреймен тәрбиелеу... Үрей... Қорқыныштың құшағындағы адам өстіп жүріп роботқа айналады. Робот!.. Орындаушы кара құл!.. Құлақ кесті құл!.. Бұл қоғамға саналы, сапалы адам емес, құл керек екен ұққаны. Неге? Мүмкін өзінің негізінің тым әлсіз екенін сезінуден туған сақтық шығар бұл. Құдай-ау, бір-бірімен тарихи туыстығы, рухани бірлігі, дәстүр-салтында тамырластық жоқ, тілі де, діні де, ділі де бөтен ұлттарды күшпен біріктірген қоғамның негізі қалай ғана мықты болмақ?! Бұл ұлттарға жасалған эксперимент қой. Өткенінді ұмыт дейді. Қажет болса өзіннің кім екенінді ұмытуға тура келеді дейді. Санасында санлау, кеудесінде шыбын жаны бар пенде бұл шартқа қалай көнсін. Соны біле ме, бұл қоғам қылышын қынабына салмайды, әр сәт сайын жалаңдатып, басынды қағып тастауға дайын тұрады. Аямайды ешкімді, аянбайды ешқашан. Ешкімге сенбейді. Өйткені өзінің бағасын білетін, ата-баба аруағына сыйынып жүретін әрбір тірі жан ол үшін бөтен, жат. Ниеті жат, көңілі жат, жаны жат. Еркін ойлы азамат еркін өмір сүруге ұмтылмас па. Аяғына, қолына кісен салып, басына құрсау кигізген пенденің тірлігі қайдан оңсын.

Аяғанның есіне Сыздық төре айтты деген сөз түсті. Оқи-оқи миында жатталып қалған сол монологты Кенесары ұрпағы – Сыздық төренің өзі келіп, құлағына сыбырлап тұрған тәрізді.

“Арқа сүйер асқар тауын – өз мемлекетін болмаса асыранды итсін. “Ит қарны тойған жерде жүреді” дейді. Өз мемлекеті болса, қарны тойса қайғысын ұмытып кететін қазақ шілдің боғындай пышырамай, жұдырық болып түйілсе, “қарнымыз тойған жерде” жүрер ме едің?! Қоқан ханына қызмет қылдым. Қанағатшах “пансат басы” деген ат берді, 500 адамға бас болдым. Орысқа қарсы соғыстық. Ескіде кеткен кегімізді алсақ делік. Ол да сатып кетті ақыры. Адасып айдалада қалдық. Барар жер, басар тау жоқ. Ақыры қайтып келіп, орыстың қолтығына тығылдық”.

Екі көзін шарт жұмып жатқан Аяған шарасыздығына күйінгендей кабак шытып, езу тартты. Осыдан жүз жыл бұрынғы ахуалдың мүлде өзгермеген себебін неден іздерін білмей басы қатты. Енді жүз жылдан кейін де жағдайдың осы күйінше қалатынын ойлап, жаны құлазыды.

Темір есік сарт-сұрт ашылып, камераға әлдекімдер кірді. Аяған тапжылған жоқ, көзін де ашпады. Кеудесіне үрей тығылып, әдеттегідей мазасызданбады.

– Қонақтарыңды қарсы ал,— деді Мақсұт мырс-мырс күліп. Ол қозғала қоймаған соң Аширжан келіп, төсектен жұлып алды да, ортаға сүйреп шықты. Әл-дәрмен құрыған, басы айналып, екі тізесі дірілдеді. Ұрады деп қауіптеніп, бетін қорғамак болған, қолын көтеруге шамасы жетпеді.

– Куәлардың сөзін тындап ал,— деді Мақсұт тістене кіжініп. Жақындап келіп, үніле қарады, Аяғанның жүзі құп-қу, екі өкпесі сырылдап, еңтігіп әрең демалып тұр. – Кәне, бері келіндер.

Аяғанның бетіне қарауға Алмастың дәті шыдамады. Бүкіл денесі қорқыныштан қалшылдап, Жақияның тасасына қарай ығысқан.

– Байсанов, мұнда кел! — деп зекіді тергеуші. Аяған селк етіп көзін ашып алған, бірақ ештеңе көрмеді. — Ал, кәне, баста, Байсанов. Совет үкіметіне қаншалық адал екенінді көрсет. Жұмба көзінді, оңбаған!..

– Аш ей көзінді, сорлы,— деп, Жақия ұмтылып келіп, көк желкесінен түйіп жіберді. Сонан соң ерні-ерніне жұқпай жыпылдап сөйлеп кетті. — Брежнев алаңындағы бассыздықты ұйымдастырған Аяған Қуатов. Жоспарын жасаған, студенттердің арасында үгіт жүргізген осы. Қонаевпен тікелей байланысы бар. Екеуі бір облыстан.

Әрі-бері теңселіп жүрген Мақсұт сабы салбырап, аңсыз тұрған Алмасты тобықтан тепті. Аяғын құшақтап, ыңырсып киналған жігітті табалағандай ыржиып күлді. Сонан соң Жақияға бұрылып:

– Осылармен бірге сенің де көзінді құртамын,— деді. Емпеңдеп жетіп келген Жақияны сұқ саусағымен маңдайынан нұқып жіберді.

– Мәке-ау!.. Айналып кетейін, Мәке-ау!.. Мен деген баяғыдан сіздің тілекшініңізбін ғой.

– Мына сүмелек неге үндемейді а?

– Үндейді, Мәке. Бұл сайрап тұрған бала, Мәке. Тұр ей, сорлы,— деп Алмасты орнынан көтеріп тұрғызды. — Сайра, кәне. Токтамай сайра, сорлы.

– Аяған Қуатов Леонид Ильич Брежнев атындағы алаңда болған демонстрацияны ұйымдастырушы. Ол 1982 жылы маған бүкіл жоспарын көрсеткен. Камал Жақаев, Ерік Қаңтарбаев, Қайрат Елемесов және басқалар Аяған Қуатовтың ақылымен жұмыс істеді. Ол 15-16 желтоқсанда жатақханаға келіп, жасырын жиналыс өткізді. “Колбинді қуып жібереміз. Қазақстанда казактар ғана тұрсын. Орыстарға арамызда орын жоқ” деді. Алмас қайта-қайта көшіріп, миында жатталып қалған мәтінді мүдірмей айтып тұр. Аяған оның жағдайын түсінді, қу жанның амандығы үшін пенде баласы бұдан да сорақы қиянатқа барарын ойлап қиналды. Түсінгені – Алмас әлдеқашан-ақ Максұттың қарғылы төбетіне айналыпты. Ең жақын адамы болған жігіттің мына сұрымен талайға обал жасарына күмәні қалмады.

– Бүкіл қазақ халқын, барлық мұсылмандарды көтереміз, көпірлерді Қазақстаннан қуамыз деді.

– Бұл сөзді мен де растаймын. Қуәлар көп, өте көп, Мәке. Ұлтшыл онбағандарды өз қолымызбен ұстап береміз,– деп өзеуреген Жақияның аузы көпіре бастады. Алдын алмаса қосақ арасында кетіп қаларын іші сезетін сияқты. Аспанды тіреп тұрғандай көрінетін Мұса Байларовтың жағдайы мүшкіл. Жан сақтау үшін ол бейшара республиканың бұрынғы басшысын сықпыртып жамандап, кісі баласы сенбейтін өтіріктің небір түрін айтып жүр. Оныкі жанталас. Анау бір күні телевизордан сөйлеп, Қонаевты жерден алып, жерге салды. Бір замандарда қолын алуға зар болып, “үлкен кісі ұлы адам” деп төбесінен құс ұшырмай отырушы еді. Оның қазіргі тірлігі жан сақтаудың амалы. Осы күні бұдан басқа жолдың жоқтығын Жақия да біледі.

– Аяған Қуатов коммунистік партияға, Совет одағына қарсы күресетін астыртын ұйым құрды.

Алмас тақылдап тұр. Бірте-бірте құмыққан дауысы ашылып, салтанатты мақамға ауысып, санқылдап естілді. Сүлейсапа күйде сүлесөк күйде тұрған Аяғанға оның айтқаны мүлде әсер етпеді. Оның сөзін әлсін-әлсін іліп әкетіп, ешкім сенбейтін әнгімелерді қосытып тұрған Жақияның айтқандарына да құлақ қоймады. Қысылшаң сәтте адамның арзандап, топастанып, азғындап кететінін ойлап, соның себебін іздеді.

– Коммунистік партияға, ұлы орыс халқына деген сүйіспеншілігімізді ісімізбен дәлелдейміз,– деп жылпылдады Жақия. Әлдекім төбесінен ұрды. Сампылдап сөйлеп тұрғандардың дымы өшкен сияқты, құлағы шыңылдап тұрды да бітіп қалды. Қарақұсы удай ашып, құлағы шыңылдап тұрды да гүрс құлады.

Ес-түзсіз қанша жатқанын білмейді, сол құлаған жерінде

калыпты. Денесі от болып жанып жатыр екен. Тыржалаңаш шешіндіріп тастапты. Камераға тағы біреуді әкеліп қамаған сияқты. Бейтаныс біреу кіжініп сөйлейді, қарқылдап күледі. Оның кім екенін, мұнда қандай мақсатпен қамалғанын Аяған түсінді. “Кісі өлтірген, ауыр қылмыс жасағандарды камераларға қамап, кінәсін мойындамағандарды азаптайды екен” деп сан рет естіген.

– Сен менің қатыным болдың, бля. Ха-ха-хо-о!.. Енді менен бала табасың, бля,– деп келіп былш еткізіп бір тепті. Небір қиянатты көп көрген тәнімен бірге жаны ауырды. – Неге жылайсың, бля?

Небір азапқа, жан қиналысына көніп келген Аяған мынандай айуандыққа шыдай алмай өксіді, көзінен пора-пора жас парлады. Небір қиын сәтте дәл қазіргідей жасымап еді, бүгін бірінші рет сынды. Мықтап сынды. Өзін-өзі қорғай алмай қор болып жатқанына өлердей күйінді.

“Әттең-ай,– деді өксіп жатып. – Бүйтіп қор болғанша асылып өлгенім артық еді” деді.

Кеудесі құр кеуек, түк қалмаған сияқты, иесіз қалған аңсал-саңғал үйдей құлазыды, жүрек жоқ, жан жоқ. Денесі кесіп тастай салған томар сияқты, тіпті еш жері – сынған қабырғалары да, күмп болып іскен мұрны, жұдырық тие-тие шодырайып кеткен шекесі, басуға жарамай қалған аяғы да ауырмайды. Шыбын жаны әлдеқашан торғайға айналып, әлдеқайда ұшып кеткен тәрізді.

Ту-у алыстан бір басып, екі басып қаба сақал бейтаныс жақындап келеді. Біреу емес, екі адам. Апыр-ау, мыналар Кенесары мен Сыздық төре ғой. Екеуінің де жүзі солғын, көздерінде айықпас мұң бар.

– Қор болып тірі жүргенше арпалысып өлмек жөн. Тұр орныңнан! – дейді Кенесары хан. Аяған орнынан тұрып кетпек болып талпынады, бірақ әл-дәрмені жетпейді, денесін зілмауыр жүк басып тұр.

– Шыда, батыр, шыдап бақ. Елім деп еңіреген талай боздақ көрген кеп бұл. Күш жина, серпіл, күрес,– дейді Сыздық төре.

Аяған оларға осы өмірінде көрген қиянаты мен азабын айтып, мұнын шаққысы келген. Қанша тырысса да үні шықпады, аузындағы тіл емес, қап-қатты түрпідей бірдеме. Әрі-бері қозғаса таңдайын, ернін қажайды. Әбден кеуіп, шыт-шыт жарылған тілінен шып-шып шыққан қанды талғап жұтып тамсанды. Қышқылтым сұйық өңешін тілді. Тағы да жұтынған, бірақ тобарсып кеткен тілден қан шықпады.

Шоктың үстінде жатқандай денесі күйіп-жанып шыдатпай барады. Басы қақ айырылып кететіндей, ауырмаған жері жоқ. Орнынан тұрмақ болып талпынды, екі қолы былқ-сылқ.

– Мен сенен, бля, Совет үкіметінің кегін аламын. Орыстарға қарсы шыққаның үшін, бля, сені... О дүниеге барғанда да орыстарға табынып жүресің, бля...

Аяғанның киімдерін жыртып жалғап жасаған жіпті кимылсыз жатқан жігіттің мойнына салып, сүйрелеп төсекке алып келді. Оны астыңғы төсекке отырғызып, жіптің бір ұшын жоғары жағына мықтап байлады да, Аяғанды итеріп қалды.

Кішкентай ғана Бибісінің шынғырған үнін естіді. Аяған көзін ашып алды – дүние түгел қызыл жалқын өрт. Сол лаулаған жалын жолындағының бәрін жалмап, жақындап келе жатқан сияқты. Қалың өрттің ішінде лаулап жанып Кенесары мен Сыздық төре жүр екен дейді. Шынғырған Бибісі аяғын құшақтап, зар еңіреп жылап тұрғандай.

Ботам-ай! – деді тілі икемге өзгеріп келіп. Тынысы тарылып, тұншыға бастады. Ақтық күшін жинап, аяғын бір серпіді. Азаматтың күші мәңгілікке кетерде әділеті жоқ опасыз дүниені соңғы бір рет тебуге ғана жетті.

Тіріге опа бермеген жалғанды қап-қара түнек басты, дүниені өлі тыныштық құшағына алды. Аяғанның шыбын жаны торғайға айналып, сонау бір қиянда қалған боталарына ұшып кетті...

1988 жыл, қараша

1995 жыл, мамыр.

Бакқожа МҰҚАИ
«ӨМІРЗАЯ»

Редакторы – *Қ. ҚОШАМБАЕВА*
Тех.редакторы – *М. ЖОМАРТОВА*
Компьютерде терген – *М. ШОЙБЕКОВА*

ИБ № 902

Басуға 15.08.2008 ж. қол қойылды. Пішімі 84x108 1/32. Офсеттік басылыс. Шартты баспа табағы 24,36 Есептік баспа табағы 28,0 б.т. Таралымы 2000 дана. Тапсырыс № 686. Келісімді баға.

“Ана тілі” баспасы ЖШС, 050009,
Алматы қаласы, Абай даңғылы, 143-үй.



ЖШС РПБК “Дәуір”, 050009, Алматы қаласы, Гагарин даңғылы, 93.
Тел.: 269-40-35, 242-47-69, 242-07-90,
E-mail: rpik-daur81@mail.ru, rpik-daur2@mail.ru

ISBN 9965-670-75-7



9 789965 670756

